

Ә.Б. Қызыл-Ақпай  
№ 2



# Әлкей Марғұланды



ШЫҒАРМАЛАРЫ



**«Мәдени мұра»  
Мемлекеттік бағдарламасының  
кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының  
тұңғыш Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың  
бастамасы бойынша шығарылды**

Ә.Х. МАРҒҰЛАН

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ОНЫНШЫ ТОМ

554841

«Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңес

*Әшімбаев Мәулен, кеңес төрағасы;*

*Асқаров Әлібек, жауапты хатшы.*

*Абдрахманов Сауытбек, Атабаев Қамбарбек,  
Аяған Бүркітбай, Әбжанов Хангелді, Әбусейітова  
Меруерт, Әжіғали Серік, Әлімбай Нұрсан,  
Байпақов Карл, Байтанаев Бауыржан, Балықбаев  
Тахир, Дүйсембаев Еркін, Есім Ғарифолла,  
Жақып Бауыржан, Жұмағалиев Асқар, Жұмағұлов  
Бақытжан, Қасқабасов Сейіт, Қозыбаев Лияс,  
Құл-Мұхаммед Мұхтар, Құрманбайұлы Шерубай,  
Мұхамадиұлы Арыстанбек, Мыңбай Дархан,  
Нысанбаев Әбдімәлік, Салғараұлы Қойшығара,  
Самашев Зейнолла, Сұлтанов Қуаныш, Тұяқбаев  
Қанат, Шаймерденов Ербол, Шеңгелбаев  
Бақытжан*

“Ә.Х. Марғұлан шығармалары”  
сериясының редакциялық алқасы:

*Пірәлиев С.Ж., бас редакторы,*

*Марғұлан Д.Ә., жауапты хатшы, Байпақов К.М.,  
Бердібаев Р.Б., Қасқабасов С.А., Қойгелдиев М.Қ.,  
Күмеков Б.Е., Аяған Б.Ғ., Кененбай Ы.С., Смағұлов О.С.,  
Тасмағамбетов И.Н., Уәлиханов Ш.Е., Ибраев Б.А.*

«АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ»

Алматы 2011

*AM*  
Пайдалануға рұқсат  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

*Қазақстан Республикасы  
Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып  
шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**МАРҒҰЛАН Ә.Х.**

**М21 Шығармалары.** *Құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан* – Алматы: “Алматы-Болашақ” баспасы, 2011. – Т. 10 – 592 б.

*Құрастырушы: Данель Әлкейқызы Марғұлан,  
Даме Асқарқызы Марғұлан*

ISBN 978-601-80188-0-0

Бұл 10-томға XIX ғасырдың ортасында қысқа ғана өмір сүрген ұлы гуманист, Қашқарияны тұңғыш ашып берген үлкен ғалым, этнограф, тарихшы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмір жолы академик Әлкей Марғұланның білікті зерттеулері арқылы кеңірек ашылады. Сондай-ақ патриархалдық ортада өскен бала Шоқанның асқан қабілеттілігін академик барынша оқырманға жеткізуге тырысқан. Кітап көпшілік оқырман қауымына арналған.

*Кітаптың арнаулы редакторы Данель МАРҒҰЛАН*

ISBN 978-601-80188-0-0 (Т.10)  
ISBN 9965-807-15-9

УДК 94(574)  
ББК 63.3 (5кз)

© Марғұлан Д.Ә., Марғұлан Д.А. Құраст., 2011  
© Алматы-Болашақ, 2011

## Ш.Ш.УӘЛИХАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Ұшы-қиыры жоқ Обаған даласы. Көсілген шексіз қырдың өн бойы қарағайлы жота. Табиғаттың бұл аймаққа ықыласы ерекше ауғандай, адам жанына керектің бәрі – жер қойнауының байлығы да, жасыл желек те осы жерге шоғырланған. XVI ғасырда Оңтүстік Орал арқылы Сібірге өткен орыс қолбасшыларының Мәскеу патшасына жіберген мәлімдемесінде: «Тобыл өзенінің арғы беті, Обуга өзенінің бойы сыңсыған емен тоғай» деп жазады.

1841 жылдың жазы. Орыс инженерлер алғаш рет Обаған даласында топографиялық сызба түсіретін кез. Олардың отряды Обаған өзенінің бойында, Аманқарағай округінің аға сұлтаны полковник Шыңғыс Уәлихановтың жазғы резиденциясына (Күнтимес) жақын маңда қостарын тіккен. Далалықтарға олардың тіккен қосы да, орыс офицерлерінің киімі де, геодезиялық аспаптары да таң. Әсіресе бәрін білгісі келетін бір бала көзге ерекше түседі, қатарларына қарағанда зерек, алғыр. Орыс офицерлері оған қарандаш, қағаз, бояу берді. Бұл полковник Шыңғыс Уәлихановтың ұлы Шоқан болатын.

1822 жылы Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағында алғаш рет «Сібір қазақтары жайлы жарғы» аталған заң жобасы енгізілді. Бұл құжаттың авторы – I Александр билік құрған тұстағы көрнекті мемлекет қайраткері М.М.Сперанский бұл Жарғыны құрастырғанда, жергілікті өзін өзі басқару жүйесін енгізуді қажеттілік санаған. Жарғы қабылданған соң, Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағында Сібір қазақтарының Шегара Басқармасы ашылды, оған Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан облыстары және Қостанай облысының бір бөлігі енді.

Бұл үлкен аймақтың әкімшілік орталығы болып Омбы қаласы белгіленді. Шегара Басқармасы құрылған бойда жер-

атап өтеді. Бұл қазақ халқы мен орыс халқының түсінісіп, бірін-бірі жақын тарту кезеңінің басы еді.

Ш.Уәлихановтың ата-бабалары ежелгі сұлтандар әулетінен тарайды. Оның арғы атасы, Орта жүздің ханы Абылай Ресеймен сауда және саяси байланыста болған. Орта жүздің соңғы ханы, Абылайдың үлкен ұлы Уәли де бұл байланысты жақсы қолдаған. Уәли Шоқан Уәлихановтың туған атасы. XIX ғасырдың екінші жартысында Г.Н.Потанин жазған Уәлихановтар әулетінің шежіресінде Уәли ханның екі қыстауы болғаны айтылады. Біреуі Көкшетаудың шығысындағы Хан көлінде, екіншісі Сырымбетте. Абылайдың бірінші әйелі Сайманнан тараған ұрпағы әлі күнге сонда, яғни Бурабай көлінің аймағында, ал Айғанымнан (Уәли ханның кіші әйелі) туған балалар Сырымбетте тұрады. Уәли хан мен оның ұрпақтарына мұра ретінде қалған Бас орда Бурабайда болды. Ол жер әр түрлі аталады – «Орда», «Хан көлі», «Қызылағаш».

Хан билігі жойылып, «Сібір казактарының жарғысы» қабылданған соң Уәли ханның жері оның ұлдарына бөлініп берілді. Оның үлкен үйі – Қызылағаштағы бас ордасы үлкен ұлы Ғұбайдолла мен соның ұрпақтарына қалды. Ал Сырымбет кіші әйелі Айғанымнан туған балалардың иелігіне тиді.

Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиханов 1811 жылы Қызылағашта дүниеге келеді. Уәли дүние салғанда Шыңғыс он жаста қалады. Әулет билігін Уәли ханның жесірі, Шоқан Уәлихановтың әжесі Айғаным (1783-1853 жж.) ханым қолына алады, өйткені оның ұлы Ғұбайдулла айдауда болатын.

Айғаным ақылды, білімді және көреген жан болады. Ол бірнеше шығыс тілін білді, орыс мәдениетімен таныс болды, Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаментімен және Петербордағы Сібір комитетімен хат алысып тұрды. Жергілікті халық арасында да Айғанымның беделі зор еді. Мұрағат деректеріне қарағанда, оның көңіл қойған әлеуметтік-саяси мәселелері көп. «Сібір казактары жарғысы» қабылданған кейін Солтүстік Қазақстанда орын алған бірде-бір айтулы оқиға онсыз өтпеген.

Айғаным Солтүстік Қазақстанда геодезиялық зерттеумен айналысқан орыс оқымыстылары мен инженерлерін достық қатынаста ұстады. П.П. Семенов-Тяньшанский: «Оның әкесінің шешесі, яғни Уәли ханның жесірі Айғаным мен оның балалары Ресейге адалдығынан айныған жоқ. Ал ол кезде оның басқа туыстары, Уәли ханның бірінші әйелінен туған балалары мен бауырлары Уәлидің орыс бодандығын қабылдағанын мойындамай жатқан», – деп жазады. Орыс патшасы I Александр Уәли ханның жесіріне үлкен ықылас танытқан және Сырымбетте үй салдырып бергізген, Шоқан Уәлиханов сол үйде дүниеге келеді.

Айғаным ата қонысы Сырымбетте дүние салады. Шоқан Уәлихановтың мұрағатында өз қолымен жазған естелік жазбасы сақтаулы. Онда былай дейді: «19 қараша 1853 жылы бейсенбі күні, екінді намазы кезінде Қазақ ордасының Орта жүз ханы марқұм Уәлидің жесірі Айғаным, қыз күнгі тегі Сарғалдақова, жетпіске қараған шағында көз жұмды. Тоғыз ұлы болды».

Айғаным орыс оқуының маңызын жақсы түсінген. Ол 1827 жылы өзінің ұлы, Шоқанның әкесі Шыңғысты Сібір әскери шегаралық қазақ училищесіне оқуға береді.

Училищеде жалпы білім беруге көңіл бөлінді, онда кәсіби аудармашы және топограф маман дайындауға арналған арнайы шығыс тілдері сыныбы болды. Шыңғыс орыс тілін жақсы меңгерген, әдебиет пен өнер, тарих, жағрапия және статистика секілді салалардан мәлімет жинаған білімді қазақтың алғашқылары еді.

Әскери училищені бітірген 23 жасар Шыңғыс жаңа ғана құрылған Аманқарағай округіне аға сұлтан болып тағайындалып, әуелі майор, кейін полковник шенін алады. Әскери училищені бітірген жылы (1834 ж.), Аманқарағайға көшіп барысымен Зейнеп Шормановаға үйленеді.

Мұрағат құжаттарында сүйенсек, Аманқарағай округі 30 тамыз 1834 жылы ашылған. Аға сұлтандыққа Шыңғыс Уәлиханов, ал казактардан заседатель болып Язу Янов пен Есеней Естемісов сайланады. Шыңғыс аға сұлтандыққа сайланған кезде іс жүзінде округ әлі жоқ болатын. Солтүстікте

Үй бекінісі мен оңтүстікте Құсмұрын бекетінің аралығына бекет салынады. Бүгінгі Қостанай қаласына жақын маңда, Обаған өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан Аманқарағай ірі бекеттердің бірі болды. Аға сұлтанның қол астына Обаған, Құндызды, Терісбұтақ және Құсмұрын өзендерінің бойын жайлайтын атығай, керей, қыпшақ, уақ ауылдары қарады. Бала Шоқанның 1850-1852 жылдары жазғы демалыс күндерінде салған суреттерінде осы жерлер бейнеленеді.

1844 жылы округ орталығы Құсмұрынға ауысып, округ Құсмұрын аталады. Бұл кезде үй-жайы, гарнизондық қазармасы бар Құсмұрын бекінісі салынып бітеді. Уәлихановтар әулеті осы бекініске көшіп барады.

Құсмұрында Шыңғыс отбасымен жиырма жыл өмірін өткізеді. Оның жеті ұлы, бес қызы болды, осылардың ішінде тек Сақыпкерей (Қозыке), Алия және ең кішісі Нұрмұхаммед (Көкіш) қана Сырымбетте, ал қалғандары Аманқарағай мен Құсмұрында дүниеге келген.

1853 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторының ұсынысымен патша үкіметі «Құсмұрын округін таратып, бұрын оған қараған бес болысты Көкшетау округіне қосу туралы» жарлығын шығарды. Жарлықта былай деп жазылды: «Құсмұрын әкімшілігі жойылуына орай Атбасар бекеті орналасқан жерде Атбасар аталатын жаңа округ ашылсын».

Жаңа орталық Есіл өзенінің бойында, Ақмола округінің солтүстік-батысында орналасқан Атбасар елді мекені болды. Атбасар округі жұмысын араға алты жыл салып, яғни 1859 жылы бастайды. Бұл уақыт аралығында округ аға сұлтандығына үміткер Шыңғыс Уәлиханов өтпей қалады. І Николай бұйрығында бұған байланысты мынадай жолдар бар: «Құсмұрын округінің аға сұлтаны округ жабылған күннен бастап Сібір қазақтары облыстық басқармасының кеңесшісі қызметіне тағайындалды, бірақ алдағы уақытта арнайы жарлық шыққанша өз ордасында бола алады».

Туған жерге қайтуды көкसेген Шыңғыс Уәлихановты бұл ескерту тоқтата алмайды, сөйтіп ол 1853 жылы үй ішімен Обаған жағасын тастап, анасы қоныс еткен, әрі Шоқан Уәлихановтың балалық шағы өткен Сырымбетке қайтып кетеді.

Уәлихановтар әулетінің үй-жайы мен жиһаз, мүлкін Далалық комиссияның мүшесі ретінде Қазақстанды зерттеуге қатысқан бас штаб офицері А.К.Гейнс баяндайды. Ол былай жазады: «Шыңғыстың қыстауы қазіргі қоныстарынан 10 шақырым жерде. Қарағай орман жапқан екі тау қыстауды мүлде көрсетпейді; тастақ жолмен жүре-жүре ақыры жеттік, біздегі орташа помещиктің талғамына сай салынған бірнеше үй, ортасында мешіт тұр. Ортаңғы, Шыңғыс пен әйелі тұратын үйдің жабдықтары помещиктердікіне ұқсайды. Залда он екі пьеса тартуға арналған орган тұр, аралық қабырғалар айналы, хрусталь салпыншақты қола шамдал, бралар да сондай, шағын жібек перделер жұқа, бірақ жалпақ әшекейлермен өрнектелген. Қонақ бөлмеде Гарднер немесе Корнилов құмыраларының орнына қытай құмыралары қойылған, лампа үстел үстінде, диван, тағы басқалар нін тіреседі. Еденге түгелдей ташкент немесе парсы кілемі төселген, жиһаздардың үстіне жолбарыс, қабылан және аю терілері жабылған. Жалпы жақсы әсер аласың».

Сырымбетте Шыңғыс тек қыс айларында тұрған, ал жазға қарай қоныс ауыстырып, көшетін. Кейде Шыңғыспен бірге Шоқан және жазғы демалысқа келген Г.Н.Потанин де жүретін. XIX ғасырдың 50-60 жылдары Шыңғыстың жайлауы (жазғы қоныс) Сырымбеттен алыста, Есілдің жоғарғы жағында, қазіргі Атбасар даласында болатын. Г.Н.Потаниннің айтуына қарағанда, оның ең танымал жайлаулары Құлайғыр, Қалмақкөл, Салқынкөл және Тоқты бойларында болған. Кейін көшетін жерлер әбден тарылды, сөйтіп Шыңғыс жазды Сырымбетке жақын Саумалкөл, Айыртау, Күйгенкөл, Ақжар маңайларында өткізетін болды. XIX ғасырдың соңында Уәлихановтар әулеті көшіп-қонуды доғарып, жыл мезгілдерін Сырымбеттен алыстамай өткізетін.

Сырымбет ауылында Шоқанның болғанын еске түсіретін айтулы жерлер көп. Әсіресе Сырымбет тауының басындағы жартас жақсы таныс, Шоқан соның үстіне шығып айнала қоршаған таулы табиғаттың, орманның және өзінің ауылының көрінісін қағаз бетіне түсіретін. Әулет шежіресінің баянына қарағанда, Шоқан ата-баба қонысын

көркейтү ісіне ықыласпен атсалысқан, әкесімен бірге Уәлихановтар ауылының жанымен тау аңғарына дейін созылып жатқан қайындар аллеясын отырғызған.

1854 жылы шілде айында Шоқанның әкесіне Батыс Сібір генерал-губернаторының бұйрығы тапсырылады. Бұйрықта былай делінген: «Құсмұрын округінің бұрынғы аға сұлтаны полковник Шыңғыс Уәлиханов Сібір қазақтарының шегара басқармасының қазақтар жағынан кеңесшісі қызметіне тағайындалды». Мұның артынша Шыңғыс Батыс Сібір әкімшілігінен «дереу қызмет орнына келсін» деген нұсқау алады. Шыңғыс Уәлиханов 15 қыркүйек 1854 жылы жаңа қызметке тағайындалып, Омбыға барады, бірден өзінің қызметіне кірісіп кетеді. Ол Омбыда аға сұлтандарға, билерге және старшындарға арналған үйде тұрады. Бұл кезде Омбыда Шоқан да тұратын. Әкесі мен баласы бір мекемеде, Батыс Сібір Бас басқармасының ғимаратында бірге қызмет етеді. Жазда Сырымбетке қайтатын.

1860 жылы Шыңғыс Көкшетау округінің аға сұлтаны болып сайланады. Бұған белгілі бір дәрежеде Шоқанның ықпалы тигені анық. Қашғарға жасаған сәтті сапары оның беделін өсірген еді. Шыңғыс бұл қызметті аға сұлтандардың әкімшілік лауазымы жойылғанша атқарады. Қазақ даласын басқарудың Жаңа жарғысының жобасы қабылданған соң (1865 ж.) ол оставкаға кетеді, содан қайтып әкімшілік қызметке оралмайды.

Мұрағат құжаттарында Шыңғысты халық өмірінің, әдет-ғұрпының, қазақ қоғамының экономикалық және саяси тыныс-тіршілігінің жақсы білгірі ретінде атайтын мәліметтер сақталған. Өзінің мемлекеттік және қоғамдық қызметі арқылы Шыңғыс қазақтарды орыс мәдениетіне тарту ісіне қомақты үлес қосқан, ғылыми зерттеу жүргізу үшін Солтүстік Қазақстанға келген оқымыстыларға қол ұшын созып, көмегін аямаған. Қазақтың дәстүрлі заң жоралғысын зерттеушілерге өзі білетін құқықтық, статистикалық мәліметтерді түсіндіріп беруден жалықпаған, қазақ халқының ауыз әдебиеті мен этнографиясына қатысты материал жинаудан да талмаған, жинаған материалдарын М.В. Ладыжен-

скийге, Н.Ф. Костылецкийге, Г.Н. Потанинге және Қазан университеті жанындағы антропология және этнография қоғамына табыстаған. Шоқанның оқытушысы Н.Ф. Костылецкий 1852 жылы профессор И.Н.Березинге жазған бір хатында былай дейді: «Сізді халық аузындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасының мазмұнымен таныстырмақпын, жырдың нұсқасын маған Орта жүздің соңғы ханы Уәлидің ұлы, Құсмұрын округінің аға сұлтаны, әрі досым Шыңғыс берген еді».

Шыңғысты Шоқанның әкесі және қазақ даласының белгілі ағартушысы ретінде Мәскеуде, Петерборда, жағрапиялық және антропологиялық қоғамдарда жақсы білегін. Шыңғыс оларға ариап қазақ өміріне қатысты сирек ұшырасатын этнографиялық экспонаттар жинап берген. Орта Азия Ресейге қосылған соң ұйымдастырылған Мәскеу өнеркәсіп көрмесіне көп материал табыстайды. Профессор В.В. Григорьевтің өтініші бойынша жиналған жекелеген этнографиялық бұйымдар Петербор, Мәскеу және Гамбург мұражайларында сақтаулы.

Петербордағы «Үшінші халықаралық шығыстанушылар конгресі» көрмесіне Шыңғыс жіберген экспонаттар арасында қазақтың XVII-XVIII ғасырлардағы қолөнерімен таныстыратын ғажап дүниелер болған. Тіпті олардың арасында Абылай мен Уәли ханның жеке бұйымдары да кездеседі: ең сапалы темірмен құрсауланған ер, тастан қашалған көне бұйым, білтелі мылтық, алтынмен әдіптеліп, күміс, асыл тас тағылған былғары қорамсақ, күміспен жиектелген былғары қынды алмас қылыш, т.б. Сондай-ақ Шыңғыстың өзі және ұлы Жәкып тұтыпқан жеке заттар мен ұлы Мақы жасаған қолөнер туындыларының үлгілері де қойылады. Көрмеге келгендер әсіресе асыл тас өңдеуге арналған станок пен суармалы арыққа су шығаратын машинаға ерекше таң қалады.

Шыңғыс конгреске тек заттай мәдениет үлгілерін ұсынумен шектелмеді, сонымен қатар, өз қолдарымен Орынбай ақынның айтуынан жазып алған қазақ халық эпостарының том-том кітаптарын да жайып салды. Өкініштісі, бұл сирек қолжазбалар сақтаулы ма, жоқ па беймәлім.

П.П. Семенов-Тяньшанский «Үшінші халықаралық шығыстанушылар конгресінің» маңызын бағалай келе, конгресс «Еуропа ғылымының көрнекті өкілдерінің Азияны зерттеуге деген ықыласын ерекше аударды және біздің қоғамның ең бір нәзік жеріне тигені анық» деп атап өтеді. Конгресс жұмысына ат салысқан танымал орыс шығыстанушылары Шыңғыс Уәлихановтың экспонаттарын өте жоғары бағалады.

1865 жылы отставкаға кеткен соң Шыңғыс Уәлихановқа саяси айып тағылды. Омбы кадет корпусында «Сібір патриоттарына» деген үгіт парақшаларының таратылуына және Уәлихановтарға дос Г.Н.Потаниннің, Н.М. Ядринцевтің, Ф.Н. Усовтың, т.б. тұтқынға алынуына қатысты кінә тағылады. Омбы мұрағатында «полковник, сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың үкіметке қарсы заңсыз ой-пікірі» деген атпен сақтаулы құжат бар. Құжаттан мәлім болғанындай, Потанин, Ядринцев және басқалар тұтқындалысымен Шыңғыс Батыс Сібір генерал-губернаторының атына жолдаған ресми хатында тұтқындарға қатысты рақымсыз репрессия мен облыстық басқарма аппаратындағы әділетсіздікке қарсы наразылығын білдірген. Мұның артынан генерал-губернатор Сібір қазақтары облысының әскери губернаторына мынадай мәлімдеме жібереді: «Сұлтан полковник Шыңғыс Уәлихановтың билікке қарсы қылмыстық ой қозғаған мәлімдемесін сіздің мәртебеңізге жібере отырып, жеке өзінен түсініктеме алу үшін оны Омбыға алдыруыңызды бас иіп өтінемін».

«Сібір сепаратистерін» жазалау кезінде патша үкіметінің Уәлихановтар әулетіне сенімсіздігі одан сайын арта түсті.

Шыңғыс Уәлихановтың орысша білім алған бірнеше дарынды ұлы болды. Шоқанның бауырларының ішіндегі ең бір дарындысы жас күнінде қайтыс болған Сақыпкерей (Қозыке) еді. Ол өзінің ерекше ақындығымен, күйшілігімен өнерді жақсы бағалайтын асқан сезімтал Шоқанды талай тәнті еткен. Қозыке халықтан шыққан өнерпаз Ақан серімен достық қатынаста болған, сонымен бірге талай ән шығарған, күй тартқан. Ол шығарған әндердің ішінде ең танымалы «Ай

көкек», «Топай көк», «Сырымбет» және «Көкенің аманаты». Соңғы ән Шоқан Уәлихановты еске алуға арналған.

Тағы бір бауыры Мақы (Мақажан) Уәлиханов (1844-1923 жж.) суретші болады. Ол Петерборда мылқауларға арналған мектепте оқиды. Шоқан інісінің бойындағы қабілетті байқап, оның Өнер академиясының шеберханасына орналасуына көмектеседі, Мақы ол жерде қалаған кезінде келіп кескіндеме өнерімен айналысатын. Ол Петерборда он бір жыл тұрады. Туған жерге оралғаннан кейін ол қоғамдық жұмыстарға белсене араласады, қылқаламды қолына тек аңда-санда ғана алады. Шоқан арқылы Мақы Петербор пен Омбыда көптеген оқымыстылармен, қоғам қайраткерлерімен таныс болады. Мақымен жақсы таныс болған Г.Н.Потанин былай деп жазады: «Көкшетаудан Уәлихановтар ауылын бетке алып шыққанда, қазір көзі тірі төрт ағайындының ішінде емен – жарқын әңгіме бәрінен бұрын Мақы екеуіміздің арасымызда болатын шығар деп ойлағанмын». Г.Н.Потаниннің айтуынша, Мақының орыс халқы мен орыс мәдениетіне ыстық ықыласы өмірінше сақталған, оны кезінде Шоқан зейініне күйған еді.

Шыңғыстың басқа ұлдарының арасында Махмуд Уәлихановты (1848-1918 жж.) атап өту керек, оған Шоқанның ықпалы өте күшті болды, бала күнінен орыс пен батыс еуропалық классиктерді оқығанды жаны сүйді.

Басқа бауырлары секілді Махмуд та жас кезінен орыстармен араласып өседі. Оған Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімшесінен оқымыстылар келіп тұрды. 1908 жылы ол Н.Павлов арқылы Петербор көпшілік кітапханасына (қазір Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапхана) Ф.М.Достаевскийдің Шоқан Уәлихановқа жазған хатын беріп жібереді, қаламгер ол хатты 1856 жылы Семейде жазған екен.

Г.Н. Потанин Махмудпен және Уәлихановтар әулетімен 1895 жылы Сырымбеттегі жеке жайда болған кездесуін ыстық ықыласпен еске алады. Аяқ астынан Шоқанның жақын досының келуі әулеттің әр бір мүшесі үшін ерекше оқиға саналады. Олар оны ерекше пейілмен қарсы алады, құрметіне



арнап үлкен той жасайды. Г.Н.Потаниннің құрметіне бәйге, ұлттық ойындар ұйымдастырады, сұңқар, қырандарын алып аңға шығады. Халық ертегілерін, эпикалық шығармаларды, аңыз әңгімелерді қағазға түсіру үшін ең күшті әншілер мен орындаушылар шақыртылады. Махмуд Уәлихановтың өзі Потанин үшін бірнеше қазақ аңыз әңгімесін жазып береді.

Болашақ ағартушы-ғалым Шоқан Уәлиханов туып, өскен әулет міне, осындай болған.

Шоқан Уәлиханов (толық аты-жөні – Мұхаммед-Қанапия, ал Шоқан анасы еркелетіп қойған ат) 1835 жылы қарашада Құсмұрын бекінісінде дүниеге келеді. Бұған Шоқан Уәлихановтың Ресей Сыртқы істер министрлігінің мұрағатында сақтаулы формулярлы қызметтік тізімі дәлел. Басқа да ресми құжаттарда туған жылы осылай көрсетілген. Орыс географиялық қоғамының тұрақты мүшелігіне сайланардағы Ш.Уәлихановтың анкеталық мәліметтерінде де 1835 жыл көрсетілген.

Шоқан балалық шағын әуелі Құсмұрында, ал сосын ата-баба қонысы Сырымбетте өткізеді. Бұл Солтүстік Қазақстанның ең шұрайлы жерлерінің бірі, Шоқанның бала кезінде салған суреттерінде орын алады.

Туыстарының естеліктеріне қарағанда, Шоқан тез есейген, тіпті кейде ересек адамдарша ой жүгіртіп, сөз қозғайтын. Бала Шоқанның рухани жағынан толысуына әжесі Айғанымның тигізген әсері орасан зор, ол үшін халық даналығының саркылмас қайнар көзіндей болады. Халықтың озық дәстүрі мен салт-санасының қорғанындай болған әжесі жайлы естелік Шоқанның бүкіл ғұмырына жетіп артылды. Батыс Сібір генерал-губернаторының арнайы тапсырмаларын орындаушы офицер болып жүрген Шоқан әжесі Айғанымның қазасы туралы хабарды алысымен, соңғы сапарға шығарып салу үшін Сырымбетке жол тартады.

Шоқан әуелі Құсмұрында жеке меншік қазақ мектебінде оқиды. Мұнда араб жазуының қыр-сырын меңгереді және қарандашпен сурет салуды үйренеді. Әдетте бұл мектепте шағатайша оқытып, араб, парсы тілдерін үйретіп, шығыс шайырларын мәнерлеп көркем оқуға жаттықтыратын. Ежел-

гі дәстүр бойынша, сұлтанның балалары «жеті жұрттың тілін біл» деген ескі қағида негізінде бірнеше шығыс тілін үйренуге тиіс болды. Бұл дәстүр ол кезде әлі сақталатын, сөйтіп Шоқан бала күнінен бастап-ақ шығыс тілдерін оқып, араб тілін меңгереді, ал кейінірек ұйғыр жазуын үйренеді.

Шоқанның бала күнгі бір әуесі сурет салу еді. Бұл өнерді ол орыс суретшілерінен – Құсмұрын бекінісінде, Уәлихановтар отбасымен бірге тұрған топографтар мен геодезистерден үйренеді. Сонымен қатар, Уәлихановтар ауылына орыс оқымыстылар, инженерлер және білімді офицерлер жиі келіп тұратын, олар да зерек баланың өнер мен әдебиетке деген ықыласын арттырғаны анық.

Бозбала Шоқан сұңқармен аңға шыққанды ерекше жақсы көретін. Әдетте Шоқан саят құрғанда төңіректің қойнау-қолтығын аралап, тұмса табиғатты тамашалап, туған өлкесін танып өсті. Бала кезінде-ақ Ақмола мен Баянауыл тауларына шығады. Кадет корпусында оқып жүрген күндерінде досы Г.Н.Потанинге көргендерін айтып беруден жалықпайтын.

Шоқан жас күнінен-ақ қазақ халық ауыз әдебиетіне қызығып өседі. Ауылға жиі келіп тұратын халық жыршылары мен аңыз-ертегішілерінің бұған тигізген әсері аз емес. Шоқан жыр үлгілерін жазып алатын және оларын ата-анасына дауыстап оқып беретін. Таң қалмасқа шара жоқ, бірақ бала күнінің өзінде-ақ ол «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Көкше» жырларының бірнеше нұсқасын жазып қойған, кейінірек оларды өзінің оқытушысы Н.Ф. Костылецкийдің қолына тапсырады.

Шоқанның басқа Шығыс халықтарының поэзиясына да ықыласы ерекше еді. Досы, белгілі публицист Н.М. Ядринцев «Шоқан ақын жаңды адам еді, әрі оның хиял күшінде шек болмайтын», – деп жазады. Ол араб өлеңін жақсы көретін және оқытушысы Костылецкиймен бірге сол өлеңдерге тәнті болудан еш танбайтын.

Шоқанның ғылымға деген ықыласының қалыптасуына әкесінің орыс зиялыларымен болған тығыз қарым-қатынасының маңызы зор. Шығыстың ауылына жоғары білімді талай адам келіп-кеткен, мәселен, академик А.И. Шренк,

1898/99

жер ауған декабристер С.М. Семенов, В.И. Штейнгель, Н.В. Басаргин, Сібір қазақтары облыстық басқармасында қызмет еткен Қазан университетінің студенттері С. Сотников, Н.Ф. Костылецкий, Т. Сейфуллин.

Шыңғыс Қазақстанды зерттеуші орыс оқымыстылары үшін материал жинау және дайындау ісіне ұлын да тартады.

Біздің заманымызға жеткен бір хат бар, уақытында «Сібір қазақтары» шегара комиссиясының бастығы қызметін атқарған полковник Ладыженскийдің атынан декабрист В.И. Штейнгель жазған, онда ол Шыңғыстан қазақ халық жырларының, ертегілерінің, аңыз әңгімелерінің үлгілерін жинауын өтінеді. Шыңғыс Ладыженскийдің өтінішін орындау барысында бірнеше мәрте ақын, жыршыларды үйіне шақыртып, Шоқан екеуі бірге қазақ әндері мен аңыздарын қағазға түсіріп, Омбыға жіберген.

Алайда Шоқан үлкен қалада оқуды көкседі. Шыңғыс та ұлына жақсы білім беруді ойлады.

1847 жылы күзде 12 жасар Шоқан туған ауылынан шығып, Омбыға оқу іздеп келді. Оны әкесі ертіп әкелді. Шыңғысқа орыс достары ұлын Сібір кадет корпусына орналастыруға көмектесті. «Орыстың қаласы баланы таң қалдырады, сөйтіп ол бірден карандашпен қаланың бір бұрышының суретін салады», – деп еске алады Г.Н.Потанин.

Сібір кадет корпусы бұрынғы Сібір шегаралық казак әскери училищесінің негізінде 1845 жылы құрылған, сол замандағы ең озық оқу орындарының бірі саналды. Декабрист И.Завалишиннің айтуынша, кадет корпусы «білім беру мен отан сүйгіштіктің ордасы» болды. Осында дәріс оқыған, өзі Н.Г. Чернышевскийдің досы болған В.П. Лободовский де солай дейді. Бұл оқу орнын көптеген көрнекті қоғам және әскери қайраткерлер, ғалымдар мен публицистер бітіріп шыққан. Олардың кейбіреулері жағрапиялық жаңалықтары, ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы көпке танылған атаққа ие болды.

Кадет корпусында жалпы білім беретін пәндер өте жақсы оқытылды. Оқу бағдарламасында әскери пәндермен қатар, жалпы жағрапия, Ресей жағрапиясы, жалпы тарих,

Ресей тарихы, орыс және батысеуропа әдебиеті, философия негіздері, ботаника, зоология, физика, математика, геодезия, сәулет және құрылыс өнері, табиғи тарих жайлы жалпы түсінік секілді пәндер қоса қамтылған. Сондай-ақ, корпуста сызу, бейнелеу, көркем жазу, орыс, француз және неміс тілдері де жүргізілді. Бұдан басқа корпуста шығыс тілдерінің арнайы сыныбы болды. Мұнда түрік, моңғол, араб және парсы тілдері оқытылды.

Оқу сегіз жылдық еді. Ол екі дайындық сыныбынан, бес негізгі және алтыншы арнайы сыныптан тұрды. Дайындық сыныптарында оқитын тәлімгерлер орыс тілі мен арифметика үйреніп, сурет салумен шұғылданды. Негізгі сыныптарда шығыс тілдері, олардың қатарында қазақ, татар және шағатай тілдері де бар. Тіл үйрету мәтін оқу, сөз жаттау және жыр үлгілерін, мысал өлеңдерді мәнерлеп көркем оқу арқылы жүзеге асырылатын. Оқу бағдарламасынан өткен тәлімгерлер тілді өте жақсы меңгеретін, сол тілде толық түсінісе алатын.

Соңғы сыныпта әскери ғылым – тактика, артиллерия, майдан фортификациясы және ауылшаруашылық ғылымдарының негіздері оқытылатын.

Тарих, жағрапия және әдебиет бойынша бағдарламалар өте көлемді болды. Кадеттер бірінші сыныптың өзінде-ақ ежелгі мемлекеттер тарихын, атап айтқанда, Грекия мен Рим, ортағасырлар тарихы, Еуропа жағрапиясын оқитын. Төртінші және бесінші сыныптарда ауызша және жазбаша тіл, орыс және батысеуропа әдебиетінің тарихы, Ресей империясының тарихы мен жағрапиясы жүретін. Жағрапия пәнінде этнография мен антропология, нәсілдер тарихы, тілдердің классификациясы, тілдердің негізгі туыстық топтары, халықтардың діни ұстанымдары мен тұрмыс калпына қарай айырмашылықтары секілді көп мәселе қамтылды.

Азия елдерін (Қытай, Үндістан, Ауғанстан және Персия) оқытуға көп уақыт бөлінді. Корпуста Азия халқының тығыздығы, халықтардың тегі, діні, тұрмыс-салты; Қытай империясы: жері, құрылымы мен басқару жүйесі, Қытайдың билігіндегі жерлер және Қытайдың ықпалындағы жерлер;

Тұранның жағрапиялық және саяси құрылымы; Бұқара, Қокан, Хиуа және Құндыз хандықтары; Шығыс-Үндістан және Аравия елдері.

Ресей империясы жағрапиясы бойынша оқу бағдарламасы өте көлемді болды. Онда экономикалық жағрапия, статистика және өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының ахуалы қарастырылды.

Қазақстан жағрапиясына көп көңіл бөлінді. Оқу бағдарламасында мынадай мәселелер қаралды: қазақ даласының шегарасы, аймақтық ерекшеліктер, өзендер мен көлдер, су көздерінің сипаты, қатынас жолы, таудағы керуен жолдар, шатқал-сайлар, ауа райы, қазақтың саны, шыққан тегі, тілі мен діні, бодан болған кезі, хан билігінің жойылуы мен Бөкей ордасының пайда болуы, дәл қазіргі ордалар саны мен олардың жағрапиялық орны, бөкей, орынбор және сібір қазақтарын басқару және олардың ішкі құрылымы, Ұлы жүздің Ресей құрамына кіруі, Қазақ даласындағы бекіністер мен станциялар.

Қолданбалы ғылым салаларынан сызба геометрия, топографиялық сызу және сәулет өнеріне көп сағат бөлінді. Соңғы пән Орынбордағы Неплюев кадет корпусының азаматтық сәулет өнері бағдарламасы бойынша оқытылды. Оқу бағдарламасында сәулет өнерінің маңызы мен құрамына нелер енетіні жайлы кіріспе лекция атап көрсетіледі. Бұған қоса, тәлімгерлер құрылыс басында тәжірибеден өтіп, құрылыс жоспарын жасап, іргетасты тегістеп іс жүзінде орындап көруге тиіс болды.

Омбы кадет корпусында оқытылған пәндер тізімінен байқалатыны, кадет корпусы Ресейдің шеткі аймақтарына қажет жан-жақты білімді және жоғары білікті мамандар дайындаумен айналысқан.

Бағдарламаға оқу пәндерінен басқа ән, гимнастика, жүзу, би, семсерлесу және атқа міну кірді. Сыныптан тыс уақыттарда тәлімгерлер әскери техникамен айналысуға тиіс болды. Әскери лагерьлерде олар саппен жүру, қару қолдану, топографиялық түсірілім, саперлік және әскери-зертханалық жұмыстарға үйренді.

Күн тәртібі бойынша оқу орнының тәлімгерлері екі

бөлікке – ротаға және эскадронға бөлінді. Ротаға ірі шеңберліктер мен офицерлердің балалары кірді, олар арнайы жатақханаларда бөлек тұрды. Эскадронға казак балалары кірді, мұнда ротаға қарағанда төмен саналды. Шоқан эскадрон құрамында болды. Рота мен эскадрон тәлімгерлері бөлек жерде тұрғанмен, сыныптық дәріс кезінде бәрі бір жерге жиылатын.

Әскери оқу орындарын басқарған генерал-адъютант Ростовцевтің жарлығымен 1851 жылдан бастап, кей пәндер (саяси және жаңа тарих) өтетін кезеңде корпусындағы қазақ тәлімгерлерінің саны шектелді, оларды әскери ғылымдар оқытылатын арнайы сыныпқа көшірмей, бір жыл бұрын бітіретін. Ростовцев қазақ балаларын «астаналық корпусының жалпы сыныбының төртінші курсы бітірген соң офицер шенін алатын» таулықтардың деңгейімен теңестіруді ұсынды. Осыдан кейін корпусының оқу бағдарламасының жобасы қайтадан жасалды.

Омбы кадет корпусы жан-жақты білімді кісі, тәжірибелі ұстаз, сыныптар инспекторы, кейін Мәскеу кадет корпусының бастығы болған И.В.Ждан-Пушкин іріктеп алған жоғары білікті оқытушылар құрамымен ерекшеленді. Оқытушы-профессорлар құрамында университет қабырғаларында білім алған қабілетті педагогтар көп болды.

Корпусы тәрбиелік жұмыстың басым бөлігін, ең әуелі И.В.Ждан-Пушкиннің өзі атқарды. Ол Омбыға 1847 жылы, Шоқан оқуға қабылданған жыл келген.

Шоқан кадет корпусына келгенде орысша білмейтін, бірақ ол әдеттен тыс қабілетінің арқасында бұл қиыншылықты тез жеңді. Ол өте жақсы оқыды, тіпті өз қатарларынан озып шықты. «Шоқан тез есейді, – деп еске алады досы Г.Н.Потанин, – өзімен қатар орыс балалардан озып кетті... Оны бәрі қызықтыратын, ол ерекше қабілетті, тіпті оқуға түспей тұрған кезінде-ақ сурет салумен шұғылданатын болған».

Терең білімі мен елден ерек еске сақтау қабілеті, еңбек сүйгіштік пен биік адамгершілігіне ұштасып жатқан жас Шоқанға корпус оқытушыларының көбі таң қалатын.

Шоканның ерекше қабілеті әсіресе тарих, жағрапия және шығыс филологиясы пәндерінде жақсы көрінетін.

Екі-үш жылдан кейін-ақ Шоқан «зейін, ойымен өз сыныптастарынан ғана емес, екі жас үлкендерден де озып кетті».

Екінші сыныптан бастап Шоқан мен ұстаздарының арасында достық қатынас орнайды.

Шоканға үлкен ықпалы тиген кісілер болды. Олар – Қазан университеті шығыстану факультетінің түлегі, корпуста орыс әдебиетінен дәріс берген, әдебиетші, әрі шығыстанушы Н.Ф.Костылецкий (1818-1867 жж.); өркениеттер тарихын жүргізген, жер ауып келген Гонсевский және Н.Г. Чернышевскийдің досы, әрі оның идеясын жалғастырушы, әдебиетші В.П.Лободовский. Олар Белинский мен Герценнің революционер-демократиялық идеяларымен тәрбиеленіп жетілген, орыс демократ зиялыларының өкілі еді.

Мұрағаттарда Н.Ф.Костылецкий мен Шоқан Уәлихановтың сол дәуірдің ең көрнекті шығыстану-шыларының бірі И.Н.Березинмен шығармашылық байланыста болғанын көрсететін хаттар бар. Бұл шығармашылық байланыс, Омбыда Н.Ф.Костылецкийдің қолында қазақ халқы жыр үлгілерінің, оның ішінде Шоқан Уәлиханов Обаған даласында қағазға түсіріп, кейін Костылецкийге тапсырған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бірнеше нұсқасы бар, қолжазба қоры жинақталған кезде тіпті үдей түсті. Н.Ф.Костылецкий бұл ауқымды дүниені Петерборға профессор И.Н. Березинге жібереді, ол содан бері ғалымның мұрағатында сақтаулы.

«Николай Федоровичтен маған жеткен қағаздардың, – деп жазады өзінің естелігінде И.Н.Березин, – басым бөлігін университет лекциялары мен әр түрлі қазақша мәтіндер, былайша айтқанда, белгілі қазақ аңыз «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» үш көшірме нұсқасы құрайды. Мәтіндерді өзім шығармақшы болып жүрген түрік хрестоматиясына енгізсем бе деп ойлаймын». Березин хрестоматиясында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Обаған даласында

Шокан мен әкесі Шыңғыс 1841 жылы М.В. Ладыженский үшін қағазға түсірген нұсқасы басылады.

Н.Ф. Костылецкий атына жазылған хаттар және қазақ ауыз әдебиетінің жазбалары көп сақталған. Оған Шоқаннан басқа, Абайдың бауыры Халиулла Өскенбаев, Баянауылдық белгілі музыкант Мұстафа Бүркітбаев, Көкшетау округінен Сәдуақас Анаев, Аягөзден Хангожин, т.б. жазба жіберіп тұрған. Олар өз хаттарында Костылецкийге қазақ халық шығармашылығын зерттеп, қазақ жастарына білім берудегі еңбегі үшін алғыстарын білдіреді. Қазақ студенттер қазақ әдебиеті үлгілерін жинаумен ғана айналысқан жоқ, сонымен қатар алғаш болып орыс классиктерін қазақшаға аударып бастады.

«Мен бір қазақ сұлтаны (бұл кезде қайтыс болған Өскенбаев) жайлы естідім, – деп жазады Г.Н.Потанин, – Омбы кадет корпусының курсы бітірген, кейін Семей жақтағы өзінің туған ауылында өмір сүрген, ол күнде кешкілік ауылдастарына орыс повестері мен романдарының мазмұнын баяндап бергенді жақсы көрген, ал қазақтардың ықыласпен тыңдағаны сондай, одан айтқан әңгімелерін қағаз бетіне түсіруді өтінеді екен. Сөйтіп, тілі қазақша, ал мазмұны Тургенев, Лермонтов, Толстой, т.б. шығармаларының еркін аудармасынан тұратын дәптерлер құралған. Кейде осындай әдеби кештерде қазақтар арасында пікір талас басталып, оған Өскенбаев та қосылып, орыстың Белинский, Добролюбов секілді беделді тұлғаларының айтқандарын мысал ретінде келтіріп отырады екен, мен бұларды өз көзіммен көрген куәгердің аузынан естідім».

Н.Ф.Костылецкий Шоқанға жетекшілік етті. Бірнеше жыл олар қазақ халық эпостарын зерттеумен шұғылданды, екеуі жұмылып «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең ескі нұсқасын орысшаға аударды.

Н.Ф.Костылецкийдің араласуымен 1852 жылы Шоқан мен И.Н.Березин арасында тікелей достық қарым-қатынас орнайды. Хан жарлықтарында кездесетін кейбір терминдердің түсіндірмесін жасауда Березинге көмек керек болады. Костылецкий оған былай жауап береді: «Тоқтамыс

жарлығындағы сөзжасам заңдылығына бағынбайтын кейбір сөздерге қатысты сіздің мүшкіл халіңізге қолымнан келген көмекті беруге қанша құмартсам да, менен келер қайран жоқ», бұл мәселеге орай Шоқан Уәлихановқа хабарласуын ұсынады.

Міне, осылай И.Н. Березин мен Шоқан Уәлиханов арасында хат алмасу басталады. Шоқан былай деп жазады: «Бұрынғы жетекшім Н.Ф. Костылецкийден сіздің Токтамыс жарлығындағы бүгінгі татар тілінде қолданылмайтын кейбір сөздердің қазақшада мағыналас нұсқасы бар-жоғын іздестіруімді өтінгеніңізді естіп, көнекөз қариялардан сұрастырып жүріп тілімізден бірнеше сөз таптым, енді соларды сізге жіберуге асықпын». Бұл жұмыс Шоқанды көне жазба ескерткіштерді зерттеуге итермелей түсті, оның ғылымдағы алғашқы қадамы хан жарлықтарын талдауға арналды.

Шоқанның жетекшісі «Н.Ф. «Костылецкий, – деп жазады Г.Н. Потанин, – мінезі тік және ойы ұтқыр кісі еді... Ол Белинскийдің идеясына бас иетін, Гогольді қатты сыйлайтын; өзінің ауызша және жазбаша тіл тарихы пәнінде Белинский мақалаларын басшылыққа алатын, кейін корпус-ты тексеруге келген бір генерал-инспектор оны сол үшін кінәлаған».

Кадет корпусында Костылецкий басшылық тарапынан болатын сорақы әділетсіздікке қарсы күресті, орынсыз кінәлау мен қысымшылыққа төзді, дегенмен бірде Омбыдан Бұқараға қашпақ да болады. 1853 жылы И.Н.Березинге жазған хатында ол былай дейді: «Менің мына өзім күштеп таңылған жұмыс түріне еш ықпалым жоқ, осының салдарынан келер жылы Сібірдегі қазақ шегара басқармасынан басқа жұмыс берулерін сұрамақ болып бел байлап отырмын... сөйтіп талайдан аңсарым ауған салаға – моңғол-түрік тайпаларының тілі мен тұрмысын зерттеуге қайта бет бұрсам деймін». Алайда, Г.Н.Потаниннің айтуына қарағанда, Костылецкийдің бұл жоспары сол арман күйінде қалады, тіпті оған шығыс тілдерінің бір кафедрасын да бермеген. Костылецкий Березинге жазған хатында 1853 жылы

Құлжаға консул болып бара жатқан И.И.Захаровтың өзіне хатшы есебінде еріп баруға шақырған ұсынысын қабыл алмағанына өкінішін білдіреді.

Костылецкий өмірінің соңына дейін басыбайлылық жүйемен жауласып өтті, Ресейдегі басыбайлылық тәртіпті барынша келемеждей сөйлейтін. Г.Н.Потанин: «Ол улы тілін оңды-солды безегенде, тіпті қорқып кететінбіз, бірақ ешқашан оған ренжіген емеспіз. Ол жақсылыққа үндеуден гөрі, жамандықтан жиренуге шақырғанды жақсы көретін кісілердің санатынан еді». Кейінірек Н.Ф. Костылецкий көзқарасы мен бостандық идеясын ашық түрде насихаттағаны үшін кадет корпусындағы жұмысынан қуылады, өмірінің соңында жокшылықтың зардабын шегіп, өмірден озады.

Г.Н.Потаниннің айтып өткеніндей, Шоқанның елден ерек табиғи дарыны корпус оқытушыларын түгелдей өзіне үйіріп тұратын. Уәлихановтар әулетімен достық қатынаста болған шығыстанушы Сотников пен бейнелеу пәнінің оқытушысы Померанцев оны үйіне жиі шақыратын. Кадет корпусындағы соңғы жылдарында Шоқан білімді офицер К.К.Гутковскийдің отбасына жиі баратын қонақ болды. «Оның дамуында, жалпы өмір жолының қалыптасуында, – деп жазады Г.Н. Потанин, – Гутковский және соларға туысқан болып келетін Капустиндер әулетінің орны ерекше...».

Шоқанның ой өрісінің кеңеюіне Костылецкийден кейін ықпал еткен екінші мұғалім тарих пәнінің оқытушысы Гонсевский болды, ол ғылым жолына түсуді жоспарлап жүрген өте білімді адам еді. Кадет корпусында ол қоғамдық қозғалыстар тарихын оқытты. «Оның лекцияларының, – деп атап көрсетеді Г.Н.Потанин, – біз үшін маңызы өте ерекше болды».

Гонсевский Шоқанның өз атына әкесінің атын қоса айтатын және күн құрғатпай оны үйіне шақыратын. Оқыған-тоқығаны мол бұл оқытушымен арадағы сұхбат Ш.Уәлихановтың көңілінен мықтап орын алады. Гонсевский оған әр түрлі елдердің тарихы мен ежелгі дәуірден бастап XIX ғасырға дейінгі Еуропа мен Ресейде орын алған азаттық қозғалыстар жайлы айтып береді. Г.И.Потанин:

«Гонсевскиймен болған сұқбаттар оны [Ш.Уәлихановты] сан алуан саяси көзқараспен таныстырды, ал ол кезде бұл оның қатар-құрбылары үшін мүлде жабық тақырып болатын», – деп жазады. Өз заманының білімді адамдары болған кадет корпусының оқытушылары оның демократиялық көзқарасының қалыптасуына үлестерін қосты.

Шоқан Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдеріне қайран қалып, олардың көптеген өлеңдерін жатқа айтатын. Шоқан Руссо, Диккенс, Теккерей шығармаларымен, кейінірек философ-материалистердің еңбектерімен және Карлейлдің әлеуметтік-философиялық трактаттарымен танысып, кейін өз мақалалары мен жазбаларында соларға сілтеме жасап отырады.

Жас Шоқан Белинский мен Герценнің, кейін Чернышевский мен Добролюбовтың әшкерелеуші мақалаларын бас алмай оқиды. Гогольдің өткір шығармаларындағы ойып түсер ащы сықақтар Уәлихановтың санасынан мықтап орын алады. Бірақ Шоқанға өзі қалаған кітапқа қол жеткізу үнемі мүмкін бола бермейтін. Оқу орнының басшылары кадеттерге прогресшіл бағыттағы, әсіресе Белинскийдің, Герценнің, батысеуропалық материалистердің философиялық шығармаларын оқуға тиым салды. Дегенмен де Шоқан кадет корпусында оқып жүрген шағында тиым салынған әдебиеттердің көбімен танысып үлгерді.

Жазғы демалыста Шоқан Уәлиханов туған ауылы Сырымбетке қайтатын. Ол үшін бұл ерекше бір шаттық еді, туған халқының тұрмыс-тіршілігімен жақыннан танысып, халық жырларын, аңыз-әңгімелері мен ертегілерін қағазға түсіруге, сурет салуға мүмкіндік алатын.

Байқампаз Шоқанға не нәрсені де өзіне қарап бейнелеу ерекше ұнайтын. Ауылда туысқандары мен достарының ортасында жүргенде ол Құсмұрын мен Сырымбеттің, қыстау мен жайлаудың суреттерін салады. 1847-1852 жылдары салынған бұл суреттерге Шоқан «Корпустан елге, отпускіге барғанда язмыш суреттер» деп жалпы атау береді.

Демалыс кездерінде Шоқан бұрынғыдай алғыр құстармен аңға шығып көңіл көтерді. Енді аңшылықтың бұл түріне

ол зерттеуші көзімен қарайтын болды. Омбыға оралған соң Шоқан аңда көрген-білгендерін әдетте Г.Н.Потанинге айтып беретін. «Кадет корпусының соңғы курстарында, – деп жазады Г.Н.Потанин, – қазақ даласының жағрапиясы мен этнографиясы мен үшін қызық тақырыпқа айналды, ал Шоқанның әңгімелері менің дәптерімді толтыра берді. Біз дәптерге қазақтың құс салу аңшылығының толыққанды түрде баянын түсірдік. Шоқан шамасы қазақтың бұл қызық ермегін кішкене бала күнінен көріп өскен болса керек, сұңқардың қалай бапталатынын, жалпы қазақ аңшылық өнерін өте керемет білетін. Ол айтып отырады, мен жаза беремін, кейін менің жазғандарыма ол томағаның, тұғырдың, дауылпаздың, құтының, қару-жарактың, т.б. бейнелерін салып, сурет мысалдар келтіріп мәтінді толықтыратын.

Г.Н.Потанин қазақ этнографиясы бойынша Шоқанмен бірге жасаған жұмыстарын еске алып, былай атап көрсетеді: «Содан былай біз досқа айналдық және біздің ой әрекетімізде пікір қайшылығы туындаған емес, екеумізді де бір нәрсе – Қазақ даласы мен Орта Азия қызықтыратын».

Туған өлкесі мен Шығыс елдерін зерттеуге Шоқан кадет корпусында оқып жүргенде қызыға бастайды. «Шоқан бар болғаны 14-15 жаста еді, ал корпус оқытушылары оған болашақ зерттеушіге немесе ғалымға қарағандай көңіл бөлетін», – деп жазады Г.Н.Потанин. Ол сол кезде-ақ «беймәлім Азия» даласына ауқымды ғылыми зерттеу жүргізуді армандап, тарихи-жағрапиялық әдебиеттерді қызыға оқитын. Потанин қызық бір естелік жазып қалдырады: «Корпус ауласының артқы, Ертіс жаққа қарайтын қақпасының алдында бір топ кадет тұрған болатын. Ол жерден жазық дала жақсы көрінеді. Ормансыз тегіс алқаптың шегі көкжиекпен астасып кеткен. Орта Азияның қуаң даласының қақпасында тұрғаныңды еріксіз сезесің. Топпен тұрған Шоқан өзінің арманына беріліп, мына шексіз даланың күнгей шетін аса, жұмбаққа толы Қытай елі басталар жерге баратынын, тап осы корпус қабырғасынан басталатын terra incognita әлемнен қаншама тың жаңалық әкелетінін қызықтыра баяндап кетті». Оның бұл арманы араға бірнеше жыл салып орындалды.

«Басшылықтың Шоқанға негізгі кітапхана қорынан кітап алуға рұқсат еткені мен үшін үлкен бақытқа айналды. Шоқан бізге қол жетпес кітап қорынан Паллас саяхаты мен Рычковтың күнделік жазбаларын әкелді, сөйтіп біздің даму кезеңіміздің ерекше дәуіріне басталды. Кітаптардың қалыңдығы, форматы, ескі баспа түрі, көнелікті сөз орамдары мен қағаздың тозық иісі – бәрі ғажап, бәрі тосын еді, көненің көзі бәрімізді баурап алған болатын. Палластың кітабын, әсіресе өзіміз бауыр басқан жерлер баяндалатын беттерін біз құныға оқыдық», – деп еске алады Г.Н. Потанин.

С.Ф.Дуров, П.П.Семенов-Тяньшанский, Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев жас Шоканның білімдарлығын жоғары бағалады. Шет аймақтағы Омбыда тұрып ол сол кезде-ақ шығыстану, жағрапия, тарих және философия әдебиеттерінен құралған арнаулы кітапхана қорын жинаған. 1856 жылы Омбыдағы Шоканның пәтерін көрген П.П.Семенов-Тяньшанский кітапхана қорындағы сәтті іріктелген кітаптар жас Уәлихановтың мәртебесін асырып тұрғанын таңданыспен атап өтеді.

Кадет корпусында Ш.Уәлиханов ағартушылық идеяларға мойын бұрып, оның демократиялық көзқарасы пісіп жетіледі. Ол корпустан жан-жақты білімді адам болып шығады. Сол кездегі жүйенің кемшіліктерін байқай білді және туған халқының дамуы мен ғылыми шығармашылық жолында неден болса да тайынбайтын дәрежеге жетті. «Шоқан қарапайым халық ортасына барып түсті, – деп жазады Г.Н.Потанин, – төменгі тап өкілдерінің арасындағы өмір оның демократиялық идеяларының канат жаюына әсер еткен болу керек».

1853 жылы 18 жасар Шоқан кадет корпусын тәмамдап, «әскери кавалерия бойынша» корнет атағын алып шығады.

Шоқан Уәлихановтың қоғамдық және ғылыми қызметі оқуды бітірген бойда дереу басталды. Ол қағаз жүзінде Сібір казак әскерінің 6-шы кавалерия полкының офицері болып бекітілді, ал іс жүзінде Батыс Сібір генерал-губернаторының жанында қалдырылды. Бір жылдан кейін Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарының басшы-

сы генерал Гасфорттың адъютанты болып тағайындалды. Өлкенің Бас басқармасы Ш.Уәлихановқа бұл қызметімен қатар арнайы тапсырмалар орындайтын офицер міндетін қоса жүктеді.

Қызмет бабымен жас Уәлиханов корпустағы білімді кісілерге мүлде ұқсамайтын офицерлер мен шенеуніктер ортасына тап болады. Және олардың көбі отаршыл патша үкіметінің кертартпа офицерлері мен шенеуніктері еді. Бәрінің басшысы генерал Гасфорт, ал оның орынбасары, Сібір казактары облысын басқарған Фон Фридрихс болды. Бұл генералдардың қандай жан болғанын, басшылық қызметті қалай атқарғанын Ф.М.Достоевскийдің досы Е.Врангельдің және Батыс Сібірде көп жыл қызмет еткен Бас штаб офицері И.Ф.Бабковтың кітаптарынан білуге болады.

Врангельдің сипаттауы бойынша, Фридрихс өзін жергілікті халықтың жарылқаушысы қылып көрсеткен. Врангель осындай дарынсыз адамның үлкен облысты қалайша басқарып отырғанына таң қалады. Ол әкесіне жазған хатында былай дейді: «Қадірлі әкетайым, сіздің баяғы досыңыз, Қазақ даласының әскери губернаторы, генерал-майор Фридрихс қайырымды, тамаша адам, бірақ түйсіксіз ақымақ жан. Мәлімдемелерді флейта тартып тұрып тыңдайды. Қол қоюға апарған қағаздарды қол таразыға тартып, сосын бір апта ішінде неше пұт қағазға қол қоюына тура келгенін айтып мақтанады... Мұны ойдан шығарып отырған жоқпын, таза шындықты жазып отырмын».

Осы дөкірдің қолпаштауымен өзінің хатшысы Кури, кеңесшілері Ивашкевич, Майдель, Пестрев секілді небір князатшыл, парақорлар тайрандап жүрді. Олар кейін өлкеге басшылық еткен генералдар Дюгамель мен Кройерустың қолдауына сүйенді. Дюгамель мен Кройерус бастаған бұл топ Уәлихановқа қарсы арандату жасап, қастық әрекеттерге де барады. Бұлар кейіннен Қазақ даласы комиссиясының мүшесі А.К.Гейнстің жазбалары арқылы мәлім болды. Ол былай деп жазады: «17 маусым... 1865 жылы комиссия мүшелері Дюгамельдің үйінде түстенді, ол жерде Кройерус пен адъютанттар болды. Өңгіме ортақ тақырыптар

төңірегінде өрбіді. Уәлихановқа, негізі ол кіршіксіз таза, өте адал жан, бар кінәсі патша ағзам қабылдап, жақын тартқаны, өштесіп жүрген Кройерус ол туралы бірнеше қолайсыз нәрсе айтты. Мен сосын ең таңдаулы шығыстанушылар, оның ішінде Ковалевский бар, оны керемет ғалым, қазақ халқының жанашыры және орыс мемлекетінің мүддесін қорғаушысы санайтынын ескерттім. Дюгамель мен оның тобындағыларға бұл, менің күткенімдей, тіпті ұнамай қалды-ау деймін».

Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамельге А.К. Гейнс мынадай мінездеме береді: «Бүгін бүкіл комиссия толық құрамымен Дюгамельдің алдында болдық. Ол бізді құрметпен қабылдады, бірақ сол ізет, құрметінің ар жағында біздің сөзімізге сенбейтіні, өшпенділігі көрініп тұрды. Дюгамельдің айтқандарынан байқағаным, ол өлкені менен артық білмейді, бәріне селқос, ықыластық қарайды екен». Генерал Дюгамельдің өмірбаянынан оның барып тұрған монархист, кертартпа, жеке бас пайдасынан басқа ештеңені мойындамайтын адам болғаны байқалады.

Осы офицерлер мен шенеуніктерді Батыс Сібір мен Қазақстанға алып келген не? Тек оңай олжа ғана, «шеті, шегі жоқ "тәуелсіз татар" даласында байысам, қазақтардың бар-жоғын сыпырып алып, соның ақшасына әйелдеріне ариап жібек баулы қамқа көйлек тіктірsem деген ниет», – деп жазады Шоқан Ф.М. Достоевскийге.

Оңай олжа іздегендер үшін Батыс Сібір мен Қазақстан сол кезде қулық-сұмдықпен, күшпен және аярлықпен тез баюға болатын жер еді. С.Я. Капустин Шоқан туралы естелігінде былай жазады: «Мұнда астанадан, Орталық Ресей мен Финляндия, Польша патшалығы, Қырым, Кавказ... секілді барлық шет аймақтардан неше түрлі адамдар ағылып келіп жатты. Мансап іздеген, қаржылық жағдайын жөндегісі келген, әлдеқандай бір істе басы шатылған адамдар осы өлкеге асықты».

Өлкенің жоғары мемлекеттік аппараты болып табылған дюгамельдер, фридрихстер, кройерустар және осылар тәрізді патша отаршылары шетінен жеке бас пайдасын, байлықты ғана ойлайтын, барып тұрған түйені түгімен жұтатын обыр,

әрі қаскүнем шенеуніктер болды. Патша әпербақандары заңсыздық жайлаған өлкені өз қалауынша билеп-төстеп, паракорлықпен, қазына мүлкін жеумен айналысты. Оларды Сібір қазақтары облыстық басқармасында қызмет бабымен жақсы таныған Ф.М. Достоевский кекесінен «Сібірде суық болғанмен, шенеуніктер өмірі жылы» деп атап көрсетеді.

Отаршылдық аппарат шенеуніктерінің қылмыстық істері туралы Батыс Сібір мен Қазақстанда болған барлық прогрессивтік ғалымдар, жазушылар және саяхатшылар кінәлай жазысты. Бұл болып жатқан заңсыздықтарды Шоқан наразылықпен петерборлық достары Ф.М. Достоевскийге, А.Н. Майковқа, В.С. Курочкинге, К.К. Гутковскийге және т.б. жазды.

Батыс Сібірде айдауда жүрген декабристер мен петрашевшілдер Фридрихстен қатты қысым көрді. Оның бұйрығымен өз уақытында Шоқанның қоғамдық пікірлерінің қалыптасуына өзіндік үлес қосқан революционер-демократ, ақын Сергей Феодорович Дуров тергеу мен азаптауға дұшар болды. Публицист және «Амур» газетінің редакторы В.И. Вагин Г.Н. Потанинге былай деп жазды: «...цензура бәле болды, цензор түк емес еді-ау, бірақ ол Фридрихстің бұйрықтарына орай әрекет жасайды, шамасы ол газетті өзінің қаруына айналдырғысы келетін сияқты».

Фридрихстің тікелей қол астында жұмыс істеу Шоқанға аса қиынға соқты. Шоқан өзінің петерборлық достарына жазған хаттарында Дюгамель, Фридрихс және олардың қолшоқпарлары Кройерус пен Куридің оны олардың отаршылдық аппараттың туындатып отырған қылмыстық істерін әшкерелегені үшін, заңсыздықпен, тонаушылықпен, паракорлықпен және басқа да қатыгездікпен күрескені үшін үнемі аңдиганы және ылғи да кемсітетінін жазған еді. Патша шенеуніктері Шоқан Уәлихановтың барлық ғылыми бастамаларына мейлінше кедергі келтіріп, Қашғар экспедициясының қорытындыларын төмендетіп, оған қастық ойлап, оның Атбасар округтік приказына аға сұлтан болып сайлануына кедергі келтірді. Бұндай жағдайда жұмыс істеу Шоқанның денсаулығына зиян келтірді. 1865 жылы А.К. Гейнс шексіз



«қорлық пен қактығыстар Шоқанды осы жылы өлімге әкеп соқтырды» деп турасын жазды.

Шоқан қызметтегі бірінші күнінен бастап өзін жалғыз сезінді және қызметтен құтылудың жолдарын қарастырды, өзінің қызықты ісімен айналысқысы келді. 1856 жылы Ф.М.Достоевскийге жазған хатында қандай қиын жағдайда тұруға және жұмыс істеуге тура келгеніне шағымданады: «Омбы өз өсектері мен интригаларымен сондай жиіркенішті, кейде тастап кетіп қалғым келеді. Сіз қалай ойлайсыз? Маған кеңес беріңізші, Федор Михайлович. Бұны қалай жақсартсам екен?»

Еліне қызмет етуді мақсат еткен Шоқан шығармашылықпен айналысуға талпынды. Міне, сондай оңтайлы сәт туды. Бұл сол кездегі өзіндік тарихи жағдайға байланысты болды. Ұлы жүз бен Ыстықкөл қырығыздарының Ресейге қосылуына орай Қазақстанда 1846 жылы Қапал бекінісінің іргесі қаланды. Верный бекінісі әлі жоқ болатын. Іле аймағында, Тянь-Шань тауында, Шу аңғарында үлкен, күрделі жұмыс күтіп тұрды. Мұнда Шоқан хандығының ықпалы толық жойыла қоймаған еді, оны жетісулық феодал Тойшыбектің айтқандары дәлелдейді.

Жетісудағы бұл ықпалдың жолын кесу мақсатында өңірді Ресей құрамына бейбіт жолмен қосу үшін әріден ойластырылған әккі саясат жүргізілді. Қойылған мақсатты орындаумен бір топ офицер айналысуға тиіс болды. Оның басшылығы К.К. Гутковский, М.М. Хоментовский, М.Д. Перемышльский және Шоқан Уәлихановтарға тапсырылды.

Пагша үкіметі жергілікті халық арасынан Орта Азия халқының тұрмыс жайын, ғұрып, салтын жақсы білетін оқыған адамдарға өте мұқтаж болды. Бұл тұрғыда Шоқан Уәлиханов ең таптырмас адам еді. Жастығына қарамастан (18 жаста) ол қазақ халқының тұрмысының, әдет-ғұрпының, рухани және материалдық мәдениетінің тамаша білгірі болды, бірқатар шығыс тілдерін меңгерді. Осындай себептерге байланысты Шоқан аталмыш міндетті орындаушылар қатарына қосылды.

Гутковский, Хоментовский және Перемышльский –

үшеуі де Шоқанның досы, прогресшіл жандар және білімді офицерлер еді. М.Ю.Лермонтовтың Мәскеу университетінде бірге оқыған досы Перемышльский Петербордан «Современник» журналынан жаздырып алатын және орыс баспасөзінің бұл демократиялық журналын өзінің пікірлес-терімен бірге оқитын. Осы кезеңде Жетісу өлкесінде жұмыс істеген Г.Н.Потанин былай дейді: «Перемышльский отрядында мен алғаш рет орыс журналистикасымен таныстым».

1854 -1857 жылдары Шоқан Ұлы жүз бен қырғыздың бұғу, сарыбағыш, солту руларының Ресейге бейбіт жолмен қосылу мәселесін шешуге белсене ат салысады. Сонымен бірге жатпай-тұрмай қырғыз халқының жағрапиясын, тарихын, әдет-ғұрпын, халық эпостарын оқып, үйренеді.

1855 жылы Шоқан генерал Гасфорттың Орталық Қазақстан, Жетісу және Тарбағатай аймақтарына жасаған сапарына қатысып, үлкен саяхат жасап қайтады. Омбыдан басталған саяхат Семейге дейін барады, одан әрі Аягөз бен Қапал арқылы Іле Алатауына жетеді, бұл кезде Верный бекінісінің іргетасы қаланып жатқан болатын.

Бұл саяхат Уәлихановтың қазақ тарихы мен тұрмысын терең зерттеуінің бастамасына және қазақ халқының статистикасына, әдет-ғұрып құқығы мен дәстүрлі дініне қатысты материал жинақтауына негіз болды.

Қайтар жолда Шоқан Гасфортқа тек Алтын-емел жотасына дейін еріп жүреді. Одан әрі Жонғар қақпасына қарай жол тартады, Алакөл мен Тарбағатай өңірін аралайды, содан кейін Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы Орталық Қазақстанға бет алады, күзде Омбыға оралады. Уәлихановтың көкейінде өшпес ізін қалдырған осы саяхат кезінде ол тарихи әңгімелер мен аңыздарды жазып алады, сәулет өнері туындыларын аралап, танысады.

Осы сапардан кейін тіпті Гасфорттың өзі жас офицер-ғалымның білімдарлығына тиісті бағасын бермей қала алмады. Сапардан оралған соң ол Шоқанды мақтап мінездеме жазып, марапаттауға ұсынады: «Марапатқа ұсынылғандар қатарында, – деп жазды Гасфорт, – менің қарамағымда қызмет ететін корнет, сұлтан Уәлиханов бар, қызмет еткені-

не 2 жыл уақыт толмаса да, ол қазақ тілін, жергілікті әдет-ғұрыпты жетік білуінің арқасында далада маған жол көрсете жүріп, ұшан-теңіз пайдасын тигізді... Ол Сібір кадет корпусында тиянақты білім алып, әскери қызметке кірген, қазіргі игі ісіміздің жүзеге асуында тигізген ілкі пайдасы үшін және қазақтарды өз баласын біздің қызметке беруге ынталандыру үшін және сол арқылы оларды өзімізге жақындату үшін, мен Уәлихановты мадақтап лайықты марапатқа ұсыну қажет деп ойлаймын, әрі оның қазақтар арасындағы беделі де ерекше».

1856 жылдың басында Шоқан Уәлихановқа поручик шені беріледі. Қырғыз елі мен Шығыс Түркістанға жасаған сәтті саяхатынан кейін оған әуелі штаб-ротмистр, артынша ротмистр шені беріледі.

Омбыға оралған соң Шоқан жинақтаған материалдарын талдап, қорытуға кіріседі, соның негізінде қазақтың жер игеру, рулық-туыстық қатынасы және дәстүрлі діні жайлы мәселелер бойынша ресми жазбалар дайындайды.

Қолына осы материалдар тиген Гасфорт дереу іске кірісіп, қазақ тұрмысын қайта құруды бастау керек деп шешеді. Ол тіпті христиандық пен исламнан құралған «аралық» дін енгізудің жобасын жасамақшы болады. Бұл «аралық дін» мысқылмен «гасфорт діні» аталды. Генерал сондай-ақ миға снымсыз «қарулы гумандер» құру, «шегаралық тау сілемін» тұрғызу секілді жобалар да ойлап шығарған.

Уәлихановтың алдынан ғылыми жұмыс үшін даңғыл жол 1856 жылы ашылады. Ол полковник М.М.Хоментовский басшылық еткен ірі әскери-ғылыми экспедицияға қатысады. Экспедиция мақсаты қырғыз халқымен таныстық және Ыстықкөл алабын суретке түсіру болды. «Біз осы экспедицияға қатысу мәртебесіне ие болдық және қырғыздардың арасында екі ай уақыт өткізіп, негізінен олардың тілі мен аңыз әңгімелерін зерттеу арқылы әр түрлі пайдалы мәліметтер жинап үлгердік», – деп жазды Уәлиханов.

Мұрағатта М.М. Хоментовскийдің ресми есептері мен хабарламаларынан тұратын Ыстықкөл экспедициясы жайлы іс қағаздары сақталған. Стилі мен жазу тәсіліне қарағанда, олардың кей бөліктерін Шоқан Уәлиханов құрастырған

және мазмұны жағынан басты сипаты Шоқанның Ыстықкөл күнделігіне сай келеді.

Хоментовскийдің хабарламаларына қарағанда, Ыстықкөл экспедициясы қырғыз манабы Боранбайдың өтініші бойынша ұйымдастырылған. Ол былай деп жазыпты: «Бізге өздеріңіз келіп, өз көздеріңізбен көрсеніздер, біздің білмейтіндерімізді үйретіп, албан мен дулат арасындағы кикілжіңді шешкендей, бізді де сарыбағыштармен татуластыратын өз ақыл-кеңестеріңізді берсеңіздер екен дейміз». Бұл мәселені шешу Шоқан Уәлихановқа тапсырылады.

Хоментовский жобасы бойынша, экспедиция ерте көктемде Іле Алатауының асулары арқылы жолға шығуға тиіс болады, алайда генерал Гасфорттың ұсынысымен, оның Верный бекінісінен шығуы Іле аймағына Омбыдан Шоқан Уәлихановтың келетін мезгіліне орайластырылады. Экспедиция құрамында қазақтардан басқа, Яновский бастаған топографшылар тобы, аудармашы И.А. Бардашев, арасында Тезек төренің інісі Әбілес Тазабек, Бұлан Сасыбаев, Байғозы Тіленшин, Жайнақ Терімбеков, т.б. бар, албан, жалайыр және дулат руының жүз шақты сұлтан, билері болады.

Мамыр айының басында Верныйден шыққан экспедиция Шелек аңғарымен Шарын өзенін бойлай жүріп, оның төрт сол жақ саласын – Үш-Мерке (үш тармақтың атауы бірдей) мен Шырғанақты суларын кесіп өтеді; одан әрі Қарқара аңғарымен жоғары өрлей, Сантас асуы арқылы Түпе өзенінің аңғарына жетеді, сол жерден Ыстықкөлге түседі. Шоқан экспедицияға Шелек аңғарында келіп қосылады. Асықпай, жазбаларын, сызбаларын жүргізе отырып жылжыған экспедиция Ыстықкөл жағалауына маусым айының ортасында бір-ақ жетеді. Күнделіктер толтырылып, есептер жіберілген ұзақ аялдамалар Мерке, Түпе, Өрікті және Ақсу өзендерінің бойында жасалғаны көрсетіледі. Бұл сулардың жағасында экспедиция мүшелері сызба жүргізумен қатар, аң, балық аулаумен айналысады, бұлар Шоқанның жол сызбаларында бейнеленген.

Ыстықкөл аңғарына жеткен экспедиция бұл тау басындағы көлдің алғашқы топографиялық сызбасын тү-

сіреді. Планшетке Ыстықкөлдің Кісенгірден бастап Зауықы өзеніне дейінгі, Тасма тауы мен Жыргалаң өзенінің аңғары қоса қамтылған, солтүстік-шығыс және шығыс жағалаулары түсірілген. Бұдан әрі сызба Сантас асуынан Қарқара, Шарын, Шелек өзендеріне және Торайғыр жотасына дейінгі аралықты қамтиды. Осылайша, 1856 жылғы сызбалар бір жыл бұрын Шелек және Кеген өзендерінің аңғарында басталған сызба жұмыстарының жалғасы болып шығады.

Экспедицияның Түпе өзені бойынан жолдаған есебінде былай деп хабарланады: «Біздің көлге дейінгі маршрутымыз және өткен жерлеріміздің жан-жақты жазба баяны дайын болды». Мұнда сөз болып отырған жазба баян Шоқан Уәлихановтың Ыстықкөл күнделігі болса керек, өйткені одан басқа жан-жақты жазба әлі кездескен емес.

Уәлихановтың бұл сапарының біраз күні П.П. Семенов-Тяньшанскиймен бірге өтеді, екеуі 1856 жылдың көктемінде Омбыда танысып, достасып үлгереді.

П.П. Семенов-Тяньшанскийдің оңтүстікке саяхаты Семей маңында Ертіс өзенінен өтеді. Ол ауылдардың тұсынан өткенде қазақтардың тұрмысына, мәдениетіне ықылас қойып, күнделігіне этнография бойынша жазбалар түсіріп, ақын-жыршыларды, ертекішілерді, әдет-ғұрыптық құқық білгірлерін, т.б. тыңдап жүреді. Бұл ғажап саяхатшы бірнеше рет қазақтың жесір дауы мен жер дауына қатысады.

1857 жылы П.П.Семенов-Тяньшанский Омбы арқылы өткенде Батыс Сібір генерал-губернаторына арнайы хат қалдырады, онда ол Гасфортқа қазақ тұрмысын жақсартуға, «қарым-қатынастың әділдікке негізделген озық үлгісін бекітуге» қолайлы тәртіп орнатуға кеңес береді.

П.П.Семенов-Тяньшанскиймен танысып, аралас-құралас өткізген кездері Шоқан Уәлиханов өмірінің ерекше тұсы. Белгілі бір дәрежеде оның ғылыми қызметінің бағытын анықтады. Олардың алғашқы кездесуі К.К.Гутковскийдің үйінде болды, әдетте ол жерде жергілікті және сырттан келген зиялы қауым өкілдері бас қосатын.

Шоқан Уәлиханов Омбыда тұрған кезде Гутковский мен Капустинге жиі қонаққа баратын. Олар оны кадет корпусы-

ның жоғары сыныптарында оқып жүргенде шақыратын. Екі отбасы да прогресшіл көзқарастарымен ерекшеленетін және орыс мәдениетінің көрнекті өкілдерімен достық қатынаста болды. Капустиндердің химик-ғалым Д.И.Менделеевпен жекжаттығы бар еді, Я.Ф.Капустиннің әйелі Екатерина Ивановна Дмитрий Ивановичтің туған қарындасы болатын. Г.Н. Потанин былай дейді: «Жақын туыстық қатынастары болған Капустин және Гутковский әулеттері Омбы зиялыларының бас қосар орталығы еді. Бұл үйлерде білімді шенеуніктер мен жас офицерлер жиылатын, мұнда Бас штаб офицерін, суретші яки әдебиетшіні, Орталық Азияға кетіп бара жатып Омбыға соққан ғалым саяхатшыны немесе «еріксіз саяхатшы» кейпін киіп жер ауып келген ақынды кездестіруге болатын». Шоқанды Гутковский отбасы туған ұлдарындай қабылдады. Кеңес дәуірінің зерттеушісі М.К.Юрасованың айтуынша, Капустиндер мен Гутковскийлердің үйі «алдыңғы қатарлы адамдардың клубы іспетті болды. Мұнда ғылыми жаңалықтар, әдебиет, өнер туралы сөз болатын, қызу пікір талас жүріп, ел мен халық тағдыры талқыланатын».

Шоқан осында бас қосатындарды әр түрлі саяси, әлеуметтік тақырыптарда анекдот айтып күлдіріп, басқаларды өзінің ұтқыр ойымен таң қалдыратын.

Шоқанмен жақыннан танысқан П.П.Семенов-Тяньшанский оның ерекше қабілеті мен білімін байқап, білімін университет лекцияларымен толықтыру үшін Петерборға барсам деген ойын құптайды. Ол сонымен қатар Шоқанның Орта Азия мен Батыс Қытайға саяхат жасасам деген идеясын да қызу қолдайды.

П.П.Семенов-Тяньшанскиймен арадағы сұхбат жас ғалымды қанағаттандырып, ойына алған зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға деген сенімін бекіте түседі. Г.Н.Потанин былай деп еске алады: «Я застал Чокана с восторженными воспоминаниями о только что приехавшем путешественнике. И еще бы Чокану не обрадоваться этому знакомству. Чокан все более и более углублялся в историю киргизского племени Востока; какие-то загадочные отношения к истории киргизского племени, среди которого являлись имена народов усу-

ней, киреев, найманов в качестве имен поколений заставляли его задумываться и, может быть, мечтать сделать разоблачения в древней истории Востока посредством данных, которые представляют народные предания и остатки старины киргизского народа».

Арада көп жыл өткенде П.П. Семенов-Тяньшанский Омбыга барганын және Уәлиханов пен Потанин екеуімен танысканын еске алып, былай деп жазады: «Во время краткого моего пребывания в Омске я успел познакомиться, хотя еще довольно поверхностно, с лучшими деятелями города, о которых я уже упоминал выше. Но особенно внимание мое обратили на себя два талантливых молодых офицера, незадолго перед тем окончивших курс в Омском кадетском корпусе, которые сами искали случая познакомиться со мною... Наряду с Потаниным, другим лицом, особенно меня интересовавшим в Омске, был Чокан Чингисович Валиханов. Обладая совершенно выдающимися способностями, Валиханов окончил с большим успехом курс в Омском кадетском корпусе, а впоследствии уже в Петербурге под моим влиянием слушал лекции в Университете и так хорошо освоился с французским и немецким языками, что сделался замечательным эрудитом по истории Востока и в особенности народов, соплеменных киргизам».

П.П.Семенов-Тяньшанский Жетісу мен Тянь-Шань саяхаты кезінде Ш.Уәлихановпен тығыз байланыста болды, казак пен қырғыз халқының этнографиясына қатысты мәселелерде ол бірінші Шоқанға жүгінетін. 1856-1857 жылдарда Семенов-Тяньшанский Жетісуда Шоқан Уәлихановпен жиі кездесіп тұрды. 1856 жылдың күзінде олар бірге Құлжаға сапар шегеді.

Тамаша саяхатшы Ш.Уәлихановпен кездесулері мен достығы жайлы өзінің күнделігінде бірнеше рет ескертеді, 2 қазан 1857 жылы сол кезде Орыс география қоғамының хатшысы қызметін атқарған В.П.Безобразовқа Семейден жазған хатында мұны атап көрсетеді. Ол былай деп жазады: «Частые пребывания между киргизами дикокаменными и Большой орды, дали мне случай ознакомиться с жизнью

этих народов, а в особенности полезны были для меня сведения, сообщенные лучшими здесь знатоками киргизского быта султаном Чоканом Валихановым и переводчиком Бардашевым».

Ш.Уәлиханов 1856 жылы мамыр айының екінші жартысында Хоментовский экспедициясы құрамында өз саяхатын бастайды. Ол Алақол арқылы Орталық Тянь-Шаньге, одан Іле Алатауы арқылы Ыстықкөлге сапар жасады. Шоқан Алатау асуларынан өтіп әуелі Күнгей, сосын Теріскей Алатауға өтеді, Ыстықкөлдің шығыс және солтүстік жағалауларында болып, Жырғалаң өзенінің аңғарымен Орталық Тянь-Шань биігіне көтеріледі, ол жерден заңғар Хантөнірін тамашалау мүмкіндігіне ие болады. Ол былай деп жазды: «Путешествие мое, по свойству пройденной местности можно разделить на два периода. Первый период включает мой путь до Джунгарии, т.е. в Семиречском и Заилийском крае и на озеро Иссык-Куль... Я посетил Джунгарию в первый раз в 1856 году и участвовал в первой экспедиции, предпринятой полковником Хоментовским на озеро Иссык-Куль. Потом три месяца жил в Кульдже. Всего в Джунгарии я находился пять месяцев и успел осмотреть этот край вдоль и поперек от Алакуля до Тянь-Шаня, на который я поднялся в том году по реке Джырғалан». Шоқан бұл саяхат кезінде Жетісу мен Ыстықкөлдің жануарлар және өсімдіктер әлемін зерттеп, орнитология және энтомология коллекциясын жинақтайды. Гербарий жасап, Ыстықкөлдің топографиялық сызбасын жасауға атсалысады, соның нәтижесінде картадағы оның жағалауының кей тұстары өзгертілді.

Жетісу мен Тянь-Шаньнің көне мәдениет ескерткіштері Ш.Уәлихановтың көкейінде өшпес із қалдырды. Әсіресе Ыстықкөлдегі ежелгі қала мәдениетінің ізі, ежелгі суландыру жүйесі, сәулет өнерінің ескерткіштері, эпиграфикалар мен тас мүсіндер оның ықыласын ерекше аударды. Бұл ескерткіштерді зерттеу арқылы Уәлиханов Ыстықкөл мен Жетісу өңірін ежелде мекен еткен халық өмірінің сыр-сипатын аңғара білді. «Русская Джунгария (Жетісу мен солтүстік Тянь-Шань – А.М.), при сильном господстве кочевого быта,

однако, имела небольшую оседлость; первые исторические известия об этом мы находим в китайской истории, именно известие о городе Чигу, который, надо полагать, был на восточном берегу озера Иссык-Куль и построен китайскими рабочими для усуньского куньми. В средние века оседлость здесь сильно распространилась, особенно в Илийской долине. Города Алмалык (ныне Туркестанское селение), Ханакай и Кайлак (существующий и теперь) и Алматау (ныне укрепление Верное) были известны по своей торговле и служили станциями на большой дороге, по которой ходили генуэзские купцы в Китай и кипчакские послы к великому хану. Замечательно еще, что в этой части Азии было особенно много несторианских и монофизитских конгрегации, а на озере Иссык-Куль сирийские якобиты, по свидетельству каталонской карты, имели монастырь... Христианство здесь так сильно распространилось, что возбудило против себя несколько гонений, в XV веке на Иссык-Куле было уже несколько мусульманских селений. Эти данные сильно меня заинтересовали...», – деп жазады ол.

Осы саяхат кезінде Уәлиханов бүкіл Жоңғария аймағынан отырықшылық ізін тауып, халық арасынан аңыз-әңгімелер жинақтайды. «...мұнымен қатар мен қолыма көне Алмалықтың орнынан табылған бірнеше алтын бұйым мен теңге түсірдім. Мен бұларды арнайы мақалада баян етпекпін».

Ыстықкөл мен Орталық Тянь-Шань сапарында Шоқан қырғыз ауылдарын аралап, бұғу, сарыбағыш және солту руларының тұрмыс-тіршілігімен танысады. Солармен бірге тұрып, қырғыздың көнеқоз қарияларын, ыршыларын (жыршыларын) тыңдап, халық аңыздарын, тарихи және генеалогиялық шежірелерді, ертектер мен эпикалық шығармаларды талмай қағазға түсіреді.

Шоқан Тянь-Шань мен Ыстықкөл өңірі қырғыздарының арасында зерттеу жұмыстарымен шұғылданып жүргенде, Петерборда Құлжаға Қытаймен арадағы сауда-саттық байланысты, бұл байланыс Шәуешек қаласында орыстар сауда-саттық орнын өртеп жіберген соң үзілген болатын,

қалпына келтіру үшін қытай үкіметімен келіссөз жүргізетін «арнайы кісі» жіберу мәселесі шешіліп жатты. Екі жаққа да тиімді болуын көздеп Қытай үкіметіне «өзара келісімге қажетті мәселелерді талқылау үшін Құлжада кездесуге екі жақтан сенімді өкіл тағайындау» туралы ұсыныс жасалады. Бұл ұсынысты қытай үкіметі қабылдайды. Ресейдің сенімді өкілі болып әуелі Ұлы жүз қазақтарының приставы, полковник Перемышльский тағайындалады, бірақ артынша бұл міндет Шоқан Уәлихановқа тапсырылады. Осыған байланысты генерал Гасфорт Хоментовскийге ыстықкөл экспедициясы жұмыстарын дереу тоқтатып, тезірек қайтуға шұғыл бұйрық жібереді. Бұған жауап ретінде Хоментовский: «Жоғары мәртебелім сіздің Ыстықкөлден қайту туралы жарлығыңызды 27 маусым күні алып, сол күні бүкіл отрядпен Ақсу өзені арқылы Верный бекінісіне қарай жолға шықтық», – деп жазады. Шоқан өзінің күнделігіне мынадай жолдар түсіреді: «Ыстықкөлден кететін болдым. Көруге және білуге тиіс нәрселерімнің бәрі осымен бітті».

Шоқан шілденің ортасында Верныйге жетіп, сол жерден Қапалға бет алады, онда оны Құлжаға баратын басқа делегация мүшелері күтіп алады. Шоқанмен бірге Қапалға оның досы М.М. Хоментовский де барады. М.М. Хоментовский 17 шілде 1856 жылы Қапалдан жазған хатында былай дейді: «Ыстықкөл отряды сәтімен Верный бекінісіне жетті. Мен өзім Семей облысының әскери губернаторымен кездесу үшін Қапал қамалына келдім».

Уәлиханов 1856 жылы тамыз айының басында Құлжаға қарай жол тартады. Жолда ол Батыс Қытайдың бірқатар шеғара бекеттеріне соғады. Шоқанға Сыртқы істер министрлігі арнайы нұсқаулар береді, онда мынадай нәрселер қаралады: «...Не нәрседе болсын, Құлжадағы консулмен кенесіп әрекет ету керек...». «Біздің басты мақсатымыз Қытаймен арадағы мәселелерді бейбіт жолмен шешу және үзілген сауда-саттық байланысты тезірек қайта орнатуға қол жеткізу болып табылады... Қытайлар талап еткен жағдайда, екі елдің шеғара аймақтарына қатысты келіссөздер жүргізу керек».

Осылайша, Уәлихановқа даулы шеғара аймақтарына

және Қытаймен сауда байланысын орнатуға қатысты айтарлықтай күрделі дипломатиялық міндет жүктеледі. Бұл маңызды тапсырманы ол өте тамаша орындап шығады. Құлжада қытайлық басшылармен болған бірқатар кенестерден кейін Қытаймен арадағы сауда-саттық қатынас реттеліп, екі ел арасындағы достық қарым-қатынас қалпына келтіріледі. А.К. Гейстинің айтуынша, Уәлихановтың Құлжаға саяхаты «Тарбағатай келісімінің және Құлжа мен Шәуешекте консулдықтар ашылуының» негізін қалады.

Ш. Уәлиханов Құлжа жақта шамамен үш айдай болып, күздің қара суығы басталғанда Омбыға қайтып келеді.

1857 жылы Шоқан қайтадан алатау қырғыздарына қарай сапарға шығады. Уәлихановтың бұл сапары жайында Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорт Сыртқы істер министрлігіне былай деп хабарлайды: «Состоящий при мне поручик султан Уәлиханов отправлен уже в кочевья диких каменных киргизов для ближайшего наблюдения за ходом дел в частях Западного Китая, прилежащих к южной нашей границе, о движении кашгарского восстания, о мерах китайского правительства к подавлению оного и о духе народонаселения возле городов Кульджа и Аксу, а именно китайского племени киргизов и сартов, которые, как известно, все более или менее недовольны маньчжурской династией».

Гасфорттың Әскери министрге жолдаған баяндау хатында былай делінеді: «Для содействия Уәлиханову в возлагаемом на него поручении я предоставляю в его распоряжение проживающего постоянно в Дикокаменной орде касымовского татарина Файзуллу Ногаева, бывшего еще в 1824 году с генералами Мейендорфом и Негри в Бухаре и Хиве в качестве переводчика и удостоившегося получить в награду звание тархана. Как человек бывалый в дальних азиатских странах и ознакомившийся во время длительного долголетнего пребывания между киргизами и посещающими иногда страну эту кашгарскими купцами, Ногаев может быть употреблен в этом деле с пользой, а к тому же влиянием своим на старейшин дикокаменных киргизов обезопасить проживание Уәлиханова среди них».

1857 жылғы сапар іс жүзінде Уәлиханов үшін Қашғар экспедициясының алдындағы тәжірибе іспетті болды. Гасфорттың аталмыш баяндау хатында бұл жайы да нақты айтылады. «Я признаю, ныне же отправить к границам Кашгарии в кочевья диких каменных киргизов доверенного чиновника с тем, чтобы он следил за делами в Кашгарии и вообще в Западном Китае до времени отправления предполагаемого каравана», – деп жазады ол.

Тянь-Шань тауы өңірін аралағанда Шоқан Уәлиханов қырғыз халқының тұрмыс-тіршілігімен жақынырақ танысып, оның тарихын, этнографиясын және халық жырларын терең зерттейді. Қажымай-талмай атқарылған жұмыстың нәтижесінде ол қырғыз халқы жайында жан-жақты тарихи-этнографиялық материал жинақтайды. «Этнографиялық жазбалар, статистикалық мәліметтер, тарихи шежірелер, үйсіндер мен тау тағыларының ордасының халық әдебиеті ескерткіштері менің бірнеше дәптерімді толтырды», – деп жазады Уәлиханов.

Бір атап өтер маңызды нәрсе, жас зерттеуші алғаш болып қырғыз халқының атакты «Манас» жырына көңіл аударып, алғаш болып оның ғылыми мәтінін қағазға түсірді және ішінара орыс тіліне аударып шықты. Ол алғаш болып жырға тарихи-әдеби талдау жасап, аты аңызға айналған Манастың және жырдың басқа да кейіпкерлерінің образдарын сарашка салады. Шоқан Уәлихановтың өз сөзіне кезек берейік: «У дикокаменных киргиз к ногайской эпохе принадлежит единственный эпос – «Манас». «Манас» есть энциклопедическое собрание всех киргизских мифов, сказок, преданий, приведенное к одному времени и сгруппированное около одного лица – богатыря Манаса. Это нечто вроде степной Илиады. Образ жизни, обычаи, нравы, география, религиозные и медицинские познания киргизов и международные отношения их нашли себе выражение в этой огромной эпопее. «Манас» состоит из многих отдельных эпизодов, имеющих вид общего. Другой эпос «Семетей» служит продолжением «Манаса», и это – бурутская «Одиссея».

Шоқан «Манаста» өзіне шынайылығымен және қырғыздар жайлы тарихи-этнографиялық, шаруашылық-

тұрмыстық және құқықтық, сондай-ақ, Қазақстан аумағын мекен еткен ежелгі ру-тайпалар арасындағы қарым-қатынас жайында мол мәлімет беретіндігімен ұнаған «Көкетай ханның өлімі және оның асы» аталатын қызықты бір бөлігін аударды. Мұның тысында, бұл үзіндіде қырғыздардың Оңтүстік Сібір мен Тянь-Шань арасындағы ежелгі көш жолы айқын суреттеледі.

Уәлихановтың 1856-1857 жылдардағы бірінші саяхатының нәтижелері оның «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының Батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар жайлы жазба» аталатын жол жазбаларында баяндалады. Уәлиханов бұл жұмыстарды жиырма жасында орындаған. Олар бізге қолжаба күйінде жетті және күні кешеге дейін жарияланған жоқ.

Осы еңбектерінің өзінде-ақ Шоқан Уәлиханов өзін өте зерек байқампаз, әрі Тянь-Шань мен Жетісу жағрапиясын, ежелгі дәуірлерде осы аймақтарды қоныс еткен халықтардың тарихын жетік білетін білікті ғалым ретінде көрсетті. Оның Тянь-Шань мен Жетісу табиғатын, өлкенің орографиясын, өсімдіктер және жан-жануарлар әлемін суреттейтін жазбалары ерекше назар аудартады. Әсіресе 1856 жылғы Құлжа күнделігі қызық, онда Шоканның Құлжаға сапары, шегаралық Жоңғарияны мекен ететін халықтардың (қытай, сибо, солон, қалмақ, т.б.) өмірі мен тұрмысы тартымды, әрі әсерлі баяндалады.

Шоқан Уәлиханов қырғыз халқының тарихына ерекше қызығады. Әсіресе қырғыздардың Енисейде де, Тянь-Шань тауында да мекен ететіні оның айырықша назарын аударды. Мұндай маңызды мәселені, қырғыз халқының Саян тауы сілемдері мен Тянь-Шань арасындағы көшіні анықтау жас зерттеуші үшін өзекті, ғылыми мәселеге айналады. Ол мұны анықтау үшін тек жазба деректерге, шежірелер мен аңыз әңгімелерге сүйену қажеттігін жақсы түсінді. Уәлиханов қырғыздың XVII-XVIII ғасырлардағы тарихын көрсететін қандай да бір мәлімет табуы көзден, мұрағат деректеріне жүгінеді.

1856 жылдың қысын ол бірыңғай Батыс Сібір облыстық мұрағатында өткізеді. Алтын хан мен жоңғарлар кезіне

қатысты құжаттарды ақтарып, қырғыздардың Сібір мен Тянь-Шань арасындағы көшінен мәлімет беретін қызғылықты материалдар табады. Бұл табысынан кейін Шоканның мұрағаттарға деген ықыласы тіпті арта түседі.

Бұл кезде облыстық мұрағатты талдау Г.Н.Потанинге жүктелген болатын. Қырғыздардың Жетісуға қоныс аударғанын дәлелдеуге көмектесетін бірдене табу үшін екі дос бірге құжат ақтарады. Г.Н.Потанин былай деп еске алады: «Шоқан қызық, тың бірдене таппады ма екен деп маған жиі келіп тұрды. Әлдеқандай бір генерал Енисей губерниясынан қырғыздарды күштеп Түркістанға Шу өзенінің аңғарына жер аударғаны жайлы мәлімет кездескенде біздің, атап айтқанда, Шоқан үшін менің қуанышымда шек болмады».

Жинақталған құжаттардың негізінде Шоқан Уәлиханов тяньшаньдік қырғыздардың осы аймақты есте жоқ ерте заманнан бері мекен етіп келе жатқан, байырғы тұрғындар екенін алғаш болып дәлелдеді. Бірақ ертеде олар Енисеймен байланыста болған, бұл Алтай, Жоңғария және Тянь-Шань бәрі тұтас бір жағрапиялық аймақтың аудандары болғандықтан, қырғыз руларының күнгейден теріскейге көштері өткен. «Қырғыздар өздерінің ата қонысы деп Әндіжан тауларын санайды, Оңтүстік Сібірден қоныс аударғандары жайлы олардың арасында дерек сақталмаған, – деп жазады Уәлиханов, – алайда қырғыздардың күнгейден теріскейге көші Қара Ертіске, Алтайға, Ханғайға дейін, ал шығыста Үрімшіге дейін жеткенін баяндайтын аңыз әңгімелер бар».

Уәлиханов қырғыздарға қатысты шығыс деректерін түгел терең зерттеген. Оларға жиі сілтеме жасап отырады, өз дәлелдерін нақтылау үшін солардан мәліметтер алып көрсетеді. Ол қырғыздардың Тянь-Шань мен Енисей арасында XVII ғасырға дейін әрі-бері көшіп-қонып жүргеніне және көш жолдарын жоңғарлар басып алғаннан кейін мұның тоқтағанына орынды дәлелдер келтіреді. Уәлиханов: «...мы полагаем, что киргизы распространялись на запад до нынешних их кочевков в самые древние времена, ибо в маршруте Гулагу 1253 года встречаются киргизы (ки-ли-ки-цзы) на Тянь-Шане, и перекочевки их от Тянь-Шаня до Хангая и

обратно продолжались и в последующие времена, что подтверждается и народными преданиями. Такие перекочевки остановились только тогда, когда между Алтаем и Тянь-Шанем образовалось сильное владение ойратов, или джунгаров», – деп жазады.

Шоқан Уәлиханов географтар К.Риттер мен А.Гумбольдттың, шығыстанушылар Шотт пен Клапроттың ежелгі қырғыздар тарихын жаңсақ түсіндіретін жұмыстарын сынға алады. П.П.Семенов-Тяньшанскийдің аркасында Петербордың ғылыми орталарында жас қазақ ғалымының жағрапиялық және тарихи еңбектері мәлім болды. 27 ақпан 1857 жылы Шоқан Уәлиханов Орыс географиялық қоғамының тұрақты мүшелігіне сайланады. П.П.Семенов-Тяньшанский мен В.И.Ламанский жас оқымысты жайлы ауызша ұсыныс, пікірлерін береді. Олар Уәлихановты Орталық Азия мен Қазақстанның беймәлім аймақтарын зерттеу ісіне пайдасын тигізуге қабілетті, дарынды зерттеуші ретінде сыпаттайды. Сақталып қалған шағын ғана хаттама жазбасындағы П.П.Семенов-Тяньшанскийдің пікірі мынадай: «Шоқан Уәлиханов Ыстықкөлдiң шығыс жағалдуына саяхат жасап, Қырғыз даласы жайлы жағрапиялық, этнографиялық және тарихи материалдың мол қорын жинақтады, оларды жарыққа шығаруға дайын».

Шоқан Уәлихановтың Орыс Географиялық қоғамының тұрақты мүшелігіне сайлануы оның орыс ғылымының алдындағы ерен еңбегінің мойындалғанын көрсетеді.

Уәлихановтың ғылыми және ағартушылық еңбегінің жемісті кезі ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарының басына жатады.

1858-1859 жылдары Шоқан атақты Қашқар саяхатын жасап, жау жүрек саяхатшы атағына бөленеді. Марко Поло мен иезуит Гоестен кейін (1603 ж.) ол алғаш болып Қашқарияға кірді. Ол кезде Еуропаға беймәлім бұл елдің жағрапиясын, тарихын, саяси құрылымын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін зерттеп, Ш. Уәлиханов Шығыс Түркістанның ғылыми тұрғыдан зерттелуіне қомақты үлес қосты. Қашқарда ежелден қалыптасқан тәрбиі бойынша бұл ел еуропалықтар үшін

жабық еді. Шоқаннан бір жыл бұрын Қашқарға әйгілі географ Адольф Шлагинвейт барады, ол қожа Уәлихан-төренің бұйрығымен өлім жазасына кесіліп, басы алынады. Ғалымның ғылым әлемінде зор қайғы саналған қазасының анық хабарын алғаш болып Шоқан әкелді. «Шоқан Уәлиханов бүкіл Алтышаһардың жай-күйіне қатысты құнды материалдар жинап қана қоймай, Ад. Шлагинвейттің қазасын алғаш болып естіртті», – деп жазды П.П.Семенов-Тяньшанский.

Шлагинвейт өлімі туралы нақты деректерді Шоқан куәгерлерден және ең әуелі жергілікті ғұрыпқа сай уақытша үйленген қашқар қызынан сұрап біледі. Өлім жазасының қала сыртында орындалғанын, қашқарша киінген шетелдіктің ұзын бойлы болғанын сол айтып береді. Кейін, Шоқан Петерборға келгенде Семенов-Тяньшанскийге «Уәлихан-төре Адоль Шлагинвейттің басын өзі өлімге кескен басқа адамдардың басынан тұрғызылған пирамиданың үстіне қойғызады. Бұл оқиға 1857 жылы тамыз айында болған», –<sup>98</sup> деп айтып береді.

Қашқарға саяхат катерге толы болды. Ол жергілікті халықтардың (ұйғыр, дұнған, қырғыз және т.б.) Цин әулетінің феодалдық езгісіне қарсы көтерілісі бүкіл Шығыс Түркістанды қамтыған кез. Шамадан тыс алым-салықтан, толып жатқан міндеттен әбден қажыған Шығыс Түркістан халқы биліктің езгісі мен рақымсыздығына қарсы бас көтерді. Бірнеше жыл онда тұрақты билік болмады, елді тәртіпсіздік жайлады.

Соған қарамастан, Қашқардай ежелгі мәдениетке бай, әрі ғылымға беймәлім өлкені танып-білуге ықылас ерекше еді.

Ш. Уәлихановтың Қашқарға саяхат жасауына ең әуелі түрткі болған П.П.Семенов-Тяньшанский. Ол Омбыдағы және Жетісудағы кездесулерінде Шоқанға Шығыс Түркістан сапарының ғылыми мәнін түсіндіріп, ондай міндетті атқару өзіндей талантты, жан-жақты дайындалған ғалым-саяхатшының қолынан келетініне әбден сендіреді.

Тянь-Шань сапарынан қайтар жолында Семенов-Тяньшанский Гасфотрқа Қашқарға саяхат ұйымдастыру



кажеттілік екенін айтып, ол міндетті атқаруды Уәлихановқа жүктеуге кеңес береді. Ғалым былай деп еске алады: «Ең әуелі мен генерал Гасфорттың осы дарынды жасқа ерекше назар аударғанын қаладым, сөйтіп өзім Тянь-Шань сапарынан оралған соң, оған Уәлихановты қырғызша киіндіріп сауда керуенімен Қашқарға жіберу туралы ой тастадым, кейін мұны Уәлиханов өте сәтті орындады». Ол Гасфортқа «генерал-губернатор қарамағында істейтін офицерлерден Қашқарға қырғыздарша киіндіріп жібере қалғанда білім, дарыны арқасында, жалғыз Қашқар емес, бүкіл Алтышаһардың бүгінгі хал-ахауалы жайында Ресей үшін бағалы мәліметтер жинастырып және сол кезде Қытай Түркістанында белең алған бүліктің себеп-салдарын анықтап, жөнді түсінік бере алатын жалғыз офицер Ш.Ш. Уәлиханов екенін» айтып ескертеді. Оның үстіне, Семенов-Тяньшанский Гутковскиймен бірлесіп Шығыс Түркістанда қандай материал жинап, нені зерттеу жөнінде бағдарлама құрастырады. Ғылым қамқоршысы атануға құмартып жүрген Гасфорт бұл ұсынысты қуана қабылдайды, алайда ондай саяхаттың ұйымдастырылу мәселесінің үкімет алдына қойылып, оң шешімін табуына ықпал етуін сұрайды, өйткені үкімет келісімінсіз оның жүзеге асырылуы мүмкін емес еді.

П.П.Семенов-Тяньшанский бұл мәселені Петербургға келген кезде көтереді. Оны шығыстанушы ғалымдар және белгілі саяхатшы Е.П. Ковалевский қолдайды, ол соның алдында ғана Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің басшысы болып сайланады.

Мамандығы бойынша тау-кен инженері, дипломат, публицист, белсенді қоғам қайраткері, Орыс географиялық қоғамның мүшесі Е.П.Ковалевский 1851 ж. А.Е.Влангалимен бірге Жетісу өңіріне сапар шеккен, Шығыс Қытай мен Құлжа қаласына барып, Құлжа келісімінің негізін дайындайды. Оған дейін (1849 ж.) Қытайға барған миссияны басқарып, одан кейін «Қытайға саяхат» кітабын жазады.

П.П.Семенов-Тяньшанский Ковалевскийге Ш. Уәлихановты Орталық Азия халықтары өмірінің үлкен білгірі, күрделі ғылыми тапсырманы орындай алатын адам ретінде

сипаттайды. Ковалевский Уәлиханов туралы оң лебіздерді ол Географиялық қоғамға тұрақты мүше ретінде сайланғанда да естіген болатын. Уәлихановтың есімі сол уақытта үкімет аумағында танымал бола бастады, ол Құлжаға және Тяньшань қырғыздарына жасаған саяхатының нәтижелері бойынша жақсы танылды. Кейіннен Е.П.Ковалевский Уәлихановпен жақынырақ танысты, оның Қашқарға сапары туралы есепті оқыды, Петербурда да, Омбыда да жас ғалымды мақтап, оны «кеменгер жас», «тамаша ғалым», «қырғыз халқының жанашыры және орыс мемлекетінің мүддесін қорғаушы» деп атады.

Географиялық қоғамның мақұлдауын алған соң, Е.П.Ковалевский 1857 жылы күзде сыртқы істер министрі Горфаковтың атына баяндамалық хат жазды, онда осы сапардың ғылыми және саяси мәнін дәлелдеп шықты. «Қашқардағы жағдай мен біздің оған көзқарасымыз» деп аталатын хатында ол: «Қашқар – кең және жемісті аумақ, мұнда миллионнан астам халық бар, Қытаймен екі арада Мус-Дағы асуы жатыр; оңтүстікте Үндістандағы ағылшын иеліктерімен, батыста Ауғанстан және Қоқан хандығымен, ал солтүстікте біздің алатау қырғыздарымызбен шектеседі. Қашқардың географиялық орналасуы саяси жағынан Ресей үшін де, Англия үшін де маңызды екенін көрсетеді».

Ковалевский Қашқардағы жұмыстардың жағдайы туралы мәліметтерді жинау қажеттілігін дәлелдеді және сол үшін ол жерге «тәжірибелі және сенімді офицерді жіберу» керек деп есептеді. Бұл айтылғандардан Ковалевскийдің Қашқар саяхатын ұйымдастырудағы рөлі ерекше болғанын байқауға болады, мұны көптеген кісілер атып өткен. П.В. Анненков: «Қашқар ұйымдастырылған керемет саяхат Ковалевскийдің пікірі мен жоспары бойынша және біздің географиялық қоғам тарапынан жабдықталған болатын».

Ғалым-географтар аса қызығушылық танытқан саяхаттың жабдыкталуы орыс үкіметінің сыртқы мүдделеріне сай және сол кездері ортаазиялық Шығыста жүргізілген ортақ саяси іс-шаралармен, әсіресе Шығыспен сауданы барынша арттыруға деген ынтамен байланысты болды. Ресей Шығыс

Түркістандағы саяси жағдайды мұқият бақылап отырды. 1857 ж. жазда Құлжадағы консул И.И.Захаров «Қоқан және Ташкенттен келетін саудагерлер Құлжаға бармай жатыр, Қашқармен хабарласу мүлдем тоқтап қалды» деп хабарлаған болатын.

Осылайша, саяхатты ұйымдастыру барлық жағынан алғанда қажеттілік саналды. Сапарға сол жердегі істердің жағдайын жан-жақты зерттеу міндеті жүктелген болатын. Келешекте сапардан алған материалдар негізінде Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты жалпы саяси бағытты жасау ұйғарылған болатын. Мұндағы басты міндеттер Ковалевскийдің аталмыш жазбасында және 1857 жыл 22 тамыздағы Бас штаб Департаментінің «бүкілазаматтық баяндамасында» көрсетілген еді.

Сыртқы істер министрлігінің мұрағатында Уәлихановтың Қашқар сапарының құжаттық материалдары ғана емес, сонымен қатар оның өмірінің жарқын белестері де сақталған. Ол «Сұлтан поручик Шоқан Уәлихановты Қашқарға аттандыру жайында» деген атпен белгілі.

Осы құжаттардың мәліметтері бойынша үкіметтің Қашқарға саяхатқа жіберілуі туралы шешімі 1857 ж. 22 тамызда қабылданды, сол кезде әскери министрдің «бүкілазаматтық баяндамасына» II Александр «келістім» қолын қояды. Осыдан кейін сапар құрамы мен сапарды жабдықтау уақыты туралы бөлек мемлекеттік ведомстволар арасында іскерлік қатынасхаттар жүргізілді. Әскери министр Сухозанет 1857 жылы 28 тамызында Гасфортқа жазған хатында сапарды ұйымдастыруды ұсынды, «саудагер немесе саудагерлік жалдаушы ретінде сенімді тұлғаны, татарлар немесе біздің ташкенттіктерден құралған шағын керуен жіберіңіз» деп тапсырды. Хатта сонымен қатар былай жазылды: «II Екатерина заманынан бері біздің үкімет Қашқармен саяси және сауда байланысын орнатуға үнемі назар аударып келеді. Соңғы кездері біз Қашқарда фактория құруға дәмелендік..., сондықтан біздің үкіметіміз қайтадан осы аймақпен кейбір қатынастарды қайта орнатпақ болып бел буып отыр».

Әскери министр Гасфортқа осы маңызды әрі жауапты тапсырманы орындауға білімді және лайықты адамды табуды бұйырды. Мұндай адам, Гасфорттың пікірінше, «Арнайы Сібір корпусының барлық офицерлерінен ең лайығы Шоқан Уәлиханов болды». Уәлихановтың кандидатурасын ұсына отырып, ол Сухозанетке былай деп жазды: «В выборе чиновника для сего поручения я остановился на состоящем при мне для особых поручений поручике Валиханове. Офицер этот сын достойнейшего киргизского султана полковника Чингиса Валиханова, ныне старшего султана Кокчетавского округа, воспитывался в Сибирском корпусе, с очень хорошими дарованиями и на расторопность его вполне можно положиться. Сверх того, он хорошо ознакомился с историей и нынешним состоянием Среднеазиатских владений».

Гасфорттың ұсынысы Бас штаб Департаментінде және Сыртқы істер министрлігінде толықтай мақұлданды. Олар сапарды дереу 1857 жылы ұйымдастыруды талап етті. Алайда Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорт бұл істе асығыстықтың зиянды екенін және саяхаттың сәтті өтуіне әсер етуі мүмкін қиындықтарды атап көрсетті. Өзінің әскери министрге жазған хатында ол былай деді: «Саяхаттың жабдықталуы алдағы жылдың көктемінен ерте бітуі мүмкін емес». Шоқан Уәлихановтың қатысуымен жазылған осы хатта саяхаттың басталуы мақсатқа сай болуға тиіс екендігі түсіндіріледі. Ал Шоқан Шығыс Түркістанда алда не болатынын болжап қойған секілді. Шоқан мен Гасфорт екеуі Қашқардағы бүлік үлкен саяси мәнге ие бола қоймаған деп санайды, әйтпесе «алып Қытай империясы, – деп жазды Гасфорт, – ішкі кикілжіңге қарамастан, ондағы өз билігін ұстап қалу үшін күресе алады. Мұндай әрекеттерге қожалар (қашқарлықтар) бұрын да барған, бірақ қытай билігі ең қатал жазалар қолдана отырып басып тастаған».

Шығыс Түркістан мен оған шектес Тянь-Шань, Памир сияқты ол кезде алыс, әрі беймәлім саналған елдерге саяхат жасауды армандап жүрген Шоқан Уәлиханов Қашқар экспедициясын басқару туралы ұсынысты қуана қабылдайды.

Омбы мен Петерборда саяхатқа қызу дайындық жүріп жатқан 1857 жылдың соңы мен 1858 жылдың басында

Уәлиханов Тянь-Шань тауында болатын. 1858 ж. 12 ақпанда Верныйдан ол Гасфортқа «қатал қыс пен қатты жауған қардың салдарынан Алатау арқылы өтетін барлық жолдар мен асулар қараша айынан бері жабық, енді ақпанның соңына қарай ғана ашылуы мүмкін, соған орай тағы таудың қырғыздарынан қыс басталғалы хабар жоқ, қазір бұғы руының қонысы қайда екені белгісіз» деп хабарлайды.

Шоқан Жетісу өңірінен 1858 ж. жазына дейін шықпады және осында экспедициялық керуеннің келуін күтті. Сапардың дайындығы туралы ол тек Гутковскиймен хат алмасу арқылы немесе Гасфортпен Жетісуда жеке кездескенде ғана біле алды.

Саяхаттың басталар орны ретінде Қарамола жотасының етегіндегі Сарымас ауылы белгіленді, ол Қапалдан 30 шақырым жерде. Шоқан 1858 жылы 28 маусымда Қарамолаға жетіп, Семейден келген 6 жорық шатыры (қос) бар, 43 кісі, 101 түйе, 65 мініс және жүк көлігінен тұратын керуенге қосылды. Шашын тақырлап алдырып, қазақтың ұлттық киімін киген Шоқан керуенге қапалдық саудагер, керуенбасы Мұсабайдың туысканы Әлімбай болып қосылды. Керуеннің үкіметтен алған ресми рұқсаты болды және алым-салықтан босатылды.

Керуен шілденің бірі күні Алтын-Емел асуынан өтіп, Іле өзені аңғарын бетке алды. Іледен өту ол кезде қиын еді: өзенде көпір жоқ, керуен албан жігіттерінің ескі жалпақ табан қайықтарымен өтті.

Іле өзенінің бойында бірнеше күн демалып алған керуен тағы алға жылжып, 25 шілдеде ең бір көркем тау жайлауы Қарқараға жетеді. Ол Шоқан Уәлихановқа таныс жер, талай барған. Көліктерінің Семейден Қарқараға дейін біраз жол жүріп арығанын байқаған Шоқан осында бір-екі апта тынығып алғанды жөн санайды.

Тамыздың басында керуен жақында ғана ресей бодандығын өз еріктерімен қабылдаған қырғыздың бұғы руының ұлыстарына қарай бет алады. Ш. Уәлиханов бүкіл тамыз айын қырғыздың бұғы руы шоғырланған Текес, Қарқара және Көкжар аңғарларында өткізді, мұнда ол былтыр

қайтыс болған бас манап Боранбайдың жылына қатысады. Шоқан Уәлиханов пен оның серіктері қашқарлық саудагерлермен іскерлік байланыс орнатып, Қашқарға солармен бірге баратын болып келіседі. Алайда жолда Шоқан әр түрлі кедергілерге тап болады, оны Гасфорт әскери министрлікке 28 ақпанда жазған хатында хабарлайды: «Принятые китайским правительством по случаю восстания меры затрудняют проезд в Кашгар, и ... наш караван, в случае несогласия местных властей на дальнейшее его следование по назначению, отправится в Кульджу для сбыта товаров... поручик Валиханов постарается из Кульджи приехать в Кашгар с караваном или одним». Бірақ бұл саяхатты ұйымдастырушыларды қанағаттандырмайды. Сапарға шығар алдында Уәлихановқа берілген нұсқауда былай делінген: «Азиаттықтардың Қашқармен сауда жасауына келісім беріп отырған қытай үкіметінің келісімін құрметпен ескере отырып, патша ағзамның атынан біздің керуеніміз татардыкі деген бұркеме атпен ойға алған жерге барып-келе алады деп сенеді». Сонымен қатар Сыртқы істер министрлігі де Уәлихановқа «сапардың мақсаты сауда емес, саяси мәселе... Мемлекеттік мүдде жеке бас пайдадан жоғары екенін» ұмытпауын ескертеді. Үкімет бірден ашығын айтты: «...Егер Қашқарға кіру мүмкін болмаса, онда керуенді Құлжаға бұрудың мәні жоқ». Осылайша, Шоқан Уәлихановтың алдында өте қиын міндет тұрды. Бірақ іс мұнымен де бітпеді.

Көп кешікпей керуенде бөлек қоста тұрып, темір төсекте жататын, жеке самауырыны бар ғалым-офицер бар екен деген сыбыс тарап кетеді. Бұл Шоканды қатты қауіптендірді: әшкере болған жағдайда саяхаттың сәтті өтуі неғайбыл, тіпті өз өміріне де қатер төнуі мүмкін еді. Бұған басқа да келенсіз жайлар қосылды. Ыстықкөлден әрі қарайғы жолдың өте қауіпті екені, Қашқарға баратын керуен жолдарында торуылшылар көп, екі күннің бірінде тонап кететіні мәлім болады.

Алайда ержүрек саяхатшы сапарын жалғастыра беретін болып нақты шешеді. Текесте керуенге үш қос татар және қашқарлық саудагерлер келіп қосылады. Бәрі қосылып, керуен әрі жылжиды. Текес пен Қарқараның бас жағынан

екі көш жер жүріп, Сантас және Қызылқия асуынан асып, Жырғалаң өзені бойындағы жолға шығады. Әрі қарай жолдары Ыстықкөл алабымен тұзу, құнарлы жермен өтеді. Уәлиханов осы кең алапты қырғыздардың бастан-аяқ егіндік үшін пайдаланатынына назар аударады.

Керуен тоғызыншы қыркүйекте Зөкі өзеніне жетеді. Мұнда Шоқан Қашқарға баратын ең қолайлы жолды анықтауға тиіс болды. Ыстықкөл аңғарынан Қашқарға өтетін үш негізгі жол болды: а) Үш Тұрфан қаласы арқылы өтетін шығыс жылы, б) Үлкен Ақсай жолы және в) Атбас-Арпу арқылы өтетін жол.

Шоқан Уәлиханов пен оның серіктері Қашқарға Ақсай жолы арқылы жүрді, бұл Орталық Тянь-Шань Сыртымен өтеді. Бұл осы ежелгі екі мәдени аймақты байланыстыратын үлкен керуен жолы еді. Зөкі аңғарында шатқалмен көтерілу өте қиын болды.

Асуға шыққан күн жылымық қар жауып тұрды. Жүк артқан аттар мен түйелер дысқыл тасқа тайғанай берді. Керуен бес түйесінен, екі атынан айырылды.

Зөкі асуынан оңтүстікке қарай қырғыздар «Сырт» деп атайтын кең тау алабы көсіліп жатыр. Шоқанға дейін бұл жерге бірде-бір ғалым бармаған. Тянь-Шаньге сапар шеккен П.П. Семенов-Тяньшанский Нарын өзенінің басына дейін ғана жеткен, сосын Ыстықкөлге кері қайтады. Бұл аймаққа үлкен қызығушылық білдіре отырып, Шоқан көргенінің барлығын өзінің күнделігіне түргіп отырады.

«Бүгін біз Зөкіден өттік, – деп жазады Шоқан, – алдымызда бейтаныс, әлі танып-білмеген ел жатыр. Осы белгісіздік мені толық әрі дұрыс күнделік жүргізуге мәжбүрлейді. Біздің керуен жана ғана қос, шатырларын тікті... Айнала таудың ақ бастары көрінеді, төменде терең шатқал қарауытады, түбінде шағын көл байқалады. Қар жауып тұр, күн суық. Мен мына жолдарды қоста оттың жарығында жазып отырмын».

Шоқан бірінші болып жалпы Сырттың географиялық сипаттамасын суреттеп, табиғи және климаттық ерекшеліктерін, орографиясын, флорасы мен фаунасын баяндайды.

Оның ойынша, Тянь-Шан Сырты 4000 м биіктікте, сондықтан ауа райы өте суық. Уәлихановтың анықтауынша, жалпы Сырт – адам тұрмайтын таулы аймақ. Ол жерде «үнемі суық, жер қашан да тоң, ауа тапшы. Бұл құбылысты қырғыздар “түтек” деп атайды».

«Түтек» деген сөз қысымы жоғары ауадан және оттегінің жетіспеуінен болатын тұншығуды білдіреді. Бұдан адам да, көлік те қиналатын, тіпті мерт болуы да жиі кездесетін.

Зөкі асуынан кейін керуеннің жолы Сырдарияның негізгі бастау көзі Нарын өзенінің бас жағынан өтетін. Нарын алабына дейінгі жер көбіне елсіз, ауыл, ел өте сирек ұшырасатын. Қыркүйек айының өзінде өкпек ызғар жел саяхатшыларды жылы тонға орануға мәжбүрлейді.

Негізінен керуен меридиан бойынша солтүстіктен оңтүстікке кесіп өтетін Орталық Тянь-Шань жотасымен жүреді. Осылай 12 күн жүріп Тянь-Шаньның оңтүстік бөктеріндегі Теректі-Дауан асуына жетеді. Экспедиция оған 26 қыркүйекте барды.

Шоқан басып өткен жолын ойлап, бастан кешкен қиындықтарды еске алады және алда бұдан да қиын жол күтіп тұрғанын ойлайды.

Экспедиция байтақ Тянь-Шаньның оңтүстік шетін құрайтын Теректі-Дауан асуына жетіп, екі үлкен тарихи-географиялық аймақ – Шығыс Түркістан және Орталық Азияның шегарасына жақындады. Ол жерден Қашқарға 151 шақырым, ал бірінші қытай бекетіне дейін небәрі – 60 шақырым.

Тянь-Шаньның оңтүстік бөктерінде Шоқан мен серіктері қайтадан жаз күніне кіреді. Кеше ғана тоңып, жаураған олар Тянь-Шаньның күнгей бетіне өте сала, күн қызуына шомады. Қыркүйектің соңында мұнда табиғат тамылжып тұрған еді.

Қашқарға жақындаған сайын алқаптың өңі өзгеріп, жиі-жиі шұрат пен елді мекен, бақша мен егістік ұшыраса бастайды. Қалың тораңғының арасынан кам қыштан соққан үйлер, ара-тұра үлкен мұнаралар көрінеді.

Шоқан күнделігіне бұл өңірдің жері қуаң болғанмен, диканшылық жақсы дамығанын, суармалы жүйе өте

маңызды екенін, жерінің жақсы өңделгенін жазады. Суы мол шұраттарда бау-бақша көмкерген қыстақтар жасыл желекке оранып жатыр.

Кедендік тексеріс тұрған бірінші қытай бекетіне жақындаған кезде Шоқан өзінің күнделігін ойлап, оны бір жерге көміп кеткенді жөн көреді. Ол күнделігін есте қалатын қолайлы жерді таңдап, Теректі-Дауан шатқалында көміп кетеді. «Асығыспын, – деп жазады Шоқан, – күнделік қазір жерге көміледі, Құдай бізді аман-есен қауыптырса, шіріп кетпесе, жарыққа бір шығарармын. Сені бір Аллаға тапсырдым, кош бол».

Қыркүйектің жиырма жетісінде керуен Қытай империясының шекарасын өтіп, саз балшықтан соғылған күмбезді дуалмен қоршалған кішігірім шекаралық қамалға жетеді. Шекарлық бақылау мен сұрақ, сауалдарынан соң керуенге рұқсат беріледі. Шоқан мен керуенбасын қоқандық ақсақал құрметпен қарсы алып, өзінің керуен сарайына орналастырып, қамқорлығына алады.

Шоқан Қашқарда жарты жылдай (1858 жылдың 1 қазанынан 1859 жылдың наурызының ортасына дейін) болады. Бұл кезде ол қаламен жақсы танысып, Алтышаһар өлкесін зерттеп біледі. Алтышаһар атауымен ол кезде солтүстікті Тянь-Шань тауларымен, оңтүстігі Куэнь-Луиьмен қоршалып жатқан қалалар, атап айтқанда, Қашқар, Ақсу, Үш-Тұрфан, Яркенд және Хотан аталатын. Ол кезде бұл қалалар Қоқан хандығының саяси ықпалында болды және сауда мен саяси байланыста Орталық Азия мен Қазақстан халықтарына есігі ашық еді. Мұнда әндіжандықтардың, бұқарлықтардың, тәжіктердің, парсылардың, ағандардың, үнділер мен армяндардың өз сауда факториялары да болды. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде мұнда орыс, татар, қазақ және грузин саудагерлері келетін болды.

Алғашқы күннен бастап Шоқан қоқандықтардың мұнда ерекше мәртебеге ие екендігін байқайды. Мәселен, қытай үкіметі басқа елдерден келетін тауарлардан баж салығын жинау құқығын қоқандықтарға берген. Қоқан ханының Қашқарда ақсақал деп аталған арнаулы шенеунігі болған,

ол бір жағынан сауда консулы, екінші жағынан саяси өкіл қызметін атқарады.

Уәлиханов тұрған кезде Қашқарда ақсақал Насреддин, кейін Нұрмағамбет датқа болады. Олардың екеуі де Уәлихановты және оның серіктерін өте жақсы қабылдап, өз қамқоршылықтарына алады. Бұл өте маңызды еді. Егер ақсақалдар қорғамаса, Уәлихановтың да Шлагинтвейт тағдырын құшуы әбден мүмкін еді.

Қоқандықтар Уәлихановты өте қонақжайлықпен күтіп, құрмет көрсетіп, әр түрлі көңіл көтеретін іс-шаралар ұйымдастырады, жергілікті салт бойынша беделді әулеттен шыққан бір қызға (чаукен) уақытша үйлендіреді. Мұның барлығы қала өмірімен егжей-тегжейлі танысуға қолайлы жағдай жасайды.

Шоқан Қашқарды жан-жақты зерттеп, оның саяси және экономикалық құрылымымен танысып, осы елді ежелден мекендеп келе жатқан халықтардың тарихы мен этнографиясы бойынша материалдар да жинап үлгереді. Оның Яркенд және Хотан қалаларына барғысы келеді, алайда Қоқан хандығында биліктің ауысуымен байланысты саяси жағдай оның бұл ойын жартылай ғана жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Хотанға жетпей жары жолдан кері қайтады, бірақ Яркендке кіреді, онда бірнеше күн аялдап, қала мен Хотан шұраты туралы көптеген қызықты мәліметтер жинайды.

Ақсақал мен оның баласының арқасында Уәлиханов әр түрлі елдерден келген саудагерлермен, саяси қайраткерлермен, ғалымдармен, Қашқар ақындарымен танысып, олардан Алтышаһардың өткені мен қазіргі уақыты туралы сұрап біледі. «Әр түрлі тайпалар мен елдерден келген саудагерлермен таныстығым маған көптеген бағыттар туралы, этнографиялық, статистикалық және сауда мәліметтерін берді», – деп жазды Шоқан.

Өзін қызықтырған мәліметтерді ол жазба дереккөздерден, жергілікті ресми құжаттардан, кітаптардан, сонымен қатар жергілікті шенеуніктер мен саудагерлерден алған.

Қашқарда болған кезде Уәлиханов ұйғыр тілін меңгеруді жалғастырған. Оның мұрағатында Қашқарда ұйғыр тілінде жасалған жазулар сақталған.

Жаңа достарынын көмегімен Уәлиханов бірқатар бірегей шығыс жазбаларын қолға түсіріп, нумизматикалық жинақ, гербарий, тау жынысы, оның ішінде Мирджай тауы мен Қарақас өзені алқабында өндірілетін нефрит те бар, топтамаларын жасайды. Ол сонымен қатар әр түрлі жәдігерлерді – ежелгі мақтау қағаздар, қолданбалы және көркем өнер үлгілері, көркем керамика және т.б. жинайды.

1859 жылы ақпанның соңында Қашқарда көктемнің қарбаласы қызған кезде, Уәлихан төренің қашып кетуіне байланысты қаладан тыныштық кетіп, тезірек қайту қамын жасау керек болды. Түнде қаланы салт атты сақшылар тоырып, қала қақпасында күзет күшейтілді, қала маңын күзет жасақтары бақылауға алды. Мұнда бұдан әрі қалу қауіпке айналды. Қаладан барынша жылдамдатып кету керек болды. «Қаңтардың соңында, – деп жазады Уәлиханов, – Қашқарға Құлжадан бірнеше қашқарлық саудагер мен ташкенттіктер келді, олар Семейден бізден кейін шыққан. Солардан керуенде орыс агенті бар деген сыбыс тарады. Хотанда көпестер арасында да осындай әңгіме жайылып, тек орыс агенті қалада емес, қаланың сыртындағы біз түйелерімізді ұстайтын қыстақта екен деп тарады, содан қокандық михтар Қашқарға өзінің бір шенеунігін жіберіп, қыстақ пен біздің жұмысшыларымызды тексеруді тапсырыпты». Қауіп төнуі мүмкін екенін чаукен де ескертеді. Сондықтан Шоқан жаңа достарымен қоштасып, 11 наурызда қайтар жолға шығады. Оны ақсақалдың бастауымен қашқарлықтар шығарып салады. Чаукен Шоқанды қала қақпасына дейін шығарып салып, екеуі мәңгіге қоштасады.

Шоқанның қайтар жолы Теректінің оңтүстігіндегі Тұрғарт асуы арқылы өтті. Наурыздың ортасында Теректі асуында қалың қар жатқандықтан, өту мүмкін болмады. Шоқан мен оның серіктері Оңтүстік Қырғызстан арқылы жүруді жөн көреді, сөйтіп жолай Ферғана жотасының төңірегін де көре кетуге бел буады.

Олар Тұрғарттан асып, талай тарихи әңгімеге арқау болған биік таудағы Шатыркөл аталатын ғажайып көлге бет алады. Шоқанға дейін мұнда бірде-бір зерттеуші келмеген. Ол

жерден Атбасы және Үзген өзендерінің алқаптары арқылы Уәлиханов пен оның серіктері Нарынның оң жағалауындағы Қоканның Құртқа бекінісінен барып шығады.

Шоқан Уәлиханов Атбасы, Арпа және Нарынның шаруашылыққа қолайлы кең алқаптарына ерекше назар аударады. Шоқан бұл өңірдің оңтүстік қырғыздардың экономикалық өмірінде маңызды рөл атқаратынын байқайды. Зерек зерттеуші мұнда ежелгі қала мәдениетінің ізі мен сәулет өнері ескерткіштерін тапты.

«Таулы Сыртта, – дейді Уәлиханов, – бидай мен арпа тек Атбасы, Арпа және Нарын аңғарларының жазық өрі жылы алаптарында ғана өседі. Ертеректерде бұл өңірді отырықшы және жартылай отырықшы халықтар мекендеген болу керек, себебі қырғыздардың айтуынша, Атбасының төменгі жағында үлкен қала орындары бар, ал Нарында ежелгі диканшылық іздерін біз өз көзімізбен көрдік».

Өрі қарай керуен Нарынмен жоғары солтүстік-шығысқа қарай ойысып, алтыншы сәуір күні Жетім-шоқы маңында Зөкі асуы арқылы Ыстықкөл аңғарына баратын үлкен керуен жолына түйіседі.

Керуен асықпай жылжып әуелі Ыстықкөлдің шығыс жағалауына, одан Іле алқабына жетті. Көрген қиыншылық артта қалды. Уәлиханов Жетісудың жан балықтар көктемінен ләззат алды.

Өзінің сапарын он ай және он төрт күнде сәтті аяқтап, 12 сәуір 1859 жылы Шоқан «Қашқар туралы бай мәліметтер» жинап, Верный (Алматы) бекінісіне келді. Осында бір жарым ай болып, Омбыға қайтты, онда жинаған материалдарын өңдеумен айналысты.

Шоқан Уәлихановтың Қашқардан қайтып келгені туралы хабар Петерборға тез жетті. Генерал Гасфорт 13 шілдеде әскери министр Сухозанетке былай деп хабарлады: «Өткен жылдың соңында Қашқарға аттандырылған керуен, өзінің сауда жұмыстарын сәтті аяқтап, Семейге қайтып оралды. Сонымен қатар, Омбыға осы керуенде болған поручик, сұлтан Шоқан Уәлиханов та қайтып келді».

Қашқар саяхаты Уәлихановтың денсаулығына үлкен

зиян келтірді. Бірнеше ай ауырып айыға алмады, Петерборда тағатсыздана күтіп отырған экспедиция есебін кешеуілдетуге мәжбүр болды.

Шоқан Уәлихановтың Қашқардан келгеннен кейінгі жағдайын Гасфорт әскери министрге былай деп жазды: «Валиханов, вследствие испытанных в течение продолжительного путешествия лишений, физических трудов, неудобств и нравственных потрясений от опасностей, которым подвергался, рискуя жизнью, если бы настоящее звание его сделалось известным, о чем уже высказывалось некоторое подозрение, прибыв в Омск, сильно занемог, так что при его природной слабой организации нельзя было определить исход этой болезни, долго продолжавшейся».

Гасфорт Уәлихановтың есебі дайындалып жатқанын және оның Қашқария туралы толық және ғылыми нақты мәлімет беретінін арнайы атап, жоғары бағасын берді. «Это описание, по многим отношениям в высшей степени занимательное и полезное для правительства и для науки, ибо оно знакомит довольно отчетливо с военным, политическим и торговым состоянием малоизвестной страны и высказывает слабое и ошибочное знание оной темы немногими географами, сведениями которых мы доселе руководствовались», – деп жазады Гасфорт.

Петербурда Шоқан Уәлихановты да, оның экспедиция нәтижелерінің есебін де тағатсыздана күтті. Петербор мен Омбы арасында хат-хабар жиілеп, есепті баяндаманың тезірек жазылып, Уәлихановтың тезірек Петерборға келуін талап етті. Генерал И.Ф. Бабков былай деп жазды: «В Министерстве иностранных дел с нетерпением и живым любопытством ожидают сообщения подробностей о поездке Валиханова в неведомый дотоле Кашгар... Более всех интересовался этим Е.П.Ковалевский, как инициатор этого дела и ориенталист по призванию. Слух о пребывании нашего агента в Кашгаре и собранных им любопытных материалов о Восточном Туркестане, или Малой Бухарии, по близкому знакомству Е.П.Ковалевского с графом Блудовым, проник, и в высшие петербургские сферы. Произведенное впечатление

усиливалось еще и тем обстоятельством, что в Министерстве иностранных дел было известно об отправлении также в Кашгар из Индии английского агента известного Адольфа Шлагинтвейта, который впоследствии был убит в Кашгаре».

1859 ж. күздің ортасына дейін Шоқан Омбыда болды, онда есепті баяндамасын дайындаумен айналысты. Оны тезірек бітіруге тырысты, шана жолы ашылысымен Петерборға барып, сапар барысында жинаған көптеген материалды өңдегісі келді. Тамыздың соңында Шоқанға Семейден Тверьге бара жатқан Ф.М.Достоевский соғады. Шоқан оған Петерборға шақырып жатқанын, бір айдан кейін сонда баратынын айтады.

Ақырында, есеп жедел поштамен жіберіліп, Петерборға автордан бұрын жетеді. Бас штаб департаменті «Уәлиханов реттеген бұл мәліметтерді Сібір корпусының командирі табыс етті» деп хабарлады. Патшаның атына жазылған баяндамада Бас штаб мұны «өте пайдалы, әрі өте қызық баяндама, жанына көшірмесі де қосылды» деп атап көрсетеді.

Уәлихановтың Қашқарияға сапарының нәтижелері ғалымдардың орасан зор қызығушылығын туғызды.

Шоқан Қашқардан «Тазкира-йи Сатұқ Бұғра хан» («Сатұқ Бұғра хан тарихы»), «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан» («Тоғұлық Темір хан тарихы»), «Тазкира-йи қожаған» («Қожағалар тарихы»), «Әбумүсілім Марузи» және басқа да сирек кездесетін бірқатар шығыс қолжазбаларын, сондай-ақ нумизматика жәдігерлерін, тау жыныстарының жиынтықтарын, нефрит үлгілерін, гербарий және т.б. алып келді.

Ш. Уәлиханов жинақтаған мол материалдың ішінде оның Шығыс Түркістан халқы мен олардың айналысатын кәсібін бейнелейтін қарындашпен салған суреттері маңызды орын алады.

Уәлихановтың Қашқарға сапарының ең басты нәтижесі «Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу (Кіші Бұхара) провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы туралы» атты үлкен еңбегі болды.

Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен

жағрапиясына, әлеуметтік құрылысына арналған алғашқы ғылыми еңбек еді. Жаңа материалдарды қамту және оларды терең талдау жағынан Уәлиханов еңбегі ғылымға қосылған үлкен үлес болды.

Бұл тамаша еңбекте жас ғалымның жан-жақты терең білімі, асқан дарындылығы, көреген ақылдылығы айқын көрінеді. Көркем тілі мен нәзік әзілі жақсы әсер қалдырады.

Уәлихановтың замандастары – ғалымдар мен әскери мамандар Ш. Уәлихановтың Қашғарды зерттеуін жоғары бағалап, оны «үкімет әрі ғылым үшін аса пайдалы», «осы кезге дейін басшылыққа алып келген еуропалық географ-ғалымдар мен шығыстанушылардың кемшіліктерін» толықтыратын еңбек деп санады.

Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбегі сонымен қатар үлкен тәжірибелік маңызға ие болды. Ресейдің Шығыс елдерімен экономикалық байланыстары белсенді даму кезеңінде жас ғалымның еңбегі көптеген орыс мемлекеттік және әскери қайраткерлері үшін маңызды анықтамалық болып табылды. Мұрағат құжаттарынан екі жылдың ішінде Уәлиханов қолжазбасымен көптеген адамдардың таныс болғаны көрініп тұр. Оны Бас штаб офицерлері, Әскери министрлік, Сыртқы істер министрлігі жетекшілері, Мемлекеттік Кеңес және Министрлер кабинетінің мүшелері оқыды. Наменгерлер мен генерал-губернаторлардың сұрауы бойынша қолжазба Орынборға жетті. Есеп канцлер мен сыртқы істер министрі А.М.Горчаковқа және Азия департаментінің директоры Е.П.Ковалевскийге аса жағымды әсер етті. Қолжазбаны оқып болғаннан кейін Горчаков оның шетіне Ш. Уәлихановқа арнап мынадай пікір жазады: «Егер сіз География қоғамына қолжазбаның өзіңіз қалаған жерлерінен хабарлама жазсаңыз, мен сізге алғысымды айтар едім».

Қызметтік мақсатта Ш. Уәлихановтың көлемді есебінен үзінділер алынып, қысқартылған нұсқалары құрастырылды. Уәлиханов есебі Қашғардағы сауда факторияларының құрылуында, сондай-ақ Ресей мен Батыс Қытай арасында сауда және мәдени байланыстарын орнатуда қолданылды.

Ғалым-саяхатшының еңбегі оны штабс-ротмистр

шеніне жоғарлатып, орденмен марапаттаумен және де ақшалай сыйлықпен бағаланды. Үкіметтің 1860 жылғы 8 сәуірдегі жарлығында былай делінген: «Атты әскерде қызметте тұрған поручик сұлтан Шоқан Уәлихановқа оған тапсырылған Орта Азиядағы кейбір шекаралық иеліктерді барлау кезіндегі ерекше еңбегі, кездескен қиыншылықтары мен қауіп-қатерлері ескеріле отырып, штабс-ротмистр кезекті шені беріліп, 4 дәрежелі Өулие Владимир ордені және 500 күміс рубль көлеміндегі бір жолғы жәрдем тарту етілсін». Уәлихановтың ұсынысымен оның Қашғарға сапардағы сенімді серіктері, барлығы 23 адам марапатталды. Сонымен қатар керуен басы Мұсабай, Семей көпесі Бұқаш, полковник Гутковский және т.б. марапатталды.

П.П.Семенов-Тянь-Шанский: «Мен Гасфорттан оның (Уәлихановтың) генерал-губернатор жанындағы қызметінде қала тұрып қазақ даласы туралы жинаған тамаша этнографиялық және тарихи материалдарын өңдеу үшін Петерборға көп уақытқа келуіне мүмкіндік беруін сұрадым. Бұл ретте мен Уәлихановқа География қоғамының зор қолдау мен көмек көрсетуіне сөз бердім».

Орта Азия жөніндегі мәселелер бойынша беделдігімен танылған Ш. Уәлиханов Сыртқы істер министрлігі тарапынан да, Бас штаб тарапынан да ерекше ықпалға бөленді. Осы екі мекеме де П.П.Семенов-Тяньшанскийдің Уәлихановты ғылыммен айналысу үшін Петерборға іссапарға жіберу туралы пікірін қолдап, мәселені үкіметтің алдына қойды. Е.П. Ковалевский 1860 жылы 3 сәуірде Әскери министрдің атына жазған хатында: «штабс-ротмистр Уәлихановты Сыртқы істер министрлігінен алатын жалақысына қоса, әскери ведомоствоның қаражатынан шеніне қарай берілетін сыйақысын сақтай отырып, Азия департаментіне қызметке тіркеуді» сұрайды. Е. П. Ковальский қажет болған жағдайда «штабс-ротмистр Уәлихановқа Әскери министрлік алдағы Қоканға қарсы экспедицияға байланысты тапсырма беруге» болады, «Сыртқы істер министрлігі оны іссапарға жіберуге ешқандай қарсы емес», – деп жазды.

Сыртқы істер министрі А. М. Горчаков Ш. Уәлихановты



Әскери министрліктен Азия департаментіне ауыстыру жөнінде П. Александрге өтініш жасап, Шоқанға мынандай мінездеме береді: «Өткен жылы Қашғарға сапар шегіп, Орта Азияның Шығыс бөлімін зерттеп қайтқан және түркі тілінің бірнеше диалектісін жетік білетін штабс-ротмистр Уәлиханов өзінің арнайы мәліметтерімен Азия департаментіне пайда келтіруі мүмкін. Сондықтан, Әскери министрмен алдын-ала келісім бойынша Уәлихановты аталған департаменттің қарамағына алуды ұсынар едім».

Ш. Уәлихановты Азия департаментіне ауыстыру туралы бұйрықты П. Александр 1860 жылы 15 маусымда бекітеді. Онда былай делінген: «Атты әскер штабс-ротмистрі сұлтан Шоқан Уәлиханов атты әскер құрамында қалдырыла отырып, Азия департаментіне ауыстырылып қызметке алынсын».

Ш. Уәлиханов Петерборға 1859 жылдың соңында келді. Орыс ғалымдары оны батыл саяхатшы, тамаша зерттеуші, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының өмірін терең білетін адам ретінде қарсы алды.

Петербургта жас ғалым оқымыстылар, жазушылар және қоғам қайраткерлерінің назарына ілінді. Сол кездегі баспасөз беттерінде оның астанаға келуі туралы мақалалар жарияланып тұратын. XIX ғасырдың орта шеніндегі ірі ғалымдардың бірі П.И.Небольсин Шоқан туралы: «Петербургта қазақтар аз, бес-алты адам бола қояр ма екен? Олар жалпыеуропалық әскери киім киіп жүреді, тек бір адамнан басқасы ғана өзінің бар екендігі туралы ерекше ештеңе байқатпайды. Ол біреу – өте жас кавалерия офицері, сұлтан Шоқан Уәлиханов» – деп жазды. «Мен Уәлихановпен Петерборда жақын таныстым және бірнеше өте тартымды кешті бірге өткіздім, – дейді Л. Н. Плотников, – оның қабілеттілігі мен біліміне олар (Мұхаммед Қали Тәукин және Бабажанов) түгіл, біз Небольсин мырза екеуміз де тең келмеспіз».

Петербургта Ш. Уәлихановтың айрықша таланттары ашылды. Ол бірнеше мекемеде қызмет істеді: Бас штабтың Әскери-ғылыми комитетінде, Азия департаменті мен Географиялық қоғамда және сонымен бірге университетте лекция тыңдады. Әскери-ғылыми комитеттің тапсыруымен

ол Орта Азия мен Шығыс Түркістан картасын жасады. Оның редакциясымен «Балқаш көлі мен Алатау жоталары аралығының картасы», «Іле өлкесінің батыс бөлімін рекогносцировкалау» (1856 ж.), «Құлжа қаласының сызбасы», «Ыстықкөл экспедициясының нәтижелері туралы есепке қосымша карта» (1856 ж.), «Қытай империясы Батыс аймағының картасы» және т. б. жасалды. «Шоқан Уәлихановты мен Петерборда офицер кезінде ұшырастырдым, – деп есіне алады Н. М. Ядринцев, – бұл оның даңқы шығып тұрған кез еді... Мен оның Шығыстың көне заманғы жазбаларымен және карталарымен жұмыс істеп отырған үстіне тап болушы едім».

Географиялық қоғамда ол Риттердің еңбектерін баспаға дайындау ісіне қатысып, Қазақстан мен Орта Азияның географиясы мен этнографиясы жөніндегі материалдарды құрастырып, Шығыс Түркістан, Тянь-Шань және Қырғызстан жайлы Қоғам мүшелеріне дәріс оқыды. Оның дәрістері қызықты, әрі тартымды болды, кейбір дәрістері қысқартылып газеттерге де басылып тұрды.

Ш. Уәлиханов кадет корпусында оқып жүргенде, университеттік білім туралы армандайтын. «Шоқан Потанинмен әңгімелесе жүріп, – деп жазады академик В. А. Обручев, – саяхатқа дайын болу үшін, олар Петерборға барып, университетке түсу керектігі жөнінде жиі айтатын». Уәлихановтың Петерборда оқуға ынтасы туралы П. П. Семенов-Тяньшанский былай деп жазды: «Жаңа қалыптаса бастаған ең жас, талантты әрі жаны таза жергілікті қайраткерлер білім аңсаған Г. Н. Потанин мен Ш. Уәлиханов сияқтылар Петербор университетін бітіріп, жоғары білім алуға ұмтылды».

Петербургта келместен бұрын Шоқан Шығыс факультетінде лекция тыңдамақшы болып жүрді. Бірақ ол жерде Ш. Уәлихановты бәрінен бұрын көп қызықтырған тарих, философия және қоғамдық даму тарихы курстары оқытылмады. Сондықтан ол университеттің тарих және филология факультетінің дәрістеріне қатысып, шет тілдерді оқып-үйренуін жалғастыра берді.

Петербургта Шоқан П. П. Семенов-Тяньшанский мен

достық қатынаста болып, қызмет бабымен араласып тұрды. Көп реттегі онымен болған әңгімелері Шоқанның ғылыми көзқарамын кеңейтуге ықпал етті және оның жұмысын белгілі бір дәрежеде Қазақстан мен Орта Азияны зерттеу саласына бағыттады. Уәлиханов «Орыс Географиялық қоғамы жазбаларының» редакторы, шығыстанушы, профессор А.Н. Бекетовпен танысады. Азия департаментінде Е.П. Ковалевский, Ф.Р. Остен-Сакен, Петербург университетінің профессоры, Құлжадағы бұрынғы консул И.И. Захаровпен араласты. Ол И.И. Захаровпен бірге Азия департаменті жанындағы жоғары мектепте жұмыс істеп, сол арада түркі тілдерінен сабақ берді. Уәлихановтың пәтерінде шығыстанушы В.В. Григорьев, В.П. Васильев, В.В. Вельяминов-Зернов және т. б. жиі болып тұрды.

Петербург туралы Шоқан Омбыда жүргенде жер аударылған С.Ф. Дуровтан көп естіген еді. Ол революционер-демократ, патша үкіметіне қарсы күрескер еді. С.Ф. Дуров 1849 жылы петрашевшіл негізгі топты құраған 35 адаммен бірге тұтқындалды. Петропавл бекінісінде сегіз ай қамауда отырғаннан кейін, әскери сот Дуровты ату жазасына бұйырды, кейін ол үкім жер аударуға өзгертілді.

Қол аяғы кісендеулі Дуров Достоевскиймен бірге Тобылға айдалып, содан кейін Омбының каторгалық түрмесіне қамалды. Дуров түрмеден денсаулығы мүлдем нашарлап шықты. Каторга мерзімі аяқталғаннан кейін 1854 жылы Петропавл қаласындағы үшінші Сібір шептік батальонының әскери түзету қызметіне қатардағы жауынгер есебінде жіберілді. Бірақ денсаулығына байланысты Дуров әскери қызмет атқаруға жарамады. Оған азаматтық қызметке тұруға рұқсат беріліп, «Сібір қазақтарының облыстық басқармасына төртінші разрядтағы кеңсе қызметкері» етіп тағайындалды. І Николайдың нұсқауы бойынша, Дуровтың сыртынан «қағал жасырын бақылау» қойылды. Облыстық басқармада қызмет істей жүріп, Дуров адамдарға деген ізгілік қарым-қатынасымен, адалдығымен, сенбесүйгіштігімен және іскерлігімен ерекше көзге түсті, К. К. Гутковский мен

Ш. Уәлихановтың талабы бойынша, кешікпей үшінші разрядты кеңсе қызметкеріне ауыстырылды.

Облыстық басқармада қызмет істеу Дуровқа қырғашығып, қазақ халқының өмірімен танысуына мүмкіндік берді. 1855 жылы оған «денсаулығын түзету үшін» Көкшетау округінде тұруға рұқсат етілді. Генерал Фридрихстың нұсқауы бойынша, Көкшетау округтік приказы ай сайын Дуровтың жүріс-тұрысын хабарлап отыруға тиіс болды.

Бір жылдан кейін С.Ф. Дуровқа «Петербург мен Мәскеуден басқа, империяның қалаған жеріне тұруына рұқсат етілді». Тек 1857 жылы ол Омбыны тастап, Одессаға қоныс тепті.

Уәлиханов пен Дуровтың достық қарым-қатынасы соңғысы Омбы бекінісінің абақтысынан босап шығысымен басталды. Бұрын Ш. Уәлиханов ол туралы Гутковскийден естіп, оның тағдырына жаны ашып, ниеттес екенін білдіріп, онымен кездесудің сәтін іздеп жүретін. 1855 жылдың көктемінен достардың әрдайым кездесетін жері Капустиндердің үйі мен Уәлихановтың пәтері болды. Кездесулер кезінде елдің әлеуметтік-саяси өмірінің мәселелері талқыланатын. Олардың көзқарастарында көп нәрсе ортақ болып шықты.

Шоқан С. Ф. Дуровпен бірге Омбы бекінісінде каторга мерзімін өтеп жүрген орыс жазушысы Ф. М. Достоевскиймен жақын таныс болды. Шоқан Достоевский туралы Капустин мен Гутковский үйінде көп естіген. Врангельдің айтуынша, Шоқан Ф. М. Достоевскиймен алғаш 1854 жылы Омбыда, жазушы жиі барып тұратын Ивановтар үйінде танысады. Шоқан ұлы жазушының жақын достарының бірі болған кезде 19 жаста еді.

1856-1858 жылдары Уәлиханов Семейге мерзімсіз уақытқа солдаттық қызметке жіберілген Ф.М. Достоевскийге соғып тұратын. Бұл кездесулердің біреуіне осы күнге дейін сақталған фотосурет куә. «Соңғы кезде бізге келіп-кетіп жүрген аз ғана адамдардың ішінен, – деп жазады А.Е. Врангель, – Достоевскиймен көрісу үшін өте сүйкімді жас қазақ офицері, Омбы кадет корпусында тәрбиеленген Мұхаммед

Ханафия Уәлихановтың жолай соғып кеткені есімде... Ол Ф. М. (Достоевскиймен) Омбыда, Ивановтардың үйінде танысып, оны өте жақсы көрді».

Врангель мен Хоментовский секілді сол кезде жауапты қызметте жүрген адамдарға жақындығын пайдаланып, Достоевский Уәлиханов және Врангельмен бірге қазақ ауылдарын аралап, Арқатқа, Шыңғыс және Тарбағатай тауларына барып көру мүмкіндігіне ие болды. Қазақ халқының өмірі Уәлиханов пен Достоевский қозғайтын тақырыптардың бірі болды.

Семейдегі кездесуден кейін олар көпке дейін кездесе алмады. Үлкен қоғамдық тарихи мүддені аңғартатын екі халықтың тамаша өкілдерінің қарым-қатынасының үлгісі саналатын хаттар оларды өзара байланыстырды. Уәлихановтың хаттарында оның қоғамдық көзқарастары, орыс халқына және мәдениетіне деген оның сүйіспеншілігі көрініс тапты.

Семейге бір келгенінде Уәлиханов ол кезде Барнаулда жүрген Достоевскийді кездестіре алмайды. Уәлиханов Достоевскийге былай деп жазды: «Өзіңіз кеткеннен кейін мен Сіздің қалаңызда тек бір қонып, келесі күні ертемен жолға шықтым. Бұл кеш мен үшін өте көңілсіз болды. Өзіме жақын адамдардан ажырау және өзіме жақсы ниет білдірген адамдардан айырылысу маған өте ауыр тиді. Сізбен бірге Семейде өткізген аз ғана күн маған сондай ыстық, ендігі менің бар ойым – сізбен тағы да кездесу. Мен адамның сезімдері мен жай-күйі туралы жазуға шебер емеспін, бірақ оның қажеті де жоқ қой деймін. Менің Сізге қандай берілгенімді және Сізді қалай жақсы көретінімді, әрине, білесіз». Достоевский жауап ретінде былай деп жауап қайырды: «Мейірбан достым менің, Сіздің хатыңызды маған Александр Николаевич (А.Н.Цуриков) табыс етті. Сіз мені жақсы көрем деп жазыпсыз. Мен еш уақытта да және ешкімге де, тіпті, туған бауырыма да, тап Сізге көңілім түскендей жақындықты сезген емеспін... Бұл жерде көп нәрсені айтуға болар еді, бірақ Сізді несіне мақтай берем! Сіз менің ақ ниетіме дәлелсіз-ақ сенетін шығарсыз, қымбатты Уәлихан, бұл туралы 10 кітап жазсаң да, ештеңе жаза алмайсың. Сезім мен құштарлық

дегенді түсіндіруге болмайды... Сізбен күймеде тұрып қош айтысқанда, бәріміз күні бойы көңілсіз болдық. Сіз бүкіл жол бойы біздің есімізден бір шықпадыңыз». Достоевский хатында Шоқанға пайдалы кеңес береді: «Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз. Сіздің материалдарыңыз өте көп. Дала туралы мақала жазыңыз... Сіз өз тағдырыңызды Отаныңызға өте пайдалы болатындай бағыштауыңызға болар еді. Мысалы, даланың не екенін, оның маңызын және Ресейге қандай қатысы бар екенін Ресей халқына түсіндіру ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе?.. Еуропаша толық білім алған тұңғыш қазақ екеніңізді есіңізге алыңыз. Оның үстіне тағдыр Сізді абзал адам етіп жаратып, Сізге жан мен жүрек берген. Артта қалуға болмайды, жоқ болмайды». Достоевский бұл жалынды сөздерімен Шоқанды халық ағарту майданында белсенді қимылдауға жігерлендірді. Өрі қарай Достоевский: «Мен Сізді жақсы көретінім сондай, Сіз және Сіздің тағдырыңыз туралы күні бойы ойлаймын. Әрине, қиялдарымда тағдырыңызды ойластырып, әлпештеймін. Бірақ сол қиялдарымның ішінде бір шындық бар, ол – Сіздің өз еліңізден еуропалық білімге тұңғыш қол жеткен адам екеніңіз. Осының бір өзі ғажап нәрсе және соны ұғынудың өзі Сізге көп міндет жүктейді... Қош болыңыз, қымбаттым, өзіңізді құшақтауыма, 10 қайтара сүюіме рұқсат етіңіз», – деп жазады.

Ф.М. Достоевский бұдан кейін де Уәлихановтың ғылыми табыстарын қадағалап, оның одан арғы тағдырына шын мәнінде мүдделік танытып жүрді. Ол А. Е. Врангельге Тверьден жазған хатында: «Уәлиханов өте сүйкімді, өте тамаша адам. Шамасы, қазір ол Петерборда болса керек? Ол – Географиялық қоғамның мүшесі. Уақытыңыз болса, Уәлиханов жайлы сұрастырып, біліңіз. Мен оны өте жақсы көремін және оның хал-жайын білуге өте құштармын».

Петербургта Шоқан Ф.М.Достоевскийдің үйінде болып тұрды, оның отбасымен, бауырымен танысты.

Алайда, 1861 жылғы реформадан және революциялық әдебиетті оқығаннан кейін мистицизмге салынып, самодержавиеге қарсы күрестен бойын аулақ сала бастаған жазушының көзқарастарына Шоқан сын көзбен қарай бас-

тады. Кейінірек, Петербордан кеткен соң А. Н. Майковқа жазған хатында Шоқан былай дейді: «Енді Сіздер туралы, Петербор жайлы, менің петерборлық достарым жайында айтайық! Достоевскийлер не істеп жүр? Олар сирек жазатын болды, бірақ оған өзім де кінәлімін, өйткені сирек жауап қайтарамын. Журналдарының жағдайы қалай? «Жалғасы бар» деулеріне қарағанда, жақсы болу керек. Өз арамызда айтқанда, мен солардың негізін, халықшылдығын жөнді ұқпаймын, біресе славяншылдықтың иісі аңқиды, біресе шектен асқан батысшылдықтың иісі шығады. Бітісу байқалмайды немесе бітісу қолдарынан келмей жүр. Менің ойымша, екіншісі бірі, не батыс үлгісімен түбірінен қайта құру керек, не ескіден айырылмай, тіпті ескі сенімнің өзін де пайдалану керек. Қытайлар секілді «ортаны ұстану» енді жарамайды».

Ф.М. Достоевский Қазақстандық досын өмір бойы еске алып жүрді. Шоқаннан алған сыйлықтарының бәрін қастерледі. 1866 жылы Шоқан қайтыс болғаннан кейін ол бірде әйелі Анна Григорьевна Достоевскаяға: «Мына үлкен палисандр жәшікті көрдіңіз бе? Бұл – менің сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы, сондықтан ол маған өте қымбат. Мен қолжазбаларымды, хаттарым мен қымбат естеліктерімді осында сақтаймын», – деген.

Ф.М. Достоевскийдің үйінде ақын А. Н. Майков пен Я.П. Полонскиймен, сыншы Страховпен және т. б. танысты.

Оның ағайынды ақын Курочкиндермен танысуы мен достығының маңызы зор болды. 1861-1862 жылдары Н.С. Курочкин «Иллюстрациялар» журналының редакторы болып, Уәлиханов әкеліп берген, қазақ тұрмысын бейнелейтін бірнеше суретті басып шығарды.

1861 жылдан бастап ағайынды Курочкиндер «Земля и воля» қоғамының мүшесі болды, патша күзетінің бақылауында болды. II Александр патшаға жасалған қастандық әрекеттен кейін ағайынды Курочкиндер тұтқынға алынып, біраз уақыт Петропавл бекінісінде қамауда отырды.

Көрнекті орыс жазушыларымен және ғалымдарымен күнделікті араласа жүріп, Шоқан олардың Орта Азия мен

Қазақстанға қызығушылығын оятып, шет аймақ халықтарына деген олардың достық сезімдерінің қалыптасуына ықпал етті. Ол кейбір ақындарға шығыс өмірінен тақырыптар берді. Уәлихановпен болған әңгімелердің әсерінен ақын А.Н. Майков «В степях», «Альпийские ледники», «Емшан» атты өлеңдер жазды.

Шоқан қоршаған ортасындағы кемшіліктерді әжуалағанды жақсы көретін. Ш.Уәлихановтың тапқырлығы, шешендігі оның петерборлық достарын сүйсіндіретін.

Петерборда Уәлиханов бір жарым жыл болды. Астанада, достарының арасында өткізген өмір санасына терең ұялап, із қалдырды.

1861 жылдың көктемінде Шоқан Уәлиханов дәрігерлердің кеңесі бойынша денсаулығын түзету үмітімен Петербордан әкесі Шыңғыс Уәлихановтың аулына оралады.

Ш. Уәлихановтың елге қайтып оралуы туыстары үшін қуанышты хабар болды. Онымен бірге достары – Хұсайын Файзхан, И.И. Ибрагимов және басқалар ере келеді.

Осы уақытқа орай Уәлихановтар ауылы Бүрлік жайлауына көшіп қоныстанған еді. Бұл жерде Шоқанның нашарлаған денсаулығын жақсартуға, демалуына барлық жағдай бар болатын. Ш. Уәлихановтың өкпе ауруынан жазылуына бірден-бір ем деп есептеген таза ауа, қымыз, қой еті бар мол еді. Шоқан үшін ауылдан біршама аулақтау жерде арнайы тапсырыспен жасалған үлкен он қанатты киіз үй тігілді. Бұл үйде ол жалғыз өзі тұрды. Оның жанында достарына арналған басқа киіз үй тігілді.

Жергілікті тұрғындардың естеліктері бойынша, Шоқан үйінің маңайы ықпал абыр-сабыр, адамдарға толы болған. Шоқанның келгенін естісімен мұнда халық ақындары, жырышлар, музыканттар, әншілер, даланың өткір тілді әзілкештері мен қуақы адамдары ағылып келіп жататын. Олар оның көңілін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар, оған бай ғылыми материал берді. Мұндай ойын-сауықтар кейде түннің бір уағына дейін жалғасатын. И.И. Ибрагимов: «Кешкі уақыттарда Шоқан қазақтардың әндері мен әңгімелерін тыңдап ұзақ отыратын», – деп еске алады.

Шоқан, әсіресе, ағасы, атақты қобызшы Қанғожаның қобыз тартқанын сүйсіне тыңдайтын. Шоқанның «Бақыт – менікі, өнер – Қанғожанікі» деген нақыл сөзі белгілі. Шоқан Қанғожаға «Балбырауын», «Тарғыл бұқа» күйлерін үнемі тартқызып отыратын.

Шоқан Сырымбетке таяу Тарангүл көлінің маңында тұрған атақты Тулақ қобызшының баласы Төлепбергеннің де өнеріне тәңгі болады. Ол халық әуендерін қобыз бен сыбызғыда келістіре орындайтын дарынды жас еді. Олар туралы әкелі-балалы күйшілер Тарангүлде күй тартқанда, қобыз бен сыбызғының дауысы Сырымбет тауын да күңіретіп жататын деген әңгіме бар.

Ақындар мен жыршылардан Шөже мен Тоғжан, Орынбай мен Арыстанбай, ақын Ажар қыз, әйгілі Шал ақынның ұрпағы Соқыр жырау Шоқанға жиі келіп тұрған. Шыңғыс ең үздік әншілерді олардың әндерін баласы жазып алу үшін шақыратын болған.

Шоқанды көргісі келген көрші ауылдың адамдары оның қолын алып, сәлем беруге келіп жататын.

Ауылда өмір сүре жүріп Шоқан адамдардың ортағасырлық артта қалған мешеулігін, отарлаушы шенеуніктердің жүгенсіздігі мен қазақ феодалдарының озбырлығын көрді. Ол мұндай зорлыққа төзе алмады, қарапайым адамдардың мүдделерін жақтап, олардың құқығын қорғады. Бірақ ол утопиялық идеяларға беріліп, «халық бақытын» жоғарыдан, «өкімет билігімен» орнатуға болады деген қате пікірде болды. Уәлиханов сайлауда аға сұлтандыққа өз кандидатураны ұсынады. Шоқан Ф. М. Достоевскийге жазған хатында: «Мен сұлтан болып өз отандастарыма пайда келтіріп, оларды шенеуніктер мен қазақ байларының озбырлығынан қорғайын деп ойладым. Сондағы бар ойлағаным, өзім үлгі болу арқылы жерлеріме білімді сұлтан-басқарушының олар үшін пайдалы екенін көрсеткім келді», – дейді.

Уәлиханов мешеу көзқарастармен жігерлі күресіп, феодалдық-патриархалдық құрылыс тудырып, қолдап отырған ескі нанымдар мен әдеттерге қарсы шықты. Олардың көрінісін өз туысқандарының арасынан да байқады.

А. Н. Майковқа жазған хатында Шоқан: «Менің туыстарым... көптеген ұлттық та, таптық та ескілік шырмауында. Әсіресе, бірбеткейлік, даңқсұмарлық бірден көзге шалынады. Осыдан-ақ олардың өздері туралы, өздерінің ақылдылығы туралы және басқалар туралы жоғары пікірде болатыны түсінікті. Әр түрлі ақыл-кеңестер немесе дау-дамай олардың менмендігін тек тітіркендіреді және қасарушылықтарын нығайтады. Көппен жалғыз алысуға шама келмесіне көзім жетті, шындық қанша нұрлы болғанымен, адасқан ақылға сәуле түсіре алмайды екен, уақыттың өзі соған себепкер болса амал бар ма?», – деп жазды.

Ағайын-туыстарымен келісе алмаған соң Шоқан Омбыға кетіп қалады. Мұнда ол облыстық басқарманың заң комиссиясының жұмысына араласып, қазақтың сот реформасы мәселелерімен айналысады.

1864 жылдың көктемінде Уәлиханов Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосу міндеті қойылған генерал Черняевтың әскери экспедициясына шақырылды. Ол Әулиеата бекінісін алу жолындағы әскери қимылдарға қатысты. Ш. Уәлиханов Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның Ресейге қосылуы қан төгіссіз, бейбіт жолмен болу керек деп санады. Полковник Черняевке «жергілікті халықпен алдын ала келіссөз жүргізу» тапсырылған болатын. Осындай келіссөздерге қатысу үшін «орыс пен татар тілдерін өте жақсы білетін білімді азиялық штабс-ротмистр Уәлиханов» арнайы жіберілді. Бірақ патшалық отаршыл саясаттың жақтаушысы болған генерал Черняев тапсырылған міндетті бейбіт жолмен шешуден аулақ болды. Қосылуға қарсы болған жергілікті халыққа қатаңдық пен айуандықтың үлгісін көрсетті. Бұл Шоқанның ғана емес, Ресейдің сол уақыттағы бүкіл алдыңғы қатарлы азаматтарының наразылығын тудырды.

Уәлиханов 1864 жылдың 8 шілдесінде Черняевтің әрекеттеріне наразы бір топ офицермен бірге Верный қаласына қайтып кетеді. Черняевтің талабы бойынша офицерлердің көбісі қылмысты деп айыпталып, шендері төмендетілді.

Мұрағат құжаттары бұл кезде Сібір қазақ әскерлерінің

арасында наразылық, патша өкіметінің әрекеттеріне қарсылық күшейе түскенін көрсетеді. Офицерлердің саяси сенімділігін тексеру үшін Петербордан Омбыға офицерлерден ант алатын ерекше комиссия жіберілді.

Қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Шоқан Омбыға барудың қажеттілігі жоқ деп шешеді. Ол Верныйдан кетіп, албан руының аға сұлтаны Тезек төренің ауылына барады. Ол ауылда тұрып Ұлы жүз қазақтарының тарихи аңыздарын зерттеп, Батыс Қытайдағы дүңған көтерілісі жайлы сұрастырып, Петербор және Батыс Сібір әкімшілігімен байланысып отырады.

Шоқан Уәлиханов 1865 жылдың сәуір айында Тезек төренің ауылында, Алтын Емел жотасына жақын Көшен тоғаны деген жерде қайтыс болады.

Дүниеден кайтардан біраз бұрын Ш. Уәлиханов әкесіне хат жолдайды. «Қажыдым, күшім бітті, – дейді ол, – қан-сәлім кетіп, күр сүйегім ғана қалды, кешікпей жарық дүниеден кетермін. Менің аяулы туыстарым мен достарыммен көрісуді тағдыр жазбай тұр, бұған ешқандай амал жоқ. Бұл менің ең соңғы хатым. Қош болыңыздар, баршаңызды құшағымға алдым».

Замандастарының естеліктерінде, Шоқанның қайтыс болғаны туралы хабар жетісімен, Уәлихановтар ауылында көп адам жиналады. Халық салты бойынша округтегі қадірлі кісі Жаулыбай ақсақалға Шоқанның әкесіне қаралы хабарды естірту жүктеледі. Қайғылы күйді тарту Қангожа мен Тулаққа артылады. Жүздері жабырқаңқы күйшілер мен ақсақалдар Шыңғыстың үйіне кіреді.

Ол Қангожаны көріп, күй тартуын сұрайды, бірақ мұның орнына қайғылы әуен естіледі.

Шыңғыс Қангожаны тоқтатады:

– Тоқта, тоқта! Басқа күй тарт. Ол одан да қайғылы бір күйді күңіретіп тарта жөнеледі. Сосын Шыңғыс Қангожаға доғаруын бұйырып, Тулаққа:

– Тулақ, сен тартшы! – дейді. Бірақ күйшілер өз білгендерін істейді. Зарлы әуендер кезек-кезек күңірене береді.

– Күйлеріңді тыңдау қандай қорқынышты! Қайғыға тар-

тып барады шым-шымдап. Көзімнің қарасы Шоқанымнан айырылдым ба, әлде? – дейді Шыңғыс.

– Өттеген-ай, солай болды, – дейді Жаулыбай.

Халық Шоқан Уәлихановтың мезгілсіз қазасын шын жүректен жоқтады.

Ақындар оған арнап өлеңдер шығарды. Сол кезде жас ақын Ақан Сері өзінің Шоқанға арнаған өлеңінде былай дейді:

Құрбылардан озырған ақыл-білім, бірақта,  
Туған жерден денесі қалды оның жырақта.

Шоқан әкесіне жолдаған ең соңғы хатында: «Жетісуға келіп, сорлы Айсараны (әйелі) елге алып қайтыңыз, оны қараусыз қалдырмаңыз», – деп жазған еді. Шоқанның осы ақырғы тілегін орындау үшін 1865 жылдың жазында Көкшетаудан Алтын Емелге керуен жіберіледі.

Керуенмен келгендер Тезек ауылында Уәлиханов зиратының басына күйдірген кірпіштен күмбез тұрғызды. Бұл зираттың фотосуреті мен Г.Н.Потаниннің қарындашпен салған суреті сақталған.

XIX ғасырдың 70-ші жылдары К.П. Кауфманның тапсырмасы бойынша Шоқанның достары Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, Г.А. Колпаковский, И.И. Ибрагимов, Н.Ф. Усов Уәлихановтың кесенесіне қазақ және орыс тілдерінде жазылған мәрмәр тақта орнатты, оған сәулетші П. Зенков та атсалысты. Бұл жазбаның сөздерін К.П. Кауфманның езі жазып, қазақ тіліне И.И. Ибрагимов (1891 жылы Ресей консулдық қызметінде жүріп қайтыс болған) аударды. К.П. Кауфманның тапсырмасында: «... жазудың сөздерін мұқият және қатесіз орналастыра алатын іскер шеберді іздегірі керек» делінген. Мәрмәр тақтаны Екатеринбургтен алдыртып, Алтын Емелге Омбы және Семей арқылы жеткізіп, Шоқан Уәлихановтың зиратына орнатты. Тақтадағы жазуда: «Бұл жерде 1865 жылы дүниеден өткен штабс-ротмистр Шоқан Уәлихановтың сүйегі жатыр. Бұл ескерткіш Уәлихановтың ғылымдағы еңбегі ескеріліп, генерал-лейте-

нант Колпаковский тарапынан 1881 жылы орнатылды» делінген.

Жазудың алғашқы нұсқасында бұдан әрі «Бұл құлпытас бәрімізге сүйікті және құрметті марқұм Шоқан Уәлихановқа қойылды», – деген жазу болған. Кейін бұл сөздер алынып тасталған.

1958 жылы Шоқан Уәлихановтың зиратының басына зәулім ескерткіш орнатылды.

Тамаша ғалым, көрнекті ойшыл, ержүрек саяхатшы, қазақ халқының даңқты ұлы – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов ел тарихында ең ардақты орынға ие. Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасы – отандық ғылымның алтын қоры.

Өзінің қысқа ғұмырында Шоқан Уәлиханов Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихына, жағрапиясы мен этнографиясына арналған бірсыпыра дүние, сондай-ақ едәуір көлемде қоғамдық-саяси тақырыптарға арналған еңбектер жазып үлгерді.

Оның шығармашылық мұрасымен таныс болғаннан кейін оның сан қырлы ғажап таланты айқын танылады.

Орыс шығыстанушылары оны бір ауыздан ғажайып дарын иесі деп таныды. Петербург Университетінің профессоры Н.И. Веселовский ол туралы: «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану ғылымында құйрықты жұлдыздай жарқ етті де, жоқ болды, – деп жазды.

Орта Азия және Шығыс Түркістанның зерттеушісі ретіндегі Уәлихановтың ғылымы жетістіктерін әлем ғылымы мойындаған. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы, географиясы мен этнографиясын зерттейтін ғалымның қайсысы да Уәлихановтың еңбектеріне сілтеме жасайды. Бұл Уәлиханов еңбектерінің таусылмас маңыздылығының айғағы.

Уәлиханов халқына қызмет етуді өмірдің басты мақсаты деп санады, ол өз халқын жасампаз әрі өркендеген күйінде көргісі келген және әлеуметтік жаңарудың қажеттілігіне өте сенімді болған. Ол өз халқынның бақыты мен мәдени қайта өрлеуі үшін өзін өзі құрбан ете алатын жан еді.

Уәлиханов өз халқының ерекше дарынды, ғажайып

тапқыр, риясыз баласы еді. Оның жүрегі нәзік ал ақылы өткір болған.

Г.Н. Потанин былай деп жазған: «Орыс қоғамына төңіреккей жүріп, Уәлиханов онда әдеттен тыс рөл атқарды. Далаға оралғанда ол қайтадан қазаққа айналатын, бірақ сырт келбетімен ғана. Ол бешпет пен кең шалбарды киіп алып кілемдер мен ала жастықтарда аунап жататын, бірақ айналасындағы кілем үстінде Абель Ремпоз, Амеди Тьерри, Клапрот және Станислав Жюльен секілді жазушылардың французша кітаптары болатын. Ол тым еуропалық, көптеген орыстардан да өтетін еуропалық болып кеткен, сондықтан болар еуропалық рухани мәдениетінің өзіне басқан таңбасынан мәңгілікке айырыла алмады». Шоқанның қоғамдық көзқарастарын сипаттай отырып, Потанин жазған: «Шоқан Ресейді шын жүректен жақсы көрген, оның кемшіліктерін көре отырып, керемет адамдармен бірге оның жаңаруын қалайтын. Ол 60-шы жылдардың қозғалыстарына қызығушылық танытатын».

Уәлиханов орыс төңкерісшілдік демократтардың идеяларын өзіне сіңірді. Публицистік дарынының арқасында ол колониялық Қазақстандағы орыс азаттық ойдың алғашқы жарияшысы болуға мүмкіндік алды. Уәлихановтың бүкіл іс-әрекеті қазақ қоғамын орыс мәдениетіне жақындату туралы бір ғана жоғары мақсатқа бағытталған.

Уәлиханов қоғам алаңына Ресейдегі николаевтық қарсылықтың қараңғы уақытында, орыстардың өз бетімен билеушілігінің ең реакциялық уақытында шықты. Бірақ, ол объективті тұрғыдан қарағанда, қазақ қоғамының тарихындағы маңызды кезең, яғни орыс халқымен және мәдениетімен рухани жақындасу кезеңі болды. Сондай-ақ тарихи алаңда Уәлиханов сияқты прогресшіл әрі жан-жақты білімді адамның пайда болуының өзі екі халықтың мәдени қарым-қатынасы нәтижесінде ғана мүмкін болатын ерекше құбылыс еді.

Ш.Уәлихановтың қоғамдық-саяси және философиялық көзқарастары XIX ғасырдың 40-60-шы жылдарындағы күрделі тарихи жағдайда қалыптасты. Бұл хандық билікті жо-

юдан кейінгі, Қазақстанның Ресейге қосылуының жүзден аса жылға созылған процестің аяқталуына тап келген уақыт болды. Қазақ ауылында орта ғасырдың ұстанымдары әлі де қатаң сақталуда еді. Шоқан былай деп жазған: «Экономикасының артта қалған формасына ие қазақ қоғамында қазіргі уақытта Шығысқа еліктейтін мұсылмандық ескіліктің орыстық жаңашылдықпен болып жатқан елеусіз, бірақ қатты күресі байқалатын секілді». Қоғамдағы прогресс пен демократиялық өзгерістердің сенімді жақтаушысы ретінде Ш.Уәлиханов оның ақау жерлерін жоюға және қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымындағы елеулі өзгерістерге жету үшін қолдау көрсетуге тырысты.

Сонымен қатар Ресейдің өзінде де ұлттық түкпірлердің экономикалық және саяси дамуына үлкен әсерін тигізген жағдайлар болып жатты. XIX ғасырдың ортасында елде басыбайлық күйзелісіне байланысты саяси әрі идеологиялық күрес шиеленісті. Қоғамдағы өршіп келе жатқан қысымның әсерінен Ресейдегі басыбайлық жүйені жою жөнінде мәселе туындады.

Ш.Уәлихановтың дүниетанымының қалыптасуына бір жағынан қазақ мәдениеті мен тарихы бастау болса, екінші жағынан, ағартушы-демократ ретіндегі Ш.Уәлихановтың дүниетанымы революционер-демократтар Н.Г.Чернышевский мен Н.А.Добролюбов, сондай-ақ, патша үкіметі қазақ далаларына жіберген, орыс қоғамының демократиялық бөлігінің өкілдері – декабристер мен петрашевтер еңбектерінің ықпалымен қалыптасқан.

Қазақ ақсүйектері басшылығының елді Ресейден алшақтатуға бағытталған саясатының қазақ халқы үшін опатты болатынын, феодалдық ортағасыр бастауларының орнығуына апартғын және оның қазақ халқының прогреске апарар жолындағы үлкен кедергі болатынын да Ш.Уәлиханов жетік түсінген. Сондықтан, Ш.Уәлиханов жас кезінде-ақ тек орыс халқының көмегімен, алдыңғы қатардағы орыс мәдениетіне жақындасуының арқасында ғана қазақ халқы экономикалық, саяси және мәдени прогрестің жолына тұра алатыны жөнінде қорытындыға келген.

Ол әлі де «қоғамдық даму формаларының табиғи кезеңінде» тұрған халқының артта қалғаны жөнінде ауырсынып айтатын. Ш.Уәлиханов ойынша, Ресеймен байланыстарды нығайту қазақтар үшін жан-жақты экономикалық және мәдени өркендеуге жол ашады. Ол ұлттық тұйықтық пен шектеуліктің ең қатаң қарсыласы болып, халықтар достастығы идеясын, көбірек дамыған ұлттардан озат нәрселерді алып пайдалану идеясын ыстық қорғаған.

Бірақ, қазақтардың артта қалуын жеңу мақсатында Ресейдің рөлін мойындау Ш.Уәлиханов үшін халқының ұлттық дербестігін жоғалту мүмкіндігін білдірген емес. Ядринцев көрсетіп кеткендей, «Шоқан өз халқын, өз тайпасын сүйіп өткен. Оның арманы еуропалық ағартушылықты үйлестіре отырып, өз халықтығын сақтау еді». Ресей мен Қазақстанның өзара жақындасуының тарихи қажеттілігін терең әрі дұрыс түсіне алып, осы процесті өз халқын ортағасырлық артта қалу мен жоқшылықтан тезірек шығару мақсатында пайдалануға ұмтылғаны Ш.Уәлихановтың үлкен еңбегі болып табылады.

Сонымен қатар Ш.Уәлиханов қазақ даласында зорлық-зомбылық пен заңсыздық танытқан патшалық колониалдық биліктің қатаң сыншысы болды. Өзінің орыс достарына жолдаған хаттарында ол халықты барып тұрған тонауға душар қылып жатқан патшалық шенеуніктер жөнінде қатты ашу кернеумен жазғаны бар. «Қатты әрі айқын түрде алып жатыр...», - деп далалық әкімшіліктің іс-әрекеті жөнінде ашуланып жазған еді 184.

Ш.Уәлиханов колониялдық биліктің қазақтар мен орыстар арасындағы сенімсіздік қорғанын тұрғызып, ескірген әлеуметтік формаларды сақтауға мүмкіндік туғызып жатқанын түсініп отырған. «Орыс басшылығының әрбір іс-әрекетінде қырғыздар (қазақтар) зұлымдықты, өз еркіндіктеріне деген қол сұғуды көріп отыр... Ол өте түсінікті, себебі қырғыздар орыс басшылығы жөнінде өзінің учаскелік заседательдері бойынша пікір қалыптастырады – деп жазған Ш.Уәлиханов».

Ш.Уәлихановтың пікірінше, әлеуметтік реформаларға



қоғамдық өмірдің әр түрлі факторларының рөлін ескере отырып ыңғайлану керек. Қоғамдық реформаларды жүргізудің маңыздылығына ерекше көңіл аударып отырып, ол былай деп жазады: «... халықтық реформалар жөніндегі мәселе секілді орасан зор маңыздылығы бар қоғамдық мәселе жоқ. ... барлық реформаторлар мен заң шығарушылар... қоғамдық пайданы айтып отыр, бірақ қоғамдық даму үшін ненің пайдалы ненің зиянды екені әр ғасырларда әртүрлі болды және енді біздің арамызда ғылым солардың қателілігі мен мүмкіншілігі жоқтығын дәлелдегеніне қарамастан, көпшілік мызғымас аксиома ретінде бұрынғы аңыздарға дағдыланғасын-ақ қабылдайтын көптеген жабайы болжамдар орын алып жатыр».

Реформалардың табиғаты жөнінде сөз қозғағанда Ш.Уәлиханов бұл мәселенің экономикалық және әлеуметтік жақтарына аса көңіл аударады, себебі олар «халықтың елеулі қажеттіліктерін» қозғайды. «Саяси реформалар қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге бағытталған құралдар ретінде мүмкін болады, себебі әрбір жеке адам болсын, бүкіл адамзат болсын, бір ғана ақырғы мақсатқа, яғни өзінің материалдық жағдайын жақсартуға ұмтылады, прогресс дегеніміз осы. Бұл тұрғыдан қарағанда, адам тұрмысын жақсартуға мүмкіндік туғызатын ғана реформалар пайдалы және осы мақсатты жетуге қалай да кедергі туғызатын реформалар зиянды болатыны анық».

Ш.Уәлихановтың ойынша, саяси-экономикалық өзгерістердің түрткісі ретіндегі экономикалық және саяси факторлардың басым рөлі қоғам өмірінің материалдық қажеттіліктерімен негізделеді. «Прогресс» ұғымының адамдардың материалдық жағдайын жақсарту ретіндегі мазмұнын анықтай отырып, Ш.Уәлиханов прогреске жетудің құралдары ағарту мен мәдениет екенін жетік түсінді. «Халықтың қалыңты өсіп дамуына, ең біріншіден, еркіндік пен білім қажет... Осыдан ең бастысы, оқу керек», - деп жазған ол.

Ш.Уәлиханов қоғамдық құбылыстарды түсіндіруге ағартушылық тұрғыдан келеді. Оның тарихи кезеңінде

мұндай қозғалыс шынымен де прогрессивті деп саналған, себебі ағартушылық надандықпен күресуге көтеретін, зайырлы білім беруді өрістетуге, алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің ұлттық шеттерге енуіне көмектесетін». Ш.Уәлиханов билікті ұйымдастырудың халық көпшілігінің мүдделеріне жауап бере алатын формаларын іздейді, «... сұлтандар мен билердің пікірі болса... құрметке лайықтылығы аз, деп жазады ол, - себебі тұтас ұлттың мүдделері қатал әділдікпен қарағанда бөлек таптың пайдасынан гөрі жоғары бағалану керек».

Реформалар жолын әлдеқайда дұрыс деп тани отырып, Ш.Уәлиханов патша әкімшілігі тарапынан жасалып жатқан озбырлық пен зорлық-зомбылық жөнінде ашумен айтады. Ағартушы халық тағдырын жеңілдету үшін ағартушылық пен білімді таратудан басқа амал көріп тұрған жоқ.

Шоқан «өз еліне деген терең жанқиярлығын сақтады, ол қырғыз өмірін жақсы көре отырып, оған қоса батыс өркениетін жоғары бағалай білді».

Ұлы қазақ ғалымы Ш.Уәлихановтың туған халқын ағарту мен мәдениетін көтеру жөніндегі армандары өзі қайтыс болғаннан кейін көп жылдар өткеннен соң ғана жүзеге асты.

## ШЫҒЫС ЖҰЛДЫЗЫ

XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген ұлы гуманист, Қашқарияны тұңғыш рет ашып берген үлкен ғалым этнограф, тарихшы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов есімі - қазақ халқы үшін ең қадірмен есімдердің бірі.

Ш.Уәлиханов қысқа болғанымен қызулы өмір өткізді. Ол өзінің сапалы өмірін біздің ұлан байтақ еліміздің халықтарының ынтымағы мен достығына арнады. Халықтар достығы Шоқан өмірінің ең өзекті мәселесінің бірі еді. Бұл идеяны ол өзінің өшпес еңбектерінде де, орыс достарына жазған хаттарында да, жай былайғы отырыс мәжілістер мен кездесулерінде де қаперінен шығарған кісі емес. Бұған оның Ф.М. Достоевскиймен, А.Н. Майковпен, А.Н. Бекетовпен, К.К. Гутковскиймен жазысқан хаттары айқын айғақ. Бұл хаттардан Шоқан өмірінің басым көпшілігі феодалдық және отаршылық қанауға, патриархалдық және діни езушілікке қарсы жұмсалғандығын Абай сөзімен айтқанда қараңғылыққа қарсы «мыңмен жалғыз алысып, етекбасты көп көргенін аңдаймыз».

Патшалық Ресейде отаршылдықтың ошағына тас болған Дюгамель, Иройстус, Кури сияқты чиновниктер Шоқанды осы әділдігі, қара қылды қақ жарған туралығы үшін өлердей жек көріп кетті. Қазақ ауылының мансапқор манаптары мен атқамінерлерінің осалдығын пайдаланып, оларды Шоқан идеясына, Шоқан өмірінің мазмұны мен мақсатына қарсы қойды. Шоканның қоғамдық ролін төмендетіп, халық алдындағы беделін түсіру үшін астыртын да, ашық та ұйымдастырылған осындай қастандық әрекеттердің бәрін көзімен көріп, жақсы білген бас штабтың офицері, далалық комиссияның (1865 ж.) мүшесі А.К. Гейнс үздіксіз болып, «келе жатқан осындай әжуа-мазақ пен қорлаушылық

Шоқанды биыл табытқа жатқызып тынды»<sup>1</sup> – деп ашықтан-ашық жазды.

Шоқан өзінің Майковқа жазған хаттарының бірін жергілікті сұлтандармен, байлармен тіл таппай, жүргендігін оның есесіне дала пролетариаты кедей-кепшікпен оп-оңай тіл тауып, достасатынын аңғартады. Ш.Уәлихановтың үстем тапқа қарсылығы оның “Сот реформасы туралы жазбаларынан” әсіресе айқын көрінеді. Бұл еңбегінде Шоқан байлар мен кедейлердің мақсат-мүдделерінің бір-біріне қарама-қарсылығы жайындағы идеясын (Шығармалар жинағы, 1 том, 1961 жыл, 417, 615-беттерді қараңыз – Ә.М.) одан әрі дамытты. Мұның өзі Шоканның жан-тәнімен өз халқының адал ұлы болғандығын, халық мұңын мұндап, жоғын жоқтағандығын танытады. Ш.Уәлиханов еңбегінің осы жағына айырықша назар аударып, «Колокол» журналында қазақ даласынан құпия атпен түскен хабар жарияланған. А.И.Герцен XIX ғасырдың орта тұсында қазақ ауылында өріс алған заңсыздық пен әділетсіздік жайына тоқталған Шоқан пікірлерін талдай келіп: «Уәлиханов өзінің басылған жұмыстарында осының берін әжуа-әзіл түрінде, әрі өте әділ бейнелеп берді»<sup>2</sup> – деп жазды. Бұдан, әрине Герценнің Шоқан еңбектерімен таныс болғандығы байқалады.

Замандастарының айтуына қарағанда, Шоқан өте сезімтал, тапқыр, сөзі мірдің оғындай, өткір тілді адам болған. Ол әсіресе жемқор әкімдер мен атқамінерлерді, әлеуметтік кеселдер мен кедергілерді сынап мінеуде өткір юмор мен сарказмді барынша мол пайдаланатын. Оның замандас достарының бірі, белгілі публицист Н.М. Ядринцев өзінің естелігінде: «...Мен тілі ұстараның жүзіндегі өткір мұндай адамды сирек кездестірдім. Сөйте тұра ол өте ақынжанды адам еді», - деп жазды.

Шоқан Омбыда Капустиндердің үйінде Ф. Дуров, П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Д.М. Менделеев, Г.Н. Потанин,

<sup>1</sup> Омбы облысының мемлекеттік архиві, ф.3. ОП. 13, д. 1.1-2

<sup>2</sup> СССР Ғылым академиясының архиві. Ф. 23. ОП. 1, №17, 1-2.

Н.М. Ядринцев сияқты орыстың озат ойлы адамдарымен жиі кездесіп пікірлесіп тұрған. Шоқан өзінің білімділігімен Ф.М. Достоевскийге де қатты ұнаған. Бұл адамдармен Шоқан өле-өлгенше хат жазысып, ортақ тіл тауып достасып кеткен. Орыс ғалымдары Шоқанды Орта Азия мен Қазақстан мәселелері жөніндегі аса білгір, талантты ғалым, адамгершілігі мол азамат деп таныған. Шоқан қазасына байланысты жазылған некрологта: «Қырғыз даласының сонау қиырында, Ресейдің Қытаймен шектескен жерінде жап-жас дер шағында тұрған дарынды қырғыз сұлтаны Шоқан Уәлиханов дүние салды. Ажал ұлттық шет аймақтағы ең бір білімдар оқымысты адамды алып кетті» – деп жазды. Бұл сөздер Шоқан қазасына байланысты оның ежелгі досы, ғалым-әріптесі П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің аузымен айтылған сөздер еді. Ал орыстың басқа бір үлкен ғалымы профессор Н.И.Веселовскийдің Шоқан жөнінде «Шығыстану ғылымында ол құйрықты жұлдыздай жарқырап, ағып кетті» – деп берген бағасы Уәлихановтың ғылыми қызметіне орыс ғалымдары берген ортақ баға болды. Қазақ даласындағы семьялық, қоғамдық қарым-қатынастарды билеп-төстеп өз мүдделеріне бағындырып келген дін иелерінің жалған үгіті салдарынан XIX ғасырдың қыркыншы жылдарына дейін қазақ халқы орыстың алдыңғы қатарлы, озық ойлы адамдарымен танысуға мүмкіндік ала алмады. Олар орыс адамдарын көбінесе патшаның отаршылдық саясатын жүргізуші реакцияшыл чиновниктер мен жандарм жалдаптарының іс-әрекетіне қарап бағалады<sup>1</sup>.

Білімсіз оқымаған қараңғы ел Ресейдің барлық халықтарының тағдырына ой жіберіп, жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын Ломоносов, Пушкин, Лермонтов, Белинский мен Чернышевский сияқты небір асыл ұлдары бар екенін білген жоқ. Алайда Ресейдің прогресшіл озат ой-пікірлерінің қазақ даласына тереңдей еніп, жайыла тарай бастауына байланысты қазақ қалқының санасында түбірлі де принциптік өзгерістер туды. Сол кезден бастап қазақ

халқы орыстың озық мәдениетіне, ғылым-біліміне талпынды. Бұл талап әсіресе Қазақстанда хандық билікті жойып, әкімшілік билеудің жаңа тәртібін енгізумен байланысты дами түсті. 1822 жылы Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарында «Сібір қырғыздары» туралы уставтың Заң проектісі енгізілді, Проектінің авторы Сперанский орыс мәдениетіне енді-енді ғана қоян-қолтық қосылып келе жатқан жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктерге ерекше назар аударғандығы байқалады. Сперанский уставы ережелерінің құндылығы сонда – ол орыс заңын (сот және әкімшілік) мүмкіндігінше қазақ халқы тұрмысының жағдайларына жақындастырып, сәйкестендіруге тырысты. Барлық сот істерін жүргізуді ол қазақ билерінің үлесіне берді. Сот істері қазақ билерінің арасында коллегиялық түрде қаралатын болды. Сот істерін жүргізудің бұрын болып келген бюрократтық жүйесіне қарағанда бұл бір табан ілгері басқандық еді. Бұл проектіні сонысы үшін де кейін Шоқан Уәлиханов қуаттады.

Оның артықшылығы – қазақтың халық бұқарасы, әсіресе орыс тілін білмейтін төменгі сословие сотта өзінің ана тілінде түсінісуге мүмкіндік алды.

Уставта Ресей мен Қазақстанның, сондай-ақ Орта Азия халықтарымен арадағы сауда және мәдени қарым-қатынастарды кеңейту мәселесіне де арнаулы орын берілді. Алайда қазақтың үстем тап өкілдері былайғы қарапайым халықтан анағұрлым артық правомен пайдаланды. Олар империяның өз ішінде де сондай-ақ шетелдерге де топ-топ сауда керуендерін жөнелтуге праволы болды. Барлық округке магазиндер мен лавкалар ашылып, өнеркәсіп товарларын сатуды ұйымдастыру шаралары қарастырылды. Жұт жылдары немесе жұқпалы аурулары тұсында қазақтарға қажетті жәрдем беру жайлы сөз болды. Уставта «мал шаруашылығымен қатар қазақтың жер кәсібімен шұғылдандуын да қолдау» қажеттілігі атап көрсетілді. Қазақтар үшін бес жылға жеңілдік беріліп, осы мерзім ішінде олар барлық қораларын, аурухана, мектеп т.б.с.с қоғамдық мекемелер салу ісіне жұмсайтын болсын деп көрсетілді. Сперанский ең алғаш рет қазақ балаларына мектеп есігін ашып, халық ағарту мәселесін кеңінен

<sup>1</sup> Орыс география қоғамының 1865 жылғы есебі. СПб, 1866.11

көтерді. Сперанский уставының ең басты маңызы сонда – ол алғаш рет қазақ халқын орыс мәдениетіне жақындастырудың нақтылы шаралары мен ережелерін белгіледі.

Кейініректе, Николай реакциясының күшеюіне байланысты Сперанский уставының көптеген ережелеріне күмәндана қарап, олар бірте-бірте іс-тәжірибесінен шығарылды да, ақырында 1854 жылы солтүстік-шығыс Қазақстанның өзін-өзі билеуі күшін жойды.

XIX ғасырдың 30-40 жылдарында біздің еліміздің халықтарының мәдени өміріне аса зор ықпалын тигізген декабристер мен петрашевшілдер қозғалысы болды. Крепостнойлық құрылысқа қарсы шыққан бұл күрескерлер Сібір мен Қазақстан жерінде айдауда жүріп, Ресейдің шет аймақтағы халықтарының әмірімен танысып олардың орыс мәдениетіне ұмтылуына көп көмек көрсетті. Мәселен, Қазақстан мен Сібір жерінде С.М.Семенов, Е.Завалившин, Н.А.Чижов, Н.Б.Басаргин, Г.С.Батеньков, И.Д.Янкутин, Н.Н.Пушин т.б. жазып қалдырған жылы-жылы жүрек сөздері бұған толық дәлел. Бұл адамдардың кейбіреулері бертініректе жас Шоқанның досы болды.

Қазақстан жерінде болып, ол жайында едәуір іс қалдырған декабристер көтерілісінің белді қайраткерлерінің бірі – Матвей Муравьев-Апостол. Қарындасының өтініші бойынша Вилнойскіден Бұқтарма крепосына жіберілген Муравьев-Апостол Шығыс Қазақстан мен Алтай өлкесінің экономикасы мен мәдениетін дамыту жайында маңызды мәселе көтеріп, бал арасын өсіру, егін егуге, Бұқтырма бойына су және жел дүрменін салуға рұқсат сұрап Бенкендорфтың атына арыз жазды<sup>1</sup>.

Ал қазақ даласы мен Алтай өлкесін жақсы білген тағы бір декабрист С.М. Семенов Өскеменде тұрды. 1829 жылы ол Омбы облыстық басқармасының бастығы де Сен Лоранның тапсырмасын А. Гумбольдтің Шығыс Қазақстанға жасаған саяхатында бірге болды. Семеновтың терең білімі мен адамгершілік асыл қасиеттерін қатты ұнатқан Гумбольд Петерборға қайтып келісімен патшаға: «империяның ең

қиыр шалғай шеттерінде де шын мәніндегі білімді адамдар бар екен» – деп мәлімдеді.

Декабристер С.М.Семенов, И.Штейнгель, И.Б.Басаргин біраз уақыт Сібір қазақтарының шекаралық басқармасында қызмет істеп, қазақ ауылдарында, әсіресе Шоқанның әкесі Шыңғыс аулында жиі – жиі болып тұрғандығын атап айту қажет. 1841 жылы И.Штейнгель шекара басқармасы начальнигі М.Ладыженскийдің атынан қазақ халқының аңыз-әңгімелерін, сондай-ақ өткен заманның басқа да ескерткіштерін жинаудың аса зор ғылыми маңызы бар жұмыс екендігін айтып, Шыңғыс Уәлихановқа хат жазды. Бір қарағанда елеусіз көрінетін осындай шағын документтер сол тұста артта қалған Қазақстанда декабристердің қаншалықты мол ағартушылық қызмет атқарғандықтарына айғақ бола алады.

Міне, осылайша, тарих сахнасына Шоқан шыққан дәуір қазақ халқының орыс халқымен рухани жақындасып, оның озат мәдениетіне бой ұра бастаған дәуір еді. Сондықтан да әлеуметтік өмірге екі халықтың рухани достық байланысының жемісі ретінде келген Шоқан тек қазақтың ғана емес, сонымен бірге орыстың да белгілі шығыс зерттеуші ғалымы болды.

1835 жылы ноябрьде дүниеге келген Шоқанның балалық шағы әуелі Құсмұрын, кейінірек Көкшетау округтерінде аға сұлтан болған әкесі Шыңғыстың аулында өтті.

Полковник шеніне ие болған Шыңғыс XIX ғасырдың елуінші жылдарының бас кезінде қызметтен біржола босап шықты да, Көкшетау округінде Сырымбет тауындағы ата мекенін қоныстанды. Ол кезде бұл Құсмұрыннан Көкшетауға, Атбасардан Петропавлға ағылып жатқан почта мен керуен жолдары түйіскен тоғыз жолдың торабы болатын. Сырымбеттің әсем табиғаты, Көкшетаудың көз тойдырғысыз көркі бала Шоқанның сезіміне қатты әсер етті. Оның сол туып-өскен жерінің, табиғат көркін бейнелейтін көптеген суреттері сақталып, бізге жеткендігі мәлім.

Уәлихановтар семьясының естеліктеріне қарағанда, Шоқан бала кезінен-ақ алғыр, ширақ болған. Патриархалдық ортада өскен бала Шоқанның бір ұнататыны – өткен өмірден

<sup>1</sup> Омбы облысының мемлекеттік архиві. Ф-3. ОП. 13, д. 1. 1-2.

әңгіме, жыр төгіп, сыр шертетін халық ақындары мен жырауларды тыңдау еді. Сондай көпті көріп, өмірден көп нәрсе түйген ертегішіл, әңгімешіл карт би Ықылас Шыңғыс балаларының тәрбиешісі болатын.

Шоқан алғаш рет өз ауылы Құсмұрында арабша хат танып, шығыс тілдерін оқи бастады. Алайда Шоканның бұдан былайғы білім алу барысына Шыңғыс аулына жиі келіп тұратын орыстың оқымысты адамдарының еткен әсері ерекше болды. Шыңғыс аулында тек чиновниктер ғана емес, сонымен қатар оқымысты геологтар, геодезистер, топографтар т.б. адамдар тап болып тұратын. 1841 жылы Я.Н.Ханыков бастаған орыс геодезистері алғаш рет Обаған даласын топографиялық картаға түсірді. Шыңғыстың жазғы резиденциясының дәл қасына таңертеңнен кешке дейін шықпайтын еді. Шоканның ерекше ынталығына; зерделігіне назар аударған орыс офицерлері мен инженерлері, геодезистері оған қарындашпен сурет салуды үйрететін.

Әкесі аулына жинап алған ақын-жырауларды жастайынан тыңдап өскен Шоқан тіпті жасөспірім кезінің өзінде-ақ (1841 жылы) халық поэмалары: «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Едіге», «Ер Көкше», «Орақ» жырларының таңдаулы үлгілерінен хатқа түсіріп, Омбы кадет корпусында ұстазы Н.Ф. Костылецкийге берген. Бұл қолжазбалар Костылецкий арқылы кейін атақты шығысты зерттеуші ғалым И.Н. Березиннің қолына түскен.

1847 жылы Шыңғыстың досы Н.И. Добшинский 12 жасар Шоканды Омбыға әкеліп, кадет корпусына оқуға орналастырады. Бұл корпус өз заманында Ресейдегі ең таңдаулы оқу орындарының бірінен саналатын. Мұның қабырғасынан орыстың талай ғалымдары, саяхатшылары, алдыңғы қатарлы интеллигенттері тәрбиеленіп шықты. Соның ішінде Шоканның ең жақын достары Монғолия мен Орталық Азияны зерттеуші саяхатшы атақты ғалым Г.Н. Потанин, белгілі публицистер Н.Я. Ядринцев пен А.Ф. Анневский есімдері бүгінде барша жұртқа мәлім. Шоқан кадет корпусына келгенде орыс тілін мүлде білмейтін еді. Бірақ оның бойына біткен алғырлық пен ақылдылық аз уақыттың ішінде – ақ бұл

тілді меңгеріп кетуге мүмкіндік берді. Шоқан әсіресе тарих, география және шығыс филологиясы пәндерін өте жақсы сүйіп оқыды. Тіпті 2 курстан бастап-ақ табиғатынан зерделі Шоқан корпусың көптеген тәрбиешілерінің назарын аударып, курстас достарының сүйіспеншілігіне ие болды.

Жас Шоканның прогресшіл ағартушылық көзқарасының қалыптасуына кадет корпусы мұғалімдерінің ішінде өте-мөте Ждан-Пушкиннің, Гонсевскийдің, Лободовскийдің әсері зор болды. Әсіресе Петербург университетінің профессоры, белгілі ориенталист И.Н.Березиннің досы Н.Ф.Костылецкий өзінің талантты шәкірті Шоқанға айрықша әкелік қамқорлық жасады. Архивте бұл екеуінің шығысты зерттеуші И.Н.Березинмен байланысын көрсететін көптеген эпистолярлық (хаттар) және қолжазба материалдар сақталған. Бұл әдеби байланыс Шоқан кадет корпусын бітіріп шыққаннан кейін тіпті күшейе түсті.

Аталған адамдардың әсерімен Шоқан корпусың жоғары курстарында әлеуметтік роман оқып, ғылыми және философиялық әдебиеттермен шұғылданады. Ол Н.В.Гоголь, В.Г.Белинский, Ф.И.Герцен, Жан-Жак Руссо шығармаларын оқыды. Оны әсіресе Д.Байрон, М.Ю.Лермонтов, Г.Гейне, Ч. Диккенс пен У. Теккерей туындылары қатты қызықтырды. Батыс Еуропа социологтарынан Джон Стюарт Милльді, Экстонды, әсіресе Т. Карлейльдің сол тұстағы буржуазиялық қоғамды сынайтын әлеуметтік философиялық трактаттарын да қызыға оқыған Шоканды орыстың озат ойшылдары Ф.И. Герцен мен Н.В.Чернышевский идеялары алға жетеледі. Кадет корпусының қабырғасында жүргенде ол өзінің сабақтас досы Г.Н.Потанинмен бірге еш адам баласы толық зерттеп танымаған қиырларға саяхат шегуді армандайтын еді.

Шоқан кадет корпусын 1853 жылы корнет болып бітіріп шықты да, келесі жылы ақпанда Сібір казак әскерлерінің атты әскер полкына орналасты. Жергілікті халық тұрмысының ұнғыл-шұңғылын жақсы білетін жас білімді офицер бірден-ақ басшылықтың назарын аударды да, көп кешікпей ол Батыс Сібір генерал губернаторының адъютанты әрі арнаулы тапсырмалар атқаратын офицер қызметіне тағайындалды.

Өз қызметінің алғашқы жылдарында ол біздің еліміздің халықтарын рухани жақындастыруға, әсіресе Іле Алатауы бойындағы Ұлы жүз қазақтары мен Тянь-Шань, Ыстықкөл бойындағы қырғыздардың Ресейге өз еркімен қосылуына көптеген практикалық жұмыстар атқарды. Шындығында ол бұл мәселе жөнінен Батыс Сібір генерал губернаторының тікелей кеңесшісі болды.

Ол кезде әсіресе Жетісу бойы мен Ыстықкөл бассейні күн тәртібінде тұр еді. Міне, осы өлкені тұңғыш зерттеушілердің бірі Шоқан Уәлиханов болды. Ол Гутковский, Перемышльский және Хоментовскиймен бірге Ұлы жүз қазақтарын билеудің принциптері мен жобасын жасады. Өз кезінде Шығыс Түркістан мен Орта Азияның аса көрнекті білгір маманы болған Шоканның бұл салада еткен еңбегін орыстың көптеген ғалымдары өздерінің жазған хаттары мен естеліктерінде айрықша атап өтті.

1855 жылы Шоқан генерал Г.Х.Гасфордтың Іле сырты Алатау өлкесіне жасаған саяхатына қатысып, оның атынан соғыс министріне есеп беріп, рапорттар қазды. Бұл саяхат туралы А.Е.Врангельдің «Сібірдегі Ф.М.Достоевский жайындағы естелігінде» толық айтылған. Шоканның сол саяхатта жазған рапорттарына қарағанда, Гасфордтың ел аралап шығуы Жетісу өлкесінің Ресейге қосылуына қатысты бірқатар әскери, саяси және шаруашылық жүзеге асырумен тікелей байланысты болғандығы байқалады.

Гасфордпен бұл сапарда бірге болғандардың ішінде Шоканның нағашысы Мұса мен қазақтың ұлы ақыны Абайдың әкесі Құнанбай да бар еді. Ал А.М.Янушкевичтің айтуына қарағанда, олар Жетісу өлкесінде 1846 жылы генерал Вишневскийдің сапарында бірге болып, Ұлы жүз қазақтарының Ресейге қараған салтанатына қатынасқан көрінеді.

1853 жылы олар Ұлы жүз қазақтарының ру басылары мен қырғыз манаптарының бас қосқан мәжілісіне қатысып, Қокан хандығымен арақатынасты белгілеуге көп септіктерін тигізген. Бұл мәселені талқылауда Шоканның және солтүстік облыстардан келген беделді сұлтандардың болуы ерекше рөл атқарған.

1851–1854 жылдары Қокан эмиссарларының ұйтқуымен Ұлы жүздің Дулат руы көтеріліп, Іле бойынан Шуға ауа көшкен. Дәл осы кезде патша ағзамға Кенесары көтерілісі тұсында еткен еңбегі үшін иесіз қалған жерді сұрап, қырғыз манабы Орман Сібір әкімшілігіне хат жазған. Әуелгі кезде генерал Г.Х.Гасфорд Орманның тілегін қанағаттандыру ниетінде болса да, артынан әкімшіліктің жүргізген үгіт-насихатынан кейін Дулат руының қазақтары өздерінің атамекендеріне қайта көшіп келіп қоныстанған. Гасфордтың рапортына қарағанда, ол ең соңғы үлкен мәжілісті Верный бекінісінде өткізіп, онда Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз манаптарының Қокан хандығына жасақ төлемей керектігін түбегейлі шешу мәселесін қараған. Болашақ Верный қаласының орнын да істеліп жатқан құрылыс жұмысы да генералдың назарынан тыс қалмаған. Бұл сапарда генералдың көптеген күрделі - күрделі мәселелерді ойдағыдай шешіп қайтуында Шоканның рөлі ерекше болған. Шоканның осы еңбегін ерекше бағалаған генерал 1855 жылы 17 декабрьде соғыс министрлігіне арнайы хат жазып, Шоқанға поручик шенін беруді өтінген. Сол өтініш бойынша 1856 жылы 25 мартта «үздік қызметі үшін» Уәлихановқа поручик атағы, артынан екі жылдан соң штаб ротмистр атағы берілген.

Шоқан өзінің қызмет бабындағы осындай сапарлары мен саяхаттарын туған өлкесін зерттеп білу ісімен, атап айтқанда, ғылыми мақсатпен ұштастырып отырған.

Шоқан қазақ, қырғыз халықтарының түптөркіні жайындағы аңыз-әңгімелерді, ауыз әдебиеті үлгілерін де көп жинап, хатқа түсірген.

Шоқан Уәлиханов Жетісу өлкесінде алғаш рет болған сапарының өзінде-ақ «Іле сыртының географиялық очеркі», «Ұлы жүздің қырғыз-қайсақтары туралы» еңбектерінде рецензиялар жазған болатын. Әсіресе Березинмен көп уақыт хат жазысып, оған хат, жарлықтарды оқуда кездескен архаизм сөздерді түсіндіріп отырған.

Осы жазысқан хаттардың негізінде кейін Шоқан И.А. Березиннің «Хат жарлықтарына» рецензия жазған. Шоканның ғылыми еңбектеріне қарағанда, оның орта ғасырдағы Қазақстан тарихын жақсы білгендігі бірден – ақ

көзге түседі. Ол өзінің еңбектерінде «Текбаинама», «Бабыр-нама», «Тарихи Рашиди» сияқты сирек кездесетін ғылыми кітаптарға, сондай-ақ Джувейни, Рашид-ад-дин, Әбілғазы еңбектеріне сүйеніп отырады.

Шоқан 1856 жылы Ф.М. Достоевскийдің досы полковник Хоментовскиймен бірге Қырғызстанға саяхат жасады.

Ыстықкөл мен Тянь-Шань өлкесін аралап, жүріп, қырғыздың Сарыбағыш және Бұғы руларының тұрмыс – тіршілігі, салт – санасымен танысты, қырғыз халқының эпикалық жыр – дастандарын жазып алды. Осы сапарда ол қырғыз халқының атақты дастаны «Манастың», «Көкөтай ханның өлімі мен ас берілуі» бөлімін жазып алып, оның кей бөлімдерін орыс тіліне де аударды. Бұл бөлімнің Шоқанды әсіресе қызықтырғаны Тянь-Шань мен Енисей арасындағы ежелгі көш жолының суреттелуі, сондай-ақ көптеген тарихи – этнографиялық тұрмыс-салттық аңыздар мен мағлұматтардың молдығы еді.

Ыстықкөл экспедициясынан кейін Шоқан өкімет тапсырмасы бойынша Қытаймен арада үзіліп қалған сауда және дипломатиялық қарым-қатынасты қайта жалғастырып, қалпына келтіру мақсатымен Құлжаға барып, онда үш ай бойына Қытайдың табыс өлкесінің тарихын, экономикасын, сауда-саттық жағдайларын, саяси мемлекеттік құрылысын зерттеді. 1855–1858 жылдар арасында ол Жетісу бойының тарихы мен этнографиясын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, ауыз әдебиеті үлгілерін ғана зерттеп қойған жоқ, сонымен монғолдардың шабуылына дейін гүлденіп өскен қалалардың (Алматы, Қойлық, Алмалық, Тарғал т.б.) тарихын зерттеп, ежелгі өнер ескерткіштерін, академик Вельяминов-Зернов жазған алтын-күміс ақша үлгілерін жинады.

Небары 21 жастағы жас Шоқанның алғашқы саяхаттан жазған «Ыстық көлге сапар», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қақпасы», «Қырғыздар туралы жазбалар», т.б. еңбектерінің өзінен-ақ ғалымдық таланты, ғылыми байқағыштығы, сол өлкелерді мекендеген жергілікті халықтардың тарихын, географиясын жақсы білетіндігі айқын танысады. Оның осы алғашқы ғылыми еңбектерін

аса жоғары бағалаған Петербор ғалымдары Шоқанды 1857 жылы орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайлады.

Шоқанның ғалымдық данқын көтерген оның Қашқарияға жасаған шын мәніндегі ерлік саяхаты болды. Шығыс Түркістан тарихының ең бір қанқұйлы, қиын кезінде өз басына төнген қауіп-қатерге қарамай, бұл сапар Шоқанды дүниежүзіне әйгілі саяхатшы, тынымсыз ғалым, зерттеуші ретінде танытты.

Шығыс Түркістанға атақты Марко Поло мен Диезут Гоестен соң (XVI ғ.) Еуропаның бірде-бір ғалымының аяғы тимеген еді. Белгілі неміс ғалымы, географ Адольф Шлатинтвейттің Қашқарияға саяхаты қайғылы қазамен тынды. Жергілікті әмірші Уәлихан төренің бұйрығымен оның басы алынғандығын да Шоқан анықтап қайтты.

Шоқанның осы саяхаттан жазған күнделіктері мен «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының алты қаласының жағдайы туралы» деп аталған атақты еңбегі шын мәнінде отандық, сондай-ақ дүниежүзілік ғылым – география ғылымына қосылған зор үлес болды. Бұл еңбектер Қашқарияны Еуропа ғылымына алғаш рет ашып берген бірден-бір құнды еңбектер еді. Сондықтан да Ресейдің шығыс халықтарымен байланысын күшейту кезеңінде бұл еңбектердің практикалық маңызы зор ерекше рөл атқарды.

## ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ

Шоқан Уәлихановтың әдеби мұрасы өте бай да әр алуан. Оның еңбектерінің дені баспасөз бетінде жарияланбаған, бізге қолжазба күйінде жетті. Бір ғасырға жуық бұл асыл мұралар қалың көпшілікке мәлім болмай келді.

Сан алуан ғылыми - әдебиеттілік мұраларына қарағанда, Уәлиханов әр жақты, білімді парасатты ғалым болған; ол геолог та, этнограф та, тарихшы да, шығысты зерттеуші де, экономист те, публицист те, ойшыл да, әдебиетші де. Өзінің осынау ғылыми еңбектерімен Шоқан отандық ғылымымызға да, дүниежүзілік ғылымға да зор үлес қосты.

Ш.Уәлихановтың саяхатшы географ, Орта Азия мен Шығыс Түркістанды зерттеуші ғалым ретіндегі ғылыми еңбектерін бүкіл дүниежүзілік ғылым мойындап отыр, оның еңбектеріне аса жоғары баға берген, ең алдымен, орыстың озат ғалымдары оның мезгілсіз қаза болғанына өкініш білдіреді, өйткені зор білімі бар, асқан қабілет иесі Шоқан тәрізді адамның ғылымға бергенінен берері әлдеқайда көп еді.

Ш.Уәлихановтың географиялық зерттеулеріне көптеген ғалымдар, соның ішінде, ең алдымен П.П. Семенов-Тянь-Шанский, И.В. Мушкетов, М.И. Веников, Н.А. Аристов сияқты ғалымдар орынды баға берген болатын. И.В. Мушкетовтың айтуы бойынша, Уәлихановтың Тянь - Шань мен Жетісу географиясы жайындағы еңбектерінің «ғылыми зор маңызы бар еді және бұл еңбек автордың әр жақты білімі, сирек ұшырасатын байқағыштығы барлығын паш етеді». Вениковтың бағалауына, Тянь-Шаньның таулы елдерін, шынында, ғылыми зерттеген Захаров, Уәлиханов, Голубев болды. Шоқан шығыс пен Еуропа елдерінің бірсыпырасының тілдерін ғажап білген. Орта Азия мен Қазақстанның географиясы мен тарихына қатысы бар орыс тіліндегі деректерден басқа, бүкіл Еуропа мен шығыс тілдеріндегі барша дерек-

терді оқи алатын еді. Ол шығыстың классик жазушыларының шығармаларын, орыс және шетел шығыстанушылары мен географтарының еңбектерін жақсы білетін.

Ш.Уәлихановтың әдеби мұрасы – ғалымның Қазақстан мен Орта Азияға әлденеше рет жасаған сапарлары мен саяхаттарының нәтижесі. Шоқан бұл жерлерге 1855 жылы тұңғыш саяхат жасады, онда жас ғалым Орталық Қазақстанды, Жетісуды, Тарбағатай тауларын аралады. Бұл саяхаттарында Уәлиханов қазақ халқын, оның тұрмысын, әдет – ғұрпын ғылыми тұрғыдан кең көлемде зерттеуге негіз салды. Осы сапарларының өзінде статистика жайында, қазақтардың заң дәстүрлері мен көне діні турасында ұшан – теңіз материалдар жинады.

Уәлихановтың ғылыми қызметінің кең өріс алуы 1856 жылдан басталады. Осы жылы Шоқан білімді офицер М.М.Хоментовскийдің басшылығымен ұйымдастырылған әскери-ғылыми ірі экспедицияға қатынасты. Бұл экспедицияның алдына қойған мақсат – нысанасының бірі қырғыз халқымен жақын танысу болса, екіншіден, Ыстықкөл бассейніне съёмка жасау еді.

Осы экспедицияға қатынасқан Уәлиханов Ыстықкөл жағалауларын түгел аралайды және Тянь-Шань құздарына шығады. Бірнеше сапарды Шоқан географ ғалым П.П. Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге жасайды. Бұл жолында ол Алакөлден орталық Тянь-Шаньға, Ыстықкөлге шейін сапар шегеді. Маусымның бірінші жартысында Іле Алатауында, соған соң соның асулары арқылы Күңгей, Теріскей Алатауда болады, Ыстықкөлдің солтүстік және шығыс жағалауларын аралайды, соған Жырғалаң өзенінің сайларымен Орталық Тянь-Шаньның шыңдарына көтеріледі. Сол шыңдардан саяхатшы Хан Тәңірінің ғажайып таулы көрінісін көзімен шолады. «Менің бұл саяхатымды, – дейді Уәлиханов, – жүрген жерлерімнің сипатына қарай екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңі менің Жоңғариядағы сапарыммен, яғни Жетісуға, Іле өлкесіне, Ыстықкөлге жасаған сапарыммен аяқталады... Жоңғарияда алғаш рет 1856 жылы болдым. Ыстықкөлге полковник Хоментовский ұйымдастырған бірін-



ші экспедицияға қатыстым. Сонсын 3 ай Құлжада тұрдым. Бас-аяғы Жонғарияда 5 ай болдым: Алакөлден Тянь-Шаньға дейін бардым, сол жылы Жырғалан өзені арқылы Тянь-Шаньға көтерілдім». Осы сапарында Шоқан Жетісу мен Ыстыккөлдің табиғаты мен хайуанат дүниесін зерттейді, орнитологиялық және энтомологиялық соңынан оның ғалым достары анықтау үшін, Дрезден Академиясына жібереді.

Шоқанға аса зор әсер еткен көне мәдениеттің ескерткіштері болды. Жетісу мен Тянь-Шань төңірегінде мұндай ескерткіштерді кез келген жерден кездестіруге болатын еді. Әсіресе оның бейіл қоя зерттегені – Ыстыккөлдің толқынымен жағаға шығып қалған қала мәдениетінің жұрнақтары, атам заманғы жер суару жүйесінің қалдықтары, ескерткіштері, эпиграфиктер мен тас мүсіндер, осы ескерткіштерді зерттеу Шоқанға сонау көне дәуірдің бейнесін қайта қалпына келтіруге, Ыстыккөлмен бүкіл Жетісуды мекендеген халықтар туралы тарихи түйіндеу жасауға мүмкіндік берді.

Жас ғалымның 1856 жылдардағы тұңғыш сапарының ғылыми нәтижесі оның талантты да ғажайып жазылған күнделіктері мен очерктерінде («Ыстық көлге сапар», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалары») көрінеді. Бұлар – Шоқанның жиырмалардан жаңа ғана асқан кезіндегі жазылған еңбектері. Оның ертеректе жазылған осы ғылыми еңбектері бізге тек қолжазба күйінде жетті.

Бірақ осы еңбектерінің өзінен-ақ Шоқан сезгіш, парасатты ғалым екенін, Тянь-Шань мен Жетісудың географиясын, осы өлкеде сонау көне заманда мекендеген халықтардың тарихын ғажап білетінін аңғартты. Тянь-Шань мен Жетісудың табиғатын, жерінің орфографиясын, өсімдіктері мен хайуанаттар дүниесін суреттеп жазуы өте тартымды.

Әсіресе, 1856 жылғы Құлжа күнделігі ғылыми зор көңіл аударуға татырлық еңбек, бұл еңбегінде Уәлиханов өзінің жүрген сапарын, Жонғарияны мекендеген халықтардың қытайлардың, сиболардың, солондардың, калмақтардың

т.б. тіршілігі мен тұрмысын қызықты етіп жазған. Стиліне қарағанда, Уәлихановтың күнделіктерін әдеби жазылған көркем очерк деуге болады. Бұл күнделіктер Шоқанның үздік жазушылығымен қатар, оның байқағыштығын, халық өміріне терең бойлап, оның егжей-тегжейіне дейін көре алатынын аңғартады.

Жалпы алғанда, сол саяхат кезеңдерінде жазған Уәлихановтың күнделіктері мен жазбаларынан халық өміріне терең үніле білушілік айқын сезіледі.

Ш. Уәлихановтың 1858 жылғы Қашқария күнделіктерінде аса бағалы байқаулар бар. Бұл күнделіктер негізінен Орталық және Оңтүстік Тянь-Шаньның табиғатына арналған. Күнделік Ыстыккөлдің Зәуке асуынан басталып жүргізіледі де, Қашқар сайымен, демек, көгілдір жоталардың оңтүстік тармақтарымен аяқталады.

Зәуке асуынан оңтүстікке қарай қырғыздар «Сыр» – деп атайтын зәулім таулы өлке жатыр. Шоқанға дейін бұл таулы өлкеге бірде-бір ғалым аяқ баспаған еді. Тянь-Шаньға саяхат жасаған Петр Петрович Семенов тек Нарын өзенінің жоғары ағысына дейін барып, Ыстыккөлге қайтып оралған. Орталық Тянь-Шаньда зерттеуге аса зор ықылас қойған Шоқан сыртқа зер сала бақылау жүргізеді де, бар көргенін өзінің күнделігіне жазады.

– Бүгін біз, – деп жазады Шоқан, – Зәукеден астық та, бұрын көрмеген-білмеген жат елге аяқ басып отырмыз. Бұл мәлімсіздік мені толығырақ та дұрысырақ күнделік жүргізуе мәжбүр етеді. Біздің керуен тек жаңа ғана қос пен шатыр тігіп үлгерді... Жан-жағымызда аппақ қар басқан тау, төменде терең сай, оның сонау түкпірінде көл көрінеді. Қар жауып тұр, сұп-суық. Мен бұл күнделікті отбасының сығырайған жарығында қоста жазып отырмын.

Сыртқа географиялық суреттеу жасап, оның жалпы сипатын тұңғыш жазған Шоқан болды, ол Сыртты кең үстірт деп анықтайды, оның табиғаты мен ауа-райының ерекшелігін суреттейді. Оның пікірінше, Тянь-Шань сырты теңіз деңгейінен кейін 4000 метр биік болса керек.

– Бұл биік тау елдің, – деді Уәлиханов, – ауа райының қаталдығы, хайуанаттары мен өсімдіктерінің өзгешелігі осы

биіктігінен болса керек. Тіпті бұл жерде жеміс ағашы түгіл, жай ағаш та ұшыраспайды. Бұл – елсіз-күсіз қаңырап бос жатқан таулы өлке. Мұнда егіс те егілмейді, мал да өсірілмейді, жалпы ешқандай тіршілік иісі сезілмейді. Уәлихановтың айтуы бойынша, бұл таулы Сырттың басты өзгешелігі – бұл жерде алай-түлей түтек болып тұратындығы. Ол ауаның сиректігінен кислородтың тапшылығынан болса керек. Осы алай-түлей түтіктен адамдар мен керуен кәліктері көп азап шегетін көбінесе, өліп қалатын көрінеді.

Шокан керуенмен сапар шеге отырып, Орталық Тянь-Шаньды меридиан бойынша солтүстіктен оңтүстікке шейін кесіп өтті. Оның бұл сапары 12 күнге созылды да, Тянь-Шаньның оңтүстік беткейіндегі Теректі-Дауан асуымен аяқталды.

Керуен таможнялық байқау болатын. Қытайдың бірінші бекетіне жақындаған кезде, Шоқан өзінің күнделігі туралы көп толғанды, ол оны жерге көміп кетіп, сонан соң қайту сапарында қазып алуға ұйғарды. Көз жазбас ыңғайлы бір жерді сайлап алып, Шоқан күнделігін теректі Дауан сайына қалдырып кетті. «Тағат ташпаймын – дейді Шоқан, – күнделікті қазір жерге қомуім керек, егер алла тағала бізді аман-есен көрістірер болса, күнделік су тиіп көгеріп кетпесе, оны қайтадан тағы да жарық дүниеге шығарамыз. Сені бір аллаға тапсырдым, қош, сау боп тұр», – деп әзілдеп күнделігімен қоштасады.

Уәлихановтың Қашқар экспедициясы өте жемісті болды, оған орыс ғалымдары аса назар аударды.

Қашқардан Шоқан бірсыпыра сирек ұшырататын шығыс қолжазбаларын алып қайтты: «Тәзқирәй Султан Сутук Бутрахан» (Сутук Бутра ханның тарихы) «Тәзқирәй Түгдүк-Тимурхан» (Түгдүк-Тимурдың тарихы), «Тәзқирәй Хожаған» (Қожалардың тарихы), Абу-Мүслім Маурузи, тағы да басқа ұйғыр, иран тілдеріндегі тарихи жазбалар.

Уәлиханов әкелген ұшан-теңіз материалдардың ішінде оның қарындашпен салған суреттері едәуір орын алады. Бұл суреттерде Шығыс Түркістанның өмірі мен адамдарының бейнелері беріледі.

Уәлихановтың Қашқар сапарының басты жемісі – оның «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу (Кіші Бұхара) провинциясының шығысындағы алты шаһардың халі туралы» деген аты шулы еңбегі. Бұл Шығыс Түркістан жайлы жазылған тұңғыш қомақты ғылыми еңбек. Уәлиханов Шығыс Түркістанның географиясы, тарихы, этнографиясы, экономикасы және халықтарының әлеуметтік-саяси құрылысы турасындағы өзінің ғылыми мәліметтерімен отандық ғылымымызды байытты. Шоканның бұл еңбегі еуропалық ғылым өресінен жазылған алғашқы еңбек болды. Көптеген соны материалдарды қамтуы, оларға кен де терең талдау жасауы жағынан Шығыс Түркістан жайлы Уәлихановтың еңбегі – біздің Отандық ғылымымызға қосылған зор үлес, бұл еңбек күні бүгін де өз мәнін жойған емес.

Осы тамаша еңбегінде жас ғалымның жан-жақты орасан білімі, оның талантының өрісі, халық өміріне терең бойлай білер ақыл-зердесі айқын көрінеді.

Ресейдің Шығыспен экономикалық және мәдени байланысының өрістеуі, нығаюы кезеңінде Уәлихановтың еңбегінің практикалық зор маңызы болды. Ол Ресейдің мемлекеттік және әскери қайраткерлері үшін мәлімет аларлық маңызды дерек болды. Архив документтеріне қарағанда, Уәлихановтың қолжазбалары екі жыл ішінде талай ғалымдардың, мемлекеттік және әскери қайраткерлердің қолынан өткені айқын.

Қызмет мақсаттарына пайдалану үшін бұл көлемді қолжазбасын ықшамдап қысқартылған вариант жасаған, ол қазір Мәскеу мен Ленинград архивтерінде сақтаулы.

Шоканның тұтастары – ғалымдар, жазушылар, әскери мамандар – Қашқар жайындағы бұл еңбекті жоғары бағалаған, оны шын мәніндегі географиялық жаңалық, күні бүгінге дейін мәліметтерін басшылыққа алып келген Еуропаның географ-ғалымдарының, шығыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі оқулықтарды толықтыратын үкімет үшін, ғылым үшін, аса зор пайда келтіретін еңбек деп есептеген.

Ш. Уәлихановтың еңбектері Ресей мен Батыс Қытай арасында сауда және мәдени қарым-қатынас орнатуға тиек болды.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектерінің ішінде ерекше зер саларлық еңбектері – оның Жетісудың Ыстықкөлдің, Тянь-Шаньның тарихы мен географиясына арналған зерттеулері «Жоңғария очерктері», «Ыстықкөл сапарының күнделігі» және «Күлжа күнделігі».

Хан мен бектерді тепкісінде зар илеген Орта Азия халықтарының өмірін Шоқан өте жақсы білді. Өзінің бірсыпыра еңбектерінше ол феодалдық тоқыраушылықты сынайды және Орта Азиялық деспотизмнің қатал көріністерін береді. Орта Азия халықтарының өрелі көне мәдениетін сөз қыла отырып, Уәлиханов қазір бұл өлкенің қаңырап бос қалған, жабайыланып кеткен көрінісін суреттейді.

«Жоңғария очерктерінде» Шоқан осы мешеулікті, фанатизмді, жатып ішер арамтамақтықты мінейді, олардың залалды идеологиясын әшкерелейді. «Орта Азияның билеп-төстеушілері, – деп жазды ол, өздерінің ата-бабалары тәрізді қазір өлең, мемуарлар жазбайды, оның есесіне күн сайын салтанатты топ құрып, мешітке барады, сонда барып молдалармен бас шұлғып, әңгіме құрады». «Жоңғария очерктерінде» Уәлиханов қазақтар мен қырғыздар туралы маңызды тарихи-этнографиялық мәліметтер береді, қырғыздың әйгілі «Манас» поэмасымен оқырмандарды тұңғыш рет таныстырады.

Ыстықкөлге барған сапарларында Шоқан қырғыз халқының өмірімен, тұрмысымен жақын танысты, оның тарихын, этнографиясын, халық поэзиясын терең зерттеді. Қырғыз халқының арасында қажымай-талмай жүргізген жұмыстарының нәтижесінде Шоқан қырғыз халқы туралы аса бай тарихи-этнографиялық материалдар қалдырып етті, бұл оның ғылыми-әдебиеттік өмірбаянының ең бір аяулы кезеңі боп қалды. «Этнографиялық очерктер, статистикалық мәліметтер, тарихи хабарлар, үйсіндердің және тау-тасты мекендеген қырғыздардың ауыз әдебиетінің ескерткіштері менің жазбаларымда бірнеше дәптер болады», – деп есіне түсіреді Уәлиханов.

Жас ғалым қырғыз халқының әйгілі «Манас» поэмасына тұңғыш рет жұртшылық назарын аударады, оның

үзінділерін бірнеше рет ғылыми тұрғыдан жазып алады, оған қоса орысша аудармасын береді. Шоқан поэмаға тұңғыш рет тарихи әдебиеттік талдау жасайды, поэмадағы аты шулы батыр Манас бейнесіне, сол сияқты, оның өзге қаһармандарына баға береді, поэма орта ғасырдың алғашқы кезеңінде туды деген тоқтамға келеді «Тау тасты мекендеген қырғыздарда, – деп жазады Уәлиханов, – ноғайлы дәуіріне жататын бір ғана «Манас» дастаны. «Манас» – бір дәуірге сәйкестірілген бір адамның – Манас батырдың төңірегіне топтастырған қырғыздардың бүкіл аңыздарын, ертегілері мен аңыз әңгімелерінің жиынтығы. Бұл дала Иллиядасы тәрізді. Қырғыздардың өмір тіршілігі, әдет-ғұрпы салт-санасы, мінез-құлқы, географиясы, діндік және медициналық дүние тануы, олардың халық аралық қарым-қатынасы осынау көлемді дастанда айқын көрінеді. «Манас» – көптеген эпизодтардан тұратын тұтас шығарма. Екінші бір дастан – Манастың жалғасы «Сәметей» ол – қырғыз Одиссеясы»<sup>2</sup>.

Шоқан «Манастан» «Көкөтай ханның өлімі және оның асы» деген қызықты бір оқиғаны аударған. Бұл эпизод Шоқанға өте қатты ұнаған, өйткені ол қырғыздардың тарихы мен этнографиясына, шаруашылығы мен тұрмысына, заңына байланысты мәліметтерге өте бай еді, мұнда сонымен қатар, Қазақстанда мекендеген ескі рулардың (Орталық Қазақстанның Ұлытау мен Кішітау сияқты тауларының атауы) қырғыздармен арасындағы қарым-қатынастары жайлы, атам заманда құрып кеткен ескі рулардың әдет-ғұрпы, заң дәстүрі жайлы көптеген деректер бар.

Жас Шоканның ертеректегі еңбектерінің ішінде маңыздысы – қырғыздар туралы (1875) аяқталмаған зерттеулері. Қырғыздардың Енисейде, содан соң Тянь-Шань, Памир, Алтай тауларында бір уақытта тұруы оны өте қатты толғандырды. Осы маңызды мәселені шешу және Саян жоталары мен Тянь-Шань арасында ертеде көш жолдарының болуының каншалық дұрыстығы бар, осыны анықтау жас ғалымның алдында тұрған көкейкесті мәселе болады.

Тарихи деректерге, халық аузындағы аңыз-әңгімелерге

<sup>2</sup> Шоқан Уәлиханов. Шығармалары, 71-72 бб.

сүйеніп, Ш.Уәлиханов Тянь-Шань қырғыздарын бұл жердің атам заманнан мекендеген ежелгі тұрғындары деп дәлелдеді. «Қырғыздар өзінің ежелгі Отаны Тянь-Шань таулары деп есептеді. Оңтүстік Сібірден ауып келгендігі жайлы аңыз-ертегілер оларда сақталмаған, алайда оңтүстіктен солтүстікке қарай, Қара Ертіске, Алтай мен Ханғайға, шығысында Үрімшіге дейін қырғыздардың көшіп-қонып жүргені жайлы аңыз-әңгімелер бар», – деп жазды Уәлиханов.

Қырғыздардың Тянь-Шань мен Енисей арасында көшіп-қонушылары XVII ғасырға дейін созылған, сол көшіп-қонушылары олардың ежелден келе жатқан көш жолдарын жоңғарлар басып алып қойғанда ғана тоқтатылса керек деп дәлелдейді Шоқан.

«Біздің жобалауымызша, – дейді Уәлиханов, – қырғыздар батысқа өздерінің қазіргі мекеніне сонау бағзы заманнан келіп орын тепкен, өйткені Гулагай 1253 жылы маршрутында Тянь-Шаньнан қырғыздарды ұшыратады және олар Тянь-Шаньнан Ханғайға, керісінше, Ханғайдан Тянь-Шаньға дейін соңғы кездерге дейін қоныс аудара берген, мұны халық аңыздарынан да көруге болады. Мұндай қоныс аударулар тек Тянь-Шань мен Алтай арасында ойраттардың немесе жоңғарлардың үстемдіктері орнағанда ғана тоқтатылған.

Қырғыз туралы шығыс деректерін жете білген жас ғалым өзінен бұрынғы географтардың К.Риттердің, А.Гумбольдтың, шығыс зерттеушілері Шоттың, Клапроттың қырғыз тарихын зерттеудегі жіберген бірсыпыра қателерін сынға алады.

Өзінің қыршын жас өмірінің денін Уәлиханов қазақ халқының тарихын, этнографиясын, ауыз әдебиетін зерттеуге сарп етті. Ол бұл салада да бірталай ғажайып еңбектер тастап кетті. Қазақ тарихына байланысты зерттеулерді ол 1855 жылдан (қазақтардың ескі діні жайындағы материалдар, «Тәңірі бастады деп, жоғарыда айтып өттік. 1856 жылы «Ұлы жүз қазақтарының аңыз-әңгімелерін», «Ерте замандағы қырғыздардың қару-жарақтары», «Шона батыр» (қарасақал) турасындағы еңбектерін жазды. Бірақ қазақ материалдарымен тек 60 жылдардан, әсіресе өз өмірінің Петербор кезеңінен бастап қана тікелей шұғылданады.

Петербургтағы кезінде Шоқан жұмысқа қауырт кірісті. Ол қатарынан бірнеше мекемеде: бас штабтың ғылыми-соғыс комитетінде, Азиялық департаментте, университетте, географиялық қоғамда жұмыс істеді. Бас штабтың ғылыми комитетінің тапсыруы бойынша ол Орта Азия мен Шығыс Түркістанның картасын жасайды. Ол туралы Шоканның өзі: «Жоғары мәртебелі генерал-квартирмейстер мырзаның тапсыруы бойынша, Орта Азияның картасымен шұғылданып жатырмын», деп жазады. Оның редакциясымен «Балқаш көлі мен Алатау жоталары арасындағы алқаптың картасы», «Іле өлкесінің батыс жағын рекогносцировкалау» (1856), «Құлжа қаласының жоспары», «Ыстықкөл экспедициясының нәтижелері туралы есепке қоса жасалған карта» (1856), «Қытай империясының батыс өлкесінің картасы» т.б. Ол әр тілде жазылған көптеген карталарды зерттеп қарап шығады. «Петербургте Шоканды мен офицер кезінде, оның абырой-даңқы артып тұрған кезінде ұшыраттым, – деп еске түсіреді Н.М. Ядринцев, – оны ылғи әр алуан шығыс көне қолжазбалары мен карталарын зерттеп отырған шақтарында кездестірген едім».

Уәлиханов географиялық қоғамда сыбана жұмыс істейді. Ол Риттердің еңбектерінің басылымын әзірлесуге қатынасады. Қазақстан мен Орта Азияның географиясы мен этнографиясы жайлы материалдар құрастырады, қоғам мүшелеріне Шығыс Түркістан, Тянь-Шань мен Қырғыз өлкесі туралы лекция оқиды.

Шоканның Петербордағы осындай әр алуан қызметі оның орыстың көптеген көрнекті білімпаздарымен, әдебиетшілерімен тікелей қарым-қатынаста болуына, олармен достық байланыс жасауына кең жол ашты.

Ш.Уәлихановтың ғылыми көзқарасының дамуына, әсіресе оның орыстың гүламасы П.П. Семенов-Тян-Шанскиймен ниеттес болуының аса зор маңызы болып, оның еңбектерін оқуы ғылыми өрісінің ұлғаюына Қазақстан мен Орта Азияны зерттеу жайындағы жұмыстарының бағдарының кеңеюіне белгілі ықпал жасады.

П.П.Семенов-Тян-Шанский Шоканның ең сырлас досы

болды, оған достық ниет білдіріп, Шоқанның сол кезде әлі бимәлім Азияны зерттеу жөніндегі талабына ынта қойып отыратын. Петр Петрович абзал ғалым Уәлихановтың бейнесін ұзақ есінде сақтайды, орайы келгенде ол туралы жақсы лепесін білдіріп отыратын.

Петербордағы кезінде Географиялық қоғамның басылымында жариялау үшін өз еңбектерін әзірлей жүреді. Бұл жөнінде оған аса зор көмек көрсеткен П.П. Семенов-Тянь-Шанский болды. Петр Петрович өзінің мемуарында Гасфордтан: «Шоқан генерал-губернатордағы қызметінде жүріп, өзінің қырғыз даласы жайындағы жинаған этнографиялық және тарихи аса тамаша материалдарын бір ізге түсіру үшін, Петерборға ұзақ уақытқа келуге мүмкіндік беруін» – өтінді. Оның үстіне Уәлихановқа қолымнан келгенше қамқорлық жасаймын. Географиялық қоғам тарапынан жәрдем беремін деп уәде еткен едім».

Петерборда Шоқанның білім арнасы кеңейіп, рухани дүниесі байып қайтты. Оның орыстың озат ғалымдарымен, әдебиетшілерімен достық арасында нышан болуының бұл жөнінде аса зор маңызы болды. Уәлиханов кітапханасы жоқ, университеті жоқ сахарادا тұрып, Қазақстанның тарихы мен этнографиясының ең басты мәселелеріне талдау жасады. Оның бұл жылдардағы теориялық ой-пікірінің биік-шыңы – «Қазақтардың сот реформасы жайлы жазбалары», «Сахарاداғы мұсылмандық туралы», «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары» деген ғылыми еңбектері. Бұл еңбектерінің Шоқанның прогресшіл-демократияшыл көзқарасы ап-айқын көрінеді. Әсіресе «Сот реформасы жайлы жазбалары» мен «Сахарاداғы мұсылмандық туралы» еңбектерінің ерекше маңызы бар. Осы жоғарыда аталған және басқа да еңбектерінде Шоқан ағартушы-демократ, езілген халық бұқарасының үміт-арманын көксеушісі ретінде көрінеді. Езілген қазақ халқының мұң-мүддесін қорғай отырып, ол сол кездегі әлеуметтік құрылыс туралы, оның халыққа залалы жайлы сын пікірлерін де өрістете түседі.

«Сот реформасы жайлы жазбада» Шоқан езілген қазақ халқының мүддесін қорғайды, сол үшін күреседі.

Ат төбеліндей байлар мен билердің, сұлтандардың мүдде – тілегіне орай жүргізілген патша үкіметінің Қазақстанның Солтүстік Шығысындағы реформасының биік – халықтық сипатын қатты сынады, қазақтың еріксіз қалың бұқарасын тонау үшін, патша чиновниктеріне онан сайын кең мүмкіншілік беретін реформаның жалған сипатын әшкерелейді.

Сібір қазақтары жайлы сот реформасының нақтылы таптық сипатын дәлелдей келіп, Шоқан бай мен жарлылар арасында мүдде қайшылығы бар деген тоқтамға келеді. Дегенмен, Шоқан тап күресін таптық қоғамның негізгі қорғаушы күші деп тану дәрежесіне көтеріле алмайды. Алайда, Шоқан қазақтың патриархалдық – феодалдық қоғамында тапқа жіктелу сипаты барлығын көре білді. Бұл таптардың арасында терең қайшылық, қырғи – қабақ өшпенділік бар, сондықтан солардың тілек – мүдделері мүлде қарама – қайшы деп білді Шоқан.

Шоқанның идеялық тұрғысы оның дін жайындағы хаттарынан айқын аңғарылады, бұл хаттарында ол ағартушы – материалист ретінде көрінеді. Орыстың ұлы ойшылдарының дәстүрімен Шоқан дін мен нанымның түп зайырын материалистік тұрғыдан түсіндіреді. Діннің пайда болуын ол табиғаттың күдіретті күштерінің алдында жабайы адамдардың дәрменсіздіктерінен, олардың табиғаттың керемет сырларын түсінбеушіліктерінен туған деп біледі.

Уәлихановтың дін мәселелеріне арналған еңбектерінің ішінде оның «Даладағы мұсылмандық туралы», «Шаман дінінің қалдықтары» деген жазбаларының ғылыми мәні бар. Соңғы еңбегінде Шоқан қазақтардың көне дінінің (шаманизмнің) шығуын материалистік тұрғыдан түсіндіреді.

Уәлихановтың қазақтардың этнографиясы мен тарихына арналған өзге еңбектерінің ішінен «Қырғыздардың ата-тегі», «Қазақ батырлары», «Қырғыздардың қоныстары туралы», т.б. еңбектерін атап өткен жөн.

Өзінің бірсыпыра еңбектерінде Шоқан тек тарихшы, этнограф ғана емес, сол сияқты әдебиетші, публицист, көркем сөздің гажайып шебері ретінде де көрінеді. Оның қазақтың

халық поэзиясының теориясы және қырғыздың «Манас» дастаны жайындағы аяқталмаған ғылыми зерттеулері сүйсіне зер саларлық еңбектер. Шоқан бұл еңбектерінде туысқан халықтар әдебиетін тұңғыш зерттеуші ғалым болып көрінеді. Қазақ әдебиетінің тарихы үшін Шоқан Уәлихановтың хат түріндегі мұрасының, сол сияқты оның орыстың ұлы жазушыларымен, ғалымдарымен жазысқан хаттарының мәні зор. Г.Н. Потаниннің айтуы бойынша, Шоқан жасырақ кезінде жазушы болам деп талпынса керек, өзінің алғашқы еңбектерінің А.С. Пушкин мен М.Ю. Лермонтовтың прозалары сияқты көркем проза түрінде жазады. «Егер де қырғыз халқының ішінде оқырмандары болса, – деп жазады Г.Н. Потанин, – ол өз халқының кемеңгері болар еді және өзінің тайпаластарының әдебиеттік өрлеуіне негіз салар еді».

Алайда Шоқан артына бірсыпыра көркем проза ескерткіштерін де қалдырып кетті. Оған мысал ретінде оның «Ыстықкөл күнделіктері» мен «Құлжа өлкесі жайлы очерк» деген еңбектерін алуға болады. Бұл күнделіктер – талантты жазылған көркем шығармалар, олар Лермонтовтың Кавказ очерктерін елестетеді. Бұл шығармаларда ол сол өлкелердің табиғат көріністерін қызық та ғажайып суреттей отырып, халық өмірін терең де, ғылыми жағынан дұрыс та тани білгендігін көрсетті. Құлжа очеркінде батыс қытай халықтары тарихының, мәдениеті мен тұрмысының негізгі белестерін, олардың сонау көне заманнан ХІХ ғасырға дейінгі мәдени байланыстары сөз етіледі. Бұл очерктерде Тянь-Шань мен шекара бойындағы Жоңғарияны мекендейтін халықтардың тұрмыс суреттері ғажайып берілген. Автор осы очерктерінде арамтамақ чиновниктердің бейнесін өзіне тән мысқыл тілмен тамаша бере білген. Ол феодалдық мешеулікті, тоқыраушылықты, нағандықты зор шеберлікпен суреттей білді.

«Ыстықкөл күнделігінде» Семей мен Аякөз көлінің арасындағы сапарын аса қызықты етіп суреттеген Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың ел аузында аңыз боп кеткен зираттарының маңындағы саяхаттарының көрінісі, өзінің жамшiлігінің бейнесі, дала табиғаты өте қызықты да асқан шеберлікпен жазылған.

Жүз жылдар бойы Ш.Уәлихановтың әдеби мұраларының зерттелмей келуінің салдарынан қазақ әдебиетінің бұл асыл шығармалары күні бүгінге дейін бізге мәлім болмай келді. Енді бүгінде осылардың бәрі белгілі боп отырғанда, Уәлихановты тек ойшыл-ғалым ғана емес, қазақтың тұңғыш жазушы-прозаигі деп мойындау мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр.

Ш.Ш.Уәлихановтың өмірбаянын зерттеушілердің деректері бойынша, оның қалдырған әдеби мұрасы ұшан-теңіз, бірақ ғылым үшін бұл мұралардың тағдыры ұзақ жылдар бойы мәлім болмады. 1865 жылы географиялық қоғамда сөйлеген сөзінде П.П.Семенов-Тянь-Шанский: «Қоғамның баспаларында басылған Уәлихановтың еңбектерінің үзінділері оның Орта Азия мемлекеттерінің, әсіресе қырғыз халқының географиясына, тарихы мен этнографиясына қатысты ол жинаған бай да көлемді материалдарды есте қамти алмайды. Бұл материалдарды жинау үшін, Уәлиханов өзінің еңбегін де жұмсады, талай қиындықтарды басынан кешірді, өз халқының аңыз-әңгімелерін ұқыптылықпен жазып алды, Орта Азия халықтарының тілін үйренді, көне заттық бұйымдарын қымбат бағаға сатып алды, қауіп-қатерден именбей, будда монастырларына барып, онан сирек ұшырасатын қолжазбалар алды. Ғылым үшін бұл бағалы материалдар ізсіз-түзсіз кетпес деген сеніміміз бар», – деп көрсетті. Уәлиханов қайтыс болғаннан соң, оның бұл қолжазбалары әркімінің қолында кетті, алайда ғалымның бұл қолжазбалары жүз жыл бойы еліміздің архивтерінде мұқият сақталған. Қазіргі кезде ағартушы-ғалым Уәлихановтың қолжазба мұралары түгел дерлік табылып, зерттелуде, оның барлық қолжазбаларының ғылыми толық тізімі жасалды.

Осы күнге шейін біздің қолымызда Ш.Уәлихановтың қолжазбалары сақталған тек бір ғана академиялық фонд болатын (23). Ал соңғы жылдары жүргізілген терең ғылыми іздеу жұмыстарының нәтижесінде Уәлихановтың қолжазба мұралары бір ғана академиялық фондыда емес, Москва мен Ленинградтың көптеген архивтерінде сақталғаны анықталды. Іздеу жұмыстарының басты нәтижелерінің бірі – 1904 жылы профессор Н.И. Веселовский бастырған ғылымның

негізгі шығармаларының қолжазбалары табылды. Бұл материалдар әдебиет пен өнердің мемлекеттік орталық архивінде, профессор В.В. Григорьев (159 фонд) пен профессор Н.И. Веселовскийдің (118 фонд) фондыларында зерттеуге арналған Уәлихановтың өзге басты қолжазбалары ішкі істер министрлігінің архивінде, Москвадағы Орталық әскер-тарихы архивінде, сол сияқты СССР-дің географиялық қоғамның мемлекеттік архиві мен СССР Ғылымдар академиясының материалдық мәдениет тарихы институтының Ленинград бөлімшесінің архивінде сақтаулы. Сонымен, ғалымның қолжазбалары Отанымыздың маңызды архивтерінде түгел сақталған.

Бұл фондылардың ғылыми маңызы бұлардан Уәлихановтың бұрын басылмаған еңбектерінің табылуында, оның үстіне ғалымның бірсыпыра шығармаларына (мысалы, Сот реформасы туралы жазбаға, Қашқар сапарындағы күнделіктеріне, даладағы мұсылмандық туралы еңбегіне, т.б. баспаға әзірлеу кезінде профессор Веселовский елеулі өзгеріс енгізген, редакторлық түзетулер жасаған.

Жаңа табылған еңбектерінің ішінде Ш. Уәлихановтың шығыстану жайындағы жазбаларының зор ғылыми маңызы бар. Осы атпен сақталған бес қолжазбада Уәлихановтың төмендегідей қолжазбалары бар:

1. Қазақ поэзиясының түрлері туралы Уәлихановтың мақалалары.
2. Абылай туралы жырлар (онда Уәлихановтың комментарийлері бар).
3. Қазақтардың жоңғарлармен күресі туралы жырлар.
4. Орақ батыр туралы жыр, орысша аудармасы бар.
5. Профессор Березиннің хан жарлығы туралы кітабының 1, 2, 3 – басылуларына жазған Уәлихановтың мақалалары.
6. Ұлы жүз қазақтарынан шыққан жалайырлық біреу жазған «Жамият-тауарих» кітабы туралы жазылған библиографиялық мақалалар.
7. Ғалдан-Церен туралы мақала.
8. И.Н.Березин бастырған жарлықтарға комментарийлер.

Сол сияқты Ш.Уәлихановтың бұрын мәлім емес қолжазбаларынан мыналарды атап кеткен жөн:

1. Сот реформасы жайлы жазбаның бір нұсқасы.
  2. Барақ сұлтан мен Қарасақал туралы жазба («Шона батыр» нұсқасы)
  3. Түркмендер туралы жазба.
  4. Қоқан хандығы туралы жазба.
  5. Осы ғасырдың орта шенінде Орта Азияда болған саяхатшылар және олардың зерттеулері.
  6. Тарихи Рашидига рецензия.
  7. Алексей Левшиннің еңбектеріне сын ескертпе.
- Жаңа табылған материалдардың ішінде аса бір көңіл аударарлық материалдары:

1. Уәлихановтың сапарласы Исмаил Ғабдулмәжитовтің Қашқар күнделіктері (татар тілінде).
2. Шоқан Уәлиханов жайында естеліктен бар Ибрагимовтың Жетісу очерктері.
3. Шоқан жайында С.Я. Капустиннің естеліктері.
4. Г.Н. Потанин жазған Уәлиханов өмірбаянының жаңа нұсқасы (академик Пыпиннің архивінен табылды).

Ш.Уәлихановтың профессор И.И.Березинге, белгілі саяхатшы П.П. Ковалевскийге жазған хаттары да назар аударарлық. Осылардың қатарында қашқарлық сапарласы Мұсабай Тоқтабаевтың, Ғабдулмәжитовтің, Гасфортың хаттарын жатқызуға болады.

Жаңа табылған материалдарының ішінде Шоканның қазақ поэзиясы туралы, әсіресе халық поэмасы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» туралы мақаласының зор ғылыми маңызы бар. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы, – деп жазады Уәлиханов, – Орта Азияның татар мен моңғол тайпаларының бәрінде де бар, әрине, бұл жылдардың әрқайсысында жер және уақыт өзгерістері бола бермекші. Профессор Эрдман «Қозы Көрпешті» комментарий беріп, фарсы тілінде бастырып шығарады».

Екінші бір жерінде Ш.Уәлихановтың қазақ поэмаларын жинаудың қиындығын жазады: «Қаншама тырыссам да, тек «Қозы Көрпештің» толық тізімін ала алмадым, бірақ таяу

уақыттарда осы жырларды білетін бір ақыннан бүкіл көне жырларды жазып алмақшымын». Шоқан «Қозы Көрпешті» орыс тіліне толық аударды. «Бұл аудармада, – деп жазады ол, – алғашқы төрт шумақ - қаракесектің камбар руынан шыққан Жанак ақындікі, қалғандары ерте замандағы бір белгісіз ақынның аңыз-әңгімесі». Мұнан Шоканның Қозы Көрпеш поэмасының аса көне нұсқасын жазып алғанын көреміз. Уәлихановтың айтуынша, «Қозы Көрпеш» Жанак нұсқасы былай басталатын көрінеді:

Мекен іздеп жігіттер кеп кетеді,  
Ортасында Көктөбе белгі етеді.  
Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,  
Қозы-Көрпеш Баянды тербетеді.

Шоқан жасаған «Қозы Көрпеш» аудармасы әлі табылмады. Ол Г.Н. Потаниннің архивтерінің бірінде болса керек өйткені, сол архивтегі аудармадан Тверитин 1913 жылы поэманы өлеңмен аударып шыққан. Бұл жайында Потаниннің Фарафоновтамен алысқан хаттарында сөз болады, Потанинмен өте ниеттес болған Тверитин поэманы оның тапсыруы бойынша аударып шыққан көрінеді. 1913 жылы Алтайға сапарға шыққан жолда Потанин Тверитин жасаған «Қозы Көрпеш» аудармасын өзімен бірге ала кетеді. Аударманың бірінші нұсқасы оған ұнамайды, ол Тверитинге «Қозы Көрпешті» қайта қарастырып, жөндеп шық деп тапсырады, онан «қырғыз поэмасының рухы айқын сезілетін болсын» дейді.

Ш.Уәлихановтың жаңа табылған еңбектерінің ішінде аса бағалы еңбектерінің бірі – профессор И.Н. Березиннің шығыс тарихшыларының кітапханалары – «Шайбани-наме, Жамиғ-ат тауарих» және хан жарлығы» атты еңбегіне жазған сын мақалалары. Бұл мақалалар Березиннің оған жазған хаттарына жауап ретінде жазылған еді, ол хаттарды Шоқан өзінің ұстазы Н.Ф. Костылецкий арқылы алған болатын. Бұлар Шоканның сол ерте кезде-ақ орыстың озат ғалымдарымен идеялық ғылыми байланыстары қандай болғанын айқын паш ететін деректер. Бұл мақалалар Шоканның Қашқар сапа-

рынан бұрын жазылған көрінеді. Мұны мақалалардың сипатынан да аңғаруға болады. «Сіздің хан жарлығы мен шығыс тарихшыларының кітапханалары деген кітаптарыңызды оқығаннан кейін және өзімнің бұрынғы ұстазым Н.Ф. Костылецкийдің қазіргі татар тілінде қолданудан қалған бірнеше сөздердің қырғыз тіліндегі мәнін біліп беру жайындағы ұсынысыңызды естігеннен кейін, қарттардан сұрастыра келіп, тілімізден бірнеше сөздер таптым, соларды сізге жіберуге асығулымын», - деп жазады Шоқан.

И.И.Березинге жазған хатында Ш.Уәлиханов қазақ деген сөзге жан-жақты түсінік береді. «Менің жинап жатқан барлық деректерім, – деп жазады ол, «қазақтың» Фердауси жазып кеткен көне халық еместігін, оның Бердібек елес салысымен, сол сәтте іле-шала басталған өзара қырқыстың кезінде тайпа одақтарынан пайда болғандығын дәлелдейді». Қазақтардың өздерінің шығуы жайындағы аңыз-әңгімелері, – деп жазады ол бұдан әрі Шайбани-наме мен Жамиғ ат тауарих әңгіме-аңыздарымен де дәлелденеді. Ал Жамиғ-ат тауарихты Жалайыр руынан шыққан ұлы жүздің бір қазағы жазған».

Сөйтіп, «Жамиғ-ат тауарихты» Уәлиханов сирек кездесетін тарихи шығарма, XV-XVI ғасырдағы қазақтың халықтық тарихи аңыздарының жиынтығы, сонымен қатар қазақ тілінің көне ескерткіші деп анықтайды. Осы шығарманың беташарында мынадай жазу бар: «Бұл тауарихты жазған Оразмұхаммедхан хазіреттерінің ата – анасынан (бері) құллық (қылған) Жалайыр тарак тамғали ерді».

Шоканның ғылыми мұрасын зерттеу ісінің қолға алынғанына, міне, жүз жыл болды. 1867 жылы П.П. Семенов-Тян-Шанский мен К.К. Гудковскийдің қозғауы бойынша, Орыстың географиялық қоғамының ғылыми кеңесі П.П. Семенов-Тян-Шанский редакциясымен Уәлиханов еңбектерін баспаға әзірлеп, бастырып шығару жайында қарар қабылдады. Бірақ Гудковскийдің кенет қайтыс болуы мұны жүзеге асыруға бөгеп болды, өйткені Уәлиханов шығармаларын баспаға әзірлеу соған тапсырылған еді, ал Петр Петровичтің өз жұмысы басынан асып жатты да, ойлаған бұл ізгі істі ілгері бастыра алмады. Тек Ф.Р.Остен



– Сәкеннің жәрдемімен Уәлихановтың Қашқарға саяхаты жөніндегі бір – ақ жұмысын жариялай алды. Осыдан кейін Г.Н. Потаниннің қозғауымен Уәлиханов еңбектерін бастыру жөнінде бірнеше рет мәселе қойылды, бірақ шытырман қиыншылықтарға байланысты аяқсыз қалды. Уәлиханов еңбектерін бастырудағы сол кездегі ең басты қиыншылық, біріншіден, оның бірсыпыра материалдарының аяқталмағандығында болса, екіншіден, қолжазбаларын тани алмауында болды. Оның үстіне, бұл қолжазбаларда арнайы шығыстану білімі бар адамды қажет етерлік ұшан – теңіз шығыстық терминдер мен сөздер бар. Тек 1904 жылы Петербург университетінің профессоры шығыстанушы ғалым Н.И.Веселовский Ш.Уәлиханов еңбектерінің бір томдығын басып шығарды. Соған бері, міне, елу жылдан астам уақыт өтті. Тек енді ғана Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми еңбектерін толық бастырып шығару мәселесі қайта көтеріліп отыр. Қазақстан жұртшылығы еліміздің халықтарының туысқандық достығының жаршыларының бірі болған ағартушы – ғалым Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми мұраларын жарыққа шығаруға зор мән бере отырып, көрнекті ғалымның әдеби мұрасын басып шығаруды қажет деп тапты. Қазір көлемі 40 баспа табақ Ш.Уәлихановтың таңдамалы шығармаларының бір томдығы әзірленіп, баспаға берілді. Оның таңдамаларына қазақ пен қырғыз халықтарының тарихына, этнографиясына, әдебиетіне байланысты материалдар мен зерттеулер, сол сияқты ғалымның Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихи дамуына, саяси және мәдени өміріне көзқарасын білдіретін публицистикалық шығармалары енді. Жинаққа Уәлихановтың бұрын жарияланған еңбектерімен қатар, жана, мәлім емес еңбектері, оның жазбалары, күнделіктері, сын мақалалары мен хаттары енді.

Қазір әр архивте сақталған Ш.Уәлиханов еңбектерінің толық тізімі жасалды. Оның портфелінде үш жүзге жуық еңбек бар, оның тең жартысы өз шығармалары да, қалғандары – Шоқанның түрлі архивтерден, әдебиеттік деректерден жинаған материалдары, сол сияқты, оның өмірбаянына қатысты материалдар. Уәлихановтың архивін-

де қолжазбаларынан басқа, Қазақстан мен Орта Азияның табиғатын, халықтарының тұрмысын, кескінін бейнелейтін суреттер бар. Осы тәрізді алуан-алуан еңбектерінің болуы Уәлихановтың қолжазба мұраларына көлемі 35 баспа табақтан төрт том етіп шығаруға мүмкіншілік береді.

Ш.Ш.Уәлиханов сонау өткен заманда халықтар достығының таңдаулы жаршысы болды, оның әдеби мұрасын басып шығарудың мәдениеттілік зор мәні болды.

## ҚАШҚАРДЫ АШҚАН КОЛУМБ

Даңқты саяхатшы Марко Поло мен Диезунт Гоестен кейін XVI ғасыр ол жерді еш ғалымның аяғы басып, көзі көрмеген. Бұл жерлер Еуропаға жұмбақ болатын. Баруға ниет қылған Батыс Еуропа ғалымдарының көпшілігі бақытсыздыққа ұшырап отырған. Мәселен, Шоқаннан бір жыл ғана бұрын Қашқарияға барған атақты географ Адольф Шлагинитейт Қашқария әкімі Уәлихан төренің қолынан қаза табады.

Міне, осындай қауіпті сапарға 1858 жылы 28 маусымда Шоқан шықты. Ол Қапал қаласының маңындағы Қарамола тауынан бастап, Ыстықкөл арқылы, қырғыз халқының байтақ жерін аралай отырып, 1 қазанда Қашқар қаласына барып кіреді. Бұл сапарында Шоқан күнделік дәптер жүргізіп отырған. Бұған ол өзінің жолшыбай көрген-білгендерін, атап айтқанда, Орталық Тянь-Шаньның, Ыстықкөл бассейнінің, Нарын, Арпа, Атбас, Шатыркөл және Тарим өзенінің географиялық жағдайын, табиғат байлықтарын, ауа райын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін жазады. Шоқанның бұл күнделік дәптері СССР Ғылым академиясының архивінде осы күнге дейін сақтаулы.

Шоқан Қашқарияда жарты жыл тұрып, Шығыс Түркістан қалаларын, әсіресе, Қашқар қаласын жетік зерттейді. Одан әрі саяхатты жүргізуге сәті келмей, кері қайтады. Сол сапарында бұл елдің саяси қайраткерлері, ғалымдары, қалың бұқарасымен аралас-құралас болып, осы күнге дейін жұмбақ, жат саналған елмен танысып достасып, қымбат мағлұматтар

алып, ғылымды байыта түседі. 1859 жылдың сәуірінде ол Отанына оралады. Орыс ғалымдары оның бұл сапарын нағыз ғылыми ерлік деп бағалап, Шоқанды Қашқарияны тұңғыш зерттеуші ғалым деп таныды. Ш.Ш.Уәлиханов Қашқариядан аса бай ғылыми материалмен келді. Мәселен, ол сирек кездесетін шығыс қолжазбаларын, тау жыныстары мен өсімдіктер коллекцияларын, ежелгі мәдениет ескерткіштері мен ісмерлік өнерінің көптеген нұсқаларын әкелді. Әсіресе, оның Шығыс Түркістан тұрғындарының түрі мен тұрмысын бейнелейтін суреттері ерекше орын алады.

Ш.Уәлихановтың Қашқарияға жасаған саяхатының басты жемісі оның «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-лу өлкесінің шығысындағы алты қаласының жағдайы туралы» деген еңбегі болып табылады. Бұл еңбек өзінің материалының молдығы, талдауының ғылыми тереңдігі жөнінен тек Отандық қана емес, сонымен бірге бүкіл дүниежүзінің ғылымына қосылған үлкен қазына болып табылады. Бұл сапар және жаңағы еңбек Шоқанды «Қашқария Колумбысы» деп атауға толық негіз береді.

## ШЫҒЫСТЫ ТҰҢҒЫШ ТАНЫТҚАН

Шоқан өміріндегі ең бір қызықты да жарқын шақ Петербор кезені болды. Бұл кезде ол Петербордың ғылыми, саяси-әлеуметтік тіршілігіне қызу араласты. Географиялық қоғамда, бас штабтың әскери-ғылыми комитетінде, Сыртқы Істер Министрлігінің Азия департаментінде жұмыстар істеді. Сонымен бірге, университеттің тарих-филология факультетінде лекция тыңдады.

Бас штабтың ғылыми комитетінің тапсыруы бойынша, Орта Азия мен Шығыс Түркістанның көптеген картасын жасады. Орыстың географиялық қоғамының мүшелеріне арнап Шығыс Түркістанның елдері мен халықтары туралы, Тянь-Шань мен Қырғызстанның географиясы жөнінде лекция оқыды. «Северная пчела», «Русский инвалид» газетінде мақала жариялады.

Сыртқы істер Министрлігінің Азия департаменті жанындағы Шығыс мектебінде де Шоқан аса зор жұмыстар істеді, мұнда ол түрік тілдерінен сабақ берді. Географиялық қоғамның ғылыми журналдарына және орыс оқымыстылары мен жазушыларына жасап жатқан ғылым мен әдебиет энциклопедиясына Орта Азия мен Қазақстанның ертедегі ғалымдары, ақындары, қоғам және мемлекет қайраткерлері (Әбілғазы, Әбу-насыр Самани, Аллауддин Джувейни, Әлішер Науаи, Абылай) туралы мақалалар жазады.

Шоқанның Петерборда жүріп әкесіне жазған хатына қарағанда, 1860 жылдың қысында ол Петербордан Парижге барғанға ұқсайды. Орыстың атақты жазушысы Ф.М. Достоевскийдің досы Врангель сол қыста өзінің Парижде Уәлихановпен кездескенін жазады. Міне, осы екі документ Шоқанның Батыс мәдениеті мен революциясының сол кездегі орталығы – Парижде болғандығын дәлелдейді.

Петербургда Шоқан орыс халқының белгілі ғалымдары, ақын-жазушылары және алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерімен танысып, достық байланыс жасайды. П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н. Потанин, Ф.Н. Достоевский, С.Ф. Дуровтармен ол Сібірде жүрген кезінің өзінде-ақ достасқан. Ал Петербордағы таныстарының ішінде орыстың атақты ғалымы Д.И. Менделеев, академиктер В.В. Вельяминов-Зернов, А.Н. Бекетов, ақындар – ағайынды Курочкиндер, А.Н. Майков, П.Я. Полонский, шығыс зерттеу ғылымының мамандары П.И. Лерх, И.Н. Березин, В.П. Васильев тағы басқалар болды.

Сол сияқты ол «Современник» журналының редакциясы мен әдебиет фондысына барып жүреді, мұнда ол ұлы революционер-демократ Н.Г. Чернышевский мен оның достарына жолығуы әбден ықтимал. Шоқан осы орыс достарымен жақындасуының арқасында әуелі В.Г. Белинский мен М.В.Петрашевскийдің, Н.Г.Чернышевский мен Н.А.Добролюбовтың саяси және философиялық көзқарастарымен танысады, солардың озат идеяларымен қаруланады.

Сонымен бірге, Шоқанның өзі де орыс достарына өз тарапынан ықпал етіп, оларды Орта Азия мен Қазақстан

халықтарының тарихын, әдебиетін зерттеп білуге, осы халықтардың өмірінен шығарма жазуға шақырады. Мәселен, атакты ақын А.Н. Майковтың «Емшан» (Қыр гүлі), «Дала» атты өлеңдері Шоканның айтуымен жазылыпты. Сол сияқты, Шоқан берген сюжет бойынша Березин «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасын орыс тіліне аударған. Мұның өзі Шоканның тек орыс достарынан үлгі-өнеге алып қана қоймай, оларға да өз тарапынан әсер ете білгенін аңғартады.

### ӨМІРІНІҢ АҚЫРҒЫ КҮНДЕРІ

1860 жылғы студенттер көтерілісінен кейін астанадағы саяси жағдай қиындап кетеді, оның үстіне өзі ауруға шапдығып, Шоқан 1861 жылдың көктемінде Сырымбет ауылына қайтады. Мұнда ол ғылыми жұмыспен шұғылданады, діннің шығуы жөнінде, қазақтың тарихы, тіршілігі жөнінде еңбектер жазады.

1862-1963 жылдары Батыс Сібір әкімшілігінің тапсыруы бойынша, Ақмола, Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы аудандарын аралап, Шоқан қазақ халқының заң, билік жүргізу тәртіптері туралы материал жинайды. Соның нәтижесінде «Сібір қазақтарының сот реформасы жайында» деген ғылыми еңбегін жазады. 1864 жылдың көктемінде Орта Азияға аттанған генерал Черняев экспедициясына қатысып, онда патша отаршыларының айуандық істерінен түршігіп, бір топ орыс офицерлерімен бірге экспедицияның озбырлық істеріне наразылық білдіріп, қызметтен босанып Алматыға келеді, одан Алтынемел бойындағы албандар ортасына барады. Бойындағы ескілікті сырқатына әлеуметтік теңсіздікке төзбеген жан күйігі қосылып, 1865 жылы сәуір айында Тезек төренің аулында қайтыс болады, ал сүйегі Алтынемел бауырындағы Кешен-Тоған деген жерде, бір кезде өзі жүріп өткен үлкен керуен жолдың бойына жерленеді.

Шоқан ең алдымен, өз заманының аса мәдениетті, зор білімді азаматы еді. Ол шығыстың, орыстың, тіпті сонау Ба-

тыс Еуропа елдерінің тарихы мен мәдениетін еркін игерген. Бұған оның көптеген шығыс тілдері мен еуропа тілдерін жетік білуі себеп болды. Мәселен, ол қазақ және орыс тілдерінен басқа еуропа елдерінің ағылшын, француз, неміс тілін біледі, оның үстіне араб, парсы, түрік тілдерін меңгерді. Ол қандай да болмасын еңбектерді, әдеби кітаптарды өзінің түпнұсқасынан оқи алатын еді. Шығыстың ежелгі тарихи мұралары болып есептелетін, көптеген батыс және орыс ғалымдарының тісі батпай жүрген Рашид-аддин, Әбілғазы, Бабыр еңбектерін және «Тарихи Рашиди», «Шайбани-наме» сияқты тарихи шығармалардың текстерін еркін оқи алатын.

Шоқан шығармалары ең алдымен өз халқының тарихын, этнографиясын және фольклорын зерттеуге арналған. Мәселен, оның «Абылай», «Қазақтардың ертедегі қару-жарақтары», «Шона батыр», «Қазақ батырлары», «Қазақтардың ата-тегі», «Қазақтардың көшіп-қонуы» атты еңбектері қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті жөнінде қағазға түскен алғашқы ғылыми деректер. Ал «Сібір қазақтарының сот реформасы жайында», «Даладағы мұсылмандық», «Шаманизм сарқыншақтары» деген еңбектері оның теориялық ой-пікірінің шыңы болып есептеледі. Шоканның прогрестік-демократиялық көзқарастары, ең алдымен осы еңбектерінде айқын көрінеді.

Осы және басқа еңбектерінде Шоқан өзін қаналған халықтың мүддесін қорғаушы, ағартушы-демократ ретінде танытады. Мәселен, «Сібір қазақтарының сот реформасы жайында» деген еңбегінде ол Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігінде патша өкіметі жүргізіп отырған сот реформасының халыққа жат сипатын ашып береді. Оның қалың бұқара емес, тек ат төбеліндей байлар мен билердің мүддесі үшін жасалып отырғандығын ашық айтады. Сөйтіп, Шоқан тап туралы қазақ тарихында тұңғыш рет қалам тартқан қоғам қайраткері болып есептеледі. «Шаманизм сарқыншақтары», «Даладағы мұсылманшылық туралы» деген еңбегінде діннің шығу тарихын материалистік тұрғыдан түсіндіре келіп, жалпы діннің, оның ішінде исламның халыққа қарсы, реакцияшыл сипатын әшкерелейді.

Шоқан тек қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге бүкіл Орта Азия халықтарының тарихы мен тұрмысын өте жақсы білді, ол өзінің бірсыпыра еңбектерінде олардың ғасырлар бойы хандар мен бектердің, байлар мен молдалардың табанында тапталып келе жатқанын ашық айтады. Бір кезде өнер білім ордасы болған Орта Азияның сол кездегі тоқыраушылығын, тоғышарлығын, надандығын ашық жазады. «Жоңғария очерктері» атты еңбегінде ол Орта Азияның феодалдарының топастық, ақымақтық және фанатистік қылықтарын көрсете келіп, олардың азғын иделогиясын әшкерелейді.

Шоқанның Орта Азия мен Шығыс Түркістанды зерттеп, география ғылымына үлкен үлес қосқанын бүкіл дүниежүзінің ғылымы мойындады. Оның ең алдымен орыс ғалымдары П.П. Семенов-Тянь-Шанский, И.В. Мушкетов, М.И. Венюков, Н.А. Аристовтар Шоқанның Тянь-Шань мен Жетісу географиясы туралы еңбектерін аса жоғары бағалап, оны осы өлкені алғаш ашушылардың бірі деп есептеген.

Ол тек Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихы мен тұрмысын зерттеп қана қойған жоқ, сонымен бірге қытай, моңғол, қалмақ елдерінің де географиясына, этнографиясына, тарихына, тұрмыс – салтына терең талдау жасаған. Шоқанның «Жоңғария очерктері», «Қытай мемлекетінің батыс өлкесі және Құлжа қаласы», «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-лу өлкесінің шығысындағы алты қаласының жағдайы» атты еңбектерінде Жоңғарияны, Синь-Цзяньді мекендеуші қытай, моңғол, қалмақ халықтарының тарихын, тұрмысын, әдет-ғұрпын қызғылықты етіп жазады.

Міне, осы аталған еңбектерінің өзінен-ақ Шоқанның ғылымның сан-саласынан терең мағлұматы бар, жан-жақты ғалым екенін аңғарамыз. Ш.Уалихановтың географ, этнограф, тарихшы, шығысты зерттеуші, экономист, юрист, публицист, әдебиетші екенін және осы ғылымдарға өзінше үлес қосқанына ешкім шек келтірмейді.

## ШОҚАН ҚАШҚАР САЯХАТЫНА ЖҮРЕР АЛДЫНДА

Кадет корпусында оқып жүргенде Шоқан мен оның аяулы досы Григорий Потаниннің күнделік әңгімесі көбісіне дала кезу, дүние тану төңірегінде болатын, сонымен байланысты Еуропа жиһанкездерінің жазғандарын көп оқитын. Екі достың әрқашан көксейтіні әсіресе, Орта Азияны аралап көрерме еді деп, соны арман ететін. Бір күні корпусның кітапханасына Орта Азияның Кипрет шығарған үлкен картасы көріне бастады. Екі дос картаны столға жайып, онда көрсетілген қалаларды, жол қатынастарын, су айрықтарын, тау беліндегі асуларды үніле қарап, оларды өздерінің сын көзінен өткізіп жатты. Қаршығадай сыпылдаған жас Шоқан өзгермейтін досы Г.Н.Потанинге тұңғыш қара көзін төңкеріп тастап: «Міне, көрдің бе? Мынау қоңыр бояумен көрсетілген жерлердің барлығы ертегімен бірдей. Ол жерлерге Марко Поломен Гоестен кейін Еуропадан ешбір пенде бармаған. Жалпы айтқанда Ыстықкөлден ары жатқан жерді ешкім білмейді. Алатаудың оңтүстік алабы ежелгі тұнық қалпын сол түрінде сақтап, ертегіге бөленіп жатқан байтақ өлкелер. Олардың ну ордасы ғасырлар бойы жұмбаққа бөленген. Орта Азияның «бакшалар байтақтасы» саналған даңқты Қашқар қаласы. Бұл қала ту белгісіз заманнан бастап бұл өлкені қоныс еткен көптеген түркі тайпаларының саяси, мәдени орталығы. Көп заман сырға бөлініп жатқан Қашқар өлкесін аралап көру әрине зор бақыт болар еді. Шіркін-ай десенші!» деп, қасында тұрған Потанин картаға үніле түсті. Арала бір аз уақыт өткен. Екі дос әлеуметтік жұмысқа араласып, тіршілік базарына кірген соң, олардың науша күнінде арман еткен қиялдары енді іс жүзіне аса бастағандай. Бір жылы жыл құсындай Петербордан Омбы қаласына жаңа дәуірлеп келе жатқан жас ғалым П.П.Семенов келді. Ол кісінің де түбегейлі ойы Ыстықкөл мен қырғыздың Алатауын зерттеп қайту болатын. Санлақ адамдардың бірін-бірі сырттан сұрап кездесуге құмарту әуелден түсінікті нәрсе ғой. Семенов Омбыға келісімен Шоқанмен Потанинды көруге

құмартып, олармен әңгімелесуді өзіне бір баянды жұмыс деп біледі. Семенов бұл кезде көп жүріп, көп білген, шет жұрттарында талай ғалымдармен таныс тәжірбиесі мол, өте қырағы кісі болатын. Бірақ, Шоқанды көргенде ол таң тамаша болып, басқа бір дүниеге кіргендей болады. Шоқанның ағылып тұрған ойы, тілге шешендігі, қазақ даласын жүйрік білетіндігі Семеновты бір көргенде елітіп, оған үлкен әсер етеді. Семенов әсіресе, Шоқанның өзіне тән кітапханасын көргенде зор қуанышқа батады.

– Мәдениет, білім орталығынан алыс, Сібірдің бір түкпірінде жатып, – дейді Семенов, – өзі әлі тіпті жас, науша жігіт екі-үш жылдың арасында айта қалғандай кітапхана жасап алған. Кітаптарды жинаудың өзі терең ой сезіміне тірелген. Онда бөтен еш нәрсе жоқ, барлығы тек қана қазақ даласы мен Орта Азияның тарихы, географиясы, оны қоныстайтын елдердің тұрмысы, тілі, мәдениеті туралы ғана. Семеновтың айтуынша, жас Шоқан Қазақстанмен Орта Азияны теория жағынан да, практика тұрғысынан да жақсы білген. «Егер осының үстіне – дейді Семенов – Шоқан Петербург университетіне барып дәріс тыңдаса – білімнің қандай ағылған дариясы болар еді. Кейін Шоқан осылай істейді де».

Семенов Омбыда Шоқанмен, Потанинмен шүйіркелесіп, бірнеше уақыт бірге болады. Бұрын достар екеу еді, оның саны көбейіп енді үшеу болды. Үш дос бірін-бірі жақсы түсініп, Қазақстан мен Орта Азияны бірлесіп зерттеудің жобасын құрады. Семенов бұрынғы екі достың көп заманнан бері қарай ойларынан шықпай жүрген саяхат туралы пікірлерін қостайды. Аз уақыт ішінде Қашқар өлкесіне баруға кеңес береді. Оны іске асыру жөнінде өзі Құнбатыс Сібірді басқаратын Г.Х.Гасфортпен сөйлеспекші болады. Арада екі-үш күн өткен соң, Гасфорт Шоқанды үйіне қонаққа шақырады. Барса, онда П.П. Семенов пен К.К. Гутковский отыр екен. Әңгіме бір ғана Қашқарға экспедиция жіберу төңірегінде болады. Бірнеше қағысу, әзіл сөздерден кейін Гасфорт отырып:

– Шоқан бізге тамаша бір пікір айтып отыр. Қашқарға

бір экспедиция жіберу керек дейді. Сіз оған қалай қарайсыз?

– Ондай іс болса, мен оған қатты қуаныш білдіремін. Өйткені, Алатаудың оңтүстік беті әлі зерттелмей, ежелгі түрінде жатыр. Орта Азияның жері, халқы туралы біз ешнәрсе білмейміз. Бұған қарсы ішкі Африка анағұрлым жақсы зерттелген. Қасымызда көрші тұрған жерді білмеу зор кемшілік болар еді.

Семенов Шоқанды қостап:

– Густав Христианович Орта Азияның географиясын, тарихын, халқының тұрмысын зерттеу біздің отанымыздың ғылымы үшін маңызы өте зор. Біз онда бірнеше экспедиция жіберіп, зерттеген мағлұматты жарыққа шығарсақ – дүниежүзілік ғылымға пайда келтірген болар едік.

Гасфорт бұларға бас изегендей қарсы болған жоқ. Істі жүзеге асыруға көмек беруге дайын екендігін білдірді. Сөз арасында отырып, П.П.Семенов қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тұрмысын зерттеудің зор мәні барын Гасфорттың есіне түсірді.

– Жергілікті әкімшілік орындары, – деді Семенов, – ақ жарқын адал қазақ халқын ұмытпауы керек. Біздің атты қазақтарға қандай қарасаңыз, оларға да сондай қарап, олардың өзін-өзі басқаруға кең демократиялық еркіндік беруіңіз керек. Қазақ халқы – ақкөңіл, тамаша ел. Олар сіздің айтқаныңыздан ешуақытта шықпақшы емес. Оны өзіңізге жан-тәнімен қызмет істеп жүрген қазақ халқының жас саңлағы Шоқанның ісінен де көруіңізге болады, – деді.

Бұдан кейін жұрт тарап, жазғы дала жұмысына кеткен. Күздігүні Шоқан Омбыға қайтып келген соң, Гасфорт тағы да Шоқанды сарайына шақырып:

– Сапарға жүретін болдың, енді тездетіп жол жабдығына кіріс. Кешендеп бөгеліс болмасын, – деді.

– Қалай, қай түрде жүру керек?

– Қалайы бар ма, тез жүруге дайындал. Мәселе оныңан шешілді. Ендігі әңгіме сіздікі – қазіретіңізге бас немін... Ұзақ, жат жерге жолға шығу соншалық оңай жұмыс емес. Ол туралы көп уақыт толғанып, жол сапарын білетін адамдар-

мен жақсылап танысу керек. Екінші, мен Құлжаға барғандай ресми түрде барамын ба, болмаса, қалай? Осы сияқты толып жатқан қиын мәселелерді шешіп, жол жүру жабдығына содан кейін кіріскен ақылға сыйымды болар еді деп ойлаймын.

Осы минутта Барнауылға жүргелі отырған П.П. Семенов кіріп келді. Гасфорт Шоқанға қарап:

– Тағы қандай қиындықтар бар?

– Жалпы айтқанда, Қашқарға қазір бару өте қауіпті. Онда күн сайын болып жатқан ғауға, талан-тараж кісі өлтіру, онда тәртіпке шақыратын әкімшілік орындар жоқ, әрбір өлетін кісі өзінің ойындағысын істейді. Оның үстіне, Қашқарға баратын жолдың өн бойы қаптаған қарақшылардың ойнағы. Осындай ғауға кезінде Орта Азияға, оның ішінде, Қашқарға жансебілдік істеп, Еуропаның талай ғалымдары, әскери қайраткерлер барған, бірақ еліне тірі қайтқаны тіпті аз. Оны атақты Гоестің, ағылшын офицерлері Стаддарт, Кнолли, Италия астрономы Орландо Дживанидың бақытсыздыққа ұшыраған өмірлері айқын көрсетеді. Осыларды көріп отырып, желбастық істеу – өзіңді-өзің ажал отына тура түсіргенмен бірдей болар еді.

Семенов Гасфортқа қарап:

– Көрдiңiз ба? Шоқан Шыңғысұлы әлi науша жас жiгiт, бiрақ ой өpici қандай терең, қандай алмас логика. Орта Азияның тарихын қалай жақсы бiледi. Жаңағы айтқан бұның мағлұматтарын астанада отырған бiздiң өзiмiз де бiлмеймiз. Густав Христианович қандай бiлгiш дарынды жастарды тәрбиелеп өсiргенсiз...

Гасфорт бұл сөзге мардымсып:

– П.П. Семенов, бiз бiр ғана саясатпен жүрмеймiз ғой, ғылымды да еш уақытта естен шығармаймыз. Менiң өз портфелiмде қазақ халқының қаламынан бұрынғы дiнiне арналған бiр топ дәнекерлер бар. Оны жинасуда Шоқанның көмегi аз емес. Бiрақ оны реттеп бiр қалыпка түсiруге күнделiк әкiмшiлiк iстерi қол тигiзбейдi.

– Сөйтiп, Шоқан Шыңғысұлы, немен тоқтадық? Тегiнде есiнде болсын, саяхатқа барсаң, бiр күтушi алып, тек өзiн барасың, көп адамның қажеттiлiгi жоқ.

– Рұқсат берсеңiз, мен ең алдымен қырғыз ұлысына барып, сол жерден Қашқарға баратын жолдың жағдайын зерттеп көрейiн, екiншi сол жерде отырып, Қашқарда болып жатқан көтерiлiстiң толқынын зерттейiн. Саяхатқа бару – бармауын содан кейiн ерекше шешерсiз. Осыны айтқан соң, Шоқан Семеновпен амандасып, шығып кеттi. Генерал-губернатор сарайынан шығып келе жатқанда алдынан Г.Н.Потанин мен Сергей Дуров кез келдi.

– Немене, Шоқан, мұнда бiр үлкен уақиға болып жатыр ма? – дедi Дуров.

– Түбегейлi не болушы едi? Анау-мынау. Бiр жерге асығып бара жатқан жоқсындар ма?

– Жоқ.

– Олай болса, берi келiңдер, алаңда отырып, бiраз ауа жұтайық.

– Мен өзiм жұқа кiсi, қысқы қара суықта алаңда отыру қалай болар екен?

– Олай болса бiздiң Мокрояға барайық.

– Шоқан, немене, бiр жаңалық бар ма? – дедi Потанин.

– Дәнеңе жаңалық жоқ. Ертең жексенбi. Бiздiң үйде бiраз отырып шықпайсындар ма? Сергей Федоровичтi көрмегелi бiрталай уақыт болды. Оның қызықты әңгiмесiн тыңдайық.

Содан үшеуi елпендеген бетiмен Мокройдағы Шоқанның пәтерiне барды. Үйге кiрiп отырған соң Дуров:

– Ал, Шоқан, әңгiмендi баста. Құдайлар пендесiне не деп жатыр?

– Үлкен құдай болса бiр нәрсе дер едi. Кiшi құдайлар не айтады дейсiн. Әңгiме былай: бүгiн Гасфорт менi шақырып алып, Қашқар саяхатына камдан дедi. Тегiнде бұл жұмысты бұрынғыша қолға алып жүрген П.П. Семенов сияқты. Бұл жұмысты қарағанда ол кiсi iшiнде бiрге болды. Мұны естiгенде, Потаниннiң қуанышы қойнына сыймай:

– Сөйтiп, бұл мәселе анық шешiлдi ғой?

– Шешiлдi. Бiрақ шетiн жерлерi көп, жалғыз бару керек пе, жоқ па деп толқып отырмын.

– Толқуың дұрыс емес. Француз ғалымдарының Тибетке жалғыз барып жүргені аз емес қой. Ғасырлар бойы сырға бөленіп жатқан Қашқар жерін көру, меніңше, үлкен бақыт. Оған қандай тәсілмен болса да, бару керек. Ағылшын ғалымдары ылғи солай істейді, – деді С.Ф. Дуров.

– Мен қалай жіберсем десе де, көнер едім, бірақ қолдан келмейді.

– Шоқан, сен әлі де болса да, Гасфортпен сөйлесіп, мені экспедицияға қосып ал. Онда екеуімізге де қызықты болар еді, – деді Г.Н. Потанин.

– Менің өзімде осылай істемекшімін. Ол туралы айрықша сөйлесермін. Бірақ ең алдымен өзімнің бару-бармауымды анықтауым керек. Г.Х. Гасфорттың ұсынысы бойынша, бармаймын. Қызметтен шығарып жіберсе, елге барып, қой бағармын. Қой бағуға жалданатын бір бай табылар.

– Тегінде Қашқар саяхатын босқа қалдырма. Бұл – аса игілікті нәрсе, – деді тағы да С.Ф. Дуров. Бірақ Гасфортқа өзінің тілектеріңді жақсылап айт. Ол қазір саған табынып жүрген кісі. Айтқаныңнан шықпас та.

Бұдан кейін достар үй-үйіне тарап кетті. Шоқанның жүрегі бір жағынан қуанса, екінші жағынан терең ойға батырып, ой сезімін толқытқандай. Жас ғалым үйінде отыра алмай, алқынған бетімен «сұлтаннар түсетін үйге» келді. Мұнда жұмадан бері қыр округін басқаратын билер, аға сұлтандар келіп жатқан. Оның ішінде Құнанбай, Байжігіт, Танаби, Аягөзден Қанқожа, Қарқаралы дуанынан Құнанбай мен бірге келген Тәттімбет, нағашысы Мұса, тағы басқалар.

Мұса көрген жерден:

– Шоқан, неге ренжіп келдің? Тағы бір қиындық болып қалды ма? – деді.

– Ешнәрсе болған жоқ. Бүгін Гаспорт шақыртып алып, тез Қашқарға жүр деп жатыр. Бар жаңалық осы. Бастықтар бір нәрсемен шұғылданса басын жарып, көзін шығармаса көңілі көншімейді ғой.

Құнанбай оны қостағандай:

– Ақылмен, сабырмен істеу қашан болар екен? – деп кейіс білдірді.

– Қашқарға барғанда, қалай бар деп кеңес берді? – деп Мұса сұрақ қойды.

– Жалғыз бір күтуші береміз дейді.

– Тегінде, Гасфорт алжыған, не болмаса, аяу дегенді білмейді. Ол не деген сөз? Қашқарды екі ауылдың арасы ақсақ қыздың сәлемі етіп жіберу деп жүрме. Сенің кадет корпусыңда оқып жүрген кезінде, екі елдің арасында бітім айт деп бізді де Шәуешекке жіберген болатын. Оған, әрине, жалғыз кісі бара ма? Бастығы Қүнекен, мен, Тана болып, осы отырғанымыз тегіс бардық. Ол кезде жаугершілік көтеріліс жоқ ел арасы таныш болатын. Бірақ сонда да біздің құрамымызда бес жүзге тарта адам бар еді. Гасфорттың мынасы көрекөзге отқа салу. Жоқ, ол болмайды.

– Мұсажан, дұрыс айтасың, – деді Қанқожа. Қазір Қашқарға бару аса қауіпті. Оның адамдары қазір бірін-бірі пышақтап өлтіруде. Сырттан алынған хабар бойынша Қашқардың көшесі қан сасып жатқаны байқалады. Өз іші олай болып жатқанда сырттан келген жолаушының онда аман жүруі неғайбыл.

Біздің Аягөзден былтыр кеткен ақалақшылар бар мүлкін талауға түсіріп, соқа басын эзер алып келді, онда да түтел келген жоқ. Бірталайы қолды болып сол жақта қалып қойған. Олардың өлі-тірісін бір пенде білмейді. Сондықтан Шоқанжан бұл сапарыңды кейінгіге қалдырып, әзірше бармағаның жақсы болар еді.

– Қанқожаның осы айтып отырғаны шын достық сөз, – деді Қүнекен. Сен бәріміздің қуанышымыз сияқты бір баласың, лаулап тұрған отқа қарсы барғаның естен кетпейтін зор аянышты іс болар еді. Қарағым, бұл сапарыңды келесі жылға қалдыр. Мән жайын Гасфортқа жеткізіп айт. Керек болса, біз де барып айтайық. Қиын жолдың үстінде олай-былай болып кетсең өкініш кетпейді ғой.

– Менің ойымша – деді, одан әрі Қүнекен, – бұл жолға саған көмекші болатын жанашыр кісі болу керек. Ең дұрысы бір топ сауда керуенімен шыққаның абыройлы болар еді. Қашқарға жыл сайын керуен мен сауда қылып барып жүрген саудагерлер біздің найман,

уақ, тобықты, қаракесек аталарымыздың ортасында жиі кездеседі. Оларды ақалақшы деп атайды. Олардың барлығы көпті көрген, бар өмірін керуен жолы үстінде өткізген. Сондықтан шәлейетінің түпкір-түпкірін, керуен жолын жақсы білетін, тәжірибесі мол, жырынды адамдар. Олардың көпшілігі бізбен таныс. Оларға айтып, сенімен кездестіруге болады. Біз Шәуешекке барғанда олардың бірталайы бізге де еріп барған. Қырда тұратын ақалақшылардан басқа қазақ ауылына жиі шығып тұратын қала саудагерлері де аз емес. Олардың ішіндегі сөзге ұқыпты Арқат пен Семейде тұратын Боқаш саудагер. Ол бізбен құдандалы жақын кісі. Қашқарға жыл сайын барып тұрады. Ол сеніменен қосылса, жұмысыңның ілгері басуына демеу болар еді. Бұлардан басқа ел ортасында керуен жолын жүйрік білетін, жырынды пысық жігіттер өте көп. Соның бірі біздің тобықты еліндегі Қошқарбай Қиятұлы. Ол қазір осында, әрқашан біздің қасымыздан калмай, көңіл көтеріп отыратын бір тамаша кісі. Оның тамаша жері, жас күнінде көп жыл Жанак ақынға еріп, оның лебіне ортақ болған құйылма ақын, тілге шешен, сауыққой адам. Жанак не айтса, соның бәрін бұлжытпай қағып алып, есіне ұстаған кісі. Ол сенің қасыңда болса, сені тек қана жырмен сауыққа бөлейді де отырады. Жол үстінде саған керегінің өзі де сол ғой. Шоқанжан, – деді Күнекең ең соңында, – баратын сапарыңды асықпай, осылай кеңінен толғап жүзеге асырсаң, оған елінде, үкімет те риза болмақ. Оның үстіне зерттейтін ғылыми жұмысыңның баянды, жемісті болуына да жақсы болар еді. Қарағым, осы жағын ұмытпағайсың – деді.

Күнекең сөзін бітірген соң, отырған өзге қариялар да ол кісінің сөзін қоштап, Шоқанға жолдас боларлық кісілер туралы ашық мәлімет бере бастады.

– Біздің қаракесек ішінде, – деді, көп уақыт сөйлемей отырған Тәттімбет, – Шоқанға жанын аямай қызмет істейтін бірнеше жылшос жігіттер бар. Олардың барлығы мен атайын сен тұр, күнге күйіп, суыққа тоңған, сайдауыт жігіттер. Өздері үйде отырса сері далаға шыкса

қудының көзінен оқ өткізетін асқан мергендер. Тамашасы адамның ықыбын табуы қандай. Менің Шоқанға таныстырайын деп отырған жігіттерім Қаратайұлы Артықпай, Шағабайұлы Дұрманбай, Үкібайұлы Орман, Елгезек, Сабынбай, Шалқыбай, Тарақты, Жедел дейтін жігіттер. Бұлардың барлығы Семей мен Ташкент арасында жүретін керуендерді талай рет Бетпақтың шөлінен аман өткізіп, үкіметтен сыйлық алған жігіттер. Жүздеген шақырым жерге созылып жатқан Бетпақтың даласы оларға өз үйімен бірдей. Онымен қатар бұлар Семей мен Құлжа, Семей мен Қашқар арасында да талай рет болған. Алатау мен Тарбағатай тауының асулары олардың алақанында тұрғанмен бірдей. Менің оларменен көп жыл жолдас болған тәжірибем бойынша, бұл айтқан жігіттер Шоканның ең жанашыр жолдасынан болып, оған қызмет істеуге бота сияқты ешпідеп тұратын пайдалы адамдарынан болуға тиісті.

– Шоканның сапарына аса пайдалы, оған ақылы мен, тәжірибесі мен кеңес беруге лайықты кісінің енді бір тобы, – деді атақты Тана би, – Қашқар мен Құлжаға жыл сайын керуенмен барып жүрген уақ пен найман елінің ақалақшылары, оның ішінде белгілі Ақжол, Жолай, Бекмырза, Темірәлі, Жүсіп Ағысұлы, Бижан, Әйгел, Садық, тағы басқалар. Оларға тобықты Майқыны, Шымбайды, Күйік Қуатұлын, керей Жалбағайды қосуға болады. Бұлардың ішінде халық әңгімесін көп білетін шешендері Ақжол мен Бекмырза. Бұлардың барлығы Қашқар жолын жақсы білумен қатар оның қаласын да жүйрік біледі, онда таныстары да аз емес. Шоқанжан ұнатса олармен жолықтырудың міндетін біз алар едік.

Ең соңында Мұса шығып:

– Шоқанжан, осы айтқанның бәрі кітапқа жазғанмен бірдей. Қашқарға баратын болсаң бұл кісілердің айтқан кеңесін ұлы жосын деп біл. Ұшқалақтық болмасын. Гасфорттың алдына ең алдымен осы айтқандарды бірінші шарт етіп қой. Осы шартты аласаңыз барамын, олай болмайды екен баруға болмайды де. Әңгіме осы.

Дәм жазып Қашқарға бара қалсаң жөнекей Ұлы жүз



албан елін басып, онда Қашқар мен Алатау қырғызына беделі бар Жексенбіні ертіп алуың керек болады. Сүйтіп бұл айтылған жобаларды орындауға кемінен бір жыл керек. Жоғарыда сипатталған кісілерді жүрер алдында не Семейге, не Аягөзге жиып, олармен алдын ала танысып алуың керек. Гасфортқа оны да шарт етіп қою керек болады. Міне, бүгінгі біздің сенен сұрайтын тілегіміз осы. Сен халық үшін, халық мүддесін жоқтау үшін туған баласың. Оны халық жақсы біледі, сондықтан сені сүйеді, көзінен таса қылғысы келмейді. Сен оны есіңнен шығармауың керек.

Халықтың тұрмысын, оның географиясын жүйрік білетін майталман кісілермен кездесу Шоқанға үлкен әсер етті. Олардың айтқан кеңесі Шоқанға қатты ұнаған.

– Бұл не деген ақыл, не деген данышпандық. Мұндай төндіре айтқан кемеңгерлік сөзді талай жыл дала кезіп жүрген атақты профессордың аузынан естір ме едің? Әрине жоқ. Бірақ не керек, ақиқаттың жоқтығынан осындай кемеңгерлік ойлардың өзі тағылық болып саналады. Бұлардың айтқаны менің өзімнің ойлағаныммен бірдей. Расында Гасфорт осыны істесе, сонда ғана барамын. Егер болмайды екен, менде бас тартамын – деп, Шоқан үйіне кетті.

## ШОҚАННЫҢ ЖАҢАДАН ТАБЫЛҒАН ХАТТАРЫ

Өткен жазда Қазақстан Ғылым академиясының тапсыруы бойынша Батыс Сібірдің Омбы мен Томск қалаларында Шоқанның қолжазба мұраларын, оның өмірбаянына керек мәліметтерді іздеу үстінде көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Өйткені, Шоқанның кадет корпусында оқыған боздақ шағынан бастап, оның қайтыс болғанына дейінгі өмірі, көбінесе, осы Омбы қаласында өткені мәлім. Оның үстіне Шоқанның көп жылдар бойы хат жазысып, көп уақыт сұхбаттас болған Потанин, Ядринцев, Усов, Капустин, Гутковский, декабрист Батеньков сияқты дос-жаран

адамдарының өмірі де осы қалалармен байланысты болған. Сондықтан бұл екі қалада Шоқан туралы кейбір деректердің бар екендігіне ешкім күдіктенбейтін. Бірақ олар көп жыл бойы еске алынбай, шаң басқан архивтің ішінде ғасыр бойы зерттеушісін күтіп жататын.

Осыларды еске алып, өткен тамыз-қыркүйек айларында біз Омбы мен Томск қаласының архивтерін ақтардық. Архив қазынасынан іздеген нәрсені табу – жерден алтын қазумен бара-бар десек артық болмайды. Сәті түсіп қолға алған ісіміз жемісті аяқталды. Архивтен Шоқанның өмірін жарқын сипаттайтын көптеген жаңа мәліметтер мен оның қызметін баяндайтын кейбір жазбалар таптық. Олардың ішінде Шоқанның Мұса атынан Баянауыл аймағында болған жұт туралы (1862) және қазақтардың көшіп-қонуы туралы (1864) жазған ресми хаттары, Шоқанның Қашқарға барған саяхатын сипаттайтын байтақ мәлімет (1857-1860) және Малтабар деген қазақтың әйеліне үйлену туралы (1863) көптеген деректер бар. Шоқанның өмірбаянына керек бағалы мәліметтің бірі – оның әкесі Шыңғысты және інісі Махмұдты «патша үкіметіне қарсы үгіт жүргізді» деп айыптаған қағаздар. Тегінде Шоқанның достары – Ядринцев, Потанин, Усов, Аристов тағы басқалар абақтыда отырғанда (1865-1867 жж.) Шыңғысты солармен бірге айыптамақшы болған тәрізді. Бұл кезде Шоқан тірі болса, оның өз халі де сондай болуы мүмкін еді.

Табылған деректердің ішіндегі ең бағалысы – Шоқанның хаттары. Оларды Шоқан әкесі Шыңғысқа Омбы мен (1857) Петербордан (1860) жазып, бір хатты Қашқарға жүрердің алдында (1857) інісіне жолдаған.

Хаттар Шоқанның өз жазуымен сақталмаған. Г.Н. Потанин оларды 1895 жылы Шыңғыстың аулында қонақ болып жатқанда, күншығыс халықтарын зерттейтін Лазарев атындағы институттың студенті Петербордан ертіп шыққан серігі Дінше Сұлтанғазинға көшіртіп алады. Дінше – араб, парсы әдебиетін, қазақтың тілін, әдебиетін жақсы білген, бұл салада бірталай із қалдырған кісінің бірі. Ол хаттарды Шоқанның өзінде қандай болса, солай көшіруге тырысқан.

Осыдан кейін Потанинның бұл хаттардың түпнұсқасын алмай, тек көшірмесін алуының себебі не? – деген сұрақ туады. Мұның себебі – Шыңғыс өзінің тірі кезінде Шоқанның хаттарын, жазуларын, оның киімін ешкімге бермей, «Шоқанымның көзі» деп, оларды аса қастерлеп, өз қолында сақтаған. Келіні Айсараны «Шоқаным бауырына басқан, Шоқанымның оң көзі» деп өз үйінде ұстаған. Шоқанның қолымен жазған хаттардың Потанинге түпнұсқасын бермей, көшірмесін беруінің себебі осы. Шыңғыс өлгеннен кейін Шоқанның жазған хаттары, Шоқанға жазған орыс ғалымдарының, жазушыларының хаттары Махмұд пен Қоныштың (Шоқанның інілері) қолына тиеді. Оларды революция кезінде бірнеше кісі оқып көрген. Ол хаттарды жазушы Сәбит Мұқанов та көрген. Бір аянышты нәрсе, бері келе олардың барлығы әркімнің қолында кеткен. Ф.М. Достоевскийдің Шоқанға Семейден жазған хатын 1916 жылы Нина Павлова алмаса, о да жоғалып ізсіз кететін еді. 1895 жылы Г.Н. Потанин көшіріп алып кеткен хаттардың тағдырында Павлова Ленинградтағы көпшілік кітапханасына апарып тапсырған Достоевский хатының тағдырынан еш айырмасы жоқ. Бұл хаттарды қазір көзбен көріп, қолмен ұстау былай тұрсын, тіпті халқымыздың мәдениет игілігі етуге болады.

Шоқанның жаңадан табылған хаттары – ғалымның өмірбаянын зерттеу үшін, сол кездегі қазақ тарихы, әдебиеті үшін аса бағалы деректер. Бұл хаттар, ең алдымен Шоқанның ана тілінде қалай сөйлеп, қалай жазғаны туралы мол хабар береді. Шоқанның қазақша жазғандары, оның көптеген еңбектерінде үзінді-үзінді түрде кездесіп отырса да, олар халық бұқарасының әдемі, жанды тілін Шоқанның қалай меңгергені турасында толық мәлімет бере қоймайтын еді. Бұл мәселені анықтауға көмек беретін бір ғана Шоқанның жаңадан табылған хаттары. Оқушы олардан Шоқанның өзіне тән тілін және халықтың тіл байлығын қалай меңгергенін ашық көре алады.

Шоқанның хаттарынан көзге ең алдымен түсетін ерекшелік – олар орта ғасырда өмір сүрген шағатай әдебиетінің

үлгісімен, сол кезден қалыптасқан хат-өрнегімен жазылған. Бұл жағынан Шоқанның хаттары Абайдың інісі Халиуллага жазған хатына тіпті ұқсас, екеуінің тілінде де, жалпы түрінде де ешбір айырма жоқ. Сондықтан бұл хаттардың ішінде орта ғасырдан көпшілік ортасында үлгі болған кейбір трафарет сөздер де жолығады. Мәселен, «бағдында», «бізден хал-ахуал сұрасаңыз алхамд лилла сахт саламатбіз» деген сияқты. Бұл тәрізді кітап тілінің әсері Шоқанның тек әкесіне жазған хаттарында ғана кездеседі, інісі Жақыпқа жазған хатында бұлардың көлеңкесі де жоқ, оны тура қазақтың жалпақ тілімен жазған. Бұған қарағанда, Шоқан қарт әкесінің ойымен, оның жалпы бағытымен санасып, хаттарын оның жан күйіне бейімдеп, кітап тілінің әсерімен жазғаны байқалады. Өйткені, Шоқанның әкесі араб, парсы, Орта Азия әдебиет тілін жақсы біліп, тарих, әдебиет, шежірені көп оқыған кісі, сондықтан Шыңғыстың өзі де кітап тілінің әсерімен жазатын болған. Оның жазған кейбір жазулары, көшірген кітаптары біздің дәуірімізге дейін жетіп отыр.

Бұған қарсы інісі Жақыпқа жазған хатында бұрынғы трафарет болған сөздің біреуі жоқ, оның басталуы тура бүгінгідей «ініміз Жақыпқа» деп, содан кейін ғалымның күнделік тұрмысқа байланысты ойлары тура, ашық айтылады. Мысалы: «Ініміз жақыпқа. Бисенді жібергенге бір айдан артық болды. Кешіккеннің себебі не? Мен мұнда бекер жатып, бекер шығын қыламын. Ұлықтар жүрініз деп өкпелеп жатыр, бір жауап беріңіз, бұл іс жақсы емес. Егер Бисен бері шықпаса, үшбу поштавой мен Сейфуллинді жіберіңіз, ақшаны аямаңыз».

Бұл хатты Шоқан інісі Жақыпқа Қашқар саяхатына жүрердің алдында жазған. Хатта сұрағаны ақша және қасына ертуге керек болған сенімді, әрі пысық жігіт Бисен. Хатта саңлақ, жүйрік кісінің қойған тілегі қысқаша ашық айтылған.

Ең қызықты хаттар – Шоқанның барлығында кеменгер, ақылды баланың, жақсы көретін әкесі мен анасына алыс жерден жайып ашқан құшағы, нәзік сезімі, тасып шыққан жүрек қуанышы сезіледі. Ата-анасына арнаған барлық хат-

тарын Шоқан: «Ұлы құрметті, уа сүйікті атамызға, мейірбанды анамызға» – деп бастайды. Хатты бұлай бастаудың өзі бұрынғы ғасырлар бойы қолданған графаретті өлі сөздерді бүтіндей жойып, оның орнына тіршілікпен тығыз байланысы бар жаңа ой, жаңа мазмұны бар сөздерді қолданғанды көрсетеді.

Шоқанның әкесіне жолдаған бірінші хаты Омбыдан, 1857 жылы тамыз айының 21 күні жазылған. Бұл хатында Шоқан даланы (Жетісу, Тянь-Шань тауларын) кезіп, 13 тамыз күні Омбыға келгенін хабарлайды. Онымен қатар қалада болған жаңалықтар туралы жазады. Хаттың бір жерінде: «Біздің Шұрықтың үйі судан жаман болып сасып кетіпті, ешбір тұруға ләжім жоқ», – дейді. Бұл айтып отырғаны Омбы қаласының «Мокрая» деп аталатын көшесі. Шоқан осында тұрған. Бірақ жаз бойы өзі қалада болмаған соң, үйін ешкім күтпей, су астында қалған. Осы туралы әкесіне жазып, ауылдан кісі жіберуді сұрайды.

«Өзіңіз келерде біздің жайды ұмытпаңыз, Гасфорт жіберуге ықыласты» дегені – Қашқар саяхатына жүру ісі ашық шешілгенін білдіргендік. Бұл хатында Шоқанның әкесінен сұрағаны: бірінші – Қашқарға жіберуге қарсы болмау, екінші – ақша, киіммен жабдықтау, үшінші – қасына сенімді кісі ертіп беру туралы. Осыларды әкесіне тұспалмен сездіріп, «біздің жайды ұмытпаңыз» дейді.

Шоқанның Петерборден жолдаған хаттары әкесіне жауап ретінде жазылған. Әкесінің Шоқанға жазған хаттарын өткен жылы жазушы Мұқанов «Қазақ әдебиетінің»<sup>3</sup> бетінде бірінші рет жариялады. Оның түсінік берілген толық түрі төменде беріліп отыр.

Петербургдан жазған бірінші хатының (мұнда екінші хаты) мазмұны ең алдымен інісі Мақы туралы, одан кейін өзінің хал-жайы, үшіншісі – ақша, қаражат, төртіншісі – алпауыттық (дворяндық) туралы әкесі көтерген мәселеге қайырған жауаптар. Оларға қоса жазғаны кіммен жақын дос болғаны, кітап жазумен шұғылданып жатқаны, Петерборға

барған Орынбор қазақтары жайынан мағлұмат беру туралы. Осының барлығын Шоқан қоспасыз қазақ тілімен жазады. Мәселен: «Мақыжан саламат. Ол бұ күнде дачада тұрады. «Пойуз» дегені кемер белбеу. Оның оған еш ләзімі (керегі) жоқ, бекер жазған. Петерборға келгеннен бері өзімнің халымды бұрынғыдан жақсырақ көремін, әуесі маған жақсы, жағымды болды».

1860 жылы шілденің алтысында жазған хатында әкесі баласына: «Мүмкін болса ақсүйектік, – яғни князьдық іздеп қараңыз, бекер қарап жатпағайсыз, өздеріңізге жақсылықты іздеңіз. Бұл істі көптен көп тапсырамын», – деген болатын. Әкесінің бұл талабына Шоқан мән бермейді, тек оның көңілі қалмауы үшін сұлық жауап қайырады: «Сіздің князьдық хакында өзіңіз арқылы ізденсеңіз (дұрыс) болар, я обласной правление арқылы, Карл Казирмировичпен ақылдасыңыз», – деп, бұл мәселеге қатынасқысы келмейтінін білдіреді.

Петербургта өзіне дос-жаран, жақын болған кісілерден Шоқан, көбінесе, іс басында отырған адамдардың атын көрсетеді. Олар – соғыс министрі Милютин, жоғарғы әскери штабтың бастығы Ливен, граф Толстой, сенатор Любимов тағы басқалар. Шоқан хатында: «Осындай ұлықтардың барлығымен ашналығым бар, балки гаирлары (кейбірі) мен достығым бар ... олардың үйіне барып жүремін» – дейді. Бұ да, әрине, Шоқанның әкесі жақсы көретін нәрселерді жазып, оның көңілін ауламақшы болғанын көрсетеді. Хатта өзінің нағыз дос болған кісілері – атақты ғалымдар Бекетов, Семенов-Тянь-Шанский, Березин, Казембек және толып жатқан жазушылар Майков, Полянский, Достоевский, Курочкин т.б. туралы бір ауыз сөз жазбайды. Аса жақын болған кісілердің қатарында белгілі ғалым, ол кезде Орынбор қазақтарын билейтін В.В. Григорьев те бар. «Орынбор қазақтарының облыстық жанаралы, – дейді Шоқан, – Григорьевпен қысты күні ол Петерборға келгенде көп дос болдық. Ол маған келіп жүрді». Мұны Шоқанға жазған бір хатында Григорьевтің өзі де айтады. «Был у Вас с визитом, – дейді Григорьев, – это одно; а второе то, что оберпрокурор святейшего синода граф Александр Петрович Толстой желает

<sup>3</sup> Сәбит Мұқанов. Шыңғыстың Шоқанға жазған екі хаты. «Қазақ әдебиеті», 1959 ж. 20 март.

с Вами познокомиться и просят Вас к себе обедать завтра в 4 часа. Если Вы свободны, и не прочь съездить к графу, так завтра в 3,5 часа я заверну за Вами. В. Григорьев». Сөйтіп, бұл хаттар 1860 жылы Шоканның Петерборда кіммен дос болғаны туралы ашық мағлұмат береді.

Хаттағы аса бағалы мағлұматтың бірі – Шоканның Петерборда іспен шұғылданып жатқанынан хабар беруі. Хаттың бір жерінде ол: «Өзім бірнеше кітап тасанниф қылып жатырмын. Газеттерде мен хақында көп жазған еді, естіген дұрсыз», – дейді.

Бұл Шоканның негізгі еңбектері – оның ішінде Қашқарияның географиясы, тарихы, шаруашылығы, Қокан хандығы туралы еңбектері осы Петерборда жазылғанын дәлелдейді.

Шоканның әкесіне хабарлаған жаңалықтың бірі – Петерборда қонақтап жатқан Орынбор қазақтары туралы. Олардың «мұнда келгеніне бір жұма болды, – дейді Шокан, – бастап келген Мұқан сұлтан, барлығы 8-9 кісі. Пристав болып келген Плотников. Тілмәш қызы қазақ төресі Альмұхаммед Сейдалин. Жақып оны біледі. Ахметтікінде көрген». Шоканның бұл айтып отырған адамдары сол кездегі журналдарда бірталай шу көтерген қазақ депутатиясының бірі. Оның құрамында Мұхаммед (Мұқан) Жантөрин, Беремжан Чегенов, Ермұхаммед (Елекей) Қасымов, Азберген Мұңайтпасов, Мұхамедғали Таукин, Алдаш Байғанин, Исет Төлепов, Сердалы Бекчурин, Мұхаммед-Салық Бабажанов, Ғұбайдулла Есенбаев, барлығы оннан аса кісі болған. Плотников пен Романовскийдің жазуынша, бұл кісілердің Петерборға барғанына зор мән беріліп, әкімдер оларды орыс халқының байтақ мәдениет, өнер орындарымен, үлгілі ауыл шаруашылығы, сол кезде Петербор пен Мәскеу арасында жанадан салынған теміржолмен, фабрика, заводтармен таныстырады, қатты сый-сияпат көрсетеді. Депутация Петербор пен Мәскеу 1860 жылдың шілде-тамыз айларында болып, қырға тек күз түсе қайтады. Плотниковтың жазуынша, «депутацияның ішінде көзге ерекше түскен әсіресе Сердалы Бекшораұлы болған, оны қазақша хатқа

өте жүйрік, бармағынан бал тамған суретші, мүсінші, әрі құйылған ақын еді», – дейді. Сердалы күні бойы Эрмитажда отырып, өзі сүйген атакты шығармаларды сол қалпында бұлжытпай түсіреді. Соның бірі – «Помпейдің соңғы күні». Онымен қатар Сердалы Петербор көрінісін, Мәскеу темір жолындағы паровоз, вагондарды ерінбей, жалықпай суретке түсіріп отырады. Бірақ не керек, Сердалының бұл ісін депутатияға еріп келген молдалар біліп қойып, олар «бұл дінсіздік, құдайға күшіршілдік» – деп оған бұдан былай сурет түсіртпей қояды.

Плотниковтың айтуынша, Шокан бұл кісілермен жиі жолығып, өзі де Петерборда көп уақытын солармен бірге өткізген.

Шоканның хаттары ол кезде артта қалған қазақ халқының орыс мәдениетіне араласудағы кейбір кезеңдерін жарқын суреттейтін, соның айқын бір дерегі екенін көреміз.

Шокан екінші хатында өзінің ауруы жанадан қозғалып, дәрігерлердің кеңесі бойынша Парижге жүргелі жатқанын хабарлайды. «Бір айдан бері жүрегімнің дерті ұстап, ауырып тұрамын. Петербордың ауасы Дешт-Сахралыққа жақсы емес екен, дәрігерлер қысқа зағраницаға баруға бұйырады», – деп жазады.

Шоканның Парижде болғанын жазған бір ғана Врангель еді. Ол туралы бұл күнге дейін өзге мағлұмат жоқ болатын. Сондықтан кейбір зерттеушілер (М.И.Фетисов) Шоканның Парижде болғанына күдіктеніп, Врангельдің ол туралы жазғанына сенімсіз қарайтын. Шоканның Петербордан жазған екінші хатында «Парижге жүргелі жатырмын» дегені бұл күдіктенуді біраз серпілтіп, Врангельдің айтқанын расқа шығарды.

Шоканның бар хаттарында тұрмыстан соққы көріп, жокшылықтың зардабын тартқан кісінің үні естіледі. Потаниннің айтуынша, Шокан Петерборда болған Сібір жастарының арасындағы ең ақшасы азының бірі болып, ақшаны ылғи қарызға алып тұрушы еді. Шоканның жокшылық азабымен шаршаған бұл халі оның Бекетов пен әкесіне жазған хаттарынан айқын көрінеді.

Әкесіне бірінші хатта Шоқан жазған: «Бірнеше күн ақшасыз отырып көп қажет көрдім. Өзіңіз білесіз бұл шаһарда ақшасыз адам аштан өледі, әзер-әзер екі жүз теңге займға алдым. Енді бұл хатты алысымен ақша жібере көріңіз. Мен өзім сіздерден сұрауға ұяламын, сұрамай болмайды... аз да болса әр айда жіберіп тұрсаңыз жақсы болар еді...аз ақшамның өзі мұсафиршілік пен тұрсам, кім біледі, ас-суға жетер», – деп Шоқан жоқшылықтың бұғауында шырмалғанын әкесіне жазады.

Шоқан Парижге жүрер алдында: «Жат жерде борышты болып жүру не қандай мәшһүр болса да, жанарал болсын, қарауыл қызметіне жібереді ғой!» – деп, әкесінен тек ақша жіберуді сұрайды.

Бірақ Шоқанға көп ақша жіберіп тұрарлықтай әкесінің мол ауқаты болмаған. Оның бір жыл ішінде баласына көмегі мың сомнан аспаған. Бұл жөнінде Шыңғыс баласына нақыл айтып: «Петерборда көп ақша шығарып мақтаншылық қылып тұрма. Мұндағы біздердің халімізге де бақсан керек. Жылында мың теңге жіберу мүмкін. Енді төрт айда жіберіп тұрамын», – деп жазады.

Шоқан Парижге жүрерде әкесінің жіберген ақшасы оған тез бара қоймады, сондықтан Шоқан 300 сомды өзінің дос-жаран адамы Н.М. Ядринцевтен қарызға алып кетеді.

Ой-өрісі жағынан алғанда Шоқанның бұл хаттары сол кездегі қазақ тілінде жазылған хаттардың көбінен асып жатады. Екінші жағынан олар Шоқанның өмірбаянын зерттеуге қажет бағалы деректерден саналады. Шоқанның қазақша ой құрылысында жалпы әдебиетші, қаламшы кісілерге ортақ қасиеттер бар. Хаттарда белгілі ырғақ, күшті, көркем сезім арқылы егіліп шығатын ойдың әдемі суреті бар. Мұның бәрі, әрине, әдебиет, тарих, тіл зерттеушілер үшін ғылыми мәні өте зор екенін көрсетеді. Екінші жағынан хаттар Шоқанның өмірбаянын зерттеудің күрделі бір дерегі болып табылатынын дәлелдейді.

## ШОҚАНЫҢ ӘКЕСІ ШЫҢҒЫСҚА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ

*Бірінші хат*

*21 август, 1857. Омск*

Сізге бәләнд һумматлу ұлуғ мансаблу атамызға, меһирбанлу анамызға, уа барша іні-қарындастарымызға көптен көп сәлем.

Сәлемім бағдында біздерден есендік сұрасаңыз алхамд лилла ифтиля деб білесіз. 13-числада августың Омбу шаһаріне келдік. Генерал-губернатор бір күн бұрын келген екен. Ешбір жат хабар жоқ, есеншіліктен басқа. Гутковский мұнда, сіздерге көб-көб сәлем көндіреді.

Аға-сұлтандық хақында кеше Гасфорт нешік үшбу күнгеше «представление» қылған жоқ деб Фридрихсқа сөгіс қылды. Хұда буйырса бір жұмада аларсыз. Хатта советник орны бұрынғұдай вакансия болып жай тұрады, ешбір лайк кісі таба алмадық.

Сабалақ бен Ханқожа балаларын корпуске принимать қылды. Ыштабдан Гутковский хат алды, оларды корпусқа алдық деб.

Омбыға келерде Қошығұлдың советник ден дәмесі болса алыб біге келіңіз. Гутковский жаһат етермін деб уағда берді – жанаралға таныстыру керек.

Біздің Шүруктың үйі судан жаман болып, сасып кетіпті, ешбір тұруға ләзім емес. Бір кісі жіберіңіз деп едім, жібере көріңіз, һәм өзіңіз келерде біздің жәйді ұмұтпаңыз. Гасфорт ыхласты жіберуге.

Мұхаммедия мен Қозыкені менен сүйіңіз.  
Ұғулыңыз Мұхаммед-Ханафия Валиханов.

*Екінші хат*

*9 август, 1860. Петербург*

Сіздің мубәрәк намаңызды, июльдің 6-нда жазған, жолығып көб шад болдым. Көбтен хабар алмағанға хафа болып тұрып едім, инша-алла, сіздер сәлематтіктеріңізді

жіберіп тұрсаңыз көб жақсы болар еді. Біздің хал ахуал сұрасаңыз, алхамдлилла, сау саләмат деп білесіз.

Мақыжан һам саләмат. Ол бұ күнде дачада тұрады. «Пойус» дегені – кәмар белбеу. Ләкин аңа еш ләзімі жоқ, бекер жазған.

Петерборға келгеннен бері өзімнің халымны бұрынғыдан жақсырақ көремін, һауасы маған жақсы, жағымды болды. Оны мұнда ашна болған ұлықтар, һам военный министр хұб біледі. Барон Ливен деген жанарал граф Толстой, сенатор Любимов, уа ғайри ұлықтар. Бұларға асқа барып жүремін. Ләкин бұ күнге шейн Бутковка уа Гулькевичке барғаным жоқ. Ондайлардың һаммасы мен ашналығым бар, бәлки ғайрилары мен достығым бар. Өзім һам бірнеше кітап тасанниф қылып жатырмын. Газетлерде менім хақында көп жазған еді, есткенсіздур.

Өздеріңіз жүрерде маған буюрған едіңіз – ақшанын қанша шыққанын жазып тұр – деп, һар нешік сіздерге жалған айтып болмас, әуелгі жыл білмеген шаһар көбірек шықты: киім қылдырдым, форма сатып алдым, көйлек-дамбал: падшаға «представит» еткенде ұлықтарға асқа барғанда кәрте мен жүрмек керек, һар нешік бу күнде һам шықты. Жалование формуляр список келгенше берілмейды, қашан келерін хұда білсін.

Бірнеше күн ақшасыз отырып көп хажелет көрдім. Өзіңіз білесіз, бұ шаһарда ақшасыз адам аштан өледі, әзер-әзер екі жүз тенге займға алдым. Енді бұ хатты алған [нан] кейін азырақ ақша жіберсеңіз жақсы болар еді. Мен өзім сіздерден сұрауға ұяламын, сұрамай болмайды. Борыш қылсам мұнанда жаман. Өгар һар айда жіберіп тұрсаңыз жақсы болар еді, һам аз шығар ерді. Көп ақша колда (болса), көбірек шығады. Мұндағы мұсылмандардың біріне сөздесіп, сіз айында оған жіберсеңіз, айында маған беріп тұр – деп жақсы болар еді.

Мұса әкем ақша жібереме, жібермейме хұда білсін. Ол өзі бір ғажаб адам, мен өзім одан сұрамаймын. Һар нешік. Бұл хатты алғаннан кейін біраз ақша жіберсеңіз жақсы болар еді. Арамыз алыс, мұнда аз кешіксе хал хараб.

Орынбордан шыққан сұлтандар бір жұма болды мұнда келгеніне. Мұхан сұлтан бәріне председатель.

Бір письмоводитель бар, атын ұмыттым, һаммасы сегізтоғыз кісі. Падшаға бүгін көрсетугын күн. Пристав болып келген Плотников деген – председателинің товарышы. Переводчигі қазақ төресі офицер Альмухаммед Сейдалин. Жақып оны біледі, Ахметтікінде көрген. Башкен ханум сәлем айтыпты.

Апама, балаларға, барша ағайындарға сәлем айтасыз. Жақыпқа сәлем. Өгер Жақып Омбыға барса, сурет қылып жіберсін.

Сіздің «дворянский» - князьдық хақында өзіңіз арқылы хлопотать етсеңіз болар, на Облостное правление арқылы, Карл Казимирович білән ақылдасыңыз (на основании Указов 1776-1746 г. марта 14 и 1784 г. февраля 22). Сонда Қазақ хандарының әуләдіні князь қылмаққа қосқан. Ләкин происхождениесын анық көрсете алмаған үшін 1804-нші жылдан бері ноғайларға князьдық берілмеген. Өгар сіздің свидетелствода дворяндық дұрыс көрсетілсе – князьдық сұрасаңыз һам болады, законға тура келеді.

Орынборға гұбрнаторлыққа Безак деген жанарал баратын болды. Орынбор қазақтарының облыстық жанаралы Григорьев бен мен қыс күні ол Петерборға келгенде көп дос болдык. Ол маған келіп жүрді.

Адресі мұндай қылып жазсаңыз, инша-алла, тисе керек. Мой адрес В кавалерийское Отделение Департамента Генарльного штаба.

*Үшінші хат*  
4 ноябрь, 1860

**Бижанаб**

Сізге ұлұғ Хұрметты уа суюклу атамыз сәлем, уа Мешірбан анамыз, уа іні аға қарындастарымызға зияда ғұмыр уа ықбалалар.

Бағда бізден хабар сұрасаңыз алхамд-лилла, сау уа саләматбіз. Бір айдан берлі жүрегімнің дерті тұтып, ауырып

тұрамын. Петрбордың науасы дешт-сахралыққа жақсы емес екен. Дәрігерлер қысқа зағраницаға баруға бұйырдылар. Худа разы болсын, хауф қылмаңыз... Ғайри ол жерлерде һеш неме жок.

Худа каласа Батенков(?) губернатор болса Сібірге қайтамын. Мұнда сөз бар губернаторлыққа менің ашна дос кісімді қояды деген. Оның атын ілгері жазбаймын, әгар болмаса ұят болмасын.

Худа бұурса бір айдан кейін Петербордан Парижге шығамын. Ақшаны өтілге аламын – мұндағы бір кісіден. Аның үшін, сіздің жіберген ақша мені Петербургта таппас. Һар нешік емді бұ хатты алғанден кейін ақша һаммасын жібергейсіз. Мың теңгедей. Жат жерлерде борышты кісі не қандай машһур болсада, жанарал болсын, – қараулға жіберер.

Сіздердің халыңызды біліп мың теңге, артық сұрамаймын. Мұсафиршілік пен тұрсам, кім біледі, – ас суға жетер. Енді Мұса һам көмек берсе болар еді. Оның баласына, кім біледі пайда болар. Адресі түзік жазыңыз. Үш жүз теңге жіберген хатыңыз мені әзер тапты. Аның үшін кім сіз екі адрес жазыпсыз – бұрынғы адресы және соңғы адресі. Керек соңғыны жазбақ: В Кавалеристкое Отделение Департамента Генерального Штаба.

Басқа сөз керек емес. Худа каласа, жаз көрішмекні алла нәсіп еткей. Дәю, жазғушы ұғлуңыз Мұхаммед-Ханафия.

Мақыжан ұғлуңыз жалқау, һеш неме қылмайды, ұстаздарды айтады, және «ұры». Менің алты паршалық кітаптарымды ұрлап алғанын учитель Васильев табып беріп мені фәледен құтқарды.

Мен әуел келгенде келгенімді білдіріп хызметкерден хабар жібердім. Бір жақтан үйге келсем Мақыжанды көрдім, ол мені таныды:

–Жүзінді ұмыттым, – деді.

Оның есендігі жақсы, дерті жок, ақша көб сұрайды.

Ұрлық қылған соң мен ақша бермедім, наказание болсын! Жақып жанға сәлем, келінге (сәлем), балаларын сүйіңіз. Рахия Бадығұлға жазсаңыз сәлем жазарсыз.

*Төртінші хат*

## Ініміз Жақып сұлтанға

Бейсенді жібергенге бір айдан артық болды. Себебі не? Мен мұнда бекер жатып, бекер шығын қыламын. Ұлықтар жүріңіз деп өкпелеп жатыр. Бір жауап беріңіз. Бұ іс жақсы емес. Әгар Бейсен бері шықпаса үшбу поштавой мен Сейфуллинді жіберіңіз, ақшаны аямаңыз. Екінші жыл сұрамаймын, 700 теңгедей жіберіңіз, алла разы болсын. Поштавайды барған күні қайтарыңыз.

10-ші декабрь 1857 ж.

Р. Әлбәтте олай-бұлай деп кешікпеңіз, бір жауап беріңіз, тез! Атамның заданиесі бір-екі күнде шығады, үшбу күнде Главное

Управление де басып жатыр.

Утверждение отца вышло, а теперь печатается приказ об утверждении.

## ШЫҢҒЫСТЫҢ ШОҚАНҒА ЖАЗҒАН ЕКІ ХАТЫ

*Бірінші хат /6-үйіл, 1860 ж.*

Сүйікті ұғлым Мұхаммед-Ханафия, һам Абіл-Мақыжанға дұғай сәлемлерімізді ерсал айладік. Бізден хал сұрасаңыз алхамд-лилла сағ сәлаватмізлар, бұ дәмгеше, мұндан әрі әмір алланікідүр.

Сіздің апрельдің 14-нде жазмыш мұбарак сәлем хатыңызды майдың 27-нде жолығып, бәршаларымыз шад олдык. Алхамд-лилла, ахырының хайрын берсін.

Бұ сәлемдін бұрын Карл Казимирович екі сәлем біздерге жазып– сіздің хақында, бек қуандырды.

Әуелі Петербордан бір жанарал бір сенатордан қағаз алып, сенің хақында, Густав Ивановичке берітті. Бұлар өзіне сәлем жазған екен. Сен газет [ке] жаз [ыл] мақ хақында айтқан екенсін, Карл Казимирович газетті алуғұғын кісілер-

ді әрбір дуаннан таярлауға азаптанып жатыр. Өзі барша жамағаттары билән Баян-Аула Қарқаралыға кетті. Жакып пен Мұқанға сенің сәлем хатыңды көрсеттім. Алар саған керек нәрселерді жимаққа жаһаттанып жүр.

Қарындасың Рахияны майдың аяғында күйеуіне ұзаттық. Хұдай тағала алды артын бахытты қылып, хайырын берсін.

Өздеріміз үшбу күнде дуаннан елге қайпаққа тұрмыз. Военный губернатор келіп, ревиз қылып; һәм бізге, Гафарға, Шабай баласы Тастенге сайлау қылдырып, бәрша жұрттар бір иттифақта болып, үшімізды алмастырмайынша өз орындарымызға қойдылар.

Қайтуда бригадный (генерал) Волков сәлем айтты, адъютант Нестрев, Гури сәлем айтты. Және біздің тойға дуанға полковник Майдель келді. Сіздің жақсы болғаныңызға еш шама жоқ шад, өз баласына мұнша қуанбас. Сізге қарағанда бек ыхласты, көп сәлем айтты. «Қашанда тілектемін – ұзақ гүмыр мен бахыт бармекні» деді.

Өзімнің саған уәде берген жылында бір жібермек ақшаларды таярлап қойдым. Бірақ хұдаға тапсырдым: жақсы жүр, ішкіліктен сақ бол. Әғарда бір үйренсен қайтып құтылмақ қиынды.

Ғаббас ұлы Шеспені білесін бе? Мақының партретін есендік болса тез жіберіңіз. Жалқаулық қылма, уақтың болса сәлемді біздерге көп жазып тұрғайсын. «Жырақ жерден жақын көңіл» деген.

Адъютант Соколов, Клименко һәм Кривонгово көп сәлем айттындур.

Өткен қыс күні февраль айында Омбыға бардық. Жанарал-губернатор бек хұрмет қылды, сізді көп мақтады. «Хұда гүмыр берсе көп алысқа берур» деді.

Мұса, Шалғынбай, біздерді «благородное собрание» жанарал-губернатор бек зор қонақ қылды. Барша төрелер жиылды, һәм музыканттарды шақырды. Анда адъютант Фридрихс бірлән таныстым.

Бұ күнде жанарал-губернатор Алматы Қапалда, үйілдің аяғында қайтпақ.

Және хұда есендік берсе, әғарда мүмкін болса, ақсүйеклікті, яғни княздықты іздеп қараныз. Бекер қарап жатпағайсыз. Өздеріңізге жақсылықты іздеңіз. Бұ істі көптен-көп тапсырамын. Және біздің диплом бек ұзады, қолға тимеді. Оны сұлық білдіруге мүмкін болмас па екен? Және Тарханға, Муфтизадаға, Хисам-еддин Шашбайға, мистр Жангір ханның молласына шок сәлем айтыңыз, әғарде бар болса.

Мақының сұраған «пояс» дегені не нәрсе екен, оны бізге жазыңыз. Боқаш, Мұсабай екісі бізге екі (рет) сәлем жазған. Бұрынғы жазған сәлемін жолықпадым, соңғысын жолықтым, жнырма сегіз күнде менің қолыма тиді. Әғарда рас болса паша хазреті аларға бек көп аңғам берген – хорунжі шенін, алтын медаль, әр қайсысына 6 мың теңге ақша. Жанына еріп барған жолдастарына және аңғам күтіп тұрамыз – депді.

Мұса мырзаға мен айттым: «Шоқан айтты ақшадан болмаса да жылудан болды» – деп. Бек қызарып ұялды. Ол айтты: «Бір қытайдың паруазы бар екен, маған бермеді, сізге алып кетті» – деді. Мен айттым: «Мағағ (да) берместен Петрборға өзі бірлән алып кетті» – дедім. Онан соң көңілі хош болды.

– Мен өкпе қылған едім, атасынан бізді кем көреді деп ойлаған едім. Әғарда өзі алып кетсе бекер кінә қылған екенмін – деп, пышаймен болды. Хұда бұжорса биыл сізге көп ақша жібермек уәдесі бар.

Және маған жазыңыз: Петерборда қандай адамдардан өзіңізге дос-жар кісі таптыңыз? Саньяр анда барды ма? Осиповке сәлем айтыңыз, сізге жолыққандай болса.

Және, Мақы сізді таныдыма сұрамайынша, яки жоқ па? Екі Махмұд бүгінде бізде қонақта. Әғарда Петерборда оқитын бір жер тапсаңыз жақсы болар еді.

Мұнда сіздің хақыңыз жазған газетті бек мақтайды. Полковой Шишкович (сен туралы) маған сәлем айтыпты, қуаныш қылып.

Және Қасым баласы Көшек сұлтан пуданлық сұрап мұнда келген. Мен военный губернаторға жолықтырдым. Алар жанарал-губернаторға мағлұм қылды. Әғарда қабыл



кылса хабар бермек. Банабан тез Омбыға өзім бірлән алып барсам керек.

Және Ержан баласы Қошқарбай Қатенин жардемі бойынша падиша хазретіне кетті, һам Мұқан сұлтан, бий Бримжан деген баласы бірлән. Аларны анда инша-алла, көрсеніз керек. Және форт Перовскийдің қасындағы елдерді, һам жеруенді қокандықтар шауып, талап алып кеткен. Анда Кенесары балалары бірге ермиш.

Және өздеріңіздің есендіктеріңізді көбірек жазып, білдіріп, біздерді қуандырып тұрсаңыздар ақшаны да көбірек жіберермін, әгарда аз жазсаңыз ақшаны аз жіберемін.

Дәю, әр даным хұдадан есендіктеріңізді тілеп жазушы атаң сұлтан Шыңғыс Валихан ұғлы.

Тәті, Қанғожа, Жакып, Мұқан, Кникпай, Жүсіп сәлем айтады.

Бір шеркештің күмісті шашкесі керек, нінге арта салатын белбеуі мен. Ақшасын құда берсе жіберермін.

#### *Екінші хат*

Сүйікті ұғлым Мұхаммед-Ханафия бірлән Мақы-жанға көп дұғай сәлем. Бағдында біздерден хабар сұрасаңыз алхамд-лилла сағ сәләматпіз, мұнан әрі әмір алланикідүр.

Сіздің ағустың 9-нда жазмыш сәлем хатыңызды сентябрьдің 8-нде жолығып, оқып, есендіктеріңізді кәміл білгеннен кейін шад хұррам болдық.

Алхамд-лилла, әр қашан хұдай тағала осындай есендік илән сәлеміңізді жолықтырсын; сіздерді анда, бізді мұнда сәләмат сақтап, сәләматтік пен қаустырмакны хұдай тағала нәсіп еткей ерді.

Енді есендік берсе бір тәсірф сайын 300 теңгеден ақша жіберіп тұрармыз. Үшбу жолда 300 теңге жібердім. Яғни ай сайын жібермекке уақыт болмайды. Екінші андағы ноғайларға жіберуге мүмкін емес, аның үшін мен ноғайларға сенбеймін. Әгарда сізге ұнаса осылайша қылармыз. Бек тездік илән сәлем жазғайсын.

Және Мұса мырзаға сіздің сәлем хаттан көпе көшіріп жібердім. Мен сізге риза болармын сәләматлігіңні көп жазып білдіріп тұрсаң.

Және Мақы-жанды аузынан, тамағынан көп сүй – менің үшін. Және мағлұм болсын, інің Жакыптың Жан-Мұхаммед деген ұғлы ағустың басында дүниеге келді.

Мақының партретін жасатып жібер, бек тезлік илән. Және, сіз елден анда барғанда Мақы сұрамай таныдыма, жоқ па? Маған хабар жаз. Және менің саған насихатым: Петерборда көп ақша шығарып, мақтаншылық қылып тұрма. Мұндағы біздердің халымызге бақсаң керек. Жылында мын теңге жіберу мүмкін. Енді төрт айда бір жіберіп тұрамын. Хайр бұ жіберген үш жүз теңгені есеп қылмаймын, аның үшін әр ұлықтарға танысып, арадасып жүргенің үшін, нағрат қылып бергенімде, ахрын хайырлы қылсын.

Әрдәим есендіктеріңізді тілеп жазушы атаңыз сұлтан Шыңғыс Вали ұғлы.

Сентябрьдің 19-нда, 1860 жылда.

#### ТҮСІНІКТЕР

*Бірінші хат 21 август 1857 ж.*

Белянд – ұлы, биік

Һүммәтлу – құрметті, қадірлі, ардақты

Мансаблу – дәрежелі, жоғарғы орындағы.

Мейірбанлу – мейірбанді, мейірімді, жылы жүзді, ақ көңілді

Барша – барлық

Бағдында – соңында, одан кейін

Алхамд лилла – аллаға шүкір.

Гутковский Карл Казимировия – ол кезде Сібір қазақтарын басқаратын әскери губернатордың орынбасары, Шоканның досы.

Аға-сұлтан – дуан басы

Хакында – турасында, туралы

Гасфорт Густав Христианович – ол кезде Күнбатыс Сібірдің генерал-губернаторы

Представление – ұсыныс, ұсыну

Фридрихс – ол кезде Сібір казактарын билеген әскери губернаторы.

Хатта – алайда, бәлкі.

Советник – кеңесші, ақылшы

Вакансия – бос орын

Сабалақ – Уалидің Айғанымнан туған бір баласы

Қанқожа – Уалидің Айғанымнан туған бір баласы,

Шоканның әкесі Шыңғыстың інісі

Корпус – бұл жерде Омбының кадет корпусы туралы айтылған.

Ыштаб – Петербордағы жоғарғы генерал штабы.

Қошығұл – Зілқара Қошығұл баласы, Шыңғыстың жерлесі.

Шұрук (орысша Мокрая) – Шоқан тұрған Омбыдағы көшенің аты.

Ләжім – мүмін, тиісті.

Мұхаммедия – кейінірек Омбының кадет корпусында оқыған Шоканның інішегі, 1857 жылы 5 жасар бала.

Қозыке (толық аты Сахыб-Керей) – Шоканның талапты інісінің бірі, күйші, музыкаға жүйрік, жастай өлген 1857 жылы 3 жаста.

*Екінші хат, 9 август, 1860 ж.*

Мубәрәк – қайырлы, қуанышты.

Жолығып – жолықтырып, алып.

Хафа – хат, сәлем хат.

Инша алла – аллаға шүкір.

Мақыжан – Петерборда оқыған Шоканның інісі. Оның баласы Едріс қазір Алматыда тұрады.

Барон Ливен – жоғарғы штаб департаментінің бастығы.

Граф Толстой – ол кезде оқу-ағарту министрі.

Сенатор Любимов – ол кезде сыртқы істер министрінің орынбасары.

Бутков – Сібір атты қазақ әскер басшыларының бірі.

Гулькевич – Сібір атты қазақ әскерлерінің атаманы.

Тасанниф қылу – жазу, шығару, кітап жазу.

Форма сатып алдым – әскери форма, әскери киім.

Карета – әдемі күйме, күймелі арба.

Жалование – жалақы, айлық ақы.

Формуляр список (формулярный список) – қазіргіше анкета, қызмет атқару тізімі.

Займға – қарызға, борышқа.

Мұса – Шоканның нағашы ағасы, Мұса Шорманұлы.

Письмоводитель – іс жүргізуші, хатшы.

Пристав – әкім, басқарушы.

Плотников – Орынбор казактарының басқарушының бірі.

Жақып – Шоканның тетелес інісі.

Ахмед Джантюрин – Мұхаммед (Мұқан) Жантөриннен бұрын болған Торғай казактарының сұлтан правителі.

Башкен ханум – Ахмед Жантөриннің әйелі.

Дворянский – ақсүйек, алпауыт, шонжар.

Князьдық – алпауыттық, шонжарлық.

Хлопотать етсеніз – ізденсеңіз, соңына түссеніз.

Областное правление – Сібір казактары мен Күнбатыс Сібірді билеудің бас мекемесі.

Карл Казимирович – жоғарыдағы Гутковскийді кара.

Безак А.П. – Орта Азияны Ресейға қосу кезінде көтерілген генералдың бірі, Орынбор уәлаятінің генерал-губернаторы (1860 – 1865).

Облыстық жанарал (орысша – военный губернатор) – облыс басқаратын генерал.

Григорьев Василий Васильевич – ол кезде Орынбор казактарын басқарушы, кейін Петербор университетінің профессоры, Күншығыс халықтарын, оның ішінде Қазақстан мен Орта Азияны зерттеген ғалым.

*Үшінші хат (4 ноябрь 1860 ж.)*

Бижанаб – қасында, бірге, жүзбе-жүз

Зияда – ұзын, ғұмыр, ұзақ ардайым

Ықбалалар – бедел, абырой

Дешт-сахралыққа – дала сахралыққа  
Ақшаны өтілге аламын – қарызға аламын  
Қараулаға жіберер – Абақты бағуға жіберер деген мәнде  
Алты паршалық кітап – алты том кітап

Васильев – Шоқанның Петербордағы пәтеріне келіп жүрген адам. Қытай мен моңғол тілін, әдебиетін зерттейтін атақты ғалым кісі болатын. Учитель Васильев мүмкін басқа кісі болар.

Бадығұл – Ақмола төресі Абылай Қоңыр-Құлжа баласына шыққан Шоқанның қарындасы, 1836 жылы туған. Шоқан (1835) мен Жақыпқа (1837) тетелес. Бұлардан басқа Жамал (1840 ж.) Нұрилла (1850), Шарбану (1853), Апия (1857) деген қарындастары болған.

Рахия – Шоқанның 1842 жылы туған қарындасы

*Төртінші хат (10 декабрь 1857 ж.)*

Бейсен – Шыңғыс аулындағы пысық, сөз білгіш жігіт

Поштавай – шабарман

Сейфуллин – Шыңғыс ауылында қонақтап жатқан кадет корпусының оқытушысы

*Шыңғыстың баласы Шоқанға жазған бірінші хат, 6-үйіл, 1860 ж.*

Дұғай – арнап, атап, арнаулы

Ерсал айладік – жолдадық, арнадық, жібердік

Бү дәмгеше – бұған дейін

Өмір алланикідүр – бұйырық тәңіріден

Шад олдык - шат болдык, қуандык

Сенатор – Сенат мүшесі. Сенат – революциядан бұрынғы Ресейда сот орындарын бақылайтын жоғарғы орын

Густав Иванович Гасфорт – Күнбатыс Сібірдің генерал-губернаторы

Жамағатлары билан – үй-ішімен, қасына ерген кісілерімен.

Мұқан – Шыңғыстың ауылдас көршісі

Алар саған керек нәрселерді жимаққа жаһаттанып жүр – дегені Шоқанның інісі туысқандары арқылы қазақ тұрмысын суреттейтін кейбір этнографиялық нәрселерді жинатып алуды тілек еткенін көрсетеді. Шоқанның бұл жинатқан нәрселері кейін Дашков музейіне түскен (қазір Ленинградтағы совет халықтарын зерттейтін музейде сақтаулы тұр).

Худай тағала – зор тәңірі

Үшбу – осы қазір

Ревиз – ревизия, тексеру, түгендеу

Иттифақ – бірлік, тұтастық

Нестеров – Сібір қазақтардың басқармасында істеген ұлық

Гури – Сібір қазақтардың басқарушы соғыс губернаторының хатшысы

Майдель – Сібір қазақтардың басқармасында істеген ұлық. Сізге қарағанда Майдель бек ыхласты – дегені Шоқанның Майдельге көзқарасы онша болмағанын көрсетеді. Оны Гутковскийге жазған хатында Шоқанның өзі де ашық айтқан.

Ғаббас – Шыңғыстың ағасы, Уәлидің баласы

Соколов, Клименко, Кривоногов – Сібір әскерінде қызмет еткен офицерлер

Шалғынбай – Құнанбайдан кейінгі Қарқаралы дуанының аға сұлтаны

Благородное собрание – алпауыт шонжарлардың жиналып бас қосатын жері

Адъютант Фридрихс – Күнбатыс Сібір генерал-губернаторының жәрдемшісі

Диплон – диплом, куәлік

Шоқ сәлем – көп сәлем

Боқаш – Шоқанның Қашқарға баруына көмек берген Семейдің саудагері.

Мұсабай – Шоқанның керуеніне басшы болып, Қашқарға ертіп барып қайтқан жолдасы.

Паруазы – құс қанатты кәрденнен істеген мүсін

Анғам – сый-сыяпат. Оның барлығы Шоқанның ұсынуымен берілген.

Екі Махмұд – Шыңғыстың інілерінің балалары  
Пуданлық – поданлық, қарамағындағы  
Катенин – Орынбор уәләятінің генерал-губернаторы,  
Орынбор қазақтарынан Петерборға барған депутацияның  
мүшелері. Сол туралы 1860 жылы 9 августа жазған  
Шоқанның хатын кара

Форт – уақытша не ұзақ уақытқа арнап салынған қамал  
(бекініс)

Форт Перовский – одан бұрын Акмешіт, қазіргі  
Қызылорда

Тәті, Мұқан, Киікпай, Жүсіп – Шыңғыстың ауылдастары,  
Қангожа – інісі

Шеркес – Кавказдағы елдің аты

Шашке – сапы, селебе

*Шыңғыстың екінші хаты (19 сентябрь, 1860 ж.)*

Қауыстырмақ – құшақтамақ, құшпақ, құшып сүйіспек

Тәсріф – бір тоқсан (төрт ай) деген мәнде

Көпе – копия, аударып жазылғаны.

## **ШОҚАННЫҢ ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН ДОСЫ ХҰСАИН ФАИЗХАНОВ**

Шоқанның қолжазба мұраларын неғұрлым қазыла зерттесең, жатқан бір бай қазынаға жолыққандай боласың. Өйткені, Шоқан аз уақыт жасаса да, көп адаммен дос болып, байтақ мұра қалдырып кеткен ғалым болғандықтан, оның тамырланып көп жерге тараған қолжазбалары ауық-ауық кездеспей отырмайды. Сондай бір бағалы мұраның бірі – жақын арада табылған Хұсаин Фаизхановтың Шоқанға жазған хаттары. Хаттардың жалпы сарынына карағанда, Шоқанға хат жазып отырған Хұсаин Фаизханов Шоқанның бүгінге дейін белгісіз болып келген ең жақын достарының бірі екені байқалады. Соңғы жылдар ішінде Шоқанның жаңадан табылған досы Хұсаинның өмірін зерттеуге бір-

талай уақыт бөліп, екі достық арасындағы қарым-қатынас қай кезде, қанша уақытқа созылғанын айыруға тырыстық. Мағлұматтардың көрсетуінше, Шоқан Фаизхановпен 1860-1861 жылы Петерборда танысып достасады.

Архивтерде, кітапханаларда сақталған жойқын мағлұмат бойынша, Хұсаин Фаизханов XIX ғасырдың орта кезінде жасаған асқан ғалым, бар өмірін халық бұқарасының ортасына ғылым қазынасын тарату жолында сарп еткен, әрі саңлақ, әрі білгіш кісі болған. Хұсаин Фаизханов (1821-1866) Симбир губерниясындағы татарлар ортасынан шығып, Сабачай деген ауылда туып-өскен. Ең алғаш көзін ашып, білім алған жері де осы ара. Науша жас шағында Хұсаин Бұхара мен Қазандағы мұсылман медреселерінде оқып, араб, парсы, түркі тілдерінің жүйрік маманы болады. Қазанда бірнеше жыл Ш.Маржанидің дәрістерін тыңдап, оның атақты шәкірттерінің бірі болған. Алайда, ойы жүйрік, талабы зор жас ғалымға тек қана шығыс тілдерін біліп қою аз көрінеді. Хұсаин одан гөрі де жоғары өрлеуді қиял етіп, орыс тілін, Еуропа мәдениетін терең білуді арман етеді. Осы ретте Хұсаин, сол кездегі орыс ғалымдарының қаймағы саналған Қазан университетіндегі атақты профессорлармен жақындасып, оларға көмекші-шәкірт болып тағайындалады; араб жазуын қолданатын елдердің тарихын, әдебиетін, тілін зерттеу жолына түседі. Ол үшін Хұсаин, біріншіден, Қазан университетінің Шығыс факультетінде дайындалып, екіншіден, ондағы студенттерге арабша машық хат үйретеді.

Қазан университетінде ол көбінесе А.К.Казембектің қарамағында болып, оның лекциясын тыңдап, өзіне көмекші болады. Кейін ұстазы Петербор университетіне ауысқанда Хұсаин да онымен бірге кетуді көксейді. Оның бұл талабын Казембек те, басқа ориенталисттер де ұнатады. Көп толғанудан кейін Хұсаин Қазан қаласын артта қалдырып, Петербор университетінің Шығыс тілдері факультетіне барып орналасады. Бірақ Хұсаинның Қазан университетінен кеткеніне Маржани қатты күйзеледі. «Петербор қаласына көшуге бет алғанын білген соң, – дейді Маржани, – мен онын ешбір жібергім келмеді, түрлі себептер айтып, бұл

мақсаттан қайтармақшы болдым, одан гөрі қолайлы орындар көрсетіп, тұрмыс үшін жеңіл болатын басқа жолдар көрсеттім. Бірақ қанша үгітесем де менің айтқаным іске аспады. Ол Петерборға жүріп кетті. Дегенмен, оның ол жерде болғанынан мен де зиян тапқаным жоқ, қайта көп пайдасын көрдім»

Петербург университетінде Фаизханов алғашқыда бір жағынан өзі оқып (1853-1855) екінші жағынан шығыс факультетінің студенттеріне арабша машық хат (каллиграфия) үйретеді, онымен қатар түркі тілдерінің практикалық сабағын жүргізеді; бірақ өзі де оқушы қатарында болғандықтан университеттен еңбекақы алуды ұят көріп, үш-төрт жыл тегін оқытады. Фаизхановтың өзгеше адамшылық қасиеті, оның әрі адал, әрі пайдалы ғалым екендігі тез көзге түсіп, оның беделі университет студенттері мен профессорлар арасында елеулі бола бастайды. Шығыс факультетінің студенттеріне Фаизханов білімнің сарқылмайтын мол қазынасы болып табылады, ол оның ең жақсы лекторларының бірі болады. Фаизхановтың осы қасиетін жақсы түсінген жас студенттер оның еңбекақы алмай, тегіннен-тегін істеп жүргенін естігенде, қатты күйзеліп, жаны ашиды. Ол кездегі Петербор университетінің ректоры П.А. Плетневтің атына бір топ студент арыз беріп, Фаизхановқа еңбекақы тағайындауды сұрайды. Студенттер арызын шығыс факультетінің ол кездегі деканы профессор Мухлинский де қолдайды. Бірақ ол кез бюрокартизмнің мұрты сынбаған тоң мойын кезі ғой, университет студенттерінің арызына патша үкіметі ешбір мән бермей, оқу министрлігі олардың ұсыныстарын босқа қалдырады.

Дегенмен студенттер бұл мәселені аяқсыз қалдырып отырмайды. Оның соңына бір жылдан аса түсіп, ең соңында Фаизхановқа еңбекақы тағайындатуды жүзеге асырады. Осы қозғалыстың нәтижесінде Хұсаин 1857 жылдан бастап университеттің ресми оқытушысы саналып, 1860 жылдардан «лектор» атағына ие болады. Бұл оқиғаға өзінше мән берген, академик В.В. Бартольдтың айтуынша, студенттердің оқу жұмысын ұйымдастыруға қатынасып, өзінің оқытушыларын

жақтап шыққаны Петербор университетінің тарихында өзге уақытта болмаған<sup>4</sup>.

Шығыс тілдері факультетінде оқытумен қатар Фаизханов тағы да көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. Оның ғылыми-зерттеу жұмысы бірнеше саладан құрылады:

1. Шығыс факультетіндегі студенттерге құрал жасау мақсатымен татар тілінің грамматикасын құрастырады<sup>5</sup> (1862).

2. Тағы сол мақсатпен түркі тілдерінің хрестоматиясын жасайды, оның ішінде А. Мухминскийдің түркі тіліне арналған хрестоматиясын құрастыруға болысады<sup>6</sup>.

3. Бос уақытында көне дәуірдегі тас жазуларды зерттеп, оны археологиялық қоғамының журналында шығарып отырады<sup>7</sup>.

4. Көп уақытын архивте, кітапханаларда өткізіп, Орта Азия халықтарының тарихына керек негізгі деректерді белгілі бір жүйеге түсіреді.

Фаизхановтың аса тесіле зерттегені әсіресе Петербор мен Қазан қаласындағы араб, парсы, түркі тілдеріндегі кітаптарды, қолжазбаларды толық қамтитын библиографиялық картотека жасағаны. Фаизхановтың бұл картотекасына мыңға тарта қолжазба кірген. Оның көпшілігін академик В.Р. Розен өзінің «Notices Sommaires» деген көрсеткішінде пайдаланған. Қалғаны осы күнге дейін сол кісінің архивінде сақтаулы тұр<sup>8</sup>.

Қазақстан ғылымдарын қуантатын бір нәрсе, Фаизхановтың картотекасынан бірінші рет қазақ қолжазбалары да орын алған, оның көбі халық әдебиеті, тарихи шығармалар, мәселен, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Едіге», «Зарқұм»,

<sup>4</sup> Бартольд В.В. Материалы для истории факультета восточных языков. С. 108

<sup>5</sup> Фаизханов Х. Краткая грамматика татарского языка (литография), СПб, 1862

<sup>6</sup> Выбор турецких статей для начального перевода с грамматическим разбором. Издал А. Мухлинский. СПб, 1858.

<sup>7</sup> Фаизханов Х. Три надгробных болгарских надписи. Изв. Русского Археол. Общества. Т.IV, вып. 5, 1863. С. 395-404

«Дастан Амет», «Болыс», «Жамиг-ат таварих Жалаири» т.б. Бұлардың көпшілігін Фаизханов Шокан арқылы анықтаған, кейбірін өзі тапқан. Бір тамаша жері Фаизханов «Қозы Көрпеш» жырын картотекасында бірінші етіп тіркеген.

Шығыс тіліндегі кітап қолжазбаларды Фаизханов көбінесе Ғылым академиясының тапсыруы бойынша зерттеп, олардың мазмұнымен белгілі ғалымдарды таныс етіп отырған. Ол көбінесе Б.А. Дорн, В.Р. Розен, В.В. Вельяминов-Зерновтың қарамағында істеп, олардың шығыс халқының тарихын, әдебиетін зерттеуіне көмекші болады. Бұл айтқан ғалымдар 1860 жылы Фаизхановты Археология қоғамының мүшесі етіп өткізеді. Тағы сол жылдары В.В. Вельяминов-Зерновтың ұсынысы бойынша, Хұсаин Қасым қаласындағы тас жазуларды зерттеуге барып, одан көп байтақ мағлұмат жинап әкеледі. Бұл мағлұматтарды кейін В.В. Вельяминов-Зернов өзінің «Қасым хандарының тарихын» зерттеуде толық пайдаланған<sup>8</sup>. Хұсаин Фаизханов академик В.В. Вельяминов-Зерновқа бұдан басқа да көп материалмен көмек еткен, оны Вельяминов-Зерновтың кітабында жарияланған хаттардан айқын көруге болады. Олардың ішінде бірталай шежіре, Маржани хаттарының орысша аудармасы, тағы басқалар.

Фаизханов еңбектерінің ішіндегі ең күрделісі – Қырым хандарының Ресей патшалығына жазған ресми хаттарын жинап, бір ғылыми тәртіпке түсіргені. Бұл үлкен форматты, 900 беттік жойқын кітап. Оған 378 документ кірген, оның көбі орта ғасырдағы феодал дәуірін ашық суреттейтін бағалы деректер. Бұл кітаптың мағлұматын Фаизханов Ғылым академиясының тапсыруы бойынша сыртқы істер министрлігінің архивінен тауып, кейін оны В.В. Вельяминов-Зерновпен бірлесіп, сол кісінің басшылығымен іске асырады<sup>9</sup>.

Ғылым академиясының тапсыруы бойынша Фаизханов өткен ғасырдағы Ресей мен түрік, иран патшалары арасын-

<sup>8</sup> В.В. Вельяминов-Зернов. Исследования о Касимовских царях. Ч. I. С. V-IX

<sup>9</sup> Материалы для истории Крымского ханства. СПб, 1864. С.

дағы қарым-қатынасты суреттейтін тарихи мағлұматтарды архивтен тауып, оны да қолжазба түрінде кітап етіп топтады. Кейін ол мағлұматты шығыс жұртын зерттеуші ғалым В.Д. Смирнов жаңадан қарап, баспаға дайындайды<sup>10</sup>.

Хұсаин Фаизхановты ол кездегі танымал орыс ғалымдарының көбі білген. Күншығыс халықтарының тарихы мен мәдениетін жүйрік білген Фаизхановтың көмегін сол кездегі өнер тарихын зерттеуші белгілі ғалым В.В. Стасовта керек қылған. П.И. Лерхқа жазған бір хатында В.В. Стасов Хұсаинмен таныстырғаны үшін оған зор алғыс айтады: «Фаизханов үшін сізге мың алғыс. Жақын арада оны көрем деген үміттемін. Ол маған өте керек. Өйткені, «Ерусланды» жаза бастаған едім»<sup>11</sup>.

Мұның барлығы Хұсаин Фаизхановтың өз тұсындағы орыс халқының белгілі ғалымдарымен бірлесіп ғылым іргесін жасап, кейінгі ұрпақтарына бірталай мирас қалдырғанын көрсетеді.

Фаизханов қалдырған бағалы мирастың бірі – оның дүниеге ашық саңлақ көзбен қарағаны, оның ұрпаққа сәуле шашу ісі.

Фаизхановтың жасаған дәуірі іслам дініне көзсіз табынған, қараңғылық бұғауының басқын кезі еді. Бірақ ойы саңлақ Фаизханов мұсылман медреселерінде оқып жүргенінің өзінде іслам догмасына өте сын көзімен қарап, одан ойға азық боларлық ешнәрсе таба алмайды, ақылға, ойға сусын боларлық басқа түрлі материалистік идея іздейді. Сондықтан ол өзінің шыққан ортасын кейін қалдырып, Петерборға барып, ондағы орыс ғалымдарымен достасады, ой-пікірдің жаңа түріне шомылады. Петерборға барғаннан кейін Фаизхановтың ой-өрісі бүтіндей кеңіп, өзінің іздегенін тапқандай халге жетеді. Фаизхановтың бұлай өрлеуін оның Маржаниға жазған хаттары толық дәлелдейді. Ол хат-

<sup>10</sup> Сборник нескольких важных известий и официальных документов касательно Турции, России и Крыма. Издал с приложениями. В.Д. Смирнов. СПб, 1881.

<sup>11</sup> Стасов В.В. Письма к деятелям русской культуры. Т. I. М., 1962. С.339.

тарында Фаизханов біріншіден, Петербор университетінің шығыс тілдері факультетіне оқытушы болып орналасқанын зор қуанышпен жазады. Екіншіден, Фаизханов көп уақытын Петербор кітапханаларында өткізіп, бірнеше тілде жазылған кітаптармен танысады. Әсіресе орыс тіліндегі кітаптарды терең оқып, тарих, фәлсафа, әдебиет, тіл туралы жазылған теорияларымен білімін байытады. Онымен қатар француз, неміс тілінде жазылған кітаптармен танысып, одан жақсы хабары болады. Маржаниға жазған хатында француздың белгілі ориенталисі Сельвестер де Сасидің шығыс елдері туралы жазған еңбектерін сатып алғанын үлкен табыс етіп жазады.

Фаизханов мұсылман медреселерін қатты сынап, оларды халыққа білім көрігін құратын білім сарайы емес, тек қараңғылық шырмауының орыны деп анықтаған: «Халыққа шын мағынасында білім беретін медресе мектеп жоқ». Фаизхановтың айтуынша, Еділден шығысқа қарай созылып жатқан халықтар өздерінің қауым тіршілігін, фәлсафасын, тарихын, өнерін, мәдениетін үйренуден бүтіндей бос қалған. Бұларды үйренудің орнына олар жастардың басын тек ислам догмасымен толтырған. Бірақ, тарихты, әдебиетті, фәлсафаны, мәдениетті біліп үйренбеу – тіршілікке босқа келіп, босқа кеткен болады, бар өмірін саншусыз, кара басқын надандықтың бұғауында өткізу болады», – деп жазды. Фаизханов халықты бұлай қараңғылық шырмауында қалдырмауды уайымдап, оларды білім қақпасына жақындатып, жарық дүние сарайына кіргізудің жолын іздейді. Ол үшін әрбір халықтың ортасынан оларға дүниетану жайынан толық білім беретін биік дәрежелі медресе ашу керек деп, өзі оның жобасын жасайды.

Хұсаин жобасымен жасалатын медресе ол кездегі мұсылман медресесінен бүтіндей басқа. Бұл медресе Ресейдегі не Еуропадағы институттармен бірдей болып, онда тек қана дүниетану жолындағы пәндер – тарих, фәлсафа, әдебиет, тіл, логика, өнер ғылымы, сұлулық ғылымы (эстетика) сияқты пәндер оқылуы керек. Бұлардың кейбірін Фаизханов орыс тілінде оқытқан пайдалы деп көрсеткен. Халықты

мәдениет сатысына көтеру үшін айтқан медреселерді ашуды Фаизханов бірінші шарт етіп қойған. Бұларды ашуды, оған қаржы бөлуді мемлекеттің міндетті ісі деген; егер патша үкіметі қаржы бөлмесе, оны әрбір халықтан жинап алуға үкімет рұқсат беруі керек деп дәлелдеген.

Қазанның саудагер байларынан түңілген Хұсаин жоғарыдағы айтқан көпшілік медреселерін қазақ пен башқұрт халықтарының ортасынан ашуға болмас па, деп мәселе көтереді. «Мұндай бек пайдалы істі Қазан саудагерлерінен күтіп болмас. Балки бола қалса тек қана Орал төңірегіндегі халықтардан күтуге болар» – дейді. Сөйтіп өзінің замандастары Н.М. Ядринцев пен Г.Н. Потанин Сібір жерінде (Томскіде) университет ашудың керектігін мәселе етіп көтерсе, Хұсаин Фаизхановта башқұрт пен қазақ ортасынан биік дәрежелі көпшілік медресесін (университет) ашу аса қажет деп үгіт жүргізеді. Мұның бәрі әрине, Фаизхановтың халыққа білім таратуда, оны мәдениетке шақыруда, қанша жанын салып жұмыс істеп, соны жүзеге асыру жолында қатты күйзелгенін көрсететін зор дәлел екенін көреміз.

Бірақ, Фаизхановтың бұл жарқын ойлары революциядан бұрын іске асуы мүмкін емес еді. Сондықтан ол тек қиял түрінде қалды. Оған патша үкіметі де, ол кездегі маңғаз байлар да ешбір мән бермеді, халық революцияға дейін тек қараңғылық басқындығында тұншығып келді. Бұл кара түнек басқынның асқаны, халықтың білім қақпасын ашқаны тек қана осы соңғы елу жылдың ішінде болды.

\*\*\*

Маржанидың жазуынша, Хұсаин Фаизханов ашық көңілді, жайдары кісі болған. Өзімен сұхбаттасқан кісіге ол мінезінің сұлулығы мен жарқын ойларымен көп әсер ететін болған. Оның аса терең білгені әсіресе тарих, фәлсафа, заң ғылымдары. Бұлардың негізін Фаизханов Петербор университетінің профессорлары Н.И. Костомаров, Б.Ф. Кадиновский, А.П. Чайковскийдің лекцияларынан тыңдап

білген. Бұлардың лекциясы бір ғана әлеуметтік құрылысы туралы болғандықтан, Фаизханов та оны жақсы ұғынып, тарихты қауым дамуының айнасы деп түсінген.

Фаизхановтың жарқын сандақ кісі екені оның Шоқанға жазған хаттарынан да аңқып тұр. Шоқан Фаизхановпен 1860-1861 жылдары Петерборда танысып, екеуі аса дос болып, шүйіркелесіп кетеді. Университетте қызық лекцияларды бірге тыңдап, кітапханаларда жиі кездесіп жүреді, археология, география қоғамының жиналыстарында бірге болады. Осы достықтың белгісі ретінде Шоқан түркі тілінде жазылған көп дәптерлерін Фаизхановқа танысуға беріп, кейін көшіріп жазуға да рұқсат етеді. Ол дәптерлердің ішінде Ыстықкөл төңірегінен жазып алған «Манас» жыры, Торғай даласынан жазып алған «Ер Көкше», «Едіге», «Орақ» жырлары, Қарқаралы, Аягөз бойынан жазып алған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары болады. Фаизханов өз тұсынан Шоқанды кітапханаларда сақталып тұрған сирек қолжазбалармен, араб, парсы, түркі тілдеріндегі тарихи кітаптарымен таныстырады. Архивтен, кітапханалардан тапқан жаңалықтарды Фаизханов кейін де Шоқанға хат арқылы білдіріп отырады. Ол әсіресе Ресей мен Қытай үкіметінің орта ғасырлардағы мәдени, сауда қатынасы туралы Шоқанның жазып жүрген еңбектеріне жаңа мағлұмат табумен көмектеседі<sup>12</sup>.

Шоқан қырға қайтып келген соң екі достың арасында ұзаққа созылған (1862-1864 жылдар арасында) хат жазысу болғаны анықталады. Шоқан бір хатында Фаизхановтан өтініп, Петерборда не болып жатқанын ұзақ, толығырақ жазыңыз деп ишара қылған. Бірақ, өкінішті жері, Шоқанның Фаизхановқа жазған хаттары әлі табыла қойған жоқ. 1866 жылы Фаизханов қайтыс болғанда оның ханымы Фатима бұл хаттарды өзімен бірге әкеліп, содан жоғалып қалғанға ұқсайды. Кейде бұл хаттар әлі күнге дейін бір архивтің түкпірінде жасырынып жатуы да ғажап емес. Оған орай бір кілттің белгісі байқалып тұр, бірақ оны зерттеп табуға көп уақыт, көп төзім керек.

<sup>12</sup> Архив АН СССР, ф. 23, оп 1, 436, л. 30-31

Фаизхановтың Шоқанға жазған хаттарынан екеуі ғана табылды, одан өзге хаттар болды ма, жоқ па, ол арасы белгісіз. Бұл екі хаттың біреуі толығынан табылды, екінші ұзақ хаттың тек соңғы беті ғана табылды. Бұл хаттар 1895 жылға дейін Шоқанның әкесі Шыңғыстың сандығында сақталып келген. Сол жылы Шыңғыстың ауылына қонақтап келген Г.Н. Потанин Шыңғыстың рұқсаты бойынша бұл хаттардың және Шоқанның әкесіне жазған хаттардың<sup>13</sup> көшірмесін аудармай түсіріп алады. Бірінші хатты Потанин өз қолымен көшіріп, екінші (шалақ) хатты қасына еріп жүрген Петербор университетінің студенті Дінше Сұлтанғазинге көшіртеді. Хаттардың негізгі мазмұны Петербордың сол кездегі саяси, мәдени жағдайы, солар туралы Шоқанға толық хабар беру. Хаттарда Шоқанның алапаты, оның халыққа қамқор болып, білім шашатын даналық сипаттары өзінен-өзі көрініп тұр. Бірінші хатта Фаизханов Шоқанның есен-сау жүргенінен хабар алып, қатты қуанышта болады. Әрқашан осы сияқты сау болып, білімімен, ісімен жұртына көп заман пайда келтіргендей деп тілек білдіреді. Өз тұрмысынан қысқаша хабар береді.

Бұл хатта көзге түсетін нәрсе, Шоқан ақпан айында жазған хатында Хұсанин Фаизхановты ауылына қымыз ішуге шақырып, 1863 жылдың жаз айларын онымен бірге өткізуді жобалайды. Бірақ өте сыпайы кісі Хұсанинның Көкшетауға келуіне қаражаты аздық қылады. Бұл жылы университеттен ақша алмайды. Сондықтан Шоқанның ауылына келуді келесі жылға қалдырады.

Фаизханов өткен 1862 жылы Орынбор өлкесі мен Жайық бойындағы қазақ ауылдарында университет тапсыруы бойынша зерттеу жұмыстарын өткізіп, қазақ сөздігі мен грамматикасына керек көптеген мағлұматтар жинап қайтқанын жазады. «Бұл мағлұматтарды қазір ретке келтіріп қойдым», – дейді Хұсанин. Бірақ, ондай істі бірден істесе жақсы болар еді. Сондықтан да сіздің жаққа баруды бек тілеген едім, бірақ болмады», – деп өкінеді ғалым.

<sup>13</sup> «Простор». 1960. №9. С. 142-144



Бұл хаттың аса бағалы болатын бір жері, мұнда Шоканның түркі тілінде дәптерлері болғаны турасынан бірінші рет айтылған ашық дерек бар. Фаизханов Шоқанға жазған бірінші хатында былай дейді: «Тәңірі жарылғасын, мендегі дәптерлеріңді жазып алуға рұқсат беріңіз. Қазір жазып бітіргенім жоқ, бітірген соң Романовскийге берермін». Одан әрі: «сіздің дәптерлеріңіз арасында «Көкөтай хан ертегісі» қазақ ертегісінен біраз басқарақ көрінеді. Оны сіз қайдан алдыңыз? Ол сіздің жұрттарда бек мәшһүр ми? Соның хикаятын жазсаңыз деп өтінемін». Бұл ерекше ғылыми жаңалық бізге бұрын тіпті белгісіз еді. Шоканның түркі тілінде қандай дәптерлері болғанын бұрын ешбір ғалым жорамалдап айтпайтын. Фаизхановтың мына хаты оның бет пердесін айқын ашып, зерттеушіге көп ой түсіретіндей жағдай туғызып отыр. Фаизханов атаған дәптерлердің кейбіреуі қазір табыла да бастады. («Көкөтай хан ертегісі»).

Бірінші хаттағы жарқын ойдың бірі, Шоқанды жақсы білген Фаизханов оған ой түсіріп, қазақ қауымының бұрынғы заң, жарғыларын, билік айту жосындарын, мирас туралы заңдарын, ас, той, мереке-мейрамдарда қолданатын жораларын «аса ару қазақ тілінде жазсаңыз» – деп кенес береді. «Бұларды қазақ тілінде жазсаңыз одан екі-түрлі пайда болар еді: бірі тіл үшін, екінші этнография үшін» – дейді. Мұндай келелі жарқын ойды Шоқанның есіне түсіру, әрине, Фаизхановтың тәжірибесі мол, білгіш, саңлақ кісі екенін көрсететін зор дәлелдің бірі. Фаизхановтың айтуы себеп болды ма, болмаса өзінің ойында бұрыннан жүрді ме, бұл мәселені Шоқан осы жылдары келістіре зерттеп, атын мәңгілікке қалдыратын «Сот реформасы» деген атакты еңбек жазды. Бұл еңбекті Фаизханов сұрағандай қазақ тілінде жазбай, сол кездегі саяси қауым тіршілігінің мүддесіне жақындатып орыс тілінде жазады.

1862-1863 жылдары Шоқанның тесіле зерттеген мәселесінің бірі – патриархал дәуірдегі қазақ қауымының салт-сана түрлері еді. Оның ішінде «тәңіріге табыну» сияқты исламнан бұрынғы шаман дінінің қалдықтарына көбірек ой бөледі.

Тегінде Буразия даласындағы бақташы елдер қолданған исламнан бұрынғы дін жүйесін бірінші рет зерттеу оңай жұмыс емес еді. Оның шығып таралудағы тарихи заңдарын жақсы түсіндіру үшін, Шоқан ең алдымен басқа діндердің қалай таралғанын, оның қандай қағидалары бар екенін білгісі келеді. Осы ретте Шоқан өзінің Петербордағы ескі досы Хұсәинды есіне түсіріп, оған хат жазып Петерборда жаңадан басылып шыққан «инжил», «таурат» кітаптарын жіберуді сұрайды. Бірінші хатта Фаизханов Шоканның бұл сұрауларына толық жауап береді.

Бірінші хаттағы ғалымдардың көнілін аударатын мәселенің бірі – мұнда Петербор мен Қазан қаласындағы шығыс халықтарын зерттейтін ғалымдардың не істеп жатқанынан байтақ мағлұмат берілген. Шығыс халықтарын зерттеу жұмысы Шоқанның кадет корпусында оқып жүрген кезінен жақсы көретін бір ісі еді, бұл жақсы көруін Шоқан ешуақытта өзгертпеген, ол қырдың алыс түкпірінде жатса да сүйген ғылымын алдына қойып, ол туралы астанада не болып жатқанын досы Фаизханов арқылы білгісі келеді. Қырда ғылымнан аңсап жатқан Шоканның бұл тілегіне орай байсалды дос Фаизханов, әрине, толық жауап береді. Оның хатында бірнеше ғалымдардың аты көрсетілген, оның ішінде Н.И. Ильминский, А.К. Казембек, И.Н. Березин, В.В.Вельяминов-Зернов, П.И.Лерх, Галсан Гомбаев. Бұлардың барлығы да сол кездегі шығыс дүниесін зерттеуде аты шыққан белгілі ғалымдар. Бірақ, Фаизхановтың өзі де шығыс дүниесін жүйрік білетін кісі болғандықтан олардың кейбіріне (А.К.Казембек, И.Н.Березин) өткір сын көзімен қарап, олардың бағалы ешнәрсе шығармай жүргенін мысқылдайды.

Хатта Фаизханов В.В. Вельяминов-Зерновпен қосылып, өте жемісті ғылыми еңбектер дайындап жүргендерінен хабар береді, ол еңбектер шығысымен Шоқанға бір данадан жіберіп тұруға емеурін білдіреді.

Фаизханов жазған хабардың ішіндегі зор тарихи мәні бар, аса жарқын ойдың бірі, оның 1861-1862 жылдары Петербор қаласында болған студенттер көтерілісін тұспал-

дап жазганы. Ғалым ол туралы ашық жаза алмайды, бірақ сараң айтқан бір ауыз сөзінің өзінен болған оқиғаның суреті ашық елестеп тұр. «Азада пікір несі жастар бұ жылы (1863) біраз басылыңқырап тұр. Бу уақытта біздің университеттен екі факультет ғана ашық, бізнікі (восточный) де, математический. Бұл жыл ағустан бастап барлығы да ашылады», – деп қауесет қылады. Фаизхановтың бұл тұжырып айтқан сөзінен біріншіден, студент толқынына қарсы аяусыз қатал шара қолданған патша үкіметінің зәрлі уытын білдірсе, екіншіден ғалымның өз жүрегі, өз ойы бостандықты көкसेген студенттер жағында болып, өзі де еркіндікті, азат өмірді арман еткендей болады. Бұл жағдай, әрине, Фаизхановтың бар тіршілігімен, барлық кемеңгерлік, даналық қасиетімен, сол кездегі прогресшіл, алғы қатардағы адамдардың тобында болғанын сипаттайды.

Петербург университетінің студенттері көтерген жойқын толқын XIX ғасырдың 60-шы жылдарындағы ұлы оқиғалардың бірі еді. Ол көтерілістің түпкі тамыры бір жағынан сол кездегі бүкіл Ресейді жернеген жалпы революция толқынымен астасып жатса, оның ашық түрі жазушы Н.Г. Чернышевскийге қысым жасап, оны Сібірге айдаумен байланысты болған. Сондықтан да студенттер толқынын бастаған көбінесе Н.Г.Чернышевскийдің жақын дос шәкірттері Е.Михазис, К.Ген, А. Грике, А. Френкель, М. Новоселицкий сияқты жас студенттер. Патша үкіметінің жазалау орындары оларды да аямай соттап, Сібірге, Қазақстанға жер аударады. Өзге студенттердің көбін университеттен қуып, қалғандары не істерін білмей, екі жылға таяу бос жүреді. Университетті бір жарым жыл бойы жауып тастайды. Студенттер толқынына идея жағынан леп берген прогресшіл профессорлардың барлығын сыртқа қуып, кейін айдауға жібереді. Олардың ішінде Н.Г.Чернышевскийдің идеясын жақтаған белгілі ғалымдар Н.И.Костомаров, В.Ф.Калиновский, А.Н. Пыпин, Э.К. Гофман, В.Д. Спасович, А.П. Чайковский көп соққы көреді.

Міне, осы оқиғаны көзімен өткеріп, оған қатысқан Фаизханов «Азада пікір несі» – бостандықты көкसेген жастардың

уақытша басылып тұрғанына қатты күйзеледі, бостандық сәулесінің әлі де болса алыста жатқанынан іші ауырып тарылады, студент көтерілісі кезінде патша үкіметінің, шашбауын көтеріп, олардың сенімінде болған кейбір профессорларға түңіліп қарайды.

Хаттың мазмұны бойынша 1862 жылы Атбасарда болған ауыр оқиғаны Фаизханов та естіген. Ол кісінің жазуына қарағанда, Шоканның Күнбатыс Сібірді билеген әкімдермен бетпе-бет кездесуі оның Петербурдағы достарының арасында бірталай шу көтергені байқалады. «Бұл сіздің адамшылық қасиетіңіз емес пе?» Сіздің онда әкімдермен болған оқиғаларыңызды біз де білмейміз. Алла разы болсын жазыңыз», – дейді.

Тарихтан белгілі орын алатын мәселенің бірі – «Хусаин Шоканға жазған екі хатында да татар тілінде бірінші рет газет шығару турасында хабар берген. «Мұндағы бір жаңалық, – дейді Фаизханов, – жақын арада Қазаннан Махмудовтан хат алдым. Онда бірнеше кісілер татарша газет бастыруға тырысып жүргені байқалады». Бұл хабарды екінші хатында толығырақ жазады. «Қазанда татарлардан компания болып екі-үш кісі газет бастырмақшы болып жүр екен. Қазір арыз қағаздары министр внутренних делдің советінде көрінеді. Білмеймін, оны берер ме екен? Талантанушылардың біреуі литография ұстасы, ең алдымен литография құруды тілейді. Жазардай кісілері табылмақшы. Ильминский де оларға насихатымен жәрдем бермекші, сол сияқты Махмудов, тағы басқалар». Тегінде татар оқымыстылары мен Қазан профессорлары татар тілінде газет шығаруды XIX ғасырдың ішінде патша үкіметінен бірнеше рет сұраған, бірақ сәті болмай, ылғи аяқсыз қалып отырған. Фаизхановтың айтып отырғаны – олардың үшінші рет сұрағанын көрсетеді. Бұл мәселені бірінші көтерген Қазан университетінің профессоры Запольский; одан кейін мұны Қазан университетінің шығыс разрядында оқитын студент М.Г.Никольский көтереді. Маркел Никольский ол кездегі Қазанның оқу басқаратын округіне ұсыныс беріп, татар тілінде «Бахр Ул-ахбар» атты газет шығаруға рұқсат сұрайды. Ол ұсынысты оқу округі

Казембекке жіберіп, ол кісінің пікірін сұрағанда Қазембек газет шығаруды жақтайды. Никольский татар тілінде газет шығарудың халыққа ғылым, білім таратуда зор маңызы бар екенін дәлелдейді. Алайда патша өкіметінің орындары оған селсоқ қарап, газет көп заман жарық көрмейді. Фаизхановтың хатында жазылған Махмудовтың газет шығару туралы талпынуы да тез арада жүзеге аса қоймайды. Татар тіліндегі бірінші газет «Егінші» 1875 жылы ғана шығады, одан кейін Қаном Насирдің «Таң жұлдызы» көрінеді, одан әрі XIX ғасырдың соңында XX ғасырдың басында Татарстан өлкесінде капиталистік өндірістің ұлғаюына байланысты татар тіліндегі газеттер көбейе бастайды.

Екінші хаттың тек соңғы беті ғана сақталған. Өзгесі қанша екені мәлім емес. Хаттағы: «Сұлтаным, өзіңіз Петербор ахуалын ұзақ жазыңыз деп ишарат қылған соң, мұнша ұзын жазып басыңызды қатырдым» деуіне қарағанда, бұл хатта өте толық жазылған, мазмұны бай болуға тиісті. Өкінішті жері бұл хат тұтасымен табылмай тұр, көп беттері жоғалып қалған. Хаттың сақталған бетінде екі оқиға туралы хабар берілген: бірі, татарша газет шығару турасында, екінші, Петербор өлкесінде жаз қалай өтіп, ауыл шаруашылығы (фаруанишылық) қандай жағдайда жүргізіліп жатқаны айтылған. Хатта көрсетілген адресі бойынша Хусайын Фаизханов сол кездегі белгілі ғалым, кітапханада істеуші Н. Бенардаки деген библиографтың үйінде тұрған. Бұл кітап сүйгіш екі ғалымның бірігіп тұрғаны, тегінде екеуіне де жемісті болуға тиісті.

Сөйтіп Фаизхановтың бұл екі хаты Шоқанға жазған хаттардың ішіндегі аса мағыналысының бірі. Бұл хаттардың (әсіресе бірінші хаттың) мазмұны бай, мағлұматы толық болумен бірге, әрбір зерттеуші ғалымдарға жаңалық беретін жарқын ойдың елесі бар. Оның бірінші хатта жазған ойларын ғылымның бұлақ көзі деуге болады. Оның қазақ тілі туралы жазғандары тіл ғалымдарына бірталай жаңалық берсе, фольклор туралы жазғандарын, әсіресе «Көкетай хан ертегісі» туралы айтқандарын ешбір әдебиетші ғалым аттап өтуі мүмкін емес. Араб жазуына негізделген шығыс әдебиетін

аса жүйрік білген, тәжірибелі ғалым, «Манас» жырын бір көргеннің өзінде айырып, оның өзге жырдан өзгеше тұрғанын жақсы түсінген. «Сіздің дәптерлер арасында «Көкетай хан ертегісі» біраз басқарақ көрінеді. Оны сіз қайдан алдыңыз? Ол сіздің жұртта бек машһур ма? Соның хикаятын жазсаңыз деп өтінемін. Жақсы нәрседен көрінеді» – деп, «Манас» жырын зерттеп білуге үлкен ынта қояды.

Фаизхановтың бұл жазғандарын Шоқанмен хат арқылы сұхбаттасып, жарқын ойлар айтқан, өзінің кеменгерлік ақылы мен Шоқанға көп ой түсірген, ой жүйесінің ашық бір көрінісі деуге болады. Шоқанға ашық кеңес беріп, оның есесіне әрбір күрделі мәселені түсіру жағынан Фаизхановтың жазғандарын бірғана Ф.М. Достоевскийдің 1856 жылы Шоқанға жазған хатымен салыстыруға болады. Бұлардың екеуі де Шоканды сонша жақсы көргендіктен оған құшағын жайып, жүрек түкпіріндегі сырларын ашып, игі кеңес береді. Фаизхановтың хаттарында айтқан ойлар Шоканның ғылыми әлеуметтік ісін зерттейтін ғалымдарға іздеп таба алмайтын бағалы деректің бірі болады деп сенеміз.

### Бірінші хат

#### ҒИЗАТЛУ УӘ ХҮРМӘТЛУ СУЛТАНЫМ ШОҚАН ТӨРЕ ХАЗРАТЛАРІ.

Февраль айының алтыншы күнінде іазған хатыңызды алып, саламатлік хабарыңыздан көп қуандым. Көп ілларға сау-есен болуп, жұртыңызға файда кетіре тұрған болғай едіңіз деп тілеймін. Өзімнің саулығым бу қышда бек іахшы болды, бір де ауырмадым. Аллаһу ағлам қымызының файдасына деймін.

Алла іарылғасын, өзіңізге қымыз ішарға шақыруп іазупсыз, лакин бу іылға тағу барып болмас. Біламін, өзіңізге мағлұм, мен факир кіші, һам жамағатлі кіші, қолымда пұлым іок, сізнің тарафқа барғанда аз болса іүз, яки іүз еллі тенге артуқ харж керек. Бу іыл университетдан ақша алурға іол

болмады. Өткен ыыл дорт үз беріп едилар. Шол сабапдан бу ыыл иана Жангир (ханның) балаларының үйіне барурға деп тұрамын. Майның он бешларінде анда болайым деймін.

Өзінің ыыл университетден маңа «прошение» бар еді, қазақ тілінің дұғатына сөзлар жиярға, һам грамматикаға материал жиярға, яғни «грамматически» сөзлар, жұмлалар, мисалдар, хикаятлар, өлеңлар. «Мен екі мың қадар сөз жидым, көбі фразы, уа һәм ауыздан ешитуп (іазған) хикаятлар, мысалдар, өлеңлар, уа гайри.

(Бу) ылы бунларны ретке кетіруп қойдым. Лакин, мұндай ішкі бірден іахши қылуи болмайды. Өзіңздай бір дана кіші бірлән кеңешуп етмесең етмесең іахши болмас. Шоның үшун сізінің жакқа баруны бек тіләган едім, ол болмады. Енді бі іазда тағы шол ішларімні такрар карап, біраз толтуруп машғұл болурға тілаймін. Таңірім не берур. Келур ыылға университетдан акша берерміз деп уагда қылалар. Ол уақыт сізге баруны қатты ниет қылуи тұрамын. Сізінің іардаміңіз болса менің хыдметім бөлкн бірер ішке іарай қояр. Болмаса көп іаман болур.

Ильминский Қазанда бір кішкене қазақ дұғат кітабын бастырған. Көп іахши емас. Дұғатлары аз, мың іарымдай болур ми? Тағы би бар; бағзы сөзларының мағынасы ішкі Ордалық қазақ тілінен башқа. Мұндан мағлұм боладур қазақ тілінде һам түрлу жұртда фуркалар болмак керек. Аның үшун Ильминский қазақ тілін бек іахши біладур, хата қылған деп ойламак болмайдур. Дахы ішкі Ордалық Жәңгір хан іардамі бірлән ноғай болупту. Біздің ноғай билән сайлағанда ноғайша сөйларға тырушалар. Шол сабапдан дұғатқа сөз жейрға ішкі Ордалық іахши емас.

Тәңірі іарылқасын, мендегі дафтарларні іазуп алурға рұқсат берісіз. Хазір іазуп бітірганым іок, бітірдандан соң Романовскийге беруімін.

Басылған «інжіл» тәржімасы Петерборда іок, һаммасы Қазанға ібарілған. Менім өзімде, «Апостол» ғана бар. Тәңірім бұйырса Қазандан інжіл алып, һәм Апостолны, һәм катехизні бірге жібарурмін... хазір іазғаным, карағаным іок.

Ол сізінің дафтарларіңіз арасында «Көкетай хан ертегісі»

қазақ ертегісінен біраз башқарақ көрінадур. Аны сіз қайдан алдыңыз? Ол сізінің жұртларда бек машғур ми? Шоның хикаятны іазсаңыз екен деп өтінамін. Іахшы нәрседей көрінадур, мархамат етіп мұны іазсаңыз іахшы болур еді.

Қазақтың бұрынғы замандағы судопроизводствосыны, һам ханларының, билерінің праволарыны, һам мирас хақындағы занларыны, қарындашлық хұқықларыны, той, байрам ғадатларыны, бек ару қазақ тілінде язаңыз еді, мен мұны хрестоматияға язар едім. Андан екі түрлі файда болур еді. Һам тіл үшін, һам этнография үшүн. Бу айтылғанларни сізінің ісіміңізден бастуруп едім. Өленләр керек емес, олар көп бар.

«Көкетай хан» хикаятындай тарих хикаятлары болса албетте яхшыдур.

Өзім бу қышда бек қысқа ғана Қазан татар тілі грамматикасыны «премиялар» билән лнграфия қылдырдым. Ләкин өзім орысша яхши білмаймін. Бір студентка түзетурға беріп едім, ол да тіл білмай тұрған кіші икан, шол сабапдан іахши болмады.

Өткен ыыл Симбир губернасында бұлғар ташларындан үш таш таптым. Анлардан «снимка» алуи шол хусусда бір статья іаздым. Шол күнләрде Археологическое Обществоньн журналында басылып шығар. Бу статьяда мен эсбат етдім түгіл, бұлғар Ташларындағы «жнат жүз» деген сөз түпта арабша түгіл, анаграмма простой. Татарша «жиат жүз» [иеті йуз] деп шыққан. Сізге ібарурмын.

Вельяминов екі ыылдан бері «Касымский тарихы» бірлән машғұлдуі. Бу күнләрде эувал желд шықты, маңа бергені іок. Егер екі нұсқа берсе бірісін сізге ібарурмын. Һәммасі үш желд болашақ, 100 табактай, бөлкн 120 табак бұлур. Һәм мән бұл ыылда Иран падишаһаларының көрші ханлар бірлән болған «сношенияларындан» 25 дана хатыны фарсыдан тәржімә қылдым, ол һәм мазкур журналда басылуі. Бу іай күнінде ғұмума түркі уа татар тарихы хұсұсда Қазан тарихыны бек қысқа (около 10 листов) етіп, жып бастуруға тілаймін. Бұ хұсұсда һам сізінің іардамыңызні сұрарға керек болур.



## Түсініктер

1. Бу йыл тағы барып болмас – дегенді екі түрлі түсінуге болады:

Хусаин Фаизханов Шоқанның үйінде бір рет қонақта болып, тағы баруды ұятсынған. Шоқанның тағы да шақырғанына бара алмай өкінгенді көрсетеді. Осы соңғы дұрыс болуға тиісті. Өйткені Хусаин 1862-1866 жылдары жаз айларын көбінесе Бөкей Ордасында, Жәңгір ханның балаларының үйінде өткізіп жүрген. Қырда саяхатта жүріп, Бөкей Ордасы мен Жайық бойындағы қазақтардың тілін, әдебиетін, тұрмысын зерттеп, байтақ мағлұмат жинап алады. Ол мағлұматтардың көбі әлі табылған жоқ. Оларды тауып ғылымның қазынасына айналдыру келешектің жұмысы.

2. Өткел йыл университеттен маңа прошение бар еді.

Университеттің шығыс факультетіне көп пайда келтірген Фаизхановты университет басшылары аса қадірлеп, оған жыл сайын оқу министрлігі тарапынан казак ауылына саяхатқа, демалысқа баруға ақша қаражат алып беріп отырған. Ол мәліметтердің барлығы бүгінде Фаизхановтың архивінде сақтаулы тұр.

3. Би бар – оңашалық жемісті емес, сәл ғана

5. Романовский Дмитрий Ильич – Шоқанның Петербордағы жақсы досы, әскери жазушы, генерал штабының офицері. Шоқанның материалдарын пайдалана отырып Қазақстанды, Орта Азияны алғаш зерттеушілердің бірі.

5. Инжіл – библия, иудей мен христиан діні кітаптарының жиналған тобы. Негізі көне дәуірдегі заң қағидаларынан құралған. Инжіл ескі тарауға бөлінеді.

6. Апостол – грек тілінде жазылған «Новый завет» («Жаңа өсиет») кітабының бір тарауы.

7. Катехизис – христиан дінінің ескі догмалары 1862-1863 жылдары Шоқан қазақтағы ескі бақсылыққа сүйенген дін түрлерін зерттеумен байланысты христиан дінінің де қалай шығаш тарағанын оның да кейбір қағидаларын білгісі келген. Сол үшін оның негізгі кітаптарын Петербордан Фаизханов арқылы алғысы келгені байқалады.

8. «Көкөтай хан ертегісі» – қырғыз халқының атақты «Манас» жырының бір тарауы.

9. Фаизханов Хусаин. Краткая грамматика татарского языка. СПб, 1862.

10. Бұлғар ташлары – Қазан мен Симбир қаласының арасында Еділ бойында сақталған жазуы бар құлпытастар. Хусаин Фаизханов осындай тастардың бір тобын тауып, сол кездегі тарих журналдарында бастырып шығарған.

11. Эсбат етдім түгіл – жазулардың түпкі мәнін айырғаным жоқ.

12. Вельяминов-Зернов В.В. (1830-1904), академик, түрік халықтарының тарихын, мәдениетін, саяси тіршілігін зерттеген ғалым

13. Касимовский тарихы – көлемді үлкен еңбек. Орысша аты Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Т. 1-3, СПб. 1863

14. Лерх П.И. Орта Азияның, Қазақстанның көне мәдениетін алғаш рет зерттеген ғалым. Шоқанның Петербордағы жақын достарының бірі. Хаттың мазмұнына қарағанда, Шоқан Лерхтің Петерборда не істеп жүргенін Фаизханов арқылы білмекші болғаны байқалады.

15. Березин И.Н. – түркі тілдес елдердің тарихын, тілін зерттеген ғалым, Петербор университетінің профессоры.

16. Тәснифләрі – шығармалары.

17. Лама бишара – дегені Петербор университетінде моңғол әдебиетін оқытатын Галсон Гомбоев, Шоқан мен Фаизхановтың жақсы ашшаларының бірі, асқан оқымысты, ғалым кісі. Моңғолдың халық әдебиетін, қария сөздерін, тарихи шежірелерін бірінші рет орыс тіліне аударумен аты шыққан.

18. Казембек А.К. – бұрын Қазан университетінің, кейін Петербор университетінің профессоры болған, түркі тілдерін зерттеген ғалым.

19. Шарифат Мухамедие – Мұхаммед дінінің шарифаты (заңы).

20. Қырым ханларының язулары басылып бітті – дегені үлкен кітап. Оның орысша аты: Материал для истории

Крымского ханства. СПб, 1869. Кітаптың мазмұны бір ғана Қырым хандарының архивте сақталған ресми хаттарынан құрылған. Бұл еңбекті ғылым академиясының тапсыруы бойынша В.В. Вельяминов-Зернов пен Х. Фаизханов екеуі қосылып істеген.

21. Бу сіздің гумматыңыз түгіл ми? – сіздің адамшылық қасиетіңіз емес пе?

22. Ғұбайдулла сәлем дейді. Ғұбайдулла бөкейлік Жәңгір ханның төрт баласының біреуі. Көп жыл орыс әскерінде қызмет істеп генерал атағын алған. Әскери теорияны жүйрік білген оқымысты офицер болғандықтан астанада беделді әскер басының бірі болып, соғыс министрлігінде кеңесші болып істеген. Шоқан Ғұбайдулла мен 1860–1861 жылдары Петерборда танысып шүйіркелеседі. Ғұбайдулла Шоқан сияқты өте кішіпейіл, бұқарашыл кісі болған. Бұл кісінің атақты әскербасылармен түскен портреттері Ленинград архивінде сақтаулы тұр. Қазақ өнерінің кейбір түрлерін халық ортасынан жинап Эрмитажға тапсырып отырған.

23. Тафсил білмаймін – толық білмеймін.

24. Плотников Лев Николаевич – бұрын Орынбор қазақтарының приставы, кейін Бөкей ордасына ауысады. 1860 жылы қазақ депутациясын бастап Петерборға барғанда Шоқанмен танысып ол туралы бірнеше жарқын сөздер жазған.

25. Ахмед-Керей Булаев – Жәңгір хан төңірегіндегі қызмет істеген алпауыт бектер тұқымының бірі

26. Эмдад – дәтке қуат, көмек, жәрдем, қолғабыс

27. Фаруанишылық – молшылық, азық молшылығы, тоқшылық

28. Мурид Мухалфеніз – жолыңызды тұтынушы шәкіртіңіз

## ШОҚАН ТУРАЛЫ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ЖАРҚЫН ЕСТЕЛІГІ

(1958-ж. дәптерден)

Бүгін 25 июль күні таңертең Көкшетау қаласынан шығып, түс болмай Сырымбет ауылына келдік. Сырымбет Қылды көлдің Оңтүстігін ала тұрған, қолмен отыртқандай дөңгелек біткен екі әдемі сұлу тау. Оның бірі – үсті жалпақтау келген, Қылды көлге таяу тұрған теріскей беті, екіншісі – шошақтау біткен күншығыс беті, алыстан сарайып көрінеді. Бұл күншығыс Сырымбеттің қойнауы қалың орманмен әсемделген, сондықтан сол орманды қазақтар «Шокқарағай» деп атайды. Осы екі таудың арасын Уәлидің Айғанымнан туған кенже баласы, Шыңғыстың інісі Әлжан қоныс етіп, қыстау еткен. Шыңғыстың да барлық малы, қойы, сиыры, түйелері осы Шокқарағай қыстауында болған. Жылқысы бірнеше қосқа бөлініп, қыс күні алыс өрісте жатағын.

Сыртқы келбетіне қарағанда, Сырымбет биік тауға ұқсамайды. Қарқаралы, Баянауыл, Шыңғыстау төңірегінде ондай белестерді көбінесе «Сараң», «Сұлушоқы», «Мырзашоқы», «Ақшоқы» деп атайды.

Дегенмен, Сырымбет Арқа тауларының теріскейге қарай созылып келген ең шеті. Бұдан Қызылжарға қарай жүргенде, тау сілемі мүдде жойылып, бірінғай орманды жазыққа айналады. Сондықтан, Сырымбет, Қызылжар, Қостанай жағынан келе жатқан жолаушыларға өзгеше әсер етіп, оның алыстан көрінген көгілдір басы бірталай сұлу елес береді.

Сырымбет тауының іші сылдырап аққан әдемі өзендер, бұлақтар, сыңсыған қалың орман. Көп жолығатын ағаштар зәулім қарағай, әдемі қайың, ұзын терек, шырша тағы басқалар. «Айғанымның сарайы тұрған жерге ағашты көп қылып өсірген Шоқан мен оның әкесі Шыңғыс еді», - дейді.

Сырымбет тауының ең сұлу көрінісі – теріскейге қараған беті, ол бірталай биік және тіп-тік. Бұл беттің бар жерінде орманға кеудесін төсеп тұрған күз жартастар. Оның ең көркемін «Шоқанның тасы» деп атаған. Шоқан Омбыдан, Петербордан аулына келгенде дайым осы тастың үстіне

шығып, аулындағы адамдардың не істеп жатқанын көп уақыт бақылап отыратын болған. Шоқан бұл тасты ерекше қадірлеген. Қасына бір ақылды кісіні ертіп, күні бойы сол тастың басында отырып, Сырымбеттің орманын, тау-тасын, көлдерін, бауырындағы ауылдарын суретке түсіріп отырған.

Сырымбеттің солтүстік бауырында дөңгелек біткен Қылды көл. Айғанымның ордасы осы көлдің оңтүстік жағасына таяу, Сырымбет тауының іргесіне жақын жерге түсірілген. Ол ордамен қатар, Шыңғыстың кейін салған үйі де жақын тұрған. Ол үйлердің орнын бүгінде «Ескі жұрт» деп атайды. Екі орданың екеуі де бірыңғай ағаштан салынған. Шыңғыстың көп бөлмелі әдемі үйін кейін Саумал көлге көшіріп, ол бүгінде Володаровка қаласында сақталып келген.

Шоқанның ұрпақтарының айтуынша, «Ескі жұртта» тек үйінді топырағы болмаса, сақталып келген ешбір құрылыс орны жоқ. Олардың ізі тек Шоқанның жазуларында, Володаровкада тұрған Шыңғыстың әдемі үйінен көрінеді. Бір қызық жері, бұл үйдің терезесі, есік жақтаулары халық өрнегімен әшекейленген. Оларды түсіруші Шоқанның інісі суретші Мақажан екеніне ешбір күмән жоқ.

Шыңғыста екі қыстау болғаны ілгеріде айтылды. Бірі мал қыстауы – «Шоққарағай» орманының ішінде, ол жерде бала оқытатын Шыңғыс салған мектеп осы күнге дейін сақталып келген. Екінші қыстау Сырымбеттегі ордасы, мұнда мал ұстамаған, тек мінетін ат (ат қора), сарайлар, қоймалар, монша, мектеп, билер бас қосатын үлкен бөлмелер болған. 1915 жылға дейін Шыңғыстың балалары, Шоқанның інілері, тумсқандары Қылды көлдің жағасында бірнеше қыстауға бөлініп отырған. Шыңғыстың орнын басқан кенже баласы Қоқыш (Нұрмұхаммед) – ескі жұртта отырған, Махмұттың қыстауы оған таяу Қылды көлдің жағасында тұрған, оған таяу Мақажанның қыстауы, көлдің сыртқы жағасында үлкен ұлы Жақыптың қыстауы тұрған.

Осылардың барлығын төңдіре айтып берген қария адамдар – Құлыш Жақыптың ұлы, Шоқанның немересі. Бала күнінен Шыңғыстан жас күнінен Шыңғыстың

қолында болып, одан сабақ, өнеге, тәрбие алған кісі. Одан бірнеше жыл сабақ оқыған, бүгінде тоқсанға таянып тұрған қария кісі (1958). Бірақ тұрмыстан қажып, мойымаған, берік, мықты, әзілқой қария. Ерте кезде ауылында болған істі әлі күнге ұмытпай есінде жарқын түрде сақтап келген. Сөйлесіп отырғанда мәжірелесіп отырған адамын біраз түйреп, мысқылдап отырады және кез келген кісімен ағылып ой-пікірін айтқысы келмейді.

– Қарағым, мен сені сырттан жақсы біліп, атыңа қанық едім, сондықтан шүйіркелесе бастадым, әйтпесе ешкіммен сөйлеспейтін едім. Былтыр біреулер келіп, тек «Шоқан, Шоқан» дей бергеннен басқа, сенің сұрауыңдай, ойға түсірерліктей ешнәрсе сұрамады. Сондықтан мен де оларға ешнәрсе дей алмадым. Оқиғаның іздерін есіне түсіріп, тарихи адамдардың атын, олардың қандай жерде кенес құрғанын, жыл мезгілін айтып ойына түсіргенде, барлық көргендері көзінің алдынан елестеп, оны жарқын түрде ағылтып айта бастайды.

Шоқанды есінде жақсы сақтаған кісі – Шоқанның әйелі Айсарыдан туған Жақыптың қызы Рабиға. Ол Шоқан туралы көп мәселені анасының айтуынан естіп білген. Біз Сырымбетке барғанда, сексеннен аса бастаған Рабиға ауырып жатыр екен. Шоқанды зерттеуге келген бізді көрген соң, жай-күйі қуанышқа бөленіп, анасынан естіген оқиғаларды жарқын түрде айта бастады. Рабиғаның айтқаны Тезек төренің үйінде жатқан Шоқанның өмірі. Ол бұл жерде бар тіршілігін жазу үстінде өткізген, қашан қажып жанылғанға шейін жаза берген, суретті де көп салған.

Қапалға, Алматыға, тау ішіне барғанда, жазу мен суретті топ-тобымен әкеліп Айсарыға көрсетіп отырған.

Шоқанды жүйрік білген кісінің бірі – Жауар Бұланбайұлы, атақты Арыстан ақынның ұрпағы, сөзге өте шешен, сезгіш, әрі жылпос кісі. Тұрған аулы Сырымбеттің күнбатыс жағында Қоскөл деген жер, бүгінде «Светлый путь» колхозы. Ақан серімен бірге өскен. Жігіт күнінде Шыңғыстың алдында талай рет болып, кейін Жақып, Мақажан, Махмұттармен бірге істес болған. Революциядан кейін іске аяусыз қатынасқаннан «белсенді» атағын алады.



Шоқанды есінде әдемі сақтаған кісілер Ыдырыс пен Сәдуақас Мақы балалары. Ыдырыспен Алматыда танысып, үйінде бір күндей отырдық. Ол көп жыл Көкшетауда бала оқытып, бар өмірін жастарға білім беру ісіне жұмсаған. Шоқанды есінде берік ұстаған Қоқыш ұлы Зүбәйір, оның келіншегі Нұрыш. Бұлардың негізгі қайнар көзі – әкесінің айтқаны. Бұлармен қатар, Шоқанды жүйрік білетін кісілер Ғұбайдулла Айдарбекұлы, Ақан серінің жас досы, Сары Ибрайұлы Шыңғысты көрген, оның баласы Қоқышқа еріп жүрген. Қасқи Тақырбастың баласы. Тақырбасты Шоқан да, Потанин де көріп, айтқан ертегі-жырларын жазып алған. Жанмұхаммед Махмұдқа еріп жүрген пысық жігіт. Шоқан туралы айтқандарын Махмұдтан естіген. Мұсабай, Мұқашұлы (1886 ж. туған) Дәуқара ауылында тұрады. Әкесі Мұқаш Шоқанға еріп жүрген, оның жақын көрген адамы.

Бұл суреттелген адамдардың барлығы көп жасап, көпті көрген, басынан неше алуан дәурен кешірген білгіш адамдар. Барлығы аспай-саспай ақылмен сөйлеп, ойлап жауап беретін сезгіш, басынан кешірген өмірін, көрген-білгендерін бұлжытпай тұрасынан айтатын, аса инабатты адамдар. Біз енді олардың айтқандарына тоқталып көрейік: бұлардың айтуына сай келетін қағаз бетіне түскен Шыңғыстың балалары (формулярный список 1863, Ф.369, оп.1, Л.Л. 517-526). Онда жеті ұл, бес қыз болған. Олардың туған жылдары - Шоқан 1835, Бадыгүл - 1837, Жақып - 1839, Рақия - 1841, Мақы - 1843 ж., Махмұд - 1846, Нұрида - 1848, Мұхамедие - 1850, Шарбану - 1852 ж., Сахип-Керей - (Қозыке) 1854 ж., Әфия - 1856 жыл, Нұрмұхаммед (Қоқыш) 1858 ж.

Шыңғыс пен Шоқанның жақсы көріп кеңескен адамдары - Құнанбай, Мұса, Тәттімбет, Жанайдар, Қоңыр, Құлжа, Ахмет Жантөреұлы өзінің қыз балаларын осылардың балаларына ұзатады. Шоқанның шешесі Зейнеп - Мұсаның туған қарындасы, көркем сипатты кісі болған. Сырымбет Мұсаның да жақсы көрген бір қызықты жері. Мұнда талай рет келгенде ол қасына Баян-ауланың атақты әншілері Сұр Омармен, Ағубайдың Әбжанын ертіп келіп жүрген. Кейін оның баласы Сәдуақас та Шоқанның қарындасы Нұриланы алуға келген-

де қасына “күйеу жігіт” етіп атақты әнші Жарылғапбердіні ертіп келеді.

Шоқан туралы Сәкенмен де студент кезімде жақсы әңгімелескенмін. Сәкеннің өз сипаттауына Шоқан оларға да үлкен әсер етпек.

Шоқан туып-өскен Сырымбет біздің жас кезімізде бір аяулы дүниедей еді. Онда не көрмейсің, барлық сұлу жаратылыспен қатар топталған сұлу ақындар, сері, әншілер сонда болатын. Ол кезде қыр округіне аты мол тараған Баян-ауылда бір әнші болды, аты Сұр Омар деген кісі еді. Оның әншілігіне жететін біреу жоқ еді. Онымен қатар Ағубайдың Әбжаны, жас әнші Жарылғапберді, Жаяу Мұса болды. Жарылғапбердімен бірге Сырымбетке барғанда бар ісіміз ән тыңдау болды. Әкем айтушы еді, Сырымбеттің халқы ән тыңдауға өте құмар, барлық ардақты ісі ақындарды, әншілерді, серілерді жанып, олардың әдемі жырын, асқақтаған әндерін, қызға ғашық болған өмірін тыңдайтын. Бұл істі көркейткен кісінің бірі - Шоқан. Ауылға келгенде Сұр Омар мен Әбжанды қасына алып, ылғи олардың әдемі әндерін қызықтап отыратын. Біз Сырымбетке барғанда көргеніміз одан артылмаса, кемдігі болған емес. Көргеніміз бір ғана атақты ақындар, оның ішінде тау көркіндей ұлы Арыстан ақын, Тоғжан, Шөже, Орынбай, Ақан сері, атақты күйші Қанқожа, Шыңғыстың інісі, аса егіліп айтатын біздің жиеніміз Қозыке. Бұларға бізден Әбжан мен Жарылғапберді қосылып Сырымбеттің тауын әнмен күңірететін. Олардың әнін естіп отырғанда адамның жан күйі серпіліп, тек егілу, шарықтаудан басқаны білмейтін еді.

Студент кезімде (26-жыл) Сәкенмен сөйлесуді құмар етіп үйіне барғанымда, ол өзінде сақталып тұрған талай қызық дүниелерді көрсетті. Солардың ішінде қазақ шеберлері қолдан жасаған әдемі алтын-күміс сауыттар, алтынмен жалатқан үлкен күміс тегене, әдемі кесе. Солардың ішінде маған ерекше көрінгені кітап салатын үлкен әдемі күміс сандық. Ол кісіден менің көп сұрағаным Шоқан туралы болғандықтан, сандықтан ең алдымен Шоқанның Мұсаға жазған 20 шақты хаттарын көрсетті. Бәрі араб харпімен

қазақша жазылған бір ерекше қолжазба еді, бірақ бәрін оқып шығуға қарт кісіні шаршауға ерік болмады. Хаттарының барлығын «Аяулы мырза ағамызға» деп жазған. Бір хатында Мұсаны Омбыға шақырып, киын мәселелерді осы арада отырып шешейік» деп жазған. Екінші топ хаттар Г.Н. Потанин мен оның бәйбішесінің хаттары, К.К. Гутковскийдің хаттары. Егер бұл хаттар сақталып, осы күнге келсе, олар халық достығының айнымайтын бір ғажайып үлгісі болар еді. Сәкен өлген соң бұл хаттар тегісімен жойылды. Қызы Нафиқадан сұрағанда «менде жоқ» деп жауап қайырды.

Біз енді Шоқан туралы Сырымбеттің ойшыларын сөйлетіп көрейік: 26 июль Сырымбет қыстағы, ауыл. Бұл күні Сары Ибрайұлымен кеңестік, толық аты Жаржан, 1882 жылы туған, туып-өскен жері Сырымбет. Жас күнінен бастап Шоқанның аулын жақсы білген. Ибрай сөзін Шоқанның әкесі Шыңғыстан бастап сөйледі: – Шыңғыс жас күнінде әскери мектепте генерал губернатордың әйелімен бірге оқыған. Сондықтан олар хан баласы деп Шыңғысқа ерекше көңіл қойып, жақсы оқытып шығаруға тырысқан. Ол онымен тұрсын, Уәлиханның тірі күнінің өзінде Айғанымнан туған ұлы Шыңғысқа Шорман бидің қызы Зейнепті айттырып қояды. Шорманмен құдалық қатынасы бұрыннан да бар еді.

Шыңғыс әскери мектепті жеті жылда бітіріп, ақылды азамат болып елге келді. Кішіпейіл жақсы мінезді кісі еді, халық қарсы алып той жасайды. Аз уақыттың ішінде патша үкіметі Шыңғысты Құсмұрынға апарып, Керей, Уак, Атығай елінің аға сұлтаны етіп сайлады. Шыңғыс қасына Уак елінің атақты биі Ықласты ертіп барған еді. Құсмұрынға барысымен Шыңғыстың жанын салып істегені өзіне, Ықласқа сәулетті орда салып алу жұмысы болды. Оның қол астында қызметті аяусыз істейтін, керейден, уақтан, атығайдан шыққан білімпаз шеберлер көп еді, олардың барлығы ағаштан түйін түйетін ісмерлер еді. Тез арада Шыңғысқа көркем орда жасап берді.

Оны бітірген соң анасы Айғанымның өтініші бойынша Шыңғыс қасына Ықлас биді ертіп, қалыңдығы Зейнеп

сұлуды әкелуге шығады. Баян-аула, Қаржас еліне барып, бір ай жатады. Содан кейін Зейнепті алып Сырымбетте отырған анасына апарып көрсетеді, үлкен той жасап, көп уақыт қызыққа батады. Үш ай өткен соң Зейнепті, Ықласты ертіп Құсмұрынға барып, қызметке кіріседі. Шыңғыс бұл жерде ұзақ дәуір сүреді (1834-1853). Көп баласы осы арада туып-өсті. Ең соңында өзінің ата қонысы Сырымбетке қайтып келеді (1853). Бұл жерге келгенде Шыңғыс әлі жас еді, бар ойын үй салу жұмысына арнады, әр жерден көп үйлер тұрғызып, елін, жақындарын тәуір үйге кіргізе бастайды. Ең әдемі, сәулетті үйді өзіне арнап Айғанымның ордасының қасынан ашты. Оны ыңғи сом қарағайдан, қалың тақтайдан салып тұрғызды. Үйдің іші толған жасау, масаты кілем, әдемі төсек, әдемі диван, орындықтар, қоныраулы айна – бәрі үйді жарқыратып тұрды. Үймен қатар оның қамалының ішінде монша, мектеп, ас үй, ет сарайы, шошала (ет қақтайтын), қазына-мүлік қоймасы (әбдіре, сырмақ, түскізіз, кебеже, жазғы үйдің бұйымдары), пәуеске, күйме, шана тұратын амбар, атқора, құдық т.б.) Кейін Шоқанның әйелі Айсарыны алып келгенде оның өзіне арнап, өз үйімен тұтастырып тағы бір үй жасады. Айсарыны Шыңғыс Шоқанмен бірдей санайтын еді.

– Қарапығым, Шоқанымның сүйген әйелі деп, аялап отыратын, – дейді.

Мал қора бір шақырымдай жерде Сырымбет тауының ішінде Шоқ-қарағай деген жерде болды. Шыңғыс ол жерден де мектеп ашып, олардың балаларының оқуына үлкен көмек жасады.

Жайлауы ерте кезде Есіл өзенінің жағасына дейін баратын, қонып отыратын жұрттары Құлаайғыр, Салқынкөл, Тоқты деген жерлер. Беріректе оған бармай, жайлау жолын қысқартып, енді Күйгенкөл, Ақжар, Саумалкөлді жайлайтын болды.

Шыңғыс қартайған кезінде күмістей әдемі сакалы бар, көзілдірік киіп отыратын, шөгіп қалған қария еді. Жақсы көргені Шоқанның әйелі Айсары. Айсары аршын-

дай сөйлейтін ашық кісі еді, сары бейнелеу. Рабиға сияқты ұзын, сұңғақ, ашаң кісі еді. Шыңғыстың жақсы қызының бірі Бадығұл-Жамал, өрнекті әдемілеп тігетін асқан шебер. Шыңғыс үйіндегі әдемі дүниелерді жасаған сол еді. Қоңыр-Құлжа баласы Абылайға шықты. Абылайдың өзінде асқан өнерпаз, күйді қызыға тартатын домбырашы, жұрт жақсы көргендіктен оны Абаш-екең деп кетті. Олардың қыстауы Нұра өзенінің бойында Тай-төбе деген жерде. Шәрбану – ода сол елге шықты. Нұриланы Сәкен алды, Эфияны Баттал алды, Мафруза (Әжібайды) Аужанның Әмірі алды.

Шыңғыс 1902 ж. 91 жасында қайтыс болды. Келесі жылы Сырымбет тауының сыртында Қырдың бес округ бас қосқан үлкен ас берілді. Асты басқарған Қанқожа, Махмұд.

Шоқан туралы айтқан ойларын Сары Шоқанның күтушісі Айтпай Құнтыбай ұлынан естіген. Айтпайдың айтуынша, дейді Сары, – Шоқан Петербордан қайтқанда әкесі оған арнап әдемі үй тігіп береді. Онда тек Шоқанның өзі мен күтушісі ғана тұрған. Күндіз ақындар, әншілер, шешендер келіп жүрген. Шоқан күндіз үйдің көлеңкесінде газет, кітап оқып отыратын еді. Оның күн сайын бақылауынша, бір көркем әйел күн сайын қасындағы өзеннен су алып есігінің алдынан өтіп жүреді. Шоқан бір күні: Осы әйел, осы арадан күн сайын су алып өтеді, ол кім еді өзі, сен шақыршы, – деп Айтпайды жібереді. Ол келіншекті алып келеді. Шоқан онымен танысып біраз әзілдескеннен кейін, келіншекке шамаданынан бірнеше жақсы нәрсе алып береді. Әйел үйіне кетеді. Кейін әйел әдемі киініп Шоқанның алдына келеді. Шоқан оны алмақшы да болады.

Бұл хабар кешікпей Шыңғысқа жетеді, Шыңғыс оған қатты күніреніп, Қанқожа сияқты Шоқанға әсері бар кісіні Шоқанға жіберіп мұны қойғызуды сұрайды. – Оған түсіндіріп айт, өзге қыз жетпеді ме мынау біреудің әйелі, әрі көрші, оған көңіл бөлмесін, оған тіпті тең емес, – дейді. Шоқан келген кісіге жауап бермей, үндемей жүре берді. Бір күні айтқаны:

– Кісіге сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу ғой. Мына әйел менің ең жақсы көрген кісім, осыны аламын, – деді.

Шыңғыс оны естіп:

– Апырау, Шоқан жанның көңілі мынаған ауып кеткен екен, бұл әйелді енді бұл жерге тұрғызбайық, – деді.

Күйеуін шақырып алып айтқаны:

– Кісіге көрші хақы аса қымбат. Сен еліне қайтқын келе ме? Шоқанжан сенің әйеліне көз салатын көрінеді, тоқтайтуғын емес.

Мал-мүлік береді де еліне көшіреді, оның, елі Қызылжар төңірегіндегі керейлерден екен, сонда көшіп кетеді. Шоқан мұны естігенде қатты күніреніп:

– О, олай болса, бізге де мұнда тұруға қызық жоқ. Атты әкеліп жек, Омбыға кетейік, – деді.

Бұлар атты жегіп жөнелуге айналғанда Шоқанның өксіп жылаған атасы мен анасының даусы, туысқандарының елжіреп түсуі ешбір әсер етпеді.

– Шоқанжан, ашуыңды бас, райыңа қайт, айтқандарыңның барлығы орындалады, – дегенге қарамайды.

– Жоқ, ата, менің кеткенім дұрыс, – деп кете берді. Содан қайтып келмеді (Айтушы Сары Ибрайұлы).

Шоқанның өмірбаянын төндіре айтатын қарияның бірі Қасқы Тақырбас ұлы. Сырымбеттің ескі тумасы. Шоқан мен оның аталарын Төлеңгіт болып істеген әкесі Тақырбастан естіген. Оның айтуынша Айғаным Сырымбетке Уәлиханның өлерінен бір-екі жыл бұрын келіп орналасқан. Бурабайдағы Абылайдың ескі ордасына Уәлиханның үлкен ұлы Ғұбайдулла не болып, хан Айғаныммен бірге Сырымбеттен екінші орда ашады. Бұл кезде Шыңғыс 8-9 жасар бала еді.

Айғанымға еріп келгендер бірыңғай Уәлиханның төлеңгіттері, солардың ішінде Тақырбастың әкесі, менің бабам Атығай деген кісі бар еді. Әкемнің айтуынша кейін Шыңғысқа еріп Атығай Құсмұрынға барып тұрады, өзі Атбасардың қазғандарынан еді.

Шыңғыс халық бұқарасын қадірлейтін, кішіпейіл, алғыр кісі еді. Бірақ ерте заманнан келе жатқан кейбір істерін Шоқан ұнатпайтын. Оған мысалға Бұйрабастың Омарын келтіріп көрейік. Сол уақыттарда аты шыққан бір кісі еді. Атығай еліндегі Тырби деген кісінің әйелімен жақын болып,

Тырби оның үстінен Шыңғысқа шағым жазады. Арызында айтқан:

– Мынау Бұйрабастың Омары менің қатынымды менен айрылатын қылды. Үйімнің берекесі кетті. Осыған бір амал тапсаңыз үй болып тұра алмайтын болдым. Тырбидің әйелі көркем, күлегеш, ойнақы кісі еді. Шыңғыс Тырбидың арызын билердің кеңесіне салды. Олардың шешуі ескі дәуірден келе жатқан бір жосын: Қара өгіздің арқасына мінгізіп, Омарды алдына, қатынды артына теріс отырғызып, ауылды үш айналдыр, ел беттеріне күйе жағып түкіріп, маскара етсін, – дейді. Өгіз осылай ауылды айналып, ел олардың беттеріне түкіріп, күйе жағып, «қара жүзді» деп шу көтеріп, ит абадан үргенде серуенде жүрген Шоқан оларды көріп, өгіздің қасына келеді.

– Бұл не? – деп сұрайды. Тұрғандар билердің ережесін орындап жүр, – делі.

– Босатындар, бұл қазір болмайтын іс – деп, босаттырып жібереді. Уақыт бие байлаған кез еді, әкесіне сәлем беруге барып:

– Ата бұл қалай? Дұрыс елдікке жата ма?

– Бұл біреудің некесін бұзған кісі.

– Бұл шараны өз балаңыз Жақыпқа неге қолданбайсыз?

Оның Төлеңгіттердің қыз-келіншектерінен қырындамағаны аз ба?

Оған Шыңғыс сөз таба алмай, үнсіз қалған.

Әкем Тақырбас Шоқанның жан серігі еді. Оның айтуынша, «Танертең екеуі Сырымбет тауының басына шығып, Шоқан тастың үстінде түске дейін отыратын еді. Сол жерде отырып Шоқанның ойланатыны елдің мұқтаждығы.

– Қара. Бұлар жатқан сорлы халықтар ғой. Дүниеде не болып жатқанын не қылсын. Тек тою, ұйықтау.

28 июль күні Сырымбеттен аттанып, одан күнбатысқа қарай 25 километр жерде тұрған Қаратал аулына келдік, Шоқанның көп ұрпағы осы ауылда тұрады екен. Олардың ішіндегі Шоқанды жүйрік білетін ең ұлы қарты Құлыш (Құлмағамбет) – Жақыптың баласы Шоқанның немересі,

спыр жылы туған (85-те). Ол кісінің Шоқанды еске түсіріп айтқаны кітаптың бір жарқын жолдары.

– Шоқанды Омбының кадет корпусына алып барып түсірген бабамның өзі. Ол кісі бізді оқытқанда Шоқанды мысалға келтіріп оның қалай оқығанын келтіріп айтып отыратын. Шоқан ержетіп, есейе бастағанда айтқан ақылы – арақ ішпе, бөтен іспен әуес болма, өзіңді байсалды жақсы түрде ұста. Адамшылықтың бар қасиеті осында, – делі.

Корпуста оқып жүрген жас бала Шоқан алғашқы жылы жатақханада тұрып оқиды. Келесі жылдары кісі жақсы тұратын пәтерді өз ойымен тауып алды. Бабам айтып отыратын еді: «Шоқанжан пәтерді өз бетімен тауып алды», – деп. Сол кісінің айтуынша, Шоқан елге қайтарында оны әрқашан Тақырбас Атығайұлы әкеліп жүрді. Ауылға келгенде де оны күтуші бір ғана Тақырбас болатын. Оның киімін дайындап, атын әдемілеп ерттеп, не айтқанның бәрін бұлжытпай істейтін жылпос, епті жігіт еді. Шоқанның ауылдағы жақсы көретін адамының бірі болды.

Кадет корпусіне түспес бұрын Шоқан жеті жылдай ауылдағы мектепте оқиды. Шыңғыс Құсмұрын аймағында Күнтимес деген ордасында қазақша мектеп ашты. Күнтимес Құсмұрынның солтүстік батысындағы қалың орманды бай өлке. Шыңғыстың ордасы осы арада болды. Бұл жерден мектеп ашқанда оған Әбубәкір деген ұстазды шақырды. Онда ұлы адамдардың балалары мен қыздары, жәй қазақ балалары да көп оқыды. Әбубәкір ұстазбен өте жақын болып, оның қызы Кәкиманы суретші баласы Мақыға алып берді.

Бабамның айтуынша, Шоқан оқудан босанып елге қайтқанда бар өмірін ойын-сауықпен өткізді. Қасына Тақырбасты, көп жас достарын ертіп, ылғи аң аулауға шығып жүрген. Қызық көретіні түйғын, қаршыға, лашын. Оларды жүйрік оймен әдемі етіп салатын болған. Оның жас кезінде бабамның қолында Қаржас Мұса мырзадан қалап алған бір көркем ақ сұңқары болған Шоқан ол ақ сұңқармен де көп қызық көрген. Шоқанның ауылдағы әуес қылған ісі шілде-хана, қыз-ойнақ. Шоқан оны да қызық көріп еркін барып жүрген. Оның қасында дайым атакты әншілер, қобызшылар,

домбыра, сыбызғы тартушылар көп болған. Солардың бірі – Қожым, Тулак, оның баласы Төлепберген, Ақансері, тағы басқалар. Шоқан өзінің нағашылары Баянауыл еліне де барып көп қуанышқа түсіп жүрді. Олар Шоқанның мінезіне таң қалып, ойшыл, жарқын, байсалды деп қуанатын еді.

Құлыш пен Зүбәйірдің есінде әдемі сақталған ой бабасы Уәлихан туралы.

– Уәлиханды жұрт момын кісі болған еді, – дейді Құлыш. Бірақ қылмысты кісілерге момындық істемеген. Оларды аяусыз жазалап, кейін өлім жазасына бұйырып отырған. Бұл әдісті ол әкесі Абылайдан мирас еткен. Уәлиханның көп қорғағаны – жердегі кен қазатын орындар, алтын-күміс шығатын жерлер. Оны біреу жасырып, басқа кісіге айтып сый алатын болса, оны аямаған. Алтын шыққан жерді қазып болған соң оны басқаға білдірмеу үшін бетін топырақпен жаптырып отырған (Құлыш, Жауар).

Зүбәйір Қоқышұлы, Шоқанның немересі, 1902 жылы туған. Жігіт күнінде өзінің әкелері Жакып, Мақы, Махмет, Қоқыштың кеңесінде болып, Шоқан туралы көп естелікті солардан естіп білген.

Зүбәйірдің айтуынша, Уәлиханның алғашқы қонысы Бурабай көлінің қасындағы «Ханның қызылағаш үйі», болмаса Абылайдың ескі ордасы. Ол жерді ту баста Абылай орда қылып, кейін Уәлиханға ауысады, ең соңында Уәлиханның үлкен ұлы Абайдлда не болып қалады. Бір оқиға мынадай еді: Қызылжарға таяу тұрған бабасын елінің биі Тобылбай би Уәлиді үйіне қонаққа шақырып оған кеңес береді.

– Сенің атаң Абылай отыз қатын алды. Сен атаңның жолын қумай жүргенің қалай? Есіл өзенінің бойын қоныстайтын Сарғалдақ қожаның Айғаным деген бір сұлу қызы бар, тоқалдыққа сен соны ал, – дейді. Уәлихан бұл кезде 50 жастың шамасында екен, бұған қатты қызығады, алуға мойнын бұрады. Бірақ Уәлиханның үлкен ұлы Абайдлдаға оның тоқал аламын деген сөзі ұнамайды.

– Олай болса, сен бұл Бурабайдан басқа жерге көш, орданды сонда барып құр, – дейді.

Айғанымды алу үшін Уәлихан басқа жерден орда құруға

орын іздейді. Есілдің бойын жаратпайды. Тобылбайдың кеңесі бойынша Сырымбетке барып жаңа орда құрады. XVIII ғасырдың соңында осы Сырымбетте отырып Айғанымға үйленеді.

Айғанымның төркіні Атығай Сарғалдақ қожа, арғы ата-сы Шубар атты Мәлімқожа, Құдайберді-Бәйімбет елінен (Атығай), ертеден Есіл бойын қоныстаған, бүгінде Октябрь ауданы.

Бірақ, Уәли өлгенде, оның ескі орданың қасына таяу жерге апарып қойған. Оның обасы Бурабайдан он километр күнбатыста, төбенің басына орнатылған. Бұрын «Хан зираты» деп аталып келген, қазір тек қана оба. Оны ашық көрсететін Уәлидің аты жазылған құлпытасы, биікке көтеріліп тұрады.

Зүбәйірдің айтуынша, бабасы Шыңғыс оқуын бітірген соң, керей ортасына барып аға сұлтан болып тұрады. Шыңғыстан бұрын ол жерге басшы болған Абылай ұрпағынан Жалбыр деген кісі екен. Оның тегеуіріні елге қаттырақ тиген соң, керей елінің басшы адамдары оқыған, білетін кісі деп аға сұлтандыққа Шыңғысты шақырады,

Шыңғыс Құсмұрында аға сұлтан болып тұрғанда оның Сырымбеттегі туғандары азып-тоза бастайды, кейбіреулері тұтқынға түседі.

Туғандары ауыр халін айтып Шыңғысқа хат жаза бастайды. Халық жырынан мысал келтіріп. «Басқа жерде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол, – деген сөз қайда», – деп, сұрақ қояды. Біз жүдеп біттік, елге қайт, бізді ел қыл, – дейді. Шыңғыс елге қайтқан соң жаз күні Сұлукәлді жайлап жүрді, содан Есілге дейін таяп барып жүрді. Шыңғыс Сырымбетке келгенде Айғанымның ордасына не болып жүрген Уәлидің кенже ұлы Әлжан деген кісі еді. Орданы ол Шыңғысқа беріп, өзі Шошақ тауын (Шоққарағай) қоныс етті. Әлжанның қыстауы Сырымбеттің екі тауының арасында тұратын.

Зүбәйірдің әкесінің естуінше, Шоқан Петербордан елге қайтқанда оның қасында бір жылпос жігіт күтуші болып жүрді. Күндерде бір күн жігіт Шоқанмен шүйіркелесіп отырғанда, өзінің басындағы сырларын айта бастады.

Менің осы төңіректе жақсы көретін бір қызым бар еді,

оның көңілі менде еді. Бірақ қызды кәрі кісіге айттырып, қалың мал беріп қойыпты. Қыз содан бері ішіне зар толып, не істерін білмейді. Кейде менімен қашып кеткісі де келеді. Осы туралы Шоқанжан бір ақыл берсең... Шоқан:

– Бұл өте қиын іс... елдің қанына бүтіндей сіңіп кеткен, ешкім қиып шеше алмайтын, шытырман нәрсе. Оған менің өзім де шара таба алмай, қалай қиып тастаудың себебін ұшырата алмай жүремін. Менің саған айтарым, сен жақын арада жиналып, Көкшетауға барып орын ала бер. Сенің артыңнан қызды алып менде Көкшетауға барып қызды саған қосайын, – деді.

Одан бұрын Шоқан қызды үйіне шақырып, одан жігітке көңілі бар екенін сұрап біледі. Қыз шыншын айтады. Содан қызбен ақыл қосып, оны Көкшетауға ертіп кетуге ұйғарады.

Бүгін Шоқанның дуанға жүретін күні. Күймеге үш ат жегілген. Киім-кешек, жолға керек нәрселер тиелген. Шоқан елмен амандасып, арбаға отырады да екінші жағынан қыз да жетіп келеді. Шоқан оған отыр дейді. Қыз отырады. Сол жерде әке-шешесі:

– Бұл қыз қайда барады? – деп сұрайды.

– Мен қалада жалғыз тұра бермекпін бе? Маған да күтуші, көмекші керек қой, – деп, аттың делбесіне бір қағып кете барды... Артынан, тоқта-тоқта деген дауыстар көбейді. Шоқан қарамай жүріп кетті.

Шыңғыс артынан Көкшетауға кісі жіберіп, Шоқан қызды қайда апарғанын білмекші болған, бірақ жіберген кісі ешнәрсе біле алмай қайтады. Шоқан қызды апарып жігітке талсырады, жүрерде, айтқан сөздерінің барлығы ойын болып шығады. Бұл әңгіме жоғарыда Сары Ибрайұлы айтқан әңгіменің бір түрі болу керек. Мұның анық нұсқасын Құлыш әкесі Жақыптан естіп білген. Онда былай деп айтылады: Шоқан Петербордан келісімен оған күтушіге Айша деген бір қыз бен бір етті жігітті көмекші етіп қойды. Жігіт күндіз қызмет істеп, түнге қарай үйіне кетіп жүрді. Оның да қызға ғашық болғаны ілгеріде айтылды. Айша түнде Шоқанның үйінде қонып жүрді. Көркем, сыншы қыз еді. Күндерде бір күн Шоқан қызға ғашық болып, оны алмақшы да болады.

Бұл іс бірте-бірте Шоқанның әке-шешесінің құлағына жетеді. Жақыптың айтуынша, бабам бұған қатты күйінеді.

– Апырау мынау бізде болмаған іс екен? Қараның қызын қай кезде төре алған еді?! – деп назаланады. Қызды Шоқанның үйінен шығарып алып, оның орнына кемпір жібереді. Шоқан оған қатты ашуланып қызды қайыра сұрайды. Әке-шешесі оған ақыл айтып:

– Қарағым, бұл ойыңды таста, кедейдің қызын алғаның сүйегімізге сын болады ғой. Саған аталы жұрттан өзін тандаған бір қызды алып берейік, – дейді.

Шоқан оған болмай:

– Мен алсам, кедейдің ғана қызын аламын, – деп серт береді. Шоқан ауылда жоқ кезде Шыңғыс қызды басқа жерге көшіріп жібереді. Ол Шоқанға жетеді.

– Қыз кеткен соң мен де ауылда тұрмаймын, – деп, Омбыға жүріп кетті, көңілі бір қалыпқа түскен соң, бір жылдан кейін ауылға қайтып келеді.

Шоқанның Қашқарға барған сапары да оның туысқандарының есінде ғажайып әңгімеге айналған. Құлыштың бабасы мен Жақыптың естуінше Шоқан бір жылы көп саудагерге еріп Қашқарды қыстап шықты. Онда бір атакты бектің сұлу қызын алып үйленді. Патша үкіметі оған ұсыныс берген:

– Сен Қашқарға бар, онда тұратын сенімен тілі, діні бір, бір туысқан ел. Олардың хал-жайын зерттеп біл, оларды қазақпен бір қосудың амалын тап, – деген.

Шоқан бара жатып Қашқарға баратын жолда әдемілеп суреттеген. Қашқардың шекарасының өзіне жеткенде жазған дәптерін бірге апаруға қауіптеніп, керуен жолының белгілі бір жеріне жерге көміп кетеді. Қашқарға кіріп, онда бір қысты өткізеді, әдемі, сұлу қызға үйленеді, қыз Шоқанды сондай жақсы көріп аялап жүреді. Қыс өткен кезде қыз Шоқанға айтады:

– Сен бұл қалада тұрма, тезінен кет. Сені үкімет іздеп тауып алып өлтіруге бел байлап отыр. Сені іздеп жүр, енді жатуға болмайды, тез қаладан кет, – деп, Шоқанды қайыр сұрайтын диуаналарша кигізіп, қолына аса таяқ ұстатып, қаладан шығарып салады.

Шоқан күні-түні тездете жүріп Қашқардан ұзап кете барады. Жол-жөнекей тығып кеткен жазуларын жер астынан тауып алып бір қуанады. Қайтып келіп Омбыда, ауылда біраз тынығып, соңынан Петерборға патша сарайына барады. Шоқан Петерборға барғанда, Қашқар туралы оның жазулары өзінен бұрын барған еді, оны патшаның өзі де оқып, қатты қызықтаған. Шоқанды патша сарайына шақырғанда, патша төменге түсіп Шоқанды қарсы алуға шығады. Аман келгеніне қуанып, Шоқанның қолын қатты қысады, мадақтап арқасынан қағады, патшаның Шоқанға айтқаны:

– Қашқарда сенің үйленген әйелің қалып қойыпты ғой? Оны қалдырып отырасың ба, болмаса басқа бір амалын табасың ба? Көңілің болса ол әйелді алып беруге көмектессейің.

Шоқан:

– Қалай әпересіз?

– Соғыс ашып, Қашқарға әскер жіберейік.

– Жоқ, олай әйел алудың керегі жоқ, – деген.

– Бұл іс сонымен бітеді. Жақыптың айтуынша, Шоқан Қашқардан елге қайтып келгенде сирек жолығатын көп қымбат нәрселер алып келді. Оның барлығы Қашқар бектерінің Шоқанға сыйға тартқан сауқыттары. Олардың көбі қару-жарақтар, шәй сауыттары, үйді көркейтпін тұратын көзе, күміс ыдыстар. Бір таңсық нәрсе көк бояумен өрнектелген әдемі тегене, көк шара, мойны ұзын көк бояумен боялған көзе сәлдептен қапталған алмас пышақ (селебе), күміспен, алтынмен әшекейленген жібек қыңды алтын пышақ. Бұл сирек жолығатын қаруды Шоқан немерелердің алды деп Жәке Жақыпұлына берді. Күмістен қаптап (нефрит) жасаған мүсін, тастар, қант салатын күміс ыдыстарды әкесіне тартты, су құйса төгілмейтін шыны аяқ, күміс аяқтарды, әдемі сауыттарды, барлық әдемі бұйымдарды өзінің анасы Зейнепке тартты. Әкелген нәрселердің ішінде қазақтарға ерекше көрінген қосбайпақты шоңқайма етік, қаптал жеңді шапан, кестелі ойран шалбар – ешкі терісінен істелген. Бұлар ұлы жүз шеберлері істеген киімдер. Дәріден әкелгені боз бұға, сары бұға, жел басар (инбирь), үш тал тамыр дәрі, бәрі

жердің тамырлары. Оларды қалай ішуді Шоқан әдемілеп айтып түсіндірген.

Омбы қаласында Мұса Шыңғысқа жолыққанда әзілмен айтқаны «Шоқан бұл жолында бізді ұмытып кетті. Қашқардан әкелген асылдарынан бізге еш нәрсе тартпады».

Шыңғыс оны жұбату үшін, Шоқан бар әкелгенін Петерборға алып кетті деген. Бұл тек Мұсаның көңілін қалдырмау үшін айтқан манталман сөзі, болмаса барлығы ауылда қалды (Құлыш).

Шоқан Петербордан қайтып елге келгенде бабамыз оған көп саңлақ, өнерпаз адамдарды жиып берді. Оның көбі домбырашы қобызшы, сөз білуші, шешендер, ақындар еді.

Қанқожа Шыңғыстың туған інісі атақты қобызшы. Қобызды да, домбыраны да керемет тартатын еді. Шоқан оны аса қадірлейтін. Оның тартқан күйлері «Тәңірі биі», «Тарғыл бұқа», «Балбырауын». Әр уақыт Шоқанның қасында бірге болып, оның көңілін ташқан бір ғана осы кісі еді. Шоқанға үлкен әсер еткен күйшінің бірі – қарауыл Қожым деген, атақты қобызшы, мылтық жасаушы ұста, әрі зергер, әрі күйші, тулақ ұста, керемет қобызшы, сыбызғышы. Оның тартқан сыбызғысының даусы өзі тұратын Тораңғыл келінен Сырымбетке естіліп тұратындай еді. Наследник Омбыға саяхатпен келгенде (1868 ж.) Тулақтың жасаған әдемі дүниелері тегісімен көрмеде көрсетілді. Оның ішінде ұзын мылтық, әдемі сыбызғы, әдемі қымыз ожау, сырлы оймыш тостағандар бар еді. Шоқанның алдында болған күйшінің бірі – Тулақтың баласы Төлепберген, олар кейде әкесімен бірігіп тартып, сәулетті бір концерт бергендей болатын. Ауылда жатқан Шоқанға бұдан артық қызық дүние болды дейсің бе.

Ақындардан Шоқанмен көп жолыққандар Арыстан, Тоғжан, Шал ақынның немересі Орынбай, Шөже, Ақан сері, ол кезде жас жігіт Шоқанды қызық көріп ол да қалып жүрді. Шыңғыс осылардың барлығын кезек-кезек шақырып Шоқанның үйінде ұстайтын еді. Шоқан осылармен думанды үйінде өткізіп, кешке қарай қызбен бірге болатын.

Бабамыздың айтуынша, Петербордан Шоқан қайтып Сырымбетке келгенде оған ауылдан бөлегірек жерде бұрын

патшаға тіккен он қанат салтанатты үй тігіп берді. Үй өте көркем, баулары, басқұрлары тегісімен жібек, тұрлық қасын әдемі оюлаған, қалпақ сияқты ақ кигізден жасалған. Үйді тіккенде астарына биік орындық қойып уық байлайтын. Ақын, күйшілерді Шоқан осы үйге жиып кеңесті. Сауық бұл үйде кей күндері түннің ортасына дейін созылатын. Бірақ Шоқанның әдеті түнгі сағат 12-де кісілерді таратып, өзі демалысқа кірісетін. Жас күйші, домбырашылардан тағы бұған қосатынымыз Қанғожаның баласы Қорымбай, Әлжан баласы Көке өлеңші, Құсбегі сауыққой Шеге баласы Шәкен әнші, балуан, сөзшең, елдің бірінші адамы, көсем жігіт. Бұлардың барлығы Шоқанның немере туыскандары. Төлеңгіттен көзге ерекше түсетіндер Атығай баласы Карке – әнші, ертегіші, оның туысқаны Тақырбас, Абе Тоғжан баласы – шешен, серке тартымпаз, құсбегі, балуан. Бұларды Шоқан да, кейін Г.Н. Потанин де жазып алып отырды. Мәдениеттің жарқын бір тірегі. Сары Ерден аруаққа қарсы шықты.

Генералдың біреуі (Фридрике) Ерденді жақтайды. Ерден оның аузына ақшаны аяусыз толтырады. Бірақ сайлауда Шоқан өтіп кетеді. Ақырында Шоқан ойланып, осыған Ерденнің өзі отырсын деп аға сұлтандықтан бас тартады.

60-жылдары Көкшетауда Зілқараға ас бергенде оған Ерден де келеді, бәйгеге жүйрік аты Сағым-сарыны ала келеді. Ерденнің келгенін Зілқараның балалары артық ұната қоймайды. Оның аты алдынан келмеу үшін Әлібек қысқа жолдан екі атын қосады, бірақ, қалайда бәйгеден Сарысағым алдымен келеді. Әлібектің бұл ісін білген соң, Ерден инабатты кісі ат басқарушы Көбенді ұрып басын жарады. Және айтады:

– Мен бұл асқа келген едім, бірақ еліңді бақа сорып жатқан екен, – дейді.

Сол арада қадірлі кісі Мырзабек шығып, Ерденнің ашуын басып, атына сый тартады.

Шыңғыс 80 жасқа келгенде мені (Құлым), Рабиғаны оқытты. Одан бұрын менің әкем Жақыпты да оқытқан еді. Шыңғыс еңбек сүйетін, мейірімді, ізгі кісі еді. Онда қаһар, адуындық іс жоқ еді. Оның айтатыны адал еңбек, жейтін тамағыңды бір ғана еңбекпен тап, арамтамақ болма, – деп,

кәрі күнінің өзінде жәй отырмай бір нәрсені істеп отыратын еді. Бері келе ол бірыңғай бала оқытты. Бос уақытында құстың жүнін жулып, одан мамық жастық, құс төсек жасайтын. Ол ағаштан өрнек жасау, ий илеуге де шебер болды. Кітап түптеп отыруды да сүйетін. Ағаштан жасау саймандарын зәру шеберлерге беру үшін жинап қойып отырды. Нашар, зәру адамдарға көп көмектесті. Соның ішінде Айсараға көмегі ерекше еді. Оның бар мұқтажы Шыңғыстың мойнында болды. Жақып Айсараны Шыңғысқа әкеліп бергені болмаса, оны өзге қағындарындай тең ұстамады. Тек анда-санда ғана барып жатып жүрді.

Шыңғыстың кемтарға қатты көмектесетіні мынадан көруге болады: Құнанбай деген ұстанның дүкені күйіп кеткенде оны шақырып алып былай делі:

– Еңбек сүйетін сенің қолыңның қамығып қалуы дұрыс емес. Мына ақшаны ал да дүкеніңді жанадан құр, – деп, қолына көп аснап ағаш құралын берді.

Шыңғыстың аға сұлтаны ісінен қалғаны «Жаңа заң» шығудың кезі (1865). «Шыңғыс әр уақытта дау шығарған кісіні жек көретін. Осы жылдары аға сұлтан болуға талаһып жүрген кісілерді көріп, оларды мазақ етіп күлетін. Аға сұлтан аз жылдың ішінде жойылып бітеді, аға сұлтан боламын деп малын босқа шашып жүргендер есі кеткеннің ісі» – деп отыратын еді.

Шоқаннан кейінгі Шыңғыстың оқымысты баласы Мақы (Мақажан) көркем сұлу кісі болған, келбеті өзінің баласы Ыдырысқа ұқсайтын. Орысша, қазақша жақсы сөйлей білген, арабша, орысша, латынша жаза білген. Оқыған жері Петербордағы кол өнер мектебі, оған бабамның өзі апарып түсірген. Шыңғысқа еріп барған Жолтабардың Мұқаны деген.

Бұлар кеш барған еді, оқуға алатын кез бітіп қалған. Бірақ бабамыз үлкен орындарға кіріп: «Осы, баламды оқуға түсірсендер, сондай алғыс айтар едім», деген. Бір беделді хат алып, бабам мектептің директоры Мария Федоровнаға кіреді, сұрайды,

– Сіздерде қазақ баласы бар ма, – деп, ол жоқ дейді. Ендеше осы баланы алыңыз, – деп, Мақыны ұсынады.



– Мария Федоровна күлімсіреп, жақсы деп қарсы алады. Мақы ою ойып ағаштан өрнек салып, өнершілдік ісімен шұғылданады. Байғасқа, Тулак, Мақатай ауылындағы ағаш үйлердің өрнегін түсірген жалғыз Мақы еді. Оның қолымен жасалған казакша әдемі өрнектер Омбыда, Мәскеуде, Петерборда құрылған көрмелерде көрсетіліп отырды.

Жақып кадет корпусын бітірмей шығып кетті, Шокандай емес, аусарлау еді. Ауылда молладан да оқымай тек бабамның өзі ғана оқытты. Бабам жалғыз Жақыпты ғана оқытып қойған жоқ, өзге балаларын да, немерелерін де оқытты.

Жақыптың бір ерлік ісі, ол Жетісуға барып Шоканнан жесір қалған әйел Айсарыны Сырымбетке алып келді. Жетісуға ол 25 кісімен барды. Олардың ішіндегі басшылары Садуақас, Имантай Сәтбайұлы, Жолтабардың Мұқаны, тағы басқалар.

Жақыптың үш қатыны болды, үлкені Ману, Тұрлыбектің қызы, екінші Ғакия-Керей – Өсіптің қызы (менің анам — Құлыш), үшінші Айсары. Бұл кісі ұзын бойлы, сұңғақ, сабырлы, салмақты адам еді. Жақып Айсарыны алып, қыс күні нағашылары Шорман ауылын қыстап, жаз шыға елге алып келді, Айсарыны Жақып бабамның үндеуімен алды, одан үш бала туды. Мариям, Малік, Рабиға. Бірақ, Айсарының өмірі өзге әйелдеріндей асқақ емес, бағынықы болды. Шыңғыстың тірі күнінде Айсары оның аяулы пейілімен пайдаланды, одан кейін еншісі Қоқышпен бірге болды.

Айсарыдан қалған мұраның ең сүйіктісі, ауырып жүрген Шоканның фото бейнесі. Онда Шоканның жағына, негіне сақал шығып, қырмызы мүсіні әдемі сақталған.

Шыңғыстың халық сүйген оқымысты баласының бірі Махмет, Шоканнан зор тәрбие алған кіші пейіл, момын, кедейге, кемтарларға көмек көрсетумен аты көп шыққан бір ғажайып ізгі адам. Ол Омбының кадет корпусын бітіріп, кеңседе қызмет істемей, үйінде мал шаруасымен, әлек салумен шұғылданған. Ол ойлаған патша үкіметінің қызметінде ұлық болып істегеннен елде шаруа бағып, бұқараға болысқаным анағұрлым ізгі жұмыс деп түсінген.

Махметтің екі әйелі болған, біреуі Мариям – Зілқараның немересі, екіншісі Шәкән – Қоңыр-Құлжаның немересі,

одан Сұлтан, Ахмет туды. Махмет орысша-қазақша жүйрік сөйлей білген. Ол әрқашан бұқараның тілегін орындап, кедей мен жәбірленген адамдарға бар жанымен болысын, олардың қорлық көрген өмірін суреттеп, арыз жазып беріп отырған. Бірақ патшаның қу ұлықтары арыздың аса әдемі орыс тілімен жазылғанына, оның дәлелінің әрі күшті әрі ұтымды болуына, өзі аса қысқа түрде жазылғанына қарап, Көкішетаудан түскен арыздардың көбін жазған Махмет Валиханов деп отырған. Осыған қарап Махмет кедейлерге арыз жазып бергенде оларға қатты тапсырып, бұл арызды жазып берген мен емес, деп айтыңдар, дейтін. Және арызды өз қолымен жазғанды бермек, ауылдағы бір шәкірт балаға көшіртіп, кедейлерге, жәбірленгендерге соны беретін.

Кедейлерге, жәбірленген адамдарға болысудың бір мысалына мынаны айтып көрейік. 1903 жылы ұлы Орыс революциясы болайын деп тұрғанда, Омбыдағы Сырымбетке Сазонников деген бір ұлық келіп, Сырымбеттің жерін жаңа адамдарға бөліп беріп жатты. Ол бөлікке Жауар Бұланбаевтың бейіттері де кіріп кетті. Жауар ол туралы сот палатасына арыз беріп, Сазонниковтың әділ шешпегенін айтты, аталарының мұрасын сақтап қалуға тырысты. Бұл арызды да шеберлеп жазып берген Махмет еді. Оның өте кішіпейлдігі сонша үйіне келгенде томпаңдап, қарындашын алып, әдемі ойларын қағаз бетіне түсіре бастайтын. Махметтің осы әдісін білген уақытша үкіметтің бандылары өлтіріп кетеді (Жауар).

Махмет ауылда отырғанда жаз бойы қыс бойы бір ғана кітап оқып отыратын. Үйіндегі шкафтары толған кітап. Онда тарихтан, әдебиеттен, географиядан жазған кітаптар өте толық болатын-ды. Ол ешуақытта ел жұмысына қатынасқан емес. Көп тыңдап, аз сөйлейтін жуас, момын, ізгі кісі еді. Көп сұраққа бір ауыз сөзбен жауап беретін, Махметтің осы мінезін халық жақсы көріп, уақытша үкіметтің кезінде оны болыс сайлаған еді, Махмет оны жақсы көрмей арыз беріп шығып кетті.

Менің жас кезімде (Құлыш) Махметтің үйіне Омбыдан ғалымдар, іс басқарушылар көп келетін еді, оның кейбірі онымен кадет корпусында бірге оқыған жолдастары.

Зүбәйрдің айтуынша, бұл география қоғамының бастығы Г.Катанаев еді, екеуі кадет корпусында да бірге оқыған досы.

Г.Катанаев жаз күндері Махметтің үйіне талай рет келіп, қонақ болып жүрді. Бір жылы июль айының ішінде ауыл Егінді-ағаш түбінде, Қилы-көлдiң жағасында отырғанда келді, бір айдан аса жатып қайтты. Оның қасында екі баласы бар еді, мен олармен ойнап жүрдім. Катанаевке жеке бір үй тігіп берді. Катанаевты Махметтің жақсы көруі сонша, ол ауылдан кеткенше екеуі үзілмей әңгімелесіп отырушы еді. Барлық әңгімелері тез арада өзгеріс болатынын сөйлеуші еді. Кейде екеуі ел аралап, қазақтың этнографиясына, қол өнеріне көз салып жүрді.

Күн сайын біздің үйге Қоқыш келіп тұрды. Менің әкем Катанаевқа көп әдемі нәрселер беретін-ді.

Аспандияр Шормановтың әңгімелерінше, Махметті ол 1916 жылы ноябрь айында Омбыда көрген. Аспандияр олардың жиені, Омбыда ауыл шаруашылық мектебінде оқып жүрген.

Махмет орысша әдемі сөйлейді, киімі қазақша – тон, шалбар камзол, басында пұшпақ бөрік. Алғашқыда Сейітовтер үйінде тұрған еді, кейін Ешмұхаммед үйіне шақырып, сонда барып жатты.

Махмет ауылда да қалада да кітапты көп оқитын. Омбы қаласында кітап алатын жері өзі мен бала күнінде бірге оқыған Катанаевтың үйі. Бұл кезде Махметке кітапты мен әкеліп жүрдім.

1915 жылғы жазғы демалысты мен Сырымбетте, нағашыларымның ауылында өткізген едім. Қозықснiң үйінде жаттым, ол Махметпен бір ауылдас екен. Махметті тағы өзгелерін жақсы білгенім осы жылы. Сол жылы июль айында Махметтің үйінде қонақ болып, бір айдан аса Катанаев келіп жатты. Оған Сұлтан деген баласының тоғыз қанат ақ отауын тігіп берді. Осы үйде екі дос күндіз-түні демей көп уақыт әңгімемен өткізетін еді. Катанаевтың қасында кадет корпусында оқып жүрген екі баласы бар еді, олар казак сияқты ауылдағы балалармен ойнап кетті.

1895 жылы Сырымбетке Г.Н.Потанин келді. Оның келгені Сырымбетке Шоқан келгенмен бірдей болды. Мұны Көкшетаудан аттанарда Потанин өзі де жақсы түсінген. Шоқаннан кейін жарқын түрде сөйлесетін кісілерім оның інілері Мақажан, Махмет, әрине қартайып келген аяулы Шыңғыстың өзі.

Потанин алдымен Сырымбетке келеді. Бұл кезде Потаниннің келуін күтіп, көшпей қалған Махметтің үйі. Григорий Николаевич Потанин келгенде оны қатты құшақтап сүйеді, аялайды, алдынан төнеді. Аяулы қарт тез дем алсын деп төсек салып береді. Потанин алғашқыда ағаш үйде тұрған еді, кейін киіз үйде тұруды ұнатты. Махмет тез арада үлкен әдемі ақ үйді ағаш үйдің алдынан тігіп берді. Ішін кілеммен, жасаумен, түскізібен әдеміледі, диван орындықпен толтырды. Григорий Николаевич көрді де, жаз күні киіз үйден артық үй болады дейсің бе – деп, көп уақыт қарап отырды.

Бұл кезде ауылдың көпшілігі жайлауға шығып, Сырымбеттен 120 шақырым жердегі Тоқты, Тайсары, Қоңыр-су жайлауына барған еді. Ол жер Есіл өзенінің оң жағасында, Балталы, Бағаналы елінің жайлауына қарсы тұрады. Ол жерге бізден басқа Атығай, Қарауыл, уақтар да барады.

Бұлардың соның ала Григорий Николаевич пен Махмет екеуі де жайлауға шығады. Көшіп жүргенде Потанин пауескеге мінбей, ылғи салт атқа мініп отырады. Жазғы көшулерді де тегісімен солай өткізеді, күзге қарсы бірге көшіп қайыра Сырымбетке келеді.

Жайлауда Г.Н. Потанинге арнап он қанат жеке бір үйді тігіп берді. Оның қасында Петербург университетінде оқып жүрген Дінше Сұлтанғазин бар еді. Келбеті қарасұр, орта бойлы, асықпай орысша әдемі сөйлейтін, аса білгіш жас жігіттің бірі еді. Жайлауда Г.Н. Потанин, Дінше, Махмет төртеуі бір отыратын.

Г.Н. Потанинді күтуге епті жігіт Көркені шығарды, ас пісірушіге еттен, күріштен, әдемі палау жасайтын аспазшы әкелді, жеміс теруші жас жігіттер сайлады.

Г.Н. Потанин қымызды сондай жақсы ішетін еді. Оған жасалатын қымыз әдемі сабаға дайындалып, жас жігіттер оны кешке жақын үш-төрт сағат пісетін. Ол қымызды ертен

ішкенде адам баласы таң калып отыратын еді. Осы қымызды Г.Н. Потанин үздіксіз ішіп отырды, ол қалай сұраса, қымыз әрқашан алдында тұратын. Г.Н. Потаниннің жақсы жейтіні сүт пен қашаққа басқан дәмді күріш, жана сойған қойдың қақтаған төстігі, әсіресе осына сүйе жейтін. Жеміске құмартуы ерекше еді. Ол жерде қарақат, қызылқат, шие, бүлдірген, жидек орасан көп болды. Жігіттер осыны күн сайын қорап-қорап қылып әкеп жүрді. Жидектің көптігіне ат тұяғы боялатын еді. Кейде Г.Н. Потаниннің өзі қызығып, оны өз қолыммен теріп жейін деп жігіттермен еріп баратын.

Жайлаудағы бір қызық нәрсе құс салу ісі. Оны Г.Н. Потанин Шоқаннан талай рет естіп білген. Шілде айларының ішінде қаршыға мен тұйғын лашын үшеуі де түлекте отырады.

Күзге дейін салатын құстар қырғи, тұрымтай, жағалтай, бұлардың алатыны бөдене, шүрегей, үйрек, өзге ұсақ құстар. Г.Н. Потанин жайлауда отырып осылармен әуестенеді. Кейде Жақып тұрымтай мен үйрек алдырғанда Г.Потанин оны қатты таңсық көріп, көп ойланатын. Күзге қарсы, ел жайлаудан Сырымбетке бет алғанда, қаршыға мен тұйғын да серпіле бастайды. Бұл кезде саятка шығатындар Қоқыш, Махмет, Жақып, Г.Н. Потанин, Дінше, тағы жас жігіттер, Менің (Құлыш) сонда таң қалғаным Г.Н. Потаниннің атқа тіп-тік әдемі отыруы еді. Оның қартайса да қажымай шаршауды білмей, үздіксіз жүгіртіп отыруы адамға ой түсіргендей еді. Көшіп жүргенде ол ешуақытта пәуескеге отырмаған, тік салт атпен жорытып отырған.

Жайлауда күн сайын ауылда толған жиыныс, бәрін бабам шақырып білгендерін Г.Н.Потанинге айтсын деп келтірген. Келушілердің барлығы шешендер, тарихты, шежірені, халық жырын жақсы білетін адамдар. Олардың барлығы Г.Н.Потаниннің қасына жиналып, олардың айтқандарын Потанин, Дінше, Махмет үшеуі жазып отырды. Онымен қатар домбырамен, қобызбен, сыбызғымен күй тартатын күйшілер тобы да жиналды. Г.Н.Потанин олардың тартуына таң калып отырады. Жиналыстан бос уақыт та ойшылар бірге отырып, газет, журнал, кітап оқумен күн өткізді. Көп қызық

оқиғалар туралы кеңесті. Г.Н. Потаниннің әдеттегі ісі, кейде кез келген қазақты шақырып алып, оның елінің шежіресін жазып отыратын еді. Қазақтың өткендегі өмірін білуге Г.Н. Потанин сондай құмар еді. Оның көп сөйлескен адамдары Шыңғыс, Мақы, Махмет, Қоқыш, Қарке, Жақып, Қозыке, тағы басқалар еді.

Г.Н. Потанин жайлауда жүргенде түнде маса басылған кезде ұйықтап, ерте тұратын. Күндіз ыстықта салқын үйдің ішінде тыныстап дем алатын. Содан кейін өзінің қызықты істерінің сонына түсетін. Оның тамақ ішетін кезі таңертеңгі 10-11 сағат, қымыз ішетін кезі 12-16-ға дейін, сағат төрттің кезінде тамақ ішіп, кешке қарай күріш жеп, жатқанша қымыз ішетін. Ол кісі бізге келгенде 60 жастың шамасында еді, оның алдында бурыл сақал бола бастағанда тағы бір келіп кетті. Ол кісі аз уақыт жатып, салқын түскен кезде Сырымбеттен Омбыға кетті. Онда күз күні, ауыл Егінді ағашта Қилы көлдің өзінде еді. Содан кейін Г.Н.Потанинді көре алмадық (Құлыш).

Шыңғыстың бір жақсы баласы Қозыке (Сақыпкерей) 31 жасында Сырымбетте қайтыс болды. Ол асқан әнші, домбырашы, сауықкөй, Шоқан өте жақсы көріп жазған хаттарында оны құшақтап сүйіп отырды. Қозыке шығарған әндердің ең тамашасы «Топай көк», «Көкем» – Шоқан өлгенде айтып шығарған.

Ең кенже ұлы Қоқыш (Ермұхамед) 1927 жылы қыл өңештен қайтыс болды. Сыпайы, биязы, зорлығы жоқ, момын кісі. Серілік құруды, жүйрік ат, бүркіт, қаршыға ұстауды жақсы көріп, дәрігерлік ісіне де қатынасты. Мінезі Абайға, Махметке ұқсайды. Үйіне кітап жинап, көп оқыған кісі білімді көбінесе Шоқаннан, Мақыдан, Махметтен алған, білетін саңлақ, ойшыл кісі. Шыңғыстың, Шоқанның бар мұрасына, қымбатты дүниелеріне ие болған. Шоқанның барлық әскери киімдері, оның көп кітаптары, жазған қолжазбалары, орыс жазушыларынан келген көп хаттар, фото суреттері барлығы Қоқыштың қарамағында болды. Оның көбін Шоқанның әйелі Айсары Жетісудан өзімен бірге алып келеді.

Уақытша үкімет құрылған кезде Қоқыш қатты сескеніп,

бұл қазыналардың барлығын өзінің досы Алиасқар деген кісінің үйіне тықтырып қояды. Мұны бүгінге дейін жақсы білетін Қоқыштың баласы Зүбәйір, оның келіні Нұрыш. Біз бұл екеуімен де жақсы сөйлестік (Нұрида).

Нұрыш 1896 жылы туған. Қанқожаның ұрпағы, Дәулеткерейдің қызы. Келін болып түскенімде 1912 жылы еді, үлкен кісілерге көрінбедік ылғи шымылдықтың ішінде отырдық. Менімен бірге Төленгіттердің көп қызы мен келіншектері бірге болды. Күні бойы істейтініміз өрнекпен әдемі дүниелер жасау, мен көбінесе бабамыздың (Шыңғыс) кіші әйелі Бәтжанның қолында болдым. Ол кісі мен түскеннен бір-екі жылдың ішінде қайтыс болды. Одан кейін Қоқыш атамыздың бәйбішесі Шайданың қасында болдым. Шайда Қоқыштың үшінші әйелі, 50 жасқа келгенде алған. Үлкен бәйбішесі Күләнда Қаржас қызы.

Қоқыш ешуақытта бос отырмайтын, ылғи газет-кітапты көп оқитын. Тұрған үйіміз бес бөлмелі. Айсарының үйі қатар тұрды. Албар ішінде тағы жоғарыда бес-алты сарайлар тұрды. Мұқтаждықпен оларды сатып жіберуді ойлаған еді, сатпады. Кейін үкімет орындары пайдаланды. Біздің үйде бабамыз Шыңғыс пен Шоқаннан қалған қазыналар орасан көп еді. Оны Алиасқар деген көршіміздің үйіне Қоқыш тықтырып қойды. Кейбір қымбат дүниелерді апамыз Шайда мен оның баласы Шернияздан екеуі темір жәшікке тығып шошаланым іргесінен терең орап қазып сонда көміп қояды. Оның ішінде не қазына жоқ дейсің. Неше түрлі тарихи қағаздар, дипломдар, фото суреттер, хаттар, Шоқанның қолжазба кітаптары, жазулары бар еді. Көптеген алтын медальдар, бриллиантпен, асыл таспен әлемілеп өрнектеген сұлу дүниелер тығылған еді. Оның аса қымбаттылары Айғанымнан қалған мирастар еді, әсіресе оның он-оннан жататын алтын жүзіктері, сом-сом қылып жасалған өрнекті білезіктері, омырауына салатын алтын алқалары, әдемі жанат ішіктері, жас кезіндегі аса қадірлі жүз-жүз атқа істеткен сәукелелері. Бұларды бабамыз кейін Қоқыш көздің қарасындай аллештеп, кейде балаларына көрсетіп отыратын еді. Барлық қымбат дүниені қазір санап жеткізуге болмайды, ең қымбаттылары жүзге тарта

бар еді. Сондай ескі мұрағаттың бірі, бабамыз сақтап келген Абылайдың арқардың мүйізінен жасалған садағы. Келіншектер баласы туар кезде оны апамнан сұрап, сүйіп-сүйіп қайтарып жіберетін еді.

Жәшік ерте замандағы аталардан сақталып келе жатқан, әдемілеп темірмен қапталған, берік төрт құлақты сандық еді. Шернияздан оны тағы да қаңылтырмен қаптап жерге көмді. Ол әлі сол ескі орында сақталып тұрған болу керек. Онымен Зүбәйір, Шернияздан болмаса басқа кісі білмейді. Біз ол жәшікті қазып алуға мүмкіндік таба алмадық.

Зүбәйірдің айтуынша, оны қарындасы Бәтештің күйеуі Зікіш Қожахметов бұл жәшікті қазып тапқан. Ол жәшіктен тек қымбат дүниелерді алып, әркімге сата берген. Ақша болатын, өзге нәрселерді жоқ қылған, сонымен бірге Шоқанның қолжазбалары, хаттары бірге жойылған. Бұл надандыққа не айла табасың?

Құлыштың айтуынша, Алиасқардың үйінде тығулы тұрған қымбат мүліктерді біреулер көрсетіп, оны алты арбаға тиіп Володар қаласына алып барған. Бірақ не болғаны белгісіз. Нұрыштың айтуынша оның ішіндегі ең қымбат дүние Шыңғыстың алтындаған тоны, әдемі кісесі, ғажайып түскиздер, қымбатты кілемдер, өрнекпен жасаған әдемі бұйымдар, барлығы 62 нәрсе. Қазбаның біразы Дәуқара ауылында тұратын Қожахметте екені көрінеді. Қымбат нәрсенің бірі Махметтің алтынмен тіккен тоны, қамар белбеуі. Ол екеуі Нұрқан Мырзабаевта деп айтылады.

Құлыш, Нұрида, Зүбәйір, Жауар ұрпақтарының ішінде есінде жарқын түрде сақталып келе жатқан әдемі әфсана Шоқанның өлімі туралы. Олардың айтуынша, Шоқан Алтын Еміл тауында, Тезек төренің үйінде ауырып жатып, әкесіне, шешесіне, туған-туысқандарына, ұмытылмайтын достарына соңғы сөзін жазып, мұңды сөздер айтады:

– Мені ауру жеңді, шаршадым, қажыдым, халім төмендеді, сүйген елім сендерді барып көруге дәрменім қалмады. Бұл сендермен соңғы рет амандасып, құшақтасып, көрісетін соңғы хат. Өсіп-өнулеріңе тілек білдіремін», деген. Бабам Шоқанға бір топ кісі жібермекіш болғанда бұл

хаттың соңын ала. Тезек төреден бір хат келеді. Ол ақылды кісі, бабамның өзіне жазбай, Зілқараның балаларына жазады. Бәріміздің атымыздан ақырын естірттіп, көңілін басарсыз дейді. Бұл хабарды алысымен Жаулыбай мен сөзге шешен Бекқожа Атығай, Қарауыл, Уақ, Керей, Арғын елінің басшы адамдарын жиып, Сырымбеттің көп ормандарының ішінде жиналып естіртпекші болады. Халықтың ескі әдеті бойынша ауызша айтып естірту қиынырақ болған, Сондықтан атақты қобызшыларды жіберіп мұңды күй тартқызады. Бірінші қобызшы өте қайғылы күй тартады. Қобызшылар Шыңғыстың үйіне ақырын кіріп келгенде Шыңғыс олар неге олай келгеніне қатты сескенеді.

– Сыбызғышы, сен тартшы, – дейді.

Ол одан гөрі де тым қайғылы етіп тартады.

Бұлардан Шыңғыс қатты сескеніп:

– Бұлар неге қайғылы күй тартып отыр, әлде менің қарашығым Шоқаным қайтыс болды ма? – деп күніренеді.

– Ием, тап осылай, – деп бір топ кісі үйіне кіріп келеді, бастаушы Жаулыбай, Бекқожа.

Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ – дейтін сөз осы – дейді.

Орынбай күнірене жырлап:

Уа, Шыңғыс, Зейнеп ханым, көтер басты,  
Қай қазақ ой ойлаған сенен асты?  
Биласы жеті момын келіп тұрмыз,  
Күніреніп босағана төгіп жасты  
... Қыршын жас қайран Шоқан өткен бүгін,  
Күйзелтіп елі жұртын кеткен бүгін.  
Аяулы жарқын жүзін еске тастап  
Дүниеден ем таба алмай өткен бүгін.

Отырған кемелгер кісілер елдің күніреніп, зарлауын тоқтатып, Шыңғыс пен Зейнепке қуат беріп, көңілін басады.

Шоқан хатында жазған: «Айсары менен кейін жалғыз қалды, оны бұл жерде қалдырмай елге алып қайтыңдар, бар жүректеріңмен қуаныш беріңдер».

Демек, Шоканның қадірлі ұрпақтарының жарқын түрде сақталған естеліктері әдебиет, тарих ғылымына үлкен үлес болатын, бір жарқын ойлар. Біз оны дәптерге босқа қалдырмай, көпшіліктің алдына тартуды мақсат еттік.

## УӘЛИХАНОВТЫҢ ОРЫС ЗИЯЛЫЛАРЫ ӨКІЛДЕРІМЕН ДОСТЫҒЫ ТУРАЛЫ

Шоканды орыс жазушылары Ф.М.Достоевский және С.Ф.Дуровпен достықтың жылы дәнекерлері байланыстырған. Олар Омбы түрмесінде қаторғада болғаны белгілі. Шокан генерал-губернатордың адъютанты ретінде оларға күнде кіріп шығатын.

Петрашевшілдердің қоғамдық-саяси идеялары Ресейдегі азаттық қозғалыстың, А.М.Герценнің демократиялық ойларының қуатты әсерімен қалыптасты. Петрашевшілдердің көбісі елдегі демократиялық қозғалыстың дамуына зор ықпалын тигізді. Олардың іс-әрекеті жөнінде, Белинскийдің Гогольге жазған хаты үндеуін тапқан петрашевшілдер үйірмесінің отырыстары жөнінде Чернышевский біліп отырған. Петрашевшілдерге жас кезінде ұлы орыс жазушысы Ф.М.Достоевский ерген, бұл топтың көрнекі қайраткері ақын С.Ф.Дуров (1816-1889) еді.

Патшалық озбырлыққа қарсы белсенді күресуші – С.Ф.Дуров петрашевшілдер ісі бойынша 1849 жылдың 23 сәуірінде қамауға алынды. Петропавл бекінісіндегі сегіз айлық қамаудан кейін өлім жазасы қаторғаға ауыстырылды. Шыңжырға қамалған Дуров тұтқынға алынғандар тобымен бірге Тобылға жіберіліп, кейін 1850 ж. 23 қаңтарында Омбыдағы қаторғалық түрмеге әкелінді. Достоевский де мұнда отырған. Бұл «өлі үйде» өмір сүру жағдайы төзуге болмайтын еді. Дуров ол жақтан денсаулығы әбден құрып шыққан. 1854 ж. 11 қаңтарында қаторғалық жұмыстар біте салысымен оны Петропавл қаласындағы үшінші Сібір шептік батальонының тәртіптік әскери командасына қатардағы жауынгер етіп ауыстырды. Бірақ зақымданған денсаулық Дуровқа әскери қызметін атқаруға мүмкіндік берген жоқ. Оған

азаматтық ведомство бойынша сібір казактарының облыстық басқармасында «төртінші дәрежедегі кенсе қызметшісі» болып қызмет атқаруға рұқсат етілді. 1-ші Николайдың бұйрығымен Дуровтың үстінен «өте қатаң құпия қалағалау және онымен қоса ең жақын басшылығының, соның ішінде әскери губернатор фон Фридрихтің тікелей бақылауы» ұйымдастырылды.

Облыстық басшылықта жұмыс істеп жүріп Дуров өзінің адамдарға деген ізгілік қарым-қатынасымен, адалдығымен, еңбекқорлығымен және іскерлігімен адамдардың сеніміне кірген. Көп ұзамай оны кенсе қызметшісінің төртінші дәрежесінен үшіншісіне ауыстырды.

Облыстық басшылығындағы жұмыс Дуровқа далада жүріп, жергілікті тұрғындардың өмірімен танысуға мүмкіндік берді. 1855-1856 жж. «денсаулықты қалпына келтіру мақсатында» Көкшетау округінде өмір сүруге рұқсат етті. Бірақ мұнда да ол полицияның құпия қалағалауында болды. Генерал фон Фридрихтің жарлығымен округтік приказ ай сайын Дуровтың жүріс-тұрысы жөнінде хабар етуі тиіс еді. Приказда жұмыс істейтін Шоқан Уәлихановтың достары, оның Дуровпен достық қатынаста екенін біліп, Шоқанға ол туралы тек оң пікірлерін жазатын. 1856 ж. 26 тамызында С.Ф.Дуровқа «Сібірден қайтып оралып, Петербор мен Мәскеуден басқа Империяның ішінде ұнаған жерінде тұруға рұқсат етілді. Бірақ ол Батыс Сібірде тағы бір жылға қамауға алынып, Омбыдан 1857 ж. тамыз айының аяғында ғана кетіп Одессаға қоныс тепті.

Дуров пен Ш.Уәлиханов арасындағы достық байланыс Дуровтың Омбыдағы абақтыдан босаған мезгілінен бастап тұрақталды. Уәлиханов ол туралы Гутковскийден естіді, оның тағдыры жөнінде ықыласын білдіріп, оған деген жанашырлық пен ынтасын танытқан. 1865 ж. көктемінен бастап Дуров пен Уәлиханов арасында пұнайы достық қарым-қатынастар орнады. Достардың тұрақты кездесулерінің орны Яков Федорович пен Екатерина Ивановна Капустиналардың үйі, сондай-ақ Уәлихановтың үйі да болатын. Әңгімелерінің барысында ел өмірінің зәру са-

яси-әлеуметтік мәселелер қозғалатын. Г.Н.Потаниннің мемуарларынан көрініп тұрғандай, Уәлихановпен жүргізген сұхбаттарда Яков Федорович басыбайлылар мен байлардың қанаушы мәні жөнінде, патшалық колониалдық саясаттың талаушылық сипаты жөнінде, патшалық шенеуніктердің қылмыстық істері, олардың озбырлығы жөнінде айтатын, монархиялық құрылысты сынап, басыбайлық пен деспотизмге қарсы күреске шақырған. Бұл әңгімелер Шоқанның санасында терең із қалдырған және оның кейінгі ағартушылық іс-әрекетінде көрініс тапқан. Айдаудағы ақынның тікелей әсерімен Шоқан провинциялық тұйықтық пен нанымдардан айырыла алды. Уәлихановтың Дуровпен қарым-қатынасы жас ғалымның санасында төңкеріс жасап, өз заманының озат идеяларын қабылдап, орыс демократиялық мәдениеті мен қоғамдық ойдың ұлы идеялық байлығына тағы да көз жеткізуге көмектесті.

Әңгімелерінің барысында Дуров Ресей үшін басыбайлық тәртіп пен оның тірегі болып табылатын озбырлықты жою және Ресей халықтарын патшалық жәбірленуден босату мәселелерінің түпкілікті екенін Шоқанға сендіретін.

Демократиялық идеяларға берілген Шоқан кейіннен өзінің досы Потанинде, академик Обручев айтқандай, «онда жалпы патшалыққа деген теріс көзқарасты ояту» үшін барын салып тырысты.

Уәлихановты есіне түсіргенде Г.Н.Потанин былай деп айтатын: Шоқанмен кездескен сайын «мен одан жазғырылған күйде кететінмін, себебі бүкіл мәселе бойынша өзімнің жеңілгенімді түсінетінмін», бірақ менің ойымды Шоқан сонда да өзгерте алмады. Мен әлде де өз пікірімді дұрыс деп санадым, бірақ Шоқанда бар білім де өнер де бойыма дарымағасын онымен дауласуға мүмкіндігім болмады. Шоқан «Потаниннің саяси ой өрісін кеңейтуге» ынталанып, «1848 жылдық төңкерістің дабылшысы» - Гейнемен таныстырды, Дуровпен де кезіктірілді. Г.Н.Потаниннің еске алуынан: «Мен Дуровтың үйінде бір кеш өткіздім. Ол маған қатты әсерін тигізді. Нағыз төңкеріске ұшыратты. Бұрын ешбір адам маған сондай әсер еткен жоқ. Басқа адамның сезіміне

ұқыпты әрі адамгершілікті қарау қабілетінің арқасында болар бұл адамға да сенімділік сезімі бірден ақ орнады. Алдымда 45 жастан асқан, денсаулығы бұзылған, жартылай мәйіт десек те болатын адам тұрды; көзінен ғана өмір оты жылтылдайтын. Ол мені Ресей болашағы мен адамзат прогресіне деген өзінің таусылмас сенімімен таңқалдырды. Мен оның үйінен Шоканның пікірлесі болып кеттім және біздің арамьздағы даулар осымен таусылды».

Шокан Уәлихановтың өмірінде П.П.Семенов-Тяньшанскиймен достығы ерекше орын алады. Ұлы саяхатшымен қарым-қатынас оның ғылыми іс-әрекетінің бағытын айтарлықтай анықтады. Олардың алғашқы кездесуі К.К.Гутковскийдің жергілікті және сырттан келген зиялыларды жинайтын Омбыдағы үйінде орын алды. Бұрын айтылғандай, Шокан Уәлиханов Гутковский мен Капустиндердің үйлеріне жиі барып тұратын. Олар оны кадет корпусының жоғарғы кластарында оқығанда шақырып тұратын. Екі отбасы да прогрессивті көзқарасты ұстанды және орыс мәдениетінің көрнекі қайраткерлерімен достық байланыста болды. Капустиндер ғалым-химик Д.И.Менделеевпен туыстық қатынаста болды, яғни, Я.Ф.Капустиннің әйелі Екатерина Ивановна Дмитрий Ивановичтің туған қарындасы еді. Г.Н.Потанин былай деп жазды: «Өзара жақын туыстығы бар Капустиндер мен Гутковскийлердің әулеттері омбылық зиялылар орталығы болды. Бұл үйлерде шенеуніктер мен офицерлер жиналатын, мұнда Бас штабтың офицерін, суретші немесе әдебиетшіні, Орталық Азияға жолы түсіп, Омбыға соққан ғалым-саяхатшыны, «еріксіз кезбе» ретінде жүрген ақынды кезіктіруге болатын еді. Гутковскийлер әулетінде Шоканды өз ұлындай қабылдаған. Кеңес зерттеушісі М.К.Юрасованың айтуынша, Капустиндер мен Гутковскийлердің үйлері «алдыңғы қатарлы адамдардың жиналатын өзінше клубы секілді болды. Мұнда ғылыми жаңалықтар, әдебиет, өнер жөнінде сөз қозғаған, елінің, халқының тағдырына жандары ашып, көп дауласқан» 7368.

Шокан осы қоғамның жаны болатын, әртүрлі саяси және

қоғамдық тақырыптарға өзінің әзілдерін айтып, көптеген жағдайда өз әңгімешілерін таңқалдыратын.

Ш.Уәлихановпен жақын танысқаннан кейін П.П. Семенов-Тяньшанский оның үздік қабілеттері мен білімдеріне көңіл аударып, Петерборға оқуын жалғастыру үшін бару талпынысын құптады. Сондай-ақ Шоканның Орталық Азия мен Батыс Қытайға саяхатқа шығу идеясын да қатты қолдады.

Семенов-Тяньшанскиймен жүргізген әңгімелері жас ғалымды ашты, оның ойда жүрген зерттеу жұмыстарының жүзеге асуына деген сенімін нығайтты. «Мен Шоканның енді ғана келген саяхатшы туралы еске алып шаттанғанын көрдім. Мұндай таныстыққа қуанбай қайтсін. Шокан Шығыстағы қырғыз тайпасының тарихына одан әрі үніле берді; арасында ұрпақтар атаулары ретіндегі үйсін, керей, найман халықтарының атаулары айқындалатын қырғыз тайпасының тарихына қатысты кез-келген байланыстар оны терең ойлануға, мүмкін Шығыстың ежелгі тарихындағы қырғыз халқының көнеден қалған халық аңыздары жеткізетін деректердің көмегімен сырын ашуды армандауға шақыратын» 7469.

Көп жылдар өткен соң өзінің Омбыға барғаны, Потанин және Уәлихановпен кездесуі жөнінде еске алып отырғанда Семенов-Тяньшанский былай деп жазды: «Омбыға аз уақытқа келгенімде қаланың жоғарыда атап өткен ең көрнекті қайраткерлерімен, үстіртін болса да танысып үлгердім. Бірақ, менімен танысудың амалын өздері іздеп жүрген, жақында Омбыдағы кадет корпусының курсы бітірген екі дарынды офицер менің көңілімді өздеріне ерекше аударған еді... Потанинмен қатар Омбыда мені ерекше қызықтыратын Шокан Шыңғысұлы Уәлиханов болатын. Елеулі қабілеттерге не Уәлиханов Омбыдағы кадет корпусының курсы үлкен жетістікпен бітіріп, кейіннен Петерборда, менің ықпалыммен Университетте дәрістерді тыңдаған және француз бен неміс тілдерін жетік меңгергені сонша, Шығыстың, оның ішінде қырғыздарға тайпалас халықтардың тарихы бойынша керемет білімдарға айналды» 7570.

Ш.Уәлихановпен кездесулері жөнінде және онымен экспедициялардағы бірлесіп жұмыс істегені жөнінде

гажайып саяхатшы өзінің күнделігінде бірталай атап өтеді, бұл жөнінде сол кезде Орыс географиялық қоғамының хатшысы қызметін атқарған В.П.Безобразовка да 1857 ж. 2-қазанда Семейден жіберген хатында да жазады. «Үлкен ордадағы жабайы қырғыздардың арасында жиі жүргенім бұл халықтардың өмірімен танысуға жағдай туғызды, оның ішінде осындағы қырғыз тұрмысын жақсы білетін сұлтан Шоқан Уәлиханов пен оның аудармашысы Бардашевтердің берген мәліметтерінің мен үшін ерекше пайдасы тиді»<sup>7772</sup>.

Шоқан Уәлиханов С.Ф.Дуровпен бірге Омбыдағы бір түрмеде қаторгадан өткен орыс жазушысы Ф.М.Достоевскийдің (1821-1881) досы болған. Достоевский жөнінде Шоқан Уәлиханов Капустиндер мен Гутковскийлерден көп естіген болатын. Врангельдің айтуынша, Уәлихановтың Федор Михайловичпен алғашқы танысуы 1854 ж. Омбыда, Достоевский жиі келіп тұратын Ивановтардың үйінде орын алды. Шоканның Федор Михайловичпен достық қарым-қатынасы кейінірек Семейде де, Петерборда да және алты жылдық (1856-1862 жж.) хат алысуында жалғасын тапты.

1854 ж. көктемінде Ф.М.Достоевский Семейге Сібірдің шептік казак әскерінің 7-ші батальонына мерзімсіз әскери қызметке ауыстырылды. Бір жылдан кейін полковник Хоментовскийдің экспедициясына қатысқан Шоқан Федор Михайловичке кіріп шықты. Осы кездесуді түсіріп алған фото әлі сақтаулы. «Бізге соңғы уақытта кіріп шыққан адамдардың ішінде Достоевскийді көру үшін жолшыбай соққан, Омбыдағы кадет корпусының тәрбиеленушісі, жас, сымбатты қырғыз-офицер Мұхамед-Ханафия Уәлихановтың келіп кеткені есімде. Ол Федор Михайловичпен Омбыда Ивановтардың үйінде танысып оны өте жақсы көретін», - деп есіне алған А.Е.Врангель. Ыстықкөлге кетпей тұрып Шоқан Уәлиханов Достоевскиймен бірталай кездесті. Сол кезде көрнекті қызметте болған достарының – Врангель мен Хоментовскийдің жанкештілігін пайдаланып, Достоевский Уәлихановпен бірге қазақ ауылдарына баруға, Арқатты, Шыңғыс және Тарбағатай тауларын көруге мүмкіндік алды.

Қазақ халқының өмірі Уәлиханов пен Достоевскийдің арасындағы әңгімелерінің жаңа тақырыбына айналды.

Семейдегі кездесуден кейін достар ұзаққа айырылысты, олардың арасында хат алысу басталды. Бұл хаттардың қоғамдық-тарихи пайдасы өте зор. Оларда Уәлихановтың қоғамдық көзқарастары, оның орыс халқы мен орыс мәдениетіне деген сүйіспеншілігі бейнеленді.

Уәлиханов Семейден Достоевскийге жазатын: «Сіз кеткен соң мен тек келесі күні ғана жолға шықтым. Бұл кеш мен үшін өте жабырқақ болды. Өзім сондай жақсы көрген және маған да жылы көзқараспен қараған адамдардан айырылу өте ауыр тиді. Сізбен бірге Семейде өткізген шамалы күндердің мен үшін жағымдылығы сонша, енді Сізге қалай да барудың амалын ойлаумен ғана отырмын. Мен сезім мен ықылас жөнінде жазудың шебері емеспін, бірақ оның орынсыз екені да рас. Менің Сізге деген жылы сезімім және Сізге қаншалықты үйреніп кеткенім жөнінде онсыз да білетін шығарсыз».

Шоқанға қайтарған жауабында Ф.М.Достоевский: «Мейірбан досым, Сіздің хатыңызды маған Александр Николаевич жеткізіп берді. Сіз мені жақсы көретініңіз жөнінде жазып отырсыз. Ал мен болсам Сізге ешбір бәлсінбей, сізге ғашық болып қалғанымды айтқым келеді. Сізге деген құштарлық сезімім мен ешқашан ешкімге, туған ағам да сезінген жоқпын. Мұны Сізге түсіндіріп кетуге де болатын еді, бірақ Сізді мақтаудың қажеті не? Сіз менің адалдығыма дәлелдемесіз-ақ сенетініңіз анық, Құрметті Уәлихан, осы тақырыпта 10 кітап жазсаң да ештеңе жазбағандай боларсың. Құштарлық сезімі түсініксіз дүние. Сізбен күймеде тұрып қоштасқанда бәріміз де күн ұзаққа жабырқап жүрдік. Жол бойы Сізді еске алумен болдық».

Өз хатында Достоевский Шоқанға пайдалы кеңестер береді, оны ынталандырып алдына ауқымды әрі өнегелі мақсаттар қояды: «Оқуды тастамаңыз. Сізде көптеген материалдар бар. Дала туралы мақала жазыңыз. Сіз өз тағдырыңызды Отаныңызға көп пайдасы тиетіндей қып түзетуіңізге болады. Мысалға, Ресейде даланың не екенін,



оның және халқыңыздың Ресейге қатысты маңызы жөнінде түсіндіріп берудің өзі бір қасиетті іс, ұлы мақсат емес пе. Сіз толықтай еуропаша білім алған алғашқы қырғыз (қазақ) екеніңізді еске түсіріңіз. Тағдыр болса, Сізге жанды да, кең жүректі де беріп, Сізді керемет адам қылып жасады. Артта қалушылар қатарында қалуға болмайды». Осындай ыстық үндеулер арқылы Достоевский Шоқанға ақылын айтып, оны үнемі әрі белсенді әрекет етуге шақырады. Ол былай деп жазады: «Менің Сізді жақсы көретінім соншалық, Сіз туралы және тағдырыңыз туралы күн сайын ойлап келемін. Әрине, армандарымда тағдырыңызды түзеп мәпелейтін едім. Бірақ, арман арасында бір шынайылық болды: ол тайпаларыңыздағы еуропалық білімге жеткен алғашқы адам Сіз екені. Осының өзі таңқаларлық жағдай және оны түсіну Сізге міндеттер жүктейді... Қош болыңыз, құрметтім және сізді 10 рет құшақтап, сүюіме рұқсат етіңіз».

Ф.М.Достоевский кейін де Шоқанның ғылыми жетістіктерін қадағалап, оның ізденістері жөнінде қызығушылық танытатын. Тверьде отырып А.Е.Врангельге жазған хатында Достоевский былай деп жазады: «Уәлиханов сырттан келген, өте тамаша адам. Ол қазір Петерборда болуы керек? Ол туралы Сізге жазып не едім? Ол Географиялық Қоғамның мүшесі. Сол жақта жүргенде, уақытыңыз болса Уәлиханов жөнінде біліп берсеңіз, Мен оны өте жақсы көремін және қызығушылық танығамын».

Уәлиханов пен Достоевскийдің достық байланыстары Уәлиханов Петерборда жүргенде де сақталды (1860). 1861 жылдағы реформадан кейін Уәлихановқа самодержавиеге қарсы күрестен алшақтап, мистицизм тұрғысына ауып кеткен досының іс-әрекеті мен көзқарастарына деген сын көзбен қараушылық пайда болды. Өзінің А.Н.Майковқа жазған хатында ол былай дейді: «Енді Сіз, Петербор, петерборлық достарымыз жөнінде сөз қозғайық. Достоевский не істеп жатыр? Ол сирек жазатын болған, оған өзім де кінәлімін, себебі жауабымен көп күттіріп қоятыным бар. Олардың журналы не болып жатыр? Басылымды жалғастыруға деген хабарламалардың көптігіне қарағанда жақсы сияқты. Өз

арамызда қалсын, бірақ мен олардың халықтығы жөнінде түсінбей-ақ қойдым, біресе славянофильшілдікке, біресе нағыз батысшылдыққа ұқсап кететіні бар. Келісетін түрлері бар ма. Менімше, екеуінің біреуі болады, не батыстың үлгісімен түбегейлі өзгерістерге немесе ескілікке жабысып, тіпті ескі сенімді қолдануға дейін барады. Қытайлық орта тұсты ұстану енді іске жарамайтын болды».

Уәлихановтың Петерборда өткізген жылдары (1859-1861) – оның өмірбаянындағы ең көрнекті кезеңдері болды. Ресейде самодержавие мен басыбайшылыққа қарсы бағытталған азаттық-төңкерістік қозғалыстың толқыны көтеріліп келе жатты. Осы қозғалыстың нағыз күші астанада көрінді. Мұнда төңкерістің астыртын күші шоғырланған, прогрессивті ғалымдар мен офицерлерді дайындайтын студенттік жасырын үйірмелер жұмысын жүргізген. 60-шы жылдардың ортасында құрамына Шоқан Уәлихановтың досы Бас штабтың офицері А.К.Гейнс кірген Чернышовтің офицерлік үйірмесі құрылды.

Төңкерістік қозғалыстың басында ойшыл, революционер-демократ Н.Г.Чернышевский тұратын. Чернышевскийдің іс-әрекеті феодалдық-басыбайлық құрылысқа қарсы бағытталған, өз еңбектерінде ол жүйелі түрде шаруалар төңкерісінің идеясын жүргізген.

Петерборда тап болған жағдай Уәлихановқа үлкен әсерін тигізді. Петербордағы саяси үйірмелерге Уәлихановтың қатысканы жөнінде мәліметтер әзірге жоқ. Оның петербордағы достарының көбісі құпия үйірмелерге қатысқанын ескерсек, Шоқан олардың барын білгені анық. Потаниннің мәлімдеуінше, Шоқан тұрған үйде Сібірден келген жастардың, яғни, Әскери академияның тыңдаушылары, университет студенттерінің жиналатыны белгілі. Олардың арасында офицерлер Н.Ф. Анненский, А.Ф.Голубев, Ф.Н.Усов, Д.И.Романовский және т.б. болды. Академик В.А.Обручев былай деп жазған: «Шоқан сібірлік студенттерге Сібір мен Қазақстан халықтарының құқықсыз жағдайы жөнінде әңгімелейтін». Төңкерістік саладағы Шоқанның алғашқы қадамдары осындай болды.

Петербурдағы Шоқанның іс-әрекеті жан-жақты болды. Ол бір мезгілде бірнеше мекемелерде – Бас штабтың Әскери-ғылыми комитетінде, Университеттің Азиялық департаментінде және Географиялық қоғамда жұмыс істейтін. Бас штабтың ғылыми комитетінің тапсырмасы бойынша ол Орта Азия мен Шығыс Түркістанның карталарын құрастырып отырды. Оның редакциясымен «Балқаш өзені мен Алатау жотасы арасындағы кеністік картасы», «Ал Алатауы өлкесінің батыс бөлігінің рекогносцирлау», «Құлжа қаласының жоспары», «Ыстықкөл көліне барған экспедициялар нәтижелері жөніндегі есеп беру картасы», «Қытай империясының Батыс өңірі картасы» және т.б. шықты. Ол түрлі тілдерде карталар шығарды. Географиялық қоғамда Риттердің еңбектерін жарыққа шығару дайындығына белсенді қатысқан, Қазақстан мен Орта Азияның географиясы және этнографиясы бойынша материалдар құрастырған, қоғам мүшелеріне Шығыс Түркістан, Тянь-Шань және Қырғызстан жөнінде дәрістер оқыған. Оның дәрістері кей кезде газеттерде басылып шығарылатын.

Уәлиханов Петерборда жүргенде Петр Петрович Семенов-Тяньшанский оған үлкен қамқорлық көрсетті. Университеттік білім жөніндегі арманынан Шоқан еш айырылмайтын. Петербор университетінде білім алу туралы арманын ол Петр Петрович Семеновқа айтты. «Г.Н.Потанин мен Ш.Уәлиханов секілді білімге деген талпынысы мен құштарлығы қанына сіңген ең жас, дарынды және жаны адал...жергілікті қайраткерлер жоғары білімін Петербор университетінде алуға тырысты», - деп жазады П.П.Семенов.

Петербургқа келмей тұрғанда Уәлиханов шығыс факультетінде дәріс тыңдауға бет бұрған еді. Бірақ ол жақта Уәлихановты сол кезде қатты қызықтыратын қоғамдық қозғалыстың тарихы мен философиясы бойынша оқылатын курстар болмаған. Сондықтан ол университеттегі тарихи-филологиялық факультеттің дәрістеріне қатысып, шет тілдерін оқуды жалғастыра берген.

Сонымен қоса Уәлиханов Географиялық қоғамның баспаларынан шығаратын еңбектерін дайындап жүретін. Бұл

мәселеде оған П.П.Семенов-Тяньшанский көп көмек көрсетті. Өз мемуарларында Петр Петрович былай деп жазады: «Мен Гасфорттан генерал-губернатордың тұсындағы қызметінде қалдыра отырып, Уәлихановқа қырғыз даласы жөніндегі әзі жинаған керемет этнографиялық, тарихи материалдарын шығару мақсатында ұзақ уақытқа Петерборға келуге мүмкіндік беруін сұрадым. Сондай-ақ мен Уәлихановқа зор көмек пен қолдау көрсетуді уәде еттім».

Петербургда Уәлиханов орыс шығыстанушы, Орыс Географиялық қоғамының ғылыми хаттары мен хабарларының редакторы проф. А.Н.Бекетовпен танысты. Азиялық департаментте ол Е.П.Ковалевскиймен, Ф.Р.Остен-Сакенмен, И.И.Захаровпен және т.б. араласты. Захаровпен бірге ол Азия департаменті тұсындағы жоғарғы мектепте жұмыс істеп, сол жерде Орта Азияға кететіндерге түрік тілдерін үйретіп жүретін.

Уәлиханов ақындар И.И.Майков және Я.П.Полоцкиймен, сыншы Н.Н.Страховпен дос болған. Ағайынды В. және Н. Курочкиндер Уәлихановты Ресейдегі азаттық қозғалысының кейбір қатысушыларымен таныстырды.

Василий Степанович Курочкин (лақап аты Знаменский немесе Темный) 60-шы жылдардағы әйгілі ақындардың бірі болатын. Оның ағасы Николай Степанович Курочкин ақын әрі тілші болған. Оның мақалалары Скорпионов және Преображенский деген лақап аттарымен шығатын. 1861-ші жылдан бастап ағайынды Курочкиндер «Земля и воля» қоғамының мүшесі болды, 1862-ші жылдан бастап лондондық насихатшылармен, яғни, Герцен және Огаревпен қатынасы үшін айыпталған тұлғалар жөніндегі іске байланысты патшалық күзеттің қадағалауына алынды. II Александр патшаға жасалған қастандық әрекеттен кейін ағайынды Курочкиндер тұтқынға алынып, біраз уақыт Петропавл бекінісінде қамауда отырды.

1861-1862 жж. Николай Степанович Курочкин «Иллюстрация» көркем журналының редакторы болып, онда Уәлиханов әкелген қазақтардың тұрмысы бейнеленген суреттерді жарыққа шығарды. Бұл кездері Ш.Уәлиханов

ғылыми және әдеби журналдармен істесетін, энциклопедияларды құрастыруға қатысатын, ол үшін мақалалар жазатын.

Уәлихановтың достарын еске түсіріп Г.И.Потанин Шоқанға Гутковскийлар және олардың туыстары Капустиндердің үлкен ықпал тигізгенін айтады. Семен Яковлевич Капустин Ш.Уәлихановтың ең жақын досы еді.

Уәлихановтың орыс ғалымдарымен, жазушыларымен және қоғам қайраткерлерімен қарым-қатынасы олардағы патшалық Ресейдің шеттерінде тұратын халықтарға деген достық ықыласын нығайтатын. Уәлихановпен жүргізген әңгімелерінің ықпалымен ақын Н.А.Майков шығыс сюжеттеріне қызығып, «В степях», «Альпийские ледники», «Ем-шан» өлеңдерін жазған болатын.

Ш.Уәлиханов Орта Азия мен Қазақстан жөнінде жазған Бас штабтың офицерлері А.Ф.Голубев пен Д.И.Романовскийлерге ақыл беріп көмектесетін, П.П.Семенов-Тяньшанскийге, Е.П.Ковалевскийге, Ф.Р.Остен-Сакенге, А.А.Татариновка, П.И.Лерхке және т.б. материалдар жіберіп отыратын.

Ш.Уәлихановтың сөз тапқыштығы, адамдар ақауларын мазақ қылу біліктілігі оның достарында масаттану сеземін шақыратын. «Ол байқағыш әрі сөзтапқыш болған, тілі өткір болған. Н.Я.Ядринцев 1904 жылы «мен алмас секілді сонша өткір тілі бар адамды сирек кездестірдім, сонымен қатар ол ақындық жаны мен шығыс қиялы бар адам еді», - деп жазады.

## РЕСЕЙ ЖӘНЕ БАТЫС ЕУРОПА ҒАЛЫМДАРЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ТУРАЛЫ

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақ халқының ең дарынды азаматтарының бірі, ағартушы – ғалым. Оның есімі Орта Азия мен Қазақстанның тарихын, географиясын зерттеумен және орыс шығыстану ғылымымен тығыз байланысты. Шоқан өзінің ғылыми және қоғамдық-саяси қызметі арқылы орыс және қазақ халықтарының руха-

ни жақындасуында үлкен роль атқарды, және халықтар достығын нығайту идеясының жарқын қолдаушысы болды.

Уәлиханов туралы оң пікірлер оның көзі тірісінде жарық көре бастады. Жас ғалымның жетістіктері туралы 1855 жылы К.К.Гутковский мен Г.Х. Гасфортың бірлесіп жазған мақаласы басылған болатын.

Омбы кадет корпусының ұстазы К.К.Гутковский – жас Шоканның тәлімгері еді. Осы орайда, Ш.Уәлихановтың ең алғашқы жұмысы осы К.К.Гутковскийдің қолдауымен баспа көргенін айта кету керек. К.К.Гутковский Ш.Ш. Уәлихановтың «Записка о судебной реформе» және «Мусульманство в степи» атты соңғы екі жұмысына ерекше мән бере қарап, Қазақстанда әкімшілік құрылымдардың жаңару кезеңінде бұл жұмыстарды жеке кітапша етіп шығарды. Қазақ халқына достық ниетте болған және оның салт-дәстүрлері мен мәдениетіне үлкен сыйластықпен қараған К.К.Гутковский қазақ жастарының білім алуы мәселесімен де белсенді араласты.

Шоқан мен орыс халқының ұлы жазушысы Ф.М.Достоевский арасындағы достық ерекше болды. Олар Ф.М.Достоевскийдің айдауда болғанда танысқан досы, декабрист И.А.Анненковтың қызы Анна Андреевна тұратын, Омбы қаласындағы Ивановтардың үйінде танысқан болатын. Шоқан бұл кезде Батыс-Сібір генерал-губернаторының адъютанты болатын. Олардың арасындағы достық қарым-қатынасты жазысқан хаттарынан байқауға болады. Ф.М.Достоевский өзінің Семейден Шоқанға жазған хаттарының бірінде (1856 ж.): «Вы пишете мне, что меня любите. А я Вам объявляю без церемоний, что я в Вас влюблен. Я никогда и ни к кому, даже не исключая родного брата, не чувствовал такого влечения, как к Вам... Я Вас так люблю, что мечтаю о Вас и о судьбе вашей по целым дням. Среди мечтаний была одна действительность- это то, что Вы первый из вашего племени, достигший европейского образования. Уже один этот случай поразителен, и сознание о нем налагает на Вас и обязанности...». Уәлиханов үшін бұл міндеттердің мәнін Ф.М.Достоевскийдің өзі ашып көрсетеді:

«Дорогой мой друг, милый Чокан,- деп жазады Федор Михайлович – Вы пишете, что Вам в Омске скучно. Еще бы! Вы спрашиваете совета: как поступить Вам с Вашей службой и вообще с обстоятельством. По-моему, вот что: не бросайте заниматься, у Вас есть много материалов. Напишите статью о степи. Ее напечатают (помните, мы об этом говорили); всего лучше, если написать нечто вроде своих записок о степном быте, вашем возрасте и т.д. Это была бы новость, которая заинтересовала бы всех. Так было бы ново, а Вы, конечно, знали бы, как написать (например, вроде Джона Теннера в переводе Пушкина). На Вас обратили бы внимание и в Омске и в Петербурге. Материалами, которые у Вас есть, Вы бы заинтересовали Географическое общество... Не великая ли цель, не святое ли дело, быть чуть ли не первым из своих, который растолковал в России, что такое степь, ее значение и Ваш народ относительно России, и в то же время служить своей родине, просвещенным ходатаем за нее у русских. Вспомните, что Вы первый киргиз, образованный по-европейски вполне. Судьба же вас сделала вдобавок превосходнейшим человеком, дала Вам и душу и сердце».

Ф.М.Достоевский кейін де досының жетістіктерін үнемі қадағалап отырған. Тверь қаласынан А.Е.Врангельге жазған хатында: «Валиханов премилый и презамечательный человек. Он, кажется, в Петербурге? Писал я Вам о нем? Он член Географического общества. Справьтесь там о Валиханове, если будет время. Я его очень люблю и очень им интересуюсь».

1866 жылы Шоқан қайтыс болғаннан кейін Ф.М.Достоевский әйеліне: –«Мына палисандрлы үлкен жәшікті көріп тұрсыз ба? Бұл менің сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы, ол маған өте қымбат. Мен бұл жәшікте өзімнің қолжазбаларымды, хаттарымды және ерекше есімде сақталған оқиғаларға байланысты заттарды сақтаймын» – деген екен. Ф.М.Достоевскийдің Шоқанға таң болғаны сондай, ол өзінің «Подросток» атты романының негізгі кейіпкері – «адамзаттың жарқын болашағы туралы ойлайтын» Версиловты Уәлихановқа ұқсатып сомдаған.

1854–1856 жж. Семейде облыс прокуроры (сол кезеңдегі терминалогия бойынша–стряпчий) қызметін атқарған, Ф.М.Достоевскийдің досы А.Е.Врангель де Шоқан туралы естеліктер жаздып қалдырды. Өзінің «Вспоминания о Ф.М.Достоевском в Сибири» атты кітабында А.Е.Врангель «Приятель Ф.М.Достоевского Валиханов» деп аталатын шағын бөлімді Шоқанға арнаған. Бұл бөлімде А.Е.Врангель Ш. Уәлихановтың Омбыдан Семей арқылы Жетісу өлкесіне барған кездерінде Ф.М.Достоевскийдің үйінде болған сәттері туралы жазған. Врангельдің жазуында Шоқанның әңгімелерінен Ф.М.Достоевский «он мың қытай рәсімдері» секілді кейбір сөз тіркестерін жаттап алған. Ол бірде Г.Н.Потанинді осындай сөздермен қарсы алған болатын. 1859 жылдың көктемінде Шоқанның Қашғардан аман сау оралуының құрметіне досы Ф.М.Достоевский оған ерекше қадесый- көне Семейдің қираған жұртынан табылған шағын қанжарды сыйға тартып, бірге суретке түсуге шақырған екен. «Валиханов имел вид вполне воспитанного, умного и образованного человека. Мне он очень понравился, и Достоевский очень был рад повидать его. Впоследствии я встречал его в Петербурге и Париже» – деп жазды Врангель.

Парижге баруға жиналып жатқанын Шоқан 1860 жылы Петербургтен әкесіне жазған хатында баяндайды. Оның Парижге барған немесе бармағаны туралы тура дерек жоқ. Кейбір жанама айғақтар бойынша Шоқан, Еуропаға барар жолда Қырымда, Молдавияда, Францияда болып, Германия арқылы Петербургке қайтып оралады. Шамасы, Шоқан, Парижде досы Д.И.Романовскиймен 1860 жылдың соңы және 1861 жылдың бас кезінде болуы мүмкін. Уәлиханов және оның сан қилы қызметі туралы П.П.Семенов-Тянь-Шанскийде жазды. Ұлы саяхатшы Шоқанмен, өзінің Батыс Сібірге және Тянь-Шаньға алғашқы сапары кезінде, Омбы қаласында 1856 жылы танысқан болатын. П.П.Семенов-Тянь-Шанский тапқыр, білімді, жалын мінез жас ғалымға бірден көңіл аударды. Ол өзінің күнделігінде былай деп жазады: «Наряду с Потаниным, другим лицом, особенно меня интересовавшим в Омске, был Чокан Валиханов. Обладая вы-

дающимися способностями, Валиханов с большим успехом окончил курс в Омском кадетском корпусе, а впоследствии уже в Петербурге под моим влиянием слушал лекции в университете и так хорошо освоился с французским и немецким, что сделался замечательным эрудитом по истории Востока и, в особенности, соплеменных киргизов».

Уалихановтың Омбы қаласындағы пәтерінде болған П.П.Семенов, Шоқанның шет аймақта тұрып, Шығыс тарихы туралы сирек кездесетін басылымдар жиналған осынша бай кітапхананы қалай жинап алғанына таң қалады. Шоқанның терең білімі, сүйкімді мінезіне тәнті болған саяхатшы онымен достық қарым-қатынаста болды. Г.Н.Потаниннің естелігінде: «П.П.Семенов по приезде в Западную Сибирь заинтересовался Чоканом, как любопытном явлением в провинциальной глуши. Он был удивлен начитанностью Чокана, какую нельзя было ожидать в провинции при скудных книжных богатствах Омска... Уже тогда в библиотеке Чокана было собрано все, что печатано о киргизах по-русски».

П.П.Семенов пен Г.Н.Потаниннің естеліктері бойынша, 1856 жылдың бас кезінде Ш. Уалихановтың ғылыми-зерттеу қызметінің бағыты анықталған болатын. Бұл мәселеде Петр Петровичтің кенестерінің мәні болды. Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Ыстықкөлдің су алабын зерттеушілердің алғашқылары П.П.Семенов-Тянь-Шанский және Шоқан Уалиханов болды. Олар бұл аймақтарда 1856–1857 жылдары жұмыс жүргізді. Олардың ғылыми қызығушылықтарының шеңбері көп сәйкес келген себепті, екі саяхатшының Омбы қаласында кездесуі кездейсоқ жай емес еді. Петр Петрович үшін Шоқан қалыптасқан ғалым, Орта Азия халықтарының тарихының, салт-дәстүрі, тұрмысының шынайы білгірі еді. География қоғамы хатшысының міндетін атқарушы В.П. Безобразовқа Семейден жазған хатында П.П.Семенов: «Частые пребывания между киргизами дикокаменными и Большой Орды дали мне случай ознакомиться с нравами, обычаями и жизнью этих народов, а в особенности полезны были для меня сведения, сообщаемые лучшими здесь знатоками киргизского быта поручиком султаном Чоканом Валихановым и переводчиком Бардашевым»-деп жазды.

Омбыдағы алғашқы кездесуден кейін олар, 1856 жылы қазан айының бас кезінде П.П.Семенов Ыстықкөлге саяхатын аяқтап, Құлжаға келгенде, осы жерде кездеседі. Уалиханов болса, Ресей мен Қытай өкілдерінің Құлжада өткен сауда саттық мәселесіне байланысты кеңесінен кейін, Қытай үкіметінің шешімін күтуде болатын. Осы кездесу туралы Уалихановтың күнделігінде П.П.Семеновтың аты жиі жазылуы дәлел. Бұл Петр Петровичтің Құлжаға бейресми келуі болатын себепті, Шоқан ол туралы «саяхатшы» деген сөзді қолдана отырып жазады.

П.П.Семенов-Тянь-Шанский өзінің алдағы саяхаттары туралы генерал-губернатормен келісу үшін Барнауылдан Омбыға келгенде, Шоқан Уалихановпен 1857 жылы Омбыда тағы кездеседі. Олар Омбыдан сәуірдің 20-сында шығып, 26-сы күні Семейге келіп, Ф.М.Достоевскийдің үйіне тоқтайды. Маусым, шілде айларын Ыстықкөлдің су алабы мен Тянь-Шаньды зерттеп, бірге өткізеді. Тамыз айының бас кезінде П.П.Семенов зерттеу жұмыстарын жалғастыру мақсатында Жетісу өлкесінде қалып, ал, Уалиханов Қашғар саяхатына дайындалу үшін Омбыға қайтып оралады.

Петр Петрович жас Шоқанның жұмыстарын жоғары бағалаған. П.П.Семенов 1856 жылдың соңына қарай, жасалған жұмыстардың есебімен бірге, Петербурға Шоқанды Орыс география қоғамына толық мүше ретінде қабылдауды ұсынып, ол туралы мақтау мінездемесін бірге жіберген. Өзінің ұсыныс пікірінде ол: «Чокан Валиханов совершил путешествие на восточные берега Иссык-куля, где собрал богатый запас географических, этнографических и исторических материалов о киргизской степи, которые готов сообщить» – деп жазған. П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің ұсынысын Орыс география қоғамының көрнекті қайраткерлерінің бірі Е.И.Ламанский қолдаған. Осы рекомендациялардың негізінде 1857 жылы 16 қаңтарда қоғам кеңесінің мәжілісінде Шоқан Уалиханов Орыс география қоғамының толық мүшесі болып қабылданды. Оның қабылдануы туралы диплом 21 ақпанда өткен Қоғамның жалпы жиналысында бекітілді. Бұл жас ғалымның ғылымдағы еңбегін мойындау актісі. Шоқанның

Қашғар сапарының тағдыры көп жағдайда К.К.Гутковский, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, және Е.П.Ковалевскийлердің қолдауына байланысты еді. Қашғарға саяхат ұйымдастыру негізінен П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің идеясы болатын. «Само собой разумеется, - деп жазды ол, - что я почел долгом обратить на этого молодого талантливого человека особенное внимание Гасфорта и по возвращении моем из путешествия в Тянь-Шань подал мысль о командировке Валиханова в Кашгар, что и было впоследствии Валихановым с полным успехом».

Уәлихановтың Петербургке келуі туралы бастама көтерген де осы П.П.Семенов-Тянь-Шанский. Мұнда Уәлиханов П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің баспаға дайын-даған Карл Риттердің еңбектерін оқуда көмектесе отырып, Орыс география қоғамы мүшелеріне дәріс оқып, қоғамның бөлімдерінің отырыстарына белсене араласты.

Петербургте Шоқан П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің басқаруымен өзінің Алтышар туралы еңбегін аяқтап, «Жоңғария очерктерін» жазып, «Алатау қырғыздары», «Абылай» атты мақалаларын, және Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігі үшін бірнеше очерктер («Қырғыздар», «Қырғыз-қайсақтар», «Іле Алатауы», «Алтышар», т.б.), жазды.

Ш.Ш.Уәлихановтың қызметі туралы тамаша ғалым Г.Н.Потаниннің де арнайы еңбектері мен естеліктерінен де оқуға болады. Олар Омбы кадет корпусында бір мезгілде оқығаны белгілі, корпусытамамадағаннан кейін де Омбыда, немесе Петербургте жиі кездесіп тұрды. Соңғы рет олар, Потанин Орыс география қоғамының тапсырмасымен Зайсанға және Тарбағатайға бара жатып Омбыға соққанда, 1864 жылы қыс айында кездесті. Бұл Шоқанның ауырып жатқан кезі болатын.

1856 жылдың соңында достар «Омбы үйірмесін» құрады. Уәлиханов пен Потаниннен басқа үйірме жұмысына И.Пирожков, Чукреев, Ф.Н.Усов, Е.Колосовтар қатысып, шаруышылық, ғылым және ағартушылық мәселелері қарастырылады. «Тобольские губернские ведомости» және

«Независимый листок» басылымдарында үйірме жұмысы туралы шағын мақалалар жарияланып тұрған. Уәлихановтың мақалалары «говорун», Дуровтікі «СД», Потаниндікі «ГН» атты лақап аттармен жарияланған.

Кейін, үйірме мүшелерінің Петербургке ауысуына байланысты, Омбы үйірмесінің жұмысы (1859–1863 жж.) астанаға көшіп, «Сібір студенттерінің үйірмесі» деп аталды. 60-шы жылдардағы оқиғалардың әсерінен үйірме құрамы ұлғайып, көтерілетін мәселелердің саяси сипаты байқала бастады.

1857 жылы Омбыда генерал-губернатор Гасфорттың пәтеріңде Ш.Уәлиханов орыс революционері М.А.Бабушкинмен кездеседі. Бұл кездесу туралы кейін Ш.Уәлиханов Г.Н.Потанинге көп ден қоярлық әңгіме айтады.

Шоқан қайтыс болған жылы Г.Н.Потанин Томск губерниялық статистика комитетінде хатшы қызметін атқарды. Ол қамауға алынып, бір жылдан соң Архангельск губерниясына айдауға жіберілген себепті, Уәлихановтың қайтыс болғаны туралы хабарсыз еді. Омбы түрмесінде отырып ол қазақ саяси тұтқындарымен байланыста болды. Кейін Г.Н.Потанин өзінің естелігінде: «Я познакомился с киргизами; они сидели в особой камере; между ними был хороший сказочник, и я часто ходил к ним записывать сказки. Когда наступало время запира́ть камеры, ключник спрашивал меня, пойду ли я в свою камеру или хочу остаться здесь, и меня часто запирали с ними». Бірақ, Уәлихановтың қазасы туралы олар да бейхабар еді. Әуелі Архангельск, кейін Вологодск губернияларына жер аударыла жүріп, Потанин, Шоқан Уәлиханов Петербургте қызметте деп есептеген ол әрқашан досымен еркіндікте бір кездесуді армандады. Оның кездесуге құмарлығы соншалық, тіпті болашақ арман – кездесуін түсінде көреді. Түсінде: «Күздің соңы екен дейді, қақпа алдына қоңыраулатқан аттар келіп тоқтағанын естиді. Тағы бір жерге апаратын болған екен деп ойлайды. Бірақ, біреудің Потанинді сұрап жатқанын естиді, үй иесі әйел оған біреуді ертіп келе жатады. қарасам. Шоқан Уәлиханов! Петербургтен маған Шоқан келіпті! Басқа бір жаққа бара жатып емес, әдейі, арнайы келіпті. Шоқан, менің сүйікті де ескі до-

сым!.. Менің қуаныштан есім шықты. Түні бойы, көз ілмей әңгімелестік. Келесі күні қызмет барысымен оның қайтуы керек - Шоқан қырғыз (қазақ) халқының полковнигі екен. Ол кеткенде тіптен сенбейсіз, ал мен кішкене балаша жылап жіберіппін. Күннің көзі батып кеткендей болды» - деген Потаниннің бұл әңгімесін М.Х.Свентицкая жазып алған.

Досы туралы естелік жазуды Г.Н.Потанин тек айдаудан оралғанда ғана бастаған. Академик А.Н.Пыпиннің «История русской этнографии» атты еңбегі үшін, оның тапсырмасы бойынша, Потанин Шоқан туралы екі үлкен биографиялық очерк жазды: біреуі қысқа, екіншісі - көлемдірек, екі мақала машинкамен басылған 10 бет шамасында. Уәлихановты басқаларынан көрі жақынырақ білген Потанин, оның өмірбаяны туралы былай деп жазады: «Отец Чокана Чингис был второй сын Вали. Так как старший сын Валихана Губайдулла по политическим причинам кончил жизнь в ссылке, то родовая усадьба Серембета сделалась собственностью Чингиса. Впрочем, Чокан родился тут, а в местности Куш-Мурун, находящейся в верховьях р. Тобол». Биографиялық очерктерінде Потанин Шоқанның Омбыда кадет корпусында оқыған жылдары туралы нақты тоқталып өтеді, П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен шығармашылық байланысы және оның Қашғарға саяхаты туралы жазады. Тек қана Потаниннің Шоқан туралы «Встреча с С.Ф.Дуровым», «В юрте последнего киргизского царевича», «Биографические сведения о Чокане Валиханова» атты мақалалары Шоқанның Потанин үшін қаншалықты қымбат екенін көрсетеді.

Естеліктерінің бірінде ол кадет корпусын бітіргеннен кейін Шоқанмен қалай айырылыскандары туралы әңгімелейді. Достар араға 4 жыл салып, 1856 жылдың соңында Омбы қаласында кездеседі. Потанин Шоқан бойындағы үлкен өзгерістерді бірден байқайды. С.Ф.Дуров, Ф.М.Достоевский секілді жер аударылған петрашевшілдермен қарым-қатынас Шоқанның әлеуметтік мәселелерге деген көзқарасын жетілдіргені туралы Потанин «Встреча с С.Ф.Дуровым» атты естелігінде жазды.

Шоқан досымен кездескен сәтте өзінің Орта Азияға саяхат жасау және Петербург университетінде оқуын

жалғастырғысы келетіні жайлы ой бөліседі. Г.Н.Потанин «Чокан Валиханов, его жизнь и служба при генерал-губернаторском штабе» деп аталатын еңбегінде: «В Омске я застал своего друга, однокашника по кадетскому корпусу Чокана Валиханова, который мечтал о путешествии в неизвестные страны Центральной Азии и звал меня с собой» - деп жазды.

Саяхат туралы достар кадет корпусының соңғы курсында оқып жүрген кездері ойлаған. Бұл туралы Г.Н.Потанин 1913жылы Омбы География қоғамында оны еске алу құрметі кезінде айтқан болатын. Ол былай деді: «Омск-это моя духовная родина. Здесь я когда-то с моим другом Чоканом Валихановым впервые начал мечтать о тех трудах, выполнить которые мне пришлось одному, т.к. бедный друг мой скоро умер, но я уверен, что при исполнении тех задач, которые мы себе намечали, он мог создать себе громадное имя. Что касается меня, я сделал все, что мог, не отступая от тех предначертаний, которые мы себе когда-то вместе составляли». Потаниннің айтуынша «ол ерекше жаратылған құбылыс».

Шоқанның Омбыдағы қызметі және оны қоршаған орта туралы естеліктерінде Потанин былай деп жазды: «В Омске Чокана окружали молодые офицеры, приближенные Гасфорта. Большинство их состояло из пустых людей, все это был народ отшлифованный. Чокан усвоил их внешность. Но он отлично понимал их внутреннее ничтожество, рассказывал много ядовитых анекдотов, обличавших их невежество и бессодержательность». Г.Н.Потанин Уәлихановтың офицерлер ортасымен байланысы тек қызмет аясында ғана екенін жазды.

Академик В.А.Обручев, Шоқанның қашанда өзінің жаңа ойларымен досымен бөлісіп, оның саяси ой-өрісін кеңейтуге тырысатынын байқайды. Мұны Г.Н.Потаниннің өзі де мойындаған: «Я ехал в Петербург уже с подготовкой к восприятию тех идей, которые должны были на меня нахлынуть в столице. Яуже встал на ту стезию, по которой пойду по всей своей жизни»-деп жазды.

Уәлихановтың Г.Н.Потанинге тигізген әсері туралы көп жазылды. В.А.Гордлевский, мысалы, Г.Н.Потанин кадет кор-

пұсында оқып жүргенде кездің өзінде Шоқан Уәлихановтың ықпалында болғанын ескерткен. Мұны И.И.Попов та растаған болатын. В.А.Обручевтің пікірінше, Г.Н.Потаниннің саяси кемелденуі тек Уәлихановтың ықпалының нәтижесі.

Дегенмен, Г.Н.Потанин, Шоқан Уәлиханов идеяларының негізгі мәнін С.Ф.Дуровпен кездескенше түсінбейді. Потанин былай деп жазады: «Чокан часто приезжал ко мне... пытался приучить меня критически относиться к прошлому царствованию, но я упорствовал, пока не познакомился с Дуровым. Чокан немало вечеров употребил и немало крови потратил на то, чтобы обратить меня в свою веру, а Дуров в один вечер совершил со мной метамарфозу». «Чокан однажды свез меня к петрашевицу Дурову, и тут я в первый раз узнал, что существует особая порода людей, которых в Сибири называют «политики», то есть политические ссыльные, отбывавшие сроки в Сибири». Г.Н.Потаниннің бұл естеліктерін оқи отырып, 1856 жылы Уәлихановтың өзіндік қалыптасқан саяси көзқарасы болғанын, Григорий Николаевичтің сөзімен айтқанда «өз сенімі» болғанын көреміз. С.Ф.Дуровпен болған әңгімеден кейін, Г.Н.Потанин Уәлихановтың шын пікірлесі болып, олардың достығы одан да берік бола түсті.

1895 ж. және 1913 ж. Г.Н.Потанин досының ізімен қазақ даласына сапарға шығады. Алғашқы сапарында ол Шоқанның туған елінде болып, оның туғандарымен кең байтақ Көкшетау округінде көшіп-қона жүріп, қазақ халқының ертегі, аңыз-әңгімелерін жазып алумен шұғылданады. Келесі сапарында ол Қарқаралы уезінде А.Ермековтың сыйлы қонағы болады. Бұл сапар туралы Г.Н.Потанин жазған очерктер мен хабарламалар басылымдарда жарық көрді.

Г.Н.Потанин, Мұса Шорманов және Е.К.Гутковский берген, Ш. Уәлихановтың қазақ халқының тарихына, этнографиясына, ауыз әдебиетіне арналған біраз материалдарын басып шығарды. Г.Н.Потанин 1883 жылы –ақ Орыс География қоғамының Батыс-Сібір бөліміне Ш.Ш. Уәлихановтың «Вооружение киргиз в древние времена» және «Следы шаманства у киргиз» атты екі еңбегін басып шығаруды ұсынған еді.

1916 жылы Г.Н.Потаниннің досы ұстаз А.Н.Белослюдов: «Чоканов с каждым годом больше и больше прибывает из степи в наши учебные заведения. Среди них столько искренних сердцем, способных быть друзьями человечества»– деп жазды.

С.Ф.Дуров, К.К.Гутковский, С.Я.Капустин, А.И.Цуриков, Н.М.Ядринцев, Ф.Н.Усов, И.И.Ибрагимовтер Шоқанның достары.

Шоқан жиі жалғызсырап, қамығып жүрді, Омбыдан кетіп, тек ғылыммен ғана шұғылданғысы келді. 1856 жылы 5 желтоқсанда Ф.М.Достоевскийге жазған хатында: «Омск так противен со своими сплетнями и вечными интригами, что я не на шутку думаю его оставить»–деп досына мұңын шағады. Уәлихановтың Петербургтегі қызығушылығы да осылай. Астанаға келген алғашқы уақытта ол біраз гусар офицерлерінің арасында болғанымен, аксүйектер өмірімен әуестігі тез тарқайды. Шоқан үшін прогресшіл орыс интеллигенциясының ортасы жақын да тартымды болатын.

Танымал орыс публицистерінің бірі Н.М.Ядринцев Шоқан туралы достық сезімге толы тамаша естеліктер қалдырды. Олар Омбы қаласында танысып, кейін Петербургте жиі кездесіп тұратын. Н.М.Ядринцев Шоқан туралы орыс және қазақ халықтарының арасындағы мәдени достық қарым-қатынас мәселелеріне байланысты, шығыс аймақтардағы ағартушылық, питшалық Ресейдегі артта қалған халықтардың әлеуметтік, экономикалық жағдайларын жақсарту мәселелеріне байланысты жазды. Шоқан туралы естеліктер мен пікірлері жазылған Ядринцевтің еңбектері мен публицистикалық мақалалары XIX ғасырдың 70-90-шы жылдарындағы мерзімдік басылымдарда («Камско-Волжская газета», «Порядок», «Неделя», «Отечественные записки», «Сибирский вестник», «Восточное обозрение», «Дело» және басқаларында) жарық көрген.

Шоқан туралы естеліктерінде Н.М.Ядринцев, оның таланты мен тапқырлығы туралы таңдана жазады: «Чокан был наблюдателен и остро слов, насмешка у него получила характер сатиры и гейневского юмора. Острил он зло, я



редко встречал человека с таким острым, как бритва, языком». Оның пікірінше, Шоқан «оказал большую услугу русской науке... внес неоценимый вклад в этнографию Средней Азии». Шоқан туралы Н.М.Ядринцевтің: «Чокан оставался любящим свой народ, свое племя. В его мечтах было совместить европейское просвещение и сохранить свою народность»-деген сөздері дәл айтылған. Н.М.Ядринцевтің сипаттауында, орыс революционер-демократтарының ықпалымен Уәлиханов бойында жалпы адамзаттық идеалдар қалыптасты және «бұл оның өмірінің негізі болды».

Шоқанның өмірден өткенін Н.М.Ядринцев Омбы түрмесінде қамауда отырып естиді. Сібірлік журналист Е.А.Милютиннің қолына түсіп, «Сибирский вестникте» жарық көрген, Шоқан туралы алғашқы естелігін ол осы түрмеде отырып жазады. Бұл естелікте Н.М.Ядринцев: «Чокан Уәлиханов ученый человек, постигший величие Запада, но в то же время любивший глубоко свой народ. В знак этой любви под конец жизни уходит в степь и одиноко умирает в своей юрте» -деп жазған. Барлық естеліктерінде Н.М.Ядринцевті мазалайтын бір ой, ол- Уәлихановтың жазбалары қайда? Қалай сақталды?

Г.Н.Потанин жазуында, Шоқанның қырғыздар туралы материалдары салынған үлкен портфель болған. Бірақ, оның қайда екені белгісіз... Біразы, әрине, Тезек төренің ауылында қалып құрыды. Шоқанның жоғалып кеткен қазақ жырлары туралы жазбалары солардың ішінде кеткен болуы керек.

Ф.Р.Остен-Сакеннің көрсетуінше, ауырып жатқан Ш.Уәлиханов, дұрыс сақтай алады, мүмкін, кейін басып та шығаратын шығар деген үмітпен өзінің барлық қолжазбаларын П.П.Семенов-Тянь-Шанскийге қалдырғысы келген.

Дегенмен, кейін анықталғандай, География қоғамына Шоқанның қолжазбаларының бір бөлігі ғана тапсырылған. Солардың ішінде: Қашғар күнделігі, «Записки о Восточном Туркестане», «Следы шаманства у киргиз», «Вооружение киргиз в древние времена и их военные дрессировки» тағы басқалары бар. Шоқан қолжазбалары мен кейбір

қағаздарының бір бөлігі К.К.Гутковскийдің қолында, оның Петербургтегі пәтерінде сақталған. 1920 жылы бұл материалдарды К.К.Гутковскийдің қызы КСРО ҒА архивіне өткізген (№ 23 қорда сақталған).

Ш.Ш.Уәлихановтың біраз еңбектері көзі тірісінде жарық көрген. Қазақ халқының тарихи жыр-аңыздары туралы еңбегін 1857 жылы, алғы сөзінде «сұлтан Уәлихановтың поручигінен алдым» деген сөзбен К.К.Гутковский басып шығарады. Үш жылдан соң «Очерки Джунгарии», «О состоянии Алтышара, или шести восточных городов китайской провинции Нан-Лу» атты екі еңбегі бірінен соң бірі жарық көрседі. «Очерки Джунгарии» атты еңбекте Жетісу өлкесі мен Іле Алатауының картасы, Ыстықкөл, Теріскей Алатау және оған шекаралас аудандардың рельефті карталары қоса берілген. Бұл еңбектер тез арада басқа тілдерге де аударылады. «Абылай» атты мақаласы және «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбектен алынып «Дикокаменная Орда» деген тақырыпта мақалалары басылды. П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің «Географиялық сөздігінде» Шоқанның «Киргиз-кайсаки», «Киргизы» атты мақалалары жарық көрді. Ал, «Отрывки из Кашгарского дневника», «Казахские народные обычаи», «Похороны и поминки по усопшим», «О кочевках киргиз», «Казахские зимовья» атты еңбектері қайтыс болғаннан кейін басылып шықты.

1867 ж. Географиялық қоғам Кеңесі Ш.Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағын басып шығаруға қаулы қабылдайды. Баспа мәселесі К.К.Гутковскийге жүктеліп, ал, редакциялауды П.П.Семенов-Тянь-Шанский өз мойнына алады. Бірақ, К.К.Гутковскийдің кенеттен қайтыс болуына байланысты, тек Қашғар күнделігінен үзінділер ғана басылып шықты.

1887 ж. География қоғамында Г.Н.Потанин Ш.Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағын басып шығару мәселесін қайта көтереді. Ол генерал-губернатор Г.А.Колпаковскийге осы мәселеге байланысты қаражат бөлуін сұрап хат жазады. Шығыс терминологиясына бай Уәлихановтың қолжазбаларын тамаша түсінетін Н.И.Веселовскийге Ш.Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағын редакция-

лау, ал, Ш.Уәлихановтың қолжазбаларын реттеп, ғылым еңбектерінің тізімін дайындау Г.Н.Потанинге тапсырылады. Г.А.Колпаковский Григорий Николаевичке Шоқанның өзіне жазған барлық хаттары мен «Записка о судебной реформе» атты еңбегінің қолжазбасын жібереді.

1898 ж. Н.И.Веселовский Географиялық қоғамда сөйлеген сөзінде, Шоқанның барлық қолжазбаларын алғанын және оларды басып шығару үшін дайындау жұмыстарына қуана кірісетінін хабарлайды. Г.Н.Потанинен Шоқанның өмірбаянын дайындап, тиражын анықтап, басып шығаруға қажетті қаржы табуын өтінеді. 1902 ж. Н.И.Веселовский Археологиялық қоғамның отырысында Ш.Ш.Уәлихановтың еңбектерін басып шығаруға дайындау барысы туралы мәлімдеме жасайды.

1904 ж. Н.И.Веселовскийдің редакциялауымен Ш.Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағының бірінші кітабы жарық көреді. Бұл жинаққа Ш.Ш.Уәлиханов еңбектерінің бір бөлігі ғана енген болатын.

Ш.Ш.Уәлиханов-Жетісу өңірі, Ыстықкөл су алабын, Тянь-Шань, Шығыс Түркістанды зерттеушілердің алқашқыларының бірі. Оның зерттеулері көптеген орыс және батысеуропалық ғалымдардың назарын аударды. Уәлихановтың еңбектеріне түрлі ғылым саласы мамандары, мысалы, географтар А.Ф.Голубев, М.И.Венюков, Н.А.Северцев, Л.Ф.Костенко, геологтар И.В.Мушкетов, Г.Д.Романовский, Г.Д.Иванов, ботаниктер Ф.Р.Остен-Сакен, А.Е.Регель, Н.В.Сорокин, зоологтар, тарихшылар, этнографтар, т.б. қызығушылық танытты.

Шоқанмен жақсы таныс болған М.И.Венюков: «в познании Небесных гор главным руководящим принципом были для меня труды Риттера и наших новейших исследователей Семенова, Валиханова и Голубева»-деп жазды.

Ол Ш.Уәлиханов еңбектерінің, әсіресе, оған дейін адам аяғын аттап баспаған Тянь-Шань орографиясына қатысты еңбектерінің маңызын ерекше атап көрсетті. Өзінің «Материалы для полного обозрения русских границ в Азии» атты еңбегінде М.И.Венюков Ш.Уәлихановтың «Очерки Джунга-

рии», «О состоянии Алтышара», отрывки из «Кашгарского дневника» секілді еңбектерінде берілген деректерді пайдаланды. М.И.Венюков еңбектерінің бірінде былай деп жазады: «Действительно научные исследования Тяньшанской горной страны принадлежат Захарову, Валиханову и Голубеву... Первый из них дал в 1858 г. весьма обстоятельную подробную карту всего Тянь-Шаня и соседних ему стран по Китайским источникам нового времени. Второй в 1858-1859 гг. дважды пересек все Тяньшанское нагорье между Иссык-кулем и Кашгаром, следуя мимо оз. Чатыр-Куль, дал описание пройденной местности».

Ш.Уәлихановтың еңбектерін Орта Азияның географиясы мен геологиясын зерттеушілердің бірі И.В.Мушкетов жоғары бағалады. И.В.Мушкетов: «Валиханов не успел издать всех результатов своего путешествия; он напечатал только несколько статей, которые, впрочем, имеют важный научный интерес и обличают широкое образование, редкую наблюдательность в авторе... Он прекрасно знал туземные языки и мог собрать от туземцев самые разнообразные и полные сведения, поэтому несомненно, что результаты его были бы весьма плодотворны, если бы он не умер в молодости»-деп жазды.

Ботаник Н.В.Сорокин Тянь-Шань таулы аймағына жасалған зерттеулерге шолуында, П.П.Семенов-Тяньшанскийдің алғашқы зерттеуші екенін көрсете отырып былай дейді: «за ним следовал целый ряд путешественников, с опасностью для жизни стремящихся вглубь долин небесных гор. Таковы Валиханов, Голубев, Венюков, Полторацкий и Остен-Сакен».

Ш.Уәлихановпен генерал Черняевтің экспедициясында бірге жұмыс жасаған кезден жақсы білетін академик Н.А.Северцев те жақсы көзқараста болды. Алатау қырғыздарының тұрмысын зерттеген Н.А.Северцев: «В эту неделю я впервые ознакомился с каракиргизами родов султу и сарыбагыш. Они мне касались менее грязны, чем их описывают Венюков и Валиханов, к описанию которых мне, плохому этнографу, прибавить, впрочем, ничего не приходится,

разве то, что парадные выезды их манапов (родоправителей) делаются с музыкой, флейтами» - дейді.

Танымал тобылдық суретші М.С.Знаменский де Шоканмен достық қатынаста болды. Олар генерал Черняевтің экспедициясында (1864–1865) 1864 ж. жаз бойы № 9 батальонда бірге жұмыс жасады. Жоғарыда отырған басшылар, батальон бастығын оған сеніп тапсырылған отрядта әскери инженер капитан Криштановский, штабс-ротмистр сұлтан Уәлиханов, поручик Уәлиханов, подпоручик Безносос, суретші Знаменскийлердің болатыны туралы ескерткен болатын. Поручик Сұлтанғазы Уәлихановтың адъютанты ретінде Жаяу-Мұса да осы батальонда болды. М.С.Знаменскийдің суреттерінен, әсіресе карикатураларынан Уәлихановтың ықпалы байқалады.

Суреттер кейін біріктіріліп, «Зарисовки художника Знаменского» деген атпен альбом болып шықты (1865). Бұл альбом Каз КСР-нің Орталық музейінде сақтаулы. Суретшінің тағы бір альбомы Эрмитажда.

М.С.Знаменскийдің Қазақстандағы альбомы 34 парақтан тұрады. «Степь 1864 ж.» деп аталатын бөлімінде Қазақстанның және Қырғызстанның архитектуралық ескерткіштерінің: Бұран мұнараларының, Токмак, Мерке бекіністерінің, Талас Алатауы етегіндегі пирамидалардың, көне Тас-Ақыр ғибадатханасының, Қарахан мавзолейінің т.б. суреттері. Сурет салу нысанасын таңдауда, жеке бөліктеріне көңіл аудару салу мәселелерінде суретшінің Ш. Уәлихановтың ақыл, кеңесіне тоқталғаны байқалады.

Знаменский 1864 ж. 13 мамыр күні күнделігінде былай деп жазады: «Сегодня байга, устроенная администрацией. Но об этом роде увеселения я имел уже понятие, и потому предпочел поехать с Чоканом Валихановым на башню, высоко поднимающуюся на горизонте. Вместе с ним хотел поехать еще какой-то князь. Но князь спал.» Сколко раз посылал?.. Вы не сказываєте? Поди разбуди...», - говорит Чокан Валиханов, с которым мы решили добратсья сегодня до башни. Извините, будите сами, я не могу. Как я буду будить, ведь он благородный. Да разве благородных не будят?»

Знаменский Бұран мұнарасымен байланысты мына бір аңызды жазып алған. «Ерте заманда бұл жерде қала болып, сол қалада бір манап тұрады. Манаптың кішкене ғана қызы бар екен. Ол білгіштерден қызының болашағын сұрайды. Олар қызын қарақұрт шағып, содан өледі дейді. Манап биік мұнара салғыздырады да қызы сол мұнараның биік басында тұрады. Тек мұнараның көмегі болмайды. Бірде қызға жеміс-жидек әкелгенде, оның ішінде қарақұрт барын байқамай қалады. Сөйтіп, қарақұрт шағып, қыз өледі».

Шоканның Қашғар күнделіктерінің жиынтық мәтінін ботаник-ғалым Ф.Р.Остен-Сакен П.П.Семенов-Тян-Шанский бірігіп жариялаған. Оның алғы сөзінде Ф.Р.Остен-Сакен былай деп жазады: «в ближайшее время можно ожидать появления описания прошлогодней рекогносцировки в Запарыньском крае на озере Чатыр-Куль и под Кашгаром, предпринятой полковником Полторацким. Так как Валиханову принадлежит честь быть первым..., посетившим эти страны, то долг справедливости требует, чтобы рукопись его о совершенной им поездке появилась в печати раньше описаний позднейших исследований». Осы сөздерден оның еңбектеріне деген ықыласты көзқарас және досы әрі ірі ғалымды есте сақтау тілегі көрінеді.

Петербургте Ш. Уәлиханов, Волганың төменгі сағасында тұратын халықтардың, Қазақстанның және Орта Азия халықтарының тарихы, этнографиясы және сауда қарым-қатынастарын зерттеумен айналысып жүрген, Ерікті-экономикалық және Географиялық қоғамдардың мүшесі П.И.Небольсинмен танысады. Уәлихановпен жақынырақ танысқан ол: «В Петербурге у нас киргизы – редкость: едва ли и пять человек их здесь наберется. Они ходят в общеевропейской форменной военной одежде и, за исключением лишь одного человека, ничем особенным не заявляют о своем существовании. Этот один – еще очень молодой кавалерийский офицер, султан по происхождению Чокан Чингисович Валиханов. Он из сибирских киргизов совершил ученое путешествие в Кашгар и нынешней зимой прочел на одном из заседаний Географического общества извлечение из отче-

та, полное эрудиции самостоятельной и взглядов истинно гуманных» – деп жазды.

Орынбор казактарының облыстық басқармасында жұмыс істеген Л.Н.Плотников Шоқан Уәлихановпен өзінің Петербургтегі кездесуі туралы: «С Уәлихановым я лично познакомился в Петербурге и провел несколько самых приятных вечеров, под мерку его способностей и знаний не только не придутся они (Мухаммед-Галий Таукин и Бабаджанов), но, пожалуй, и мы с Небольсиным. Чокан Чингисович покуда единственный феномен между киргизами. И в наших Оренбургских степях, может быть, долго еще ждать такого явления» – деп жазды. Бас штабтың Д.И.Романовский, А.И.Макшеев, А.К.Гейнс, Н.Г.Залесов секілді демократиялық бағыттағы офицерлерімен де Шоқан достық байланыста болды.

Петербургте болған кезінде Шоқан Уәлиханов пен Д.И.Романовский Бас штабтың Ғылыми комитетінде жұмыс істеп, Орта Азияның саяси тарихына байланысты мәселелермен айналысады. «Русский инвалид» басылымының редакторы Д.И.Романовский Шоқанның бірнеше анонимді мақаласын басып шығарады. Шоқан К.К.Гутковскийге жазған хатында: «Я писал статью в «Русский инвалид» ... по приглашению самого редактора, моего друга Романовского» – деп хабарлайды. Шоқан өзінің мақалаларын Романовскийдің өз атынан шығаруын сұрайды.

Шоқанның Батыс-Сібір әкімшілігін сынап жазған мақаласы Д.И.Романовскийдің атынан басылып шығады. Өзінің жекелеген мақалаларын Д.И.Романовский Шоқанның инициалдарын қойып шығарып отырды. Шоқан кейбір қолжазбаларын және шығыс манускриптілерін Д.И.Романовскийге сақтауға берген. Өкініштісі, осы күнге дейін Д.И.Романовскийдің архивінің қайда сақталғаны беймәлім.

Дегенмен, Уәлихановқа бәрі бірдей таңдана қарамағанын айту керек. Ресей ориенталистері зор сүйінішпен қабылдаған Ш.Уәлихановтың Қашғар саяхаты туралы есебі Бабков пен оның жақтастарын қанағаттандырмады. Бабков: «слабость

и неподготовленность Уәлиханова отразились и на составлении отчета и его путешествии, который, по ходившим в то время в Омске слухам, составлялся по случаю болезни Уәлиханова по его показаниям Гутковским под редакцией Гасфорта. В этой записке географическо-статический отдел, по-видимому, должен бы составлять существенную часть ее, значительно ослаблялся изложением излишних подробностей политического характера, частью уже известных из других сочинений» – деп жазған. Бабков «Уәлихановтың тегі қырғыз болғанымен, дәл осы ғылыми іс-сапарға өте лайықты адам» екенін жақсы түсінді, дегенмен, сол кезеңдегі офицерліктің кертартпа өкілдерінің бірі – оның жасаған шағымы, орыстың аса көрнекті ғалымдары – П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцевтердің жоғары бағасының жағдайында тіпті үйлеспейтін жай болды.

Архив деректеріне қарағанда, өзінің жоғары обер-квартирмейстер дәрежесін пайдалана отырып Бабков, Ш.Ш.Уәлиханов пен А.Ф.Голубевтің қолжазбаларын өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін, әдейі басқа біреулерге берген. 1859 ж. 17 шілдеде М.И.Венюковке жазған хатында: «Препровождая при сем к Вашему благородию сведения о дикокаменных киргизах, честь имею покорнейше просить Ваше благородие пополнить их, по возможности, на месте. Прошу Вас проверить посредством расспросов, если нельзя иначе исполнить. Ваши замечания против каждой статьи отдельно. Обер-квартирмейстер Бабков» – деп жазған. Басқа біреудің қолжазбасына бұлай қарау Ш.Уәлиханов пен А.Ф.Голубевтің ызасын келтіріп, ақыры Голубев пен Венюковтің достығына нұсқан келтірді. Уәлиханов пен Венюковтің де арасы суыды.

Бабков Омбы қаласына келгенге дейін, Уәлиханов пен Венюков үлкен сыйластықта болатын. Офицер М.И.Венюков Шоқанмен бірнеше рет кеңесіп, өзі зерттеп жүрген Іле-Алатауы туралы маңызды мәліметтер алған еді. Венюков Сібір штабының бастығы генерал Гинтовқа жазған хатында: «Имею честь почтительнейше донести Вашему Превосходительству, что... прибыл в укрепление Верное для полу-

чения некоторых сведений от поручика Валиханова» – деп көрсетеді. Уәлихановтың қолжазбасынан мәліметтер алып пайдаланып, Петербургке отчетті Уәлихановтан бұрын жіберу фактісі Веноковтің арамзалық, жымқырма әрекеттерін дәлелдейді. Осы мәселе айғақталғанда Веноков өтірік айтудан да тартынбайды: «Я ничего не заимствовал из описания Алтышара покойного Валиханова, который, как известно, ... карту к отчету своему не представил, из города Кашгара по окрестностям вовсе не ездил».

«Сібір кадет корпусында білім алған Шыңғыстың ұлы Шоқан Уәлиханов, өзінің тамаша дарынымен ерекшеленетін» – деп Гейнс ризашылықпен сүйсіне жазды. Сенатор Е.П.Ковалевский, Шоқанның Қашғарға жасаған ғылыми сапары және дайындалған осы ғылыми іссапар туралы есебіне қарап, оны «данышпан жігіт» деп атауға болатынын айтты. Әрине, мұндай сөздер және оны Петербургте Ұлы ағзамға таныстырып, дәрежесін көтеру, Сібір басшылығына ұнамады. Осы оқиғадан кейін Шоқанға тиісу, тіл тигізулер көбейіп, Гейнстің сөзімен айтсақ «оны табытқа салды».

Гейнс, өзінің «Киргизские очерки» және «Записки о восстании дунган в западном Китае» атты еңбектерін дайындау барысында, Шоқанның қолжазбаларымен танысып, еңбектеріндегі негізгі түйіндерді Шоқанның теориялық қағидалары негізінде, сілтеме жасай отырып көрсетеді.

Петербургке келгеннен соң, Шоқан Бас штабтың ғылыми комитетінің тапсыруымен Орта Азияның картасын дайындаумен шұғылданғаны белгілі. Бұл жөнінде штаб бастығы барон В.К.Ливен Гасфордқа былай деп жазады: «Милостливый государь Густав Христианович, по приказанию военного министра ныне с содействием прибывшего в Петербург штабс-ротмистра Валиханова составляется карта малой Бухарии и долины озера Иссык-Куль». «Так как для этого дела были бы весьма важны все новейшие сведения, собранные лицами, командированными от нашего правительства, то позвольте просить Ваше высокопревосходительство не отказать в высылке в департамент Генерального штаба следующие карты:

1. Распросную карту путей, ведущих в Кашгар, составленную топографом Нифантьевым.

2. Карту Кокандского ханства.

3. Карты, взятые из Военно-топографического депо Генерального штаба капитаном Веноковым».

Осы мақсатта Шоқан, Бас штабтың Топографиялық депосында және Ғылым комитетінің архивінде сақталған орта ғасырлық және кейін жасалған жана көптеген карталарды зерделеп шықты. Ақырында Ш.Ш.Уәлиханов дайындаған материалдар негізінде «Карта Киргизской степи», «Карта Семиреченского и Заилийского края, оз. Иссык-Куль и Тянь-Шаня», «Карта пространства, заключающего р. Чу и Сыр-Дарью», «Карта Средней Азии» секілді бірнеше карта дайындалып, басылып шықты. Профессор В.Г.Григорьевтің талап етуімен «Орта Азияның картасын» көрнекі құрал ретінде Петербург университетінің Шығыстану факультеті сатып алды. Себебі, Григорьевтің жазуы бойынша – картадағы белгіленген қалалардың топографиясына қатысты еллі мекендердің, жолдардың, жайылымдар, суару каналдары, т.б көптеген ұсақ-түйек дүниелердің бәрі терең білім негізінде құрастырылған.

Ш.Уәлиханов 1850 жылға дейін басылған Орта Азия мен Сібірдің карталарына, атап айтсақ, 1848 ж. Әскери-топографиялық депо шығарған Батыс Сібірдің картасына біраз түзетулер енгізді. Картада Тарбағатайдың шыңдарының бірі «Қоңқай бас» деп аталған. Ал, бұл шыңды кейін бірде бір саяхатшы тапқан емес. «Мы этого названия ни от кого не слышали, по объяснению Валиханова это не есть географическое название, а неопределенное обозначение начала данного хребта» - деп жазды Струве.

Ш.Уәлихановтың карта құрастырумен айналысқаны туралы тек полковник В.А.Полторацкий және А.А.Ильин «Карта Киргизской степи»-дің түсіндірме мақаласында: «Относительно пунктов, сопредельных с Кашгаром, Самаркандом и Кокандом, по необходимости пришлось довольствоваться старыми незуитскими показаниями, отчасти сверенными с другими данными покойным Валихановым» - деп жанамағайғана көрсетеді.

Ш.Уәлиханов И.Менделеев, А.Н.Бекетов, С.Я.Капустин, Е.П.Ковалевский, ақындар А.Н.Майков, Я.П.Полонский, ағайынды В.С. және Н.С. Курочкиндармен, сыншы-публицист Н.Страхов тағы басқалармен таныс, дос болған. А.Н.Майков «Из антологий Востока», «Странник», «В степях», «Альпийские ледники» атты өлеңдерін Ш.Уәлихановпен болған әңгімелердің әсерімен жазған. Батырдың елге оралуы туралы байырғы казак аңызының поэтикалық сюжеті «Ешман» атты өлеңде беріледі. Н.Курочкиннің поэзиясынан да Ш.Уәлиханов әңгімелерінің елесі байқалады.

Шоканның ең жақын достарының бірі – С.Я.Капустин. Олардың достығы Омбыда басталған болатын. Қазан университетінің заң факультетін бітірген С.Я.Капустин біраз уақыт Сібір қырғыздарының облыстық басқармасында

Шоканмен бірге жұмыс істеген. XIX ғ. 60-шы жылдары Петербургке келіп, ол Сібір және Орталық Россиядағы жер үшін құрылған қауымдастықтардың мәселесімен және шаруалардың тұрмысын зерттеді. Ол Н.М.Ядринцевтің алғаш рет екі түрлі – көпестік және еңбекші Ресей туралы «Сибирь как колония» атты кітабына тамаша рецензия жазды. С.Я.Капустин өзінің біраз мақалаларын Шоқан Уәлихановтың инициалдарымен басып шығарды. 80-ші жылдардың басында С.Я.Капустин Ш.Уәлиханов туралы естеліктерін жаза бастады. Оның аяқталмай қалған бұл жұмыстары профессор В.В.Григорьевтің архивінде сақтаулы.

Уәлихановтың қызметін қызығушылықпен бақылаған Н.Г.Чернышевскийдің жақын досы, әрі пікірлесі әдебиетші А.Н.Пыпин, Шоқан қайтыс болғаннан кейін А.Н.Пыпин Г.Н.Потанинмен хат алмасып, сол хаттар мен қысқа жазбалардың мәтіні негізінде, Шоканның Қашғар саяхаты деректеріне көбірек сүйене отырып, оның қысқаша өмірбаянын жазады. Пыпиннің жазуында: «Любопытное явление составляет Чокан Валиханов – оригинальное соединение азиатского и европейского. По рождению Валиханов принадлежал к киргизской аристократии, «белой кости», считающей себя потомками Чингисхана». Уәлихановтың генерал Черняевтің әскери экспедициясына қатысына тоқтай отырып, А.Н.Пыпин: «әскери көріністерге шыдай алмай

және генерал Черняевтің әрекеттерін құптамаған Шоқан, жорықтан бас тартып, Верныйға қайтып оралды»-деп жазды.

«Колокол» басылымында жарияланған деректерге карағанда, оның жарық көрген мақалаларына үлкен қызығушылық танытқан А.И.Герцен Шоканды жақсы білген деп қорытынды жасауға болады. Петербургте болған жылдары (1860–1861жж.) өзіне берген Ш.Уәлиханов пен Г.Н.Потаниннің «Письма из казахских степей» атты мақаласын А.И.Герцен «Колокол»-да басып шығарды. Шоқан Уәлихановтың мақаласына сүйене отырып, казак даласында қорғансыз халықты ашықтан ашық тонап, шеуніктер жасап отырған заңсыздықтарға наразы болған А.И.Герцен: «Валиханов очень комично и совершенно верно изобразил все это в печатной работе»-деп көрсетті.

Танымал шығыстанушы ғалымдар: академик В.В.Вельяминов-Зернов, И.Н.Березин, П.И.Лерх, В.В.Григорьев, А.К.Казембек, синологтар В.П.Васильев және И.И.Захаров және басқалар Ш. Уәлихановпен достық қарым-қатынаста болды. Шығыс қолжазбаларының белгілі палеографы Хусайн Фаизханов та Ш. Уәлихановтың аяулы досы. Х. Фаизхановтың хаттары Уәлихановтың қолжазба қорында ерекше орын алады. Шоканның хаттарымен бірнеше қолжазбалары И.Н.Березиннің, В.В.Вельяминов-Зерновтің, В.В.Григорьевтің, П.И.Лерхтің, Н.И.Веселовскийлердің архивінде сақталған.

Орыс түркітанушыларының ақсакалы, профессор И.Н.Березин Ш.Уәлиханов еңбектеріне ерекше мән бере қарады. Петербург университетінің Шығыстану факультетінде оқыған дәрістерінің ол Омбыдан Н.Ф.Костылецкий арқылы Шоканнан алған деректерге сілтеме жасап отырды. Профессор И.Н.Березинмен Шоқан арасындағы шығармашылық байланыс, Шоқан кадет корпусының жоғары класында оқы жүрген кезінде, 1851 жылдан басталған. Хан жарлықтарымен жұмыс барысында И.Н.Березин өзіне түсініксіз кейбір көне сөздердің мағынасын түсіну үшін Н.Ф.Костылецкийден көмек сұраған. Бірақ, Н.Ф.Костылецкий бұл істің қолынан келмейтінін айтып, ұсынысты қабыл ал-

майды да И.Н.Березинге мәселені шешуде өзінің оқушысы Ш.Уәлихановтан көмек сұрауға кеңес береді. Көне қыпшақ мәтіндерін көп оқығандықтан, екінші жағынан ескірген терминдерді жақсы түсінетін ақсақалдар көмегімен Шоқан бұл тапсырманы орындап, И.Н.Березинге түсініктеме жазылған терминдердің тізімін салып жібереді. Осы оқиғадан кейін Березин Шоқан туралы тек мақтау сөздер айтатын.

И.Н.Березиннің Шоқан туралы пікірлері оның сөздігінде, кейбіреулері «Инструкции кандидату Катанову» мақаласында басылып шықты. Бұл мақалада И.Н.Березин: «Наш ориенталист отправляется в такие местности, где тюркское население довольно многочисленно, и притом живет здесь давно. Прежде всего, следует обратить внимание на уйгурское наречие и продолжить изыскания, начатые Валихановым... По мнению Валиханова, уйгурское наречие распространено в Кашгаре». И.Н.Березин Шоқан жазбалары бойынша қазақ фольклоры үлгілерін, атап айтқанда, қазақ мақал-мәтелдерін, «Едіге», «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жырларынан үзінділер басып шығарған.

Поволжья аймағы, Орал өңірі, Қазақстан және Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуші, ірі орыс шығыстанушыларының бірі – В.В.Вельяминов-Зернов Ш.Уәлихановтың ғылыми жетістіктеріне асқан қызығушылық танытты. Жас кезінде В.В.Вельяминов-Зернов Орынборда жұмыс істеп, қазақтар мен башқұрттардың тілі мен тұрмысын зерттеумен айналысады. Ол Алтын Ордаға кіретін Қырым, Қазан, Астрахань және Қазақ хандықтарының тарихын жақсы білетін. В.В.Вельяминов-Зернов өз еңбектерінде Ш.Уәлиханов есімін жиі келтіре отырып, оның еңбектеріне сілтеме жасайды. В.В.Вельяминов-Зерновтің кезінде Ш.Уәлихановтың Шығыс Түркістан мен Жетісу өңірінің ортағасырлық қалаларының қираған жұртынан (Алмалық, Қойлық, Талғар) жинаған шағатай, хиуа, коканд тенгелерінің коллекциясын француз тіліне аудару мәселесін өз қолына алуы ерекше көңіл аударды.

Ш.Ш.Уәлиханов еңбектеріне аса зор қызығушылық танытқан –Петербург университетінің профессоры, тарих-

шы-шығыстанушы ғалым В.В.Григорьев. Риттердің «Землеведение Азии» топтамасына енген В.В.Григорьевтің «Историко-географический обзор Восточного Туркестана» атты көлемді еңбегіндегі көрсетілген ғылыми мәліметтердің негізгі дереккөзі – Ш.Уәлихановтың зерттеу материалдары болатын. Орта Азия көшпенділерінің тарихын зерттеуде, әсіресе, қазақ руларының шығу тарихына байланысты В.В.Григорьев Ш.Уәлихановтың көптеген теориялық қағидаларын пайдаланды. Ш.Уәлиханов материалдарын пайдалана отырып, В.В.Григорьев, Құлжа қаласының пайда болуына қатысты Шоқанның трактовкаларына түзетулер енгізбекші болды. Ш.Уәлиханов жазуында Құлжа қаласы оны қытайлықтар жаулап алғанға дейін болған. Бірақ, В.В.Григорьев қаланың пайда болуын қытай ықпалы кезеңімен байланыстырғысы келді. Ондай жағдайда, Құлжа қаласының тұрғылықты халықтармен, олардың мәдениетімен байланысты тарихы өшіріліп тасталған болар еді.

В.В.Григорьевтің «Ш.Уәлиханов ортағасырдың соңғы кезеңінде Шығыс Түркістанның саяси және мәдени орталығы болған Жаркент қаласының тарихи маңызын көрсетпеді» – деген ескертпесі шындыққа жанаспайды. Григорьевтің пікірінше, Шоқан Алтышардың саяси орталығы Жаркент емес Қашғар қаласы деп есептегендей көрінеді. Дегенмен, Ш.Уәлиханов еңбектерінде мұндай пікір жоқ. Керісінше, Шоқан XVI–XVII ғғ. бүкіл Қашғарияның орталық қаласы Жаркент болғанын баса көрсетеді. Шоқан: «Яркенд – один из первоклассных городов Восточного Туркестана, резиденция ходжиев и местопребывания Хебе-амбана. Он считается первым торговым городом» – деп жазды. Тағы бірде: «Түркістан қалаларының ішіндегі ең үлкені Жаркент. Ол хандардың, кейіннен ходжалардың бұрынғы резиденциясы» екенін көрсетеді. Сонымен қатар, Уәлиханов ел тарихында өзіндік рөл атқарған Қашғар қаласының да саяси және мәдени маңызын жоққа шығармайды. Қараханидтер дәуірінде (IX–XII ғғ.) Орта Азияда феодализмнің қарқынды дамуы кезеңінде Қашғар қаласының шешуші маңызы болды. XVI – XVIII ғғ. бойы мемлекет-қала Жаркентпен бәсекелесе

отырып, Қашғар ортағасырдың соңғы кезеңінде де өзінің маңызын жоғалтқысы келмеді.

В.В.Григорьев Шоканның жақын досы еді. Әкесіне жолдаған хатында Шокан: «Петербургте Орысбор қазақтары аймағының әскери губернаторы В.В.Григорьевпен жақын таныстым»-деп жазды. В.В.Григорьев Шоканның Петербургтегі пәтеріне жиі келетін, әрі Уәлиханов Білім министрі граф Д.А.Толстоймен осы В.В.Григорьев арқылы танысқан болатын. Шокан дүниеден озған соң оның қолжазбалары, автографы – «Едіге» жыры, сот реформасы туралы, елдегі мұсылмандық мәселесіне байланысты қолжазбаларының алғашқы түрі осы В.В.Григорьевтің архивінде болды. Өкінішке орай, Шоканның В.В.Григорьевтің архивіндегі бұл материалдар «Материалы, служившие Григорьеву основой для написания о киргизах» деген атпен біріктірілген. Бұл деректерде Ш.Уәлихановтың есімі көрсетілмеген. Веселовскийдің архивіндегі Ш.Уәлихановтың қолжазбалары да дәл осындай жағдайда. Біз Уәлихановтың қолжазбаларын зерттей бастаған кезден бастап қана архивтің ғылыми қызметкерлері Уәлихановтың қолжазбаларын В.В.Григорьевтің архивінен бөрудің қажеттігін өздеріне мақсат етіп қойды.

Шокан туралы және оның еңбектері жайлы қызықты пікірлер жазып қалдырған Орта Азия халықтарының тарихын зерттеушілердің бірі Н.А.Аристов. Н.А.Аристовке, басқа да шығыстанушылар секілді, қазақ, қырғыз халықтарының ежелгі тарихына байланысты түбегейлі сұрақтардың шешімін табуда, Ш.Уәлиханов еңбектері көмектесті.

«Полковник Хоментовскийдің экспедициясында болғанда Уәлиханов тау қырғыздары туралы қысқа дерек жазған. Бұл деректі, тегінде Омбы архивтерінен іздеу керек»-деп жазды Аристов. Бұл жұмыстың алғашқы қолжазбасы КСРО ҒА архивінен (қ.23, т.1, 6-іс.) табылып, Шығармалар жинағының 1-ші томында басылды. Ыстықкөлге саяхат кезінде Ш.Уәлиханов қырғыз халқының тарихы және этнографиясы туралы жазылған көлемді күнделік жазған. Бұл материалдар тек Н.А.Аристовқа ғана емес, сонымен қатар академик В.В.Бартольд және Шоканның алғашқы шығармалар

жинағын дайындаған профессор Н.И.Веселовский үшін де беймәлім болатын. Аталған еңбектер тек 1956 және 1961 жылдары жарық көрді.

Н.А.Аристов Ш.Уәлихановтың бұған дейін ғылымға белгісіз болып келген саяқ, шырық және шоңбағыштар секілді Нарын өзенінің төменгі ағысын, Орталық Тянь-Шань аңғарларын, және Қашғариямен шекаралас аймақтарды мекен еткен қырғыз тайпаларына арналған зерттеулерін жоғары бағалады. Шоканның қырғыздың «Манас» жыры туралы жазбаларын ерекше атап, оның Таш-рабат керуен-сарайын тапқан Атбаш және Арпа аңғарлары туралы жұмыстарын ыждахаттылықпен зерттеді. «Таш-рабатты ең алғаш суреттеп баяндаған Шокан Уәлиханов»-деп жазды Н.А.Аристов.

Архивтерден Уәлиханов туралы жазылған көптеген хаттар табылды. П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің, Г.Н.Потаниннің, Н.М.Ядринцевтің, Ф.М.Достоевскийдің, Врангелдің хаттары Шоканның ғылыми жетістіктері, оның таланты мен адамгершілік қасиеттеріне деген таңданысқа толы.

П.П.Семенов-Тянь-Шанский Шоканның некрологында былай деп жазады: «В глуши киргизских степей, на границе России с Китаем, погиб еще в цвете лет даровитый киргизский султан Чокан Валиханов. Смерть унесла одного из самых просвещенных людей из национальных окраин».

Бас штабтың офицері, Қазақстанның экономикалық және әкімшілік аймағын қайта құру Далалық комиссияның мүшесі Александр Константинович Гейнс те Шокан туралы естелік жазып қалдырды. Табылған хаттарға қарағанда Гейнс Шоканның жақын досы болған. Гейнс Н.Г.Чернышевскийдің революциялық-демократиялық идеяларының ықпалында болған, өте білімді адам. Чернышевский қамауға алынғаннан кейін «Чернышевцы» атты Петербург жасырын үйірмесінің белсенді мүшесі болды. Далалық комиссияның мүшесі ретінде Қазақстан аумағын көп аралаған. 1865–1867 жж. ол Шокан өткен жолдармен жүріп өтті. Шоканның туыстарымен, достарымен кездесіп, әңгімелесті. Қазақстанға сапары кезінде ол үнемі күнделік жазып отырған. Бұл жазбалар кейін ол қайтыс болған соң үш том болып басылып шықты. Гейнс: «...



в самом деле, потерю Валиханова приходится чрезвычайно сожалеть. Когда он шел в гору, казахи посылали своих детей в школы и корпуса, видя причину его возвышения в его образовании. Когда сибирское мудрое начальство не утвердило его старшим султаном Атбасарского округа, как того желал народ, и стало жать его – казахи стали забирать своих детей из корпуса. В Сырымбете у отца Чокана я видел трех кадет из казахов, которых родители не пускали в корпус. Указывая на чахотку и испытания, выдержанные Чоканом» – деп жазды.

Ш.Ш.Уәлиханов шығармаларын алғаш басып шығарушы және редакторы, ірі орыс шығыстанушыларының бірі – Н.И.Веселовский Петербург университетінің Шығыстану факультетінде оқыған дәрістерінде: «Относительно Восточного Туркестана наши сведения в нынешнем столетии собирались большею частью со стороны Сибири. Самым замечательным описанием этой области является труд киргизского султана Валиханова. В канун пятидесятих годов ему удалось проникнуть в Восточный Туркестан... Он составил описание Джунгарии и Алтышара... под именем которого был известен Восточный Туркестан» – деп атап көрсетті.

1887 ж. Г.Н.Потанин оған Ш.Ш.Уәлихановтың таңдаулы шығармаларын редакциялауды және басып шығаруы ұсынады.

1902 жылы наурызда, Ш.Ш.Уәлиханов шығармаларын редакциялап үлгерген Н.И.Веселовский, Орыс археология қоғамының Шығыс бөлімінің отырысында сөз сөйлеп, Шоқан Уәлиханов жазып алған және жартылай аударған «Манас» жырының мазмұнымен таныстырады. «Перевод этого отрывка – не получивший надлежащей редакции Валиханова и не доведенный до конца, был найден без киргизского текста в черновых бумагах К.К.Гутковского, находившегося в большой дружбе с Чоканом Валихановым» – дейді. Осы отырыста Н.И.Веселовский, қатысушыларды таң-тамаша қалдырған, Ш.Уәлиханов аудармасынан үзінді оқып береді. «До какой степени силы и образности Валиханов умел передать по-русски сжатую киргизскую речь» – деп отырған ғалымдар шынында қатты сүйсіне тыңлайды.

Н.И.Веселовскийдің айтуынша, Уәлихановтың ізденулері соншалықты қажет болғандықтан Орыс География қоғамының Кеңесі өзінің 24 сәуірде өткен отырысында Ш.Ш.Уәлихановтың артында қалған барлық қолжазбаларын басып шығару туралы Қаулы қабылдайды. Ш.Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағының алғы сөзінде Шоқан туралы Н.И.Веселовский былай деп жазды: «Как блестящий метеор промелькнул над нивой востоковедения потомок киргизских ханов и в то же время офицер русской армии – Шоқан Чингисович Валиханов. Русские ориенталисты единогласно признали в лице его феноменальное явление и ожидали от него великих и важных откровений о судьбе среднеазиатских народов, но преждевременная кончина лишила нас этих надежд. Он умер от чахотки, не достигнув тридцатилетнего возраста».

Ш.Уәлихановтың қызметі революцияға дейін жарық көрген орыс энциклопедиялық сөздіктерінде көрсетілген. Бұл басылымдар үшін Шоқан туралы мақалаларды орыс ғалымдары И.Н.Березин, Д.А.Позднеев, Д.А.Клеменец, Г.Е.Грум-Гржимайло, А.Е.Алекторов, О.А.Венгеров, М.К.Азадовскийлер жазды.

«Очерки Джунгарии», «Описание Алтышара» атты Ш.Ш.Уәлиханов еңбектері 1861 ж. «Записки Географического общества» журналында жарық көргеннен кейін неміс тіліне аударылып, неміс ғалымы А.Эрманның және Австрия географы Петерманның көмегімен Германияда басылып шықты.

Аталмыш еңбектерді ағайынды Джон және Роберт Мичеллдер ағылшын тіліне аударды. Ағылшын тіліндегі басылымның алғы сөзінде олар: «Большой интерес к Средней Азии в связи с недавними политическими событиями в Кокандском ханстве, и известное невежество, имевшее место в Англии относительно истинного положения в этих отдаленных районах России, побудили нас собрать самые важные русские материалы по этому вопросу и представить их на английском языке. Несколько глав, составляющих этот том, при первом его появлении в Петербурге, вызвали значи-

тельный интерес; их авторами являются хорошо известные русские путешественники и географы, специально изучавшие Среднюю Азию. Среди отчетов о путешествиях в Среднюю Азию выдающееся место принадлежит сообщениям капитана Валиханова о Джунгарии и Восточном Туркестане. Со времени Марко Поло и иезуита Гоеса ни один европеец, за исключением А.Шлагинтвейта, как нам известно, не был в этой стране. Религиозный фанатизм населения сделал эту страну совершенно недоступной для современных исследователей, а печальная участь предприимчивого путешественника в Кашгаре служит иллюстрацией опасности, которая может встретиться при попытке попасть туда»-деп жазды.

Танымал француз географы Элизе Реклюдин күш салуу аркасында кыска комментарийлермен берилген Ш.Уалиханов еңбектеринен үзінділер француз басылымдарында да жарык көрдү. Публицист Эмиль Жонво, Уалихановтын Кашгар сапары туралы ағылшын, неміс дереккөздеринен алынган маалымдуулар негизинде: «После Марко Поло и иезуита Гоеса один только путешественник осмелился пробраться в эту негостеприимную страну. Это был несчастный Адольф Шлагинтвейт, который заплатил жизнью за свое отважное предприятие. Этот пример не охладил предприимчивости последователей и благодаря трудам русского офицера Валиханова мы имеем теперь драгоценные данные по истории и для уяснения политического положения китайской Татари»-деп жазды.

Совет ғалымдары – академиктер В.А.Гордлевский, А.В.Крымский, В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович, Л.С.Берт, В.А.Обручев т.б. Ш.Уалиханов еңбектерине жоғары баға берді.

Академик В.В.Бартольд Орта Азия туралы жазылган өзінің барлық еңбектерінде Ш.Ш.Уалихановты еске салады. Ол ең алдымен, Ш.Уалихановтын Кашгария экспедициясының нәтижелерине баға береді. «Валиханову удалось проехать по стране под видом торговца. Как составленное им описание страны, так и другие работы даровитого

киргизского султана возбудили большие надежды, но вскоре после этого Валиханов умер» деп жазды В.В.Бартольд.

Тянь-Шань қырғыздары туралы еңбегінде, қырғыздар мен Қоқан хандығының арасындағы қарым-қатынас мәселесінде, XVII–XVIII ғғ. қырғыздарды Оңтүстік-Сібірден қоныс аударту мәселесінде, «Қырғыздар» атты монографиясында олардың рулық жіктелуі мәселелерінде В.В.Бартольд ең алдымен Ш.Ш.Уалиханов еңбектеріне сүйенеді. Ш.Уалихановтын манаптарды қолдаған патша өкіметіне қарсы айтылған сыны туралы Бартольд: «Уалиханов қырғыздарда бұрын-соңды ақсүйектер болмаса да, қуыс кеуде Сарымбекке «аға манап» шенін берген орыс өкіметін сынады»-деп жазды.

Кеңестер одағы кезінде Ш.Уалихановтын орыс халқының аса көрнекті жазушылары және ғалымдарымен болған достық және шығармашылық байланыстары туралы М.О.Әуезов, Ш.Токаржевский, Ә.Әлімжанов, Д.П.Гроссман, А.С.Долинин, М.И.Фетисов, В.А.Мануйлов т.б. жазды. Ш.Уалиханов туралы белгілі совет жазушысы С.Н.Марков тамаша кітап жазды.

Ш.Уалиханов Қорқыт туралы, «Едіге», «Еркөкше», «Орақ», «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» секілді эпикалық жырлардың жүйесі, негізгі кейіпкерлері туралы, казак, қырғыз, түркмен, қарақалпақ, ноғайлар т.б. түркі халықтарының поэзиясы туралы жазды. Ш.Уалихановтын ауыз әдебиетіне арналған еңбектерін көрнекті ғалым В.М.Жирмуцкий жоғары бағалады.

Шоқан Уалихановтын шығармашылық мұрасын зерттеуде казак ғалымдары – тарихшылар С.Асфендияров, Х.Әділгереев, Е.Бекмаханов, Х.Айдарова, философ Сегізбаев, заңгер С.З.Зиманов, экономистер С.Баншев, Е.Елеусізов, географтар Н.Н.Пальгов, Н.Баяндин т.б. жетекші орында. Шоқан туралы ұйғыр ғалымы және жазушы Қадыр Хасанов, қырғыз ғалымы Ш.К.Қадыров, өзбек ғалымы Н.А.Халфин, түркімен әдебиетшісі Б.Қарыев т.б. жазды.

## ШОҚАН ЖӘНЕ «МАНАС»

### «Манас» жырының Шоқан жазып алған нұсқасы туралы зерттеу

Көп жылдар бойы «Манас» жырының Шоқан жазып алған бөлігі ғылымға белгісіз болып келген еді. Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Әлкөй Хақанұлы Марғұлан сол олқылықтың орнын толтырып, Шоқан нұсқасын мұрағат қазынасынан тапты. Бұл — түрік тілдес әдебиеттердің тарихына қосылған зор үлес.

Біз оқырмандарымызға «Манастың» Шоқан жаздырып алған осы нұсқасының фотокошірмесін және сол нұсқа жайлы, жалпы «Манас» жыры туралы Ә. Марғұланның салиқалы зерттеу еңбегін ұсынып отырмыз.

### «МАНАС» ЖЫРЫН ЖАЗЫП АЛУ ТАРИХЫНАН

«Манас» тарихи заманнан таулы Азия қыратында ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан қызықты жыр, қырғыз халқының айтулы мұрасы. Бұл жырды алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, оны әдебиет дүниесінің белгілі бір кеніші еткен жас ғалым Шоқан еді. Бірақ Шоқан жазып алған «Манас» жырының қырғыз тексі көп заман ғылымға белгісіз болып жатты. Бұл нұсканы жарыққа шығаруды шығыс әдебиетін зерттеуші ғалымдардың талайы талап еткен еді. Алайда өкінішке орай оның сәті түспеді. Өйткені, Шоқан нұсқасы көп уақыт бойына қою тұман астына батып, ұшты-күйлі жоқ болды. Шоқанның еңбектерін бірінші рет баспаға дайындаған Н. И. Веселовский, 1902 жылдың 21 наурыз күні, Археология қоғамының шығыс бөлім мәжілісінде ғалымдарды Шоқанның «Манас» жырынан аударған үзіндісімен таныстырып, жырдың қырғыз текстінің жоғалып кеткеніне қатты күйзелген болатын. «Көкөтай ханның ертегісі» деп аталатын бұл жырды тегінде Шоқан түгел аудармаған және бұл аударманың өзін Г. Н. Потанин болмағанда табу оңай емес еді. Аударма Шоқанның ескі

досы К.К. Гутковскийдің үйінен табылады. «Көкөтай ханның асы» деп аталатын бұл үзінді аудармасын Н. И. Веселовский қысқаша түсініктермен шығыс бөлімінің журналында жариялады<sup>1</sup>. Одан кейін Шоқанның аудармасы баспадан бірнеше рет шығып, Еуропа ғалымдары «Манас» жырымен ең алғаш осы арқылы танысты.

Археология қоғамының жиналысында Н.И. Веселовский ең алдымен түркі тілдес елдердің халық әдебиетіне біраз бөгеліп, оның ерекшелігі, мазмұны, көркемдік қасиеті туралы сөз көтереді, содан кейін Шоқанның аудармасы бойынша «Көкөтай» жырын оқиды.<sup>2</sup>

Жиналыста отырған шығыс әдебиетін зерттеуші ғалымдар ынта қоя тыңдап, жырға жоғары баға береді. «Шоқан орыс тілін қандай шебер қолдана білген. Қырғыздардың халық жырын аз сөзге көп мағынамен сыйғызып, сұлу, көркем бейнемен тамаша етіп аударған», — деп, бәрі таңқалады. — Н.И. Веселовский, — дейді, жиналысқа қатынасқан әдебиетші, — қазақ офицері Шоқан Уәлихановтың қырғыз тілінен аударған ғажайып дастанның мазмұнымен таныстырды. Профессор Н.И. Веселовский бұл күнде география қоғамының тапсыруы бойынша Уәлихановтың қағаздарын ретке түсіріп, оларды баспаға дайындап жүр. Айтылған дастан, дұрысы оның бір тарауы, Көкөтай ханның өлерінде елімен қоштасуына, оның еліне айтқан соңғы сөзіне, өсиеттеріне арналған. Дастанның түбегейлі сарыны — Көкөтайға ас берудің суреті. Баяндаушының пікірінше, қырғыз жырларында ерлікті ардақтау, ерлік жыры

<sup>1</sup> Сообщение о докладе проф. Веселовского в Вост. Отд. РАО. О поэме «Манас» в переводе Ч. Ч. Валиханова Изв. Археолог. Комиссии 1902, Прибавление к вып. III, стр. 5. Тоже, Новое время, 1902, № 9357, стр. 4. Санкт-Петербургские ведомости, 1902, № 80, стр. 3. Правительственный вестник, 1902, № 67, стр. 2. ЗВО XXV вып. 1, 4, стр. 395.

<sup>2</sup> Н.И. Веселовский. Отрывок из поэмы Манас: «Смерть Кукотай хана и его поминки». В переводе Ч. Ч. Валиханова. ЗВО XV, вып. 1, стр. VIII-XV.

басымырақ келеді. Сондықтан олардың алыптары өзінің ерлік атын тіпті жас күнінен шығара бастайды. Олардың жырында қадірлі орын алатын ердің өзіне серігі — тұлпары. Жырда батырдың тұлпарының қасиеті ерекше суреттеледі<sup>3</sup>.

Әдебиетші ғалымдар Шоканның әдемі, тұжырымды аудармасына жылы шырай көрсетумен бірге, «Көкетай» жырында кездесетін тарихи-әлеуметтік сарындарға, этнографиялық суреттерге баса көңіл қойып, оларға зор ғылыми мән береді. Оларға көбірек ұнағаны, әсіресе, Көкетайдың өсиет сөздері: «Қылышпенен қырдыру, қымызбенен жудыру» сияқты исламнан бұрынғы салт-сананы көрсететін бейнелер, не «жаз бойы қайың сауып» дейтін ұғымдар. Бірақ жырдағы «қайың сауу» мал жоқтықты, жалаңаш кедейлікті көрсететін бейне екенін П.М. Мелиоранский түсінбей, оны «қайың сауу» (қайың жұрт) болу керек деп, қате болжам айтқан. Жырдың бас алыбы Манастың он екі-он төрт жасында жорыққа аттанып, бірінші рет ерлік атын көрсетуін орыс ғалымдары жақсы түсініп, бұл тарихи шындықтан туған, ондай жора түркі тайпаларының тіршілігінде заңды болған деп дәлелдейді, мысалға 15 жаста ел басқарып, жорыққа аттанған Күлтегінді келтіреді. Ғалымдардың терең түсінуі бойынша, түрік елдерінің жорасында 15 жас — толық кемелге келген кез болады. Оны халық макалы да солай дәріптейді. Мәселен: «Ораздың баласы он бесінде баспын дейді, есі кеткеннің баласы жиырма бесінде жаспын дейді».

Шоқан жазып алған «Манас» жырының көп заман жоғалып жатқандығы оны тіл, әдебиет, тарих, этнография жағынан қарауға мүмкіндік бермеді.

1931 жылы академик А.Н. Самойловичпен Орта Азия халықтарының әдебиеті туралы әңгімелескенімізде ол кісі: «Шоқан жазып алған «Манас» жырының қырғыз текстінің тауып жарыққа шығару зор игілікті іс болар еді, бұл мәселе жалғыз біз үшін емес, шығыс әдебиетін зерттеуші ғалымдардың бәріне де үлкен жаңалық болар еді», — деген еді.

<sup>3</sup> Правительственный вестник, 1902, № 67, 2-бет.

Сөз арасында А. Н. Самойлович:

— Мен жақын арада Алматыға барып, Орта Азия халықтарының тарихы, әдебиеті, тілі туралы лекция оқымақ ойым бар. Әдейілеп барған соң тыңдаушыға бір жаңалық айту керек қой. Бірақ қиын жері — екі нәрсені қолыма түсіре алмай жүрмін. Бірі — сол Шоқан жазып алған «Манас» жыры, екіншісі — «Қазақ-қырғыз және хандар» шежіресі. Бұл екеуі де Ленинград кітапханаларында жоқ. «Манас» жырының табылуы екіталай сияқты. Оны табудың соңына қырғыз тілін жетік білетін П.А. Фалев те түскен еді, бірақ ешнәрсе шықпады. Сондықтан қырғыз эпосының құрылысы туралы зерттеулерінде ол тек В. В. Радловтың жигандарына ғана сүйенді<sup>4</sup>. Сіз маған «қазақ-қырғыз хандар шежіресін» тауып берсеңіз көп алғыс айтар едім. Қазақстанға барудың алдында оларды оқып алмай болмайды ғой, — деді.

«Манас» жырының бүгінде табылғанын естісе, академик А. Н. Самойлович, әрине, зор қуанышқа батаар еді. Бұл қуаныш А. Н. Самойловичтің замандасы болған қазіргі совет ғалымдарының үлесіне тиді. Шоқан жазып алған «Манас» жыры табылды дегенді естісімен, олардың көбінен құттықтау хаттар келе бастады. Оның ішінде В.М. Жирмунский, К.К. Юдахин, Х. Карасаев, тағы көптеген қырғыз ғалымдары да бар.

«Манас» жырының қағаз бетіне түскенін біз бұрын бір ғана Шоканның орысша аудармасынан, не қырғыз текстінің көзімен көрген оның қадірлі досы Г.Н.Потаниннің естеліктерінен білетін едік<sup>5</sup>. Жүз жыл бойы мұрағат тозанында жоғалып жатқан бұл асыл кеніштің ақырында табылғаны «Манас» жырын зерттеуші ғалымдарға жаңадан бұлақтың қайнар көзін ашқандай болды. Мінекей, енді сол асыл қазынаны, ол туралы зерттеу еңбекті оқушы жұртшылықтың алдына тартуға мүмкіндік туып отыр.

«Манас» жырының Шоқан жазып алған нұсқасын табуға себепкер болған Шоканның замандас досы, белгілі

<sup>4</sup> П. А. Фалев. Как строится Кара-киргизская былина.

<sup>5</sup> Г.Н. Потанин. Биографические сведения о Чокане Валиханове. В кн. Ч. Ч. Валиханов. Сочинения СПб, 1904, стр. XXX.

татар ғалымы Хұсаин Фаизхановтың Шоқанға жазған хаттары болды.

Хұсаин Фаизханов Шоқанның қырғыз-қазақ тіліндегі қолжазба дәптерлерін көзімен өткеріп, оған зор қуаныш білдірген кісі. Шоқанға жазған бір хатында ол былай дейді: «Тәңірі жарылқасын, мендегі дәптерлеріңізді көшіріп алуға рұқсат беріңіз. Қазір жазып бітіргенім жоқ. Бітіргеннен кейін Романовскийге берермін. Сіздің дәптерлер арасында «Көкөтай хан ертегісі» қазақ ертегілерінен біраз басқарақ көрінеді. Оны сіз қайдан алдыңыз? Ол сіздің жұрттарда бек машһур ме? Соның хикаясын жасаңыз деп өтінемін. Жақсы нәрседен көрінеді»<sup>6</sup>. Петербор кітапханаларында сақталып тұрған араб, парсы, түркі тілдеріндегі қолжазбаларды жақсы зерттеген оқымысты ғалым Фаизханов «Манас» жырына аса үңіле қарап, оның ерекше құнды туынды екендігін жақсы айыра білген.

Шоқан мен Радловтан бұрын «Манас» жыры Европа әдебиетінде мүлде белгісіз болатын. Оның қысқаша сюжетін ең алғаш қағаз бетіне түсіріп кеткен XVI ғасырдың бас кезінде Ферғанада жасаған Сейфуддин Ахсикенти еді<sup>7</sup>. Бірақ Сейфуддиннің жазғандары Орта Азия халықтарының әдебиетіне кеңінен тарамай, сол дәуірдің өзінде белгісіз болып қалып қойған. Сондықтан қырғыз туралы жазған «Мұсаннафттардың бірде-бірі Мұхаммед Хайдар, Бабыр, Хафыз, Тыныш, Ескендір-Муниш, тағы басқалар бұл жазуды еш жерде атамайды. Егер сондай кісілердің біреуі атаған болса, «Манас» жыры, әрине, «Оғыз наме», «Шейбани наме» сияқты Орта Азия әдебиетінде әлдеқашан белгілі болар еді.

<sup>6</sup> Ә. Х. Марғұлан. Шоқанның жаңадан ашылған досы. Известия АН Каз. ССР, Серия Общ. Наук. Вып. 3. Алма-Ата, 1965, стр. 21.

<sup>7</sup> В. М. Жирмунский. Новые материалы о киргизском эпосе «Манас». Изв. АН СССР. Отд. литературы и языка, 1900, № 2, стр. 152-155. Собрание истории (Маджму-ат-таварих). Фоторепродукция. Вост. фак. ЛГУ. Иранская филология. Вып. II. Подготовил к изданию А. Тагирджанов. Ленинград, 1960. В. А. Ромодин. Некоторые источники по истории Ферганы и Кокандского ханства (XVI-XIX вв.) рукописные соб. Ленинграда. Труды двадцать пятого междунар. конгресса востоковедов, 1963, стр. 58-71.

Алайда атақты Бабыр өзінің мемуарында Ахсикент қаласын суреттей келіп, онда бір ақын бар екенін есіне түсіреді. «Сейхун дариясының сол жағасындағы қалалардың бірі — Ахси, кітаптарда оны ылғи Ахсикет деп жазады... Ферғана өлкесінде Өндіжан болмаса бұдан үлкен қала жоқ. Сондықтан оны Омар Шейх өзінің астанасы етіп еді. Ахсикет демекші, бұл қаланың ақыны Асираддинді «Асир-ад-дин Ахсикенти» деп атайды<sup>8</sup>. Бабырдың бұл айтып отырған Асир-ад-дин Ахсикенти ақын Сейфуддин Ахсикентидің өзі ме, болмаса онымен замандас басқа ақын ба, ол арасын кейін айырмаса, әзірше болжам айту өте қиын. Қалайда, біреу болсын, екеу болсын, бұл ақындар Ахсикент қаласының астана болып гүлденіп тұрған кезінде жасаған, «Шейбани намені» жазған Бенаи сияқты сарай ақындары болуға тиісті. Көшпелі тайпалардың қарым-қатынасын, шежіресін жақсы білуіне қарағанда, ол мүмкін иран тілін жүйрік білген сол жердің өз тумасы болуы да ғажап емес. Екінші жағынан, Сейфуддин өз заманында болған саяси-әлеуметтік оқиғаларға белсене қатынасушылардың көбін өз көзімен өткізіп, олардың елесін ерлік оқиға түрінде жазып кеткен кісіге ұқсайды. Сейфуддиннің жазуына, ол тарихи оқиғаларда ең көрнекті роль атқарған қазақ пен қырғыздар. Сондықтан Сейфуддин олардың шежіресіне, бұрынғы ерлік дәуіріне ерекше көңіл аударып, оны «тарих жинағы» деген атпен жазып қалдырады. Тек эпос жырын зерттеу үшін ғана емес, жаңадан табылған Сейфуддиннің бұл жазуларының әсіресе, қазақ пен қырғыз халқының тарихы, этнографиясы, мәдениеті үшін маңызы өте зор. Ендігі міндет — Сейфуддиннің «тарих жинағын» көпшілік түсінетін тілге аударып, оны халық бұқарасының игілігі ету.

Сейфуддин «Манас» жырын бірінші рет қағаз бетіне түсіріп, оның қандай мазмұнда айтылғанын болжап кеткен кісі. Бірақ Сейфуддин дәуірінен XIX ғасырдың ортасына дейін көп заман (үш жарым ғасыр) өтіп, «Манас»

<sup>8</sup> Бабу-наме. Перевод. М. Салье. Ташкент, 1958, стр. 14. И. Н. Березин. Турецкая хрестоматия, т. 1, 1857, стр. 88.

жыры мәдениет дүниесінде бүтіндей белгісіз болып келген. Бұл жырды бірінші рет жарыққа шығарып, оны ғалымның игілігі еткен Шоқан, одан кейін бар өмірін түркі тілдес елдердің әдебиеті мен тілдерін зерттеуге жұмсап, жойқын еңбек қалдырған қадірлі ғалым-академик В. В. Радлов. «Манас» жырын зерттеуші ғалымдар бір ғасыр бойы осы екі саңлақты бетіне ұстап, олардың еңбектеріне сүйеніп келді, әлі де сүйенбекші.

«Манас» жырын Шоқан кадет корпусында оқып жүрген кезінен ести бастайды. Мұны білуге ол кезде бірнеше баянды жағдайлар болған еді. Оның бірі — кадет корпусының оқытушысы Н. Ф. Костылецкий 1840 жылдардан қазақ пен қырғыз халқының ауыз әдебиетіне терең ойысып, оның кейбір жарқын үлгілерін оқушы балаларға лекция түрінде оқып жүрді.

Н.Ф. Костылецкийдің өз басы ауыз әдебиет мұраларын жиі мақсатымен ешуақытта қырға шыққан емес, оған мүмкіндігі де болмаған. Ол қазақ пен қырғыз халқының ауыз әдебиет үлгілерінің кейбірін мұрағаттардан іздеп таппады, кейбірін қырға шыққан тілмаштар, офицерлер, өз өзінің оқушы шәкірттері арқылы жияды. 1850 жылдан былай қарай Жетісу қазақтарының ортасында тілмаш болып, халық әдебиет мұраларын жинап, Н. Ф. Костылецкийге жіберушілер қатарында Н. В. Шебалин, А. И. Бардашев, А. Фролов кездеседі. Омбы мектептерінде оқыған қазақ шәкірттерінен П. Ф. Костылецкий қазақ әдебиеті үлгілерін көбірек жинап бергендер Шоқан Уәлиханов, Халиулла Өскенбаев, Мұстафа Бүркітбаев, Садуақас Анаев және басқалар. Бірақ олардың жинаған мәліметтерін Н.Ф. Костылецкий тек лекцияға пайдаланғаны болмаса, ғылыми тәртіпке түсіріп бастыруды ойламаған. Ол кісінің бар істегені жиып алған барлық әдебиет мұраларын, не қырдан келген тарихи бағалы хаттарды орыс тіліне қысқаша мазмұндап, оларды өзінің досы, Петербург университетінің профессоры И.Н. Березинге жіберіп отырады. Ол мәліметтердің ішінде бұғу елінің билері Шапақ батырдың, Шералының, Есім батырдың, Качибек Шералыұлының 1815 жылы генерал Глазанапка жазған хат-

тары бар<sup>9</sup>. Ең тамаша жері, сол көп мәліметтің арасында «Манас» жырына кіретін екі сюжет бар, оның бірі — осы күнге дейін белгісіз жатқан ерлік жыры «Қоңырбай» («Ер-Нұра»), оның сыртына Н. Ф. Костылецкийдің қолымен «героический эпос» деп жазылып қойған<sup>10</sup>, екіншісі «Қарабас ұлы Манас» — ертегі түрінде жазылған ерлік жыры<sup>11</sup>. Міне, бұл мәліметтердің барлығы Н.Ф. Костылецкийдің кадет корпусында оқыған лекциялары арқылы Шоқанға бұрыннан таныс болатын. Оның үстіне бұл кез Шоқанның өзінің де халық әдебиет мұрасын ерекше сүйіп, оның асқан жарқын түрлерін жинауға белсене кірісіп, оларды өзінің корпустағы ұстазы Н.Ф. Костылецкийге тартуға апарып жүрген шағы. Шоқанның Омбыда оқып жүрген кезі Ұлы жүз қазағы мен Алатау қырғыздарының Россиямен байланысын күшейте бастаған кезі еді. Сондықтан бұл елдің елшілері Омбыға жиі келіп көп уақыт қонақтап жататын. Мұнда келетін адамдар көбінесе халықтың рухани тіршілігін, оның шежіресін, ертегі, жырын жүйрік білетін, кілең шешен билер, құйылма ақындар, атакты күйшілер болған.

Аға сұлтан, атакты билер оларды әдейі өздерімен бірге ертіп жүретін. Олардың Омбыға келгенін шекаралық әкімдер де ұнатып, қарсы алатын. Өйткені, халықтың әдет-ғұрпын, рухани тіршілігін әкімдер көбінесе солардың айтуынан жазып алып, кейін Петербургқа жіберіп отыратын.

Қырғыз халқының жұрттаралық елшісі Омбыда бірінші рет 1825 жылы болды. Бұл Орта жүз қазақтарының Россияға қарап, «Сібір қазақтары туралы ереже» атты бірінші заңның шыққан кезі. Ұлы жүз қазағы мен Ыссық көл қырғыздарының Омбыға келуінің бас себебі осыған байланысты. Бұл алғаш келген қырғыз елшілерінің құрамында ол кездегі атакты билердің ұрпағынан Әкімбек Олжабаев, Әлімбек Япалаков, Алғазы Качибеков, Мәмбет Үмбетов, Бекбау Айтназаров,

<sup>9</sup> Архив востоковедов ИНА. АН СССР, ф. 5, д. 39 лл. 67-69, д. 22. л. 13.

<sup>10</sup> Сонда, ф. 5, оп. 1 д. 2, л. 23-26 об (Шоқанның жазуы)

<sup>11</sup> Сонда, ф. 5, д. 14.

Токтоғұл Исенбаев, Сербек Исенов болады<sup>12</sup>. Бұлар Омбыдан еліне қайтқанда оларды Шубин бастаған қосын Ыссық көлге дейін шығарып салады. Қосынның қатарында атақты емші Зибберштейн де болды. Мұның бір қызық жері, Зибберштейн Ыссық көл төңірегіндегі қырғыз ауылдарын бірінші рет емін-еркін аралап, талай жерде күні-түні жыр айтатын жыршылар тобына кездеседі, бірақ қандай жыр айтқанын түсінбейді, тек жырды көп айтатын сауықкой ел екеніне көңіл қояды. Ондай сауық-думанды Зибберштейн әсіресе Жыргалаң өзенінің бойын жайлап отырған Олжабай ауылынан көреді<sup>13</sup>.

Сарыбағыш биі Сартай бастаған екінші елшілік Омбыда 1848 жылы болды. Бұл екі елшінің мәжілістеріне Омбының шекаралық әкімдері белсене қатынасып, қырғыз халқының тарихын, шежіресін, тұрмысын білуге ерекше көңіл қойды. Соңғы елшілік мәжілісіне тілмаш ретінде Омбыда оқып жүрген Шоқан да қатынасып, Сартайдың суретін түсіріп алады<sup>14</sup>.

Омбыда ол кезде қырдан келген билерге, сұлтандарға арнап салған қонақ үй болған. Ол қонақ үй болуымен бірге, ойын-сауық құратын, көңіл көтеретін, білікті адамдар, ақындар, әншілер кездесетін, мәдениет сарайы сияқты да болған. Ол үйде әрбір аға сұлтан, атақты билердің қасына еріп келген ақындар айтысқа түсіп, Шөже сияқты атақты ақындар ұзақ жыр айтып, Қанқожа, Тәттімбет сияқты күйшілер ой түсіретін толқынды күй тартатын болған. Мұндай атақты адамдардың бас қосқан көзінің ешбірін де Шоқан бос жібермейді. Міне, осындай мәслихат жыйындарда «Манас» жыры туралы да әңгіме болмауы мүмкін емес.

«Манас» атымен байланысты шежіре сөзді Шоқан ең алғаш К. Л. Врангельдің жазбаларынан оқып көрді<sup>15</sup>. Вран-

гельді осы күнгі әдебиетте кейбіреулер Франель деп жазып жүр<sup>16</sup>, бірақ біздің соңғы зерттеуіміз бойынша бұл жаңсақ. Ондай билеуші Жетісу өлкесінде 1848-1849 жылдары болған емес. Бұл Шоканның жазуларын бірінші рет баспаға дайындағанда кеткен қателік<sup>17</sup>. Мұрағат мәліметтері бойынша ол кезде (1849) Жетісу өлкесін билеген барон Врангель жоғарғы білімі бар, осы орынға әдейі арнап қойылған кісі<sup>18</sup>. Ол өзінің қарамағындағы түркі тілдерін жақсы білетін тілмаштар (Фролов, Бардашев, Нифонтьев) арқылы Ұлы жүз қазағы мен қырғыз халқының шежіресін, аңыз сөздерін, ертегі-жырын жинап, Омбыдағы шекаралық комиссияның қарамағына жіберіп отырады. Тегінде қазақ пен қырғыз халқының ертегі-жырын, шежіресін, қария сөзін жинауға ту баста, ой түсіріп, із қалдырған сол шекаралық комиссияда жұмыс істеген декабрист И. Штейнгель мен М. В. Ладыженский екені байқалады<sup>19</sup>. Олардан басқа XIX ғасырдың отызыншы, қыркыншы жылдары қазақтың халық әдебиетімен әуестенген кісілер И. Беленьцин<sup>20</sup> мен А. А. Сотников. Қырғыз шежіресін жаздырып алған Врангель сондай

---

Воронина и Нифонтьева см. М. И. Венюков. Очерки Заилийского края. Записки РГО кн. 4, 1861, стр. 103. Его же: Путешествие по окр. стр. 153. Неміске аудармасы: Archiv für Wissenschaft. Von Russland. 1852, Bd. XI. N. 3, 400-414.

<sup>16</sup> Adbubkadir J. Manas dastani Uzerine dair notlar. Turk dili arastirmalasi, 1859, стр. 125.

<sup>17</sup> Ч. Ч. Валиханов. соч. СПб. 1904, стр. 188.

<sup>18</sup> Қараңыз. Дело о назначении Врангеля И. Д. пристава в Большой Орде и состоящем при штабе Отд. Сибирь, корпуса. 1848, ЦГА Каз. ССР, ф. 374. оп. 1, д. 2931, л. 1-2 об; Предписание Погон, начальн. о назначении майора барона Врангеля чиновником особых поручений и подчинении ему военных отрядов в стенных округах и Алатауском округе. ЦГА. КазССР, ф. 374. оп. 1, д. 4246. л. 1-5.

<sup>19</sup> Письмо М. В. Ладыженского к Чингису Валиханову. Архив АН СССР, ф. 23. оп. 1, д. 17. Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. IV, стр. 231-232.

<sup>20</sup> И. Беленьцин. О переводе Козы Корпеша и Баян сулу на рус. язык.

<sup>12</sup> ИГИАЛ, ф. 1204, оп. 1, д. 266, л. 3, об. 7 об.

<sup>13</sup> Там же, л. 62.

<sup>14</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинение СПб. 1904, стр. 52.

<sup>15</sup> Нифонтьев и Вороний (Сведения о дикокаменных киргизах) доставлены от генерал-губернатора Западной Сибири-Записки русск. географ. Общества (РГО) 1851, кн. V, стр. 140. Об авторстве

кісілердің бірі. Ол шежіре бойынша, қырғыз халқының арғы атасы Қырғызбай ноғайлының биі Манаша мен оның баласы Семетейден бөлініп, екі баласы Адыгене мен Тағайды ертіп, Іле өзені бойынан ауып, оңтүстікке кетеді. Үлкені Адыгене Памир, Алтай, Бадахшан тауларының арасын қоныс етіп, кіші баласы Тағай Ыссық көлді төңіректен қалады<sup>21</sup>. Тек осы мазмұнды аңызды А. И. Бардашев те жазып алған<sup>22</sup>.

Бұдан көрінетін шындық, Шоқан қырғыз жеріне бармас бұрын «Манас» жыры туралы көп естіп, оған құлағы әбден қанық болған, қырғыз халқына, оның рухани тіршілігіне байланысты мәліметтерді көп оқыған. Соны көре, кейін Ыссық көл сапарына шыққанда ол Манас атымен байланысты жер аттарын, тарихи әңгімелерді қалт жібермей мұқият жазып алып отырады. Мұның бір тамаша жері, Манас туралы әңгімені Шоқан Жетісу өлкесіне кірісімен Ұлы жүз қазақтарының өзінен ести бастайды. Шоқан 21 мамыр күні (1856 жылы) Қарқараға жақын тұратын Құсмұрын тауын аралап жүргенде «Манастың Бөзтөбесі» деген атакты жерге кездесіп, ол туралы Ыссық көл дәптеріне халық аузынан тарихи өте бағалы бір аңыз жазып алады. «Шарын өзенінің бойында, — дейді Шоқан, — «Құсмұрын Бөзтөбесі» деген камалдың орны бар. Ол анадайдан жеке-дара көрініп тұрады. Ежелгі қариясөз бойынша, халықтың эпикалық тамаша жырында айтылатын ер Манас бұрынғы заманда қауғырастармен (қара-қытай) соғысқанда ордасын осы арада құрған деседі<sup>23</sup>. Бұл аңыз «Манас» жырының өзінде де осы қалыптас айтылады. Олай болса, жырда жиі айтылатын «Манастың Бөзтөбесінің» тарихи орны осы күнге дейін Шарын өзенінің бойында сақталып келген.» Бұл — Шоканның бірінші болып жарыққа шығарғаны аса игілікті іс еді.

<sup>21</sup> Нифонтъев и Воронин. Сведения о дикокаменных киргизах ЗРГО 1851. кн. IV, стр. 140.

<sup>22</sup> А. Бардашев. Заметки о дикокаменных киргизах. Материалы для статистики Турк. Края (Ежегодник) Вып. III, СПб, 1874, стр. 384.

<sup>23</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соб. соч. т. I, Алма-Ата, 1961, стр. 246.

«Манас» жырын жазып алардан бұрын Қарқара, Шарын өзендері бойын аралап жүріп, Шоканның мұндай бағалы терең пікір айтуы «эпикалы тамаша жыр» оның бұл жырды бұрыннан-ақ жақсы білетіндігін көрсетеді. Бұл «Манас» жыры туралы Шоканның аузынан шыққан алғашқы сөз. Егер Бөзтөбеге соқпай, басқа жолмен кетсе, бұл сөз айтылмай да қалған болар еді. Бірақ Шоқан «Манастың Бөзтөбесін» көрмей кете алмаған.

Қарқара, Бөзтөбеден кейін, Шоқан «Манас» жырының тұнық жатқан соны жеріне кездеседі. Бұл жырды ең алғаш Ыссық көл төңірегін зерттеуге бара жатып, Түп өзені бойында бір жыршыдан естиді. Ол жыршыға жолықпас бұрын Шоқан 24 мамыр күні (1856 жылы) Қарқара жайлауында бас қосқан қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарының кеңесіне қатынысып, мәжіліс үстінде бұғы елінің басшылары Боранбай, Мұрат-Али, Шон-Қараш, Қачыбекпен кездеседі<sup>24</sup>. Бірінші рет олармен мажыраласып, қырғыз халқының шаруашылығы, мәдениеті, рухани тіршілігі, жора-жосыны, ертегі жырымен танысады. Бұл туралы Шоқан өзінің «Жоңғар барлауында» былай деген:

«Менің қырғыз жұртшылығымен таныса бастағаным 1856 жылдан былай қарай, 1855 жылы қырғыздың ұлы манабы Боранбай өзіне бағынатын рудармен орыс патшалығына қарады. Қырғыз халқының сұрауы бойынша 1856 жылы полковник Хоментовский бастаған бірінші экспедиция шықты. Оның мақсаты — қырғыз халқымен жақынырақ танысып, олардың жерін картаға түсіру еді. Мен осы экспедицияға қатынасып, Боранбайдың аулында болдым. Қырғыз халқының бірнеше қария сөздерін жинап, олар туралы бір барлау жаздым: кейінірек сарыбағыш, солтғы тайпаларының ортасында болдым. Ең соңында, осы сапарға бара жатып, олардың Қашғарға дейін қоныстап отырған байтақ мекенімен таныстым».

Ыссық көл саяхаты Шоканның өсінен кетпеген жарқын күндер болған. Өйткені, қырғыз халқын зерттеу жолын-

<sup>24</sup> Сонда, стр. 247.



да бұл саяхат жас ғалымның алдынан толып жатқан соны дүниелер ашып, қырғыз халқының тарихы, жұртшылығы, рухани байлығы туралы байтақ, тұнық деректер жинап алуға мүмкіндік туғызған. Бұл сапарын Шоқан әрқашан ұмытпай, әрбір жазуларында есіне түсіріп отырады. Өзінің «Қырғыз халқы туралы» мақаласында бұл сапарын былай деп есіне алады.

«Біссық көл экспедициясына қатынасқан күндер сондай баянды болды. Екі ай бойы қырғыз халқының ортасында еркін жүріп көптеген күрделі мәліметтер жинап алдым, әсіресе халықтың ертегі жырын, тілін зерттеуге көбірек ой бөлдім».

Тарихи заманнан ертегіге бөленген жер алыбы Алатау, оның қойнауларын еркін мекендеген қырғыз бен Ұлы жүз қазақтары Шоқанның көңілін ерекше тартып, олардың ертегі-жырын, қария сөздерін, аңыз-әңгімелерін, шежіресін көбірек жазып алуға қызықтырды.

Бұл тұнық жатқан халық қазынасын Шоқаннан бұрын ешкім жазып алмаған еді. Оларды жазып алуды 20 жастағы Шоқан зор игілікті іс деп таныған. «Тау қырғызын аралап жүрген сапарымда, — дейді Шоқан, — қаншама этнографиялық жазулар, тарихи әңгімелер, санақ мәліметтерін топтадым. Қырғыз бен үйсіндердің халық әдебиет үлгілері менің жазуларымда бірнеше дәптерден құралады<sup>25</sup>».

Демек, бұл жазу бойынша, Шоқанның Үйсін мен Алатау қырғыздарының халық жырына арналған әлденеше қолжазба дәптерлері болған. Шоқанда ондай дәптерлердің көп болғаны туралы мәлімет бірнеше жерде кездеседі және ол дәптерлердің кейбіреуі осы күнге дейін отанымыздың мұрағаттарында сақталып тұрғаны байқалады. Өз кезеңінде бұл дәптерлерді Шоқанның жақын досы Хұсанн Фаизханов та оқып, қолынан өткерген. Бір өкінішті жері, мұндай қолжазба дәптерлер Шоқан қайтыс болған соң әрбір кісілердің қолына тарап кетіп, оны анықтап ретке түсіру қазір ең қиын мәселеге айналған. Г.Н. Потаниннің айтуын-

ша, Шоқанның Алатау қазақтары мен қырғыздар туралы жазып алған мәліметі өте байтақ болған. «Оның шет жағасын мен өз көзіммен көрген де едім. Шоқан тау қырғыздарының «Манас» туралы айтатын ұлы ертегісін жазып алып, оның бір үзіндісін маған оқып көрсеткен де еді. Осының бәрі қайда қалғаны белгісіз. Оның кейбіреуі Тезектің аулында жоғалуы анық<sup>26</sup>».

Дегенмен, «Манас» жырының табылуына қарағанда, Шоқанның Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз халқының ауыз әдебиет мұраларына арналған дәптерлері тегісімен жоғалып бітті деуге болмайды. «Манас» жыры сияқты оларда әрбір мұрағаттың түкпірінде жасырынып жатқаны күмәнсіз. Алдын ала зерттеулер осылай деп топшылауға негіз береді. Біздің байқауымызша, Шоқанның жоғарыда айтылған дәптерлері революциядан бұрынғы күншығысты зерттеуші ғалымдардың мұрағаттарында сақталып келген. Және ол дәптерлердің Шоқанның өз қолымен жазылған көшірмелері болған. Фаизхановтың хатындағы: «Сіздің дәптерлерді әзір көшіріп болғам жоқ, бітірген соң Романовскийге тапсырамын», — дегені мұны ашық көрсетеді.

Ашығын айтқанда, Шоқанға тиісті дәптерлердің бірнешеуі қазірдің өзінде табыла бастады. Ол табылған дәптерлердің кейбіреуі «Көкөтай хан ертегісімен» бірге топталған. Олардың біреуі түгелімен Шоқанның өз қолымен жазылған. Оның мазмұны бір ғана қырғыз халқының мифы, ертегісі, аңыз-әңгімелері. Екінші дәптер — Кенесары қолының Алатау қырғыздарымен соқтығысқан тарихи оқиғаға арналған<sup>27</sup>. Шоқанның өзге дәптерлерінен ғылыми аса бағалылары «Едіге жыры», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қоңырбай, Ер Нұра» (Манас тобына кіретін ерлік жыры), «Күмісхан, яки Қарабас ұлы Манас», мақал сөздер, жұмбақтар тағы басқалар<sup>28</sup>.

Шоқан өзінің көп жерде айтқан ойларында қазақ пен қырғыз халықтарының әдебиет мұраларына ерекше мән

<sup>25</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинения. СПб. 1904, стр. XXX.

<sup>27</sup> Архив востоковедов ИИА АН СССР, разр. II, оп. 4.

<sup>28</sup> Архив востоковедов ф. 5. оп 1 д. 13 д. 36, л. 32-35, д. 14, л. 23-26, 38-59.

<sup>25</sup> Сонда, 401, 415.

беріп, оларды жиып зерттеуді зор игілікті іс деп таныған. «Әрбір халықтың, — дейді Шоқан, — әдеби мұраларын зерттеудің этнография үшін керектігін ғалымдар әлдеқашан ескерткен. Өйткені, халықтың тұрмысы, оның қылығы, оның дүниетануы мұнда ашығырақ сипатталған. Өздерінің мәдениет мұраларын ерекше сүю, ертегі-жыр байлығын мақтаныш ету, әсіресе Орта Азиядағы көшпелі елдердің айрықша қасиеті. Олардың аңыз-жырларын, қария сөздерін әрбір тайпаның басынан кешірген тарихы, соларды еске түсіру деуге болады: ондай аңыз-әңгімелерді сәуегейдің сөзіндей еске сақтап, оны бірден-бірге жеткізіп отырушылар — әрбір ру ішіндегі қариялар. Олар оны заң жосыны ретінде, белгілі ақын-жыраулар тобы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған, ұзақ дастан түрінде сақтап келген. Бүгінде қолданбайтын, жырда кездесетін көне сөздер олардың тым ерте дәуірде шыққанын көрсетеді<sup>29</sup>.

Шоқан халық аңыздарының үш түрлі саласына ерекше көңіл бөлген: бірінші — қазақ пен қырғыз халқының ерте заманнан келе жатқан мифы, легендасы, оның ішінде ескі дәуірдегі көшпелі (түрік-моңғол) тайпаларының түбі «көк бөріден», «кек бұқадан», «аң маралдан» таралды дейтін мифтер, «бөрте-шене», «көк бөрі», «кек бұқа», «Төбе көз» не «Жалғыз көзді дәу» туралы айтылатын аңыздар.

— Азия көлемінде, — дейді Шоқан, — бір жерден бір жерге ауысып жүретін аңыз-ертегілер, жырлар өте көп. Соның бірі «Одиссей» жырында кездесетін жалғыз көзді дәу, яғни циклоп Полифем. Бұл аңызды қазақ даласы да біледі. Жалғыз-ақ мұнда циклоп адам жейтін дәу түрінде суреттелсе, Одиссейдің ролін Батырхан атқарады<sup>30</sup>.

Шоқанның анықтауынша, тарихи аңыздардың, не қария сөздің ғылыми бағалы түрінің енді бірі — әрбір тайпаның қайдан таралғанын көрсететін тарихи шежірелер<sup>31</sup>.

Шоқан бірінші рет қырғыз халқының тарихи шежіресін толығынан жазып алуға ерекше көңіл бөлген және сол шежі-

ре бойынша халық жырында айтылатын ескі заманның алып ері Манастың қай ұлыстан шыққанын анықтау, оның қай кезде болғанын айыруға көп ой жұмсаған<sup>32</sup>. Әбілғазы шежіресіндегі «қырғыздар оғыздан таралды» деген анықтауға үніле қарап, қырғыз халқы ортасынан соған орай аңыздарды іздейді.

Халық аңызының үшінші тобын Шоқан «ноғайлы жырлары» деп анықтайды. Оның айтуынша, «ноғайлы» жыры қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ноғай халықтарының бәріне ортақ.

— «Ноғайлы» деп бұрынғы Дешті Қыпшақ ұлысына кірген тайпалардың тобын айтқан. Бұл ат қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарының аңыз-әңгімелерінде аса қадірлі орын алады, — дейді Шоқан<sup>33</sup>.

Ноғайлы жырының қай кезден шыға бастағанын Шоқан бірінші рет мүлтіксіз анықтаған. Оның бақылауынша, ноғайлының жырлары мен аңыз сөздері XIV-XVI ғасырдағы тарихи болған уақиғалардың әдемі суреттері. «Бұл тарихи аңыздар, — дейді Шоқан, — біркелкі эпикалық сарында, өлең ұйқасымен айтылады. Сондықтан олар халықтың ауыз әдебиет мұраларының үлкен саласы болып табылады. Олардың қасиеті — халықтың жан-күйін, ұғымын, жорасын, тұрмыс-салтын ашық бейнелеуінде. Тағы бір қасиеті — әдебиет, тіл ғылымы үшін бағалы болуында, онымен қабат тарихи маңызы да ойды өзіне тартпай қоймайды<sup>34</sup>.

Ноғайлы дәуірінен мирас болған поэтикалық жырдың күрделісі Шоқанның айтуынша «Едіге», «Ер Көкше», «Орақ», «Шора». Бұлардың барлығы да тарихта болған адамдар. Қырғыздарда ноғайлы дәуіріне тиісті жеке-дара тұратын жойқын эпос — «Манас» жыры, — дейді<sup>35</sup>.

Шоқанның байқауынша, қыр даланы қоныстанған ноғайлы-қыпшақтар мен Алатау қырғыздарының арасында тарихи байланыс соншалық күшті болмауына тиісті еді.

<sup>29</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соб. соч. т. I, стр. 417-418.

<sup>30</sup> Сонда, стр. 420.

<sup>31</sup> Сонда, стр. 418-419.

<sup>32</sup> Сонда, 357. салыстыр: 333-342, 544-551, 579-586.

<sup>33</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соб. соч. стр. 357.

<sup>34</sup> Сонда, стр. 419.

<sup>35</sup> Сонда, стр. 419-420.

Бірақ, Манас алыптың ноғайлының батыры болып суреттелуі Шоқанды таң қалдырып, қатты ойға түсіреді. Жас ғалым мұның неге олай айтылатын сырын ашу мақсатымен, қырғыз халқының ортасынан ноғайлы туралы айтылатын аңыздарды толығырақ жияды.

«Таң қаларлық бір нәрсе, — дейді Шоқан, — Орта Азиядағы көшпелі елдердің қария сөздерінен «ноғайлы» аңызы ешуақытқа қалмайды. «Асан қайғы», «Әз-Жәнібек», «Елді алатайдай бүлдіреді» дейтін қария сөздер қырғыз халқында да бар».

«Манас» жырының мазмұны бойынша Ташкент, Шу, Іле, Ыссық көл төңірегінде ноғай, қазақ, қырғыз сияқты үш халық бірімен-бірі қарым-қатынаста болады. Шоқанның кезінде қырғыз жыршылары, «ноғайлы» мен тек қана «Манас» жырын байланыстырып қоймаған, өзге тарихи жырларды да «ноғайлының жомоқтары» деп жаздырған. Толық зерттеп, көзі әбден жеткен соң, ноғайлы аңыздарының қырғыз халқының ортасында жиі кездесуін Шоқан бұл халықтың ноғайлымен, кейін қазақ жұртымен әрі дос, әрі туысқан, әрі көрші отыруынан деп анықтаған<sup>37</sup>. Ойын тұжыра келіп:

«Ноғайлы дәуірінде айтылған көп аңыздар, ертегі-жырлар қырда да осы кезге дейін сақталған. Ол жырларды ерекше қадірлеп, көзінің қарашығындай сақтаған, әсіресе, қазақ, қарақалпақ, қырғыз жұрттары. Жалпы айтқанда, Алатау қырғыздары ноғайлының ертегі-жырына, қария сөздеріне өте қанық. Оның ішінде қазақтар айтатын «ноғайлының босқаны» онда да бар. Бұл жырды қазақ қалай айтса қырғыздар да солай айтады.

Мәселен:

Он сан ноғай болғанда  
Орманбет би өлгенде  
Ордың кара жығасы\*  
Аспанға ұшып кеткенде».

<sup>36</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соб. соч. т. 1 стр. 251-263.

<sup>37</sup> Сонда, стр. 357.

\* Ағашы (орманы).

Шоқанның ойынша, бұл аңыз қалмақтардың ноғайлыны бостырып, Ор мен Жайық бойынан қуып шығуымен байланысты айтылған. Бұл аңызды Шоқан Құлжа төңірегінде болғанда (1856) бір қарт қалмақтың айтуынан да естиді<sup>38</sup>.

Сөйтіп, қырғыз халқының ертегі-жырын Шоқан 1856 жылы Ыссық көл саяхатына барғанда Қарқара, Текес, Түп, Жырғалаң өзендерінің бойын жайлап отырған Қырғыз ауданынан жазып алады. Оның көпшілігін әсіресе Бұғы елінің басшылары Боранбайдың, Сәлмеке Шоң-Қараштың, Қыдық Борсықтың, Сарыбағыш билері Сартай, Алшының аулында қонақтап жатқанда жазып отырады. Шоқан кез-келген ертегі-жырды жаза бермеген. Ол тек жоғарыда айтқан үш салаға кіретін, сирек жолығатын нәрселерге айрықша көңіл аударып, тарих, әдебиет тұрғысынан бағалы, тұнық жатқан аңыз түрлерін іздейді. Ол үшін Текес, Мұзарт бойындағы түкпір-түкпірде жатқан ауылдарға әдейі іздеп барады. Маусымның бас кезінде Тұлпартасты жайлап отырған Боранбайдың үйінде екі күн жатып, қырғыз халқының жұртшылығы, рухани тіршілігі туралы онымен емін-еркін әңгімелеседі<sup>40</sup>.

Қырғыз халқының ертегі-жырын, оның ішінде «Манас» жырын жазып алуға Шоқанға көп достық көрсеткен әсіресе Боранбай, Шоң-Қараш, Борсық. Соңғы екеуі Шоқанмен талай рет кездесіп, әзілдескен, оның жақсы достығы, Шоқанды өлім аузынан құтқарған, сапарының оң болып аяқталуына қатты көмектескен кісілер.

Шоқанның айтуынша, Борсық дәулетті болмаса да ешкімге бағынбайтын, кедейден шыққан мықты би болған. Ол жаз бойы не бұғы, не Сарыбағышқа қосылмай, соңынан ерген аз ғана ауылдармен Текес өзенінің бойын, Мұзарт тауларының салқын төскейлерін жайлап отыратын болған. Шоқан Қашқар саяхатына бара жатып бір айдан аса Борсықтың ауылымен бірге көшіп жүреді. Борсықтың аулында Шоқан Телтай деген құйылма ақынға кездеседі. Борсық, Шоң-Қараш үшеуімен емін-еркін әңгімелеседі,

<sup>38</sup> Сонда, стр. 357.

<sup>40</sup> Сонда, стр. 261, 263.

неше түрлі тамаша аңыздар, жырлар естиді<sup>41</sup>. Бұл үшеуімен қосылып, қыркүйек айының бас кезінде Қарқаралының бойында беріліп жатқан Боранбайдың тоқсан күндік асына қатынасады. Боранбай қырғыздардың ұлы манабы, оның асына барлық қырғыз жұрты болып қатынасады. Қырғыздың не түрлі білгіштерін, құйылма шешендерін, ақпа ақындарын Шоқан әсіресе осы аста еркін көреді<sup>42</sup>.

Қашқар сапарының үстінде Шоқан Ақсай, Арпа, Атбашы, Нарын бойларын қоныстап отырған жауынгер ел саяқ пен шерік тайпаларының ортасында болып, олардың жерінде көп соны жатқан дүние де кездеседі<sup>43</sup>. Бірақ, өкінішті жері, өзі ауырып, қорқыныш үстінде келе жатқан Шоқан, дәптеріне ешнәрсе жазуға мұршасы келмей, тез Алматыға жетуді көксейді.

Ыссық көл жағасына жеткенде Шоқан бұрын көрмеген Сарыбағыш Орман, Жантай, Төркекелді ауылдарына кездесіп, ол жерден тағы да қызықты әңгімелер естиді. Шоқанның байқауынша, Боранбайдың тірі кезінде Сарыбағыштар Ыссық көлдің Оңтүстік жағасына келе алмаған. Олардың Ыссық көл жағасында отырғаны Шоқанды қатты қызықтырады, ол жерге тағы да келуін үміт етеді.

Бұл келтірген мәліметтер Шоқанның қырғыз халқымен қалай әңгімелесіп, олардың ертегі-жырын қалай жазып алғанын еске түсіретін жарқын бір көріністер.

Біз енді «Манас» жыры қалай жазылып алынды деген әңгімеге қайтадан оралайық. Оқиганың жалпы сұрлеуіне қарағанда, Шоқан «Манас» жырын жүйрік білетін жыршыны Қарқарада бас қосқанда бұғы елінің басшыларынан сұрап білген сияқты. Ол бас қосу 1856 жылдың 24 мамыр күні болатын. Арада екі күн өткен соң, 26 мамыр күні, Шоқан экспедициясымен Түп өзені бойында демалып жатқанда, ол жыршы Шоқанды өзі келіп табады. Демек, жыршыны Шоқанға әдейілеп жіберген бұғы елінің басшылары екеніне сөз жоқ.

<sup>41</sup> Сонда, т. II, стр. 177, 226.

<sup>42</sup> Сонда, т. I, стр. 414. т. II, стр. 226.

<sup>43</sup> Сонда, т. II, стр. 196-202, 254-258.

Қарқарада жолыққаннан кейін істің бұлай тез оралуы мұны анық көрсетеді. Шоқан Ыссық көл дәптерінде бұл туралы былай деген:

«26 мамыр. Бүгін менде қырғыз жыршысы болды. Ол «Манас» жырының тілі (қырғыздардың) ауызша сөйлеуінен анағұрлым түсінікті<sup>44</sup>». Кейін Петерборда, география қоғамында сөйлеген баяндамасында бұл туралы және былай дейді: «Манас» жырының бір тарауы саналатын «Көкөтай ханның асы» дейтін жырды қырғыз ақынының айтуынан жазып алдым. Бұл қағаз бетіне бірінші рет түсірген қырғыз сөзі болуы керек. Бұл жырды мен (орысшаға) аударып жүрмін. Белгісіз жатқан тіл мен Шығысты зерттеуші ғалымдарды таныстыру үшін қысқаша сөздік жасамақ ойым бар<sup>45</sup>. Бірақ өкініші кетпейтін бір іс, «Манас» жырын айтқан жыршының атын Шоқан дәптеріне жазбаған. Және айтушы жас ақын ба, болмаса халық сыйлаған қарт ақын ба, ол арасы да белгісіз.

Қырғыз халқының қария сөзі Ыссық көл төңірегінде XIX ғасырдың орта кезінде халық ардақтаған бірнеше манасшылар болған. Олардың барлығы бергі кезде ұмытылған — бұрынғы «Жайсаң жыршылардың» ұрпағы болып саналған. Олардың ең үлкені қырғыз халқы аңызға айналдырған атақты Келдібек Кәрібоз ұлы (1800-1879). Келдібек жыр тасқынын үсті-үстіне төгілткен сұрапыл ақын болған. Ол «Манас» жырын айтқанда «дауыл тұрып, үй солқылдаған». Келдібектің соңын ала шыққан ұлы манасшының бірі Назар Болат (1828-1893). Бұлардан бұрын болған атақты жыршылардың аты халық аузында артық кездеспейді, олар бүтіндей ұмытылып, олардың жинақ атын «Жайсаң жыршы» деуге айналған. Алайда, Шоқан мен В. В. Радловтың кезінде тарихи жасаған жыршылардың аты халық ортасында соншалық жоғалып кетпей, бір сілем қалдыруы керек еді. Бірақ ардақты ғалымдар оларға көңіл бөлмей, ойларын бір ғана қырғыз халқының поэзия құрылысына жұмсаған. Олар тіпті сол кездегі даңқты манасшылар Келдібек пен Назар

<sup>44</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. I, стр. 250.

<sup>45</sup> Сонда, т. I, стр. 421-422.

жыраудың өзін еске алмаған. Оларды білмеді деуге болмайды, білген кейбір мәлімет бойынша «Манас» жырын олар осылардан атап айтқанда Назар деп жазып алған.

Қырғыз халқын көп уақыт аралап жүріп Шоканның атағы бір ғана Телтай ақын, ол туралы да Шоқан өте сараң, бір сөзбен «Феномен» деп қана анықтаған. Бірақ сол бір ауыз сөздің өзі зерттеушіге ой түсіріп, Телтайдың ерекше адам екенін көзге елестетеді. Егер Телтай Шоқанға неше түрлі қызықты жырлар айтып, өзінің ақындық қасиетін көрсетпесе, Шоқан оны бостан-босқа «феномен» деп айтпаған болар еді. Тегінде Шоқан ақындарды мақтауға өте сараң болған. Сол кездегі атақты деп саналған қазақ ақындарынан Шоканның сынына ұнағаны тек қана Жанақ, қыпшақ Жұмағұл, карауыл Арыстан ақын болған.

Шоканның «Қашғар дәптерінде» жазғаны бойынша, Телтай Борсықпен бірге Шоканды Зәукі асуына дейін шығарып салған. Тегінде осы жолы Телтай арба үстінде отырып Шоқанға талай қызықты жырлар айтқан болуы керек. Сондықтан халықтың дарынды ақындарын ерекше бағалайтын Шоқан, оның ойын, сезімін ағылған жыр тасқынмен бөктірген Телтайды «феномен» деп атаған сияқты<sup>46</sup>.

Біздің бұған дейін айтып отырғанымыз көбінесе бұғу тайпасынан шыққан ақындар. Белгілі жазушы, саяхатшы М. И. Венюков Ыссық көл төңірегін аралап жүргенде, Сарыбағыш тайпасының атақты жыршысымен кездеседі. Бірақ бұл кісі де ол жыршының аты-жөнін атамайды. Бұл кемшілік, тегінде, сол кездегі ғылыми-зерттеу жұмысының жастық шағын көрсететін сияқты.

— 1860 жылы, — дейді М.И. Венюков, — біздің қосында Сарыбағыш ақыны бірге болды. Ол әрбір кеш сайын қасына тыңдаушыларды топ-тобымен жинап, оларды құйылта айтқан жыр, әңгімемен таң қалдырып отырды. Оның жырлағаны бір ханның асыранды баласының басынан кешірген ерлік оқиғалары. Ол жырлағанда шаршау, бөгелу

деген ойына келмейді. Ақындық қиялы көкке шарықтап, адамды еріксіз ғажайып дүниеге кіргізеді. Бірнеше күн мазмұны халық аңызынан алынған ұзақ поэманың негізгі тарауын айтып шықты. Бір ғажабы, жыршының сайраған дауысының мүлтіксіз ашықтығы сонша, оны поэманың тілін түсінбеген кісінің өзі бағалай білетіндей еді. Жырды кейде созып мұңды күймен айту, кейде желдіртіп терме, желдірмемен айту, жыршының түбегейлі қасиеті екені байқалады. Тегінде бұл жыршы халық ортасында ең атақты жыршылардан деп саналады<sup>47</sup>.

Бұл атақты жыршыны М.И. Венюков Куте-Малдыда болған орманның асында тағы көреді. Ас үстінде бірнеше күн айтқан қызықты жырымен ақын жиылған топты өзіне қаратып алады. «Жыршының қияпаты, — дейді М. И. Венюков, — Хафизге ұқсайтын еді. Оның жырын естуге құмартқан қырғыздардың қуанышы тойдағы өзге қызықтардан артық болмаса кем емес еді». Бұдан көрінетін шындық, XIX ғасырдың орта шенінде және одан бұрынғырақта «Манас» жырын мүшел-мүшелге бөліп, бірнеше күн тұтасымен айтатын ұлы жыршылар үлгісі болған. Олардың ішінен халық ойында сақталған атасы, асқан жүйрігі Келдібек пен Назар жырау. «Манас» жырын сәулетті түрге жеткізіп, оны ұлы эпопея жасауда бұлардың ролі ерекше болуға тиісті. «Манас» жырының жойқын көлемі туралы Шоқан география қоғамында сөйлеген баяндамасында біраз дұдамалданған. Бірақ, бұл Шоканның өз ойы болмауы керек, ол өзімен сыбайлас ғалымдардың пікірін еске алған сияқты. Өйткені, оның қырғыз әдебиетіне арнаған ең алғашқы жазуында мұндай күмәндықтың ізі де жоқ. «Манасты» үш күн айтып бітіруге болмайды, «Семетейді айтуға да сонша уақыт керек», — деп ашық жазған.

«Манас» жырын бірнеше күн ұдайымен жырлайтын ұлы манасшылар XIX ғасырдың екінші жартысында көбірек кездеседі. Олар Балық, оның баласы Найманбай, Шоңбас, Чо-

<sup>46</sup> М. Венюков. Очерки Заил'ийского края и Причуйской страны, записки РГО, 1861, стр. 115-116. М. И. Венюков. Путешествия по окраинам русской Азии и записки о них. СПб, 1868, стр. 169.

<sup>47</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. II, стр. 177.

юке, Акылбек, Тоспыбек, Сұраншы, Қарашы жыршы, тағы басқалар. Бұлардың кейбіреуі совет дәуірінде ардақталған атақты манасшылар Сағымбай Оразбеков пен Саяқбай Қаралаевтың ұстаздары. Бұлардың барлығына ортақ нәрсе, манасшы болардың алдында олардың түсіне Манас пен оның қырық шорасы кіріп, ақындық қасиетін олардың ауыздарына құяды-мыс. Содан «Манас» жыры оларға түсінде қонады деген ұғым болған. Мәселен, Қарашы жыршының қалай манасшы болғаны туралы халық аузында мынадай аңыз бар. Қарашы қой бағып жүрген, әке-шешесі жоқ жетім бала екен. «Манас» жырын айтуға сондай құмар екен. Бір күні далада ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде соңынан топ адам ерген, астына аққұла ат мінген, басында үлкен қалпағы бар, қызыл шырайлы кісі аян беріп балаға келеді: «Бізді танысың ба?» «Жоқ, танымаймын». «Танымасаң мен Манаспын, менің артымда тұрған — Семетейдің шорасы Күл-Шора», — дейді. Таныстырып болған соң Манас: «Айт «Манасты!» — дейді. Қойшы бала: «Білмеймін, айта алмаймын», — дейді тартынып. «Олай болса дауысыңды шығар, а, де, аузыңды аш!» Бала аузын ашады. Манас баланың аузына үш түкіреді. Содан былай Қарашы төкпе жыршы, манасшы болып кетеді. Қарашы бұғы тайпасынан, тұрақ жері Қарақол төңірегі. Оның ең көп айтатыны «Чоң Ғазат» еді, соның өзін жеті-сегіз күн жырлап тауыса алмайтын<sup>48</sup>.

Совет дәуірінде дансты атқа ие болып, ұлы манасшылар тобына кіргендер Тоғолок молдо, Байымбет Абдрахманов, Сағымбай Оразақов, Саяқбай Қаралаев, Жаксылық Сарықұлы, Шапақ Рысмендиев. Бұлардың барлығы да «Манас» жырын ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға жеткізу жолында көп еңбек сіңірген ұлы жыршылар.

Шоқан «Манас» жырын 1856 жылы қай жыршыдан жазып алды?

Ол кезде Шоқанмен тұстас болған жыршылар жоғарыда аталған Келдібек, Назар, Телтай, Балық. Бұлардың барлығы да Ыссық көл төңірегінде жасаған манасшылар. «Ма-

нас» жырын Шоқан осылардың біреуінен жазып алғаны күмәнсіз. Жырдың сәулетті түріне, шалқыта айтқан маңғаз сөзіне қарағанда, бұл жырды Шоқан бір ұлы манасшыдан жазып алғаны анық. Сонда кімнен? «Манас» жырын зерттеуші қырғыз ғалымы Валиханов «Көкетай» жырын «Ыссық — көлдегі чоң манасшы Назар Болотовдан Тоқсаба Олжабаевтың ауылында жазып алған», — деп Саяқбайға сілтеу жасайды<sup>49</sup>.

Мұнда Саяқбай Назар манасшыны көрген кісі түрінде айтылған. Бірақ бұл қисынға келмейді, өйткені Назар жырау Саяқбай туардан бір жыл бұрын (1893) өлген, бұл арасын терең қарамаған. Шоқанның Манасты Назар жыраудан жазып алғанының басқа түрлі дәлелі бар. Ыбрай Әбдірахманов революциядан кейін Жетісуға тұратын Жандеке деген манасшыны тапқан. Жандеке өзі туралы айтқанда «Мен Назар жыраудың шәкірті едім, «Манас» жырын мен сол кісіден үйренген едім», — дейді. Мұндағы бір тамаша жері, Жандекенің айтқан Манасы — жыр құрылысы, текст жағынан сөз қолдану, термин жағынан Шоқан жазып алған «Манас» жырына өте ұқсас.

Мәселен, Шоқанда:

Ботаның сазын бойлаған,  
Күнде құмар ойнаған.  
Қазандай қара бөркі бар,  
Қан шыққанның бәрісін,  
Сораман деген еркі бар.  
Ер Жолтайға бараман  
Алабас жорға шұбар ат  
Айдап тарту қыламын.  
Алтынды құрме киемін  
Айтулы төре боламын.

Жандекеде:

Ботаның сазын бойлаған,  
Күнде құмар ойнаған.

<sup>49</sup>З. Мамытбеков, Ә. Абдылдаев. «Манас» эпосын изилдеуіміз КӨӘ бір мәселелері. Фрунзе. 1966, стр. 28.

<sup>48</sup>Иса Асанбайұлының айтуы бойынша.

Күрсіддеген Жолайға,  
Көкетайдың Бокмұрын  
Ат жетелеп кірді дейді.  
Алтыннан күрме киді дейді.  
Әшкере төре болды дейді<sup>50</sup>

Бұл келтірген мысал бойынша, ұстаз бен оның шәкірті Жандекенің айтуы, мазмұны, құрылысы, түр-сипаты біріне-бірі өте ұқсас, екеуінің де айтқаны Бокмұрынның Жолайдың қасына көшіп барып, оған жақсы аттан тарту тартып жағыну, Жолайша алтын күрме киініп, оның көмегімен еліне мықты төре болу. Жандеке ұстазынан үйренген тарихи жер аттарын (Ботаның сазы, Ор-Кочар, Қыл-Ертіс), тарихи уақиғаларды, тұрмыс-салтын, ешбір өзгертусіз, Назар жыраудың жырлауынша беруге тырысқан. Бұл ұқсастықты әрине кездейсоқ деп айтуға болмайды. Жандекенің айтқан Манасы — Шоқан жазып алған «Манас» жырын Назар жырауға апарып ұштастыратын көпір, Назар нұсқасының бір ұшқыны деуге болады.

Халық әдебиет мұраларын жазып алуға Шоканның тәжірибесі бұрыннан мол болатын. Ол тіпті науша бала күнінің өзінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Едіге», «Ер Көкше», «Орақ» жырларын жазып алған. Бірақ «Манас» жыры ол айтқан жырлардай емес, бірнеше тәулік айтса таусылмайтын, жойқын ұзақ жыр. Сондықтан Шоқан оны тегіс жазып алуға уақыт таба алмай, басқа түрлі әдіс қолданады. Жазып алмас бұрын, 27-29 мамыр күндері Назар жырауға оны толығынан айтқызып, жырдың негізгі сюжетімен танысып, оның құрылысы, тілі, кейіпкерлері туралы түбегейлі ойларын өзінің дәптеріне жазып үлгіреді. «Манастың» негізгі желісін естіп болған соң, оның ішінен таңдап жырдың ең тамаша бөлімінің бірі «Көкетай ханның асы» деген тарауын алады. Үлгі кесек, күрделі нәрсеге артық көңіл аударатын Шоқан мұнда да өзінің талғауын ұмытпайды. Бір жұма айтса

таусылмайтын Манас жырын тегіс жазып алуға мүмкіндігі болмаған соң, осы Көкетай жырына тоқтайды.

«Көкетай әңгімесі» — бір кездегі көшпелі тайпалардың тұрмысын көркем эпикалы суретпен шалқыта берілген «Манас» жырының аса қызықты, ғылыми өте бағалы бір тарауы. Халық тұрмысын жүйрік түсініп, оның тарихына, рухани мәдениетіне ерекше мән берген жас ғалым мұны жақсы аңғарған. Өйткені, халықтың өткен дәуіріндегі тіршілігі, оның жұртшылық заңы, көшіп-қону салты, шаруашылық тұрмысы бұл жырда ашығырақ суреттелген. Шоқан өзге суреттерден Күнбатыс Қытай мен Бейжін қаласына байланысты, халықаралық қарым-қатынасты көрсететін тарихи бағалы уақиғаларды жазып алуға тоқтаған. «Бірнеше күн айтса бітпейтін, — дейді Шоқан, — жойқын поэманың мен бір ғана тарауын жазып алдым. Ас беру, ат шаптыру сияқты халық тұрмысын ашық суреттеу жағынан «Көкетай ханның асы» — Манас жырының ең бір тамаша тарауы»<sup>51</sup>.

Шоқан «Манас» жырын толық жазбағанымен, жыршыдан естіген оның негізгі мазмұнын кейін есіне түсіріп, Манас жырының эпизодтарын қырғыз халқына арнаған жазуларына толық пайдаланып отырады. Оның «Манас» жырына сүйеніп айтқан ойлары «Көкетай хан» әңгімесінен анағұрлым кең, соны материалдар.<sup>52</sup> Егер Шоқан «Манас» жырының мазмұнын ойында толық сақтамаса, оның әрбір суреттерін өзінің жазуларында кеңінен пайдалана алмаған болар еді.

26 мамыр күнінің өзінде «Манас» жырын жыршыдан жақсылап тыңдаған соң, Шоқан Түп өзені жағасында шатырда отырып, Ыссық көл дәптеріне бұл жыр туралы зор теориялық мәні бар ойлар жазып қояды. Сол күнгі жазуында Шоқан былай деген: «Жырдың алыбы ноғайлының батыры Манас қорқуды білмейтін ер. Жалғыз-ақ қылығы күншығыс елінің әдетінен бүтіндей басқа. Өз әкесін өзі жәбірлеп, ма-

<sup>50</sup> Әбдірахманов Ыбрай. Манастың қайсы қылымдарда болғаны туралу. Советтік адабият жаңа искусство. 1941, №3, стр. 61.

<sup>51</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. 1, стр. 596.

<sup>52</sup> Сонда т. 1. стр. 246, 351, 352, 356-375, 387-391, 420-422, 595-596.

лын талауға түсіріп, аяқ асты қылды. Бұл таң қаларлық іс. Барлық көшпелі елдің жорасы ең алдымен үлкенді сыйлау. Ақсақалды қарт адам олардың қадірменді адамы болып саналады. Бұл айтқан толқынды ойларды Шоқан жырының айтуынан естіген болуы керек, бірақ өкінішті жері «Көкөтай жырына» кірмей қалған.

Осылай терең ойдың толғауы мен жазуына караганда, жиырмадан жаңа ғана асқан жас Шоқан сол бірінші рет тыңдауының өзінде «Манас» жырын жақсы түсініп, онда кездесетін әлеуметтік тартысты философиялық сүзгіден өткізе бастаған.

Шоқанның мұнда көбірек ой бөлгені «Манас» жырының сюжет құрылысы, оның қай заманның шындығын еске түсіретіндігі. Осы мәселені анықтау мақсатымен Шоқан қырғыз халқының «Манастан» басқа да барлық ой-қазынасын ақтарады, олардың мифін, тарихи-аңыздарын, аңыз болған әңгімелерін іздейді, қырғыз қарияларының айтуынан олардың неше алуан түрлерін жазып алады. Үш-төрт жыл өткен соң, Шоқан Петерборда географиялық қоғамның мәжілісінде оқыған лекциясында бұл туралы ойларын ашық айтқан.

Шоқанның аса қызығып жазғандары әсіресе Ыссық көл туралы ел аузында айтылатын ескі аңыздар, қырғыз халқының «қырық қыздан өсіп таралды» дейтін, «Ыссық көлдің көбігінен жүкті болды» дейтін қырғыз аналары туралы аңыздар. Бұл жазып алған хикаяларын Шоқан «Манас» жырының сюжетімен салыстырып, кейбір элементтерін одан іздеп табады, шежіре-аңыздарды Әбиғазының шежіресімен салыстырады, оның «қырғыз оғыздан таралды» деген анықтауына орай тарихи-әңгімелер іздейді. Қырғыздардың Енисейде болғаны туралы ел аузында айтылатын ертегі, аңыз-жыр жоқ па екен деп іздейді, бірақ таба алмай қатты күйзеледі.

«Манас» жырының тарихи негізін ашып, оған толық талдау жасау үшін, Шоқан қырғыз халқының ортасынан тағы да көптеген ертегі, миф, қария сөздер іздеп табады.

Соның бірі — «Шағырым жалғыз»<sup>33</sup>. Мұны ерте замандағы «Манас» әңгімесінің бір сюжеті деуге болады. Өйткені, әңгіменің геройлары «Манас» жырындағы геройлармен аттас келіп отырады. Шоқанның байқауынша, қырғыздардың мифы, анызы, жыры, ертегісі, түү бастағы ежелгі қалпында сақталған. «Бүгінгі қырғыз көзқарасымен алғанда, — дейді Шоқан, — олардың жырында, қария сөздерінде бірталай ерекшелік бар, Онда біріншіден, бүгінде «ұят» саналатын сөздер жиі кездеседі. Екіншіден, жырдың құрылысында мақтаншы, салтанат сезімдері басым болып отырады». Жалпы айтқанда, қырғыз халқының тарихи әңгімелері, қария сөздері артық өзгеріске түспеген, ежелгі құрылысын сол қалпында сақтаған. Бұл тұжырымды Шоқан тек қана «Манас» жырының фактісіне сүйеніп айтқан.

Ыссық көл төңірегінде жүргенде Шоқан қырғыз халқының ауыз әдебиеті туралы тағы мынадай сын айтады: «Қырғыз халқының ертегі-жыры түр жағынан сонша бай болмаса да, қызықты әңгімелері өте көп. Олар өзінің құрылысы бойынша өте ерте заманды көрсетеді. Қырғыздардың бір ғана ұлы эпосы бар, ол — «Манас»<sup>34</sup>.

Шоқаннан бес-алты жыл кейін «Манас» жырын белгілі ғалым-академик В. В. Радлов жазып алады. Ол кісі Жетісу қазақтары мен Алатау қырғыздарын ең алғаш 1862 жылы аралап, бірінші рет олардың рухани тіршілігімен, халық поэзиясымен танысады. «Бұл кез қырғыз халқының Россияға жаңа ғана бағынған, халық поэзиясының бүтіндей тұнық жатқан кезі болатын. Сондықтан көреген ғалым қырғыз халқының эпос жыры толық гүлдену үстінде, — деп, Шоқан сияқты жарқын ойларды айтады»<sup>35</sup>.

В.В. Радловтың 1862 жылғы сорабы Токпақтан Шу өзенін өрлей көтеріліп Буам кезеңі арқылы Ыссық көлге өтеді, одан

<sup>33</sup>Архив постовбведов ИНА АН СССР разр. П оп 4 д. 38, л. 25-27.

<sup>34</sup>Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. 1, стр. 418, 351.

<sup>35</sup>В. В. Радлов. Краткий отчет о поездке в Семипалатинскую область и на Иссык-кульском, 1869 г. Изв. РГО т. VI, №3, СПб. 1870, стр. 99.



Қара көл барады. Ауырып қалған ғалым жұмысын тоқтатып осы арадан Барнауылға қайтады.

Бұл алғашқы саяхаты туралы В. В. Радлов 1863 жылы 20 тамызда Петербург академиясында баяндама жасап, қырғыз бен қазақ тілінде қаншама байтақ мәліметтер жинап алғанын әңгімелейді. Соның ішінде көлемі 80 беттік «Манас» жыры бар екенін айтады<sup>56</sup>.

Халық әдебиет үлгілерін жинағанда Радлов оны еш өзгертусіз, жер-жердегі халық диалектісі бойынша жазып алғанын түсіндіреді.

Радловтың бұл алғашқы сапарының қорытындысы біраз толықтырылып француз, неміс тілдерінде және басылып шықты. Француз тіліндегі мақаласында В. В. Радлов қазақ пен қырғыз халқының арасында біраз айырма бар екенін түсіндіре келіп, оларда «дуалистік» дін ұғымы басым екенін дәлелдеп, исламнан көрі ескі тәңірге табынудың түрлері көбірек жолығатынын баяндайды<sup>57</sup>.

Ол кездегі жазушылардың қате айтқан пікірлеріне бүгіндей қарсы тұрып, В. В. Радлов қазақ пен қырғыз халқы музыкамен жырға өте дарынды халықтар екенін анығырақ сипаттайды. Шоқанның «Манас» жыры туралы айтқан ойларына тоқталып, бұл жырдың поэтикалық қасиеті орасан биік екенін, «өзінің толық қалпында» өркендеп келе жатқанын сөз етеді.

Бірақ Шоқанның қырғыз бен қазақтардың халық жыры Еуропаның, оның ішінде славян жұрттарының халық жырына өте ұқсас деген пікіріне В. В. Радлов қосылмайды. «Қазақ халқының саяхатшысы Шоқан Уәлиханов солай деп айтса да, мен олардан Еуропа эпосына ұқсас ештеңе көрмедім», — деп Шоқанның бұл туралы ойларына дау айтады<sup>58</sup>. Тегінде

<sup>56</sup>W.Radloff.Kurzer Rerichte uber eine im Sommer 1862 unternommene Reise in die Ostliche Kirgizen,Steppe, Bulletin de l'Academie imperial des Seincos de St.-Petersb. 1863, t.VI, p.415-420

<sup>57</sup> W.Radloff Observation sur les, Kirghis.Lournal asiatigne, 1863, Ortobre, p.309-318

<sup>58</sup> W.Radloff Observation sur les Kirghis. p. 326.

Шоқан айтқан ұқсастықты кейінірек Н.И. Веселовский, Г.Н. Потанин, В.В. Стасовалар да айтқан. Бірақ бұл ұқсастықты олар Шығыс әдебиетінің ықпалынан деп білген<sup>59</sup>. Теориялық маңызы зор бұл мәселені кейінгі зерттеушілер, әрине, бұдан көрі толығырақ анықтауға тиісті.

Қазақ пен қырғыз поэзиясын зерттеп жинауда В.В. Радловтың ең жемісті сапары 1869 жыл болды. Бұл жылы аяулы ғалым халық поэзиясының тұнық жатқан бай жеріне кездесіп, қаншама эпикалы-жыр тобын жазып алуға үлгерді. Оның ішінде «Манас» жырының көлемді версиясы, «Алмамбет», «Жолай» жырлары. Бұл жырларды В.В. Радлов көбінесе Ыссық көлдің күнбатыс төңірегін қоныстаған Сарыбағыш ортасынан, не Тоқпақ төңірегін мекендейтін Солты тайпасының ортасынан жазып алады. Ғалымның өзінің айтуынша, осы жылғы жазып алған қырғыз халқының әдебиет мұралары оған «бітік шыққан егінді орғаннан кем болмайды». Бұл мұралар, — дейді В.В. Радлов, — бір ғана тіл зерттеушілер үшін емес, халық жырын, оның мифін зерттеуші-ғалымдарға да қымбат қазына болуы анық.

В. В. Радлов көп жырмен бірге Шоқан жазып алған «Көкетай» жырын да жазып алып, оған «Бокмұрын» деп ат береді (жыр бойынша Бокмұрын Көкетайдың баласы). Екі ғалым екі түрлі атпен жазып алғанымен «Көкетай» мен «Бокмұрын» жырлары текст жағынан біріне-бірі өте жақын, мазмұны да, көлемі де шамалас. Тегінде екеуі де бір жыршыдан (Назар жыраудан) жазып алынғанға ұқсайды. Мазмұн жағынан екі жырдың арасында көп өзгешелік жоқ. Айырмашылық тек қана жыршының қандай шабытпен айтуынан, жазып алушының қолданған әдісінен ғана аңғарылады. В. В. Радлов жазуында кейбір әдемі суреттермен бірге, жырдың ағымы жүйелі түрде суреттелмей, кейде үзіліп, кейде кібірткіктеніп отырады. Шоқанның жазуындағы аңқып тұрған хош ниістер, көркем бейнелер мұнда сараң кездеседі. Тегінде Шоқанға ашқан кеудесін жыршы аяулы

<sup>59</sup> Г. Потанин. Восточные основы русского былинного эпоса. Вестник Европы. 1896, т. II, №3, 4, стр.604, 634. Вестник Европы. № IX, 1890, стр. 121.

Ғалымға кең аспаған, кулыққа салып «Көкетай» жырының көп жерін калдырып айтқан, оның ішінде Көкетайдың өсиет сөзі бүтіндей жок: көш жолы, ас беру, асқа шақыру, ат сынау суреттері Шоканның жазуындағыдай шалқыта айтылмай қысқа-қысқа, кібіртік түрде жазылған. Бұлай болудың себебі, жыршы В.В. Радловты «ақ патшаның ұлығы» деп түсініп, оған басқа сезіммен караған. Жырдың тарихи құрылысын өзгерте айтып, оның көп жерін «ақ патшаның мақтауға арнаған, оның бас алыбы Манасты «ақ патшаның карауындағы батыр» деп суреттеген. Мұның бәрі, әрине, «ақ патша ұлығына» жағынып, оның көңілін алдап, тағы да сыйсияпат көрсем деген оймен істелген. Сондықтан В.В. Радловтың жазуында жырдың тарихи заманнан қалыптасқан түріне қайшы келетін, «патша ұлығының» емеурініне қарай бұрмалап айтқан, бояма сөздер жиі кездесіп отырады.

Қырғыз әдебиет мұраларын жазып алу өте қиындыққа түскенін зерттеушінің өзі де ашық айтқан. Ол кісінің ойынша, бұл қиындықтың бас себебі, қырғыз ақындары жаздырып айтуға төселмеген. Олардың барлығы да тұтас жырды басынан аяғына дейін төгілте айтуға әдеттенген ақындар. Олардың ішінде құйылма ақындар көбінесе екіленіп, зор шабыт тасқынымен айтағын болғандықтан, оларды баяулатып, не бөгеп отырып айтқызу өте ауыр тиген, оның үстіне бір айтқанды қайталап айтқызу оларға еңбегі еш болған сияқты көрінген. Әрбір бөліп, не қайталап айтқызығанда ақындардың ой тасқыны саябырлап, кібіртіктеніп, бір қалыпты тұтас сурет шықпай, жырдың түрі өзгеріп отырған. Кейде көп жерін жаңылып қалдырып та отырған. «Баяу жазу, бір жырды қайта-қайта айтқызу, менің жиі қойған сұрақтарым, — дейді В. В. Радлов, — ақынның тасқын ойына бөгет болып, оның елігіп айтуын көп әлсіретті, қайталап айтқандары алғашқы айтқанындай күшті болып шықпады». Мұны жақсы сезген ғалым Шокан сияқты ең алдымен жырды тұтасымен айтқызып, оның негізгі сюжетімен танысады, жырдың мазмұнын, уақиғасын кара сөзбен жазып отырады, тек содан кейін ақынға жаңадан айтқызып жазуға кіріседі.

Ғалымның бақылауынша, қырғыз ақындарының айтуы

өте ашық, олардың жырға қобызбен үн қосуы тындаушыға бөгет болмаған. «Манас» жырын өз ойынан шығарып айтқан жыршыларды ғалым ескі гректердің аездтерімен салыстырып, ойынан шығармай, тек лайын жырды жаттап алып айтқышыларды рапсод деп анықтаған.

Академик Радлов қырғыз елін аралап жүргенде бірнеше атақты жыршылармен кездескен, бірақ өкінішті жері, олардың аты-жөнін жазбаған. Сол ақындардың бірі В. Радловқа: «Жырлауды Құдай менің аузыма құйған, мен жырды іздеп отырмаймын, оны жаттап та алмаймын. Жыр менің өзімнен құйылып шығады», — деген.

Алатау қырғыздарын бірнеше рет аралап, оның байтақ халық жыр мұраларын толық жиып алған соң В. В. Радлов ол бай қазынаны 15 жыл бойы отырып, ғылым елегінен өткізеді, ең соңында қырғыз халқының ерлік жырлар тобынан арнаулы бір том жасап, оны «Солтүстік түркі тайпаларының халық әдебиет үлгілері» деген сериямен баспадан шығарады<sup>60</sup>.

Тап осы жылы қырғыз текстілерімен бірге оның немісше аудармасы да жарық дүниеге келеді<sup>61</sup>. Бұл жинаққа кіргендер: «Манастың тууы», «Алмамбет», «Манас пен Ер Көкше», «Бокмұрын», «Көзқаман», «Семетей», «Йолой», «Ер Төстік». Басқа түрде айтқанда мұның барлығы «Манас» жырының тобына кіретін жеке дастандар. Мұнда бір еске алатын нәрсе, Шоканның жазуында да, В. В. Радловта да «Ғазат», «Чоң Ғазат», деп бөлген тараулар бүтіндей жок, жойқын соғыс суреттері олардың екеуінде де болғанымен, оларды «Ғазат» деп атап бөлмеген.

Академик В. В. Радлов қазақ пен қырғыздардың, тағы басқа туысқан елдердің халық әдебиет үлгілерін жарыққа шығарумен бірге олардың тарихи теориялық маңызына да үлкен көңіл бөлген. Ғалымның бақылауынша, қазақ пен қырғыздардың ерлік жырларында ең ескі дәуірлерді меззей-

<sup>60</sup> В. В. Радлов. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Наречие дикокаменных киргизов. Ч. V, СПб. 1886. стр. 599.

<sup>61</sup> W. Radloff Proben der Volksliteratur der nordlichen turkischen Stamme, theil V. Der dialect Karakirgisen. Spb, 1885.

тин бейнелер аз емес. Батырлар ертегісі, фантастикалык, сюжеттер, адамды таң калдыратын гажайып уақигалар, мифтік сарындар, не бүгінде ертегі-мифка айналган алыптар бейнесі — олардың түбегейлі аялгысы болып отырады, — дейді. Ертегі-мифка айналган ерлік бейнелерді айырумен бірге, қазақ пен қырғыз халқының жырлары «княли», керемет, қорқыныш дүниесін суреттеуден гөрі, өзінің күнделік өмірін ашығырақ суреттейтін реалистік әдебиет екенін айтады.

Бұл келтірілген шындықтар, әрине «Манас» жырын жарыққа шығарып, оны зерттеуде академик В.В. Радловтың тындырған ісі аз еместігін көрсетеді.

В.В. Радлов бастырған «Манас» төңірегіндегі жырлар тобы жарыққа шығысымен, шығыс халықтарының тілін, әдебиетін зерттеуші-ғалымдар оны аса жылы көңілмен қарсы алып, қырғыз халқының әдебиеті туралы өздерінің пікірлерін айта бастайды. Бұл жөнінде В.В. Радловтың істеген қауырт еңбегіне ерекше мән беріп, қырғыз халқының әдебиет мұраларының жарыққа шыққанын зор мәдени іс деп бағалаған, бірінші ғалым — Петербор университетінің профессоры Э. Петри болды<sup>62</sup>. Петридің айтуынша, қырғыз әдебиетіне арналған бұл томның ғылыми маңызы өте зор. Өйткені, бұған 12000 жолдық жойқын эпикалы шығарма «Манас» кірген. Қырғыз халқының әдебиетін қазір эпикалы шығарма дәуірінде тұр деуге болады. Өйткені, жырда айтылатын кезеңдердің барлығы қалайда Манас атымен байланысып айтылады. Петридің пікіріне үн қосып, «Манас» жырына кіретін ерлік дастандарының бір тобы мәдениет майданына шыққанына ол кездегі атақты ғалымдардың көбі қуаныш білдірді. Олардың ішінде В.В. Розен<sup>63</sup>, француз

ғалымдары Барбие де Майнер<sup>64</sup>, Паве де Куртеиль<sup>65</sup>, неміс ғалымы Техмер<sup>66</sup>. Күн, тағы басқалар бар.

Қырғыз тілінің ерекшелігіне қатты көңіл қойып, В.В. Радловтың аудармасына зор мән берген оқымыстылардың бірі — түрік тілдерін зерттеуші француз ғалымы Паве де Куртеиль. Бұл кісі «Манас» жырының мазмұнына тоқтай келіп, ең алдымен онда ислам дінінің әсері мен ескі тәңірге табынушылық жосықтары қосылып бірге жүргенін айтады. Паве де Куртеильдің түсінуінше, көшпелі елдер жырына тән нәрсе аңшылық суреті, сонымен байланысты тұлпар атты, сұңқар құсты, жүйрік тазыны қадірлеу. Бұл үшеуі де алып ердің досы. «Манас өлгенде оның ақ-құла тұлпары, ақ сұңқары, құмай тазысы иесін кісіден артық жоқтайды», — дейді француз ғалымы.

Паве де Куртеиль, өткен ғасырдағы ескі теорияның өкілі болғандықтан, ол кісінің дұрыс айтқан пікірлерімен қатар жаңылыс айтқан жерлері де кездеседі. Ол қателік, әсіресе туысқан көшпелі ел мен отырықшы елдерді біріне-бірі қарсы қойып, олардың арасында ашылмас қалың қақпа болғанын дәлелдеуге тырысу. Бұл, әрине, дұрыс емес. Паве де Куртеильдің айтуынша «көшпелі елдердің жан-күйіне тән нәрсенің бірі — егіншілікке, диханшылықпен шұғылданатын сарттарға жирене қараушылық. Осыған орай «Манас» жырындағы Манастың әкесі Жақып тәжіктердің сыртқы түрін соншалық құбыжық көрсетеді. «Мен алып балам Манасқа тәжіктерден бір сұлу қыз таппадым», — дейді. Тегінде Куртеиль Радлов аудармасын жақсы түсінбеген болу керек. Егер түсініп жазса, ескі теорияның салқынымен айтқан. Өйтпесе, егіншілікке, отырықшы елдерге жирене қарау, не оның сілемі «Манас» жырында, оның ішінде Куртеиль пайдаланған Радлов версиясында еш жерде кездеспейді.

<sup>62</sup> Barbier de Magner. В «Comptes Rendus de l'Academie des inscriptions et des Belles-Letters», 1887, t. XV, p. 318.

<sup>63</sup> Pavet de Courteille. В «Journal Asiatique», 1887, t. X, p. 350-362.

<sup>64</sup> Techmer. В «Internationale Zeit Schrit fur allgemeine Sptichwissenschaft», 1887, Bd. III, s. 365.

<sup>62</sup> Э. Петри. Образцы народной литературы северных тюркских племен, собранные и переведенные д-ром В. Радловым. Сибирский сборник под. ред. Н. М. Яришцева. кн. 1, СПб, 1886, стр. 203.

<sup>63</sup> В. В. Розен. Записки Вост. Отдел. Русского археол. Общ. Т. I. 1887, стр. 230-236.

Манастың әкесі Жакыптың «Сұлу қыз таппадым» деуіне ешбір жирене караушылық, не кемсінудің аялғысы бүтіндей сезілмейді және жырда бір ғана тәжік аталмайды, «қытайдан да, қырғыздан да, қазақтан да, өзбектен де, тәжіктен де бір сұлу қыз таппадым», — деп, гипербола не риторика түрінде ғана айтылады. Бұдан бапандай қып «жирене карау» теориясын шығару қате болар еді.

Куртеильдің бұл пікірі Кембридж университетінің профессорлары Чадвиктерге де өзінің әсерін тигізген. Олардың ойынша да «Манас» жыры көбінесе тағылықта өскен қауымның суреті. Онда егіншіліктің, өнершілдіктің сілемі бүтіндей жоқ<sup>67</sup>.

Қазақ пен қырғыз халқының ерлік жырына көңіл бөліп, оның тарихи негізін ашуға тырысқан кісінің бірі П.М. Мелиоранский<sup>68</sup>. «Манас» жырының түріне, оның поэтикалық қасиетіне бірінші көз салған ғалым Ф. Е. Корш<sup>69</sup>.

«Манас» жырынан бір үзіндіні Нарынкол төңірегін мекендейтін бір бұғу жыршысынан Мадияр ғалымы Альмаши жазып алып, оны «Манастың баласы Семетеймен коштасқаны» деген атпен «Мадияр» журналында бастырып шығарады<sup>70</sup>. Бұл жырға берген кіріспе сөз бойынша, Альмашидің «Манас» жырымен бірталай жақсы танысқаны байқалады. Сол кездегі дәстүр бойынша, Альмаши «Манас» жырын «Манастың қысасы» деп атаған. Бұлай атауды ол жыршыдан естіді ме, болмаса өзі қосты ма, ол арасын айтпайды. Альмашидің ол кездегі долбарлауы бойынша Манастың негізгі тарауы 20 мың жол.

<sup>67</sup> Chad wick H.Munro and Chad wick N. Kershaw. Try growth of Literature by H Munro Chad wick N. Kershaw Chadwick Vol.III Cambridge, 1940. p. 72, 73.

<sup>68</sup> П. М. Мелиоранский. О составе и общем характере киргизских былин, см. Тургайская газета. 1896, № 68, стр. 2-4.

<sup>69</sup> Ф. Е. Корш. Древнейший народный стих тур. племен. Записки ВО РАО, т. XIX, вып. 2-3, 1909, стр. 149.

<sup>70</sup> Almasy g. Der Abschied des Halden Manas von Seinem sohne Semetej (Ans dem Karakirgisischen Epos).-'Keleti Szemle Kymgy Orientale pour les etudes Ouralo- altaiques'.Budapest, 1911-1912, t XII. стр. 216-223.

«Семетей» мен «Сейтек» 30 мың жол. Бірақ қайталау өте көп деп жазады. Кіріспе сөзінде Альмаши бірнеше жаңа, дұрыс ойлар айтқан. Жырдың жазба түрінде сақталмай, көп жыршылар тобының ауызша айтуы арқылы халық ортасында даңқты болуын сөз етеді.

«Манас» шын мағынасында халықтың ерлік жыры. Бірақ ислам әсерімен күшті боялған», — деген қорытынды шығарады. Альмашидің бұл айтып отырған шындығы соңғы 50 жыл ішінде (1860-1910) қалыптасқан ой-сана түрі. Болмаса XIX ғасырдың орта кезінде жазып алған Шоканның версиясында ислам әсері тіпті жоқ деуге болады, болса өте солғын түрде кездеседі. Көкөтайдың өсиет сөзінде исламнан көрі ескі нанымның негізі анағұрлым күшті жатыр. Ол жырдың негізгі арқауы дуализмге (ескі наныммен исламға) сүйенген. Сондықтан қырғыз халқының мұсылмандығына Шокан да, өзге жазушылар да өте күмәнді болған.

Альмашидің тағы топ пікірлері жырдағы орасан мол анахронизм, модернизмдер туралы, жырдың туу бастағы құрылысын қадірлемей оған әр дәуірде болған ескіні де, жаңаны да рабайсыз кіргізе бергендік жайлы, Альмашиды аса күйзелтетін әсіресе «Манас» жырында XX ғасырдың басында қолданған қару-жарактың кездесуі, тарихи дәуірлерде қолданған айбалта, найза, садақ, дулығамен қатар Манастың қаруы ретінде жаңа заманның алты атарын, дүрсілін, тағы басқа құралдарын қосып айту. Тамаша эпикалық жырда бұлардың араласып ботқа болып жүруі, әрине, жырдың тарихи маңызын түсіргеннен басқа, оғаш ешбір көрік бере алмайды.

Альмашидің қырғызша жариялағаны — «Манас» жырының соңғы бөлімі, Бейжін қаласын алып, Манастың өлерінің алдында жұбайы Қаныкеймен, жаңа туған нәресте баласы Семетеймен коштасқаны.

Қазақ пен қырғыз халқының әдебиет мұраларын, оның ішінде «Манас» жырын жинауға бірталай үлес қосқан татар мұғалімдері болды. Олардың ішінен ең алғаш жинаушылар қатарында Бахтияр Абдул-Уахабты көрсетуге болады. 1889 жылы бұл кісі қазақ пен қырғыз халқын кең аралап, олардың

айтууна көптөгөн кызыкты ертеги, жыр, такпак, мақал сөздөр жазып алады. Бахтиярдың жазгандарынан «Манас» жырын зерттеуге көмөкші болатындары «насихат», «өсиет өлеңдер», болмаса «керээз». Бул соңгы жырлар Көкөтай мен Манастын өсиет сөздерімен тыгыз ұштасып жатады<sup>71</sup>.

Қырғыз халқының ортасын көп аралап, олардың халық әдебиетіне ой қойған кісілерден тағы да Ғабдулла Бобиды (1891-1922), Хасан Ғалиды, Рашидті келтіруге болады<sup>72</sup>. Ғабдулла Боби «Құлжаға саяхатқа» барып, сонда қазақ пен қырғыз балаларын оқытқан кісі<sup>73</sup>. Текес, Күнгес, Іле өзендерінің бойында жайлап отырған қазақ пен қырғыз ауылдарын аралап, олардың ас, той, басқа мерекесіне қатысқан кісі. Боби көзі ашық, жаңа заманның прогрессшіл, санылақ адамы болғандықтан, ас, тойға жасаған жойқын каражатты мектеп ашып, бала оқытуға жұмсар ма еді деп кеңес берген кісі<sup>74</sup>.

Бобидың қазақ пен қырғызға арнаған үш томдық қолжазбасы бүгінге дейін жарық көрмеген. Оның ішінде «Манас» жырының сырын ашуға керекті дәйектер аз болмауына тиісті. Сондай дәйектердің бірі — Хасан Ғалидың қырғыз фольклоры туралы жазгандары. Мұнда да Манас туралы ойлар кездесіп отырады. Өйткені, Хасан, Ғали Боби тәрізді қазақ пен қырғыз тілін жүйрік біліп, «Манас» жырына үніле көңіл қойған кісінің бірі<sup>75</sup>.

Әубәкір Диваевтың кеңесі бойынша, революциядан бұрын «Манас» жырын жазып алуға шұғыл кіріскен кісінің бірі — Қаюм Мифтах. Бұл кісі көптөген жыл бойы аруды, шаршауды керек қылмай, «Манас» жырының толық түрін жазып алуды өзіне мақсат етіп қояды. Ауылдан-ауылға, елден-

<sup>71</sup> Қазан универ. ғылыми кітапханасы, қолжазбалар бөлімі. №131

<sup>72</sup> «Уақыт» газеті, 1912, №981; «Жұлдыз», 1912, №837, 839-840.

<sup>73</sup> «Шора» журналы. 1911, № 4, 10-бет.

<sup>74</sup> Қазан универ. кітапханасы, қолжазба бөлімі, № 208, дп 99-110.

<sup>75</sup> Қазан универ. кітапханасы, қолжазба бөлімі, 1579, XXX.

елге кезіп жүріп, қырғыз халқының әдебиеті, жұртшылық тұрмысы жайында ол үш мың беттік қолжазба тізеді. Оның қауырт басымы Манасқа арналады. Манасты Қаюмға манасшылар «Ұлы жыр» деп, өзгесін «Қара жыр» деп жаздырады. Елді аралап жүргенде Қаюм «Манас» жырын алпыс күн ұдайымен айтқанын естиді. Ол кісінің айтуынша, «Манас» жырының тобы елу тарауға бөлініп, оның орталық бейнесі ретінде бәріне Манас қатынасып отырады. Халықтың әрбір той-мерекесі ешуақытта ақын-жыраусыз өтпейтінін жақсы білген Қаюм, ас, той болған жерді қалдырмайды, онда жиналған жыршылар тобымен кездесіп, олардың қаюм ортасындағы атқаратын міндетін айырмашы болады.

Революциядан кейін (1922) Қаюм өзі жинап байтақ қазыналарын баспадан шығаруды талап етіп, қырғыздың Халық ағарту Комиссариятына ұсыныс жасайды, жинап халық әдебиет мұралары туралы «Жетісу» өлкесін зерттейтін қауымда ашық баяндама жасайды<sup>76</sup>. Тегінде Мифтахтың талабы осымен біткен болу керек. Өйткені, әдебиет жүзінде оның жинап «Манас» жыры жиырмасыншы жылдары баспадан шыққаны бізге бүтіндей белгісіз. Оның жинаптары бүгінде Қырғыз Академиясының фондысында сақталып тұр<sup>77</sup>. Біздің ауыз дерегіміз бойынша, Мифтах, тағы басқа татар мұғалімдері жинаған «Манас» жырының тобы Якуб Ғайнановтың қолына жиналып, ол кісі баспаға дайындамақшы болған. Ғайнанов Якуб соңғы уақытын Бәшкрияда, Салават ауданында өткізген белгілі ғалым кісі. Бірақ ол кісінің мұрағаты қай жерде сақталып тұрғанын біз біле алмадық.

1903 жылы «Манас» жырының бір тарауы «Семетейден» бір үзіндіні Пипшек уезінен А.Г. Белинский жазып алады. А.Г. Белинский география қоғамының Алатау қырғыздарын зерттеуге шығарған арнаулы экспедициясының ғылыми қызметкері. Онымен бірге бұл экспедицияға суретші Б.В. Смирнов қатынасып, қырғыз халқының тұрмысын суретке түсіреді. А.Г. Белинский жас кезінде Сібір қазақ-орыс әскерінің офицері болып, қазақ ауылын көп аралап, әскерге

<sup>76</sup> И. Ван. О народном творчестве Кара-Киргизов. Туркестанская Правда, 1923, № 196.

<sup>77</sup> К. Мифтах. Кыргыз фольклор жазулары. инв. 1301-1304.

мүсінді, сұлу аттар жиюмен шұғылданған (ремонттер) кісі<sup>78</sup>. Сондықтан ол қазақ тілін жақсы білген. Түркі тілін білу Алатау қырғыздарына барғанда Белинскийге үлкен көмек көрсетеді. Пішпек уезін аралап жүргенде ол әрі күйші-қобызшы, әрі жырышы Кенже-Қара деген манасшыға кездесіп, оның айтуынан «Семетей» жырының бір үзіндісін фонографка түсіріп алады<sup>79</sup>. Онымен бірге А.Г. Белинский «Манас» жырынан бірнеше үзіндіні, оның ішінде «Семетей» жырының арабша текстін жаздырып алып, олардың орысша транскрипциясын жасайды және орысшаға аударды. Тегінде айтқан жырды олар ғылыми түрде баспаға дайындаған болу керек<sup>80</sup>. Бірақ, мұның неге іске аспағаны, және Белинскийдің тағдыры не болғаны бізге мәлім емес. Жалғыз-ақ оның аудармасы суретші Б. В. Смирновтың кітабында басылып шығады<sup>81</sup>.

«Манас» жырын жазып алу, оның көлемін, құрылысын, мазмұнын, музыкалық қасиетін зерттеп білу революциядан кейінгі дәуірде зор мәдени іске айналды. Бұл жұмысқа әдебиетші де, тарихшы да, этнограф та, тілші де, музыка маманы да, сәулет өнерін зерттеуші де, қысқасы, мәдениет майданының барлық саласындағы адамдар тегісімен қатынасты. Олардың көпшілігі ғылымға еңбегі сіңген, оған айтулы үлес қосқан, атакты ғалымдар, жазушылар.

Музыка жағынан «Манас» жырына бірінші рет көңіл қойған И. Владыкина мен Багинский. Бұл жырды жазғанда олар манасшылардың әуеніне тесіле құлақ қойып, олардың жұрт алдында сарнап отырған даусын нотаға түсіреді. Алайда бұлардың жазғандары әлі күнге еш жерде басылмай, тек қолжазба түрінде сақталып тұрғанын көреміз<sup>82</sup>. Бергі кезде

<sup>78</sup> ГИАЛ, ф. 967, оп. 1 д. 16.

<sup>79</sup> Институт русской литературы им. А. С. Пушкина, отдел фonetик.

<sup>80</sup> Киргизские песни Пшпекского уезда. Текст, перевод и транскрипция А. Г. Белинского. Сказки про Семетей (текст, перевод и транскрипция). Архив востоковедов разр. II, оп. 4 д. 3/1280.

<sup>81</sup> Б. Смирнов. В степях Туркестана, М. 1914, стр. 33-38.

<sup>82</sup> И. Владыкина и Багинский. Киргизский эпос. Автограф и машинопись (ЦГАЛИ ф. 673, д. 125, лл. 1-12).

«Манас» жырын толық естіген жазушылардың бірі — «Известия» газетінің тілшісі З. Рихтер. Ол кісінің бақылауына «Манасты» қырғыз жырышылары таңның атқанынан күннің батқанына дейін айтса да отыз күн ішінде жырлап бітіре алмайды». Рихтер «Манас» — жырынан қысқаша үзінді жазып алады. Оның жазғаны мазмұн жағынан Шоқанның жазуына өте ұқсас, өйткені бұл екеуі де «Манас» жырын Қарқара төңірегінен, не Ыссық көлдің солтүстік бүйірін мекендейтін бұғы тайпасының ортасынан жазып алған<sup>83</sup>. Бұл жазулар бойынша «Манас» жырындағы ұлы бейненің бірі Қошой (Ер Қосай) — тоқсан, (Рихтер) не тоқсан бестегі, (Шоқан) кеменгер қарт. Соңғы заманда жазылған версияларда бұдан басқарак, айтылады.

Революциядан кейін «Манас» жырын толық эпопея түрінде жазып алуға айтулы еңбек істеген қырғыз халқының өз ғалымдары, оны іске асыруда мүмкіндік жасап, қамқорлық істеген Қырғыз совет республикасының ғылыми орындары. Осы жаңа күштің арқасында совет дәуірінде «Манас» жырының 300 мың жолдық қолжазбасы жиналып алынып, ол бүгінде қырғыз Ғылым академиясының алтын қазынасы болып отыр.

«Манас» жырын осы соңғы жылдары Шығыс Түркістандағы қырғыз ғалымдары да жия бастаған. 1961 жылы Қызыл Су аймағындағы қырғыздар арасынан «Манас» жырының 120 мың жолдық бір нұсқасы жазылып алынған. «Манас» жырын айтатын жырышылар Ақсу, Үш-Турфан, Таш-Мәлік, Қашғар төңірегінде кездесетін сияқты. «Манастың» Қызыл Су версиясына ертегі де, ерлік жыры да, лирикалы сарындар да араласып отыратын сияқты. Манастан бастап, оның кейінгі бесінші ұрпағына дейін мүшел-мүшел болып айтылатыны байқалады. Демек, Манас, оның баласы Семетей, немересі Сейтек. Олардан кейінгі екі ұрпақ кім болғаны белгісіз. Жалпы түріне қарағанда, Қызыл Су версиясында батырлық ертегі, аңыздар, ғажайып легендалар басым болуға тиісті. Олармен қатар қырғыз халқының тарихы,

<sup>83</sup> Рихтер. Ярмарка в Каркаре. Известия. 1927, № 298, стр. 4.

баска елмен карым-қатынасы, шаруашылық тұрмысы, салт-сана, түрлері, әдет-ғұрыптары, діни нанымдары, география, жаратылыс суреті, тарихи қалалар, ескі заманда мал бағушы қырғыз тайпаларға әдемі қоныс, қысқы қыстау, жазғы жайлау болған атақты таулар сөз болады. Жалпы, мазмұнына қарағанда, Қызыл Су версиясы біздегі Сағымбай Оразбақов, Саяқбай Қаралаев айтатын «Манас» жырына өте ұқсас.

Соңғы отыз жыл ішінде «Манас» жырына Совет дәуірінде айрапа ғалымдары да үніле қарай бастады. Совет дәуірінде «Манас» эпопеясын жарқын түрінде жинап бастыру оларға зор әсер етті. Мұны Чадвиктердің, А. Хаттоның, Л. Базеннің еңбектерінен айқын көруге болады. Чадвиктердің шығыс халықтарының әдебиетіне арнаған бірінші кітабы.

1942 жылы Кембридж сериясымен шыққан еді<sup>84</sup>. Өткен жылы оны бірталай өзгертіп, Совет ғалымы В.М. Жирмунскийдің қатынасуымен жаңадан толықтырылып шығарды<sup>85</sup>. Бұл кітаптың бірнеше беттері «Манас» жырына арналып, оның қазақ әдебиетіне де байланысы бары айтылған. «Манас» жырын терең зерттеуші-ғалымдардың бірі Лондон университетінің профессоры А.Т. Хатто. Бұл ғалым Ш. Уәлихановтың, В.В. Радловтың версияларын тәптіштей зерттеп, оның үстіне Бодлойын (Кембридж) кітапханасындағы, Британ мұражайындағы география қоғамындағы, Лондон университетіндегі түрік тілдес халықтардың қолжазбаларын ақтару нәтижесінде «Манас» жырын биік ғылым сатысында зерттеп, ондағы эпизодтардың, геройлардың тарихи бейнесін анықтауды өзіне міндет етіп қойған. Ол кісінің зерттеуі төрт бөлімнен құралады.

#### 1. Манастың туысы<sup>86</sup>.

<sup>84</sup> H. M. Chadwick and N. K. Chadwick The growth of Literatur, III, part 1, Cambridge, 1942.

<sup>85</sup> N. K. Chadwick and Victor Zhirmunsky. Oral Epics of Central Asia. Cambridge, 1969.

<sup>86</sup> A. T. Hatto. The Birth of Manas. Asia Major XIV, №2. London 1969, стр. 101-198.

2. Көкөтай және Бокмұрын. Қырғыздардың екі ерлік поэмасын салыстырып зерттеу<sup>87</sup>.

3. Алмамбет, Ер Көкше және Ақ Еркеш<sup>88</sup>.

4. Түн жақ Азиядағы шаманизм және эпика жырлар<sup>89</sup>.

Бұл келтірген мысалдардан қырғыз халқы жасаған «Манас» жырының дүниежүзілік әдебиеттен алатын орны қандай екенін айқын көруге болады.

«Манас» жырының біз тапқан қырғыз текстісі XIX ғасырдың орта кезінде Россияда қолданылған қалың ақ қағазға жазылған, 47 беттік жеке дәптер. Шоканның 1856 жылғы қырғыз халқына арнаған өзге жазулары да осы көлемдес қалың ақ қағазға жазылып отырған.

«Манас» жырын Шокан ғасырлар бойы Орта Азия мен Қазақстан жерінде қолданылған, «сүркі»<sup>90</sup> деп аталатын, дәстүрлі араб емлесімен жазған. Мың жылдық тарихы бар, көп ғасырлар ішінде қалыптасқан бұл жазудың тарихи дәуірлерде болған саяси, мәдени тіршіліктегі маңызы зор болатын. Онының ғасырдан бастап соңғы дәуірге дейінгі Орта Азия мен Қазақстанда, Орал, Еділ бойында жасаған саңлақ, көзі ашық адамдардың барлығы өзінің ойларын қағаз бетіне тек осы жазумен ғана түсірген. Шағатай ақындарының өлеңдері, атақты Бабырдың, Қадырғали Жалайырдың, Әбілғазының тарихи жазулары, Бұхар жыраудың, Абайдың өлеңдері, Сырым Датовтың нақылдары осы жазу арқылы бізге жетті. Бұл жазумен сақталған тарих, шежіре, әдебиет, тіл мұралары аз емес, оның мысалына «Қорқыт» әңгімесін, «Оғыз наме», «Мұхаббат наме», «Шәйбани наме», «Чыңғыс наме», «Абушка», «Саңлақ» тағы басқа қолжазбаларды келтіруге болады. Қазақ, қарақалпақ, ноғайлар айтатын XIII-

<sup>87</sup> A. T. Hatto. Kukotay and Bok Murun. Bullet. Of the school of oriental and African Studies, University of London. Vob. XXXII, part 2, 1969, стр. 344-378, part 3, стр. 541-570.

<sup>88</sup> A. T. Hatto. Almambet Er. Kokco and Ak Erkec. Central Asiatic journal, Wiesbaden, 1969, стр. 161—198.

<sup>89</sup> A. T. Hatto. Shamanism and Epic Poetry in Northern Asia, London, 1970.

<sup>90</sup> Е. Э. Бертельс. Навон М. Л. 1948, стр. 39.

XVI ғасырлардағы ерлік, махаббат жырларының көбі осы жазумен сақталып келді. Олардың ішінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Едіге», «Ер Сайын», «Ер Тарғын» тағы басқалар бар. Олардың ертеректе жазылған нұсқалары қолжазба түрінде осы күнге дейін дүниежүзінің атакты кітапханаларында сақталып келеді. Олармен қатар XVI-XIX ғасырлардағы қазақ халқының Орта Азия, Россия, Қытай мемлекеттерімен елшілік, жұртаралық қатынастары да бір ғана осы жазумен жүргізілген. Шоқан жазып алған «Манас» жыры сондай тарихи жазулардың бірі. Ол тек мұрағатта жоғалып жатқандықтан әдебиет жүзіне шықпаған. Жарық дүние көргеннен кейін Шығыс әдебиетін, тілін зерттеуші ғалымдардың оған үніле қарауы тиіс.

Қолжазбаның жалпы түріне қарағанда «Манас» жырының қырғыз текстісі Шоқанның өз қолымен жазылмаған. Шоқан оны қасына еріп жүрген, арабша бірталай жақсы білетін қазақ жігіттерінің біреуіне жаздырғаны байқалады. Қазақ жазғаны бір сөздің әр алуан жазылуынан және кейбір қырғыз сөздерін қазақшаға жақындатып жазудан ашық көрініп тұр. Бірақ ондай жерлерін Шоқан өз қолымен түзетін, қазақша жазылғандарын қырғыз фонемасымен өзгертіп отырған (түйе-төе, құладың-құлаалы, текеге бұты шалысқан-әкеге бұты шалысқан, жолына-йолына, айналған-айланған, тұрмай ма-турбай ма). Дегенмен, қырғыз тілінің заңынан асып кеткен жерлер соншалық көп емес. Шоқан өзі бірге отырып жазысқан соң қырғыз тілінің дыбыстарын дұрыс беруге тырысқан. Бірақ, ол жыршының айтуына ілесе алмай, асығып тез жазғандықтан көп сөзден қате жіберіп отырған. Мәселен, тауға туып тасқа өскен-тауда туып таста өскен, көк ала ата-көк ала ат, ырғай бойлу-ырғай моюн (жылқыға ырғай бойлу салыстыру келмейді) алчлануп алчаңдап (аяғын алшаңдап басу) сары башыл-сары аш ат, налка-йарылқар, талбар-тұлпар, бөкесінің-бөкесі оның, жез илек-жез білек, Құтылбайдың қуу жігіт-Құтнайдың қуу жігіт. Асығыс болғандықтан кейде екі сөзді бірге қосып жазған (кұлай-кұл ай, чагыпила-чағып ила, қыпнысық-қып-қызық). Мұндай қатенің барлығы жазушы жыршының

дауысын жақын естірмегендіктен болған. Тіпті ести алмаған жерлерін жазып алушы ақ бойынша қалдырған. Бірақ ондай жердің барлығын Шоқан өз қолымен түзетін, қалып қойған жерлерін толтырып отырған (набазасын тіреген - найзасын көкке тіреген, түйедей ет-төбедей ет, юзар-бұзар, сын жігіт-сұм жігіт, рүс сөз арус (арыз) сөз, арт құлағын, арқа-құлағын т. б.). Жалпы айтқанда, жазылып біткен беттерді Шоқан қолма-қол қадағалап қарап, жыршының айтуына үлгере алмай қалып сөздерді, не қате жазылған жерлерді жыршыға қайтадан айтқызып, қолжазбаның мүлтіксіз болуына ерекше көңіл бөлген. Мұны Шоқанның өз қолымен толықтырып жазған жолдар, жол арасына қосып жазған ұйкастар ашық көрсетеді (1-9 беттер). Мәселен: Айға баққан ақ сарай аң сарайлап қойды дейді, астындағы мәнекер еш өнерін көрмедім (4 қағаз). Оны ондай қорқытты, Ыссық көлдей толқытты (4 қағаз).

Асымды билеп берсін деді, мүшесін артық жесін деді (5 қағаз) тағы басқа түзетулер. Шоқан қазақ пен қырғыз халқының тілін аса жүйрік білген. Оны «кемеге басты қылыпты» дегенді — «кемеге басты болыпты»<sup>91</sup> деп түзету, толып жатқан құраманы «тел қозыдай жайғызып» — деп қате жазылған сөзді-«тел қозыдай жайғызып, яғни «екі ананы бірдей емізіп» «құнан мініп кошулуп» дегенді «құнан мініп қуш салып», «елді тояқ қалыд»-елді тоят қылды (тойғызды бөктірді лашын тоят қылды) деп әдемі түзетулер жасайды, айқын суреттейді. Болмаса: долдөгелі биік боз үйді төске жонлы тігемін — төске жолай тігемін: Жаңғарұлы Бекерек-Белерек т. б. Кейбір бүгінде түсінбейтін көне сөздердің мәнісін Шоқан жыршыдан ауызба-ауыз сұрап, олардың орысша түсініктерін жолдың үстінен не астынан беріп отырған. Мәселен: мамбе-привязь, бэрэр-скакун, өні саз-холодный (суровый), көзотаға-коралловый шарик, он сан-десять тысяч, қыйыду-вещий, қоңба бел кабамын-угроза, айланғыс туған-не показывающий сонму, бұта атым (оқ атым) расстояние

<sup>91</sup> Кемеге басты болу-ошақ басты болу, ошақтың басыма жиналып, шу көтеріп тәртіпсіздік істей.



полета стрелы, тагы баскалар. Киин жазылатын сөздөр мен кісі аттарын орысша эриппен аныктауга тырыскан. Ыл-ылдап (эшекпейлеп) Белерек. Кейбір өзіне түсініксіз болган кыргыз сөздөрүн казакшамен аныктап отырған (айбан-хаюан, кемеге-жер ошак, колтурмаш-ашамай, жыртыншы кара берді дейді-жыртысты көп берді дейді, жактыга жай бермес-жагы барды сейлетпес, кыйыду-адам тилдес, жазып отырған кісінің жіберген өзге кателіктерінен — «эулисең басмыдан»-батасынан, «күдайдың ырагысы»-ырайысы деген түзөтулерден көруге болады. Көп жерін Шоқан сиямен, карындашпен араластырып түзөткөн. Өлең ұйкасынан асып кеткен сөздөрдү жекелеп, жакшаның ішіне алып отырған. Ойдың толық біткен жерлерін сол кездегі баспа әдебиетте қолданган үлкен жұлдыз нүктелермен белгілеп отырған. Бұл нүктені Шоқан «Едіге жырын» жазып алганда да қолданган. Шоқаннан басқа халық әдебиетін жазып алган өзге кісілердің бұл нүкте белгісін пайдаланғандары бүтіндей белгісіз қойып отырған, бірақ түсінік көп жерінде берілмей бос қалган. Ер Төстік туралы (орысша берген түсінікте) былай деген: «Ир-тустик был в связи с детьми Бекторы Мергеня и прижил сына, которого мать бросила в степи. Кукотай хан нашел ребенка и усыновил. Это был Бокмурын. Иртустик был красивейший из альпов».

Бұл жоғарыда келтірген мысалдар бойынша, 21 жастағы жас ғалым Шоқан, «Манас» жырының тарихи-этнографиялық маңызына аса көңіл қойып, оны асықпай отырып, ғылыми негізде жазып алуға тырыскан, оның әрбір жыр-шумақтарына, сөздеріне, кісі, жер аттарына зор мән беріп, олардың ғылыми дұрыс жазылуына ерекше көңіл бөлген.

Шоқан жазып алған қолжазбаның бір ерекшелігі, эпикалы қайталап айтылатын жырларды мұнда бір жерде ғана беріп, өзге шумақтарда «и прочее» мен қысқартып отырған<sup>92</sup>. (Мәселен, Көкетайдың өсиет сөзінің қайталауы, сауын айтып асқа шақыра барғанда бәйгеге не тартылатынының қайталауы, мәнекердің шабысын, кеш жолын суреттеудің қайталауы, тагы басқалар.) Кейбір шумақтар өте асығыс жа-

зылған, оларда өлең ұйкасы бүтіндей жоқ, көп сөз, бунақтар қалып отырған. Ондай қалып қойған жолдарды, жоғарыда көрсеткендей, Шоқан өз қолымен толтыруға тырыскан, бірақ тегіс толтыруға уақыты болмаған. Толтырмақшы болған шумақтардың соңынан, жиегіне жұлдыз не қанат белгілерін қойып отырған. Тегінде, жазушының үлгіруіне, не жирышының айтуға көңілі түсуіне байланысты болуы керек, кейбір шумақтар толық жазылмай, аяғы қалып қойып отырған, не өте қысқартылып жазылған. Мәселен, кыргыз елінің Ертіске қалай көшкені толық баяндалмаған. Мұнда бар айтқаны: «жалаңаш жүрген шақырға шапан шешіп берді дейді... көшіп берді дейді». Шоқан шумақтың жеткіліксіз екенін бірден айырып, жолдың үстінен орысша: «откочевал к Иртышу»<sup>93</sup>, — деп өзі үшін жазып қояды. Ер Қосайдың асқа шақыра барған Жас Айдарға айтқан сөзі, Айдардың жауабы және Қосаймен қоштасуы өте шала жазылған. Бокмұрынның алыптарға айтқан арнау сөзі Жайма-Кекілдің аузынан тегіс айтылмай, қысқартылып жазылған. Кемегенің басында дауғаза шығарған қалмақтардың бассыздық істерін Шоқан әдейі жазбаған болуы керек. Манастың Жоллаймен соғысамын деп, ел-елге кісі жіберіп, атқару, әскер сұратқан жері де қысқа жазылған<sup>94</sup>. Мүмкін, негізгі ойды мұнда «Көкетай хан» жырына аударғандық болуы керек. Бірақ, Шоқан тек қана «Көкетай хан» жырының шеңберінде қалмайды. «Манас» жырының бірнеше уақиғаларын қысқа-қысқа жазып алуға тырысады.

Шоқанның көңіл аударған нәрсесінің бірі — «Манас» жырының тілі, оның сыртқы құрылысын, өлең өлшемі. «Қыргыз жирышысының айтуынан жазып алған «Манас» жырының тарауы, — дейді Шоқан, — тегінде қағаз бетіне бірінші рет түскен кыргыз сөзі болуға тиісті. Мен оны орысшаға аударып және бүгінге дейін белгісіз болып келген елдің тілімен шығысты зерттеу ғалымдарын таныстыру мақсатымен бір кішкене сөздік жасамақ ойым бар». Мұны

<sup>93</sup> 3 жапырақ.

<sup>94</sup> 19 жапырақ.

<sup>92</sup> 3,5 об 7 об, 8-9 14, 19 жапырақ

айыру үшін Шоқан жырдың бас жолдарын өлшеу тезінен өткізеді. Мәселен:

Ал/түн ер-нүн қар/шы е/кан  
А/та юрт/нүн ба/шые/кан

Қырғыз халқының жыр құрылысына тоқтай келіп, Шоқан былай дейді: «Халық жырының бір түрі тайпалардың соғысы мен батырлардың ерлігін суреттеуге арналған эпикалы әңгімелер. Бұл жырдың өзіне тән өлшеу мен ұйқасы бар. Жыр шығарудың негізгі амалы мұнда мегзеу, үн ұйқасына сүйенген. Басқа түрде айтқанда бірінші тармақ пен екінші тармақтың соңы ұйқасып отыруда»<sup>92</sup>.

## ЖЫРДЫҢ МАЗМУНЫ, СЮЖЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

Шоқан жазып алған «Манас» сюжет құрылысы жағынан Сағымбай Оразбақов пен Саяқбай Қаралаев айтатын «Манас» жырына үндес болып отырады, әсіресе Жан-деке жырлайтын «Манас» пен В. В. Радлов жазып алған «Бокмұрын» жырына өте ұқсас. Жырдың негізгі арқауы бірнеше қызықты суреттен құралған.

Олар:

Халықтың батағой ұйытқысы, ақылшы данасы болған Көкөтайдың әбден қартайып, өлер кезіндегі қоштасуы («Жүз тоқсан тоғыз жасадым, Жақ сүйегім босады»), өзінің кейін жұртшылықты қалай басқару туралы айтқан өсиет сөздері (Керээз).

Көкөтайдың соңғы жұртшылық жағдайы, Орда таласы, ел басқару ісінде Байдың ұлы Баймұрза (кейбір нұсқада Байдың ұлы Бақай) мен Бокмұрынның таласы, олардың халық көзінде тоғышар көрінуі, халықтың дана адам, дана басшы іздеуі.

Көкөтайға ас беруге дайындық. Асты қай жерде беру, қалай көшіп, қону туралы талас. Эпикалы тамаша бейне

<sup>92</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. 1, стр. 367.

Жайма-Кекіл Жас Айдар (Шоқан, Сағымбай, Саяқбай, Радлов жазуы бойынша Жайма-Кекіл — Жас ұл). Ел-елге оны жіберіп сауын айттыру, асқа шақыру.

Көкөтайдың асын дәстүрлі жайлауда (Енисей бойында) өткізу үшін Алатаудан Алтай — Қанғайға көшу. Жөнекей көш жолының суреті.

Енисей бойындағы «түпкі ханға» барып Көкөтайдың асын беру. Астың суреті. Асқа жиналған көп халықтың өкілдері. Той, мал, сойыс, төскейге кере тігілген боз үйлер, ойын, ат шабыс. Жалпы салтанатты мерекенің асқаралы бейнесі. Ас үстіндегі жанжал. Соғыс.

Жыр бойынша тойды халықтың қорғаушы қамқоры, олардың ардақтаған алыбы, ел ағасы Ер Қосай басқарады. Бірақ Қосайдың әл-қуаты азайып тұғырынан түсе бастаған кезі. Қосай өзімен замандас Ер Төстік, Ер Көкше, тағы басқа алыптардан керек уағында күш ала алмайды. Бұл бұрынғы Көкөтайдың елінің азғындай бастағанын көрсетеді. Сондықтан асқа келген мықты елдің өкілдері (Мес-Қара, Қоңырбай, Жолай) нықтарын көтеріп, Қосайға менменсіп қарайды. Елінің бүтіндігін, тәуелсіздігін көксейтін Ер Қосай бұған қатты налып, халық намысын қорғайтын жаңа күш болса деп арман етеді. Сол жаңа күштің мықты алыбы түрінде жұртшылық майданына асқан ер Манас шығады. Тегінде Шоқан жазып алған «Манас» («Көкөтай») жырының жалпы сарыны түркі қағаны дәуіріндегі тарихи болған қауым тіршілігін еске түсіреді (бұл туралы кейінірек толық айтамыз). Сол кездегі патриархал қауымының әлеуметтік тұрмысы, жора-жосыны, өлікті қадірлеумен байланысты дәстүрлері — қоштасу, естірту, жоқтау, аза тұтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріп той жасау, сойыс қылу — бәрі бұрынғы көшпелі сақ, гүи, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына дейін жеткен тарихи жоралар. Шоқан жазып алған «Манас» жырының тағы бір өзгешелігі, мұнда тарихи дәуірлерде қолданған көне сөздер, көне бейнелер, аңызға, мифқа айналған ұғымдар өте көп, олар жырдың өн бойында кездесіп отырады. Тегінде Шоқан версиясының ғылыми маңызы осыларда болу керек.

Мұнда анахронизмдер — жаңартып, бояп айту, жаңадан қосқан ойлар бүтіндей жоқ десе де болады. Тарихи заманда қалыптасқан салт-сана түрлері, тарихи-этнографиялық ұғымдар ешбір өзгерусіз, сол жоралы түрінде жырланып келген. Мұны жырдағы көптеген көне сөздер, көне ұғымдар толық дәлелдейді. Мәселен: «керез сөз (керээз) — өсиет сөз, «керез-аш» — атау ас, атау кере, «қырық ас» (қыркын беру), «ұлы ас» — ас беру, «ат орай» — ат тұяғы басатын жер, «ат ала — жапан түзде қалып қойған тұлпар, «айланғыс туған» — қаралдысын көрсетпейтін (Шоқан не показывающий сонму), «ак қазан» — құт, ұйық қазан, «меке» — денедегі оқ өтетін осал жер) оқыра, ахилесова пята, тағы басқалар. Бұларды ашығырақ сипаттау үшін «Көкөтай» жырының әрбір суретіне кеңірек тоқталып көрейік. Эпикалы жырдың бірінші шумақтары ерте заманнан халыққа жора болған қоштасу, естірту, жоқтау сарынымен басталады.

Жыр:

Батпан аяқ бал ішкен,  
 Батпапсыған айт.  
 Аяқ-қолы бал ішкен,  
 Алшандаған Мырзаға айт.  
 Күн түскен қалың ноғайға айт,  
 Көкөтай жаман болды деп.

Көкөтайдың ауыр халын жұртқа естіруге жіберетін Жайма-Кекіл Жас Айдар. Бірақ естірту, азаға шақыру жыры өте қысқа жазылған, көп жері қалып қойған. Кімді, қай елді шақырғаны басқа нұсқадағыдай көрсетілмеген. Асқа шақыру толығымен берілген соң, бұл арасын, Шоқан мүмкін, артық деп санаған болу керек. Жырда Көкөтай асқан дана, халықтың ақылшы досы түрінде сипатталады. Ол көп тайпаларды біріктіріп шет елдің басқыншыларына қарсы ұлы күш жасаған, халық бұқарасының қамын ойлап, кедейлердің тағдырына, оның келешегіне терең көз салып, қамқорлық еткен кемеңгер ақылшы түрінде суреттеледі. Көкөтай өзінің Баймұрзаға (Бақайға) арнаған өсиет (керээз) сөзінде былай дейді:

Теліні салып құс қылдым,  
 Тентекті жиып ел қылдым.  
 Құладың салып құс қылдым,  
 Құрама жиып ел қылдым.  
 Менің бір көзім өткен соң  
 Телі құс көзін қаратпай,  
 Тентекті ел-еліне таратпай,  
 Құладың көзін қаратпай.  
 Құраманың бөрісін,  
 Ел-еліне таратпай.  
 Жақсы бағып ала көр.  
 Менің бір көзім өткен соң,  
 Жаяу жүрген Шығайға,  
 Шобыр ұстап бере көр.  
 Жалаңаш жүрген Шығайға,  
 Шапан шешіп бере көр.  
 Қымызыңды судай ағызып,  
 Жазып, қысың болғанда,  
 Мына толып жатқан құрама,  
 Тел қозыдай жайғызып,  
 Айраныңды судай ағызып,  
 Мынау тентектің бөрісін  
 Жақсы күтіп ала көр.

Көкөтайдың жұртына айтқан өсиет сөзінің бірі — жетім қалған баласы туралы: соны тәрбиелеп өсіріп, өзінің орнына орда басар етіп қоюды сұрайды.

Менің бір көзім өткен соң,  
 Тауып алған Бокмұрын,  
 Ала-күшік демендер,  
 Арам сідік демендер,  
 Ер жай тартып ер болар,  
 Ер ұлымен тең болар.  
 Уа, сонда қалы бір кілем сала көр,  
 Менің кезім өткен соң  
 Менің орныма хан көтеріп ала көр.

Мұндай өсиет — тарихта көп кездесетін, ерте заманнан халыққа дәстүр болған әлеуметтік салт-сананың бір түрі. Әрбір даңқты ата өзінің көз жұмар алдында жетім қалған ұрпағын еліне, ел басшыларына тапсырып, оның болашағына қамқорлық жасауды сұрайтын. Мынау соның бірі. Бұл жерде көңіл бөлетін нәрсе — Бокмұрынның туысы. Ол бүтіндей халықтың тарихи аңызына, ғасырлар бойы қалыптасқан эпикалы дәстүрге негізделген. Халық аңызы бойынша Бокмұрын Бекторы Мергеннің баласы. Жаугершілікте шешесі асырай алмай далаға тастап кетеді. Жетпіске келгенше бала көрмей жүрген Көкетай, қорасанға қой айтып, бала іздеп, дала кезіп жүргенде, осы жетім баланы тауып алады. Көкетай оны асырап алып, өзіне Бокмұрын деп ат қояды. Ескі түркі тайпаларының аңызы бойынша жаугершілікте жапан түзде жалғыз қалған жас баланы бөрінің қаншығы асырап, ер жеткен соң ол атақты алыптың бірі болып шығады. Бокмұрынның тағдыры да осыған таяу.

Көкетайдың өсиеті бойынша, онан кейін ел басқарған Баймұрза — ханның оң көзі, ұлы биі. Ондай хан орнына ел басқарған билер тарихта көп болған. Баймұрза Көкетайдың жетім қалған баласын тәрбиелеп өсіреді. Кейін ер жеткен соң ол өзінің хан ұлы екенін таныту мақсатымен алтын қасты ақ қаңқа ерді Мәнекерге ерттеп мінеді, атқа отырып ноғай ұлысын аралайды. Баймұрза Көкетайдың өсиетінің көбін орындайды. Елін қасына жинап, келейлердің аты жоғына ат беріп, киімі жоғына шапан береді, олардың алдынан қымызды судай ағызады. Бірақ Көкетайдың бір өсиетін орындауда Баймұрза үлкен қиындыққа кездеседі. Ол өсиет — жұрттың бейбітшілігі, тату-тәтті болуы туралы еді. Бозтөбеде халықтың жиналысын шақырып, қалай, қайда көшу туралы сөз болғанда, ұлы билер мен Баймұрза келісімге келе алмайды, халық екі жар болады. Баймұрза бейбітшілік үшін Қоңырбайдың қасына көшіп баруға ақыл береді. Бірақ басқа билер бұған қарсы болған болу керек. Ол арасы анық айтылмай қалған. Билердің көпшілігі Әндіжандағы Манастың қасына баруға емеурін көрсетеді. Өйткені, Көкетай өзінің соңғы сөзінде Манасқа көп көңіл бөліп, оның жаңа дәуірлеп

келе жатқан алып екенін жаугершілік заманда елін қорғап, оның тірегі болатынын айтқан. Бірақ Көкетайдың баласы Бокмұрын бар жерде феодалдар өкілі түрінде сипатталады. Ұлысын жаңа аралап шыққан жас феодал жиналыс үстіне келіп Баймұрзаға қарап былай дейді:

Байдың ұлы Баймұрза әке,  
Немене кеңес бар еді.  
Күнде жиын қыласың?

Бокмұрын Көкетайдың орда басары, ұлыс несі екендігін білдіріп, кейде ұлықтық жасап, күш көрсетіп қояды.

Ерні билік боз айғыр,  
Боз айғырым мінгізбен. Әкемнің асын білгізбен,  
Көк айғырым мінгізбен, Көкетай асын білгізбен.

Бірақ жаңа дәуірлеп келе жатқан жас күш, халық бұқарасының қамқоры, олардың ардақтаған алыбы Манас-тан қатты сезіктенеді. Өзге билер оңтүстікке, Манасқа көшіп барып, асты сол жерде берелік дегенге Бокмұрын көнбейді. Баймұрзаны кекетіп:

Анжиянда семірген,  
Анжиянның тоң алмасын кемірген.  
Шикі нанға семірген,  
Самарқанда сарт Манас,  
Сары құлақ ит Манас!  
Көшсең өзің көшіп бар,  
Мен елімді көшірмен,  
Мен жұртымды көшірмен.

Алғашқыда қарсылық істегенмен, ас үстінде Бокмұрын Манасқа күш көрсете алмайды, одан қатты жасқанады, тіпті Ұлыстың ханы екендігін ұмытып, оған жалыншақты болады.

Ер Манас ашумен баламды жылтқалы келе ме?  
Байталымды тулатқалы келе ме?  
Ер Манастың жолына тарту алып шығайын.

Бұдан көрінетін тарихи шындық, көп тайпалардың басын қосқан Көкөтай хан өлген соң ұлыстың басшылары екі жарға бөлінеді. Бокмұрын бастаған бір тобы ескі дәуірлерден халыққа дәстүр болған ұзақ көш жолын — Алтайды бетке ұстап, Ыссық көлден Алтай, Саян тауларына, Енисей бойына көшуді жақтайды. Екінші Баймұрза (Бақай) бастаған топ Ош, Талас өлкесін (Анжиян — оңтүстік қырғыздардың жалпы отаны ретінде) басқарып отырған Манас алыптың қасына баруды керек етеді. Бірақ жүздеген жылдар тап тартыс болған ескі көш жолы тайпа басшыларының көбінің ойын тарта береді. Сондықтан Алтай Енисейге көшіп барушылардың тобы басымырақ болады. Осы ретте Бокмұрын:

Мен жұртымнан көшемін  
Түпкі ханға кіремін,  
Сонда Көкөтайдың асын беремін,—

деп жар салады. Мұнда тарихи жағынан аса көңіл аударатын атау «Түпкі хан» (қырғыз халқының жаз күні көшіп баратын түпкі жері). Демек, «Түпкі хан» ескі дәуірлерде қырғыз халқының бір отаны болған атақты жайлау, Саян тауларының саласы мен Енисей өзенінің бойын көрсетеді. Көкөтай ханның асын оның баласы Бокмұрын осы дәстүрлі жайлауға келіп, көп тайпалардың жаз күні бас қосатын жерінде береді. Бұл жайлауға көшіп келгенде, Бокмұрын онда отырған көрші елдермен қас болғысы келмейді, асты жақсы өткізу үшін олармен тату-тәтті болып, дос болып, кейде туысқан болуды ойлайды. Бейбітшілікті мұрат еткен бұл ой жырдың тарихи заманнан келе жатқан түбегейлі сарыны болу керек. Бірақ ол сарынға кейінгі XVIII ғасырда болған шындықтар да араласқан. Көрші елдердің хандарына жағынып елпектеу, Қытай үкіметі сыйға беретін «көз отаға» осыны көрсетеді.

Ер Жолайға барамын,  
Жамаса келіп қонамын,  
Жан туғандай боламын.  
Көпірдің ханы Жолайға

Алабас жорға шұбар ат,  
Айдап тарту қыламын,  
Алтынды күрме киемін,  
Айтулы төре боламын,  
Көз отаға салынып,  
Көріне төре боламын.

Жырдың жалпы сарыны бойынша Бокмұрын Әндіжан, Памир, Алтай тауларынан көрі Оңтүстік Сібірге айрықша бет қойған, ел басқаруда негізгі күшті сол жақтан алуға мол сенген. Алтай, Саян таулары мен ескіден байланысы бар, баққұмар, бақты сол жақтан іздейтін кісі түрінде суреттеледі. Бұл жағдай VI-X ғасырларда Енисейге дейін көшіп жүрген қырғыз халқының тұрмысын меззейді.

Шоқан жазып алған «Манас» жыры артық өзгеріске түспеген, түү бастағы құрылысын негізінде толық сақтай алған, соның тұнық бір түрі деуге болады. Сондықтан оның тарихи-әдебиеттік, географиялық, этнографиялық маңызы өте зор екені байқалады. Бұл жырда айтылатын жер аттары шалқыған кең, байтақ. Оның бір шеті тарихи Қытай жұртымен шектесіп жатса (Бейжін), бір шеті Үргеніш, Бұхара, енді бір шеті Каспий теңізіне дейін созылып жатады. Жырда көп айтылатын жерлер:— Алтай, Қанғай, Ертіс бойы, Жоңғар даласы, болмаса Шығыс Түркістан, Жетісу, Орталық Қазақстан, Ұлытау, Кішітау, Шу, Талас бойы, Сыр өлкесі, Бұқара, Самарқан, Әндіжан таулары. Осы жүзараны қоныстанған елдер тұтас бір ұлыс түрінде көрсетіліп, Көкөтай — олардың ұлы ханы ретінде суреттеледі. Бұл жағдайды Көкөтайдың асына шақырған елдердің жер аттары, Көкөтайға бағынған әрбір елдің алыптарының жырда айтылатын жүзаралық қатынасы ашық көрсетеді. Көкөтаймен замандас, онымен сыйлас болған кісінің бірі жырда Ер Қосай. Бірақ бағындыру жолымен Бокмұрын оған да күш көрсетеді.

Ер Қосайға барып айт,  
Аты келсін асыма,  
Өзі келсін қасыма.  
Аты тағы келмесе,

Өзі тағы келмесе,  
Тарыбасын өзіме,  
Көрінбесін көзіме,  
Көкетайдың айшығы алтын қызыл ту  
Ордасында көрінсін!

Жырда Бокмұрын өзіне бағынған өзге елдің алыптары бұдан көрі де баса қорқытады («Оны ондай қорқытты, Ыссық көлдей толқытты»). Бұл суреттің барлығы бір кезде тарихи шындықтан туып, жерлес, көршілес отырған, тарихы, туысы, тілі бір елдердің — өзінің ел бегінен басқа, олардың үстінен қарайтын ұлы ханға бағынған дәуірді көрсететін жағдай. Сондықтан Бокмұрынның сауын айтуға жіберген шабарманы Каспий мен Саян тауының арасын қоныстап отырған көп елді аралап, оларды Енисей өзені бойында болатын Көкетайдың асына шақырады.

Шабарманның аралап өткен жері, жыр бойынша, Едіге мен Жанбыршының елі (Каспий төңірегі, Құнбатыс Қазақстан), Үргеніш, Бұқара, Самарқан, Сыр бойы, Орталық Қазақстан (Ұлытау, Кішітау), Жетісу өлкесі, Ертіс бойы, Алтай, одан әрі түпкі хан (Орхон, Енисей бойы). Осы арада Көкетайдың асын береді. Бұл географиялық жағдай, өзге тарихи дәуірлерден көрі түрік қағаны кезін көбірек еске түсіреді. Тегінде «Манас» жырының оң түпкі аялығы осыдан басталуға тиіс.

«Манас» жырының барлық нұсқасында, үзілмей кездесетін атақты жерлер: Бейжін, Шоқан жазуында Бейшін, Бейшіт, Жетісу, Іле өзені бойы (Қарқара, Бозтөбе, Бестерек; Темірлік, Кебесбұлақ, Қозыбасы, Шоңбура, Құлжа, Иткешу т. б.); одан әрі Ыссық көл, Талас, Шу өзендері, Сырдария (Ташкент, Түркістан); Ош-Ферғана (Әндіжан таулары); Памир-Алтай таулары. Бестерек — (Манастың Бозтөбесінің маңы); Бейжінде отырған Қоңырбай одан талай рет өтемінен деп, өте алмаған шекаралық камал ретінде суреттеледі (В. В. Радлов, V, 3.). Сейфуддин Ахсикентидың жазуында «Қара» сын есімімен айтылатын бірнеше географиялық атаулар бар, бірақ олар бірімен-бірі мүлде шиеленісіп жатады. Мәселен,

Қарқара, Қарқаралы, Қаракастек, Қарақыр, Қарақыстақ, тағы басқалар. Бұл географиялық атаулардың бытысуы сонша, оларды көп ғалымдар бір-ақ жердің аты, не бір тайпаның аты деп түсіндіріп жүр. Бұл дұрыс емес. Өйткені, бұлардың бәрі бір жердің аты емес, әр өлкеде кездесетін орындар. Қарқара — Манастың Бозтөбесіне жақын жердегі атақты жайлау. Ахсикенті оны Қыпшақ тайпасының аты деп түсіндірмекші болған, ол мүмкін емес. Дұрысы Қарқара орта ғасырдағы — қарлықтардың, содан соң Қарахан төренің белгілі жайлауы; кейін тарихи дәстүр бойынша қазақтардың жайлауы болады. Жыр бойынша Қарқара — Бозтөбе сияқты, Манастың әскерін (шораларын) топтап Қоңырбайға қарсы күш алған жерінің бірі. Бейжін, Бозтөбе, Қарқара, Атбашы — Қошай мен Манастың камал құрған жерлері. Қаракастек, Қарақыр — Қарқараға көрші тұратын Алматы өлкесіндегі белгілі жерлер. Екінші Қарақыстақ Орхон бойындағы атақты Қарақорым Манас пен оның әкесі Жақыптың Бейжіннен кейінгі жанын салып қорғаған жерінің бірі. Жақып осы арада күш жияды, Манас осы арада туып-өседі.

Сөйтіп, жоғарыда келтірген жерлердің барлығы Орта Азия халықтарының тарихи заманнан алтын бесігі болған, Оралдың өсіп, өніп, өркендеген, алеуметтік Орда құрған жерлері. Бұл жерлердің көпшілігі бір жағынан тарихи заманнан орын тепкен егінжай, мыңдаған қыстақ, көптеген қалалар орнаған жер болса, екінші жағынан мал шаруашылығының құты болған атақты жайлау, қыстау орындары. Сондай даңқты өлкенің бірі Тәңірі тауының (Тянь-Шань) солтүстік іргесінде, бүгінгі Гучен қаласына таяу жерде болған Бейжін болмаса тарихи дәуірлерде жасаған атақты Бесбалық қаласы. Тұу баста оны түрік тілшілері орнатып, белгілі бір астана етсе, одан кейін басымыл, қарлық, ұйғыр, қырғыз елдері кезекпен ие болып, Бейжін (Бесбалық) олардың әскер топтаған саяси, мәдени орталығы болады.

Бесбалық астанасымен саяси, мәдени жағынан тарихи байланысы болған өлкелер Жетісу, Ыссық көл, Шоң-Көбін. Бұл өлкелерден жырда жиі кездесетін, әсіресе, Ыссық көл, оның төңірегінде болған Манастың Бозтөбесі, Қарқара жай-

лауы. Бұл атақты жерлер жырда, әрине, тегін айтылмаған. Өйткені, Іле өзенінің бас жағы, Текес, Күнгес өзендері, Мұзарт, Жұлдыз таулары, Қарқара, Асы, Үшмерке — бір кездегі атақты жайлау, қоныстар. Жырда осылардың ну ортасы Манастың Бозтөбесі болып суреттеледі. Манастың Бозтөбесін 1856 жылы Шоқан әдейі іздеп тауып, оған зор мән бергенін біз жоғарыда айтқанбыз. Шоқан жазып алған қария сөз бойынша «Бозтөбе — жер кіндігі», Бейжіңге таласып жүргенде Манас ордасын осы арада құрып, Бейжіңді (Бесбалықты) жаудың торлауынан құтқару үшін, Манас негізгі күшін осы Бозтөбеге жияды. Бұл жерге орда құрып, оны астанаға айналдырады. Сондықтан ол жырда «Жер ортасы Бозтөбе» деп аталады.

Жер ортасы Бозтөбе,  
Көтеріле қалың көп ноғай  
Тола бір жиын қылды,

дейді (л. 2)

Жыр бойынша осы Бозтөбеде Көкетайдың қырқын береді. «Манас» жырының кейбір нұсқасында (Сағымбай) «Көкетайдың асын Қарқарада берді» деп осыдан шыққан болу керек. Өйткені, бұл екеуі біріне-бірі өте жақын тұрған бір алаптағы жер.

Жырда өте жарқын түрде суреттелетін жердің енді бір саласы — Талас бойы, Кеңкөл, Мерке, Құлан, Ашпара. Бұл талас өлкесі де ерте заманнан орда құрып, әлеуметтік-саяси тіршіліктің аса қайнаған бір орталығы болған жер. Талас қаласы түү баста түрік қағандарының белгілі бір пайтақтысы, оны Рим (Византия) елшісі Земархтың жазулары ашық сипаттайды. Қарлық кейін Қарахандықтар дәуірінде (IX-XII) Талас олардың Жетісудағы атақты астанасының бірі. Жырда, халық аңыздарында атақты батыр Манастың әлеуметтік тіршілігі көбінесе осы Талас, Мерке, Құлан қалаларының төңірегінде өтеді. Алыс жерде жаумен соғысып шаршаған Манас батыр Талас өзенінің бойына келіп тыныс алып қызықты дәурен сүреді. Жорыққа аттанғанда да шораларын осы Таласқа, не жоғарыда көрсетілген Бозтөбеге жинап, сол арадан аттанады. Халық аңызы бойынша, ең ақырғы соғыста

өлген Манастың тәнін Таласқа әкеліп қояды. Сондықтан Талас — күш, күш өлкесі болып саналады. «Тарынсан Таласқа бар», — дейді қырғыздың халық мәтелі. «Манас» жырында:

Жылғынды Кең-көл, Шоң-Талас  
Жер саурысы тұрмай ма?  
Мұны жерлеген адам тынбай ма?!

деп ардақтайды.

Жырда Талас өлкесін бұлай ардақтау, бұл жердің көне замандағы саяси-шаруашылық орнын еске алудан шыққан.

«Манас» жырында әдемі суреттелген өлкенің бірі — Ош-Ферғана төңірегі, болмаса Әндіжан таулары. Бұл өлке жырда қырғыз халқының байырғы бір қонысы ретінде сипатталады. Бұл да тарихи дәуірден атақты өлкенің бірі, оның шарықтап дәуірлеген кезі Манас жасаған қарлық не Қарахандылар заманы. Бұл жердегі осы күнге дейін сәулет өнерінің бір орны болған Үзген қаласы — солардың атақты астанасының бірі. Манастың жырдағы, халық аңызындағы әлеуметтік тіршілігі көбінесе сол Қарахандылар дәуіріндегі белгілі астаналар мен Талас, Баласағұн, Әндіжан, Үзген, Бесбалық, Қашғар сияқты қалалармен байланысты болып отырады. «Манас» жырының қай кезде қалыптасқан дәуірін айыру үшін бұл аса сенімді дәйектер.

Тарих-география көзімен қарағанда жырдағы ең маңызды суреттің бірі ерте замандағы көш жолы, оның ішінде қырғыз халқының Алатаудан Алтай, Саян тауларына көшіп бара жатқандағы жойқын көш суреті. Көш Ыссық көл жағасынан — Қозы басынан (Қопада) шығып, ең соңында Кем-кемжік (Енисей) өлкесіндегі Түпкі ханға барып тоқтайды. Ол жерге барған соң Көкетайға ас беру жабдығына кіріседі. Сөйтіп, көштің бағыты кейбір жазушылардың түсінуі сияқты Шығыс Түркістаннан батысқа қарай емес, Ыссық көлден Оңтүстік Сібірге, Алтай, Саян тауларына қарай бағытталған. Оны жырда кездесетін көш жолының суреттері мен ондаған жер аттары айқын сипаттайды. Оның үстіне мұндағы жер аттары тарихи заманнан бүгінге дейін қолданылып келе жатқан географиялық атаулар екенін көрсетеді.

Бұл жерде бір айтатын нәрсе, академик В.В. Бартольд оңтүстіктен солтүстікке қараған кеш жолының бағытын түсінбей, оны басқаша жорыған. Ол кісінің жобалауына, «Қырғыздар дүниежүзін анықтағанда бетін ескі түріктерше шығысқа, не монғолдарша оңтүстік жаққа қаратпай, солтүстікке қаратқан»<sup>1</sup>. Қадырлы ғалым бұл жерде ескі күнге табыну нанымы мен таза мал бағу шаруашылығынан туған жораларды араластырып, оларды бірінен-бірін айырмай айтып отыр. Тарихи негізінде, шығып келе жатқан күнді ардақтау, бетін оған қарату — барлық түрік тайпаларына, оның ішінде қырғыздарға да ортақ нәрсе. Шоканның бақылауына, қырғыз қариялары көз жұмарында басын «күн жаққа қаратуды» өсиет етіп айтатын болған.

Қырғыздардың бетін солтүстікке қаратуы тек саяси шаруашылық негізіне, көшіп-қону бағытына байланысты болған. Мұны Шоқан мен А.Ф. Голубев жақсы түсінген. Бұл екі ғалым қырғыздардың бетін солтүстікке қаратуын тек қана кеш жолының бағытынан, көшті қорғауда ұлысты оң қол, сол қолға бөлуден туған деп есептейді. Бұл туралы А.Ф. Голубев былай деген: «Көшпелі елдер (алыстағы жайлауға барарында, қайтарында) жорықтағы әскерше сап түзеп, (ұлысты) оң қол, сол қолға бөлетін болған. Мұның ең тамашасы, солтүстікке беттегенде оң қол шығыс жағында болып, сол қол батыс жағында отырады. Солтүстіктен қайтқанда оң қол батысында болып, сол қол шығысында болған». Бұл көшпелілік қырғыз халқының қария әңгімесі мен Қытай тарихының көрсетуімен қосылып, қырғыздардың тек Енисей бойында ғана өсіп-өнді деген пікірді бүтіндей жоққа шығарады<sup>2</sup>. Бұған қарағанда, А.Ф. Голубев Шоқан тәрізді қырғыз халқының аңыз сөздеріне, «Манас» жырындағы көш жолының суретіне, әбден қанық болып, оларға зор ғылыми мән бергені байқалады.

Шоқан нұсқасындағы көш жолы қалай суреттелген? Көш Ыссық көл жағасынан шыққан соң, Қозы басы

Қопаға тоқтап, онда қойдың жабағы жүнін қырықтырады (Сағымбайдың айтуынша, «Қой семіртеді». Бірақ мұнда еш қайшылық жоқ, өйткені, қойды семіртпесе жабағы жүні көтерілмейді де ғой.) Қозы Басыдан көшіп Үлкен Ақтас келіп, онда жазғы үйдің жабдығын дайындайды («Үй жаптырып аламын»). Одан кейін Тиектастан өтіп, Жалаңаш өлкесіне келіп, ол жерде жылқысын отарға қалдырады. Одан әрі Іле өзенін бойлай көшіп, жатаққа егінші қалдырып кетеді («Кең Ілені жағалап, егінші бөліп кетемін»). Қалқан тауының тұсында көшті Іледен қайықпен өткізіп, Ақтеріскен келіп, онда «ат шалдырады». Ақсу бойына келгенде «түйенің қомын алдырмай дем алады». Қайнапшаның тұзына (Алакөл төңірегі) жеткенде алыс атанға тұз арттырады. Ботаның Сазына жеткенде хан Жолайдың елінің шетіне кіреді. Одан әрі Бурылтаудан (Сауырдың шығыс-түстік етегі) өтеді. Қыл — Ертістің басына келіп, бұл жерде елді сергітіп, малды семірту үшін жайлап отырады. Жорғаның суына мал жаяды, көштің бір шеті — Хан тауымен де (Шыңғыстау) ұштасып жатады. Қыл-Ертістің бойында тоқсан атанға тиеген күріш келген соң үдере көшіп Алтай тауынан асады, одан Қанғай (Саян) тауын кешіп, Кем-кемжік (Енисей) бойындағы Түпкі ханға жетіп тоқтайды, осы арада Көкетайдың асын береді. Бұл арасын жыр былай аяқтайды:

Қыл-Ертістің үстіне,  
Бурыл-таудың астына,  
Барып келіп қонамын,  
Алты күні болғанша,  
Ат сергітіп аламын.  
Жеті күні болғанша,  
Ел сергітіп аламын.  
Содан кейін тоқсан атан қомдатып,  
Күріш арттырып аламын.  
Тоқсан жорға тағалап,  
Түпкі ханға кіремін,  
Сонда Көкетайдың асын беремін.

Жырдың бұл арасы тегісімен тарихи болған уақиғаның

<sup>1</sup> В.В. Бартольд. Киргизы. Фрунзе. 1927, стр. 50.

<sup>2</sup> А. Голубев. Отрывок из путешествия в Среднюю Азию и Закавказский край. Записки РГО, 1861, кн. 3, стр. 114-115.



суреттерін IX-X ғасырлардағы қырғыз халқының Алатау мен Енисей өзенінің арасында көшіп жүрген ерлік заманын еске түсіреді. Көш жолын суреттейтін жыр шумағы тарих тұрғысынан қарағанда аса мағыналы, оның әрбір сөзінің өзі жеке-жеке түсінік беруін керек қылады.

Ерте замандағы көш жолының бұл классикалық суреті «Манас» жырының Шоканнан кейінгі нұсқаларында тап осы әдемі түрінде кездеспейді. Сондықтан оған толығырақ тоқтау қажет. Көш жолының Тиектастан (Сантас) Іле бойы Қалқан тауына дейінгі бағыты өте анық, артық түсінікті керек қылмайды. Жалауаштан, Шарын, Шелек өзендерін ағып, Ілеге келіп, Қалқан тауының тұсына Жоңғар қақпасына апаратын ескі керуен жолына түседі. Бұл жолдағы «Түрген-Ақсу» — Ыссық көл төңірегіндегі Жырғалаға құятын Ақсу емес, Жоңғар Алатауынан ағып, Балқаш теңізіне құятын Сарқанның Ақсуы. «Түрген» сөзін жыр бұған тек қоса салған. Ақсу жеткен соң көш Алакөлге айналып соқпай тура тартады. Сарқан, Ақсу өзендері ағып түсетін асу мен Жоңғар Алатауын кесіп өтіп, Боротала өзенін жағалап «Қайнатпаның тұзына» келеді. Бұл осы күнгі Эби-Нор, болмаса Қызыл тұз. Ерте заманнан халық пайдаланатын атақты тұз осында. Осы арадан алпыс атанға тұз арттырып алады. Одан кейінгі тоқтаған жер — «Ботаның сазы», оны осы күні «Қоңыроба сазы» дейді, болмаса «Түйебас» дейді. Жер аты ерте кезде осы арада көш жолында өлген ботамен байланысты. Ол туралы бұл араны қоныстайтын қазақтар арасында тамаша аңыз бар. Оның мазмұны бойынша, жер аты қырғыз Өтеке жырықтың Қаракерей Қабанбайға тартқан Ақбас тайлағынан болған-мыс.

Ботаның сазы Барлық пен Майлы тауының арасындағы байтақ алап, оны «Қызыл үй саласы» деп және атайды. Бұл ерте заманда мал семіртіп жаз күні тоқтайтын бір атақты жер болған.

Ботаның сазынан кейін көш жолы созылған байтақ жон, Жайыр тауының екі жақ беткейімен тура Алтайға тартады. Көш жолын Жайыр тауының жонымен жүргізу, мүмкін, жаугершілікпен байланысты стратегиялық әдіске сүйенгендік

болу керек. Өйткені, таудың етегінен жоғары көтеріліп келе жатқан жауға соққы беру ол кезде оңай болады деп саналатын. Жайыр тауынан оңтүстікке қарай созылып «Манас ойпаты» жатады, одан әрі Үрімшіге таяу жерде «Манас» қаласы тұр. Солтүстікке алыстан көгеріп Ұрқашар, Тарбағатай, Сауыр таулары тұрады. Бұл таулардың ішінде Манастың атымен байланысты жерлер аз емес. Мұның бәрі, әрине, кездейсоқ нәрсе емес, бұл жерлердің барлығын бір заманда (IX-X ғ. ғ.) қырғыз халқы жібелеп, оның сілемі «көш жолы» ретінде «Манас» жырында сақталғаны көрінеді.

Жайыр тау мен Манас ойпатынан өткен соң көш Бурыл таудың астымен «Қыз Ертіске құлайды. Мұндағы «Бурыл тау» тегінде бүгінгі «Бурыл тоғай» болу керек. Жырды жазып алушы шала естігеннен «тоғайды» «тау» деп жазуы ықтимал. Егер «Бурыл таудың» болғаны тарихи анық болса, ол сол Бурыл тоғайға жақын тұрған Сауыр тауының бір тұмсығы болуға тиісті. Жырдағы «Қыл Ертіс» — көш өз аяғымен кешіп өтетін, тұрғымнан көп жоғары тұратын Ку Ертістің басы болу керек. Бурыл Тоғай (Улюнгур) көлінің бір жері де «Қызылы» деп аталады. Бұл жерлердің барлығын қырғыз халқы бір кезде өзінің бес саусағындай білгендігі «Манас» жырындағы көш жолынан айқын аңғарады. Жырдың айтуынша, Ку Ертіс, Қара Ертіс бойында көш бірталай бөгеліп, жорға суына дейін жайлап отырады. Ертіс бойында жұрт салған жерлер — Қыл Ертіс, Бурыл тау, Бестерек, Молда-Торғай. Бұл соңғы екі жердің аты бүгінгі күнге дейін сақталды ма, жоқ па, ол арасын айыруға мүмкіндік болмады.

Ертістен кейін көш Алтай, Қаңғай тауларынан өтіп («Одан да әрі өтемін»), Түпкі ханға (Енисейге) жетіп, тарихи заманнан дәстүр болған ұлы жайлауда Көкетайдың асын береді.

Тегінде Қалқан тауынан (Іледен) Қыл Ертіске дейінгі, Жоңғар Алатауын, Барлық тауларын басып өтетін көш жолы, жайлауға бара жатқандағы сол қолдың жүріп өтетін жолы болуы керек. Оң қол оның шығыс жағын ала, Ілені өрлеп, Құлжа төңірегін, Бесбалық төңірегін басып, Тәңіртаудың

(Тянь-Шань) солтүстік төскей беттерінде тоқтап, содан Манас ойпаты (бүгінгі Жоңғар даласы) арқылы, Оңтүстік Алтайдағы «Қырғыз Нор» арқылы Енисейге өтуге тиісті. Оны бұл жолда кездесетін Манас атымен, қырғыз халқының атымен байланысты тарихи белгілер, географиялық атаулар айқын көрсетеді. («Манас қаласы», «Манас көлі», «Манас ойпаты» тағы басқалар.) Шоқан жазып алған «Манас» жырының ғылыми бағалы болуының бір қасиеті, осы сияқты бір кезде қырғыз халқын жібелеген өлкелерді еске түсіріп, оның тарихи географиялық негізін ашуға көмек көрсетуінде.

Қырғыз халқының ерте замандағы көш жолының суреті В. В. Радлов жазып алған «Бокмұрын» жырында да кездеседі. Бірақ ондағы көш жолы Шоқан нұсқасындағыдай Алатау мен Алтай, Қаңғай арасында болған дәстүрлі оңтүстіктен солтүстікке тартқан көш емес. Көштің түбі Сайрамнан шығып, Талас тауы арқылы өтіп, Сусамырға барып мал семіртеді. Одан Қарабалта, Қайыңды, Ағырменге келіп түйе қомын шешеді, одан әрі Ит-Кешу (Алакөл) барып қой күземін алады. Ит-Кешуден қайтып Ырғайты, Қопаны басып, Қарқара келіп, Қалдаймен дос болады. Темірлік, Құсмұрында болып, Құлжа төңірегінде кемеге қаздырып, той жасайды. Бұл суреттегі көш жолының бағыты Шоқан нұсқасындай сайрап тұрған жоқ, мұнда бір бағытта болған белгілі бағыт та жоқ. Мәселен, Ит-Кешуден Ырғайтыға қайтып, одан Қарқараға барды. Ондай көш жолы бұрында, кейін де болмаған, ешбір ақылға сыймайды. Жыршы көш жолы деп тек аузына түскен жер аттарын төпей берген. Ақылға сыйымды көш жолдары Сайрам мен Сусамырдың арасы, Қарқара мен Темірлік, Құсмұрын, Құлжа (Текес, Күнгес) өзендерінің арасы. Бірақ бұл қысқа бағыттар, тарихи замандағы оң қол, сол қолға бөлініп жүргендегі көш жолдары емес, бергі XIX ғасырдағы көші-қонмен байланысты шындықтар.

Манастың көш жолы бұл екеуінен де басқарақ. Көштің басы су аяғы Қорқыттан (Сырдария) шығып, Марғұланның өтеді, одан Наманған келіп тоқтайды. Жалпы айтқанда, Әндіжан таулары, оның ішінде ескі орындар: Ош (Тақ

Сүлеймен), Үзген, Атбасы, Арпа, жырда Манас басқарған қырғыз халқының ежелгі отаны болып суреттеледі. Манастың екінші бір отаны Талас бойы. Ол Әндіжан тауларынан мұнда көшіп, Талас бойында ірге теуіп жатады. Жыр сынау мақсатымен Меркені (Құланды) келіп көреді. Аспараның белінде аққұланы кермеге байлайды, осы арада Алмамбеттің «ізін көріп» оның келуін күтіп жатады. Сөйтіп, жыр Манастың көш жолын, оның орда құрған жерін әрқашан кентті жерлермен, ерте заманда саяси-мәдени астана болған жерлермен (Баласағұн, Талас, Үзген) байланыстырады. Бұл жағдай Манастың осы астаналарда саяси тіршілік болған дәуірде жасап, Манас сол кездегі атақты шеру басы болғандығын көрсетеді.

Шоқан нұсқасындағы келісті суреттің бірі, — ежелгі дәуірдегі халықтың рухани тіршілігін көзге елестететін сол кездегі әлеуметтік-тұрмыс суреттері, олардың ішінде өлікті жерлеу, оны қадірлеумен байланысты басына белгі орнату, ас беру, сауын айту, ат шаптыру суреттері. Бұлардың барлығы үлкен эпикалы сарынмен аса шалқыта берілген. Өлікті қадірлеу, оның тірі күнде пайдаланған қымбат бұйымдарын (қазанын, киімін, ер-тұрманын, сүйген атын) өзімен бірге қою, болмаса бір тайпа, ел болып жиналып, оны зор салтанатпен шығарып салу — дала сахарасын қоныс еткен көшпелі елдердің ежелден келе жатқан дәстүрі болатын. Бұл дәстүрдің әдемі, салтанатты, көркем түрін Еділді (Атил неміше Аттила) қойғандағы Рим жазушысы Иорданның барлауынан көруге болады. Иорданның жазуынша, Еділдің денесін мақпал жібекке орап, биік жерге қойып, алдымен оның даңқты істерін еске түсіріп жоқтау жырын айтады. Еділді жерлеп, оның үстінен зәулімдың орнатқан соң, сәйгүлік атқа мінген жас жігіттердың бірнеше айналып тағы да жоқтау жырын айтады. Бірақ «жетісін», «қырқын» ойынкүлкі үстінде өткізеді<sup>3</sup>.

Міне, осы сияқты ерте замандағы патриархал тұрмысты

<sup>3</sup> А. Н. Веселовский. Собрание сочинений, т. I. СПб, 1913, стр. 276.

еске түсіретін тарихи жоралар «Көкөтай» жырында тіпті аз емес.

Ол, әсіресе Көкөтайдың өсиет сөзінде көбірек кездеседі. Мәселен:

Менің көзім өткен соң,  
Қылышпенен қырдырып,  
Қымызбенен жудырып,  
Шарайнамен шаптатып,  
Бұлғарымен қаптатып,  
Ақ қазаным жастатып,  
Қара мақпал бүктетіп,  
Қара нарға жүктетіп,  
Астыңғы жолдың үстіне  
Үстіңгі жолдың астына  
Айға баққан ақ сарай  
Ақ сарайлап қоя көр.  
Күнге баққан көк сарай,  
Көк сарайлап қоя көр.

Бұл айтылып отырған жерлеу қағидасы ислам дінінің заңынан бүтіндей басқа, ол оған барлық болмысымен қиғаш келіп жатыр.

Өйткені, бұл жосындар ислам дәуірінен анағұрлым бұрын Орта Азия сахарасын қоныстаған көшпелі тайпалардың салт-санасынан туған жоралар.

Жерлеудің бұл түрі жырда Манас туралы да айтылады. Манас қайтыс болғанда (В. В. Радлов жазуы бойынша):

Қарағайдан қалың табыт шаптырып,  
Ішкі бетін алтынан,  
Тысқы бетін күмістен,  
Манасты табытына салды дейді.  
Астына жердің сызын өткізбей,  
Үстіне күннің көзін тигізбей  
Сарайға сөрелеп қойды дейді.

Тап осы сияқты жерлеу ерте заманда Жетісуды, Орталық Қазақстанды, Тарбағатай, Алтай, Саян тауларын қоныстаған көшпелі бір шектес елдердің (сақ, гун, үйсін,

қыпшақ, қырғыз) бәрінде болған. Совет дәуірінде зерттелген Пазырық, Башадар, Ноин-Ұлы, Бес-шатыр, Көрпөтай (37 шора) обалары мұны төндіре дәлелдейді. Пазырық, Башадардан ашылған қарағай табыттар «Манас» жырында айтылатын эпикалы көркем табыттың тарихи болған түрлері. Жырда айтылғандай, ол табыттар да әдемі безеліп, әшекейленген. Жалғыз-ақ алтын мен күміс жабудың орнына оларды жұртқыш аңның бейнесімен мүсіндеп безеген. Башадар, Пазырықтан шыққан табыттардың жалпы көркем түріне қарағанда, олардың алтын-күміспен безелген түрлері де болуға тиіс. Жұртшылық ардақтап, ел ағасы болған тарихи адамдардан ол кезде алтын-күмісті ешбір аямаған. Оған Орталық Қазақстандағы Тас-Мола, Зайсан маңынан ашылған Шілікті обасы, Ыссық көл төңірегінен ашылған Шамси обалары, тағы толып жатқан басқа белгілер айқын дәлел бола алады. Бұл обаларды тұрғызған елдер өлікпен бірге оған мәңгілік ас болсын деп, оның қабіріне топтап жылқы өлтіріп салатын болған. Кейінірек, адам санасы өзгерумен бірге бұл ежелгі жора да өзгеріп, өлікпен бірге ат (жылқы) көмудің орнына енді тірі жылқыны мола басына айдап келіп қырып, сол жерде өлікке арнап ас беру әдеті шығады. Осыған орай, Манас өлген соң, оның моласының басына топтаған жылқы әкеліп қырады. Алтысын бергенде «алшыс бие сойып», тоғызын бергенде тоқсан бие сояды».

Мұндай орасан көп мал қыру салты халық эпосының көбінде кездеседі, олардың ішінде түрік тайпаларының ең ескі эпосы «Оғыз намеде» жні айтылады. Мәселен, Оғыз хан той жасағанда тоғыз мың қой, тоғыз жүз жылқы сойдырып, тоғыз сабаға шарап, тоқсан сабаға қымыз жинатады. Көкөтайдың асында Бокмұрын үш ай бойы төбе-төбе табақ тартып, қымызды судай ағызады. Римнің белгілі жазушысы Иорданның суреттеуінше<sup>4</sup>, бұрынғы гун тайпалары өзінің басшылары өлгенде оларға зор қадір-құрмет көрсетіп, олар үшін жасаған мерекені, берген асты, осы сияқты аса сәулетті, жойқын молшылықпен өткізетін болған. Жалпы

<sup>4</sup> Н. И. Веселовский. Сбор, сочинений т. 1, СПб, 1913, стр. 276.

айтканда, Оғызға, Көкөтайға, Манасқа берген жойқын ас оларға сойылған қыруар мал — ол кездегі тайпалардың орасан мол, шалқыған байлық ортасында тіршілік жасағанын аңғартып, мұндай салт олардың рухани күшін көрсететін ұлы сын, үлкен салтанат деп бағаланғанын көрсетеді.

Бірақ, бұл жоралар ислам дінінің қағидасымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, ежелгі көшпелі тайпалардың тіршілігінен туған өте ескі дәуірде болған салт-сана түрі. Бұл жоралардың «Манас» жырынан орын алуы — бұл жырдың туу бастағы желісі ислам дәуірінен көп бұрын шыққанын дәлелдейді. Исламнан бұрынғы ой-сана түрі әсіресе «қылышпенен қырдыру, қымызбенен жудыру, шарайнамен шапталу, бұлғарымен қаптату» деген ұғымнан анық көрінеді. Бұл жораның түпкі идеясы бір жағынан ата-бабаның аруа-ғын қадірлеп, оны ұйық деп танудан шықса, екінші жағынан тайпалар бірлігінің негізгі ерлік дәуірді еске түсіреді. Жаугершілік заманда жау қолында оққа ұшқан ардақты ерді қандай қиындықтың үстінде болса да жай жерде қалдырып кетпеген. Ондай жаяу адамдардың етін сүйегінен айырып, дене сүйегін бұлғарымен қаптап ташның ұйық жұртына әкеліп қоятын. Жау қолында өлген Алмамбеттің сүйегін Бақай жау жерінде қалдырмай, өзінің Сарыала тұлпарына артып ұйық жер — Таласқа әкеліп қояды. Сейфи, Георгий, Филипп Назаров, Афросимовтердің бақылауына, ежелгі дәуірлердің бұл ерлік салты қазақ пен қырғыздарда XVI-XVIII ғасырларға дейін сақталып келген. Бұл туралы ашық айтылған ойды Н. И. Веселовскийдің жазбаларынан көруге болады<sup>7</sup>.

«Көкөтай» жырларындағы тамаша көркем суреттің бірі — ерте кездегі ас беру, сауын айту суреттері, асқа шақырылған әрбір халық өкілдерінің әлеуметтік бейнесі, олардың бәйгеге қосатын аттарының сипаты, бәйгеге түсетін мүсін тұлпарлардың көрмесі, оларды асқан сыншылардың

<sup>7</sup> Н. И. Веселовский. Об обычае отделения у покойников мяса от костей, ЗВО, т. XIII. В степях русской Азии. Рассказ Афросимова. СПб, 1872, стр. 26-27;

сарабынан өткізу, бәйге атына (берэн, күлік, тұлпар) сын айту үстінде болған егес сөздер, айтыс, талас, жанжал суреттері; жарысқа түскен тұлпарларды күту сағатында туған сезім толқындары, алдынан жеке-дара келген тұлпарды, онымен тетелес келген берэндерді ардақтау, оларға ертегі болып қалатын жұлды тарту: Аяқ бәйгемді айтсам: — (Алабас жорға ат саям, — Алпыс атқа мінгізген; — Алпыс қалша құл саям; — Боталы түйе, балалы күң; — Манат жапқан үй саям), тағы толып жатқан неше алуан суреттер. Осының бәрі атақты жыршының эпикалы сарынмен тамылжытып айтуы бойынша, бірінің артынан бірі ағылып, адамды поэзия құшағына бөлегендей, дүркін-дүркін ой туғызып отырады.

Жырдағы ең қызық сурет, әрине, «асқа сауын айту». Тарихи жора бойынша, бөтен елдерге сауын айта баруға жай өлермен кісіні жіберуге болмайды, оған әрі елті, әрі саңылақ, тілге шешен, әрбір елдің жорасын жақсы білетін, тілге шебер, майталман кісі бару керек. Ондай кісі жырда эпикалы герой Жайма-Кекіл Жас Айдар деп аталады; Жас Айдардың жырда суреттелетін пішіні, оның желбіреген кекілі, киімі, қару-жарағы ерте заманнан келе жатқан даланың мүсін тастарына өте ұқсас. Бұл екі бейненің айырмасы: біреуін мүсінші тасқа қашап түсіріп, екіншісін ақын өлеңмен жырлап келтірген. Бірақ екеуінің негізі бір арнадан шығып, бір дәуірдің туындысы болуға керек қой деген ой туғызады.

Халықтың қайнаған ортасынан шыққан Жайма-Кекіл жырда хан ұлы Бокмұрынның сауын айтуға бар дегеніне бағынғысы келмейді, бұлданып оның алдына бірнеше шарттар қояды. Тек хан ұлы күш көрсетіп, қорқытқаннан кейін ғана баруға бет алады.

Сауын айтудың басы Ер Қосайдан (Орталық Қазақстан) басталып, соны Манас (Ферғана, Талас), Айхожамен (Самарқан, Бұхара) бітеді. Олардан басқа Жайық (Едіге), Сыр бойын (Бекіш, Шекіш), Жетісу (Ер Бағыс), Ертіс (Ер Төстік), Алтай (Ер Көкше) жерін қоныстаған елдердің өкілдерін шақырады. Бұл көрсеткен жерлердің барлығы Көкөтай мен оның баласы Бокмұрынға бағынған елдер болып айтылады. Олардың барлығын Жайма-Кекіл Бокмұрынның атынан

сескендіріп, асқа келмесендер кейін Көкетайдың «айшығы алтын ордасында сазанды тартасын» деп қорқытып отырады. Қорқытпаған алыптар тек қана Ер Төстік, Манас, Айхожа.

Манас Бокмұрынды менсінбейді, «Көкетайдың асы — даладан табылған Бокмұрын мен шірік байдың баласы Баймұрза билейтін іс пе екен?» — деп оларға аспандап қарайды. Дегенмен, шораларына бұйрық беріп, асқа салтанатпен баруға дайындық жасатады. Ежелгі ерлік дәуірдің салты бойынша ылғи баран және боз ат дайындатады, шораларына ылғи көк киім кидіріп, бәрін бір формаға түсіреді. Шеруді ылғи боз ат пен қара атқа мінгізіп, оларға бір түсті көк киізден ескі гундер мен Орхон түріктерінен қалған рәсім. Көк түс Орхон түріктерінде жоғарылықтың, қол жетпеудің, беріктіктің ишарасы (символы) болған. Оның негізі аспанға, көкке, көк тәңіріге табынудан шыққан.

Сес көрсету мақсатымен Манас Көкетайдың асына тез келе қоймайды. Жыр бойынша оның кешігуі Бокмұрынды қатты сескендіреді. Өйткені, Бокмұрын жаңа даулап келе жатқан алып күш Манастан қатты қорқады, екінші «Манасты асыма шақыр, онымен жақын бол» деу Көкетайдың өсиетінде айтылған. Сондықтан Бокмұрын Манастың келуін күтіп отыра алмай, қаншама тарту алып оның алдынан шығады.

Сауын айтумен тығыз байланысты жойқын суреттің бірі өзен бойын шалқыта асқа тіккен үйлер, қонақ күтіп алатын даяшылар, құнан шаптырым жерге созылта қазған жер-ошақтар, үлкен сойыс, тау-тау қылып табақ тарту суреттері. Осы суретке орай, қанша сойыс қылуды, қанша ат шаптыруды, қандай жұлды тартуды, сауын айта бара жатқан кісі жөнекей жариялап отырады.

Бұдан әрі шалқыта берілген астың жалпы суреті, оған жиналған сансыз көп халық, ежелгі түркі тайпаларының рухани тіршілігінен белгілі орын алған неше түрлі спорттық ойындар, солардың жарқын суреті. Аста біріншіден көзге түсетін нәрсе — бәйгеге қосатын жүйріктердің көрмесі, оларды қызықтыру үшін халыққа тамашаға көрсету, әрі

жүйріктің мүсінін, оның ерекшелігін мүлтіксіз айыратыны ат сыншыларының тақпақтап айтқан сөздері. Ерте заманнан келе жатқан дәстүр бойынша «ас» бірнеше айға созылады. Бірінші күндері бәйге аттарының көрмесін қызықтау, жақын жерде құнан жарыс өткізу, келесі күндері «ат сайыс», «аударыс», «қабақ ату» ойындарын өткізу болады. Астағы ең қызықты суреттердің бірі — «балуан күрес». Бұл көп уақытқа созылады, екі жақ бірдей толқып, әрқайсысы өз балуанының жеңгенін ардақтап, оны басына көтереді.

«Балуан күрес» — жырда тамаша спорттық ойын түрінде суреттелген. Бокмұрын жұртты қоздыру үшін майданға тоқсан торы айғырдың үйірін айдап шығып, «осыны қай жеңген балуан алсын» дейді. Оны жеңіп алуға бәрі қызығады. Ең алдымен күреске Жолай шығады. Жыр осы арада Жолайдың жойқын алып батыр екенін бірінші рет суреттейді. Оған қарсы шығуға ешкімнің батылы бармайды, Ер Төстік, Ер Көкше, Манас тағы басқа алыптардың барлығы Жолаймен күресуден бас тартады. Отырған жұрт Қосайдың өзінің шыққанын ұнатады, ақырында күреске Қосай шығып, бірнеше күн алысқаннан кейін Жолайды жеңіп, оның басынан аттап өтеді.

«Ат-сайыс» жырда Манастың ең жақсы көрген спорты болып суреттеледі. Мұнда Манас «Кәдірдің ханы» Жаңбыршыға қарсы шығады. Сайысқа Манас бәлі қайыспайтын ең мықты аттарды таңдап алады. Ол — Алмамбеттің Сұраласы, Ер Көкшенің Көкаласы.

Аста көрсетілген ең тамаша ойын — «Жез бұйдалы іңгеннің биі». Бокмұрын майданға қалы кілем жапқан, екі өркеші баладай, жез бұйдалы, қайымалы кара іңгенді шығарып, көрмеге байлатады. Тырдай жалаңаш жас әйел майданға шығып, осыны шешіп алып, билеп, жұрт алдынан өтсін, — дейді. Майданға екі қолын төбесіне қойып, екі емшегі торсықтай, тырдай жалаңаш, жорғалай басып Оронку шығады. Бұйданы тісімен шешіп алып, жалаңаш күйі түйені тайраңдатып, топты аралап шығады. Оронкудың шыққаны Манасты қатты күйзелтеді, өйткені ол кездегі сұлулықты сүйетін сері мен алыптар тек қана бұралған сұлу қыздың, не

сұлу келіншектің шыққанын күтетін және оларға үйленетін, Мосқал тартқан Оронкудың шыққаны жұртқа әсер етпейді, оны ұнатпай, келемеждеп күлкі етеді. Манас қатты ренжіп, Оронкудың бәтесін шапалақтап бейуаз айтқан сөзіне ыза болады. Бірақ Оронкудың Манасқа берген жауабы өте қисынды құдайға шүкір, жететін мал бар (мен оған қызыққаным жоқ), бірақ та ерекше болатын табиғи сезім (намыс) әйелде болмай ма екен, деп Манастың аузын аштырмайды. В. В. Радлов жазып алған нұсқада майданға жалаңаш шыққан Оронку іңгенді шешіп алудың орнына жерге көміп қойған көп күміс жамбыны тонқайып барып алады. Манастың емеуірінін сезген Алмамбет оған намыстанып «Артыңды жап!» — деп, оған шапан тартады. Бұл, әрине, кейінгі замандағы «Сарпай» тартудың түбі туу баста осы ойыннан шыққанын көрсетеді. В. В. Радлов нұсқасындағы жерден жамбы көтеру — бұл ойынның бергі кездегі өзгерген түрі, оның тарихи дәуірдегі негізгі түрі, әрине, «жез бұйдады кара іңген» екені сөзсіз. Жалпы айтқанда, «Манас» жырының бұл шумағы біраз натурализмі болғанымен, өнердің биік сатысын көрсететін, ежелгі поэзияның бір жарқын түрі. Бұл да ислам дінінен анағұрлым бұрын қалыптасқан, сұлулық, серілікпен байланысты ойдың бір жарқын түрі. Майданға (сахнаға) жалаңаш жас әйелді шығару, жалаңаш әйелді суретке түсіру, шығыс елдерінің ерте замандағы өнерінде кездесетін шындық қиял емес, Еуропа тіршілігінен туған өнердің де бір көрінісі.

Шоқан жазып алған Көкөтай жырының соңы кіші «казат» — деп аталатын қырғын соғыспен бітеді. Көкөтайға ас берумен байланысты неше алуан әдемі, бейбіт тұрмыс суреттерінің бара-бара соғысқа айналуы — тарихи дәуірлердегі көрші елдер арасының саяси жағдайлары оншалық тәтті болмағанын көрсетеді. Бұл әсіресе ас үстінде қытай мен калмак бектерінің кеудесін көтеріп, менмендік, қол-күш істеулерінен көріне бастайды. Ол жақтың бектерінің басшылары Мес Қара, Қоңырбай, Жолай, жергілікті халықтарға менсінбеушілік көзбен қарап, өздерін үлгілі елдің өкілдері етіп көрсетіп: «асты қалай тартуды, атты қалай шаштыруды, бәйгені қалай тігуді, балуанды қалай күрестіруді» Жолайдан

сұрап, соның кеңесімен істеу керек деп омырау көрсетеді. Мұндай сұғанақтық күш көрсету жергілікті елдердің намысын қозғап, сезімін толқытады. Жанжал әсіресе күрес үстінде, ат бәйгесінде қоза түседі. Жанжалды қоздырушы Манастың түбегейлі жаулары Жолай мен Қоңырбай болып шығады. Олар күншілдікпен күш көрсетіп, жұлдыға тартатын қымбат мүлікті, қыруар малды зорлықпен алғысы келеді (Шоқан). Далада, өрісте жатқан көп жылқыны бірге қуалай жөнеледі (Саяқбай). Осының бәрі үлкен насырға соғып, ең соңында «казатқа» айналады. Халықтың бүтіндігін, оның бейбіт өмірін арман ететін ер Манас, күле кіріп, күңірене шығатын жаудың бұл қылығына шыдамай, Жолайға қарсы шығып, айқаса түскенде оның жағын сындырып, өзін ас берген жерден қуып шығады. Жағы сынған Жолай: «Манас, саған қылмасам», — деп, еліне барып соғысқа дайындалады. Оған қарсы Манас та дайындалады. Әскер, ат сұрап Қосайға, Ер Көкшеге, Ер Төстікке, тағы басқа алыптарға кісі жібереді. Бірақ, алыптардың бірде-бірі Манастың бұл емеуірінін қостамайды, ат әскер бермейді. Манас соғысқа жалғыз өзі дайындалады. Алдымен Түгер ұстаға кісі жіберіп болат қару жасатады, зайыбы Қаныкейге бір жылға азық-түлік дайындатады. Бұл жерде айтылып отырған Түгел ұста жалғыз «Манас» жырында емес, ескі қыпшақ жырларында («Ақ Көбек») жиі кездесіп отырады. Түгел ұста жасаған ақ болаттың қасиеті де көп жырда кездесетін, дәстүрлі жыр. Мәселен:

Көрігіне шыламан,  
Көк бұқалар сойылды.  
Көміріне шыдамай,  
Толған тоғай жойылды.

Тап осы қалыптас жырды «Ақ Көбек» ертегісінде көруге болады. Көп эпоста кездесетін дәстүрлі саздың бірі:

Қыңға салса қылт еткен,  
Суырып алса жылт еткен.

Шоқан мұны Орақ батырдың ақ берені туралы айтылған жыр деп жазып алған.

Қару-жарағын байлап, әскерін топтаған соң, Манас Жолайға қарсы аттанады. Сегіз күн жүріп, Тал-Шоқыға келіп қарауылға шығады, екі жағын болжайды. Манастың қасындағы жауынгер серіктері Алмамбет, Қырғын-Шал, Ажыбай, Сырғақ, Манас Сырғаққа сенбейді, қиын жерге Ажыбай мен Алмамбетті жұмсайды. Екі жақтың жер қайысқан әскері Бейжін даласында кездеседі.

Соғысқа түсер алдында жыр алып Манастың ерлігін ұмыттырып, оны лирикалы сезім толқынына батырып, оған налыс (толғау) сөздерін айтқызады. Жырдың өзге нұсқасында ондай толғау-налыс сөздерді Манас жараланып жатқанда, не өлер алдында айтады. Тегінде мұндай соғысқа түсер алдында, не қиыншылық басқа түскенде геройдың аузына эпикалы налыс, толғау сөздерін түсіріп, ата-бабаның рухын еске түсіру қазақ жырының көбінде кездеседі. Мәселен, аты қоршауда, қолы байлауда қалған Алпамыстың налып айтқан ерлік сөзі<sup>6</sup>, Қобыландының жападан-жалғыз қалып айтқан толғауы:<sup>7</sup>

Жан жаратқан, Құдайым,  
Жалғыздық басқа түсіп тұр,  
Дүниедегі уайым.

Ата-ана көп халқым,  
Қайдан барып табайын,  
Пір басыма тарқылды,  
Дүниенің кең сарайын.

Сол сияқты өмірден, соғыстан қажыған Орақ батырдың бұрынғы ерлігін есіне түсіріп айтқан толғауы<sup>8</sup>. Кейбір есер батырлардың толғауы көбінесе мақтан, күпсу, кеудесін көтеру түрінде келеді. Мәселен, Қарабатырдың Ораққа

мақтанып айтқаны<sup>9</sup>, не Қойгелді батырдың жауға аттанарда күпсіп айтқан сөздері<sup>10</sup>. Ерлік толғаудың енді бір түрі — жау қолында жараланып өлейін деп жатқан ерлердің ел қорғау жолында мақсатына жете алмай кеткенін арман етіп айтқан налыс сөздері (қазақ эпосында Тәтидың жыры<sup>11</sup> Манастың толғаулары көбінесе осы соңғы сарында келеді. Мұндай ерлік толғаулар (налу) халық эпосында ерте заманнан дәстүр болған халық жырының бір түрі. Оның негізін Күлтегінің, Тоңы-Көктің жазуларынан көруге болады. Ағайынды Чэдвиктер ерлік толғауды қазақ пен қырғыз әдебиетіне ғана тән жырдың түрі деп, оған Speesk roems<sup>12</sup> толғау дастаны деп ат берген. Чэдвиктер толғау дастанын өте ерте заманнан келе жатқан жырдың бір саласы деп, қазақ пен қырғыздардың толғау жырын «аға эдда» жырымен салыстырады. Шынында «аға эдда» жырында айтылатын Атил (Еділ) мен Хамдирдың қиыншылық басқа түскенде айтқан толғау сөздері Манас пен Қобыланды, Алпамыстар айтатын толғаумен бірдей. Толғау сарыны Еуропа әдебиетіне гундер арқылы тарауы ғажап емес<sup>13</sup>.

Манас жорыққа бара жатып Тал-Шоқының төбесінде өзіне-өзі толғау айтып тұрғанда, алдынан бұлаңдап қызыл түлкі қашады. Манас оны кешегі Жолайдың құбылып шыққан сұлу қызы емес пе екен деп жориды. Оған көзі оттай жанып: «Ал, осының соңына түсіңдер. Осыны алсаң Тәңірі біздің жолымызды ашады», — дейді.

«Көкетай» жырындағы өнер тарихы тұрғысынан бағалы саналатын суреттің бірі ескі заманда қолданған соғыс әдістері, соны еске түсіру. Манас Жолайды жеңу үшін тарихи дәуірден түрлі тайпалары қолданған, оның ішінде ежелгі гундер заманынан белгілі болған дәстүрлі соғыс істерін пайдаланады. Сондықтан ол әскеріне ылғи қылаң, баран аттар мінгізеді, жауға көбінесе түнгі ай жарығында ша-

<sup>6</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. 1, стр. 192.

<sup>7</sup> А. Диваев. Батырлар жыры. Алпамыс. Ташкент, 1922, стр. 39.

<sup>8</sup> А. Диваев. Батырлар жыры. Қобыланды, Ташкент, 1922, стр. 102, 103.

<sup>9</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. 1, стр. 188-191.

<sup>10</sup> Сонда, стр. 190-191.

<sup>11</sup> В. В. Радлов. Образцы, т. III.

<sup>12</sup> Сонда.

<sup>13</sup> Чэдвиктер. Көрсеткен кітап, стр. 57-58.

буыл жасап, ылғи акбоз атпен ай жарығынан тиеді, күндіз болса күн жағынан тиеді. Соғыста шолғыншылық әдісін ерекше қолданады. Манастың шолғыншылары жау әскерін соңынан еліктіріп, оңаша шыққан жерде оларға қырғын таптырады. Шолғыншыға Бейжін үшін жанын аямаған, елінің, жерінің асқан патриоты Алмамбет шығады. Алмамбет жау қолына жай отындай тиіп, оның ұлы бастығы Қоңырбайды жаралайды, өзі желқанат тұлпармен жау әскерін соңынан еліктіріп, Манасқа тартады. Алмамбеттің соңына Жолай бастаған бір топ қосын түседі. Жолай Ашбуданмен қуып, әне ұстаймын, міне ұстаймын деп жүргенде алдынан Манас шығып, екі батыр жекпе-жек соғысады. Ең соңында Манас Жолайды шауып өлтіреді, басын кесіп, сүйегін отқа жағады. Осы арада жыр Жолайдың тұлпары Ашбуданға тіл бітіріп, мұңлы сөз айтқызады. Ашбудан Манасты айнала шауып күніренеді: «Осынша істейтіндей қандай кектерің бар еді? Енді ешуақытта түзелмейтін болдық. Манас, мені қанша қуғаныңмен мен саған ұстатпан», — деп көзден ғайып болады.

Жолайдан кейін Манас Қоңырбайды өлтіреді, жауын тегіс жеңіп, көп шорасымен, қанша шерулермен еліне келіп, ежелгі жауын жеңгені үшін салтанатты той жасап, үлкен мереке өткізеді.

Манастың жауын жеңіп, еліне қайтып салтанатты той жасауы — «Оғыз намеде» айтылатын суреттен еш бөтендігі жоқ. Бұл екеуі де ерте заманнан дәстүр болған эпикалы бір арнаны көрсетеді.

Тұжырып айтқанда, Шоқан жазып алған «Көкөтайдың жыры» тек ас берудің, көшіп-қонудың, өсиет айтудың суреті ғана емес. Мұнда «Манас» жырына арқау болған суреттердің бірталайы бар, соның бірі «казак» деп аталатын соғыс суреттері.

Бұған қарағанда кейбір ғалымдардың «Шоқан Көкөтай асының тек бас жағын жазып алған» деуі дұрыс болып табылмайды<sup>14</sup>. Шоқан «Манас» жырының 3600 жолдың жы-

рын жазып алуға үлгірген, бірақ ол жазғандарын тегісімен орысшаға аударып үлгірмеген. Шоканның орысшаға аударғаны тек «Көкөтай» жырының басы, Жас Айдардың Ер Қосайға сауын айтып барған жеріне дейін. Бұл қырғыз текстінің төрттен бірі ғана, жырдың негізгі арқауы (астын суреті), тегісімен аударылмай қалған. Шоқан бұл жырды жан-тәнімен жақсы көріп, оны аударып, Еуропа ғалымдарының алдына тартуды үлкен мақсат етсе де оның жұмыс бастылығы, оның үстіне кінәратта болуы үлкен бөгет болып, жас ғалымның жарқын ойлары іс жүзіне аспай қалған. Өмірде талай қамығу, талай өксу жолығады ғой, бірақ ұлы адамдардың алтын ойы іске аспай қалуы аса өкінетін іс.

## ЖЫРДАҒЫ ЕРЛІК БЕЙНЕЛЕР, КІСІ, ЕЛ АТТАРЫ, ОЛАРДЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

Жырдың бас геройы — Манас. Ежелден келе жатқан ақындық дәстүрі бойынша жыр Манастың эпикалық өмірбаянын туғанынан өлгенге дейін әсем тілмен шалқыта, кеңінен суреттейді.

«Манас» жырының ең ескі, және қызықты тарауларының бірі — «Манастың туысы». Болашақтағы алып батырдың тұлғасы ең алдымен осы тарауда жеткізе суреттелген. Бір өкінішті жері, «Манастың туысы» Шоканның жазуына кірмеген. Жырды толық жазып алуға мүмкіншілігі болмаған Шоқан 12 жасар Манастың тек бірінші ерлік қадамынан бастап қағазға түсіруді жөн көрген. Бір жақсысы, «Манастың туысы» В.В. Радлов жазуында, Сағымбайда, Саяқбайда, тағы өзге манасшылардың айтуында толық, кеңінен суреттеледі. Бұл тарауға кіретін суреттер тегісімен халық эпосына бұрыннан дәстүр болған, қазақ пен қырғыз халқының барлық эпос жанрында кездесетін Ер Төстік, Ер Көкше, Ер Сайын, Қобыланды жырларында кездесетін белгілі сарынмен айтылады. Ол жырлардың барлығына ортақ нәрсе — халыққа қамқор болатын, елін, Отанын қорғайтын

<sup>14</sup> З. Мамытбеков. Э. Абдыллаев. «Манас» эпосун изилдөөнүн кээ бир мәселелери». Фрунзе. 1960, стр. 33.



алып ерді арман еткен жұртшылық, олардың туысын да жай кісінің туысынан өзгеше етіп, оларды күні бұрын ерекше бейнелеп, неше алуан кереметпен дүниеге келтіреді. Соның бірі алып ерді арман еткен ата-аналар «эулиеге ат айтып, корасанға қой айтып», бала іздеп құба жонды кезіп кетеді, ата-бабаның кабіріне түнеп, олардан «бала бер» деп тілейді. Бір жағынан жер-суға, кереметті тау-тасқа табынады, жер-суға арнап су шашады, «от ана, май ана» деп сыйынады. Исламнан бұрынғы табынатын ұлы күштің бірі — ата-бабаның кабірі жатқан ұйық жер. Жыр бойынша, бала іздеген ата-ана дала кезіп, шаршап жүріп, сол ұйық жерге түнеп керемет түс көреді. Түсінде сәуегей қарт түрінде ата-баба рухы келіп, оларға келешекте алып ер бала біту туралы аян береді, өзі сол алып ердің қиын кезде сақтаушысы болатындығын айтады. Ислам дінінің әсері бойынша бұл сәуегей қарт халық эпосында «Ғайып ерен», «Қырық шілте»<sup>1</sup> «Қыдыр» сияқты араб, иран әдебиеттерінің пантеонынан ауысқан қияли бейнелер қоса айтылатын болды. Ескі тәңірге табыну мен Ислам дінінің араласуынан шыққан ондай дуалистік ұғымдар казак пен қырғыз халықтарының ертегі жырында жиі кездесіп отырады.

Жоғарыда көрсеткендей, дала кезіп, шаршап ұйықтағанда Жақып түс көріп, түсінде ақсұңқар құс келіп қолына қонады. Ақсұңқарды қолына ұстап түзге шыққанда, аспандағы қанаттылар ұша алмай жерге тығылады, жердегі аңдар қашып құтыла алмай, аяғының астына келеді. (Саяқбайдың айтуында ақсұңқардың орнына бала бүркіт). Бұлардың барлығы келешекте алып ер болатын даңқты бала келудің тілегі, соның халық қиялындағы әсірелеп айтылған бейнесі.

Түрік тайпаларының (казак, қырғыз, каракалпак) «халық жыры бойынша керемет бала туарда аналар күнмен шағылысады, асқан ер бала келтіру үшін аналар ерте заманда болған атақты алыптардың бас сүйегін үгіп жейді. Ер бала туудың мүлтіксіз сипаты — аналардың арыстанның,

жолбарыстың, қабыланның жүрегіне жеруі деп санайды. Манасқа жүкті боларда, жыр оның анасын арыстанның, не жолбарыстың жүрегіне жерітеді, солай болса одан ержүрек, ешнәрседен қорықпайтын, алып ер туады деген наным. «Манас» жырының кейбір нұсқаларында оның анасын алмаға жерітеді. Бұл дала эпосында өте сирек жолығатын бейне. Тегінде алмаға жеріту — Манас шыққан ортаның жемісі көп оңтүстік өлкелер: Талас, Ферғана, Қашқармен тығыз байланыста болғанын белгілеп, оның Қарахан дәуіріндегі мәдени тұрмысты (қала өмірін) еске түсіретіндігін көрсетеді.

Жырда көп айтылатын бала туудың үшінші сатысы — ананың толғағы. Алып бала туатын ананың толғағы да өзгеше, аса қиын болады. Кейде баланы жаратылыс жолымен шығара алмай, іштен жарып алады. Манастың анасы айына жетіп, толғағы піскенде Манас өте қиындықпен туады. Атақты ер болатын баланың туардағы ерекшелігі жарық дүниеге дауысын шығарып, сөйлей туады. Туысымен көп ананың сүтіне тоймайды, өзі жаратылыстан тыс тез өседі (Оғыз, Алпамыш, Бамсы, Ер Сайын). Манас анасының құрсағынан сөйлей шығып, қолына қан шенгелдеп туады (Сағымбай, Бағыш, Сазан). Оны үш қарын маймен ауыздандырады, оған тоймайды. Анасының емшегін емгенде сүтпен бірге қанын сорып шығарады. (Сағымбай), өзі тез өседі. «Оғыз наме» де Оғыз туа сала өз атын өзі шақырады.

Эпос жырынан белгілі орын алған халық дәстүрінің бірі — балаға ат қою. Тарихи дәуірлерде балаға ат қою ата-ананың, жұртшылықтың аса қуаныш еткен, үлкен мерекесінің бірі болған. Өйткені, жасөспірім ұрпақ кейін олардың орнын басытын мұрагері болғандықтан олардың өсуіне, адамшылық қасиетіне үлкен мән берген.

Ежелгі дәуірден келе жатқан халық жорасы бойынша, балаға ат қоятын бір ғана сәуегей қарт (жырау), не алыс жерден келе жатқан жолаушы. Ерте заманда балаға атты көп қойған кісінің бірі болып Қорқыт аталады. Жақып жылқыға келіп ұйықтағанда түсіне Қызыр кіріп: «Балаңның атын Манас қой, бірақ он екіге келгенше «Манас» деп атама», — дейді.

<sup>1</sup> Шілте-чабил-тән-қырық дос.

Саякбай бойынша, Жакып «Балама ат койындар», — дегенде, аксакалды кария (бұрынғы сәуегей карт) шығып: «Аты Манас болсын» дейді. «Қорқыт» жырында ұлан бірінші ерлік қадамын өткенше оған ат қойылмайды. Оғыз бен қыпшақтарда, тағы басқа түркі тайпаларында ұлан белгілі сыннан өткенше, бірінші ерлік атын өзі көрсетпейінше оған ат қойылмаған. Ол 12-14 жасқа дейін шартты атпен жүрген (Бокмұрын, Итпай т. б.) Оғыздың туа сала «өз атын өзі шақырды» деуі — осы баланы туу арқылы ол өзінің ерлік атын бірден-ақ шығарды деген мезгеу.

Халықтың тарихи дәстүрі бойынша, батырлардың бірінші ерлік қадамы — садақ атып, найзамен сайысып үйрену, далада бірінші рет халыққа зиян келтіретін жартқыш аңды атып мергендік ат алу, 12-14 жастарында бірінші ерлік, жауынгерлік тұлғасын көрсету. Манастың ерлігін жыр осы сияқты оның бала күнінен бастайды. Манас тентек болып өседі, ата-анасының тілін алмайды (Сағымбай, Саякбай).

Жас ұлан Манастың ерлігін сипаттау үшін, жыр оның қасына қырғыздың қырық баласын ертіп ойнатады. Сол кезде оларға қалмақтың сексен баласы тиіп, Манастың жолдастарын сабайды. Манас оған намыстанып, қалмақ балаларын бықырт тигендей қылады. Бұл айтылып отырған мотивте көп эпос жырына ортақ (Қозы Көрпеш, Ер Сайын, Қобыланды т. б. бала күндерінде тентек болып өседі). Едіге Қырымның қырық баласымен ойнап жүргенде кейде күресіп, оларды бір жерге үйіп, өзі төбесіне шығып отырады. (Сендерді билеймін деудің ишараты.)

Жыр Манасты, он екі жасында жауға қарсы шығарып оқ атқызады, 14 жасында дұшпандарын күйреткізеді.

Қазақ пен қырғыз халқының эпос жырына дәстүр болған нәрсенің бірі — ерте заманғы ерлік салты бойынша үйлену. Ол үшін жігітке жұртшылық алдында майданға шығып алтын қабақ атып мергендігін көрсету, екінші, қызбен ерлік сайысқа түсу, жеңсе қызға үйленіп, жеңілсе қыз қолында тұтқын болып қалу. Қазақтар айтатын «Манас» жырының бір версиясында («Ай-Манас») қыз Манасты сайысқа шақырып: «Жеңсем сені өлтіремін, жеңілсем саған тием», — дейді.

Бұл іспеттес халық жорасы феодалдың дәуірден бұрынғы, әскери демократия кезіндегі ерлік дәуірді сипаттайды. Орта Азия өлкесін мекендеген көшпелі тайпалардың тұрмысынан бұл салттың белгілі орын алғанын грек тарихшылары тамаша ерекшелік деп білген. Міне, осы тарихи дәстүр Шоқан жазып алған «Манас» жырында әдемі сақталған. Тегінде Манастың үйленуі барлық жыршыда ұқсас болып отырады. Олардың барлығының аялғысы — ескі дәуірден келе жатқан ерлік дәстүрімен үйлену.

Шоқан жазып алған «Манас» жыры бойынша, Жакып Манасты үйлендіру мақсатымен көп заман ел аралап, қыз көреді, бірақ сұлу қыз таба алмай шаршайды, «аты ырғайдай, өзі торғайдай болады». Қаншама уақыт өткізіп, көп бейнет шегіп ақырында табады, ол өзімен аталас Қараханның (кейде Темірханның) қызы Қаныкей болып шығады. Бірақ Қарахан Жакыпты менсінбейді: «Менің қызым хан ұлына лайық, сенің ұлың құл қызына жарасты», — деп кемітеді. Манас мұны естіген соң алай-дүлей болып буырканады, Қараханның үйіне шауып, қызын күшпен алмақшы болады, қызбен сайысқа шығады. Қаныкей Манастың алапатын көрген соң, қасына қырық қыз ертіп, қырық үй тіктіріп, «қырық қызды қырық шораға, өзімді Манасқа тарту қыламын», — деп Манастың алдынан шығады. Шоқан жырдың бұл шумағын өте қысқа жазған, көп деталі қалып қойған.

В.В. Радлов бойынша, Жакып қыз іздеп ел-елді аралап жүргенде далада таз қойшыға кездеседі. Қойшы: «Манасқа тең түсетін Темірхан қызы Қаныкей» дейді. Жакып Темірханға келіп: «Тілін адам білмеген «қытайдан бір қыз таппадым, кетпенін талға саптаған, есегін арғымақтай мақтаған темір кетпен мойнында сарттан бір сұлу таппадым. Қалмақтан, қызылбастан, қырғыздан, үндіден, тәжіктен, қазақтан сұлу таппадым. Тек қана саған келіп тоқтадым», — дейді.

Темірхан Жакыптың сөзіне ойысып, онымен құда болғанда, анттасқанда, ханның уәзірі Мендібай қарсы болып шығады. Бұл арада алшауыт бектер тобының жаңа дәуірлеп келе жатқан сұраныл күш Манастан үрейленгенін білдіреді.

Жырда Манастың бес әйелі суреттеледі. Олар: Қайыптың қызы Қараберік (далада олжалап алған), түріктің (Шах-Рухтың) қызы Ақылай («олжалап алдым қорғаннан»), Аталық қызы Ақдәулет, Темірхан қызы Қаныкей — халық дәстүрімен сайысып алған, сайқал-сайыста жеңіп алған (Сағымбай).

Тегінде ежелгі заманнан алып ері Манастың туу бастағы эпикалық жұбайының аты жырда ұмытылған болу керек. Мұндағы айтылып отырған Қараханның (Темірханның) қызы Қаныкей, Қайыптың қызы Қараберік, түріктің қызы Ақылай, Аталық қызы Ақдәулет, тағы басқалар ерте кездегі эпикалы аттармен еш байланысы жоқ. Олар бұрынғы ұмытылған эпикалы аттарды толтыру үшін кейіннен қосқан қаттаулар болуға тиісті. Қаныкейді алсақ — ол тарихи адам, Тоқтамыш ханның атақты қызы. Ол жалғыз Манаста емес, ноғайлы-қыпшақ жырының көбінде кездеседі. Тоқтамыштың тарихқа белгілі екі қызы болған: бірінің аты — Жаныкей, екіншісінің аты — Қаныкей, болмаса Наныкей-жан. Олардың күмбезі осы күнге дейін Қырымда сақталып келген<sup>2</sup>.

Тоқтамыштың қызы Қаныкей — ерте заманда туған эпикалы жырдың геройы Манастың жұбайы болуы тарихи қисынға келмейді, бұл бүтіндей анахронизм. Сол сияқты Шах-Рухтың қызы Ақылай да ақылға сыймайды, екеуі де Манаспен тұстас емес, бергі кездегі қосулар.

Жырда Қаныкей бірде Қарахан қызы, бірде Темірхан қызы, Сайқал әрі Манастың жұбайы, әрі Жолайдың жұбайы болып суреттеледі. Мүмкін туу баста бұл тарихи шындықтан туған болар. Өзінің ескі жауы Жолайды өлтірген соң, Манастың оның әйелі Сайқалға үйленуі ол кездегі жұртшылық көзіне ерсі болып көрінбес еді. Ақсайқалдың бейнесін жыр былай деп дәріптейді:

Аңғы шал қызы Ақсайқал,  
Қырық құлаш шапшы бар.  
Қара жерге қар жауса,  
Қарды көр де етін көр.  
Қарлы жерге қан тамса,  
Қанды көр де бетін көр.

Сұлу әйелдің көркін бұлай аллитерациямен, жана жауған ақ қарға, оның үстіне жаңа тамған қызыл қанға теңеп бейнелеу халық жырында ерте заманнан калыптасқан бейне. Ол ескі жырдың көбінде кездеседі, қазақтың халық эпосында тіпті жиі жолығады. Мәселен, «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің, «Қамбардағы» Назым қыздың бейнесі тура осы түрде айтылады.

Жалпы алғанда, эпикалы бейнелер, кісі аттары, кейде тарихи оқиғалар «Манас» жырында тіпті тұрақты емес, жиі өзгереді, көбі қым-қиғаш, бытысып жағады. Мәселен, Алтынай әрі Ер Төстіктің жұбайы (Айханның қызы Алтынай, оны алдым күшпенен), әрі Алмамбеттің анасы, әрі оның жұбайы, Қарлығаш көп алыпқа қарындас болып жырланады. Манастың қарындасы да Қарлығаш, Жолайдікі де Қарлығаш, Бокмұрындікі де Қарлығаш, бәрінікі Қарлығаш. Атақты ер Білерек бірде Жаңғардың ұлы, бірде Жаныс ұлы болып аталады. Жаныс қазақтың Ұлы жүз тайпасы Дулаттың бір атасы. Жаңбыршы бірде қараноғай, бірде қалмақ, бірде кәуір болып сипатталады. Манастың өзі де оның әрбір версиясында әр алуан түрде кездеседі — бірде сарыноғай, бірде қыпшақ, бірде «Әндіжанның шикі алмасын кемірген Самарханның сарты» болып сипатталады. Бұған қарағанда кейінгі манасшылар «Манас» жырының туу баста калыптасқан канондік текстін қадірлемеген, оның тарихи дәуірлерде жасалған желісін, кісі, ел аттарын жиі өзгертіп, әр жыршы өзінше қисыңдыра берген. Соның нәтижесінде тарихи дәуірлерде жасалған ескі жырдың тұрпаты түбіндей шұбарланып, көп өзгеріске түскен. Бұған ноғай да, қалмақ та, Қокан хандығы да, ақ патша да кіре берген. Сондай жаңадан қосылған мәліметтермен оның көлемі де кампия берген. «Манас» жырын зерттеуші ғалымдардан Альмаши мен Б.М. Юнусалиев мұны дұрыс

<sup>2</sup> Б. Н. Засыпкин. Маятник архитектуры Крымских татар. «Крым. № 2/4, 1927, стр. 125-126; Ақчокараклы. Новое в истории Чуфут-Кала. Изв. Тур. Общ. Ист. Арх. этнограф. II, стр. 166; Ақчокараклы Хан қызы хикаяты. Казань, 1910, стр. 3-4.

көрсеткен<sup>3</sup>. Міне, бұл қаттаулардан тарихи заманда шыққан «Манас» жырының түбегейлі арқауын айырып табу оңай жұмыс емес. Оны айыру «Манас» жырын зерттеушілерге бірінші мәселе болып табылуға тиісті.

Бірақ, қалайда, «Манас» түү бастағы көркем сәулетті желісін қою бұлыңғыр арасынан сүзіп шығару соншалық қиын да емес, оның кейбір әдемі жосықтары әлі де болса жақсы сақталып, біздің заманымызға дейін келіп жеткен. Оны «Көкөтай» әңгімесінен, «Алмамбет» жырынан, «Манастың туысынан» айқын көруге болады.

Манас жырын құбылтып айтумен<sup>4</sup> байланысты мұнда көп өзгеріске түскен әсіресе Манастың аталық шежіресі. Жоғарыда айтылғандай. Оны жыр бірде Төбей, бірде Ноғай (Сағымбай), бірде Қыпшақ (Мажмұғ), бірде Самарқанның сарты еді деп көрсетеді. Бұл туралы «Манас» жырын зерттеуші ғалымдардың пікірі де әр алуан. Олардың кейбірі Манастың өз басын ешбір тарихи дәуірге орайластырмай, оны тек ерлік бейнесінің жинақ аты деп көрсетпекші болады. Бірақ біздің байқауымызша, «Манас» жырындағы геройлардың көпшілігі тарихи болған кісі екенін мойындасак, (Ер Көкше, Ер Қосай, Едіге, Темір, т. б.). Манас та бір кездегі тарихи шындықтан алыс болмай, соның эпикалы түрге айналған бейнесі деуге болады. Өйткені, Манастың тарихи дәуірлерде болған кісі екенін дәлелдейтін, Манас атымен байланысты деректер аз емес. Оны әсіресе толып жатқан географиялық атаулар мен халықтың өзге аңыздары, жоғарыда көрсеткендей, айқын суреттеп бере алады.

Жыр бойынша, Манас пен Алмамбеттің ерлік өмірі көбінесе Бесбалық (Бейжін) төнірегінде, Талас бойында өтеді. Манас атымен байланысты тарихи орындар әсіресе осы екі өлкеде тіпті көп, олардан кейін Манас атының жиі кездесетін жері Іле өзені бойында, Қарқара, Жанастың Бозтөбесі. Халық аңызы бойынша Манастың жебел (жауынгер) досы, әрі туысы Алмамбет Бесбалықта туып өсіп, Шиху қаласына қойылған (Саяқбай). Қазіргі Жоңғария өлкесінде

<sup>3</sup> Альмаши. Жоғарыда көрсеткен кітап, Б. М. Юнусалиев. Манас, 1, Фрунзе. 1958. (алты сөз.)

<sup>4</sup> Б. М. Юнусалиев. Манас, 1, Фрунзе, 1958.

«Манастың тамы», «Манастың өзені», «Манастың ойпаты», «Манас қаласы», «Манастың бекеті» деп аталатын бірнеше географиялық орындар бар. Ондай ат Тарбағатай, Алтай тауларында, Орталық Қазақстан жерінде де жиі кездеседі.

Халық аңызы бойынша, көп жерлер Манастың соғысқан, әскерін қарауылға тұрғызған, шақпақ тас алған (Кең-көл), не атын көрмеге байлаған, қонақтап жатқан жері болып айтылады<sup>5</sup>. Тоқырауын казактарының қария сөзі бойынша Ер Манас — Ер Көкшенің баласы-міс. Оның ақ құла атының жайылған жері Беказы тауының бөктері. Ақ құла күндіз Беказы тауының іргесінде жайылып, түнге қарсы үстіне шығып, тас ахырдан шөп жейтін болған-міс. Қазақтардың айтуынша, ақ құла шөп жеген тас ахыр, оның су ішкен тас қазаны Беказы тауының басында әлі күнге сақталған-міс. Сол жерде тұлпар аттың тұяғының таңбасы бар, оны казактар Манастың ақ құласының тұяғынан түскен таңба деп дәріптейді<sup>6</sup>. Жырдың кейбір шумақтары Манастың тұрған, жебелеген жерлерін былай деп суреттейді:

Ұлуг Манас батырдың  
Манас атты шәрі бар,  
Үрбі деген туганы,  
Үрімшіден тұрғаны,  
Көметай (Көбетай) деген шәрі бар.  
Манас күткен қырықбатыр,  
Бейжіңге дейін бәрі бар.  
Бақан деген қары бар.  
Бақан ханның тұрғаны,  
Баба-Қары тауы бар.  
Ақсу менен Турфанның,  
Ар жағында Байы бар.  
Қырық ру қырғыз жерлеген  
Алтай жақта жайы бар.

(Сағымбай)

<sup>5</sup> Масальский. Россия, т. X, IX, стр. 39, 51.

<sup>6</sup> Г. Н. Потанин. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. Живая старина, 1916, вып. II-III, стр. 79.

Манастың әкесі Жақып Шораларға айтқан сөзінде олардың ата-мекен қонысы ретінде Көбес (Алатау), Алтай, Ертіс бойын көрсетеді.

Кіндік кескен жерлерің,  
Кіріңді жуған жерлерің,  
Көбес бір таудың бер жағы,  
Шалқып жатқан кең Ертістің басы.

Бұл жыр біріншіден түрік қағанаты кезіндегі Алтай мен Ертіс бойының саяси-шаруашылық мәнін еске түсірсе, екіншіден, сол кездегі қырғыз халқының Алтайға дейін көшіп барып жүрген заманын елестетеді. Жақыптың өзі де осы өлкелерді жайлап отырады. Оның көшіп баратын қонысы жырда «Жер төсі» деп аталады. (Радлов.) Саяқбайдың айтуынша, Жақыптың атасы Қарахан өлген соң, қырғыз елін қытайдың Молтоханы мен Алоуке шауып алады. Жақып қырық үйлі (кейде қырық ру) қырғызбен Алтай жеріне сүріледі. Осы арада егін салып байиды. Манас сол арада туады.

Сайып келгенде, бұл аңыздардың барлығының тарихи негізі бар, оның барлығы қырғыз халқының монғол дәуірінің бұрынғы тіршілігін еске түсіріп, олардың Алатау мен Алтай, Саян тауларының арасында тарихи дәуірлерде көшіп жүрген заманын көз алдына келтіргендей болады.

Жырдың Шоқан мен В. В. Радлов жазып алған нұсқалары бойынша, Манас бұрыннан ел билеген аталардың тұқымынан болып айтылады. Жырда келтірген шежіре бойынша Манастың түп атасы Бойын (Мойын) хан, одан Жақып, одан Манас. Жыр:

Жеті төрдің басында,  
Жеткелең туған Бойун хан.  
Бойун хандан Қарахан,  
Қарахандан Жақып хан.

(Радлов),

Жырдың көп нұсқалары Манастың ата шежіресін бір ауыздан осылай көрсетеді, оның ішінде атақты Манасшы Саяқбай Қаралаев та осылай жырлайды.

Манас жырын ғылыми тұрғыдан жақсы жазып алған кісінің бірі Ыбырай нұсқасы да негізінде осымен бірдей. Мәселен:

Түп атасы Түмен хан,  
Түмен хандан Бойун хан.  
Бойун хандан Шаянхан,  
Шаян хандан Қарахан.  
Қарахандан Жақып,  
Жақыптың ұлы жас Манас,  
Жалпы жұртқа бас Манас<sup>7</sup>.

Атақты жыршылардан тек Сағымбай Оразбақов қана Манастың түп атасын Төбей деп көрсетеді. Төбейдің кім екенін еске түсірсек — оны бір ғана ескі үйсіндерге апарып тірейміз. Өйткені, халық шежіресі бойынша Төбей — Жетісуды мекендеген үйсіндердің түп атасы болып саналады<sup>8</sup>, о да даңқты кісінің бірі. Жыршы Сағымбайдың Төбейді еске түсіруі кездейсоқ болмауға тиісті. Бұл Төбей туралы да қырғыз халқының ортасында тарихи аңыз сақталғанын көрсетеді.

Манастың жырда айтылатын ата шежіресін тарихи деректермен салыстырып қарағанда, оның әкесі Жақып Қарахан тұқымынан екенін көреміз. Жырда айтылатын Алмамбет те Жақыппен туыстас, осы атадан, оны жырда солай баяндайды.

Араб тарихшысы Ибн-әл-Әсирдің жазуынша, Манастың ата шежіресі мына түрде айтылады: Сүтуқ-Бурахан, оның баласы Елек Бұғра хан, оның баласы Жақып.

<sup>7</sup> Әбдірахманов Ыбрай. Көрсеткен кітап, стр. 60.

<sup>8</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. I.

## Шежіренің толық кестесі былай көрсетіледі:

Сүтук - Бура - Қарахан

Әли Арслан хан (998 ж. өлг.)

Елек-Буғра Қарахан (ордасын Қашғар, Үзгенде құрды)  
Насыр (Арслан Елек) Тоған хан (ордасын Үзген, Қашқарда құрды).

Әбу Исхак Ибраһим (Тамтач хан) Шамсул-Мүлік (Бограхан) (ордасын Самарқан, Бұхарда құрды).

Харун Бурахан, Қадырхан, Юсуф, Якуб Манас (әулие Қарахан ордасын Баласағұн Таласта құрды).

Мұхаммед Бурахан (Жақан-Тегин) (ордасын Талас, Сайрам, Отырарда құрды).

Манас жыры бойынша бұл шежіре былай суреттеледі:

Бойын хан, Дойым алып, Қарахан, Жақып хан, алып Манас.

Ибн-әл-Әсирдің жазуынша, Жақып Талас қаласында орда құрған Харун Бура (Әулие) Қараханның інісі, X ғасырдың соңында Атбасында әкімшілік құрып, сол аймақты билеген кісі<sup>9</sup>. 992 жылы ағасы Харун Бура (Әулие) Қарахан араб халифасына қарсы көп әскермен Сайрамнан аттанып, Бұхара мен Самарханды босатуға шыққанда, Жақып та шектілердің шақыруымен Үзгеннен шығады<sup>10</sup>. Жақып тегінде кіші қатынның баласы болу керек, кейде ағасымен араздасып тұтқында отырып, кейде Бұхараға барып Селжүк сұлтандарында қызмет істейді. Араздасудың түбі бақ талас. Қарахан тұқымдары өзара феодалдың таласқа түскенде, Жақып көбінесе Үзген, Баласағұн, Талас аймағын билеген, өзімен тұстас Қарахан тұқымдарын жақтап, Ферғанадан (Үзген) Таласқа дейінгі жерді Қашғар мен Самарқан билігінен бөліп алуды мақсат етеді<sup>11</sup>.

Жырда Манастың Әндіжан (Үзген) мен Таластың арасында жортып жүруінің негізі осындай шындықтан туған болу керек.

<sup>9</sup> В. В. Бартольд. Сочинения, II, ч. 1, стр. 45, ч. 2, стр. 508.

<sup>10</sup> В. В. Бартольд. Соч. т. I, стр. 319-320; т. II, ч. I, стр. 45.

<sup>11</sup> В. В. Бартольд. Сочинение, т. I, стр. 377.

Кейде тарихи дәйектер мен халықтың қария сөздері, аңыз-әңгімелері бірімен-бірі өте қабысып жатады. Баласағұн, Талас, Сайрам, Отырар қалаларын билеген Қарахан әулеттері туралы ерте заманнан жазылып қалған тарихи шежірелер бірталай. Сол шежіре бойынша, Қарахан ұрпақтары Орта Азия халқына ислам дінін бірінші рет таратқан «ғазатшылар» тобынан саналып, олардың құрметті аты «баб» (баба), «ата», «әулие» деп аталатын болған. Шежіре ол туралы былай дейді: «Сүтук Бурахан (Қашғарлық), оны Сүтук-ата дейді. Қабыры Қараспанда. Абдрахим Шах Хасан, шын аты Қылыч Қарахан. Тыныш алып жатқан жері Асы (Қозы басы). Оның баласы Абдил Азиз (Манас жырында Әзиз хан), шын аты Ер Бозай Қарахан, қабыры жер ортасы саналған Тоқмақ-ата, ел билеген орны Сары-Балығ (Баласағұн). Азиздің баласы Шах Махмуд — лақаб аты Әулие Қарахан (Әулиеата), қабыры Талас суының жағасында (қазіргі Жамбыл қаласы). Ол жер ерте заманнан Арғу, Тараз деп аталады<sup>12</sup>.

Шах Махмұдтың (Мухаммед Бура хан) бір баласы Мансур-ата. Жерді бау-бақшамен, не түрлі қаламен көркейтті. Оның орда құрған жері бұрын Сары-Балығ еді, кейін 35 жыл Сайрамда тұрып, ол қаланы тағы гүлдендірді, өзі барлық даналардың атасы болды. Қабыры Сайрамда. Мансур ата баласы Абу-Манан, Сайрам елі оны Машқат-ата дейді. Мананның баласы Абдрахман — шын аты Қылыч-Арслан Қарахан. Он жыл атасының қызметінде болды. Бірақ атасы маңдайын сәждеге тигізбей кетті (Ислам дініне кірмеді). Дінсіз елді дінге кіргіземін деп уақытын ғазатпен өткізді. 75 жыл жасады. Халық қойған аты «Отырар баб». Қарахан әулетінен (Атақты адамның бірі). Қайып-ата, оның шын аты Арслан Елек, Қылыч-Арсланның немересі<sup>13</sup>. Ол туралы кітаптан көп көресің, лақаб аты Татеке хан. 87 жыл жа-

<sup>12</sup> Екінші түрде: Шах Мұхаммед (Бура хан) — Бұл Әулие Қараханның (Харун Бура-Қара) өзі емес, соның баласы болуға тиісті. Тарихта Жақыптың ағасы Қадырхан-Юсуфтың баласы болып айтылады.

<sup>13</sup> Родословная Карахана. ПТКЛА, IV, 1899, стр. 89.

сады, 57 жыл ел басқарды. Жатқан жері Отырардан қашық емес»<sup>14</sup> (Сарысу бойында).

Қайып-ата географияда, халық шежіресінде жиі кездеседі. Оның атымен байланысты география атаулары Бетпақдалада, Сарысу өзені бойында бірталай, күмбезі осы күнге дейін Сарысу бойында сақталып келген. Жырда Қайып-ата (Қайып) Қараберіктің әкесі, Манастың қайып аталарының бірі.

Қайыптың қызы Қарабөрік. Олжалап алдым даладан.  
(Манас).

Келтірілген шежіренің<sup>15</sup> ғылыми маңызы — мұнда «Манас» жырының тарихи негізін ашуға, оның ғасырлар ішінде көмескіленген жерлерін жарыққа шығаруға сеп болатын дәйектер аз емес; кісі аттары, жырмен үндес келетін оқиғалар өз алдына бір басқа; соның бірі «Ғазат», оның қай кезде, не үшін шыққанын жер, кісі аттары жырмен шежіреде қабысып отырады. Кейде екеуі бір тарихи арнадан шықпады ма екен, болмаса «Манас» жырына негіз болған осы шежіренің өзі емес пе екен деген ойлар туғызады.

Шежіредегі жер аттары ерте заманда қалыптасқан бір тарихи саяси орындарды көрсетеді. Олар: Жетісу, Ыссық көл төңірегі (Асы, Қарқара, Қозы-басы), Токпақ (Баласағұн), Сарығ-Балығ, Талас, Сайрам, Отырар, Ташкент, Үзген (Ферғана, Әндіжан). Бір кезде бұл өлкелерді билеуші Манастың әкесі Жақып, және оның тума жақындары (Қарахан ұрпақтары). Олардың ішінде, Ибн-әл-Әсірдің көрсетуі бойынша, Баласағұн мен Талас өлкесін билеуші Жақыптың ағасы Харун Бура-Қарахан, кейінірек Әулие-Қарахан (Әулие-ата) деп аталады. Жақыптың өзі Үзген, Атбашында билік құрады<sup>16</sup>. Қартайып дүниеден кешкенде

<sup>14</sup> П. Лыкошин. Насаб-нама. Туркест. ведомости, 1896, № 63, 67.

<sup>15</sup> Родословная Карахани. ПТКЛА, IV.

<sup>16</sup> В. В. Бартольд. Соч. т. II. ч. I, стр. 45.

жерлеген орыны Алматы, Ыссық көл төңірегінде Сұңқарқия деген жер болған.

Жыр бойынша, бұл өлкелер Манастың ойнақ салып көп жебелеген, күш алып қару жинаған, ел топтап кеңес құрған ордасы түрінде айтылады. Жалғыз жыр емес, халықтың көптеген қария әңгімелері де осылай дәріптейді («Ахыр тас», «Аланғасар алып», «Төрелі бектің төрт ұлы», тағы басқалар). Бұл әңгімелердің барлығы Манасты Қарахан дәуіріндегі сәулет өнерін көркейтушінің бірі етіп, оны тастан сарай салушы, шөлді жерге арық жүргізуші («Манас арық»), бау-бақша, қала тұрмысын гүлдендіруші етіп көрсетеді<sup>17</sup>. «Манас» жырының қара сөзбен айтылған тарихи ауыз түрі. «Төрелібектің төрт ұлы» деген әңгіме Манас Талас бойындағы Ақтөбе, Бесағаш, Ақ-Төрткөл, Баутерек қалаларын көркейтті, оларды бау-бақшаға сынсытады. Құланқорың, хан-жайлауда Қараханның мыңдаған жылқыларын бақтырып, Наманғаннан (Үзген) көшіп келген елді осы араға қоныстандырады. Өзі Қараханның атақты қолбасшысының бірі болып, елді соның атынан басқарады. Мезгіл-мезгіл күншығыстан торлаған жауға қарсы тұрады. Жорыққа мінетін серігі Ақ тұлпар (Аңқұла, жауынгер досы Күнтұмыш, Алмамбет) — Бейжиннің қасындағы Ақсу қаласынан. Бір үлкен соғыста Манас пен оның қырық жігіті тегісімен қырылады. Одан кейін әлеуметтік майданға Қараханның қарындасынан туған жисні Бостан (Семетей) шығып, Манастың орнын енді сол басады. Бұл тамаша легенданы «Манас» жырының тұжырып айтқан қысқаша мазмұны деуге болады<sup>18</sup>.

Жыр мен халық аңызында қалыптасқан бұл шындық Кембридж университетінің профессорлары, Чэдвиктердің айтқан ой құрылысына бүтіндей қиғаш келіп жатады. Чэдвиктер не дейді? Олардың ойын тұжырып айтқанда мынаны көреміз:

<sup>17</sup> В. В. Бартольд. Соч. т. I, стр. 134; т. IV, стр. 38; Алибий (Н. В. Андреев) Аланғасар алып. Турк. вед. 1903, №51; Алибий (Андреев) Из. прошлого. Туркестанские ведомости. 1906, №95.

<sup>18</sup> Каллаур. Рассказ о четырех братьях Торельбековых. ПТКЛА, 1903, стр. 28-29.

1. «Манас» тағылық сатысын әліптейтін жыр. Мұндағы геройлардың өмірі даладағы көшпелі қауымның тіршілігімен байланысты суреттеледі.

2. Геройлардың әрқайсысының заңы өзінше. Олар тіршілік құралына талғау көзімен қарамайды. Оларда үлкен сатыға жеткендікті көрсететін ұлттық сезім жоқ. Әрқайсысына өз басының болғаны бірінші орында. Онымен бірге тайпаларды ұйымдастырудың өзі соншалық биік сатыда емес.

3. Егіншілік, егін шаруашылығы туралы жыр ешнәрсе білмейді, байлық құралы бір ғана қой мен сиырда. Қолөнер кәсібі бүтіндей жоқ, сауда базар суреті өте сирек жолығады<sup>19</sup>.

Жоғарыда келтірген Манастың мәдениет туралы, арық жүргізу, қала салу, сәулет өнері туралы жарқын істерін еске алғанда, Чдвиктердің бұл пікірлерін мүлтіксіз айтқан ой деуге болмайды. Өйткені, Чдвиктер бұл ойларын бір ғана Радлов жазуына сүйен айтқан, ол жазудың кемшілігі қандай екенін біз жоғарыда көрсеттік. Чдвиктердің өзі көп нәрсені білмеген, істің байыбына бармай, үстірт ой құрған. Бұл, әрине, шын әділ сөз емес.

Анығында Шоқан жазып алған Манас жырында мәдениет пен өнердің талай сәулетті, көркем, сұлу түрлерін кездестіруге болады. Біріншіден, мұнда ой тартатын Көкөтайға арнаған күмбездің шалқыта айтылған әдемі түрі.

Айға баққан ақ сарай,  
Ақ сарайлап қойды дейді.  
Күнге баққан көк сарай  
Көк сарайлап қойды дейді.

Бұл жырда ол күмбездің әрбір кірпіші әдемілеп оймышталған, әрбір беті көркем түрде безелген (ылдатқан), тамашалап сырлатқан болып айтылады. Жырда суреттелген көркем сарайлардың бұл тәрізді сәулетті түрін қырғыз жеріндегі (Қарахан дәуірінде жасалған) атақты Үзген ма-

<sup>19</sup> Чдвиктер, көрсеткен кітап, 72-73-беттер.

зәлейлерінен көруге болады. Чдвиктердің өнершілдік, болмаса колонөр кәсібі бүтіндей жоқ дәулері асығыс айтылған пікір. Ол олардың Манас жырымен толық таныс еместігін көрсетеді. Егер таныс болса, бұл туралы олар көп жаңалық беруіне болатын еді. Бұл жөнінде ең алдымен көзге түсетін нәрсе — алыптарының қару-жарақтары (ақ келте, ақ болат, тұтқасы алтын (чан) алмас сапы), әдемі безеумен жасаған ат-тұрман, көркем өрнекпен безелген ақ-қалқа ер, тағы басқалар. Бұларды өнершілдіктің жоғарғы сатысымен жасаушы Түгер ұста, жырда оған аз орын берілмеген. Шеберліктің биік сатысын көрсететін нәрсенің бірі алыптардың киімі — кемер тон, ұлпақ тон, себіл тон, құлжа, тағы басқалар. Өнершілдік істерінің жырда осылай жарқын түрде суреттелуі Чдвиктердың асығыс айтқан ойларын бүтіндей теріске шығарады.

Сөйтіп, жоғарыда келтірген деректердің барлығы, Ер Манастың тарихи бейнесін анықтауға, оның қай заманда болғанын жобалауға көмектесетін, аса бағалы деректер.

Жырда халық аңызында Манасты көбінесе Қарахан дәуірімен байланыстырып, сол кезде құрылған орда, не атакты қала төңірегінде сипаттайды. Мәселен: Әндіжанда (Үзген) семірген, Әндіжанның тоң алмасын кемірген (Шоқан).

Жырда Манас ешбір жеңілуді білмейтін, жойқын алып батыр бейнесінде суреттеледі. Оның денесіне жау құралы өтпейді, қылыш кеспейді, найза өтпейді, айбалта шаппайды (Шоқан, Сағымбай). Оның киімі де оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін себіл киімдер. Жыр оның бәрін кереметке сүйен, магияға байланыстырып әсірелейді.

Бейбітшілік кезде Манастың басына қиетіні жай ақ қалпақ, соғыста қиетіні дулыға, беліне шыр айнала тартатыны құяқ, жүрегіне ұстайтыны көбе, кейде денесін бада-на көзді көк сауытпен жабады. Ас, той үстінде қиетіні ақ ұлпа себіл тон, белінде боз кісе. Жалпы айтқанда, Манастың қару-жарақтары, жаугершілік киімі, өзінің түріне, аталуына қарай өте ескі (арханка) дәуірлі еске түсіреді. Бірақ, жырда Манастың болат қаруынан қорықпайтын ел жоқ, ол өзінің



қырық шорасын соңынан ертіп, қарсыласқан жауын жапырып отырады. Жыр тек қана Манасты «кереметпен» (магия) байланыстырып қоймайды, жырдағы өзге алыптар да (Ер Төстік, Ер Қосай, Алмамбет) жаратылыстан тыс күш дарыған, алапаты шектен асқан, кереметті болып келеді. Ежелгі ерлік дәуірінде қалыптасқан бұл салт-сананың «Манас» жырынан берік орын алуы бұл жырдың өзі сол дәуірде шыға бастағанын көрсетеді.

Манастың ерлік бейнесін, оның қияпатын суреттегенде де оны жаратылыстан тыс асыра теңеп, гипербола түрінде бейнелейді. Мәселен: Ай құлағы алақандай, Алайған көзі Шолпандай. Мұрны таудың сенгіріндей, Мұрты шолдң қамысындай.

Тегінде бұл теңеу де жана замандыкі емес, халықтың эпос жырында бұрыннан келе жатқан әдебиеттің ескі түрі. Ердің мұрнын сенгір таудың тұмсығына теңеу, мұртын қамысқа теңеу — Сібір халықтарының ескі әдебиетінде жиі кездеседі.

Жырда айтылатын Манастың тағы бір ерекшелігі — оның алып ұйқысы. Халыққа дәстүр болған ұғым бойынша, алып батыр әрқашан көп ұйықтайды, «көк айрылып жерге түссе де» ұйықтай береді, көп ұйықтау оның жеңілмейтін алып күшінің белгісі деп түсінеді. Шон Қазатта Алмамбет, Шұбақ, Сырғақ Бейжіңге тиіп, Қоңырбай бастаған Қытай әскеріне төтеп бере алмай шегінгенде, Манас әлі алып ұйқының үстінде жатады. Жау келіп жағасынан алуға таянғанда ғана ұшып тұрып, жауды серпілте бастайды. Көкетайдың асында бөйге аттары келгенше Манас аспанмен тілдескен бәйтеректің түбінде бірнеше күн ұйықтап жатады. «Жер айрылып су шыққанша» ұйқысы ашылмайды.

Жыр Манасты қанша әсерлегенімен оның жай адамда болатын осалдығын ұмытпайды, оны реалистік түрде шешуді ойлайды. Осы көзқарас бойынша Манас Ұлы Қазатта күшті жаудың қолына төтеп бере алмай, қатты жараланады. Оның жауынгер достары Алмамбет, Шұбақ, Сырғақ оққа ұшырайды. Жараланған Манас Таласқа келіп қайтыс болады. Кейбір нұсқа бойынша соғыста жараланған (өлген) Манасты Қаныкей тамыр дәрімен жазып тірілтеді, бірақ көп

тұрмайды. Манас өлерінде іште қалған баласы Семетейді шораларына тапсырып өсиет (жерөз) айтып, жаудан кек алуды тапсырады. Қаныкей ерте кезден келе жатқан халық жорасы бойынша бетін жыртып дауыс қылады.

Таудай болған Манасты  
Таласқа апарып қойды дейді.

Чэдвиктердің зерттеуінше, Манастың өліп-тірілуі өте түсініксіз, мұнда ақылға сыймайтын қиғаштық бар. Радловтың жазуында герой шынында өлген бе, болмаса өлімге таяу болып жараланған ба? Манастың өліп-тірілуінің ашық еместігін Чэдвиктер бұрынғы «кереметке» сүйенген дін көзқарасының өзгеріп, ислам дінінің белең ала бастағанынан дейді. Бұл қайшылық және басқа түрде кездесетін қайшылықтар, ақындардың дуалистік (екі дінді бірдей) жақтайтын салт-санада болғанын көрсетеді<sup>20</sup>.

Манас өлген соң елінің бұрынғы бүтіндігі, бірлігі болмайды. Қайшылық ең алдымен Манастың әкесі Жақып пен келіні Қаныкейдің арасынан туады. Оның негізі әменгерлік туралы. Манастың өзге әйелдері Жақып жағына шығып, бәрі Қаныкейді күндеп, оған күн көрсетпейді. Олар әсіресе іште қалған Семетей туарда қаражүзділік істеп, дүниеге жаңа келген сәбиді жоқ қылғысы келеді. Қаныкей баласымен үйінен қашып шығып, аралға барып тығылады, ол жерде аш-жала-наш зарығады. Ең соңында оны Манастың ескі досы Бақай іздеп тауып, оларға бар мейірін көрсетеді. Оларға тамақ, киім, көлік беріп, адастырмай Самарқандағы Қараханның ордасына апаратын жолға салып жібереді. Семетей нағашыларына келгенде Қарахан үлкен той жасап, ешкім ат қоя білмеген соң ақбоз ат мінген бір жолаушы той үстіне кез болып, оның аты Семетей болсын дейді. Семетей нағашыларының қолында өсіп, ерлік дәстүрінде тәрбие алады. Нағашылары оған тұлпар ат тәу етіп, алып ер Манастың баласы екенін есіне түсіреді. Өсе келе Талас бойында Манастың жан досы Бақай бар екенін айтып, онымен жолығуға кеңес береді. Кейін Семетей

<sup>20</sup> Чэдвиктер. Көрсет. кітап, 129-130-беттер.

ержеткен соң, Бакайды іздеп тауып, одан барлық оқиғаны, Манастан қандай мұра қалғанын естіп біледі. Бакайдың Манаспен, отанмен байланысты ерлік сөздері Семетейдің жан күйін толқытады атасының жолын қуып, жаудан кек алуды өзіне ант етіп қояды.

Жырдағы қырық шораның әрқайсысы бір кезде тайпалардың ел басқарған көсемдері. Жайшылықта олар біріне-бірі оншалық бағына қоймайды. Бірақ сыртқы жау торлағанда олар кенеттен бірігіп халықтың қорғаушысы ұлы батыр Манастың төңірегінде топталып, оның жауынгер достары болады. Ас, той жасауда, көшіп-қонуда, жауға қарсы шабуыл жасауда осылардың кеңесін шақырып, қиын мәселелерді солардың кеңесінде шешіп отырады. Кеңеске шақырылмаған Шұбақ өкпелеп өзіне ерген қолмен майданнан кетіп қалады. Шоралардың көпшілігі белгілі, іргелі елдің өкілдері ретінде айтылады. Олар Ер Қосай, Ер Көкше, Ер Төстік, Ер Үрбі, Ажыбай, Бакай, Алмамбет, Шұбақ, Сырғақ Бейжіңге шабуыл жорығын осылардың кеңесімен шешеді. Бакай бұрын қаракытайларда қолды болған, ел арасын жүйрік білетін майталман, жырынды кісі түрінде суреттеледі. Жырдағы Байдың ұлы Баймырза — Байдың ұлы Бакай екеуі бір кісі. Бірақ Бейжіңде туып-өскен, ол жерді жүйрік білетін кісі Алмамбет. Алыптар кеңесінде жалпы қолбасшыға Алмамбетті көтереді.

Қырық шораның саны дәл «қырық» болмауына тиісті, «қырық» халыққа дәстүр болған киелі сан — күштіліктің, беріктіктің белгісі, туу баста ру басылардың бір мықты адамының төңірегіне топталып біріккен тобы «қырық ру ел», кейінірек, феодал дәуіріндегі «қырық нөкер», «қырық дос», «қырық шора», «қырық уәзір».

Жырдағы бас геройдың бірі — Алмамбет. Қазақ пен қырғыздағы барлық эпикалы геройлардың туысы сияқты, Алмамбеттің туысы да өзгеше болып, кереметтен туады. Алыптастан асқан Азихан күш қылатын баласы болмай, көп заман көрші отырған Ежен (Әсен) ханның тепкісінен жәбірлік көріп зарығады; қартайған шағында зар жылап бала іздейді, көз жасы босқа кетпейді, ата-бабаның орнын кезіп, бір

күні ұйықтап жатқанда керемет түс көреді, түсінде сәуегей келіп балаң болады деп хабар береді. Бұл кезде Алмамбеттің анасы Алтынай жасырын мұсылман болуды ойлайды. Саяқбайдың айтуынша, жасырын мұсылман болуды қалаған Алтынай, жай адам Азиханнан бала болғанды ұнатпай, күннің сәулесінен жүкті болып, Алмамбет нұрдан жаралады. Тегінде атақты адамды нұрдан, күн сәулесінен туғызу бергі кездегі ой-сананың туындысы емес, ол бізді ежелгі ерлік дәуірдің қақпасына кіргізіп, алпауыт бектер (феодализм) дәуірі қалыптаса бастаған кездегі бірінші үкімет жасаған ел ағасы адамдарды ардақтаудан шыққан ой-сананың түрі екенін көрсетеді. Мұның негізі бұрынғы ру демократиясы өзгеріп, халық тапқа бөліне бастаған заманды бейнелейді. Сондықтан өзінің ата-тегін күн нұрынан жаралды деп, өзін халық бұқарасынан ерекшелеу әсіресе феодал бойына тән нәрсе болған.

Тарихи дәйектер бойынша, өзінің ата-тегін күн сәулесінен шығару ежелгі гундарда, үйсіндерде, Орхон түріктерінде ерекше орын алған. Бұл туралы легенда монғол-түрік тайпаларының қария сөздерінде, тарихи аңыздарында жиі кездесіп отырады.

«Манас» жырындағы атақты герой Алмамбетті күн сәулесінен туғызу — оның қарапайым кісіден тумай, бір кезде ел басқарған ханзада тұқымынан шыққанын көрсетеді. Алмамбеттің ерлік бейнесін әсірелеу үшін, жыр оны бірнеше ғажайып, таңсық нәрселермен байланыстырып айтады. Мәселен, Алмамбет туған күні оған келешекте ер серігі (тұлпар ат) болатын құлын да туады. Алмамбет туғанда «жетпіс күн жаңбыр жауып, жер тітіреп», адам таң қалатын ғаламат көріністер болады. Жырдың дәріптеуінше, Алмамбет туды дегенде «Алатау қорыққанынан ойпат болып, ағын су қорыққанынан сай болады» (Радлов, 18). Асқан алып батырдың ерлік тұлғасын бұлай әсірелеп айту — халық жырына дәстүр болған, түбегейлі сарын. Бірақ мұндай асқаралы бейне әрбір геройға тағыла бермейді, оны бір ғана тарихи заманда халық ардақтаған, соңында айтарлықтай жойқын із қалдырған, ердің еріне ғана арнап айтатын болған. Алмам-

бетті осы айтылған ұлы бейнемен дәріптеуге қарағанда, ол халықтың бір кездегі мақтанышы, жаугершілік заманда оның қорғаны болған, ұлы азаматы екенін көреміз. Осыны айқын көрсету үшін жыр оны әрі жауынгер, әрі ақылды қолбасшы, әрі кеменгер ел ағасы етіп суреттейді. Алмамбеттің бұл бейнесін эпикалық геройлар өмірінде тек қана Қорқытпен, Оғызбен, Ер Қосаймен, Алпамыспен, Манаспен, Қобыланды бейнесімен ғана салыстыруға болады. Халық аңыз бойынша Қорқыт туған күні де Қаратау қақ айрылып, жерді қара тұман басады. Ел қатты қорқады. Сондықтан оның атын Қорқыт қояды.

Жырдағы Алмамбеттің тағы бір ерекшелігі, ол жас күнінен жай тасының сырын үйреніп, оны кейін ержетіп, жауға қарсы соғысқа аттанғанда ұлы күш етіп жұмсайды. Таң жұртының әскерімен соғысқанда Алмамбет жай тасымен неше алуан кереметтер жасайды: жаздың ыстық күндерін үскірік аязға айналдырып, жау әскерін үсітумен қырады. (Саякбай.)

Жырдың кейбір нұсқаларында Алмамбет Қытай хандарының сарайынан қашып шыққан қолбасшы болып суреттеледі. Қашғар өлкесінде айтылатын «Манас» жырының нұсқасында Алмамбеттің туысын тілті, Қытаймен байланыстырмақшы болады. Бірақ мұның негізі тарихи шындыққа келмейді. Ежелгі тарихқа көз салсақ, бұрынғы үйсін хандарының, түрік қағандарының, кейінірек Қарахан (табғач) тұқымдарының Қытай хандарының сарайында көп жыл аманат отырып, елін сағынып қашып шыққандары аз болмаған. Алмамбеттің ерлік өмірі сондай тарихи шындықтың бір елесі болу керек. Оның үстіне, жырдың түпкі нұсқасы бойынша, Алмамбет Ежен ханның сарайынан емес, әкесінің ордасы Бейжін (Бесбалық) қаласын жау әскері басқанда содан қашып шығады. Кейбір нұсқада Алмамбетті қалмақ (Ойрат) Азиз ханның баласы деп дәріптейді. Бірақ бұл да тарихи шындықтан көп алыс, тек жырдың көп ғасыр ішінде қатталуынан болған нәрсе.

Жырдың түпкі нұсқаларында Алмамбет Қараханның баласы, туған жері Бейжін (Бесбалық), кейде Саурандық

болып айтылады (Шоқан, Сағымбай). Соңғысы Манасқа келгенде қызмет атқарған жері түрде айтылған болу керек. Жыр:

Қараханның ботасы, Қабылан туған Алмамбет,  
Болмаса:

Қараханның баласы, Қабылан туған Алмамбет.

(Радлов, 1,47).

Құрбанғали Аягузи бойынша, Алмамбет Шихо қаласында жасап, Шихоның ескі аты Алмамбет болған. Мұның бір тамаша жері — Шиходан 125 километр түстікке (Бесбалыққа) қарай Манас қаласы тұрады. Тарихи замандағы атакты ерлердің атының көрші жатқан қалаларда қатар тұруы кездейсоқ деп түсінуге болмайды. Олай аталуда зор шындық болғанын көрсетеді (Құрбанғали Аягузи. Кітап тарих жырида жазады. Қазань, 1889).

Жырда Алмамбет Жакыппен, оның баласы Манаспен аталас болып суреттеледі. Алмамбет Манасқа келгенде олар жоғалған бауырым келді дегендей ұрандасып, бірінен-бірі сүйінші сұрасады. Алмамбеттің басына қиыншылық түсіп, қара бұлт түнергенде табатыны Манас. Жаугершілік заманда Манас пен Алмамбет қатарын қосып отанды біріккен күшпен қорғайды. Тегінде бұл суреттің негізі түү баста шындықтан шыққан болу керек. Ол шындық — жоғарыда көрсеткендей, қарлық пен қырғыздардың IX-X ғасырларда күш қосып, таң мемлекетінің хандарына (Ежен хан) қарсы тұрған тарихи оқиғалар. Жыр сол оқиғалардың ауызша айтылған суреттерін біздің заманымызға дейін айтып жеткізген.

Тағы бір шындық, Қарахан тұқымдары туыс жағынан қарлықпен байланысты екенін тарих беттері ашық айтады. Қытай жазушыларының көрсетуі бойынша, олардың шежіресі түрік қағанаты кезінен басталады, өйткені, бірінші Қарахан (Хәли хан VIII ғасырдың орта кезінде жасап), Бесбалықты орда етіп көтерушілердің бірі болған. Жырда Алмамбет сол Қарахандардың ұрпағы болып айтылады. Қарахан тұқымдары өзінің дәуірінде әр алуан саяси бағытта болды. Күшейген кезінде олар Орта Азиядағы көп тайпа-

ларды біріктіріп, феодалдық мықты үкімет жасады. Күш азайған кезінде сыртқы жауға (қара қытай) төтеп бере алмай, қытай хандарының етегіне жабысып, олардың «табғач хан» деп берген атағына мәз болды. Жырда Алмамбеттің әкесі Қарахан осы айтқан тоғышар түрде суреттеледі. Жыр бойынша Алмамбеттің жұртшылық майданына шыққан кезі Қарахан тұқымдарының азғындай бастаған кезі. Бұл кезде күншығыс Түркістан мен Жетісу өлкесінде екі түрлі саяси бағыт болады: бірі — таң мемлекетін мақтайтын «табғач хандар» сойы, екінші — жергілікті халықтың мүддесін жоқтайтын патриоттық күштер.

Жыр бойынша Ер Қосай, Жақып, Алмамбет, Манас, оның қырық шорасы осы соңғы топтың адамдары. Бұлардың әлеуметтік арманы — халқының, жерінің еркіндігі, Ежен хан мен Қоңырбайдың басқыншылық саясатына қарсы тұру. Жыр бұл идеяны әсіресе Бейжінде туып-өскен Алмамбеттің атымен күштірек байланыстырып айтады. Алмамбет Бейжінде тұрғанда Ежен хан мен Қоңырбайға қарсы болумен қатар, олардың шашбауын көтеретін өз әкесі Азизханмен де қатты өштесіп, оны өлтіруге дейін барады. Әуелде, халқын сатқан әке мен жаудың біріккен күшіне Алмамбет төтеп беретін күш таба алмайды. Тартыс күшейіп, шегінен асканда Алмамбет әкесінің орда құрған Бесбалық (Бейжін) қаласын тастап, күш жиюға жас батыр, әрі өзінің туысы Манасқа келеді. Алмамбеттің сүргінде жүріп ойлайтыны бір ғана өзінің сүйген отаны, оны Ежен хан мен Қоңырбай сияқты басқыншылар қолынан босатып, еліне еркіндік әперу (Саяқбай). Осы ретте ол ең алдымен Ер Қосай мен Ер Көкшеге келеді (Радлов, 14-18). Жыр бойынша Ер Көкше жігіті, жылқысы, қару-жарағы көп мықты елдің (Керей, Найман) басшысы. Алмамбет ең алдымен одан күш алуды үміт өтеді, оған келіп дос болады, сырын айтады:

Елім бір тілім алмады, досым,  
Жұртым бір тілім алмады, досым,  
Ханым бір тілім алмады, досым,  
Қалың бір найман көп жұртым...

(Радлов, 19-20.)

Ер Көкшенің қолында бірнеше уақыт тұрып, Алмамбет өзінің кім екенін көрсетеді, оның жауын женеді, жерін бекітеді, елін байытады.

Көкшенің жабығын май қылды,  
Жабы жұртын бай қылды,  
Тоймағанын тойғызды,  
Келінге кете байлатты.  
Кеммірге құйрық шайнатты.

Алмамбеттің бұл ерлігін, оның кеменгерлік ісін Көкшенің елі атынан жыр мына түрде бейнелейді:

Үй артына жау келсе,  
Жалғыз саяр ер екен,  
Үй қасына дау келсе,  
Жалғыз сөйлер ер екен.

(Радлов, 22.)

Бірақ бұл бейнелі сөз жалғыз Алмамбет туралы емес, халық жырындағы геройлардың көбіне ортақ айтылатын, бұрыннан қалыптасқан, дәстүрлі жыр. Оның туу бастағы негізі халық мақалынан алынған болу керек. Мәселен:

Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.  
Ел шетіне жау келсе,  
Мен шабайын дер екен.  
Қырымнан бір дау келсе,  
Мен қарайын дер екен.

Алмамбет пен Ер Көкшенің достасып бірігуі Қоңырбай сияқты олардың ежелгі жауына ұнамайды, Ежен ханның кісілері ішінара, өздерінің ертеден қолдаған дәстүрлі саясатына сүйеніп, Алмамбет пен Ер Көкшенің арасына от жағуға әрекет жасайды. Оны көбінесе ешнәрсенің байыбына түсінбейтін, ашық-жарқын, аңғал, өзі әр кеуде Ер Көкшенің шоралары арқылы жүргізеді. Ақыры екі ердің түс бұзысуына

Ер Көкшенің жұбайы Ақ Еркеш себеп болып шығады. Алмамбетке қастық ойлаған шоралар «Ақ Еркештің төсегіне Алмамбет қонып шықты» деген өсек таратып, оның түбі насырға айналады. Алмамбеттің көкіректе жаным бір, көмекейде тілім бір, төскейде малым бір» деген — жан сөзі Көкшені ешбір сенімге келтірмейді.

Екінші жағынан Алмамбеттің Көкшеге айтқан бұл сөзі Жамұқа шешеннің Шыңғысқа айтқан әкең сөзін (төсекте бас бір болған, төскейде мал бір болған адам едің) еске түсіреді. Ақ Еркенің араға түсіп, екі алыпты жарастырмақ болған мерейі де іске аспайды. Алмамбет пен Ер Көкшенің аңтасқан сөздері бұзылады, бірақ жырда екі батыр ат құйрығын кесісіп кетпейді.

Жырдағы тамаша эпизод Алмамбеттің Манасқа келуі. Таң патшаларының басқыншылық тепкісінен зарыққан елге екі қолбасының бірігін күш қосум үлкен әсер етіп, оларды еркіндік сәулесінің үмітіне бөлейді.

Алмамбет келер кез — Манастың жаңа дәуірлеп келе жатқан шағы. Алмамбет ойлайтын отанның тәуелсіз болуы Манасты да қатты толқытады. Алмамбеттің Ер Көкшеге келген дыбысын естігенде Манас елегізіп Талас бойында отыра алмайды, қасына шораларын ертіп, оны іздеп Ашпараға келеді. Осы арада Алмамбеттің келе жатқан дүмпуі Манасқа ақсұңқар құс түрінде әдемі түс болып кіреді. Түсті жорытқанда: «Ақсұңқар құс ұшырсаң, атасы мен атаң тең, ботасымен ботан тең, ханның өзі баласы, қолыңа келіп қонбай ма!» дейді шырын сөзді Ажыбай (Радлов, V, стр. 45-46).

Ашпараның бойында Манас Алмамбеттің жаңа басқан ізіне кездесіп, соның өзіне өлшеусіз қуанады. Алмамбеттің бағытын білген соң, оның алдынан Ажыбай бастаған алты шорасын жіберіп, өзі оны қарсы алу жабдығына кіріседі. Шалқыған өзеннің бойларында қатар-қатар үй тіктіріп, елін тәртіпке келтіреді, қару-жарак, сәйгүлік ат дайындайды, неше сән қол тізбегін қатарлап, Алмамбеттің келуін күтеді. Екінші жағынан Қоңырбай мен Жолайдың күле кіріп күңірене шығатын қорқау пішіндері есінен кетпейді.

Манас Алмамбеттің келуіне қарсы әкесіне Серек пен Сырғақты жіберіп, той жасауды тапсырады. Екі шора Жақыпқа келіп:

Сүйінші, ата, сүйінші!  
Қараханның баласы,  
Қабылан туған Алмамбет  
Қашып бір келді қосыма.  
Төрем Манас жіберді:  
Аладан байтал сойсын деді.  
Атырғы жұртын жисын деді,  
Келмегеннің басына,  
Қырық кермені керсін деді,  
Қырық атқа бөйге тіксің деді.

Отанның тәуелсіздігін сүйетін Жақып Алмамбеттің келгеніне есі кете қуанып, оның құрметіне ұлы мереке өткізбекші болады.

Манас пен Алмамбет бірінші рет жолыққанда, бұрынғы ерлер дәстүрі бойынша ең алдымен жөн сұрасады. Алмамбет Манасқа өзін таныстырғанда былай дейді:

Мен түйе ішінде нар едім,  
Мен жерімде көп едім.  
Төрт арысты ойраттың,  
Төртеуінің баласы,  
Алтын айдыр, шөк белбеу,  
Өзиз ханның баласы.  
Қабылан туған батырдың  
Мен хан Алмамбеттің өзімін.

Мұнда айтылып отырған «төрт арысты ойрат» бергі кезде қосылған қаттау, өзгесінің бәрі X-XI ғасырдағы Қарахан тұқымының шежіресін көрсетеді. Радлов нұсқасындағы Өзиз ханның өзі ) Қарахан ұрпағының бір лақап аты (жоғарыдан қара). Өзге нұсқалардың көбінде Алмамбеттің атасы тек қана Қарахан болып айтылады. Манас шораларын Алмамбетпен таныстырғанда:

Қараханның баласы,  
Хан Алмамбет батырға,  
Бәрің түсіп сәлем қыл дейді.

Жырдағы жарқын суреттің бірі Алмамбет пен Манастың бұрынғы ерлік салты бойынша бауырласып, төс соғысып, достасуы. Ерте кезде екі ер бауырласқанда екеуі де денесінен қан шығарып бірінің қанымен бірі ант ішетін. Сертті бұзбау үшін, достықты сақтау үшін тайпалардың ерлік өмірінде қан араласуы үлкен орын алған. Манас пен Алмамбеттің бауырласуы ананың ақ сүтіне сүйенген. Екі батыр жарысқа түсіп, бірінен-бірі оза алмай келе жатқанда, олардың алдынан Манастың анасы Шақаным шыға келеді. Екі батыр дереу тоқтап, аттарынан түсіп, анасына қарсы шығады. Сол мезгілде Шақанымның кеуіп қалған емшегі жібіп, сүті саулап аға бастайды. Сонда Алмамбет Манасқа қарап: — Енекеңнің емшегінен сүт сорғалап тұр. Кел, бір емшегің сен емгін, бір емшегің мен емейін, Жакып байдан туайын, сенімен бір туған болайын, — дейді.

Қуанышы қойнына сыймаған Жакып, Алмамбеттің бұл жаңадан туғанын қатты сүйеніш етіп, үлкен той жасап, мал-мүлкін аямай жұрт алдына жайып салады.

Өткен замандағы халық ойы тарихқа үлес қоспаған кісіні ешуақытта ардақтап, аспанға көтермеген. Алмамбеттің бейнесін жырдың бұлай жойқын түрде суреттеуі — жұртшылық алдында бір кезде оның атқарған ісі аз болмағанын көрсетеді. «Манас» жырындағы толып жатқан геройлардың көпшілігі бергі заманда болған тарихи адамдар, көбінесе қыпшақ мемлекеті мен Шағатай ұлысын басқарған сұлтандар, билер, қолбасшылар, Темір мемлекеті мен Жете ұлысын билеген адамдар. Жырда тіпті XVII-XVIII ғасырда күншығыс Түркістанды билеген қалмақ нояндары да аз кездеспейді. Бірақ бұлардың бәрі тарихи заманда шыққан «Манас» жырының түбегейлі геройлары емес, бергі кезде қосылған қаттаулар. Манас жырының туу бастағы геройларының аттары бері келе бүтіндей өзгеріп, не тарихи негізі көмескі түрге айнала бастаған. Мәселен, Көкөтай мен Манастың қай дәуір адамдары екенін ашып айту өте қиын, бірақ монғол заманынан (XIII ғ.) бергі кездің адамдары емес.

Жырдың туу бастағы геройлары, әрине, Көкөтай, Ер Қосай, Ер Көкше, Ер Төстік, Ер Үрбі, Ер Бағыс, Ер Қараш, Манас, Алмамбет (Алып-Мамбет, Алай-Әмет, Аламыш), Бақай, Бокмұрын, Ажыбай, Шұбак, Сырғак, Жакып (тарихта Жакыпбек, Жакып-тегин), Түтер ұста, Жас Айдар. Тарих пен жырға дәстүр болған ежелгі замандағы әйел аттары Алтыннай, Айжарқын, Күңкей, Күңжарқын, Ақ Еркеш, Ұмсынай, Қарашаш, Айшүрек, Оранқу қатын, Қарлығаш, Жез білек. Қаныкей эпикалы ат емес, бергі кездегі қосынды. Үкімет басшылары ретінде айтылатын кісілер Боюхан, Қарахан, Қамбархан, Айдархан, Уанхан. Бұлардың кейбіреуі тарихи болған адамдар, кей эпикалы кейіпкерлер. Мифтық бейнелер — Шойын-алып, Дойым-алып, Дүмір-алып, Мадықан (Жалғыз көзді дәу), Мекел дәу, Қара дәу. Теріс пішінді кейіпкерлер — Қоңырбай, Мес-Қара, Жолай, Көзқаман (Көкеман), кейде Төбей. Бұлардың барлығы монғол дәуірінен көп бұрын болған оқиғалармен байланысты тарихи адамдар, не сол кезде айтылып жүрген эпикалы геройлар. Олардың ішіндегі барлық тайпалар қалірлеп ардақтайтын ел ағасы атанған қарттары — Көкөтай мен Қошай (Қосай). Жырда Көкөтай халықтың екі жүзге тарта жасаған сәуегей данасы болса, Қосай тоқсан беске келген кемеңгер қарт, бірақ әлі де тұғырынан түспеген, халықтың ақылшы көсемі, сөз тапқыш шешені, керек жерде халық намысы үшін белсеніп жауға қарсы шығудан әлі де таймаған алып ер (Көкөтайдың асында Жолайды жығып, халықтың қошеметіне бөленеді). Жырда Қошай ең ардақты геройдың бірі. Қиын кезде кемеңгер қарт ретінде Манасқа ақыл беріп отырады. Жырдың ең әдемі, толқынды жолдары Қошайды ардақтауға, оның ерлік бейнесін дәріптеуге арналған.

Бекіп қалған Бейжінің,  
Бетін ашқан Ер Қошай.  
Тұрып қалған Тұрпанның,  
Түсін ашқан Ер Қошай.  
Байланып қалған базарлық,  
Бағын ашқан Ер Қошай

(Шоқан).

Жырда Қошайдың бірнеше ерлік ісі көрсетілген, олардың барлығы туу баста тарихи шындықтан шыққан болу керек. Оның бала күнінде істеген бірінші ерлігі — Қазылықтың бойында (бүгінгі Қарқаралы таулары) дәу аш бөрімен жалғыз алысып, оны жеңіп ел-жұртына мақтана алады. Екінші Кеген өзенінің бойында елге жау тигенде ерлік көрсетеді, үшінші атақты ер Жаныс (Жәңгіш) ұлы Белерек тау еліне Мес-Қарынның қолында тұтқын болып отырғанда оны босатумен даңқы шығады (Кәуірдің ханы Мес-Қара — Жаныс ұлы Белерек — оны қармап кеткенде, — Алты қапқа шарбақта — Қатты ұрыс салғамын); төртінші Бейжін (Бесбалық) қаласын жаудан құтқарумен атағы жайылады.

Көкөтайдың асына шақырғанда, сауын айтушы ең алдымен Ұлытауды қоныстаған Ер Қосайға келеді. Жыр Ер Қосайды әрі кеменгер ел ағасы түрінде, әрі әдемі жүйрік атты кермеден үзбейтін, Арқаның серісі түрінде суреттейді. (Алтын көзді Мадиян, кермеде үзбей байлаған.) Қосай жалғыз «Манас» жырында кездесіп қоймайды — ол қазақ эпосындағы ұлы геройдың бірі. Оның аты қазақ пен қырғыздан басқа Сауыр Азияда тіршілік еткен елдердің көбінің жырында кездесіп отырады, мәселен монғолдар мен танғұттар айтатын Гэсэр жырында Қозай (Қосай) оның бас геройының бірі. Осы мысалға қарап, Г. Н. Потанин «Гэсэр жыры туу баста түркі тайпаларының ортасында туып, олардан Түбет пен монғолдарға ауысқан болу керек» деп тұжырым жасайды<sup>21</sup>.

Қосай бір замандағы ардақты ел ағасы, майталман кісінің бірі болғандықтан оның аты жырмен қатар халықтың қария сөздерінде де жиі жолығысып отырады. Сондай аңыздың бірін өткен ғасырдың соңында Н. Н. Пантусов жазып алған. Халық аңызы бойынша Ер Қосай Талас уәлаятының билеген Манас ердің қолында кеңесші болып істеген адам болып айтылады<sup>22</sup>.

<sup>21</sup> Г. Н. Потанин. Монгольское сказание о Гэсэр хане. Вестник Европы, 1800, кн. 9, стр. 125. Radloff proben, III, 112, 261.

<sup>22</sup> Н. Пантусов. Заметки о древностях Семиреч. обл. Изв. Археол. Ком. 1904, XII, стр. 71.

Тағы сол аңыз бойынша, Атбашы өзені бойында осы күнге дейін сақталып келген атақты Қошай қорғанды туу баста жасаған Қошай батыр деп саналады. Қошай осы қорғанда Манаспен бірге 29 жыл отырып, қытай хандарының әскеріне қарсы тұрады. Тек әйелінің қаражүзділік істеп жауға болысуынан ғана қорған жау қолына түсіп, апатқа ұшырайды<sup>23</sup>. Бұл аңызға Қарағанда, Қошайдың әйелі қытай хандарының қызы екені байқалады. Орта Азия бектеріне, хандарына шыққан қытай қыздарының төркініне бүйірі ауып, жасырын әдіспен ордаға бүліншілік салғандары тарихта аз болмаған. Қытай қызын алған гундердің, үйсіндердің, түрік қағандарының кей кездегі баянсыз өмірлері мұны айқын дәлелдейді.

Тарихи жазулар бойынша Қошайдың өзі түрік қағандығы кезінде жасаған кісі болуға тиісті. Бұл кезде Алтай мен Жетісу арасында жасаған Нушиби тайпаларының бір көсемі Қошу деген атпен белгілі болған<sup>24</sup>. Тарихи Қошу бар өмірін Бесбалық (Бейжін) қаласын қорғау ісіне жұмсап, Сары өзеннің басы, Өртеске дейін жорық жасаған кісі. Орхон жазуы бойынша (Қошай) 720 жылы Бесбалықты жау әскерінен босатқан<sup>25</sup>. Жырдағы «Бекіп қалған Бейжіннің бетін ашқан Ер Қошай» деу, сол тарихи уақиғаның ғасырлар бойы ұмытылмай жүрген жарқын суреті болуға тиіс.

Ер Қошаймен қатар айтылатын эпикалы геройдың бірі — Ер Көкше. Г.Н. Потанинның зерттеуінше, Ер Көкше Енисейдің басынан Әмударияға дейін тараған аса даңқты аттың бірі. Қосаймен (Қошай) бірге Ер Көкше Гэсэр жырының орталық геройының бірі<sup>26</sup>. Қазақта Ер Көкше мен

<sup>23</sup> В. В. Радлов. Proben, III, 112, В. В. Бартольд. Сочинения, IV, стр. 59. Г. П. Потанин. Казак-киргизские предания, легенды, стр. 8. Н. Н. Пантусов. Заметки о древностях Семиречен. обл. Изв. Архив. комиссии. 1904, вып. XII, стр. 71.

<sup>24</sup> Н. Бичурин. Собрание сведений, 1, стр. 289, 306.

<sup>25</sup> С. Е. Малов. Памятники тюркской письменности. 1951, стр. 409.

<sup>26</sup> Radloff proben III, 112. Г. Н. Потанин. Монгольское сказание о Гэсэр хане. Вестник Европы, 1890, кн. 9, стр. 124.

Ер Қосайға арнаған бірнеше дастандар бар, оның ертерек жазылғандары В. В. Радлов пен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің нұсқалары. Бұл екеуі де Ертіс бойынан жазылып алынған. Бұлардан басқа Каспий теңізінің жағасында айтатын Мұрын жыраудың, Сырдария, Арал теңізі бойында жырлайтын Асайын Хангелдиннің, Бисен Саримановтардың нұсқалары бар. Шоқанның айтуынша, өткен ғасырдың орта кезінде «Ер Көкше» мен «Ер Қосай» жырын шалқыта, үлкен эпикалды суретте айтқан көкшетаулық Арыстанбай ақын болған. Гэсэр және «Ер Көкше мен Ер Қосай» жырларының сюжет құрылысы ұқсас болғандықтан Г. Н. Потанин оларды бір арнадан шыққан болу керек дейді<sup>27</sup>.

«Манас» жырында Ер Көкше Айдарханның баласы, өзі найман елінен, қоныстайтын жері Ертіс бойы, жайлауы Ақ Қияс (Радлов, V, 511). Әйелі Аң Еркеш найман қызы. Чэдви́ктердің зерттеуінше, қазақ жырындағы Ер Көкше жас жігіт болса, «Манас» жырында ол мосқал тартқан үлкен кісі болып айтылады<sup>28</sup>, яғни, қазақтар Ер Көкше мен Ер Қосайдың тек жас шағындағы ерлік ісін естерінде көбірек сақтаған. Г. Н. Потанин 1895 жылы Шоқанның аулында болғанда Ер Қосайды Ер Көкшенің баласы деп жазып алып, оларды Қобыландымен тұстас етіп көрсеткен<sup>29</sup>.

Халық шежіресі бойынша Ер Көкше мен Ер Қосай бір туысқан кісі болып айтылады. Олардың арғы атасы, «Манас» жырында айтқандай, Қамбар, бергі атасы Айдархан болып аталады. Атбасар мен Есіл даласын, Ертіс бойын қоныстайтын уақ тайпасы Ер Көкше мен Ер Қосайды өздерінің түп атасы етіп, тарихи шежірелерін солардан бастайды<sup>30</sup>. Тегінде қазақтың уақ тайпасы Х-ХІІІ ғасырларда жоғарғы Ертіс пен Өр Алтайды қоныстаған керейлер ортасынан шығады, сондықтан оларды халық шежіресінде

уақ-керей деп қоса атады. Сол шежіре бойынша Ер Көкше мен Ер Қосайды уақ тайпасының атасы деумен бірге, керей мен наймандардың тарихи замандағы ел ағасы, жұртшылық қайраткерлері деу өте қисынды. «Манас» жырында Ер Көкшені Найман елінің көсемі етіп көрсетуде зор тарихи шындық бар. Өйткені, керей мен наймандар, көрші отырған туысқан ел болғандықтан, кейде бір орталыққа бағынған кездері болған. Ер Көкше сондай орталық тұлға болған кісінің бірі. Жыр Ер Көкшенің елін шалқыған бай, мықты ел етіп көрсетеді. Мұнда да шындықтың сілемі айқын көрінеді.

Ер Көкше мен Ер Қосайдан тарайтын уақ тайпасына кіретін рулар: Сарыбағыс, сарман, сарша, шұға, бидалы, жаңсары, бейімбет<sup>31</sup>. Мұнда айтылған рулардың көпшілігі қырғызда да бар. Оның үстіне, бұл шежіредегі Бейімбет «Манас» жырындағы геройдың бірі (Таз Бейімбет), қырық шораның ең кішісі болып айтылады. Уақ тайпасындағы сарыбағыс пен қырғыздардың сарыбағышы түү баста бір ел болу керек. Бұл шындықтар қырғыз бен керей, найман жұрттары түү баста бір арнадан шығып, бірге тіршілік етіп, сыртқы жауға бірігіп қарсы тұрған елдер екенін көрсетеді. Жыр мұны осылай сипаттайды да.

Жалпы айтқанда, қазақ пен қырғыз халқының эпос жырлары, бірімен-бірі өте аяқасып жатады, оның себебі, түү баста екеуі бір арнадан шығып, бір тарихи уақиғадан нәр алған болу керек. Сондықтан «Манас» жырындағы атақты геройлардың көпшілігі (Ер Төстік, Ер Қосай, Ер Манас, Ер Көкше, Ер Едіге, тағы басқалары) қазақ жырларында аса көрнекті орын алады. Орын алғаны былай тұрсын, олардың әрбірі мұнда жеке-жеке дастан болып айтылады. Мұны көп ғалымдар, оның ішінде Еуропа ғалымдары да солай түсінген<sup>32</sup>.

Ер Көкше мен Ер Қосай туралы Шоқан біріне-бірі қиғаш келетін екі түрлі пікір айтқан. Бірінші пікірінде жас

<sup>27</sup> Г. Н. Потанин. Монгольское сказание о Гэсэр хане. Вестник Европы, 1890, кн. 9, стр. 125.

<sup>28</sup> Чэдви́ктер. Көрсеткен кітап, 171-бет.

<sup>29</sup> Г. Н. Потанин. Казак-киргизские предания, стр. 79.

<sup>30</sup> Г. Н. Потанин. Вестник Европы, 1890, кн. 9, стр. 124.

<sup>31</sup> Дневник и маршрут пути. Записки Западно-Сибирь. Отдела РГО. 1897, кн. 21, стр. 47.

<sup>32</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. 1, стр. 597. Чэдви́ктер. Көрсеткен кітап, р. 28-34, 78.



ғалым Ер Көкше мен Ер Қосайды Алтын Орда заманының геройлары және солардың ерлік жырында айтылатын батырлар деп анықтайды. (Шоқан, Собр. соч. 1, 121, 201-202, 419.) Шоқанның ойынша, Ер Көкше Одоев қаласына жорық жасап, Никон шежіресінде жазылған Көкше батырдың өзі. Бірақ тарих бетіне тереңірек көз салсақ, Никон шежіресінде айтылған Көкше батыр Ер Көкшеден бүтіндей басқа, ол Жошы ханның немересі, Бөрікешердің баласы Көкше ұлан. Ол туралы «Тауарих нүсрәт намеден» көруге болады. Шоқан айтқан Эр-Күша XV ғасырдың басында, Едіге мен Токтамыс хан балалары соғысқанда, Жайық бойында оққа ұшады. (Шоқан, 1, 202.) Бірақ бұл Эр-Күшаны Ер Қосай деп айту өте қиын, өйткені Ер Қосай XV ғасырдың адамы емес, одан көп заман бұрын болған кісі; екіншісі Ер Қосай Едіге сияқты тарихта атақты кісінің бірі. Егер ол XV ғасырда болса, ол туралы араб, парсы, Орта Азия мұсаннафтары көбірек жазған болар еді; оларда Ер Қосай мен Ер Көкшенің атын атау бүтіндей кездеспейді. Бұл екі алып туралы ең қымбатты дерек уақ тайпасы айтатын қазақ халқының шежіресі. Шоқан осы деректі бетке ұстап, Ер Көкше мен Ер Қосайды қыпшақ заманында шыққан басқа бір жеке поэманың геройлары деп анықтайды (Собр. соч. т. 1, стр. 201-202). «Қазақтар ортасында, — дейді Шоқан, — Ер Қосай деп айтылатын маған белгілі екі жыр бар. Онда суреттелетін уақ тайпасының көксідері Ер Көкше мен оның баласы Ер Қосай; олардың жауласқан елі қыпшақ тайпасы». Осылай дұрыс айтып келіп, Шоқан үлкен жаңылысқа түседі: «Жырдың тарихи мәні жоқ, кісі аттары белгісіз» деп асығыс ой қорытады. Бірақ, анығында, Ер Көкше мен Ер Қосай қазақ эпосында аса даңқты горойлардың қатарында айтылады. Олардың аты қазақ шежіресінде, қазақ жырында «белгісіз» деу зор қателік. Айтқан жаңылысумен бірге Шоқан «Ер Көкше мен Ер Қосай» жырының көркемдік қасиетіне ерекше көңіл бөледі. «Оның есесіне, — дейді Шоқан, — жырдың айтылу сарыны аса күшті, адам оны тыңдауға жалықпайды. Жырдың күшті болуы — оның геройы Ер Көкше жау қолында жараланып өледі. Баласы Ер Қосай жаудан кек алу жолына

түседі. Жыр ежелгі дәуірлердегі соғыста қолданған жауынгерлік әдісті кеңінен толық суреттейді. Маған бұл жырды айтқан Арыстанбай ақын» (Собр. соч. 1, стр. 196).

Жырда орталық геройдың бірі Байдың ұлы Бақай (Радлов, V, 3), Шоқанда Байдың ұлы Баймұрза. Көп тайпалы жұртқа беделі жүрген, Көкетай мен Қошайдан кейінгі кемеңгер қарт, Манастың үзілмейтін ақылшысы, айнымас досы болып суреттеледі. Манас өлгенде «жан досың Бақай келді» дегенде өліп жатқан Манас тіріліп, ұшып тұра келеді. Бақай оның жұбайы мен жетім қалған баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай, Бұхардағы төркініне жеткізіп, ес жиып, өсуіне жол ашады. Көкетай өсиет сөзінде баласы Бокмұрынды Байдың ұлы Бақайға тапсырып, оны тәрбиелеп, ел қатарына қосуды сұрайды. Бақайды өзіне орынбасар етіп, ел ағасы етіп көтереді. Көкетайдан кейінгі әлеуметтік-саяси іс — көп заман Бақайдың қарамағында болады. Өзге ұлы геройлармен бірге Бақай да бар өмірін халқының тәуелсіз болуына, Бейжін (Бесбалық) қаласының еркін болуына жұмсайды.

Бақай, мүмкін, тарихта кездесетін Бақа тарханның эпикалы бейнесі болуы да ғажап емес. Бақа тархан Бесбалық қаласының еркіндігі үшін талай рет көтеріліс, толқын жасаған кісі, түргештердің ел ағасы (көсемі)<sup>33</sup>. Тарихта кездесетін Қошаймен замандас, екеуі де VIII ғасырда жасап, Бесбалық қаласы үшін алысқан кісілер.

Қошай Бақаймен қатар айтылатын ежелгі заманның асқан ерінің бірі — Үрбі. Көкетайдың асына Үрбі Қошайдан кейін екінші болып шақырылады. Бұл туралы жыр Бокмұрынның аузынан былай дейді:

Онан әрі сен барсаң,  
Кіші де тауды жайлаған,  
Ақтар-таздың баласы,  
Аты Мөңке төресі,  
Ер Үрбіге барып айт.

<sup>33</sup>Бичурин. Көрсеткен кітап, II, стр. 359.

Ұлытау мен Кішітау — осы күнге дейін қатар тұрған қос тау, Орталық Қазақстанның тарихқа VIII ғасырдан белгілі атақты жерлері, қазіргі Қарағанды облысының Жезді ауданына кіреді. Жырда Қосай Ұлытауды жайласа, Ақтар Таздың баласы Үрбі Кішітауды жайлап отырады. Мұның бір тамашасы, Үрбінің атасы деп айтылатын Ақтар-таз (Ақтаз) қазақ халқының бір руы, бағаналы деп аталатын найманның бір бөлігінен тарайды. Ақтаз руының осы күнге дейін мекендейтін жері Кішітау, Ұлытаудан түстік-батысқа қарай 60 км жерде тұрады. Ұлытау мен Кішітау бағаналы наймандарының заман-заманнан қоныстап келе жатқан жері. Халық шежіресі бойынша бағаналылар Орталық Қазақстанға Өр Алтай мен Ертіс бойынан ауып келеді. Ежелгі заманда үлкен жаугершілік болып, одан бес бала тірі қалған екен. Соларды соңынан ертіп келген кербалақ атты Ер Шостан деген кісі болады, ол Үрбінің арғы атасы халық аңызының екінші түрі бойынша, найман елінің ортасында үлкен той болып, көк бұқаның мүшесін басты-басты руларға таратқанда бағаналыға мүше жетпей қалады. Бағаналы елі оған өкпелеп Алтайдан Арқаға көшіп кетеді. Содан кейін олар «...өкпелеген қоңыр найман» аталады. Бұл аңыздың жеңілдеу айтқан түрін бірінші рет жазып алушы Г. Н. Потанин<sup>24</sup>. Ер Шостанның шежіресін бағаналы қариялары былай деп суреттейді: Найман, одан Өкірек-Найман (Өкіреш), одан Бағаналы, Балталы, Бағаналыдан Ер Шостан, одан Ер Шегедек, одан Ақтаз, Ақтаздан Ер Үрбі.

Халық шежіресі кейде Ер Шостанды, Бағаналының әкесі етіп көрсетеді. Шостанның кербалақ атының таңбасы бағана таңба екен, сондықтан оның ұрпақтары бағаналы атанып кеткен, — дейді. Найман — оғыздармен аталас, өгізді, көк бұқаны қасиеттеген елдің бірі, сондықтан олардың атасы да «Өкірек» (Өкіреш) болып аталады, VIII ғасырдан белгілі ел. Егер бір ғасырда төрт ұрпақ жасайды дейтін тәртіппен алсақ, Үрбі кемінен IX ғасырда өмір сүрген кісі. Радловтың жазуы бойынша, Ер Үрбі Аққорғанды билеген Көкемсарттың баласы болып айтылады. Кейде:

<sup>24</sup> Г. Н. Потанин. Казак-киргизские алтайские предания, легенды и сказки. ЖС. вып. II-III, 1916, стр. 63.

Көкемнің ұлы Ер Үрбі,  
Ертісті шыға жайлаған,  
Егіз кара ат байлаған.

Бірақ мұнда ешқандай қайшылық жоқ, халық аңызы бойынша Көкем-сарттың өзі де, Ер Үрбі де бағаналы Ақтазға қосылып, Ертіс бойын мекендеген найман тайпасынан екені байқалады. Жырда Үрбі қорқудың не екенін білмейтін, аяғын алшаңдап басатын, өзіне сенген жебел ер. Ол кейде Манастың өзіне де бағынбайды. Көкетайдың асында Үрбі шырық бұза берген соң Манас оған тыйым салады. Кермеде тұрған аттардың ішінде Үрбінің қиыду қара тұлпары көп мүсіннің бір тамаша кербезі. Мес-қара оған сұқтана қарайды. Жырда Үрбі Бесбалық (Бейжін) өлкесін қорғаушының мықты біреуі болып айтылады. Сағымбайдың жырлауында ол былай болып суреттеледі:

Ұлық Манас батырдың,  
Манас атты шаары бар.  
Үрбі деген туғаны,  
Үрімшіде тұрғаны,  
Кебетей деген шаары бар,  
Манас күткен қырық батыр,  
Бейжінге дейін бәрі бар.

«Манас» жырындағы тамаша геройдың бірі — шырын сөзді Ажыбай. Жыр оны ежелгі заманның кемелгері, саңылағы, майталман ел ағасы түрінде дәріштейді. Өзге геройлар көбінесе өзінің қан майданда көрсеткен жауынгерлік ерлігімен ардақты болса, Ажыбай бір ғана майталман жорғалығымен, тілінің тәттілігімен, өштескен екі елдің арасын жарастыра білуінен аты шыққан кісі. Сондықтан оны:

Бұзылғанды түзеткен,  
Жартылғанды жамаған  
Жатық тілді Ажыбай, —

деп анықтайды.

Жалпы айтқанда, «Манас» жырындағы геройлардың көпшілігі кейін қазақ ұлысына қосылған тайпалардың өкілдері, не сол тайпалардың өздері. Мәселен, Ажыбай осы күнге дейін қазақтағы арғындардың бір руы жырдағы Қаман-Жайпыр. Қазақ шежіресінде Қама-Жапар, Ажыбаймен аталас ел, екеуі де Қанжығалы Арғын, Қаражоқа, Әлеке, Баубек, Мәжік — олар да Арғынның әрбір аталары; Ер Көкше, Ер Қосай, Байымбет (Майымбет) қазақтың уақ тайпасынан, Ер Үрбі найман бағаналы Ақтаз руынан, т. т. Бұлардан басқа, «Манас» жырының уақиғасына қазақ тайпалары тегіс қатынасады десе де болады. Мәселен, Ұлы жүзден — Үйсін, Жалайыр, Қаңлы; Орта жүзден — Арғын, Қыпшақ, Керей, Найман, Қоңырат, Уақ; Кіші жүзден — Алшын, Тама, Телеу, Керейт, Шеркеш, Керлері тағы басқалар (Мажмұғ бойынша). Бұлардың барлығы монғол дәуірінен көп заман бұрын жасаған, тек XIV ғасырдан былай қарай қазақ қауымын құра бастаған тайпалар.

«Манас» жырында аса көңіл аударатын бір жағдай — қырғыздың өзінің тарихи дәстүрі болған ел аттары, көп заман қырғыз халқына басшы болған тарихи адам аттары (Барысбек, Орыс-Инал) ескі нұсқаларында (Ахшкенти, Шоқан, Радлов) еш жерде кездеспейді. Олардың орнына мұнда көп кездесетін әсіресе қазақ тайпалары, не Орта Азия халықтарына ортақ тайпалар, не олардың тарихи дәуірлерде жасаған адамдарының аттары (найман, қыпшақ, уақ, алшын, үйсін). Бұл аттар Памир, Шон-Алтай тауларын мекендейтін қырғыздар арасында, не Ош өлкесін қоныстайтын ішкіліктер ортасында кездеседі. Бірақ бұлардың тұмсы, тарихи, шежіресі ерте заманда Енисей мен Алатау арасында көшіп жүрген Оң қол қырғыздарынан біраз басқарақ. Абдылдаевтың зерттеуі бойынша, ішкіліктер туысы жағынан, рухани, мәдени тіршілігі жағынан қазақтарға көбірек ұқсайды. Біріншіден олардың тайпа құрамында арғын, алшын, үйсін деген рулар бар; екінші, ішкіліктер өзге қырғыздарда кездеспейтін 11-12 буынды жырда қолданып, оны қазақтарша «өлең» деп атайды; үшінші, ішкіліктердің көбінесе жырлайтыны «Ер Қосай» жыры, оның мазмұны қазақтар айтатын «Ер Көкше

мен Ер Қосай» жырына тіпті ұқсас. Ішкіліктердің тағы бір ерекшелігі — Манасты күндіз-түні егіле айтатын атақты жыршы олардың ортасынан ешуақытта шыққан емес. Бұл жырды сәулетті түрде келістіре айтатын тек қана Бұғы, Сарыбағыш, Солтү, Саяк, Шерік қырғыздары, болмаса ерте заманда Енисей мен Күншығыс Түркістан, Алатау арасында көшіп жүрген, Жұнғар даласымен, Бесбалық (Бейжің) қаласымен істес болған қырғыздар.

Абдылдаевтың зерттеуі бойынша да «Манас» жырын айтатын көбінесе Ыссық көл, Алатау, Нарын қырғыздары. Түстікке қарай басқан сайын оны айтушылар азая береді, ішкіліктер арасында жоққа тән. Бірақ жырда кездесетін ру басылардың аты бір ғана ішкіліктер құрамында сақталған<sup>35</sup>. Бұған қарағанда, ішкіліктер XVI ғасырда қазақ пен қырғыздың Тайырмен біріккен кезінде қырғызға қосылған қазақтар емес пе екен деген ой туады<sup>36</sup>. Осы сияқты қазақ халқының құрамында да ерте заманда қазақ (арғын) болған қырғыздар аз емес. Олар XVIII ғасырдағы Абылаймен еріп барған қырғыздардан бүтіндей басқа. Арғынға қосылған қырғыздар Шерік, Тейіт (Дейіт), Құсшы, Жүнді қырғыз деп аталады. Олардың осы күнге дейін жасап келген жерлері Қарағанды облысы, «Қызыл Арай, Беғазы таулары, Ақтау Қарқап, Ақ Мая, Атасу (Дарат бойы), Нұра (Тайтөбе), Бұғылы (Жүнді қырғыз). Олардың осы күнге дейін сақталған қария сөзі бойынша, олар ішкі Сібірден Арқаға ауып келген қырғыздар болып айтылады. Шеріктен Үбай, Ноғай, Орыс деген ағайынды үш жігіт болған. Арқаға ауып келгені Орыс пен Үбай. Арқаға келе жатып, бұлар жолдың ортасында үлкен дариядан (Ертіс) өтеді, Орыс пен Үбай дариядан бір өту үшін атақты тұлпарға мінгеседі.

Шежіренің айтуынша, Арқаға ең алдымен, бұлардан көп заман бұрын, атасы Шерік келіп, қазақ (қыпшақ) ханының биі болады. Келгендер айтулы қолбасы түрінде, қырық шорасымен келеді. Міне, мұнда да аздап «Манас» жырынан елес

<sup>35</sup> З. Мамытбеков. Э. Абдылдаев. Көрсеткен кітап. 234-бет.

<sup>36</sup> Бартольд. Собрание сочинений, т. II, ч. I, стр. 93-94, 515-516. Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. I, стр. 356-359.

бар. (Қырық шора, қолбасшылардың әскери түрі.) Тегінде Манас туралы, оның аққұла аты туралы айтылатын аңыздар Арқаның әр жерінде кездеседі. Оны таратуда Шеріктердің ролі аз болмаған болу керек. Сейфуддин Ахсикенти бойынша Шеріктер Манастың негізгі күші болып суреттеледі. Шеріктер туу баста керей Уан ханның қарамағында болған ел. Олар бұрын Енисей мен Ертістің арасын қоныстап, жаз айларында Түменге дейін жайлап баратын болған. Олардың жалпы тұрмысы Орталық Қазақстанды мекендеген қыпшақтарға өте жақын болған. Ішкіліктердің түп атасы Бостантейіт, Манас жырында Бостан Семетейдің екінші аты. Бұл жағдайлар, әрине, қазақ пен қырғыз халқының туыстық негізі, рухани тіршілігі ерте заманнан бір болып, олардың туысын біріктіруде Шерік тайпасының ролі аса зор болғанын көрсетеді.

Шежіреде айтылып отырған Шеріктің баласы Орыс аса көңіл қоятын нәрсенің бірі, өйткені мұндай ат Енисейді жайлаған қырғыздар арасында да болған. Шыңғыс Оңтүстік Сібір тайпаларын өзіне бағындырған заманда (1205), осы Орыс-Иналмен де істес болады. Инал, Инақ ол кездегі қырғыз бектерінің титулы. Манас жырында Алмамбетті ыңғи «Инағым» деп отырады.

Жырда жеке тұрған кейіпкер — Айхожа, ол Самарқан, Бұхара, Үргеніш халқының өкілі ретінде көрсетілген. Бұл қалалар VIII ғасырлардан бастап Орта Азияда Ислам туып тіккен жерлер, сондықтан Айхожаның бейнесі толығынан ислам дінінің әсерімен айтылған.

Айхожа Қарахан дәуірінде Орта Азияда ислам дінін таратушы тарихта болған кісі; түсі кара болғандықтан оны көбінесе Зеңгі-ата, Зеңгі-баба дейтін болған. Сол Зеңгі-баба Айхожаның лақап аты<sup>37</sup>. Айхожа (Зеңгі-баба) Қарахан әулетімен туыстас кісі. Ол өзінің өгей қызы Биби-Айшаны сол кезде Талас уәлиятын билеген Манастың әкесі Жақыптың туысы, Әулие Қараханға берген. Қарахан жасатқан Биби-Айшаның әдемі күмбезі осы күнге дейін Жамбыл қаласының

<sup>37</sup> Л. Диваев. Предание о происхождении узбеков. Турк. ведомости, 1900, № 97.

түбінде тұр. Айхожа Хаким-ата Сүлейменнің шәкірті. Сүлеймен ақын өлгенде оның жұбайы Анвар анаға үйленіп, одан Биби-Айша туады<sup>38</sup>. Сөйтіп Айхожа ойдан шығарған ат емес, XII ғасырда жасап, ислам дінін таратуда Қарахан ұрпағына белгілі қызмет істеген адам.

Теріс пішінді геройлардан көзге ерекше түсетін, баққұмар, мансапқор, менменшіл кісінің тұлғасы — Жолай, — Манастың теңдес жауы, өзі алпауыт мықты, алып ер. Оның астына мінетін аты — Ашбудан. Жырда Жолай кейде «қалмақ», кейде «ойрат», кейде «қытай», кейде «Орыстың ханы Шоң Жолай» болып аталады. Бірақ бұлардың бәрі тарихи шындық емес, оның ішінде «қалмақ» (ойрат) деу, тіпті қисынға келмейді. Мұның түпкі тамыры, XVI ғасырдан бері қарай, исламнан бұрынғы мәдениет мұраларын, оның ішінде тас мүсіндерді, тастан соққан сәулет істерін, халық эпосындағы ежелгі батырлардың аттарын — ислам дінінің шеңберіне сыйғыза алмай, оларды дінсіздіктен белгілі деп, тек қалмаққа жаба беру әдет болғандықтан шыққан нәрсе. Міне, осының нәтижесінде ислам дініне қиғаш келетін тарихи заманнан келе жатқан ежелгі кісі аттарын, исламнан бұрынғы мәдениет белгілерін қалмаққа жапсырып, «қалмақ», «қалмақ тас», «қалмақ оба» — деп атау халық ортасында әдетке айналған. Бірақ, анығында олардың қалмақ жұртымен еш байланысы жоқ, қалмақтан анағұрлым бұрын шыққан, ежелгі көшпелі жұрт сақ, үйсін, гундардан қалған белгілер, не түрік тайпалары (оғыздар, қыпшақтар, қарлықтар) жасаған мүсін тастар. Бұрынғы эпикалы жырдың батырлары (Жолай, Жаңбыршы, тағы басқалар), «қалмақ» деп атау да осы сияқты, ешбір тарихи негізі жоқ, тек «қалмақ» деп атау халық санасында әдет болудан шыққан жеңіл, дәйексіз нәрсе.

Тарихи жағынан қарағанда Жолай Оңтүстік Сібір мен Тұрфан арасында көшіп жүрген ұйғыр елінің белгілі ханы Йоллық болу керек. Тарихта олардың қырғызбен жауласқаны

<sup>38</sup> Туркестанские ведомости, 1904, № 37.

аз болмаган. Бул Йоллык тарихта өтө жиі кездеседі<sup>39</sup>. Йолай (Жолай), Йоллык екеуі бір сөз, «жолды болсын» деген тілекпен койылатын аттар. «Манас» жырындагы Йолай (Жолай) тарих замандагы Йоллыкты кыскартып айткан түрі. Тарих көзімен караганда Жолай тіпті «калмак» емес. «Манас» жырының кейбір нұскасында оны «калмак» деп атамайды, ол ноғайлының бір батыры болып суреттеледі. (Радлов, V, стр. 391). Елін шапқан жауы Қара-құл мен Сары-құлға жетіп келгенде Жолай өзін былай деп таныстырады:

Менің тегім сұрасаң,  
Он сан ноғай жұртым бар.  
Өзім тегім сұрасаң,  
Жолай сұрғақ өзіммін.

(Радлов, 370.)

Ақ ханмен кездескенде  
Жолай тағы осыны айтады:  
Он сан ноғай жұртым бар,  
Ноғайбай деген атам бар,  
Ноғайбайдың баласы,  
Хан-Жолай деген өзіммін.

(Радлов, 380, 391.)

«Ноғайлы» сөзін былай қойғанда жырдағы Жолайдың әрекеті, ісі, мінезі тарихтағы ұйғыр ханы Йоллыкқа өте жақын. Екеуі де Бейжін (Бесбалькты) неленуге жұмыла кіріскен адамдар, сондықтан екеуі бір кісі болуы ғажайып емес. Йоллык — тарихта қытай Ежен ханның Бейжінді бақылауға отырғызған адамы. Йоллык жас күнінде қытай хандарының ортасында тәрбие алған, олардың айтқанын мүлтіксіз орындайтын, олардың ұйғыр ортасына қойған ең сенімді адамы болған. Сондықтан сый, атақ, мансап оның үстінен үздіксіз жауып тұрған<sup>40</sup>. Тарихтың әліптерінше Йоллык (Йоллогэ)

<sup>39</sup> Цань-Чжун-Мянь. Сводная история тюрков. Пекин - Шанхай, 1958. указатель.

<sup>40</sup> Бичурин, I, стр. 330.

мақтан сүйетін, өр кеуде, есер кісі болған. Чжан-Суньнің баяндауы бойынша, Йоллык опасыз, құбылмалы кісі, қытай хандарының көмегімен өзі хан болуды көп ойлаған кісі<sup>41</sup>. Бул сипат Йоллыкты «Манас» жырындагы Йолойға (Жолай) өте жақын етіп көрсетеді.

«Манас» жырындагы теріс кейіпкерлер Көзкамандар (Көкаман).

Олар көп заман қытай ортасында болып, өзінің ана тілін, отанын, елінің дәстүрін ұмытқан, сезімі тұтқырланған, көлгірлікпен күн көру жолына түскен, жұпыны, тоғышар кісілер түрінде суреттеледі. Жыр бойынша Көзкамандар Жакыптың туғандары, бір үлкен соғыста қытай әскерінің қолына түсіп, көп жыл сонда қалып қояды. Кейін Манас ер жетіп, қытай жорығына аттанғанда, оларды босатып еліне қайтарады. Көп заман жоғалып кеткен туғандарының қайтып келгеніне Жакып қуанып, той жасап, оларға мал-мүлік бөліп береді. Бірақ Көзкамандар тойынып алған соң Манас пен Жакыптың адал көңілін ақтамайды. Оларға екіжүзділік, сұрқиялық істемекші болады, оларды арандату ісіне кірісіп, Қоңырбайдың (Ежен ханның) жасырын тапсырмасын орындап, онымен ауыз жаласады. Өзінің ең жақын адамдарын, отанның ардақты ерлерін жаудың табанында таптатып, олардың орнына өзі отырмақшы болады. Ежен ханның арандатуы бойынша Көзкаманның түбегейлі ойы:

Еліме әкім болайын,  
Ханның қызы Қаныкей,  
Неке қып алайын,  
Манас сартты өлтіріп,  
Төресі өзім болайын.

(Радлов, 254.)

Саяқбай Қараллаев бойынша, қырғыздың ежелгі жауы Қоңырбай ырғыз елінің ортасына бүліншілік салу мақсатымен Көзкаманды Таласқа жібереді. Басқыншылар-

<sup>41</sup> Бичурин, I, стр. 330, Л. Н. Гумилев. Древние тюрки, Москва, 1967, стр. 137.

мен ауыздас болған Көзкаман, тонның ішкі бауындай болғансып, жорғалап Манастың ортасына кіріп, ақыры аңдып жүрген сағаты жеткенде, екіжүзділікпен, Манасты улап өлтіреді.

Жырдағы теріс кейіпкерлер Қоңырбай мен Нес-Қара Бейжін (Шығыс Түркістан) өлкесін басып алуда қытай хандарының тарихи замандағы отаршылдық саясатын жүргізетін айлакер, менменшіл, арандатқыш, аяр адамдардың кескінінде суреттеледі. Қоңырбай — Ежен ханнан кейінгі барлық қытай жұртын билеп-төстейтін, бірінші ұлық түрінде айтылады. Ер Қосай Қоңырбаймен айқасқан кездерін есіне түсіріп, бұл туралы былай дейді:

Қызылықтың ойында,  
Қария-бастың бойында,  
Қашғар, Жаркен бураған,  
Мың қытайды сұраған,  
Қоңырбайды сайғамын.

(Радлов, 223.)

Қоңырбай мен Нес-Қара Көкөтайдың асына келген сәйгүлік тұлпарларға қызығып, көзі тұнжырап, олардың ішіндегі өзгеше тұлпарларын күш көрсетіп алуға сұқтанады. Бокмұрынды қорқытып, Мәнекер Ежен ханға лайық ат екен деп, оны зорлап алудың әрекетін жүргізеді. Мәселен:

Қарышшысын байланып,  
Қалдай мінер ат екен.  
Белдемшесін байланып,  
Пежін мінер ат екен.  
Алтын-күміс аттарға,  
Пежін ханға тартарға,  
Епті күлік мал екен.

Болмаса:

Қалдырағын салынып,  
Қалдай мінер ат екен.  
Белдемшесін шалынып,

Межін мінер ат екен.  
Ақ қоржанын арттарға,  
Ежен ханға тартарға,  
Епті-жайлы мал екен.  
Мәнекерді бермесен,  
Желекті жерден түрермін.  
Менің Нес-Қара екеңімді білесің,  
Мәнекердей күлік ат,  
Қай ырысына мінесің.  
Мәнекерді тартсаңшы  
Соған жауап айтсаңшы<sup>42</sup>.

Бұл кезде араға Манас кіріседі:  
— Мәнекерді бер деген не сөз?

Ел ағасы Ер Қосай,  
Нес-Қара бокты жемесің.  
Мәнекердей күлікті,  
Өлік болсақ берерміз.  
Тірі болып тұрғанда  
Оған қайтып берерміз?  
Қоңырбайға келіп:

— Сен неменеге жоныңды күжірейтесің, сенің таяқ жеген күндерің аз емес еді ғой, — деп онымен айқасқан соғыстарын бетіне басады:

Кеше Сары-өзеннің басында  
Бір соғыстым, Қоңырбай,  
Сонда әлің жетпеген,  
Кеше Бақты-Қурай басында  
Сонда әлің жетпеген<sup>43</sup>.

Бұл келтіріп отырған суретті тарихта болған уақиғаның, үлкен тартыстардың жарқын елесі деуге болады.

<sup>42</sup> Манас. Шоқан жазуы. 10 қағаз.

<sup>43</sup> Шоқан нұсқасы, 11 қағаз.

Қытай хандарына осылай бүйір тартып, оларға тыншы болып, олармен бірге өз елін өзі шабысқан кісілер тарихта да аз болмаған. Оның мисалына Хаба-Шеру (Абусы), Жангань деген кісілерді келтіруге болады. Соғыс үстінде Хаба оларға қашып барып, туып-өскен жұртына үлкен опасыздық жасайды. Жангань Ежен ханға қосылып елін бірге шабысқан соң, Өртөс бойынан байтақ қоныс алады<sup>44</sup>. Осы айтқан Жангань мен Хаба Шеру өздерінің мінезіне, істеген ісіне қарай «Манас» жырындағы Көзкамандармен өте кейіптес.

Жырда айтылатын Қоңырбай, Нес-қаралармен үндес шығатын кісілер де тарихта аз болмаған. Оларды Бейжінді (Бесбалық) бақылауға қойған Ли-Чжан-Кян, Ван-Хой, Пугу Хуай-Энь, Чжен-Юань, Ван-Чжен-Сян сияқты бекеуілдердің, әскер басылардың сойқанды істерінен ашық көруге болады. Жырдағы Қоңырбай мен Нес-Қара қандай аяр, күле кіріп күнірене шығатын кісілердің типі болса, Бейжінде отырған бекеуілдер де сондай зорлықшыл, озбыр, күш көрсеткіш, менменшіл болған. Олардың ішінде әсіресе Ван-Хой қарлық пен төргеш қырғыздар арасына от жағумен аты шыққан кісі. Ли-Чжан-Кян кигіз үйде тұрып, қымыз ішіп, түрікше киім киініп, сұқтана қараған кісінің бірі<sup>45</sup>. Бұл айтқан ұлықтарда жырдағы Қоңырбай мен Нес-Қара сияқты, жақсы дүниеге, желаяқ тұлпар аттарға үңіле қызыққан, солар арқылы «қанды көбік» жүйріктердің, Ежен ханға барғаны да аз болмаған<sup>46</sup>.

Міне, Бейжін төңірегінде болған осы сияқты тарихи уақиғаның сілемі халық аңызында көп заманның ішінде ұмытылмаған, оның аса жарқын бейнесі, әсіресе «Манас» жырында ашығырақ сақталғаны байқалады.

## «МАНАС» ЖЫРЫНЫҢ ҚАЙ КЕЗДЕ ШЫҚҚАНЫ ТУРАЛЫ

Манас бір дәуірдің туындысы емес. Ол көп заманның уақиғаларын, көп ғасырдың аңыздарын, эпикалы сарындарын тұтастырып айтқан жойқын эпопея. Оның сюжет құрылысы мың жыл ішінде Орта Азия көлемінде болған уақиғалардан тізіліп, соны сәулетті түрде көп ақындар ұрпағы ежелгі заманның алып ері Манастың төңірегінде топтастырып айтқан.

Жырдың негізгі идеясы шапқыншылық емес, қайта сыртқы жаудың шапқыншылығында қарсы тұрып, көп тайпалар қоныстайтын қадырлы отанды қорғау, өз ұлысының еркіндігін, тәуелсіздігін мұрат етіп, ол үшін күресу, соның жолында бар өмірін сарп ету, сол үшін өлу. «Манас» сияқты ұлы жырға сюжет болған мұндай ұлы уақиғалар Орта Азия қыраты мен даласында аз болмаған. Оған ауық-ауық шығыс жақтан қаулаған басқыншылық сүрендері айқын дәлел бола алады. Болған уақиғаның жосықтарын халық ақындары шалқыған бейнемен ауызекі айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырса, оның анық тарихын істес болған көрші елдің жазушылары қағаз бетіне түсіріп отырған. Қырда болған ұлы оқиғалардың тарих бетіне ең алғаш түсуі біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын, ежелгі үйсін-гун заманында болған. Бұл кез — тайпалардың ерлік заманы, жыр, ертегі, миф шығарудың басы (Энгельс). Манас жырының құрылысында сол кезден ауысқан сарындардың болуы өте заңды (бұл туралы кейінірек).

Манас жырының ең алғаш қалыптасуына негіз болған, әсіресе, түрік қағанаты кезіндегі (Қытай хандарының басқыншылық саясатына қарсы) ерлік күрес, Бейжін (Бесбалық) төңірегінде талай рет болған соғыс суреттері. Бұл туралы М. Әуезов пен А. Н. Бернштамның ой тұжырымдары зор ғылыми негізге сүйенген<sup>1</sup>. Бейжінді қорғау жолында бір

<sup>1</sup> М. Ауэзов. Киргизская народная героическая поэма Манас. В. кн. Киргизский гер. эпос. «Манас» М. 1961, стр. 54. А.П. Бернштам. Эпохи возникновения великого киргизского героического

<sup>44</sup> Бичурин, I, стр. 272.

<sup>45</sup> Л. Н. Гумилев. Древние тюрки, стр. 176.

<sup>46</sup> Бичурин. I, стр. 295. II, стр. 149, 102-164.

тамаша уақиға қарлық пен қырғыздардың бірігуі (кейін), жырда ол Алмамбет пен Манастың достасуы түрінде айтылады. Манас жырына көп әсер еткен әрине Қарахан дәуірі, ол алдыңғы VII-IX ғасырдағы ерлік уақиғалармен тығыз байланысып жатады. Одан кейінгі ұлы уақиға кидандардан (қара қытайлар) Бесбалыққа (Шығыс Түркістанға), Жетісуға шабуыл жасауы. Проф. Б. Юнусалиев бойынша, қарақытайлардың шабуылынан кейін қырғыз халқы өзінің бұрынғы саяси бірлігін жойып, «Манас» жыры осы кезде «бұрынғы ерлік дәуірді еске түсіру ретінде шығады»<sup>2</sup>. Демек, бұл кез «Манас» жырының әбден қалыптасып, VII-XII ғасырлар арасында өткен оқиғаларды тамылжыта айтатын ерлік жыры болған кез. Бірақ «Манас» жырының қай кезде шыққаны туралы ғалымдар арасында осы күнге дейін бір пікір жоқ. Бұл жырды бір ғалымдар түрік қағанатымен, Қарахан дәуірімен орайластырып зерттесе<sup>3</sup>, енді біреулері, мәселен, Маркварт, оны XIII ғасырдағы Шыңғыс ханның жорықтарымен орайластырып, соның оқиғаларын суреттеуге арналған жыр деп, анықтамақшы болады<sup>4</sup>. Бұл пікір негізінде дұрыс емес. Жоғарыда айтқандай «Манас» жырының идеясы шапқыншылық жорықтарын дәріптеу емес, қайта шапқыншыларға қарсы тұрып, отан қорғау, халықтың тәуелсіздігін арман ету сарындары түбегейлі болып отырады.

Манас жырын бірінші зерттеген Шокан бұл жырды ноғайлы заманында (XIV-XV) шыққан деп түсінген<sup>5</sup>. Оның бұлай айтуында, әрине көп ғылыми негіз бар. А. К. Боровков<sup>6</sup>

эпоса «Манас». Киргизстан. Литер, худ. альманах. Фрунзе, 1946, стр. 145-146.

<sup>2</sup> Б. Юнусалиев. К вопросу об эпохе и возникновению эпоса «Манас», Советская Киргизия, 1952, № 121.

<sup>3</sup> Ф. Колоюрло-Заде. Түрік элбият тарихы. Истамбуль, 1928, 187-188-беттер.

<sup>4</sup> Marquast. Über das Volkstum der Komaren, стр. 142.

<sup>5</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. 1, стр. 250-251, 419.

<sup>6</sup> А. К. Боровков. Вопросы изучения тюркоязычного эпоса народов Средней Азии и Казахстана. Сб. Вопросы изучаемые эпосы народов СССР, М. 1958, стр. 66—100.

деп чдвиктер<sup>7</sup>, «Манас» жырының шығуын тек қана жұңғар дәуірінде болған уақиғалармен, сол кездегі кісі аттарымен байланыстырады. Бірақ «Манас» жырының сюжетінің қоюлығы сонша, мұны жеткізе айтылған ой деп түсінуге болмайды. «Манас» жырының шығуы, оның дәуірі туралы ғалымдардың бұлай әр түрлі айтуы — жырдың өзінің сюжет құрылысынан, оның бір қалыпта болмай, бір дәуірді суреттемей, әр дәуірді қосып айтуынан.

Шокан айтқандай, Манас жырының жанадан тұтасып айтылған кезінің бірі — Ноғайлы-Қыпшақ заманы. Ежелгі дәуірдегі гундер сияқты, қыр далада қызысты өңгіме, шалқыған ерлік жырын, махаббат жырларын шығаруда қыпшақтардың ролі өзгеше болған. Оның жарқын өрнегін «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Қыз Назым» («Қамбар») жырларынан айқын көруге болады. Бұл дәуірдегі эпикалы сарынның күшті толқыны Манастан да көрінеді. Жалпы айтқанда, Ноғайлы-Қыпшақ эпосының сюжеті, оның геройлары Манас жырын жанадан құруға негіз болып, жырдың эпикалық сарының күшейтуге зор әсер еткен. Ең ақыры жырдың бас геройы Манастың өзін бергі кездің ақындары ноғайлының батыры деп дәріптеуге айналған. Бірақ бұл тарихи шындық емес. Жырдан көп орын алған өзге геройлардың ішінде Ноғайлы-Қыпшақ заманында болған тарихи адамдар бар. Олар Едіге, Токтамыс, оның қызы Қаныкей, Жанбыршы, Ағыс тағы басқалар. Бұлардың әрқайсысы қазақтарда жеке-жеке дастан болып айтылады.

Ноғайлы-Қыпшақ жырының Манастанғы әсерінің күштілігі сонша, мұнда кейде ноғайлы жырында кездесетін жыр шумақтары, батырдың тұлпар аттары (Тайбурыл), кейде уақиғалары кесегінен кездесіп отырады. Манас жырына үлкен әсер еткен мұнан өзге де жағдайлар көп. Ол — Орта Азияда Шағатай ұлысында, Моғолстан жерінде болған тарихи уақиғалар, Темірдің, оның ұрпақтарының Моғолстанға жорығы, олардың жорығына қарсы тұрған тарихи адамдар. Бұл уақиғалар жыршылардың ауызша айтуымен бірге

<sup>7</sup> Чдвиктер, Көр. кітап, 117-бет.



XVI ғасырдың басында жазылған тарихи шежіре түрінде де сақталған.

Манас жырынан белгілі орын алған тарихи дәуірдің бірі Құба-қалмақ (Ойрат, Жұңғар) заманы, сол кездегі тарихи адамдар (Қара-Құла, Ғалдан хан). Жұңғар шабуылы Қазақстан мен Орта Азиядағы ең соңғы ұлы уақиға. Сондықтан ол өзінің әсерін халық ойына ерекше тигізіп, одан бұрын болған тарихи уақиғаларға жамылшы болып, эпикалы аңыздардың мазмұнына үлкен әсер еткен. «Қалмақ» деген ат тарихи дәуірден келе жатқан барлық эпостан қалмайтын атқа айналған. «Қалмақ» деген атпен кейде өздерімен аталас кісілерді, тайпаларды да айтады (Ер Көкше, Алмамбет, Жаңбыршы). Және бұл тек қана «Манас» жырында емес, Жұңғармен істес болған қазақ, қарақалпақ, өзбек, ноғайлардың халық жырында үзілмей кездесіп отырады. Бірақ көп жырда («Қозы Көрпеш», «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Сайын») «қалмақ» деген ат ешбір тарихи негізі жоқ, эпикалы шартты түрде айтылғаны болмаса, хронология (заман, дәуір) жағынан еш байланысы жоқ, тек бергі кездегі күшті уақиғаның дүмпуі бұрынғы дәуірлерде болған уақиғаларды жауып кеткендіктен туған нәрсе. Өйтпесе, «Манас», «Қозы Көрпеш», «Алпамыс» жырлары шыққан кезде Орта Азияға қалмақ шабуылы болған емес, XVI ғасырдан бұрын Орта Азия халықтары ешуақытта қалмақпен бетпебет келген емес.

В. Котвичтің зерттеуі бойынша, қалмақтардың Қара Ертіс пен Жұңғар даласында бірінші рет көріне бастауы XVI ғасырдың соңынан былай қарай<sup>8</sup>. Одан бұрын олар Орта Азия жерінде, оның ішінде Балқаш төңірегінде, Жетісуда болмаған.

Моңғол даласын қоныстаған жұңғарлар өзара қырғын таласқа түскен кезінде, олардың төрт атасы (дөрбін ойрат), ескі дәстүр бойынша, қаруланған күшпен жаңа қоныс іздеп, тарихи дәуірдегі шапқыншылық жолымен осы күнгі

<sup>8</sup> В. Котвич. Русские архивные документы по сношениям с ойратами в XVI и XVII вв. Известия Российской Акад. наук. СПб. 1919, стр. 1081-1083.

Шығыс Қазақстан жерін келіп басады. Ол жерде күшейіп, бір қанатын Ертісті қуа, осы күнгі Семейге (Доржын-Кит) жайып, екінші қанатын Жетісуда, Шығыс Түркістанға жады. Міне, осы жұңғарлармен қазақ пен қырғыз халқы 150 жылдан (1596-1756) аса алысып, талай қырғын соғыстарды басынан кешірді. Жұңғарлардың аса күшейіп, өкімдік жасаған кездері Сыбан-Раптан мен оның баласы Ғалдан-Шерінің кезі. 1720 жылдары Ғалдан Қазақстан жерінде «Ақтабан шұбырынды» деп аталған жұртты пайдаланып, оларға қатты соққы беріп, бет-бетіне бостырды. Ұлы жүз қазақтарын тегіс өзіне бағындырып, Ташкент, Түркістан, Сауран, Ферғана қалаларын басып алып, олардың халқына салық зекет төлетті.

Манас жырында бұл оқиға Түркістан қаласын жұңғарлардан босату туралы «қазат» болып айтылады (Сағымбай, Бағыш, Сазан). Бұл кездегі Манастың ұлы жауы Қара-Құла, Ғалдан-хан, Алтынхан.

Бұл барлаудан шығаратын тұжырым — Манас жырының бір дәуірді көрсетуге арналған туу бастағы тексті заман өткен сайын көп өзгеріске түсіп, шұбарлана берген. Сондықтан онда кездесетін бейнелер, кісі аттары, тарихи уақиғалар соншалық тұрақты емес, көбі біріне-бірі қиғаш келіп отыратын әр түрлі эпизодтар. Мәселен, жырдағы ең ескі герой Алтынай, әрі Ер Төстіктің жұбайы Ай-ханның қызы Алтынай. Ол Алмамбеттің анасы, әрі оның жұбайы болып айтылады. Жырдағы бар алыптың қарындасы бір ғана «Қарлығаш» деген атпен айтылады: Манастың қарындасы да Қарлығаш, Жолайдікі де Қарлығаш, Бокмұрындікі де Қарлығаш, бәрі Қарлығаш.

Ойға қонбайтын нәрсенің бірі, жырда Жақып — Қараханның баласы болып айтылса, оның келіні Қаныкей де Қараханның қызы түрінде айтылады. Демек, Жақып өзінің қарындасын баласы Манасқа үйлендірген болып шығады. Мұның тарихи негізі әуелде дұрыс болып, екеуі де Қарахан тұқымынан шығуы ғажап емес. Бірақ ата мен келінді бір кісіден тугызып айту — эпос жырының өзіне қисынсыз. Мұндай күдікті, біріне-бірі қиғаш келетін бейнелер Манас жырының

әрбір нұсқасында кездесіп отырады. Оны профессор Б.М. Юнусалиев дұрыс көрсеткен. Сондай кигаш кейіпкерлердің бірі Жолай; оны кейде қалмақ, кейде қытай, кейде ойрат, кейде қыпшақ етіп көрсеткен. Жаңбыршыны бірде қара-ноғай, бірде қалмақ деп жырлайды. Манастың өзі де жоғарыда көрсеткендей, әр алуан елдің өкілі болып айтылады. Бұған қарағанда, бергі кездегі жыршылар Манас жырының ертеде қалыптасқан канондік текстін қадірлемеген, оның тарихи дәуірлерде жасалған желісін, кісі, ел, жер аттарын жиі өзгертіп, оның түү бастағы құрылысына көп жаңалық кіргізген. Мұны жырда кездесетін әр дәуірдің тарихи уақиғалары, оларға тұтас келетін тарихи адамдардың аттары ашық дәлелдейді.

Сөйтіп, жыр ежелгі ерлік заманды меззейтін батырлық ертегі, мифтан бастап, орта ғасырлардағы ноғайлы-қыпшақ заманының аңыздарын, эпикалы жырларын (XIII-XV), Жонғар шабуылымен байланысты оқиғаларды, тіпті XIX ғасырдағы Қоқан хандығымен байланысты қарым-қатынасты, Қашғардың Жәңгір төресін, Ресейдің ақ патшасын — бәрін кіргізе берген. Бергі кезде жазылған Манас жырында, тіпті, жаңа заманның техникасы, телеграф, телефон, машинаға дейін кездеседі. (Бағыштың айтуында.) Бұл соңғылардың ертедегі эпос жырымен еш байланысы жоқ, оларды қосу жырдың тарихи құнын кеміткені болмаса, оны күшейтпейді.

Манас жырының ең алғашқы құрылысын кейінгі қаттаулардан айырып, оның түү бастағы эпикалы сюжетін анықтау — қазіргі зерттеушілерге бірінші мәселе болуға тиісті. Осы мақсатпен біз бұл еңбегімізде Шоқан мен В.В. Радловтың ертеректе жазып алған нұсқаларына сүйеніп, Манастың түү бастағы эпикалық құрылысына көбірек тоқтап, оның тарихи-әлеуметтік негізін зерттеуді алдымызға қойдық, ноғайлы дәуірінен бері қарай қосылған қаттауларға оншалық бөгелмедік.

Манас жырын жаңартып айту Шоқан мен Радловтың кезінде-ақ көріне бастаған. Шоқан бұл әдісті ұнатпай, жырдың түбегейлі құрылысын жақсы білетін жыршы іздеп,

оны тапқан. Міне, сондықтан Шоқан жазып алған Манас жырының ғылыми маңызы тіпті ерекше. Мұнда бергі кездегі өзгертіп айтқан сарындар (анахронизм) жоқтың қасында. Ғасырлар бойы бір қалыпта айтылып келген жырдың негізгі сюжеті өзінің тұрақты, сәулетті түрінде жазылып алынған. (Көш жолы, Көкетайдың керээзі, асқа сауын айту суреті, тағы басқалар.)

Шоқан мен В. В. Радловтың жазулары бойынша, Манас жырының түү бастағы эпикалы желісін бергі кездегі араласудан сүзіп шығару соншалық қиын да емес, жырдың жарқын жорықтары әлі де болса ұмытылмай әдемі сақталып, біздің заманымызға дейін өзінің сәулетті түрінде келіп жеткен. Оны Сағымбай Оразбақовтың, Саяқбай Қаралаевтың, Доғолоқ Молданың айтуларынан айқын көруге болады. Бұрынғы ұстаз болған әйгілі манасшылардың жақсы дәстүрі бойынша, олардың шәкірттері XIX ғасырдың соңына дейін, одан кейін де, ертеде қалыптасқан сюжетті, кісі аттарын оншалық өзгеріске түсірмей, сол қалыптасқан түрінде және біріне-бірі өте жақын текстімен айтып келген. Ұлы ұстаздардың дәстүрлі үлгісі бергі кездегі атақты манасшылар Доғолоқ Молдаға, Сағымбай Оразбақовқа, Саяқбай Қаралаевқа ауысады. Оны барлық жыршыға ортақ болған жырлау түрі, тақпақтап айтатын қиын сөздер ашық дәлелдейді.

Манастың түү бастағы сюжет құрылысы ескі түркі тайпаларына дәстүр болған жыр түрімен құрылған. Ол Манастың кереметпен туысы, оның 12 жасар бала күндегі ерлігі, есейе келе Алмамбетпен кездесуі, жас алыптың ертеден келе жатқан ерлік салтымен үйленуі. Бұдан әрі Манастың екінші ерлік өмірбаяны басталады. Оған кіретін ең алдымен әлеуметтік-жұртшылық міндеттер, ел басқару, көшіп-қону мәселесі, Көкетайдың асын беру; бұлар туралы жұртшылық ішіндегі талас, оған сыртқы жаудың қол сұғуы (Көзкамандар). Сыртқы елмен қарым-қатынас, отан қорғау ісі, соның жолында Манастың өлімі. Міне, жырдың осы арқауын Манастың замандастары: Қошай, Бақай, Алмамбет, Шұбақ, Сырғақ туралы айтылатын жырлармен кеңейтіп

айтқан. Бұл желіден, әрине, Манастың жаулары да (Нес-Қара, Қоңырбай, Жолай) аз орын алмаған.

Бұл айтылған реалистік негізбен қатар «Манас» жырының түпкі сюжеті ежелгі ерлік дәуіріндегі көшпелі тайпалар шығарған ертегі, миф, аңыздармен берік ұштасып жатады. Бұл аялғыны Манас жырында жиі кездесетін ғажайып суреттер, жалғыз көзді дәулер (Мадықан, Мекел, Бақал), көремет күш иесі алыптар (Шойынкұлақ, Дүмір алып) әдемі көрсетеді. Манас жырының түпкі сарынында ежелгі тайпалар өмірінде болған тарихи уақиғалардың сілемі де аз жолықпайды. Қытай жазушыларының айтуынша, сондай тарихи эпизодтың бірі қытай хандарының ежелгі үйсіндердің жеріне, жылқысына, күніне мың шақырым жүгіретін тұлпар аттарына (Сяньли-Ма) сұқтана қарауы болатын<sup>9</sup>. Манас жырындағы Көзкамандар сияқты отаның жауға сатқан, екіжүзді, залым адамдар үйсін қауымында да болған. Ондай алаяқ адамдарды қытайдың ежендері өзіне тартып, солардың қанды қолымен үйсіннің басшыларын ұлатып, олардың ордасына талай рет бүліншілік салатын. Демек, отанды қорғайтын ерлерді ұлатып өлтіру әдісі осы үйсін — гун заманында-ақ басталған. Бір тамаша жері, осы айтылған тарихи эпизодтар, Манас жырының алғашқы құрылысына арқау болған.

Тегінде ертедегі қырғыздар, сол кездегі өзімен бірге жасасқан тайпалар (гундар, үйсіндер, қыпшақтар, оғыздар, қарлықтар) айтатын Сауыр Азиядағы тарихи уақиғаларды, тамаша аңыздарды, ертегі-жырларды жақсы білген болу керек. Олардың кейбір жарқын бейнелерін қырғыз халқы ғасырлар бойы ұмытпай, есінде сақтап, оны атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Манас сондай ғажайып әңгіменің бірі. Бір кезде (IV ғасырлар) осындай қызықты аңыздарды, тамаша ерлік жырларды гундар Еуропа жұртына таратып, соның күшті лебімен «Үлкен Эдда» сияқты дүниежүзілік әдебиетке мирас болған әрі қызықты, әрі көркем, тамаша эпос жырының шығуына үлес қосады.

<sup>9</sup> Бичурин. I, 47; II, 149.

«Үлкен Эдда» жыры өзінің аялғысы, әлеуметтік сарыны бойынша «Манас» жырымен өте үндес келіп отырады. Оның басты геройлары Манас сияқты Орта Азияда туып, жылқы өсіріп, қымыз ішкен, кермеде мүсін аттар баптаған өңшен серілер. Бұл екі жырдың үндестігін — оларды салыстырып зерттеген ғалымдар Чэдвиктер дұрыс түсінген<sup>10</sup>. Мұнда біріншіден көзге түсетін нәрсе, Манас жырындағы сияқты «Үлкен Эдда» ерлік 12 жастан басталады. Тегінде бұл жас ежелгі түркі тайпаларына жора болған ерлік жас. Оны Н.И. Веселовский мен П.М. Мелниоранский дұрыс анықтаған<sup>11</sup>.

«Үлкен Эддада» мынадай бір шумақ бар: «Соғысқа 12 жастан бастап ер-алыптар тегіс шықты. Құнаннан бастап барлық жылқы ерте ат болды». Жаңа өспірім баланы тай құнанға отырғызып үйрету — қазақ пен қырғыз халқында үлкен бір қауым тәрбиесі болатын, ол осы соңғы заманға дейін ұмытылған жоқ. Ер балаға жаңа туған құлынды — «ат болсын» деп арнап қою жорасы да оларда зор этнографиялық сатыда болды.

Бұл екі жырдың этнография ұқсастығымен қатар, олардағы ақындық бейнелер де көп жерінде біріне-бірі жақын келіп отырады. Олар — ерте заманнан қалыптасып, белгілі дәстүрге айналған көркемдік бейнелер. Мәселен, байтерек, ақсұңқар, құмай тазы, қанатты тұлпар, тағы басқалар. Еуропа ғалымдары (Паве де Куртеиль, Чэдвиктер) бұл бейнелерді бір ғана көшпелі елдерге тән ақындық бейнелер деп түсіндірген.

«Манастың Үлкен Эддамен» аса үндес шығатын бір жері, ондағы Еділді ұлан өлтіру аялғысы Манасқа өте ұқсас. Өлер алдында бұл екі батырдың екеуі де жаман түс көріп шошынады. Еділге өтетін өмір қолынан ұшқан ақсұңқар болып көрінеді, не бақшаға еккен ағаштардың бұтақтары жапырылған, түбінен бәрі қопарылған болып көрінеді. Бұл жырдың аялғысы «Ақсақ құлан» әңгімесіндегі «терек түптеп жығылды, кім тұрғызар, уа ханым» дейтін сарынмен өте үндес.

<sup>10</sup> Чэдвиктер, Көрсеткен кітап, 57-58-беттер.

<sup>11</sup> Н. И. Веселовский. Көрсеткен еңбек.

Семетейдің түсінде:  
Терек түштеп тербелді,  
Төңіз түштеп шайқалды,  
Бұ немене болушы еді?

Манасқа да түс ақсұңқар болып кіреді, екеуінде де ақсұңқар, бөйтерек, түс көрудің негізгі аялғысы. Алмамбет Манасқа келерде — ол Манастың түсінде қолына қонған ақсұңқар болып кіреді. Сөйтіп, «ақсұңқар» қолдан тайса бақтың кетуін, қолға келіп қонса оның келуін болжайтын бейне түрінде айтылады. Ақсұңқар бейнесі Орта Азия халықтарының жырында ертеден дәстүр болған көркемдік бейненің бірі. Ол әсіресе қазақ пен қырғыз жырларында ерекше орын алады. Оның «Үлкен Эдда» мен «Манас» жырында қатар кездесуі — олардың тамыры ежелгі дәуірдегі бір арнаға апарып тірелетінін дәлелдейді.

Бұл екі жырда үндес шығатын тағы бір тамаша жора, ерлердің бірімен-бірі достасқанда анттасу түрі. Олардың анттасуында ежелгі замандағы аспанға, көкке, жер-суға табынудың әсері тым күшті. «Үлкен Эдданың» ерлері достық берік болу үшін шығып келе жатқан күнге қарап анттасады. Манас пен Алмамбет достасқанда, осы достығымыз бұзылатын болса: «Түсі түкті жер ұрсын, — төбесі ашық күн ұрсын», — деп анттасады, бірақ бергі кездегідей «құдай ұрсын», «құран ұрсын», — деп, Құдай атын атамайды, Құранды басына көтермейді, екі жырдағы ерлердің анттасу тірегі бір ғана көк, аспан, күн болып айтылады. Мұның барлығы исламнан анағұрлым бұрын болған, ежелгі заманда қалыптасқан ой-сананың түрі екенін аңғартады. Қазақ пен қырғыздарда бұл ескі наным түрі осы соңғы кезге дейін ұмытылмаған. Оны «көк атсын», «ант атсын», «көк соққан», «ант ұрған» дейтін ұғымдар ашық көрсетеді.

«Үлкен Эддамен» үндес болумен қатар, «Манас» жырында кейде тарихта жазылған ежелгі гундардың ерлік өмірінің елесі де кездеседі. «Үлкен Эдда» бойынша Еділ соғысқа отыз шорасын ертіп шығады, «Қорқыт» жырында Қамбөрі мен оның баласы Бамсы қырық жігітпен шығады.

Манас қырық шорасымен жүреді. Бірақ «Манас» жырында қырық шорамен қатар кейде «отыз ұл» айтылады (Қарабағыш отыз ұл). Ескі тарихи жазулар бойынша, «отыз мың шеру» — ерекше күш болып саналған. Ең мықты жауды жеңу үшін тек отыз мың қол жіберу дәстүрге айналған. Тегінде, түркі тайпаларының әскер түзеу салтында отыз мың — оң қолды, қырық мың — сол қолды көрсететін, демек сол қол ең мықты жағы. Бұл әскери тәртіптің елесі Манас жырында сақталған. Мәселен:

Оң жағында отырған,  
Отыз екі ханы бар.  
Сол жағында отырған,  
Қырық батырдың саны бар.

Орхон жазуы бойынша Күлтегіннің бабаларының бұрын 17 нөкері болса, кейін ол көбейіп 70 болады, одан әрі 700 болады. Мұндағы киелі сан — жеті. Бұған қарағанда, қолбасшыға ерген отыз, қырық не 70 шора (нөкер) жеке-жеке кісі болумен қатар, әрбір тайпалардың басшылары болуға тиіс. Соғыс болғанда олардың әрбірі соңынан мыңмыннан шеру алып шығатын болған. Мұны жырдың өзі де солай сипаттайды. Мәселен, Алмамбетпен бәсекелес болған қырық шораның бірі Шұбақ «мені кеңеске шақырмады» деп, өзіне ерген қолмен майданнан кетіп қалады (Бағыш Сазанов).

Ежелгі гундардың ерлік өмірін еске түсіретін тарихи бейненің бірі, сол заманда қолданылған соғыс әдістері. Бұл — «Манас» жырында әдемі; өзінің дәстүрлі түрінде кездеседі. Әскерді оң қол, сол қолға бөлу де солардан басталған. Ежелгі тайпалар өміріндегі әскерді тәртіпке түсіру әдісі қытай тарихында өте ашық жазылған. Тарихтың барлауына, гундар соғыста бірыңғай боз ат, не баран ат пайдаланған. Жауға ылғи ай жарық күндері боз атпен ай астынан тиіп, күндіз күн жағынан тиетін болған. Міне, осы әскери әдіс жырда Манастың ерекше қолданылған әдісі болып суреттеледі. Жыр:

Ай жағынан тиген дейді,  
Айтадан сүрең салған дейді<sup>12</sup>  
Күн жағынан төнген дейді,  
Күнду сүрең салған дейді.

(Шоқан. 22 қағаз.)

Ежелгі замандағы соғыс жорасы бойынша, екі жақтың қолы бетпе-бет келгенде, тура ат қойыспай, әуелі күш сынасып, тіл қатысатын болған. Өзінің күшіне сенген жақ жауын үрейлендіру үшін:

— «Алыспақ керек пе, атыспақ керек пе?» — деп араға жаушы салады. Қарсы жақ — «алыспақ керек» десе, екі жақтың атақты батырлары жекпе-жекке шығатын болған. Тап бұл әдіс Манас жырында Манас пен Ер Көкшенің соғысында кездеседі.

Ерлік дәуіріндегі магиямен (керемет) байланысты жораның бірі — арбау. Бұл «Манас» жырында ерекше орын алады. Мұндағы барлық атақты ерлер, батырлар тегісімен осы қасиетке бөленген. Кісі былай тұрсын, олардың атының өзі арбай білетін, киелі (қындү) аттар (Манастың Ақ-құласы, Жолайдың Аш-Буданы, Қоңырбайдың Ал-қарасы). Алып ерлердің аттары қиыншылық кезінде несімен тіл қатып, кейде түсін өзгертіп отырады. Атақты ерлердің арбаушы тұлпарлары «Манас» жырында «арбын құлын» деген әдемі атпен айтылады.

Сөйтіп, «Манас» жырының қалыптасуына біріншіден арқау болған ежелгі ерлік дәуірдің аңыз-ертегілері, жалғыз көзді дәу туралы мифтер, мифқа айналған ерлік бейнелер (Шойын алып, Дүмір алып). Жалғыз көзді дәу (Тебе көз), онымен алысу — ерлік дәуірдегі ең қызықты ғажайып, әңгіменің бірі болған және ол бір ғана грек дүниесінде кездесіп қоймайды, оның көп тараған жері, әсіресе, Батыс Азияның биік тауларын, шөл даласын мекендейтін аңшы, бақташы елдер арасы. Бұл мифтің түү баста шығуын ерте за-

<sup>12</sup> Айтадан сүрең салу — кенеттен тәу, көз ашып-жұмғанша күйретіп, ойран — топырын шығару.

манда тау ішіндегі белгілі үңгірлерді тұрақ еткен тағы адам өмірінен іздеу керек. Адам баласының алғашқы ой жүйесін көрсететін жалғыз көзді дәу туралы миф түркі тайпаларының ескі жырларында, аңыз-ертегілерінде жиі кездесіп отырады. Оны «Ер Төстік», «Ақ Көбік», «Қорқыт», «Домбауыл», тағы басқа әңгімелерден көруге болады. Мұндай ежелгі дүние мифтерінде кездесетін алыптардың ерекшелігі — отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын, оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін болып суреттеледі және өздері жаратылыстан тысқары алып күштің иесі болып айтылады. Сондықтан, Ер Төстік жер астына түсіп, дәулермен соғысып, олардың қолында тұтқын болып жатқан сұлу қыз Кұнайымды босатып жер үстіне шығады. Алыптардың өздері қандай керемет иесі болса, олардың аты да өздеріне сай, сенімді серік болып айтылады. Ол қиын жерде құтқаратын, алыс жерді жақын ететін, қаулаған өрттен, шегі жоқ теңізден қарғып өтетін, қанат бітіп аспанға ұшатын, жеті қабат жерден өтіп, жеті басты жалмауызды жеуге күш беретін, ердің жауынгер серігі ретінде суреттеледі. Кейде сәуегей тұлпарлар елсіз-күнсіз жапан түзде өліп жатқан несін тірілтіп, еліне апарып, қызық-қуанышқа батырады. Жырда Манас сондай бейнеде суреттелетін ердің бірі. Бірақ ол феодал дәуіріндегі қауымның батыры. Тыныш өмірді, бейбітшілікті, елінің бүтіндігін көкसेген халық князы — ел қорғайтын мықты ерді ерекше ардақтап, оның ұлы бейнесін жасау үшін ежелгі ерлік дәуірді еске түсіріп, сол кездегі қалыптасқан алыптардың тұлғасы бойынша жаңа заманның алып ері Манастың бейнесін жасамақшы болады.

Демек, ежелгі дәуірдің алыптары Ер Төстік, Дүмір алып туралы ертегілер ең алғаш шыққан ерлік әңгімесінің түрі. Олардың сюжетінде бергі заманның уақиғасы, тарихи адамдардың аты бүтіндей жоқ және болуы мүмкін емес. Өйткені, олардың тарихи негізі бүтіндей көмескіленіп, тек миф, аңызға айналған. Алайда осы мифтың өзі «Манас» жырынан белгілі орын алып, оның түү бастағы сюжет құрылысын жасауға көмек еткен. Манас жырының ең алғаш қалыптасуына үлкен әсер еткен, әсіресе, түрік қағанаты кезінде шыққан ертегі-жырлар, мифқа айналған аңыздар.

Бұл аңыздардың ерекшелігі — олар өткен ерлік дәуірінің сарындарымен тығыз байланысып жатады. Мұнда біріншіден көзге түсетін, әсіресе сол дәуірлерде қалыптасқан салт-сана түрлері: жерге, суға, күнге, аспанға табыну жосындары, ата-баба рухын қадірлеу салты, тарыққанда олардың қабырына барып тілек ету, әдемі үнмен жатқан жерінің жайлы болуы туралы сарын айту. Бұл аялғы «Манас» жырында түү бастағы қалпында кездесіп, ислам әсерін бүтіндей ұмыттырғандай етеді. Ой-сананың бұл түрі жалғыз «Манас» жырында кездесіп қоймайды, оны «Күдергі» сияқты V-VI ғасырларда тасқа қашап түсірген кісі бейнесі тіпті ашық көрсетеді. Жерге, көкке табынудың аялғысы жырда, жоғарыда келтіргендей: «түсі түкті жер ұрсын, төбесі ашық кек ұрсын» деген ұғыммен суреттеледі. «Манас» жырының басталуының өзі (В. В. Радлов бойынша): «Жер-жер болғанда, су-су болғанда» деп келеді.

Көп ғалымның зерттеуі бойынша, ежелгі түркі тайпалары жаратылыстағы бес нәрсені қасиеттеп, оларды ұлы күш деп санаған. Олар көк (аспан), жер, су, от, ағаш; кейін феодал дәуірі басталарда мұның бәрі түйдектеліп, ең ұлы күш — көк және табынатын тәңірісі — көк болып шығады; көк — тәңіріні араптардың алласымен, иранның хұдасымен теңеп, «бір тәңірі» деген ұғым шығарады<sup>13</sup> Бұл кездегі (VI-IX ғ.) кісі аттары, күшті болсын деген ой тілегімен, көкке теңеп қойылады. Көк тәңірі, Көк тегін, Көкаман, Көкстай, Көкше, Тәңірікүт, Тәңірі-көк, тағы басқалар. VI-IX ғасырдағы ой-сананың бұл түрлері «Манас» жырынан түбегейлі орын алған.

Бұл кездегі халық жырына әсер еткен салт-сананың бір түрі — өлікті қасиеттеу, сол туралы жоралар: өлген кісіні үлкен салтанатпен шығарып салу, ас беру, аза тұту, бетін жырту, жоқтау, жыр шығару, өлетін кісінің өсиет сөзі (кер-

ээ), осының бәрі Манас жырының алғашқы қалыптасуына белгілі арқау болады. Жырда бұлар Көкетай мен Манастың өсиет (керээз) сөзі түрде, оларды зор салтанатпен қабырлеу түрінде айтылады. Жыр бойынша, Көкетай мен Манасты қабырлеуге самсаған сансыз тайпалар одағы жиналып, аза тұтып, олардың елесіне зор құрмет көрсетіп, ақындар жоқтау жырын айтумен өткізеді. Ерте замандағы халық қадірлеген адамдарды бұлай көп тайпалардың бас қосқан үлкен мерекелі түрде, жырмен өткізу суреті тарихта гун басшыларын, түрік бектерін жерлегенде істеген салтанаттан жақсы көрінеді<sup>14</sup>.

Манас жырының ежелгі мазмұны Орхон-Енисей жазуларымен тығыз ұштасып жатады. Мұнда біріншіден, сол кездегі халық әдебиетіне дәстүр болған әдет-ғұрып жырларының түрі бар. Олар «Естірту», «Қоштасу», «Жоқтау» (Шокан версиясы бойынша). Естірту — Көкетайдың өлер алдындағы халін әрбір елге жариялап, білдіру түрінде айтылады. Мәселен:

Батпан аяқ бал ішкен,  
Батпансыған мырзаға айт.  
Құн түскен қалың ноғайға айт,  
Көкетай жаман болды деп.

Қоштасу жыры — Көкетай мен Манастың өсиет (керээз) сөздерінде елімен, жұртымен қоштасу ретінде жолығады. Орхон жазуы кезіндегі қауым тіршілігінен белгілі орын алған жоқтау сарыны да Көкетай мен Манастың өлімімен байланысты төндіре айтылады.

Жоқтау — әдебиеттің ең ескі түрі. Оның шығуы үй-ішінде, қауым ортасында болған игі адамдардың дүниеден кешкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған жыр.

<sup>13</sup> Ибн. Фадлан. Путешествие на Волгу. Перевод под редакцией акад. И. Ю. Крачковского. Л. 1939, стр. 200. Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. 1, стр. 480; А. Башмаков. Первобытная история тюрко-монгольских племен. ТВ. 1914, №49.

<sup>14</sup> Н. И. Веселовский. Собр. соч. т. 1, стр. 276; В. М. Жирмунский и Х. Т. Зарифов. Узбекский народный героический эпос. 1947, стр. 8; С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. 1951, стр. 28.

Жоқтау Орхон жазуларының түбегейлі аялғысы. Оның ең бір жарқын түрін біз Күлтегін жазуынан көреміз<sup>15</sup>.

Жоқтау — ерте заманда ерлік жырының бір түрі. Оның негізгі аялғысы — өлген атақты алыптың ерлік ісін ардақтау. Оның ең ескі түрін Бегре-тас жазуынан көруге болады (648 ж). Онда былай делінген:

Мен Торан Ишракі,  
Жаырма бес жасымда,  
Аға-інімнен айрылдым.  
Күнім, айым болған,  
Үш ұлымнан айрылдым.  
Жерімде тыныш жата алмадым,  
Жерден, судан айрылдым<sup>16</sup>.

Торап Ишракі — Манас жырындағы Енисей бойын көрсететін түпкі (ішкі) ханға өте жақын. Академик В. В. Радлов Ишракінің бейнесінен қырғыздың бір кездегі басшысы Барысбекті көргісі келеді.

Жоқтау мен керээз (өсиет) сөздің жақсы үлгісі Ерен-Ұлыққа арнаған Алтын-көл, Уюк-Архан тас жазуларында да бар<sup>17</sup>. Бірақ мұның ең тамаша жарқын түрі Күлтегінді жоқтау. Орхон жазуының суреттеуінше, Күлтегінге аза тұтып күншығыста тұратын елдердің көбі келеді. Олар — табғач, түбіт, тата-бий, апар-пұрым, қырғыз, үш-құрықан, қытай, — «Мұншалық ел жиналыс сымтамыш, жоқтамыш», — дейді тасқа жазған шежіре (С. Е. Малов, стр. 29). Орхон жазуларында Күлтегінді жоқтау мына түрде айтылған:

<sup>15</sup> В. В. Радлов и П. М. Мслиоранский. Древнетюркские памятники в Кошо-Кайдаме. Сборник трудов Орхонской экспедиции СПб, 1897, стр. 15-45.

<sup>16</sup> W. Radloff. Alturkischfitten der Mongolei. III. СПб. 1895, стр. 301, 314.

<sup>17</sup> W. Radloff. Сол кітап. стр. 305, 307, 332; В. А. Гордлевский. Рецензия на работу П. А. Филова. Введение.

Інім Күлтегін,  
(Тәңіріге) керек болды.  
Мен өзім сағындым,  
Көрер көзім көрместей,  
Білер білгім білместен болды.  
Мен өзім сағындым,  
Он Тәңірі-ай,  
Кісі ұғышы өлмей қалмастай.

(С.Е.Малов, стр. 33.)

Махмұд Қашғаридың жазуы бойынша да жоқтау — ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған жырдың бір түрі<sup>18</sup>. Мұның бір жарқын түрін «Қорқыт» жырында кездесетін Бамсыбұйрықты жоқтаудан көруге болады. Мұнда былай деген:

Ақ үйдің ішінен зарлаған дауыс шықты,  
Сұқсырдай бойға жеткен жас қыз,  
Ақ киімін шешіп, қара жамылды.  
Басымның ақбоз атының құйрығын кесті,  
Қырық беске келген жас жігіттер,  
Тегіс қара киім киісті.  
Бастарына көк сәлде салысты,  
Қазанбектің алдына келіп,  
Сәлделерімен жерді ұрып,  
Бөйрік қайда деп жыласты.

Ежелгі дәуірдегі ерлік жырының бір түрі болған бұл жоқтау Манас жырының көп нұсқасында кездесіп отырады. Ол, әсіресе бір кездегі халықтың ақылшысы, қорғаны болған Көкөтай, Қошай, Манас, Алмамбет, Семетай сияқты ерлер өлгенде — солардың ерлік ісін, адамшылық қасиетін жоқтау ретінде айтылады.

«Манас» жырында кездесетін кейбір сарындар Күлтегіннің тас жазуындағы сарындармен өте үндес шығады. Мұнда ең алдымен «Манас» жырының басталуымен

<sup>18</sup> Махмұд Қашғари, III. 230.

(В.В. Радлов бойынша) Күлтегінге арналған жазудың басталуы біріне-бірі тіпті жақын.

Мәселен, Күлтегін жазуында Манастың басталуы:

Жер-жер болғанда  
Су-су болғанда...  
Төбеде көк Тәңірі,  
Астында кара жер болғанда...

Өзге ұқсастықтан тағы мыналарды салыстыруға болады:

Күлтегін жазуында:

1. Үсте Тәңірі баспаса,  
Астына жер айрылмаса.  
2. Жалаңаш елді тонды қылдым.  
Шығай елді бай қылдым.  
Аз елді көп қылдым.

(С.Е. Малов, стр. 31)

Манас жырында:

1. Жер айрылып су шығып  
Көк айрылып күн шығып  
2. Атсыз келген шораға,  
Аттан тұлпар мінгіздім.  
Тозыл келген шораға,  
Тон мықтысын кінгіздім.

(Манас, 1958, II. 10.)

Қорқыт жырында:

3. Іші ассыз, тысы тонсыз,  
Елді жиып ел қылдым.  
Телі сгіп құс салдым  
Тентекті жиып ел қылдым.  
Құрама жиып ел қылдым.

Жыр тексттерінің үндес шығуымен бірге, кейде алыптардың бейнесі де, суреттеген тұлпар аттардың бейнелері де ұқсас келіп отырады. Мәселен, Күлтегіннің аты

«Шашак боз» болса, Манас жырындағы алыптардың аттары «Данқа боз», «Айбан-боз», «Айбан-күлік» түрінде айтылады. Бұл келтірілген ұқсастықты, әрине, кездейсоқ деп айтуға болмайды. Бұл ұқсастықтар халық жырындағы эпикалы бейнелердің туу ерте заманнан бастап, бергі XIX ғасырдың соңына дейін ұштасып жатқан ашық жосықтары екенін көрсетеді.

Шоқан жазып алған нұсқалағы бір ерекшелік, мұндағы эпикалы герой Көкөтай хан тек қана қырғыз елінің ханы болып суреттелмейді, ол көшпелі көп тайпалардың, оның ішінде Орталық Қазақстанды, Каспий даласын, Сыр бойын, Жетісуды, Ертіс бойын, Күнбатыс Сібірді, Орта Азияны мекендеген елдердің ұлы ханы ретінде суреттеліп, сол айтқан жерлердің би-батырларына, алыптарына жарлық беріп отырады (Көкөтайдың асы). Міне, мұның өзі де түрік қағанаты кезіндегі тарихи-географиялық жағдайды еске түсіріп, сол кездегі шындықтың көмескі елесін көз алдына келтіргендей болады. Оның үстіне «Манас» жырында суреттелген Көкөтай мен Орхон жазуындағы Тоны-Көктің (Тәңірі-Көк) аттарында, ісінде, адамшылық қасиеттерінде көп ұқсастық бар. Бұл екеуінің жыр мен тас жазуда көрсетілген бейнесі бірдей, екеуі де данышпан ел ағасы, тозған елдің ақылшысы, кеменгер қарты түрде суреттеледі және екеуі де өлерінде еліне өсиет айтып өтеді. Егер Ноғайлы заманынан (XIII ғ.) бергі қаттауларға көңіл бөлсек, «Манас» жырының туу бастағы сюжеті осы сияқты бірталай айқындала бастайды. Мұнда ең алдымен көзге түсетін нәрсе, алғаш шыққан жырдағы геройлардың (Көкөтай, Қошай, Бақай, Манас, Алмамбет) жұртшылық тілегі, талпынған істері, ондағы уақиғаның түрлері бүтіндей түрік қағанаты кезіндегі тайпалардың саяси-қауым тіршілігін еске түсіреді. Мұны көп ғасырлар осылай түсінген. «Манас» жырының ескі сюжеті бір жағынан Орхон жазуларына өте ұқсас келіп отырса, екінші жағынан сол кездегі тарихи уақиғалардың көмескіленген сілемдері мұнда бірталай көрінікті сақталған. Мұны жырдың түбегейлі мазмұны мен тарихи уақиғаларды салыстыру ашық сипаттайды. Тарихтың бетіне көз аударсақ, ол кездегі (VI-IX ғ.)



уақиғалардың ең күрделісі түркі тайпалары мен қытай жұрты арасында болған сыртқы қарым-қатынастар, оның ішінде Ежен ханның Шығыс Түркістанға басқыншылық көзімен қарауы, оған қарсы тайпалардың мезгіл-мезгіл жасаған көтеріліс толқындары, отан қорғау, халықтың тәуелсіздігін сақтау жолындағы ерлік істері. Міне, осы ерлік уақиғалар өз тұсында тасқа жазылған белгі ретінде сақталса, екінші жағынан тарихи замандағы ақындар тобының бірден-бірге аңыз етіп айтуы арқылы Манас сияқты, әдемі эпикалы жырға айналады. Демек, тарихи жазулармен қатар, ол кездегі саяси-әлеуметтік уақиға, басқа аңыз-ертегіден гөрі, «Манас» жырында ашығырақ сақталған. Оны Бейжінмен байланысты айтылатын «қазат» сарыны аса ашық суреттейді. Тегінде Манастың туу бастағы мазмұны ең алдымен Бейжін (Бесбалық) туралы болу керек. Өйткені, ол кездегі Бесбалық қаласының саяси-шаруашылық маңызы бұл өлкені қоныстайтын тайпалар — (карлық, қырғыз дүргеш, басмил, ұйғыр) үшін орасан зор болатын. VII-XII ғасырларда Бесбалық (Бейжін) Шығыс Түркістандағы, оның ішінде Тәңірі тауының солтүстік шығыс іргесіндегі белгілі астана, саяси-мәдени орталық болған. Туу баста оны салдырған батыс түрік қағаны Дулу деген кісі<sup>19</sup>. Бесбалық (Бейжін) қаласын өзіне қамал (бекініс) ету мақсатымен Дулу оған өзіне сенімді күш болған тайпаларды, оның ішінде шұмұғын, шуманак, болмаса Жетісу, Жұңғар, Алтай, Ертіс төңірегін қоныстанған қыпшақ, карлық, қырғыз, түргеш сияқты елдерді тұрғын етіп, қаланың төңірегін әскери-шаруашылық күшке айналдырған<sup>20</sup>. Бесбалық қарауына бағындырған жерлер Барқол, Куча, Қарашар, Турфан, Манас, Ақсу, Қашғар, бір сөзбен айтқанда барлық Шығыс Түркістан<sup>21</sup>. Бейжін (Бесбалық) олардың сол кездегі саяси-мәдени, сауда орталығы болған. Қырғыздар атамен жібекті көбінесе

<sup>19</sup> Бичурин Н. Я. Собр. сведений о народах, обитавших в Ср. Азии, ч 1, М.-Л. 1953, стр. 286-287, 358.

<sup>20</sup> Сонда, стр. 286-288, 358.

<sup>21</sup> Сонда, стр. 287.

Бұхара мен осы қаладан алып отырады<sup>22</sup>. Оның үстіне бұл өлке Шығыс Түркістан мен Алтай, Саян тауларының арасында көшіп жүрген карлық пен қырғыздардың көп уақыт тыныстап, мәдени-сауда жағынан байланыс жасайтын, саяси күш алатын негізгі орталығы осы Бесбалық (Бейжін) болатын. Бейжіннің орны әсіресе карлық пен қырғыздар үшін ерекше болған. Олар Бейжінді, оның үстінен өтетін көш жолын қорғау мақсатымен күш біріктіріп, сыртқы жауға қарсы тұрады. Жырда бұл уақиға Манас пен Алмамбеттің бірігуі түрінде айтылады. Түрік Қағанаты кезінде Бесбалық «Солтүстік орда»<sup>23</sup>, — деп аталған, оның қытайшасы Бейтін, қырғызша Бейжін.

Бесбалыққа таяу жерде, Тәңірі тауының (Тянь-Шань) солтүстік жонында, Бесбалықты билеген түрік қағандарының, одан кейін карлық, қырғыз қағандарының бірнеше сәулетті жайлаулары болған. Олардың көркемі Ақтау, Жұлдыз тау. Ақтау — басын мәңгілік мұз басқан, Тәңірі тауының шөлейтке қараған ең биік жотасы. VI ғасырда Рум елшісі Земарх түрік қағаны Естемиге Ақтау жайлауында отырғанда келіп жолығып, бірінші рет оның ордасының әдемі суретін береді<sup>24</sup>. Қытай жазушыларының барлауынша, Ақтау бір ғана мықты алпауыттардың жаз жайлайтын орны болған<sup>25</sup>. IX-X ғасырларда бұл атақты жайлауға қырғыз бен карлықтар не болады. Қыста олар Бесбалықта (Бейжін) өткізсе, жаз шыға Ақтаудың жайлауына шығатын болған. «Қырғыздың жері, — дейді сол кездегі жазушы, Ақтаудың төңірегі, Құмұл (Хамн) қаласынан батысқа қарай, Қара-Шардан солтүстікке қарай созылып жатады<sup>26</sup>. Ақтау — аяның отыратын жазғы жайлауы болған. Бесбалық (Бейжін), Ақтау, Жұлдыз таулары шалқыған көркем қоныс, әдемі жайлау, бір кездегі түркі

<sup>22</sup> Сонда, стр. 286-287, 358.

<sup>24</sup> Fragmenta historicorum graecorum. Vol. IV, pp. 228-235; corpus scriptorum historial Byzantinae. Pars I, Bonnae, 1829, pp. 298-301; Chavannes Documents sur les Ton-Kine (tures) occidentaux (Сб. трудов Орхонской Экспедиции VI) СПб. 1903, стр. 235.

<sup>25</sup> Бичурин Н. Я. Көрсеткен еңбек, I, стр. 145.

<sup>26</sup> Сонда, I, стр. 350.

тайпаларының, оның ішінде қырғыз, қарлық, ұйғырлардың аса қызықтап, жебелеген өлкесі болғандықтан, бұл ара IX ғасырларда тарихи уақиғалардың қайнаған бір орталығы болады. Бесбалық өлкесі ең алғаш жергілікті хандықтардың өзара таласқан жері болса, кейін оған таң патшалары да сұқтанады<sup>27</sup>.

Бұл кез — түрік қағанатының ыдырап, олардың тозған орнына бірнеше ұсақ хандықтар көбейе бастаған кез. Осы кезде Ежен хан да олардың ортасына өртті көбірек қойып, бірімен-бірі жауластырып, әлсірету нәтижесінде көрші елдердің жерін басып алу әрекетін жүргізеді. Ежен хан өзінің Бесбалыққа қойған бекеуілі Ван-Хойды ордасына шақырып, оның баяндамасын тыңдағаннан кейін, мынадай қарар шығарады: «Көшпелі елдердің бірін-бірі қырғаны бізге түк емес. Қайта біз үшін олардың мықтысы әлсіреп, әлсізі жойылғаны пайдалы», — деп, басқыншылық саясатын ашық жүргізеді<sup>28</sup>.

Осы сияқты қырып-жою саясатын аяусыз жүргізу негізінде, Ежен хан көшпелі түркі тайпаларын олардың тарихи дәуірден қоныстап келе жатқан ата-мекен жерінен қуып, босқынға ұшыратады. Олардың атақты қыстау-жайлауларын күшпен басып алып, оларды өз жерімен өзін қоштастырады («Саймақтың Сары өзені»). Сондай аяусыз босқынға ұшыраған жердің бірі VII-XII ғасырларда қырғыз бен қарлықтар мекендеген Бесбалық (Бейжін) өлкесі.

Бейжін (Бесбалық) үшін күрес «Манас» жырының түбегейлі сарыны, бұл уақиға көбінесе Алмамбет атымен байланысты айтылады. «Манас» жыры бойынша Бесбалық (Бейжін) Алмамбет аталарының орда құрып «пайтахт» жасаған астана қаласы. Оған таяу тұрған Ақтау, Жұлдыз таулары олардың атақты жайлауы. Осы киелі жерді Ежен хан басып алып, Алмамбетті босқынға ұшыратады. Бесбалықтан (Бейжін) қуылған Алмамбет отанының тәуелсіздігін арман етіп, күш алу мақсатымен Талас бойында даңқы

шыққан атақты Ер Манасқа бет алады. Женекей жау басып алған жерін жоқтап, ел-елге зарын төгіп отырады:

Сары талдан сыдырған,  
Талым қалды Бейжінде.  
Таза алтыннан жасаған,  
Тағым қалды Бейжінде.  
Қақпалы қала, қалың жұрт,  
Үйім қалды Бейжінде.  
Кең Бейжін еске түскенде,  
Зәулім тартқан қалық там,  
Түтеді оны Ежен хан,  
Осы еске түскенде,  
Ұстауға келмес шыбын жан.

*(Сақбай, X. 1621.)*

Жау қолында қалған қадырлы жерді жоқтап айтқан бұл зар — негізінде тарихи зор шындықтан туған. Қытай жазушыларының айтуынша, ежелгі дәуірдегі гундарды, кейін түркі тайпаларын Ортөс пен Сарыөзен бойынан бастырғанда, олар да осы сияқты жермен қоштасып, жер туралы жүрек қозғайтын неше түрлі толқынды күй, жыр шығаратын болған. Қазақтарда айтылатын «Саймақтың Сары өзені» сондай шығарманың біреуі болуға тиісті.

Бесбалықты (Бейжін) таң патшалығының торлауы 704 жылдан басталады<sup>29</sup>. Бұл өлкені (Шығыс Түркістан) өзіне қартуда Ежен ханның жүргізген қытымыр саясаты алдымен айтқанына көнетін ұйғыр хандарын (Йоллығ хан) өзіне жақындастырып, оларға қызын беріп, сый тартып, жұртшылық көзінде көтермелеп, бірге-бірге шеңберіне кіргізе береді. Оларды Бесбалыққа ие етіп, солар арқылы бай өлкені басып алу әрекетін жүргізеді<sup>30</sup>.

Бірақ тарихи дәстүрді ұйық еткен, халқының, отанының тәуелсіздігін киелі деп білген қарлық, қырғыз, түргеш

<sup>27</sup> Сонда, I, стр. 305, 306, 307, 311, 328-330, 338-339, 359.

<sup>28</sup> Сонда, I, стр. 296.

<sup>29</sup> Сонда, II, 295, 305, 307.

<sup>30</sup> Сонда, II, стр. 329.

жұрттары Ежен ханның бұл саясатына жан-тәнімен қарсы тұрып, Бесбалық (Шығыс Түркістан) өлкесін тәуелсіз түрінде сақтап қалуды арман етеді. Бесбалық (Бейжін) өлкесін қорғау жолында қырғыз бен қарлықтар өзара достасып, күш біріктіруді ойлайды<sup>31</sup>. Бұл уақиғаның сілемі де «Манас» жырында жақсы сақталған, ашығырақ айтқанда қырғыз бен қарлықтардың достасуы «Манас» жырында Алмамбет пен Манастың достасуы түрінде айтылады.

Бесбалықтың тәуелсіздігін қорғауға қарлық, қырғыздармен бірге өзге тайпалар да қосылады, оның ішінде Жетісу өлкесін, Жұңғар даласын, Ертіс бойын, Арқаны қоныстаған елдер де бар. Олардың өкілдері жырда Ер Төстік, Ер Қосай, Ер Кекше, Ер Үрбі түрінде айтылады. Жырда бұлардың барлығы да Ежен ханның басқыншылық саясатына қарсы тұрады. Орта Азия елдерінің біріккен күші қытай хандарының әскеріне әсіресе 755 жылы үлкен соққы беріп, Қансу, Бейжін өлкелері Орталық Қытайдан көп заман үзіліп қалады<sup>32</sup>.

Жарты ғасыр бойы қытай әскері бұл өлкелерге келе алмайды. Көп жылға созылған бұл соғысқа Алтай, Жұңғар даласы, Жетісу, Шығыс Түркістанды, Орта Азияны қоныстаған елдердің көбі қатынасады, тек қана ұйғыр басшылары қытай хандарының емеурінінен шыға алмайды<sup>33</sup>. Бірақ ұйғыр алпауыттары қырғыздың соққысынан жеңілгеннен кейін қатты сүргінге ұшырайды. Бейжінге отырғызылған ұйғыр ханы Йоллық тақтан қуылады. Бейжінді бақылайтын қытай бекеуілі Ян-Си-Гу қашып шығып, құтыла алмайтын болған соң өзін-өзі улап өлтіреді. Қырғыз елінің тасқынынан үрейленген ұйғыр хандары Бейжіннен қашып Қансу өлкесіне барып тығылады, бірақ қытай ханы қырғыз елінің күшейгенін ұнатпайды<sup>34</sup>.

Міне, осы тарихи оқиғалардың сілемі Манас жырында кеңінен суреттеледі.

<sup>31</sup> В. В. Бартольд. Киргизы. Фрунз, 1927, стр. 17, 18; Его же сочинения, т. II, ч. I, стр. 39.

<sup>32</sup> Сонда, I, стр. 287, 328, 329, 359.

<sup>33</sup> Сонда, I, стр. 329.

<sup>34</sup> Бичурин, I, стр. 357.

Бейжін, жоғарыда көрсеткендей, «Манас» жырының туу бастағы сюжеті. Бейжін (Бесбалық) үшін талай рет қанға боялған соғыс болып, бұл өлке бір қолдан бір қолға неше рет ауысып отырғанын тарих қалай айтса, жыр солай суреттеп келген. Манас пен Алмамбет осы Бейжін үшін болған соғыстың үстінде өледі. Ұйық жер Бейжінді қайырып алады Манас өлерінде баласы Семетейге өсиет етіп айтады. Бейжін мұнда Шығыс Түркістанның бір аты. Оны қорғауға, оның тәуелсіздігін сақтауға ашына кіріскен, тарих бойынша, әсіресе қарлық пен қырғыз, түргештер. Қарлық Бейжіннен солтүстікке қарай созылып жатқан байтақ өлке Тарбағатай, Алтай тауларын, Ертіс бойын қоныстаған, сол кездегі мықты елдердің бірі.

Қарлықтардың ел басшысы Қара хан (Хәлу) Бейжін үшін талай рет соғысып, кейде жеңіліп жүрген кездері де болған<sup>35</sup>. Кейін олар қырғыздармен бірігіп күшейеді, соның нәтижесінде Алтайдан Жетісуға дейінгі өлкеге қанат жайып, көп жерге ие болады<sup>36</sup>. Қырғыз бен қарлықтардың саяси, әскери жағынан бірігуі, бұл екі елдің көш жолы бір бағытта болып, оны жаудың шапқышынан бірігіп қорғаудан шыққан. Олар жыл сайын Алатау мен Алтай, Саян тауларының арасында көшіп, жаз малдарын салқын жақта семіртіп, қысқа қарсы оңтүстікке, жылы жаққа қайтып, малын Жетісуда, Ыссық көл төңірегінде, Алатау қойнауларында қыстатып жүрген елдер болған. Бұл тарихи географиялық жағдай «Манас» жырының Шоқан версиясында әдемі суреттелген.

«Манас» жырының өзге нұсқасында Бейжін (Бесбалық) шалқыған байтақ өлке, ешкім батып кіре алмаған, отанның бір кездегі берік камалы түрінде суреттеледі. Саякбай Қаралаевтың жырлауында:

Топан су қаптап кірмеген,  
Сүлеймен сұрақ алмаған,  
Рүстем мен Іскендір,

<sup>35</sup> Сонда, I, стр. 305, 358.

<sup>36</sup> Сонда, I, 300, 347, II, стр. 329.

Олар да ізін салмаган,  
Толкып жаткан Бейжинге,  
Ол тұрсын Өзірет Өлі бармаган.

Бұлай суреттеуде зор тарихи шындық бар. Өйткені, араб, иран әскербасылары Шығыс Түркістанды талай рет шарлап, оның жерін талай рет торласа да, Тәңірі тауының солтүстік беткейіне дейін барғанын тарих білмейді.

Қырғыз халқының Орхон жазулары кезіндегі, кейін Қарахан дәуіріндегі ерлік өмірін еске түсіретін аялғы «Манас» жырында аз кездеспейді. Жырда әдемі суреттелген алыптардың тұлғасының өзі сол дәуірлерде қоладан, тастан жасалған ерлердің мүсін бейнесіне өте ұқсас. Мүмкін, ол мүсіндер, бір кездегі Манас, Қошай, Алмамбет, Ер Төстік сияқты атақты ерлердің тарихи портреті болуы ғажап емес<sup>37</sup>.

Жырда суреттелген Манастың қару-жарағы да ақ-келте, болат қанжар, қайқы кылыш, үшкір найза, ач-албарс, тағы басқалар, тегісімен сол ерлік дәуірде қолданылған жарақтар. Оның ашық үлгілері сол кезде тұрғызылған обаларды ашқанда — жырда айтылған қалпында кездесіп отырады<sup>38</sup>. Жырда келістіріп айтатын таңсық нәрсенің бірі — алтын қасты ақ қаңқа ер. Ежелгі дәуірлерде тұлпар атты қалдай мәпелеп аяласа, оған тоқитын ер-тұрманды да сондай әшекейлеп, жұрт таң қалғандай етіп, шеберліктің бар көркем түрімен жасайтын. («Сырлаған қас ақ қаңқа ер, ақ құлаға тоңытты») Жырда айтылған бұл ақ қаңқа ердің әдемі үлгілері ежелгі қырғыздар тұрғызылған обалардан көп табылған<sup>39</sup>.

Жырда суреттелген қару-жарақтың, оның ескі ерлік дәуірде жасалған түрлерімен ұқсас болуының өзі — бұл жырдың сол дәуірмен тығыз байланысы бар екенін көрсетеді.

<sup>37</sup> В. Киселев. Древняя история Южной Сибири. Москва 1951, стр. 605.

<sup>38</sup> С. В. Киселев. Указ. сочинение, стр. 621, табл. VIII, 5; табл. IX, 21-28, стр. 635, табл. XIII.

<sup>39</sup> С. В. Киселев. Указ. соч. стр. 621, табл. VIII, 1-3.

Қырғыздың Орталық Азияда белгілі күш болып, ерлік құрған заманы XI ғасырға дейін. Оған бергі дәуірлерде Манаста суреттелген ұлы жорық сияқты ерлік уақиға тарихта кездеспейді. Мұны көп ғалымдар осылай анықтайды<sup>40</sup>.

Өйткені, XII ғасырдан бергі оқиға (қара қытай шабуылы, моңғолдар жорығы) қырғыз халқын жапырып басып, олардың еркіндігін сақтауға ерік бермеген. Бұрын ғасырлар бойы тәуелсіз болып келген қырғыз еліне бірінші рет қатты соққы берген әсіресе қара қытай шабуылы болды. Қара қытай басқыншылары қырғыз елінің алтын бесігі болған ұйық жерлерін (Бесбалық, Барсхан, Баласағұн, Ыссық көл) басып алып, оларды балапан басына, тұрымтай тұсына дегендей бет-бетіне бастырды. Алатау мен Алтай, Саян тауларының арасындағы ерте заманнан қалыптасқан қырғыз елінің дәстүрлі көш жолына бөгет жасап, оларды екі жаққа бөліп тастады. Міне, бұл соққы, әрине, қырғыз елін күйзелтпей қоймады. Халықтың рухани тіршілігін толқытқан бұл күйзелу бұрынғы ерлік дәуірді еске түсіріп, ол туралы көптеген эпикалы жыр, жан-күйін тербететін неше түрлі әдемі аңыздар шығаруға бейімдеді. Онымен бірге, бұрыннан келе жатқан күйлі әңгіме «Манас» жырын жанадан серпілтіп айтуға сезім туғызды.

Қара қытай шабуылы өзгеден гөрі әсіресе Сағымбай Оразбаковтың айтуында ашығырақ суреттелген. Бұл нұсқа бойынша қара қытай шабуылында Манас әкесі Жақып елі-жұртымен қатты сүргінге ұшырайды. Жақып қартайған, баласы жас. Бірақ жаудан кек алуды көксеген жұртшылық қиялы Манасты тез өсіріп, оны жаңа шыққан алып күш ретінде суреттейді.

Жыр бойынша қара қытай шабуылынан кейін қырғыз елінің тынышын кетірген басқыншының бірі — Әлеуке хан. Бұл Әлеуке — Шыңғыстың немересі, белгілі Хұлагу хан, оны қазақ пен қырғыз халқы Әлеуке деп атайды. Әлеукеңнің

<sup>40</sup> П. Фалев. Как строится Кара-киргизская былина. В. В. Бартольд. Сочинения, т. II, 1, стр. 54-542.

қырғыз жорығы 1254 жылы, Иранға бара жатқан сапарында болды<sup>41</sup>.

Қара қытай шабуылы кезіндегі ұлы оқиға бұрынғыша Бесбалық (Бейжін) төңірегінде болады. Бұл оқиға тарихи жазушыларда да, Манас жырында да негізгі сарын болып айтылады. Демек, Бейжін алты ғасыр бойы (VI-XII) халықтың ойын толқытқан, оның жан-күйін, сезімін, намысын қозғаған, ұлы патриоттық оқиға болғаны анық. Тарихи шындықтың бір қызық жері, қара қытай әскері Бесбалыққа шабуыл жасағанда, оны көп заман торлап ала алмайды. Қырғыз, қарлық, қыпшақ, яғма, қаңлы тайпаларының бірлескен патриоттық күші жауды Отанның алтын бесігіне жолатпай, серпіп тастап отырады. Күштеп ала алмаған қара қытай гүрхандарды амалға салып, енді әлсіз қапқа істейді. Бетін басқа жаққа аударып, алдымен Баласағұн, Қашғар, Үзген, Хатан қалаларын басып, ең соңында Бейжінге қайта оралып, бар күшін қырғыз әскерін жеңуге салады<sup>42</sup>.

Тарихтың барлауынша, қара қытаймен соғыс жергілікті тайпалардың басқыншыларға қарсы күш жинап, Отан қорғау жолындағы жойқын күресі түрде өтеді<sup>43</sup>. Мұны жырда солай суреттейді. Мұндай жойқын айқас тарихта 751 жылы Талас түбінде болған. Бұл соғыста, шығыстан торлаған жауға ғасырлар бойы қарсы болып келген тайпалар (қарлық, қыпшақ, оғыз, қырғыз) араб әскерімен қосылып, таң патшалығының әскеріне мың жыл бойы (751-1758) бас көтермейтін етіп соққы береді<sup>44</sup>. Бұл жойқын оқиғаны кейбір ғалымдар «араб мәдениетінің үстем болуынан» деп дәріптеген<sup>45</sup>. Бірақ бұл оқиғаның тарихи шындығы басқа. Ол — ұзаққа созылған жер үшін, отан үшін алысудың ең

<sup>41</sup> Абель Рембоа. Известие об экспедиции Гулагу через Татарию. (Извлечение из Су-Хунг-Кван-Лү) Сын отечества, т. 21, № 27-32. СПб. 1831. стр. 296-305, 263-272.

<sup>42</sup> В. В. Бартольд. т. II, ч. I, стр. 502.

<sup>43</sup> В. В. Бартольд. Сочинения, т. II, ч. I, стр. 132-133.

<sup>44</sup> E. Chakannes Documents sur l'atures pp. 142-143.

<sup>45</sup> В. В. Бартольд. Соч. т. II, ч. I, стр. 118.

соңғы рет айрықша шешілген жері деуге болады<sup>46</sup>. Бұл айқастан кейін таң патшалығының әскері Бейжінге келуді көп заман ойлай алмаған.

Жырда Манас Бейжінді жау әскерінен босатып, өзі жараланған бетімен Таласқа келіп қайтыс болады.

Жыр бойынша Бейжіннің атақты геройы, оның еркіндігін жоқтаған асқан патриоты, Манастың жауынгер (Жебел) досы Алмамбет. Жырда Алмамбет жаңа салт-сананың адамы түрінде арабтардың Орта Азияға ислам дінін тарата бастаған кезде шыққан кайраткер түрінде суреттеледі. Ол бұрынғы патриархат қауымның кезіндегі атабаба табынған тәңірі нанымын қалдырып, енді үш арыс елді мұсылман етудің талабында болады. Ол елдер: Ертіс бойын қоныстаған Ер-Көкшенің елі (қыпшақ, керей, найман), Талас бойындағы Манастың елі (сары-ноғай), Орталық Қазақстандағы Жаңбыршының елі (қара-ноғай, қыпшақ). Жырда Жаңбыршы, Жолай сияқты дәуірдің ханы түрінде айтылады. Көкөтайдың асында Манас онымен ат сайысқа түсіп, жеңіп шығады. Бұл сипат Манас жырындағы Жаңбыршыны бергі ноғайлы заманнан көрі түрік қағанаты кезіндегі Жаңбыршыға жақынырақ етіп көрсетеді. Бұл — түрік қағаны Бөжейдің баласы Жаңбыршы (Янвочжы), Бейжін үшін көп алысқан кісінің бірі<sup>47</sup>.

Жыр оның тарихи елесін эпикалы түрде де сақтаған. Жыр дәріптейтін Алмамбеттің бұл істері тарихта айтылатын Қарахан ұрпақтарының ісіне өте ұқсас. Өйткені, Орта Азия халықтарына ислам дінін таратуға көбірек күш салған, әсіресе, осы Қарахан тұқымдары. Бұрын мұсылман дініне екі жүз жыл бойы бағынбай келген қарлықтар, қыпшақтар, ұйғырлар, тағы басқа түркі тайпалары, тек осы Қарахан ұрпақтары билік құрған кезде ғана исламды қабыл етеді<sup>48</sup>.

Қырғыз халқының араб мемлекетімен мәдени-сауда қарым-қатынасы арабтардың Орта Азияны жаулап алған кезінен (VIII ғасырдан) басталады. Тарихтың көрсетуінше,

<sup>46</sup> Л. Н. Гумилев. Древние тюрки. М. 1967. стр. 369-371.

<sup>47</sup> Бичурин. I, стр. 272.

<sup>48</sup> В. В. Бартольд. т. II, ч. I, стр. 41.

арабтың сауда керуені қырғыз халқының Алатаудан Енисейге баратын көш жолымен талай рет жүріп өткен, Бесбалықта болып, қырғыз ханы (Ажы) тұратын ордасын суреттеп жазған. Қытай жазушыларының әліптеуінше, ол орда Медичи деп аталған. Н.Я. Бичурин оған «мешіт» деп түсінік береді. Қырғыз халқының рухани тіршілігіне тоқтап, қытай жазушылары тағы былай дейді: «қырғыздардың музыкасы сыбызғы мен дауылпаз, тағы екі түрлі аспаптары бар (комуз, домбыра). Ойындары түйе сайыс, арслан ойнату, ат сайыс, арқан ойын. Бақсыларын қам дейді. Өлікке бетін жыртпайды. Өлікті үш қабат орап, мезгіл-мезгіл жоқтау жырын айтады»<sup>49</sup>»

Міне, осы айтылған ерте замандағы тарихи этнографиялық көріністер Манас жырының түбегейлі суреттері болып отырады, оны әсіресе «Көкетай» жыры өте ашығырақ суреттейді. Жырда басымдық айтылатын, әрине, соғыс суреттері, ерте замандағы басқыншылыққа қарсы, отанның бүтіндігін мұра еткен жергілікті тайпалардың бірлескен патриоттық жорығы. Бұл уақыт VI-VIII ғасырларда шиеленісе түсті, оның түйінді жері әсіресе Бейжін (Бесбалық) болып шығады. Дегенмен, 751 жылғы ұлы айқас көп заманғы басқыншылық көзқарасқа айрықша соққы беріп, Шығыс Түркістан мен Бейжін қаласын көп ғасыр бойы бейбітшілік өмірге бөлейді. Бұл жойқын оқиғалардың суреті тарихта, Орхон жазуларында кең айтылған, «Манас» жырында да осы шалқыған эпикалы сарын төндіре әдемі суреттелген.

Алты ғасыр бойы Бейжінді қорғау ісі орта ғасырдың басында «ғазат» деп айтылмаған. 751 жылғы Талас түбінде болған көп ел қатынасқан жойқын соғыс та «ғазат» деп аталмаған. Манас жырындағы «ғазат» — бергі заманның шындығын көрсетеді. Бірақ оның дінмен еш байланысы жоқ. Бұл «ғазат» тарихи замандағы тайпалардың өзінің тәуелсіздігін сақтап, Отан қорғау жолындағы сыртқы жауға қарсы күш біріктірген жорығы. Екінші жағынан, Манас жырындағы «ғазат» ескі замандағы ерлік оқиғасымен бірге

<sup>49</sup> Сонда, I, стр. 352-353.

XVIII-XIX ғасырдағы Шығыс Түркістанда болған қанды оқиғаны суреттейді.

Шығыс Түркістанда «ғазатты» бірінші рет ұран қып көтерген ағайынды Бұрхан-ед-Дин мен Қожа-Жахан. Бұл ғазат 1756 жылы Манжур әскерінің Шығыс Түркістанға басып кірумен байланысты көтерілген. Ғазат көтерушілер бүкіл Орта Азия халықтарына ұран тастап, қытай әскеріне қарсы күш сұрайды. Бұған орай, Орта Азия елдерінің басшылары, оның ішінде қазақ хандары Әбілмәмбет, Абылай, Нұралы, Қоқан ханы Ердене би, Ұра төбе бегі Фазыл-бай, қырғыз басшылары бұрынғы «өзара араздықты уақытша ұмытып» бәрі бірігіп, ұйғыр патриоттарының ғазатына қосылмақшы болады. Олардың бәрі ол кездегі Орта Азиядағы ең мықты әкім Ауған сұлтаны Ахметтің төңірегіне жиналады. Ахмет Пекинге елші жіберіп, Шығыс Түркістанды қайтарып бер, — деп шарт қояды<sup>50</sup>. Мұның бәрі Орта Азия халықтары ант-тасып, біріккен ұлы ғазат түрінде жүреді.

Екінші ғазат 1822-1825 жылдары ұйғыр мен қырғыз халқының қытай отаршылдарына қарсы жойқын көтерілісі түрінде шығады. Көтерілісті бастаушы Жәңгір төре екі жыл бойы қырғыз халқының арасында болып, күш жиып, ұлы ғазатқа дайындалады. Ең соңында «ғазат» ұранын көтеріп Қашғар қаласына кіреді. Бұл көтеріліске қырғыз тайпаларынан Шонбағыш, Саяк, Бассыз, Кава және олардың басшылары Сұранчи, Атантай, Тайлақ, Чыбылды қатынасып, көтерілісті бірталай саяси биік сатыға жеткізеді. Бұл ғазатқа тәжік, өзбек рулары да (жүз, қыпшақ, түрік) қосылады. Сөйтіп, XIX ғасырдағы қытай отаршылдығына қарсы көтерілістің барлығы бір ғана «ғазат» ұранымен өткен. Тәуелсіздік үшін күрескен ұйғыр, қырғыз, дұнған халықтарының бұл оқиғалары Мұлла Билял бін Юсуф деген жазушының «Китаб-ал-ғазат дер мулок чин» деген шығармасында жақсы суреттелген. Бұл шығарма 1875 жылы өлеңмен жазылған та-

<sup>50</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. II, стр. 312.

<sup>51</sup> Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. т. II, стр. 317-318.

рихи жырдың бір түрі. Көп жері Манастағы «чоң газатпен» үндес шығып отырады<sup>52</sup>.

Бұдан шығаратын тарихи шындық, Манас жырына әсер еткен «газат» жорығы дін үшін, дін тарату үшін болған күрес емес. Ол тек қана Отан қорғау, тәуелсіздікті сақтау жолындағы көп тайпалардың басқыншылыққа қарсы күш біріктіріп, патриоттық сезім көрсеткен ерлік жорығы. Манас жыры соның жарқын айнасы, оның ішінде «чоң газат» яғни Бейжін жорығы — оның түбегейлі аялғысы.

Отанның намысын, тәуелсіздігін берік ұстау идеясы Көкөтайдың асында болған жанжалда көріне бастайды (Шокан, Радлов, Саякбай). Кейбір зерттеушілер ұлы жорыққа себеп болған «Жеті ханның көтерілісі» деп анықтайды. Бірақ ұлы жорық жасауға мұнда соншалық тарихи-әлеуметтік негіз жоқ. Бұл тек өзара ішкі тартыстың суреті ғана. Тарихтың баяндауынша, ондай көтерілісті VIII ғасырда Оғыздың жеті алпауыт бегі де жасаған<sup>53</sup>. Жырдағы жеті ханның көтерілісі сондай оқиғаның ұмытылмай келген елесі болуы да мүмкін.

Дегенмен ұлы жорықтың бас себебі бір ғана отанның тәуелсіздігімен байланысты, жыр оны аса төндіре айтады. Алмамбеттің Бейжіннен қашып Манасқа келуінің өзі бір ғана осыны көрсетеді.

Сөйтіп, Манас көп ғасыр жасаған, дүниежүзіндегі әдебиетке белгілі мирас болған даңқты жырдың бірі. Көлем жағынан оның алдында тұратын — үнді халқының атақты жыры «Маһабхарата» ғана, өзге эпикалы жырдан ол асып жатпаса, кем түспейді. Манас жырының ең қызықты бөлігі оның ең алғаш жасалған сюжеті. Оның мазмұны ежелгі дәуірдегі, оның ішінде Орхон жазулары шыққан кездегі тайпалардың басынан кешірген оқиғалардан, сол кезде айтыла бастаған ерлік жырынан, алыптар, жалғыз көзді дәу (Төбе көз) туралы айтылатын қызықты ертегі, мифтан құралған. Бірінші рет қалыптасқан Манас жырының бұл сюжетін оның эпикалы сарынын күшейтуге әсер еткен әсіресе қырғыз халқының ерлік заманы (IX-XII), сол кезде-

<sup>52</sup> Пул туралы: Туркестанская вед. 1876, № 46, 50.

<sup>53</sup> С. Е. Малов. Памятники древитюркской письменности. Монголии и Киргизии. М. Л. 1959, стр. 10.

гі тарихи эпизодтар. Бұл кез бір жағынан қырғыз халқының саяси шаруашылық бағыты күшейтіп, Орта Азиядағы іргелі халықтардың бірі болған кезі; екіншіден, Қара қытай шабуылымен байланысты, өзінің бұрынғы даңқынан айрыла бастаған кезі. «Манас» жыры сол ерлік заманды еске түсірудің ашық жосығы. Қырғыз халқының тарих сахнасынан бірте-бірте қалай түскенін, өзара таласпен өткізген заманын суреттейтін Манас жырының кейінгі тараулары «Семетей» мен «Сейтек». Бірақ, Манас жырының өз тексті олардан көп басқа, ол моңғол дәуірінен бұрын шыққан «Қорқыт», «Оғыз наме», «Алпамыс» сияқты ең ескі жыр. Сондықтан «Манас» жырының ескі текстінде ерте заманда қалыптасқан ақындық бейнелер көп кездесіп отырады. Мәселен:

Манас жырында:

Орхон жазуларында:

Жер-жер болғанда  
Төбеде тәңірі болғанда  
Су-су болғанда  
Астында қара жер болғанда

Болмаса:

Үсте тәңірі баспаса  
Жер айрылып су шығып  
Аста жер айрылмаса.  
Көк айрылып күн шығып

Манас жырында Күлтегін жазуындағы өлең құрылысы сияқты «кеше», «сонда» деген «периодпен» айтылатын ақындықтың ескі әдемі түрі көп кездеседі. Мәселен:

Манас жырында:

Күлтегін жазуында:

Кеше он екісінде оқ атқан,  
Кеше темір қапыға дейін сүледім.  
Кеше қара жорға азғырған,  
Терісінде жер-байырығына дейін  
Кеше жалмауыздың үйшігі сүледім.  
Жер астында жазғырған.  
Кеше үңгіршінің ойынан,  
Үш қалқаның бойынан...

Мапаста кейде «Қорқыт жырында, «Оғыз намеде», «Ақсақ құлан» әңгімесінде кездесетін, ертеден қалыптасқан ақындық шумақтар бар. Мәселен:

Көкке ұшқан құс жылайды,  
Көп жасаған қарт жылайды,  
Аспандағы ай жылайды,  
Алты жасар бала жылайды.

(Радов, V)

Бұл әңгіме бізге өлімге дауа іздеген Қорқыт философиясынан белгілі<sup>24</sup>.

Болмаса (Семетейдің түсі):

Ақсақ құлан әңгімесінде:

Терек түптен тербелді  
Терек түптен жығылды  
Теңіз түптен шайқалды  
Кім тұрғызар, уа ханым?  
Бұл немене болушы еді?  
Теңіз түптен былғанды

(Радов, V)

Кім тұндырар, уа ханым?

Бұл екеуінің де ақындық түрі, философиялық жұмбақ мәні бір, екеуі де қорқыныштың, үрейленудің сезімін ақылмен жеңу туралы, соны әдемі тілмен айтып жеткізу. Жалғыз-ақ қорқыныш (өлім) біреуіне түс болып кірсе, екіншісіне (ханға) атақты жыршының қобыз үнімен, жүйелі сөзбен жұмбақтап айтқан түрде кездеседі.

Тағы бірнеше мысал:

Қорқыт жырында:

Ат семіріп күз болды,  
Жата-жата жан ауырды,

Ер семіріп түз болды,  
Отыра-отыра тон ауырды,  
Аттаналық, жорталық,  
Кел, бектерім, тұралық,

(Радов, V)

Аңға шығып қызық көрелік.

Бұл — ескі жырдың көбінде кездесетін ақындық түр.

Манас жырындағы жалғыз көзді кара дәу өзінің суреттелуі, бейне тұлғасы бойынша «Оғыз намедегі» алып қиятқа, не «Қорқыт» жырындағы Төбе көзге тіпті ағайындас. Бұлардың үшеуін бір жерден шығаратын олардың жыртқыш жанкештілігі, тұрған жеріндегі елге тыныштық бермей, олардың малын, басын аяусыз қырып жалмай беретіндігі. Айтылған үш жырдың үшеуі де көрсетілген дәулерді адамның үрейін ұшырататын, үлкен зұлымдық деп суреттейді.

«Манас» жырында:

Оғыз намеде:

Бізге тамақ жетпейді  
Ол арада бір үлкен орман бар еді,  
Еліміздің шетінде  
Ол орманның ішінде  
Қара дәудің үйі бар.  
Мал мен кісіні бірдей жалмайтын  
Бір бөрік қият бар еді.

Қорқыт әңгімесінде Төбе кез күніне екі кісі, бес жүз кой жалмайды. «Манас» жырында Қара дәу күніне 20 қосқар, 20 бұқа, 20 бура, 20 айғыр жалмайды. Сөйтіп, әуелде бұл ежелгі үш жырдың үшеуіне де сюжет болған — ерте заманның мифы, батырлық ертегісі, әр түрлі ерлік легендалар. Ондай миф, батырлық ертегіде көзге біріншіден түсетін әлеуметтік сарын — дәумен алысу, айтқан дәулер тайпалардың бас жауы болып суреттеледі. Оларды жеңіп, ерлік көрсеткен жігіт — ердің ері болып саналады. Көп тайпалардың үрейін көтерген Төбе көз, кара дәуді өлтірген алып ер елдің өміріне

<sup>24</sup> М. О. Ауэзов и Л. Соболев. Эпос и фольклор казахского народа, стр. 228.



бак құсын орнатып, оларды қызық-қуанышқа бөлегендей болып суреттеледі.

Айтылған үш жырдың мазмұнында, әсіресе Манас пен «Оғыз наменың» сюжет құрылысында, мұнан басқа да көп бірлестік бар. Ол геройлардың туысының бір түрде айтылуынан, оларға ат қою жорасының этнографиялық негізі бір қалыпта шығуынан айқын көрінеді. Жырда Манас та, Оғыз да, туа сала сөйлеп туады. Екеуі де анасының сүтін місе қылмай, ет, сорпа, қымыз сұрайды. Өздері тез өседі. Қырық күннен кейін жүгіріп ойнап кетеді. Бұл екі бөкеннің сыртқы келбеті мен оңі де бір түсте суреттеледі, екеуі де «көк» түсте айтылады. Оғыз туралы айтқанда «сол ұғұлдың өңінің шырайы көк, көздері қызыл, шаштары қара еді». Манастың сипаты «қаны қара, беті көк, бауыры шұбар, сырты көк».

Бұлардың ерлік тұлғасы ормандағы аюмен, белестегі барыспен салыстырылады. «Белі бөрінің беліндей, жаурыны кістің жауырынындай, көкесі (кеудесі) аюдікіндей (Оғыз)». «Беті аю беттенген, басы жолбарыс бастанған» (Манас).

Жыр бойынша Оғыз да, Манас та ерлікті 12 жасынан бастап бірінші ерлік сынынан өтеді. Оғыз аңға шығып, елдің малын жалмай берген жалмауыздың басын кесіп, әкесіне әкеліп тартады. Қорқыт жырында 12 жасар Бұқаш қан майданда тағы бұқамен алысып, оны жеңіп халық қошеметіне бөленеді. Манастың да жас күндегі ерлігі осы түрде айтылады.

«Манас» пен «Оғыз» жыры бойынша оның геройлары ескі серілік салтымен үйленеді. Жыр: «Оғыз заманында үйленетін жігіт алтын қабақ ататын, оқ түскен жерге қалыңдық отауын тігіп, ойынды сол жерде өткізетін».

«Оғыз намеде» берілген той суреті, сауын айту, сойыс, қымызды көл суындай ағыз<sup>55</sup>, Оғыздың балаларына, еліне айтқан өсиет сөздері де «Көкетай» жырына тым ұқсас. Қорқыт жырындағы Дерсе ханның баласы туғандағы жаса-

ған той суреті де Манастағы суретпен бірдей. Онда да мыңдаған жылқы, мыңдаған түйе мен қой сойылады.

Етті таудай қылып тартып,  
Қымызды көл-көсір ағызды.

«Манас» жырындағы Көзкамандардың ашкөздігі «Қорқыт» жырында да бар. Қасындағы қырық жігіттің азғыруымен Дерсе хан атақты ер баласы Бұқашты далада аңда жүріп атқызады. Қансырап жатқан Бұқашқа қызыр келіп ем салады. Бірақ бұл жолы Бұқаш анасының жарасына сепкен сүтінен жазылып тұрып кетеді<sup>57</sup>. Бұлармен қатар Манас жырындағы айтылатын кісілердің бірталайы «Оғыз наменың» бас геройлары (Қарахан, Оғыз хан, Айхан); Алтынай-ай қағанның өзгертіп айтқан түріне ұқсайды. Манас жырындағы Дүмір алып «Қорқыт» жырында Думрул (Думргул) түрінде кездеседі. «Оғыз-намеде» айтылатын ел, жер аттары да, өзінің негізгі барлауында Манастың ежелгі арқауына өте жақын. Тегінде «Оғыз наменың» сюжет құрылысында тарихи екі дәуірдің елесі бар: бірі — ертегі миф сарында айтылатын ежелгі ерлік дәуірінің жосықтары, екінші — түрік қағанаты кезіндегі саяси оқиғалардың сілемдері.

Мұнда бірден көзге түсетін нәрсе, жыр Оғызды Орта Азия көлемінде ең алғаш үкімет құрған тайпалар көсемі түрінде суреттейді. Бұл жағдайға бірінші рет көңіл аударған ғалым-академик В.В. Радлов. Ол кісінің анықтауына, Оғыз — түрік тайпалары шығарған жырдың ең ескі геройы. Оның көп тайпаларды біріктіріп үлкен мемлекет жасаған кісі екенін көшпелі тайпалар XIII ғасырға дейін ұмытпай, есінде сақтаған<sup>58</sup>. Тарих пен шежіренің көрсетуінше, Оғыздың төңірегінде біріккен елдер: — қыпшақ, қанлы, қарлық, оғыз, (бұзқок, ұшқок, ұйғыр, қалач, қырғыз) Рашид-эд-Дин мен Әбілғазы бойынша). Оғыздың үкімет құрған жер мөлшері

<sup>55</sup> А. М. Щербак. Оғуз наме. Мухаббат-наме. М. 1959, стр. 18.

<sup>56</sup> А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М. 1958, текст стр. 30, 44-45.

<sup>57</sup> Книга моего деда Коркута. Издание подготовили: В.М. Жирмунский и А. Н. Кононов. М. Л. 1962, стр. 18-20.

<sup>58</sup> В. В. Радлов. К вопросу об уйгурах. СПб. 1893, стр. 2.

Шығыс Түркістан мен Арал теңізінің арасы, темір қазығы — Ұлытау мен Кішітау (яғни Орталық Қазақстан). Жыр бойынша, Оғыз ең алғаш осы өлкелерді біріктіру мақсатымен жорық жасайды.

Міне, бұл сюжет Манас жырының да түбегейлі арқауы, ел, жер аттары мұнда да толығынан осы сарында кездесіп отырады. Жалғыз-ақ бұл екі жырдың айырмасы, Оғыз көп тайпаларды жаңадан біріктіріп, үлкен мемлекет жасауды мақсат етсе, Көкөтай, Қошай, Бакай, Манас сияқты геройлардың негізгі таласы — біріккен тайпалар күшін ыдыратпай, оларды сыртқы жаудың басқыншылық торлауына қарсы көтеру.

Сюжет құрылысы бойынша, Манас жырының «Оғыз ша-мемен» үндес шығатын тараулары әсіресе «Манастың туы-сы», «Көкөтай жыры», «Алмамбет жыры», «Ұлы жорық». Бұл айтқанның барлығы Манас жырының ежелгі арқауынан саналады. Олардың ішінде өзінің канондық тұлғасын көп өзгертіпеген, «Манас» жырының ең ескі тарауының бірі — «Көкөтай жыры» (Шоқан нұсқасы бойынша). Ол халық ор-тасына кең тараған, халық бұқарасының аса сүйіп тыңдаған қызықты жыры. Сондықтан ол Манас эпосының барлық нұсқасынан қалмай, оның бас тарауының бірі болып жырла-нады.

«Көкөтай» әңгімесінен кейін «Манас» эпопеяның ең шұрайлысы, әрине, «Алмамбет жыры», туу баста ол жеке жыр болған, сюжет құрылысы бойынша «Оғыз наменьн» бір түрі; кейін қырғыз жыршылары басқа көп жырмен бір-ге, мұны да Манас төңірегіне топтайды. Осыған орай «Ал-мамбет» жырының ерте замандағы Бейжіңмен байланыс-ты ескі сарыны бергі жұңғар дәуіріндегі жаңа оқиғалармен араласып, сюжеті біраз шұбарланған. Бұл жағдай кейбір ғалымдардың Алмамбетті тек қана жұңғар дәуірімен байла-ныстырып жаңсақ түсінуіне негіз берген. Мәселен К.П. Пет-ров Алмамбетті қалмақ Харгаугудың прототипі деп айтса<sup>59</sup>, Э. Абылдаев оны Жұңғариядан қашып шыққан Давачы және Амурсанамен теңейді<sup>60</sup>. Бұлай қарауға дәлел болған, тегінде, Радлов жазып алған нұсқа болу керек. Онда жоғарыда кел-тірілген мына шумақ бар:

Мен жерімде көп едім,  
Төрт арысты ойраттың  
Төресінің баласы,  
Алтын айдар, шоқ белбеу  
Әзіз ханның баласы,  
Қобылан туған бағырдың  
Мен хан Алмамбеттің өзімін.

(Радлов, V, 55.)

Бұл шумақты айтушы ақында үлкен қиғаштық бар. Біріншіден, ол Алмамбетті төрт арысты ойраттың төресінің баласы деп айтса, тағы да Әзіз ханның баласы деген. Ой-ратта араб есімімен айтылған Әзіз хан болмаған, ондай есім оларда болуы мүмкін де емес. Әзіз ислам дінінің ықпалынан туған, көбінесе Қарахан дәуірінде қолданып, оларда жиі кез-десетін есім.

«Алмамбет» жырына терең көзбен қараған академик В. В. Радлов онда кездесетін «ойрат» сөзіне еш мән бермей, оны бергі кездегі қосынды деп таныған. Ол кісінің ойынша «Алмамбет» — «Оғыз наменьн» бір түрі, оның шыққан за-маны моңғол дәуірінен анағұрлым бұрын болған. «Оғыз наме» — ең ескі жыр, бұл аңыз көшпелі түркі тайпалар арасында осы күнге дейін бар», — деп, «Алмамбет» жыры-на көңіл аударады<sup>61</sup>. Бұл екі жырда қандай ұқсастық бар? Біріншіден, геройлық бейнелері, олардың аттары біріне-бірі өте жақын, кейде бірдей. Оғыздың да, Алмамбеттің де ата-сы Қарахан, екеуінің де анасы — Аймен айтылады, айыр-масы Оғыздың анасы Ай-Қаған, Алмамбеттікі Алтынай. А.Н. Бернштамның Ай-Қағанның атын ежелгі матриархат-

<sup>59</sup> Петров К. П. К истории движения киргизов на Тянь-Шань и их взаимоотношения с ойратами, XIII-XV. вв. Фрунзе, 1961, стр. 190-191.

<sup>60</sup> Э. Абылдаев. Керсеткен кітап. стр. 236.

<sup>61</sup> В. В. Радлов. Das Kudaktu Bilik. St. pb 1891, стр. II; Его же: К вопросу об уйгурах. СПб. 1893, стр. 2.

пен байланыстыруында ешбір ғылыми негіз жоқ<sup>62</sup>, ол тек түрік тайпаларының әдет-ғұрпын терең түсінбегендіктен айтылған сөз. Болмаса қыздар даңқты болсын деген үмітпен оларға хан, төре, шах, бек, сұлтан, тархан, аға сөздерін қосып айту ертеден осы соңғы заманға дейін халықтың рәсімі болған нәрсе. Оның жарқын мысалын қыпшақ бектерінің, не Темірдің бикештеріне қойған аттарынан көруге болады. (Бұл туралы Бабур намеден қараңыз.) Мәселен: Үлүс-аға ханым, Үміт-аға, Ай-Бегім аға, Аға-сұлтан бегім, Шах-Сұлтан бегім, ханзада-бегім, Тархан-бегім, Ханзада-ханым, Төребек-ханым, Рабиға-Сұлтан-бегім, Айша-Сұлтан-бегім, тағы басқалар. Тіпті осы күнгі қазақ қыздарының кейбірі бұрынғы дәстүр бойынша хан, сұлтан, бек, би деген сөздермен айтылады. Жоғарғы теория бойынша бұларды тегісімен матриархат заманының сілемі деуге болар еді, бірақ олай теория жасау дұрыс болмайды.

«Оғыз наме» мен «Алмамбет» жыры әсіресе сюжет бірлігі жағынан өте ұқсас, екеуі де ерте замандағы бір аңыздан, бір тарихи оқиғадан шыққаны байқалады. Мұнда біріншіден, Оғыз да, Алмамбет те Орта Азия тайпалары ортасына ең алғаш ислам дінін таратушы жұрт басшылары ретінде суреттеледі.

«Оғыз намеде» Оғыз анасының түсіне кіріп: «Ей ана, мұсылман болғыр, болмасаң ақ сүтінді ембеспін», — дейді. Анасы ұлын қимай, айтқанын істейді. Бірақ басқа мәдениет кұшағында жасаған Қарахан ислам дініне жирене қарайды. Кеменгер ана, ата мен баланың арасынан дін туралы бүліншілік шыға ма деген қауіппен, мұсылман болғанын жасырып айтпай жүреді. Бұл туралы әке мен баланың таласы кейін ұлғайып, үлкен насырға айналады, талас баланың жеңуімен, әкесінің жеңілуімен бітеді.

Тура осы сюжетті біз Манас эпопеясының бір тарауы «Алмамбет» жырынан да көреміз. Бұл жыр бойынша, Алмамбет ең алдымен Көкшеге келіп, оны мұсылман

қылады, онымен бірге өзі де мұсылман болады, одан бұрын ол мұсылман емес. Көкшенің Алмамбетке қойған шарты бойынша, мұсылман болу үшін Алмамбет өзінің ата-бабасына жора болған нәрсенің көбінен бас тарту керек болады. Олар: басына айдар қоймау (оны қырдыру), сақалын жіберу, мұртын кестіру. Мұрт пен айдар түрік қағанаты кезінде алыптың сыртқы алапатын көрсететін ерлік бейнесі болған. Оны осы күнге дейін сақталып келген тас мүсіндерден ашық аңғаруға болады. Манас жырында суреттелген мұртты алыптарды тас мүсіндерде көрсетілген алыптардың не өзі, не солардың бір түрі деуге болады. Олардың айырмасы біреуі тас мүсін түрінде, енді бірі эпикалы жыр түрінде суреттелген. Бірақ екеуінің де тұлғасы бір, екеуі де мұртты (мұртты шөлдің қамысындай), айдарлы алыптарды суреттеген. Тас мүсіндерде бейнелеген алтын айдар мен жауынгерлік мұртты кестіру ол кездегі атақты қолбасшыларға жеңіл іс болмаған. Сондықтан ерлік салтта жасаған қыпшақ пен қарлықтар, оғыздар, 200 жыл бойы ислам дініне қарсы тұрып, тек X ғасырдан (Қарахан заманынан) былай қарай оған ойыса бастайды. Сондай қарсыласудың бір түрін қыпшақ ұлысын билеген хандардың біреуінің араб халифасы Хишамға (724-743) айтқан сөзінен көруге болады. «Егер халқымыз тегісімен мұсылман болса, олардың малын кім бағады, тамақты қалай тауып жейді»<sup>63</sup>, — деген. Қыпшақ ханының бұл сықақ сөзі — мұсылман болған кісі уақытын күндіз-түні тек қана намаз оқумен өткізу керек деген үгітке қарсы айтылған болу керек.

Ислам дінін ең алғаш қабылдаған — алпауыт бектер. Бұл дінді қыпшақ даласына таратуға күш салған кісінің бірі — Алтын Орда ханы Өзбек (1312-1342). Бірақ халық бұқарасы, оның ішінде қыпшақ бектері, Оғыз бен Манас жырында айтқандай, Өзбектің ислам дінін ресми түрде қабылдауына қатты қарсылық білдіреді<sup>64</sup>. Тарихи дәуірлерде ислам дініне қарсы болудың әлеуметтік сарыны — бұл дін ежелгі түркі

<sup>62</sup> Якут. Географический словарь, т. 1, стр. 839.

<sup>64</sup> Б. Д. Греков. А. Ю. Якубовский. Золотая орда и ее падение. М.-Л. 1950, стр. 165.

<sup>62</sup> А.Н. Бернштам. Историческая правда о легенде об Огузкагане. Сов. этногр. 1935, № 6, стр. 35-36.

тайпаларының мәдениетіне, жұртшылық салт-санасына бүтіндей қиғаш болған. Ислам діні бұрынғы көшпелі тайпалар жасаған ежелгі мәдениет белгілерін (тас мүсіндерді, суреттерді), жалпы бейнелеу өнерін қадірлеуді дінсіздік деп табады. Осы ретте 1509 жылдары өзбек Шейбани ханның ұсынысы бойынша Бұхара ишандары қазақтарды мүсін тасқа табынатын дінсіз ел деп фатуа шығарады. Осы сияқты ислам дініне қарсы күрес Манас жырында да белгілі орын алған. Жырда Ер Көкшенің елін мұсылман қылған Алмамбет енді өз елін, өз әкесін мұсылман етпекші болады:

Енді еліме барайын,  
Еліме айтып көрейін.  
Елім тілімді алмаса,  
Ханды өлтіріп қашайын.

Тегінде Алмамбеттің Бейжіннен қашып шығуына себеп болған саяси таластың бірі осы болуға тиісті. Оның үстіне Алмамбеттің ислам дінін жақтауы — оған сонша құмар болудан емес, мұсылман дінін қабылдаудың зор саяси астары болған. Өйткені, өзінің ежелгі жауын (Ежен хан), жену үшін Алмамбет араб дінін қабылдаған елдерден де күш алғысы келеді. Ондай күштің біріккені қандай нәтиже бергенін 751 жылғы Талас бойында болған жойқын соғыстан көруге болады. Сөйтіп, Алмамбет әкесі Қараханға келіп:

А дүниемен бұ дүние,  
Жақсылық жәйін білелік.  
Біз бұсурман болалық.

Қарахан баласының бұл сөзіне сескене қарайды, естігісі де келмейді. Елін жиып, бұлқан-талқан болып, «ұлымды көзіме көрсетпей өлтіріңдер» деп бұйрық береді. Атасынан торыққан Алмамбет енді анасына келіп жаңағы сөзін айтады. Анасы «Қарахан не болса сол боламын» десе де, баласын қимай жасырын мұсылман болады (Сағымбай, Саяхбай).

Әке мен баланың дін туралы, ел басқару туралы тала-

сы ежелгі жырлардың көбінде кездеседі, бұл әсіресе «Оғыз наме» мен «Алмамбет» жырында бір қалыпты, бір сюжетпен айтылады. Сондықтан бұл екі жыр бір тарихи оқиғадан нәр алған, екеуі де бір заманды (арабтардың Орта Азияны жаулаған кезін) көрсететін ең ескі жыр. Бұл екі жырда әке мен баланың таласы көбінесе ескі мен жаңаның таласы түрде суреттеледі. Бұл таласта әке ескі патриархал қауымының ережесін, оның әдетін, салт-сана түрлерін жақтаса, бала оның барлығына қарсы тұрып, жаңа ереже, жаңа жосын түрлерін жақтай шығады. Халық эпосына арқау болған әке мен баланың бұл күресі бұрынғы тайпалардың саяси тіршілігінде де аз болмаған. Оны әсіресе гун дәуіріндегі Батыр мен оның әкесі Тұманның шабысуынан, қанағат дәуіріндегі Тәңірі — Көктің баласымен таласуынан айқын көруге болады. Бұл екі жыр («Оғыз наме», «Манас») мүмкін, сондай оқиғаның бізге келіп жеткен сілемі болуы ғажап емес.

### ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА

Необозрима Убаганская степь. Широкие просторы, на фоне которых невысокие холмы, покрытые сосновыми борями. Природа наградила эту степь особенно щедро, дав ей красоту ландшафта, богатые недра и все блага, необходимые для жизни человека. В XVI в. русские воеводы, проезжавшие через Южный Урал в Сибирь в донесении московскому царю писали: «За рекой Тобол, на реке на Обуге все дубравы».

Было лето 1841 года. Русские инженеры впервые производили в Убаганской степи топографические съемки. Их отряд расположился на берегу р.Убаган, недалеко от летней резиденции (Куи-Тимес) старшего султана Аман-Карагайского округа, полковника Чингиса Валиханова. Внимание степняков привлекало все – вид лагеря, одежда русских офицеров, геодезические инструменты и др. Особую любознательность ко всему этому проявлял мальчик, отличавшийся от своих сверстников смысленностью и сосредоточенностью. Русские офицеры предлагали карандаши, бумагу, краски и проч. Это был маленький Чокан, сын полковника Чингиса Валиханова.

В 1822 г. в северо-восточных районах Казахстана был введен «Устав о Сибирских киргизах», в котором после ликвидации ханской власти в Среднем жузе казахов было предусмотрено политическое, экономическое и культурное развитие. Автором уложения был крупный государственной деятель России эпохи царствования Александра I М.М.Сперанский. Уставом вводилось местное самоуправление на коллегиальной основе.

В Уставе особое место отводилось вопросу расширения торговых и культурных связей Казахстана с Россией и среднеазиатскими ханствами. Казахам было предоставлено право торговать, как внутри округа, так и за его пределами. Богатым

были предоставлены более широкие права, они могли «отправлять целые караваны, как за границу, так и на линию», при этом право взимания пошлин с восточных купцов находилось в их руках. Во всех окружных приказах поощрялось строить магазины с целью организации продажи производимых товаров. В случае джута и эпидемий предусматривалось оказание помощи. В уставе было записано, что «наравне со скотоводством необходимо поощрять и казахское земледелие». Казахам была предоставлена пятилетняя налоговая льгота, в течение этого времени они должны были все свои сбережения использовать для постройки школ, больниц и т.д.

Сперанским были подняты вопросы народного образования, в результате чего для детей были впервые открыты школы. «Каждый киргиз, – писал М.М.Сперанский, – имеет право сына своего поместить в учебное заведение внутри империи находящееся на общих правилах», а также «имеет право заводить и собственные школы».

После принятия Устава в северо-восточных районах Казахстана было организовано Пограничное управление Сибирских киргизов [казахов – А.М.], которому подчинялось население нынешних Карагандинской, Акмолинской, Кокчетавской, Северо-Казахстанской, Павлодарской, Семипалатинской, Восточно-Казахстанской и части Кустанайской областей. Административным центром этого обширного края был определен город Омск. Вместе с организацией Пограничного управления стали создаваться окружные приказы – местные административные центры – органы самоуправления, которыми руководили старшие султаны (ага – султаны) из представителей казахской феодальной знати. Некоторые из окружных приказов (Акмолинск, Кокчетав, Каржаралинск, Аягуз и др.) с течением времени становились центрами местной торговли, образования и культуры. Ведение судебных дел было предоставлено казахским биям, сложные дела разбирались коллегией биев.

Эти нововведения, безусловно, не могли не повлиять на жизнь народа, содействовать ломке сложившегося в древние времена патриархально-родового строя. Главное значение Устава Сперанского заключалось в том, что в нем впервые

были конкретно разработаны основные положения, способствовавшие сближению казахского народа с русским.

В период николаевской реакции многие положения Устава Сперанского были отменены. Царские чиновники стали проводить свою политику, утверждая, что «коллегияльное устройство окружных приказов замедляет быстроту административных распоряжений... необходимо создать единое управление во всей империи с властью единоначальной... во главе управления округом нельзя ставить киргизских султанов, потому что по незнанию законов они будут бесполезными и даже вредными органами правительства».

В 1854 году местное самоуправление в северо-восточных районах Казахстана было упразднено, степные округа вошли в две обширные области – Область Сибирских киргизов [казахов – А.М.] с центром в Омске и Семипалатинскую область с центром в Семипалатинске.

В тридцатых и сороковых годах XIX в. определенную роль в жизни народов Сибири и Казахстана сыграли декабристы и петрашевцы – борцы против крепостного строя С.М. Семенов, И.И. Пущин, Н.А. Чижов, Н.А. Басаргин, Г.С. Батеньков, И.Д. Якунишин и др., сосланные на каторгу. Позднее многие из них стали друзьями Чокана Валиханова.

Весьма заметный след пребывания в Казахстане оставил один из руководителей декабрьского восстания 1825 года М. Муравьев-Апостол. Приговор к смертельной казни ему был заменен каторжными работами на 20 лет. Сначала он был отправлен на поселение в Вилуйск, через три года по просьбе его сестры Бибиковой из-за состояния здоровья Муравьев-Апостол был переведен в Бухтарму, где занялся задачами просвещения местного русского и казахского населения, вопросами развития земледелия на этой окраине царской России. Архивные документы свидетельствуют также о том, что Муравьев-Апостол заложил основы пчеловодства на Бухтарме и Западном Алтае.

Декабрист С.М. Семенов – знаток казахской степи и Алтайского края жил в Усть-Каменогорске. По поручению управляющего Омской областью в 1829 году он сопровождал знаменитого путешественника А. Гумбольдта по Восточному

Казахстану и Алтайскому краю. По возвращении в Петербург на аудиенции у Николая I Гумбольдт выразил восхищение по поводу того, что «в самых отдаленных уголках империи есть истинно образованные люди». При этом он назвал имя С.М. Семенова. Описываемая эпоха была началом сближения казахского народа с русским.

Предки Ч. Валиханова принадлежали к старинному султанскому роду. Его прадед, хан Среднего жуза Аблай, поддерживал торговые и политические связи с Россией. Старший сын Аблая – Вали, последний хан Среднего жуза, продолжил эти связи. Вали приходился родным дедом Чокану Валиханову. По семейным преданиям Валихановых, записанным Г.Н. Потаниным, у хана Вали было две зимовки – одна на ханском озере, на востоке от Кокчетова, другая на Сырымбете. Главная ставка, перешедшая по наследству к Вали-хану и его потомкам, находилась на озере Боровом и была известна под разными названиями «урда», «хан-коя», «Кзыл-Агаш». Потомки от первой жены Аблая Сайман и в наше время живут у оз. Борового. Дети Айганым (младшей жены хана Вали) – на Сырымбете<sup>1</sup>.

После ликвидации ханской власти и принятия «Устава о Сибирских киргизах» земли Вали-хана были разделены между его сыновьями. Его коренной юрт – ставка Кзыл-Агаш перешел к старшему сыну Губайдулле и его потомкам, Сырымбет достался детям его младшей жены Айганым.

Отец Чокана Чингис Валиханов родился в Кзыл-Агаше в 1811 г. Когда умер Вали-хан, Чингису было десять лет. Главой семьи стала вдова хана Вали – Айганым (1783-1853 гг.), бабушка Чокана Валиханова, поскольку ее сын Губайдулла находился в изгнании.

Айганым была умной, образованной и дальновидной женщиной. Она знала несколько восточных языков, интересовалась русской культурой, переписывалась с Азиатским департаментом Министерства иностранных дел и Сибирским комитетом в Петербурге. Айганым пользовалась большим авторитетом у местного населения. После принятия «Устава о сибирских киргизах» ни одно важное событие в Северном Казахстане не проходило без ее участия.

Айганым была дружна с русскими учеными и инженерами, занимавшимися геодезическими исследованиями в Северном Казахстане. «Айганым, родная его бабка по отцу», – писал П.П. Семенов-Тянь-Шанский, – вдова хана Валия со своими детьми осталась верной России, в то время, когда остальные ее родичи, дети хана Валия от первого брака и его братья, не хотели признавать того, что хан Вали принял русское подданство». Русский царь Александр I с большим вниманием относился к вдове хана Валия и велел построить ей в дом в Сырымбете, в котором родился Чокан Валиханов.

Айганым умерла в фамильной усадьбе Сырымбет. В архиве Чокана Валиханова сохранилась памятная записка, сделанная его рукой. В ней сказано: «19 ноября 1853 года в четверг, во время вечернего намаза скончалась вдова покойного хана Средней киргиз-кайсацкой (орды) Вали Айганым, урожденная Саргалдакова на 70 году от рождения. Имела девять сыновей».

Айганым хорошо понимала значение русского образования. В 1827 г. она отдала своего сына Чингиса, отца Чокана, в училище Сибирского линейного казачьего войска. Училище имело общеобразовательный уклон, при нем был специальный класс восточных языков для подготовки квалифицированных переводчиков и топографов. Чингис был одним из первых казахов, хорошо знавшим русский язык и осведомленным в вопросах литературы и искусства, истории, географии и статистики.

По окончании войскового училища Чингис в возрасте 23 лет был назначен старшим султаном только что образованного Аман-Карагайского округа с присвоением ему чина майора, а затем полковника. В год (1834) окончания войскового училища, после переезда в Аман-Карагай Чингис женился на Зейнеп Чормановой.

По данным архивных документов Аман-Карагайский окружной приказ был открыт 30 августа 1834 г. Его старшим султаном был избран Чингис Валиханов, председателями от казахов Язу Янов и Есекей Естемесов. В момент назначения Чингиса старшим султаном окружной приказ еще фактически не существовал. Между Уйской крепостью на

севере и пикетом Кушмурун на юге, в верховьях р. Убаган, недалеко от нынешнего города Кустаная началось строительство Аман-Карагайского пикета. В ведении старшего султана находились многочисленные казахские аулы племен атыгай, керей, кипчак, уак, обитавших по берегам рр. Убаган, Кундузды, Терсбутака и оз. Кушмурун. Аман-Карагайский пикет состоял из казахских зимних строений, а летом из большого числа кибиток. Поэтому его нередко называли «кошпели дуан». Северо-восточнее от Аман-Карагая, на живописном берегу р.Убаган была расположена летняя ставка Чингиса Валиханова, известная у казахов под названием Кун-Тимес. Здесь находилась передвижная канцелярия старшего султана, юрты для заседателей, писарей, топографов, военно-служащих и для приезжающих сановников. Здесь всегда было многолюдно, разбирались жалобы населения, решались спорные дела. В Кун-Тимесе Чингис Валиханов принимал академика А.И.Шренка, декабристов М.Ф.Штейнгеля и С.М.Семенова, ученых геодезистов Я.Н.Ханыкова, Толстого, востоковедов Т.Сейфуллина, А.А.Сотникова, С.Я.Капустина и многих других.

Впоследствии во время летних каникул 1850-1852 гг. эти места были запечатлены на рисунках юного Чокана.

В 1834 г. центр округа был переведен в Кушмурун и округ стал называться Кушмурунским. К этому времени была закончена постройка Кушмурунской крепости со всеми жилыми и хозяйственными сооружениями и казармой для гарнизона. Семья Валиханова поселилась в ней.

В Кушмуруне Чингис Валиханов со своей семьей жил до начала 50-х годов. Затем выйдя в отставку, он поселился в своем родовом имении Сырымбет в Кокчетавском округе. Усадьба эта располагалась у подножья одноименной горы и в ту пору была многолюдной. Через нее проходили караванные и почтовые дороги на запад – в Кушмурун, на восток – в Кокчетав, на юг – в Атбасар и на север – в Петропавловск. Сделанные Чоканом рисунки летней резиденции Чингиса (Кун-Тимес), усадьбы Валихановых Сырымбет, подписанный Чоканом «Наш дом» – биздің үйі, пейзажи Кушмуруна, Сырымбета и Кокчетава, сохранились до наших дней.

В Кушмуруне Чингис со своей семьей прожил двадцать лет. У него было семь сыновей и пять дочерей, из которых только Сахиб-Керей (Козыке), Апия и самый младший Нурмухаммед (Кокыш) родились в Сырымбете, остальные в Аман-Карагае и Кушмуруне.

